



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ҚЫЗДАР ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
Ш.Ш. УӘЛИХАНОВ АТЫНДАҒЫ ТАРИХ ЖӘНЕ ЭТНОЛОГИЯ ИНСТИТУТЫ

«Нұрпейіс оқулары» аясында Қазақстан Республикасы тәуелсіздігінің 30 жылдығына арналған **«Тәуелсіз Қазақстан: жасампаздық тарихы және мемлекеттілікті нығайтудың өзекті мәселелері»** атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияның

МАТЕРИАЛДАРЫ

МАТЕРИАЛЫ

Международной научно-практической конференции **«Независимый Казахстан: история создания и актуальные проблемы укрепления государственности»** посвященной 30-летию независимости Республики Казахстан в рамках «Нурпеисовских чтений»

17.03.2021

УДК 001(063)
ББК 72
Ж 66

Ұйымдастыру алқасының төрағалары

Н.Р. Аршабеков – Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті Басқарма Төрағасы Ректоры м.а.
З.Е. Қабылдинов – Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының директоры

Редакция алқасының мүшелері

Ж.Б. Аширбекова – т.ғ.к., доцент Тарих және шетел тілдері институтының директоры
Л.Т. Қожакеева – т.ғ.д., профессор Тарих кафедрасының меңгерушісі

Жауапты редактор

А.М. Сманова – т.ғ.к., доцент Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті

Ж 66 «Тәуелсіз Қазақстан: жасампаздық тарихы және мемлекеттілікті нығайтудың өзекті мәселелері» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияның материалдар жинағы. – Алматы: Қыздар университеті баспасы, 2021. - 278 бет

ISBN 978-601-224-741-1

Жинаққа «Тәуелсіз Қазақстанда жүргізілген әлеуметтік және экономикалық реформалар: тарихы және қорытындылары», «Тәуелсіз Қазақстанда орын алған мәдени және рухани өзгерістер: жетістіктеріміз бен кемшіліктеріміз», «Қазақстан Республикасының Конституциялық дамуы. Мемлекеттік билік органдарындағы қайта құрулар мен жаңалықтар», «Қазақстан Республикасындағы «Рухани жаңғыру» бағдарламасы және халықтың тарихи санасын қалыптастыру бағытындағы жұмыстарды жалғастыру барысы», «Қазақстан Республикасындағы ғылым және оның өзекті мәселелері», «Жас ғалымдардың ғылыми-зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру және ғылымдағы сабақтастық» атты секцияларда талдау жасалған баяндамалар мен тарих ғылымының түрлі аспектілеріне арналған зерттеулер топтастырылды.

Научный сборник включает доклады участников конференции по различным проблемам исторической науки по секциям «Социально-экономические реформы в независимом Казахстане: история и результаты», «Культурные и духовные изменения в независимом Казахстане: достижения и недостатки», «Конституционное развитие Республики Казахстан. Реформы и инновации в органах государственной власти», «Программа «Духовное возрождение» в Республике Казахстан и продолжение работы по формированию исторического сознания народа», «Наука в Республике Казахстан и ее актуальные проблемы», «Организация научно-исследовательской работы молодых ученых и преемственность в науке».

УДК 001(063)
ББК 72

ISBN 978-601-224-741-1

©«Қыздар университеті» баспасы, 2021

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ – ҚОҒАМ ДАМУЫНЫҢ ТІРЕГІ

Борбасов С.М.

саяси ғылымдарының докторы, профессор

*Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты директорының кеңесшісі
(Алматы қ., Қазақстан) E-mail: borbasov54@mail.ru*

Дамыған мемлекет құру үрдісі экономиканы жаңартып, постиндустриалдық қоғам құрумен шектелмейді. Төртінші индустриалды революцияны бастарынан өткеріп жатқан мемлекеттер осы деңгейге рухани, білімі, ғылыми, тәрбиелік мәселелерді шеше отырып қол жеткізген. Сондықтан материалдық өндірісті дамыту, халықтың әл-ауқатын жақсарту қаншалықты маңызды болса рухани жаңару соншалықты маңызды. Себебі ел халқының рухани сапаларының ұшталуы сол елдің экономикасының қарыштап дамуын қамтамасыз етеді. Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласында осы материалдық сфера мен рухани өзара тәуелділігі мен күрделі байланысы дәл көрсетілген.

Тәуелсіздік жылдарында Қазақстан қомақты табыстарға қол жеткізгені ақиқат. Бірақта, әлі де ойлаған, жоспарланған биіктерге шыға алмай отырмыз. Көптеген реформалардың нәтижесі төмен. Халық пен биліктің бірлесіп, қауымдасып шешуге тиісті мәселелері әлі де көп. «Алдымен экономика, одан кейін саясат» формуласы өз мақсатына жетті. Алдағы даму «экономика мен саясат егіз» деген формула арқылы жүргізілмек. Оның мәні материалдық құндылықтар қаншалықты маңызды болса, рухани құндылықтар да соншалықты маңызды деген ұстанымға сияды. Себебі, қоғамның әрі қарай эволюциялық дамуы экономикалық реформалармен қоса ұлттың тіліне, салт-дәстүрлеріне, мәдени құндылықтарына, тарихи санасының жаңғыруына, отаншылдығына, адамгершілік сапаларының қалыптасуына тәуелді бола түсуде. Аталған белгілердің барлығы жиналып келіп адам факторын, адам капиталын күшейтетін құбылысқа айналады. Белсенді, отаншыл, жаңашыл, дүниетанымы ашық азаматтар ғана жаңа индустриалды революция жасауға қабілетті азаматтар бола алады. Ондай қызметкерлер үшін технократизм қабілеттерін гуманитарлық сапалармен ұштастыра білу маңызды. Мұндай жетілген қызметкерлермен, жұмыскерлердің тәрбиеленіп, қалыптасуы оңай шаруа емес.

Адам факторының ықпалының артуы рухани жаңғыру үрдісінің күшеюіне тікелей тәуелді. Ұлттың руханилығы оны топтастырудың, біріктіріп ұйытудың негізгі жолы. Ортақ рухани құндылықтары, идеялары мен мақсаттары бар ұлттар өкілдері өз мемлекетін нығайту жолында еңбегін аямайды. Ұлттық бірегейленудің, мемлекетшілдіктің де қайнар көзі рухани құндылықтар. Халықтың басым көпшілігі тартылған ортақ ұлттық тіл, тарихи сана, мәдениет, салт-дәстүрлер, халықты топтастыратын ортақ мақтаныштар және елді тәубеге шақырқатын бастан өткерген трагедиялық оқиғалар сол халықтың өкілдеріне тағдырдың ортақтығын сезіндіреді. Міне осы ұлы сезім адамдарды еңбектегі белсенділікке, жаңашылдыққа, отаншылдыққа, тәртіп пен жауапкершілікке бастайды. Бәсекеге қабілетті мемлекеттердің халықтары осындай баршасына табыс әкелетін, ізгілікті және ашық құндылықтар төңірегінде топтасып қызмет етіп, өмір сүреді. Мұндай мемлекеттер жеке адамның мүдделерін, бостандықтарын, отбасының игілікті өмірін жалпыхалықтық рухани құндылықтардың ажырамақс бөлшегі ретінде қарастырып қамқорлық жасайды. «Жеке тұлға – отбасы – халық – мемлекет» мүдделері бірінен-бірі туындап, бірін-бірі толықтырып отырады. Осы формула негізіндегі қарым-қатынастардың нығайып, өмір шындығына айналуы Қазақстан үшін ауадай қажет.

Елбасы белгілеп көрсеткен рухани жаңғыру бағдарламасы айтылған істі орындаудың нақты жолдары мен тетіктерін көрсетіп береді. Мәселенің ең өзекті түйіні ұлттық кодты оятуға келіп тіреледі. Қазақтың ұлттық кодының кілті – ана тілі. Президент қазақ тілінің дамыған тілдерге тән әлеуметтік функцияларының орындалуын латын әліпбиінің енгізілуімен байланыстарды. Латын әліпбиі қазақ халқын ағылшын тілімен неғұрым жақындастыра түседі.

Әлемдік ғылыми-техникалық ақпараттың 90 пайызынан астамын айланысқа түсіріп отырған ағылшын тіліне етене жақындау еліміздегі рухани, ақпараттық, ғылыми, технологиялық жаңғырудың іргетасы болатыны ақиқат. Латын әліпбиі қазақ ұлтының осы бағыттағы дамуына жағдай туғызып, жаңа тынысын ашады деген сенім бар.

Ел халқының тарихи санасының жаңғыруына киелі, сакралды Қазақстан жобасының іске асуы үлкен көмек бермек. 260 жылдай мерзімге созылған отарлық езгі қазақ халқының өзін-өзі тануына мүмкіндік бермеді. Қазақстанның жүздеген киелі мекендері күйретілді, талан-таражға ұшырады. Соған қарамастан, Қазақстан археологтары Жер шары халқын таңдандарған ондаған көне

ескерткіштер мен «алтын адамдарды» тапты. Демек, қазақ тарихы тым әріде, біздің заманға дейін де ата-бабаларымыз, протоқазақтар әлемдегі ең озық мемлекеттермен сан ғасыр иық теңестіріп өмір сүре алған. Нағыз бәсекеге қабілетті халық болған. Олардың ұлы істерін жалғастыру, көркейген Қазақстан мемлекетін құрып, нығайта беру бүгінгі ұрпақ пен келер ұрпақтардың тарихи миссиясы.

Қазақстан халқының рухани жаңғыруы мемлекет жасаушы қазақ ұлтының құндылықтары мен ұстанымдарының негізінде ғана болады. Еліміздегі диаспоралар мен түрлі ұлыстардың өкілдері қазақ ұлттық құндылықтар мен қастерлі ұғымдар платформасында топтасады. Яғни, елдегі мемлекетшілдік рухы мен ұлттық бірегейлену қазақи халқының тілі, тарихи санасы, мәдени құндылықтары мен діннің дамуы жағдайында ғана қалыптасады. Басқа мәдениеттер, жалпыадамзаттық құндылықтар, гуманитарлық үрдістер Қазақстанның қазақтас, ұлттық келбетін байыта түседі. Себебі, бұл құндылықтардың баршасы қазақтың ғасырлар қайнауында қалаптасқан ұлттық дәстүрлерінде, тарихи жадында және ұлттық кодында синтезделген болатын. Мәселе, ізгілік пен жасаппаздықтың көзін, бұлаған аша алуымызда.

Қазақстанның қазіргі саяси шындығы күрделі, қайшылықты үдерістердің шеруімен ерекшеленеді. Жүріп жатқан билік транзиті негізінен Елбасының жоспар-мақсаттарына байланысты іске асырылуда. Бірақ, бұл өзгерістерді халық бірұдай қабылдап жатқан жоқ. Халықтың бір бөлігінде наразылық көңіл-күй басым. Әсіресе, кедейленген әлеуметтік топтар, жұмыссыздар, көп балалы аналар, төменгі мөлшерде жалақы алатындар билікке наразы. Халықтың осындай әлеуметтік топтары Қазақстан халқының 60 пайыздан астамы екендігі белгілі. Халықтың басым бөлшегінің билік саясатына наразылығы және охлократиялық қозғалысқа ұласып, хаостық сипатқа ие болуы қауіп бар. Елде бей-берекет наразылық қозғалыстары басталып, ол перманенттік сипат алса Қазақстан Республикасының тәуелсіздігіне үлкен зиян келуі ықтимал.

Қазақстанның Орта Азиядағы геосаяси орны мен рөлі өте маңызды. Қырғызстандағы сияқты «түрлі-түсті ревалюциялар» бізде орын алған жағдайда Қазақстандағы процестерге Ресейдің, Қытайдың тікелей араласу мүмкіндігі күшті. «Орталық Азиядағы тұрақтылықты сақтаймыз», «Қауіпсіздік келісімшартына қол қойған елдерміз», « Қазақстанды сыртқы күштердің араласуынан қорғаймыз» - деген желеулермен Қазақстанды әскери аннекциялау басталуы қауіп зор. Сондықтан елдің халқында орын алып отырған наразылық көңіл-күйді басудың, әлеуметтік қайшылықтарды асқындырмай, әлеуметтік тартыстарға жеткізбей шешудің бүгінгі күнде маңызы өте зор. Елдің саяси билігі де, халық та, оппозиция да тәуелсіз мемлекетті сақтап қалудың, оның экономикалық, әлеуметтік, технологиялық және саяси әлеуетін арттырудың жолдарын қарастыруы, нақты істерге көшуі міндет. Осы істе бағыт-бағдар беретін нұсқа дамыған демократиялық елдер тәжірибесі. Бізге Ресеймен, Қытаймен бейбіт, өзара пайдалы сауда-экономикалық қатынастар ғана керек. Түптің түбінде оларға жем болатын стратегиялық одақтастық керек емес. Қайткен күнде екі алып көршімізге жем болып қалмаймыз деген мәселе үнемі күн тәртібінде бірінші кезек болып тұруы шарт. Себебі. соңғы жылдарда Ресейдің де, Қытайдың да ұлыдержавалық агрессиялық саясаты нақты көрініс бере бастады.

Қазіргі саяси шындықтағы наразылық көңіл-күйді ушықтырмай әлеуметтік татулыққа және қоғамдық келісімге толыққанды қол жеткізудің жолдары қандай?

1. Қазақстан халқына, қазақ қауымына қоғамдық қатынастарда орын алып отырған мәселелер, кемшіліктер, қордаланған, шешілмей келе жатқан қайшылықтар мен кемшіліктер туралы шындықтар айтылуы керек. Бұл істе ел саясаттанушылардың атқаратын қызметі тіптен зор. Қазіргі Қазақстан қоғамындағы саяси шындық, әлеуметтік жағдайдағы ахуал жайында Айдос Сарым, Досым Сәтбаев, Расул Жұмалы, Толғанай Үмбеталиева, Андрей Чебаторев, Гульмира Елеуова т.б. саясаттанушылар объективті сараптамалармен шығуда. Өкінішке орай мемлекеттік БАҚ олардың пікірлерін, сараптамаларын Республика жұртшылығына өте мардымсыз таратады. Нағыз шындықты талдап өз ұсыныстарын айтатын саясаттанушылар сөздері, мақалалары ірі мегаполистер халқына ғана жақсы таныс. Ал, аймақтар оларды тек ғаламтордағы әлеуметтік желілерден ғана оқиды. Ауыл-село халқының негізінен әлі де теледидарда негізгі ақпарат көзі етіп отырғандығын есептесек, Қазақстан саясаттанушыларын ой-пікірлері ел халқының 42 пайызын алып отырған ауыл тұрғындарына тым мардымсыз жететіндігі шындық. Ауылдарға газет, журналдар уақытылы жеткізілмейді. Кіші, орташа ауылдарда газет таратылу мүлдем жоқтың қасы. Сондықтан Қазақстан халқы үшін ортақ ақпараттық кеңістіктің бірден-бір көзі теледидар болып отыр. Ал теледидарда саясаттанушыларға берілетін контент тым мардымсыз. Ақпараттық кеңестікті мағыналы хабарлармен толықтыру ісінде елеулі олықлықтар орын алуда. Аймақтарда, ректоралды саясаттану мүлдем жоқ десе болады.

2. Тәуелсіздіктің бастапқы жылдарында саясаттану ғылымының дамуына біршама назар аударылған болатын. Алайда, мемлекеттік биіктің саясаттануға деген сұранысы төмендей берді.

Оның басты себебі саясаттанудың қазіргі саяси процестерді терең талдауға, кемшіліктердің табиғатын ашуға деген ұмтылысы. Қайшылықтар мен қателіктердің себептерін талдап, халыққа керсетуі биліктің саясаттану ғылымынан қорқынышын туғызды. Әрине билік ешқашан оны ашық айтпайды. Бірақ та, саясаттануды түрлі сылтаулармен тұншықтыру жүрді. Ол үдеріс әлі де жалғасуда. Саясаттану пәні барлық мамандықтар бойынша ЖОО міндетті 3 кредитті пәндер қатарынан алынды. Кейін 2018 жылдан бастап «Қоғамдық – саяси пәндер» деген атаумен саясаттану, әлеуметтану, мәдениеттану біріктіріліп оқытыла бастады. Үш пән үш кредит. Яғни студент ешқандай толыққанды білім алып шықпайды. 2020 жылдан бастап «Қоғамдық-саяси ғылымдар» пәніне 6 кредит берілген. Алайда, мұндай қойыртпақ пәннен студенттер ешқандай пайдалы білім алып шықпайды деп есептейміз. Болашақ мамандардың саяси мәдениеті ойдағыдай қалыптасуы мақсатында саясаттану пәні толыққанды түрде қалпына келтірілуі зор игілік болар еді. Мысалы, ЖОО гуманитарлық немесе гуманитарлық емес 6 факультеті болса, Ғылыми кеңес шешімімен 2 факультет 6 кредиттен саясаттану таңдасын, 2 факультет мәдениеттануды, 2 факультет әлеуметтануды таңдаса, осы пәндер бойынша студенттерге толыққанды білім беріледі. Ойдағыдай даму үшін қоғамға технократиялық дайындықты, гуманитарлық ойлауға қабілеттілікпен ұштастыра білетін мамандар қажет. Өкінішке орай техникалық, аграрлық ЖОО ректорлары мен проректорлары оқу процессін гуманитарлық мазмұнмен толтыруға қарсы. Оларды кейінгі кезде тоқтатқан «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру», «Ұлы даланың 7 қыры» атты Елбасының мақалаларында ұсынылған талаптар мен міндеттер және ҚР Президенті Қ.К. Тоқаевтың «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» мақаласындағы тарих ғылымының шешуге тиісті жаңа міндеттер қойылуы. Гуманитарлық, қоғамдық-саяси дайындығы жоқ адамдар болашақ қоғамды дұрыс басқаруға қабілетті болмайды деген дұрыс ой айшықталады. Сондықтан «Қоғамдық пәндер» оқу жоспарларынан барлық мамандықтар бойынша өзінің қажетті орнын алуы тиісті. Оқу жоспарларын әр министр өз позициясына сәйкес өзгертпеуі міндет.

3. Саяси шындықты қоғам мен халық мүддесіне бағыттаудың ең ұрымтал жолы жаңа конституциялық реформа. Бұл реформа бұрындағындай емес, ҚР Конституциясындағы демократиялық, құқықтық мемлекет концепциясын қалпына қайтадан келтіруі реформасы болуы керек. 2011, 2017 жылдарда Конституцияға енгізілген авторитарлық билікті күшейтетін толықтырулар мен өзгерістер конституциядан алынып тастауы қажет. Керісінше, президенттік биліктің, үкіметтің, парламенттің халық алдындағы есептілігі мен жауаптылығы күшейтіліп, сот билігінің тәуелсіздігі толыққанды қамтамасыз етілетін жағдай қалыптасуы пайдалы. Онсыз әлеуметтік әділеттілік принципінің жұмыс істеуі және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресу бос әңгіме. Партиялық тізіммен сайлауға қатысу, 100 мыңнан астам қол жинау, міндетті түрде 5 жыл мемлекеттік қызмет істеу сияқты талаптар демократиялық мемлекет құру ісіне мүлдем жат, халықтың саяси белсенділігін төмендететін талаптар.

4. Саяси билік «мақтаныш идеологиясынан» бас тартуы керек. Қазақстанның ақпараттық кеңестігін билік ұрандарға, мақтаныш пен жалғандыққа толтырып жіберді. Қазіргі саяси шындықта сөз бен істің арасы жер мен көктей. Қазақстанда бәрі жақсы, халық байып барады, тоқшылықта өмір сүруде деген өтірік ақпараттарды айтудамыз. Ал, қарапайым халық шындықта көріп отыр, өз бастарынан өткеріп отыр, Инфляция тоқтаусыз, тұтыныс заттарына, азық-түлікке бағаның өсуі тоқтаусыз. 2017-2018 жылдарда бағалар 30% өссе жалақы мен зейнетақы 15 % ғана өскен. Тек, 2 жылда ғана халықтың күнкөріс дейгейі 10 % нашарлап кеткен. Ал, Қазақстандағы олигархтардың байлықтары орта есеппен 40 % артқан. Әлеуметтік поляризация үрдісін тоқтатудың мемлекеттік шаралары іске асырылмады. Саясаттанушылар билікке әлеуметтік саясаттың тиімді, күшті бағыттарын ұсынуымыз маңызды. Халық кедейленіп жатқан кезде билік түрлі салтанатты шараларды, қажетсіз жобаларды іске асырумен әлек. Керісінше, халықтың материалдық әл-ауқатын жақсартатын, жұмыссыздықты азайтатын бағдарламалар қаржыландыруы пайдалы. Бос тұратын спорт кешендерінің орнына неге аулаларда баскетбол, волейбол, теннис алаңдарын жасамасқа. Оған қаржы бар ғой. Алматыда, Бурабайда қысқы трамплиндер салынған. Екеуіне 100 млн. доллар бөлініпті. Трамплин спортымен Қазақстанда 100 спортшы да айналыспайды екен. Соншалықты шығында аз адам үшін шығарғанша 2 трамплин орнына 1000 спорт алаңдарын неге салмадық. Оларда 100 мың адам спортпен шұғылданады еді ғой. Еліміздегі осындай абсурды шешімдерге баруға мақтаншақтық, бос ұраншылдық, дарақылық саясаты бастап отыр. Мақтаныштың психология Қазақстанды жарға жығуы әбден мүмкін. Шындық айтылуы қоғамды емдейді, дұрыс, ғылыми негізделген саяси шешімдерге бастайды. Қазақстанның әлемдегі имиджін өтірікпен, көзбаяушылықпен жасай алмаймыз.

5. Дамыған мемлекеттер сияқты сөз, баспасөз, жиналыс, митингілер жасау бостандықтарын шектеу өте зиянды. Халық өзіне ұнамаған мәселелерін айтуға толық құқылы. Қазақстанның құқық

қорғау органдары халықты қорғаумен емес, митингілерге қарсы күресушілерге айналып кетті. Әлемдік қауымдастық алдында масқара болдық. Пікірін айтқан адамды қудалау тек қатал диктаторлық режимдерге ғана тән. Қазақстан сонда диктаторлық режим орнатуға бара жатыр ма? Бұған халық көнбейді. Үлкен әлеуметтік жарылыс болуы ықтимал. Сондықтан демократиялық бостандықтарды шектеу саясатынан бас тартуымыз керек. Жаһанданған қоғамда, ашық ақпараттық кеңестікте, халықтың санасы оянған заманда ел халқын қорқытып, биліктің айтқанына көндірем деп есептеу қауіпті қателік. Халық ашуы жиналуда. Халықты қорқыту арқылы бағындыру мүмкін емес. Халық шындыққа, әлеуметтік әділеттікке, ғылыми негізделген дұрыс саясатқа ғана топтасады.

6. Алдағы уақытта мемлекет халықтың тұрмысына, мәдениетіне, біліміне пайдасын тигізбейтін жобалардан батыл түрде бас тартуы керек. Экономикалық саясат өзгеруге тиісті. Қазақстанның этнодемографиялық картасы өзгерген. Бізде моноұлтты социум қалыптаспауда. Қазақ халқы шешуші рөлге ие. Оның басым көпшілігі ауылдарда. Сондықтан жаңа тұрпатты аграрлық саясатты жүргізу экономикада басымдылыққа ие болуы шарт. Фермерлерге, ауылдық кооперативтерге бетбұрыс жасауымыз керек. Азық-түлік өндіруді көбейтуге, оның сапасын жақсарту арқылы әлемдік нарыққа шығуға бетбұрыс жасау мұнай-газ, түсті металдар кешендерін дамытудан бірінші орынға шығуы пайдалы. Сонда ғана халықтың қал-ахуалы жақсарады. «Болашағы жоқ ауылдар» деген формуладан бас тартпай біз алға дами алмаймыз. Тіпті құмды аймақтарда қой өсіруге, ешкі бағуға болады емес пе? Ауыл-селоны қаржыландыруды күшейту болашақта мемлекетімізді күшейтудің кепілі болатынына сенімдіміз.

7. Қазақстан билігі Ресейден, Қытайдан қорқып бұға бермей, шын мәніндегі тең құқықтық қатынастар орнататын мезгіл жетті. Ұят емес пе Қытай билігімен 2-3 мәрте ең жоғары деңгейде кездесулер өткізілді. Ал, біздің 500 мыңдай бауырымыз ешбір жазықсыз Қытай түрмелерінде, тәрбиелеу лагерлерінде зорлық пен зәбір көруде. Талап қойып, өтініш айтып, келіссөздер арқылы Қытай қазақтарының толықтай бостандықта өмір сүруіне қол жеткізуге болады ғой. Тіптен сорақысы, Қытай билігі әр қазақтың отбасына өз өкілдерінің тікелей бақылауын қойып, оларды тез қытайландыруға кірісіп кетті. Мектеп жасындағы балалар қазақ тілін мүлдем ұмыта бастады. Олардың көпшілігі қытайға айналуға, немесе қытай болғасы келеді. Өз балаларына көмек қолын соза алмаған Қазақстан тәуелсіз мемлекет ретінде бүкіләлемдік қауымдастық алдында ұятқа қалып отырғандығы ақиқат. Алдағы 3-4 жылда жылда қаржы көздерін тауып, бірнеше имидждік жобаларды тоқтата тұрып, Қытайдағы қазақтарды жаппай Отанына алып келуді, көшіруді іске асыру мемлекеттік парыз деп білемін. 1964 жылы 200 мың қазақты 1 айда көшіріп әкелдік емес пе? Кеңес Одағы кезінде атқара алған шараны қазір неге атқара алмаймыз. Мүмкіндік бар, бірақ та осы өте күрделі шаруаны келіссөздер арқылы іске асыруға ниет жоқ. Мемлекеттік билік халық алдындағы миссиясын толық орындаса ғана абыройы артпақ.

Біздің пікірімізше Қазақстан билігі қысқа перспективада, алдағы 4-5 жылда осы көрсетілген 7 міндетті орындай алса, мемлекеттің даму тынысын ашып, оны шын мәніндегі бәсекеге қабілетті, өз қауіпсіздігін қорғай алатын мемлекеттер қатарына қосатындығына сенімдіміз!

АКАДЕМИК К.НҰРПЕЙІС ЖӘНЕ АЛАШОРДА ТАРИХЫ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Т.З. Рысбеков¹, Б.Ғ. Шынтемірова²

¹тарих ғылымдарының докторы, профессор,

ҚР ҰҒА құрметті мүшесі; М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан Университеті

(Орал қ., Қазақстан) E-mail: tuyakbai.rysbekov@mail.ru

²тарих ғылымдарының докторы, профессор,

Батыс-Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті

(Орал қ., Қазақстан) E-mail: ansar_2004@mail.ru

Биылғы жылы ел тәуелсіздігінің 30 жылдық мерейлі мерекесіне айрықша назар аударылуда. Дүниеде тәуелсіздік пен бостандықты, теңдікті аңсамайтын бірде-бір адам, бірде-бір халық жоқ.

Алаш қозғалысы қазақ тарихында тұңғыш рет қалың бұқара санасына Бостандық, Теңдік, Туысқандық деген мәңгілік ұғымдардың ұрығын шашты.

Алаш арыстарының ұлттық мемлекет құруды көздеп, елді бірлікке шақыруы – бүгінгі ең қажетті құндылық. Ол қазіргі Тәуелсіз Қазақстанның мемлекетінің саясатымен үндесіп жатыр. Халқының азаттығы мен бақыты жолында жан сала күрескен, сол жолда құрбан болған Алаш ардақтыларының сан салалы асыл идеялары бүгінгі Тәуелсіз Қазақстан жағдайында бірте-бірте

жүзеге асуда. Кезінде алаштың арыстары атанған ұлтымыздың ұлы перзенттерінің халқына жасаған ұшан-теңіз еңбектері, рухани асыл мұралары қазақ өз елінің иесі болып тұрғанда мәңгі жасай бермек.

XX ғасырдың басындағы Алаш өкілдерінің өмірбаяндық мәліметтеріне талдау жасау қазақтардың, соның ішінде Алаш қозғалысына қатысушылардың білім деңгейінің жоғары екендігін олардың қазақ халқын ағартушылық ісіне және сауаттылықты таратуға, олардың саяси белсенділігі мен жоғары ұлттық патриотизм және өз Отанына шексіз сүйіспеншілігін қалыптастыру жолында қажымай еңбек еткендігін куәландырады. Олар білім берудің сол кездегі қазақ даласында сол тарихи кезеңде орын алған барлық сатысын өткен болатын (оның ішінде діни және азаматтық білім жүйесі де бар).

Қазақстан Республикасы Ғылым Академиясының Алаш қозғалысы және оның көсемдері жөнінде көп еңбектенген көрнекті тарихшыларымыздың алдыңғы сапындағылар қатарында академиктер Кеңес Нұрпейіс пен Мәмбет Қойгелдіні ерекше атауымызға болады. Бүгінде Алаш қозғалысының негізгі оқиғалары, барысы, көсемдері жөнінде бірқатар еңбектер жазылды десек, біздің ойымызша, алдағы уақытта осындай жұмыстарды жүйелі түрде жалғастырып, ондай зерттеулердің әдіснамасын жетілдірген жөн сияқты.

Кеңес Нұрпейіс – Қазақстан тарихы ғылымының іргетасын нығайтып, оны дамытуға сүбелі үлес қосқан қазақ тарихшыларының бірі, һәм бірегейі. Білімнің қара шаңырағы болып саналатын Қазақ Ұлттық Университетін бітіргеннен кейінгі өмірі еліміздегі тарих ғылымының (жалпы ғылымның) қара шаңырағы болып табылатын Қазақстан Республикасы Ғылым Академиясының Ш.Ш.Уәлиханов атындағы тарих және этнология институтымен тығыз байланысты. Осында еңбек жолын бастады, ғалым болып қалыптасты, отандық тарих ғылымының қалыптасып, дамуына өлшеусіз үлес қосқан аға буын тарихшы ғалымдардың алдын көріп, тәлім-тәрбие алды. Өмірінің соңғы күніне дейін осы ұжымда еңбек етіп, ғылыми-шығармашылық қызметі барысында Кеңес Нұрпейіс 500 ден астам ғылыми-көпшілік еңбектер, 20-дан астам монографиялар мен кітаптар жазып, соңына көлемді баға жетпес әрі құнды ғылыми мұра қалдырып кетті.

Ғалым шығармашылығындағы айрықша атап көрсететін жәйт – Алашорда тарихы тарихшы-ғалым зерттеулерінің басты бағыттарының бірі.

Еліміз тәуелсіздікке қол жеткізгеннен кейін Алашорда тарихындағы «ақтаңдақтарды» ашуды қолға алды. Бұл мәселені жарыққа шығаруда белгілі ғалым Кеңес Нұрпейістің Отан тарихында өзіндік айшықты қолтаңбасы қалды. Ғалым ағамыз тәуелсіздік таңында төл тарихымыздағы ешкімнің тісі тие қоймаған соны алқабы - Алаш һәм Алашорда тарихын зерттеуге бой ұрды. Қазақстанның қоғамдық-саяси өміріндегі Алаш партиясының рөлі мен орнын тиянақты әрі байыпты саралауды алғаш қолға алғандардың бірі болды.

Өзінің «Алаштың ақиқатын кім айтады деген көлемі жағынан шағын болғанмен тарихи салмағы елеулі мақаласында былай дейді: «Кезінде бұл проблеманы (Алаш проблемасы – автор) дұрыс шеше алмағанымыз ақиқат. Ендеше бүгінгі демократия, жариялылық заманында, пікірлер плюрализмі кең етек жайған тұста осы проблемаға қайта бір оралуымыз қажет... Сондықтан да бұл проблемаға байланысты «Қазақстан Коммунисті» журналында да авторларымыз тарапынан өздерінің ой-пікірлерін білдірген хаттар мен мақалалар көптеп түсуде. Қайта құру әкелген жариялылыққа сәйкес біз бүгін оқырмандарымызға «Алаштың ақиқатын кім айтады?» деген топтама ұсынып отырмыз. Әрине, топтамадағы авторлардың тұжырымдамаларымен редакцияның келіспейтін тұстары баршылық. Әйтсе де, шындық айтыс үстінде тумай ма? Демек, кім дұрыс, кім бұрыс айтып отыр – оны зерделеу сіздердің міндеттеріңіз, құрметті оқырман қауым» (Нұрпейіс, 2015: 44).

Осылай, ғалым ағамыз тәуелсіздік таңында төл тарихымыздағы Алаш һәм Алашорда тарихын зерттеуге бой ұрды. Қазақстанның қоғамдық-саяси өміріндегі Алаш партиясының рөлі мен орнын тиянақты әрі байыпты саралауды алғаш қолға алғандардың бірі болды. Өзінің «Алаш һәм Алашорда» деген еңбегінде Кеңес өкіметі кезінде 60 жылдан астам зерттеуге тыйым салынған Алаш һәм Алашорда тарихының деректемелік негіздері, ұлттық-демократиялық Алаш партиясының дүниеге келуі, оның бағдарламалық мақсат-міндеттері, мемлекеттік құрылым ретіндегі Алаш автономиясының ұйымдасуы, Алашорданың нақтылы іс-әрекеттерін ғылыми тұрғыда сөз етеді. Сөйтіп, қалың оқырман XX ғасырдың алғашқы ширегіндегі Қазақстан тарихының «ақтаңдақ» беттерінің біразы Алаш партиясы мен Алашордаға тікелей байланысты екенін бағамдай түседі.

Еңбектің тағы бір баға жетпес құндылығы – Алаш қозғалысының жетекші қайраткерлері Әлихан Бөкейхановтың, Ахмет Байтұрсынұлының, Міржақып Дулатовтың, Мұстафа Шоқайұлының, Мұхамметжан Тынышпаевтың, Халел Досмұхамедовтың, Әлімхан Ермековтің шығармалары, олардың өмірі мен қызметіне қатысты байланысты жаңа мұрағаттық құжаттар, Қазақстан Республикасы Ұлттық Қауіпсіздік комитетінің мұрағатынан алынған тың деректердің пайдаланылып, ғылыми

айналымға шығарылуы дер едік. Түйіндеп айтқанда, ғалым Алашорда тарихын қазақ халқының ұлт-азаттық қозғалысы тарихымен жалпы контексте қарастырады. Яғни, Алаш қозғалысын зерттеудің методологиялық мәселелері мен деректемелік негізін айқындап берген. Ғалымның пікірінше, Алаштану саласында зиялы қауым бірлесіп зерттейтін, ғылыми шешімін күтіп отырған мәселелер жетерлік. Олардың ішінде кейбір маңыздылары қатарында: Алаштың әлеуметтік, саяси және экономикалық бастау көздері; Оның XX ғасырдың алғашқы жиырма жылындағы Қазақстанның қоғамдық-саяси өміріндегі алатын орны мен атқаратын рөлі; 1917 жылғы екі төңкеріс аралығындағы Алаштың басқа партиялармен өзара қатынасы мен байланысы; Алаш пен Алашорда және Кеңес өкіметі; Алаш қозғалысының ішкі қайшылықтары және оның көріністері; Алаш қозғалысының көрнекті қайраткерлерінің көзқарас эволюциясы; Алаш қозғалысына қатысушылардың 1920 жылдан кейінгі қасіреті; Алаш қозғалысы және Орта Азия мен Еділ бойының түркі тілдес, мұсылман діндес халықтарының саяси партиялары мен қоғамдық қозғалыстарымен байланысы; Алаш қозғалысы және бүгінгі Қазақстан, т.с.с. көрсете отырып, аталған мәселелердің әрқайсысы жеке-жеке ғылыми-зерттеу жұмыстарына желі бола алатындығын алға тартады. Сонымен қатар зерттеу соңында «Алаш пен Алашорда тарихының маңызды кезеңін зерттеген еңбегімізді аяқтай келе, түбегейлі іс тындырдық деуіміз көңілге қонымды болмас, өйткені, аумалы-төкпелі заманды басынан кешкен партия мен өкіметтің айтылмаған саясаты да, сыры да баршылық. Мұны тәмамдау болашақтың ісі» (Нұрпейісұлы, 2010: 230) деп саралайды. Шын мәнінде, ғалымның көтерген мәселелері күні бүгінге дейін түрлі зерттеулерге арқау болды. Кеңес Нұрпейістің еңбегі осынысымен құнды.

Қазақ тарихындағы ең ірі ұлт-азаттық қозғалысқа үлес қосқан тұлғалардың тізімін жасауды алғаш рет қолға алған көрнекті алаштанушы, академик Кеңес Нұрпейіс болатын. «Алаш қозғалысына мүше болғандар мен ниеттестер тізімі» деп берілген осы тізімде 270 адамның аты жөндері көрсетілген (Нұрпейіс, 1995: 216-219; 2010: 230-238). Әлбетте, Алаш қозғалысы тарихын зерттеуде бұл тізімнің тарихи һәм ғылыми мәні айтарлықтай. Бұл тізім алаштану ғылымы тәй-тәй басып, енді ғана қалыптаса бастаған кездегі жағдай екенін ескерсек бұл бағытта жасалар жұмыстың ұшан теңіз екеніне ешкімде күмәндана алмайтындығы өзінен-өзі белгілі болады. Оның үстіне қазіргі таңдағы алаштануда, негізінен алғанда, оның көсемдеріне арналған еңбектер баршылық та, ал бұл қозғалысқа белсене қатысушылар жөнінде әлі мәлімет мардымсыз.

Алаш бағдарламасын зер сала қарайтын болсақ, мына төмендегі мәселелерді айтуға болады: қазақ автономиясында жерсіз қазақ бұқарасы жер еншісін алып болғанша переселендердің келуін тоқтату; атты казактардың жерге ерекше құқықтарын біржола жою; жерді сатуға тиым салу, большевиктердің тап күресі туралы теориясын қолдамау; ұлттық бірлік орнату; жұртқа беделді өкімет сайлау.

Академик К.Нұрпейіс Алаш қозғалысын жан-жақты зерттей отырып, мынандай тұжырым жасайды: Алаш партиясы, жалпы ол бастаған Алаш қозғалысы және оны басқарған адамдар қоғамдық даму және таптық күрес тұрғысынан қарағанда сүттен ақ судан таза болды деген қорытынды тумаса керек. Алаш партиясы мен Алаш қозғалысы тарих сахнасында орын алған 1917-1920 жылдардағы олардың іс-әрекетіне баға беруде бір сөз бен сезімге емес, нақтылы тарихи деректерге, іс-әрекеттерге сүйеніп, байсалдылық танытуымыз керек (Нұрпейіс, 2015: 52).

Ғалым «Алаш партиясы жетекшілерінің арасында да советке қарсы бірлесіп күресу идеясы мен ол күрестің тактикасы бірден қалыптаса қоймады. Оның аймақтың көсемдері советке қарсы күрес әдістері мен жолдарын қалыптасқан саяси жағдайды өздерінің жеке бағалауына қарай анықтады» дей отырып, «Алаш партиясы және оның жетекшісі Ә.Бөкейханов Октябрь революциясының жеңісін қабылдаған жоқ және Совет өкіметінің Қазақстанда жеңіске жетуіне қарсы болды» (Нұрпейіс, 2015: 51) деген қорытынды жасайды.

Большевиктер партиясы мен Совет өкіметі ұлттық-мемлекеттік құрылыс мәселесін шешудің негізіне таптық жіктелу принциптерін алса, Алаш көсемдері бұған керісінше ұлттық бірлік саясатын тандап алды. Сондықтан да олар қазақ халқын ұлттық тұтастық пен бірлікке шақырумен болды. Алаш автономиясы аталған ұлттық мемлекетті аяғынан тік тұрғызу үшін және тек қана советтік негіздегі автономияларды ғана қорғап-қолдауға бейім тұрған «бостандықтың жауы – большевизммен күресу үшін» Алашорда көсемдері «халықтық милиция» атанған ұлттық әскер құру мен советтерге қарсы әртүрлі саяси күштермен одақтасу ісіне үлкен мән берді.

Тәуелсіз Қазақстанның ең басты құндылықтарының бірі – тұлға және оның қасиетін сыйлай білу. Үлкенді ізетпен сыйлау, оның ақылы мен еңбегін құрметтеу – халқымыздың аса қадірлі мінездерінің бір сарасы.

К.Нұрпейіс XX ғасырдың басындағы Қазақстан тарихынан ойып орын алуға лайықты Алаш зиялыларының қоғамдық-саяси қызметтерін зерттеуді өмірінің соңғы сәттеріне дейін жалғастырып,

оларға қатысты тың мұрағаттық құжаттарды жарыққа шығарып отырды. Соның нәтижесінде ғалымның кейінгі жылдары жазып, кезінде баспасөз бетінде жарияланған материалдары негізінде «Тарихи тұлғалар» атты еңбегі жарық көрді [Нұрпейіс, 2007: 376]. Онда Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов, Халел Досмұхамедов, Мұхамеджан Тынышпаев, Мұстафа Шоқай, Тұрар Рысқұлов, Ораз Жандосов, Нәзір Төреқұлов, Қаныш Сәтпаев сияқты қазақ зиялылары туралы байыпты байламдар мен толымды тұжырымдар жасалды (Рысбеков, 2011: 107-108).

Ғалым тұлғалар жөніндегі еңбегінде мынандай көңіл аударарлық пікір айтады: «...ол кездегі Әлихан Бөкейхан бастаған біздің арыстар ХХ-ғасыр басындағы қазақ қауымының саяси-қоғамдық, әлеуметтік-экономикалық және рухани мәдени сұранысына табиғи түрде жауап берген адамдар. Заманның талабын бұл кісілер абыроймен атқарды. Ал енді солармен идеялық айтыста болған, социализм жолын таңдап алған Тұрар Рысқұлов, Ораз Жандосов, Сәкен Сейфуллин секілді интеллигенция өкілдері де болды. Бұлар да қазақ халқының жақсылыққа жетуін ойлады. Бұлар бір-бірімен айтысып, өкпелескенмен бір-бірін өлімге қиған жоқ. Бірі – «қазақ халқын эволюция жолымен өркениетке жеткіземіз» деді. Енді бірі – «реформа емес, революция жолымен, яғни тез қарқынмен өркениетке жеткізу керек» деді. Түпкі ойлаған мақсат мүдделері бір болды да, осы мүддегі жету жолын, тактикасын олардың әрқайсысы өздерінше таңдап алды. Бірақ осылардың барлығы 1937-1938-жылдардың лаңында құрбан болып кетті. Сондықтан да біз осы қазақтың жиырмасыншы ғасырдың басында қалыптасқан интеллигенциясын тұтас бір құбылыс ретінде зерттеуге көштік. Бұрын «сен ақсың, сен қызылсың» деп екеуін «төбелестіріп» қоятынбыз. Бірақ түптеп келгенде бұлардың бәрі тағдырлас еді (Нұрпейіс, 2015: 288-289).

Кенес Нұрпейістің авторлар тобымен бірлесіп жазған «Халел Досмұхамедұлы және оның өмірі мен шығармашылығы» атты еңбегінде Алашорданың Батыс бөлімшесінің қызметі кеңінен сөз болады. Кітаптың төртінші тарауындағы «Саяси көзқарас, халық азаттығы үшін күрес, Алашорда үкіметі» деген тақырыпта ғалым Халелдің еңбегі мен таптық көзқарасына терең талдау жасай білген (Нұрпейіс, 1996: 176).

Академик Қ. Нұрпейіс Алаш қозғалысының тарихын жан-жақты зерттей отырып, оған салиқалы талдау жасаумен қатар бұл мәселеде алдағы уақытта қандай сұрақтарды ашу қажет екенін де көрсетеді: Алаштың әлеуметтік, саяси және экономикалық бастау көздері; оның ХХ ғасырдың алғашқы 20 жылындағы Қазақстанның қоғамдық-саяси өміріндегі алатын орны мен атқарған ролі; 1917 жылғы екі революция аралығындағы Алаштың басқа саяси партияларымен өзара қатынасы мен байланысы; Алаш пен Алашорда және Совет өкіметі; Алаш қозғалысының ішкі қайшылықтары және олардың көріністері; Алаш қозғалысының көрнекті қайраткерлерінің көзқарас эволюциясы; Алаш қозғалысына қатынасушылардың 1920 жылдардан кейінгі қасіреті; Алаш қозғалысы және Орта Азия мен Еділ бойының түрік тілдес, мұсылман діндес халықтарының саяси партиялары мен қоғамдық қозғалыстарымен байланысы; Алаш және бүгінгі Қазақстан, т.с.с. (Нұрпейіс, 2015:90).

Кенес Нұрпейіс шығармаларының құндылығын арттыратын тағы бір қозғаушы күш – оның қазақтан шыққан тарих ғылымының тұңғыш докторы, талантты тарихшы Е. Бекмахановтың шәкірті болуында дер едік. Ұстаз алдындағы шәкірттік парызын адал өтеп, 2000 жылы «Дискуссия по книге Бекмаханова Е.Б. «Казахстан в 20-40 годы XIX века» атты еңбекке жауапты редакторлық етті. Аталған стенограммада 1948 жылдың шілде айында өткен әйгілі тартыс кеңінен сөз болады.

«Егемен Қазақстан» газетінің 2005 жылғы 15 ақпандағы «Қайсарлық және қасірет. Ермұхан Бекмаханов пен оның басты кітабының жазалануы жайында» атты көлемді мақаласында ғалым ұстаз ұшыраған нәубетті толық әңгімелейді.

Ғалымның ғылыми-шығармашылық жолы оның атқарған сан қилы еңбек жолымен және ұстаздық қарекетімен астасып жатты. Кенес Нұрпейіс ұзақ жылдар бойы Қазақстан тарихы ғылымының ірі тұлғасы, ғылым жолындағы жас мамандардың жанашыр қамқоршысы болды. Жас маман тарихшыларды туған ел тарихының күрделі мәселелерін шешуге жұмылдырып, барлық күш-жігерін Қазақстан тарих ғылымының қалыптасып, өркендеуіне жұмсады. Ол отандық тарих ғылымының қоғамдық өмірде лайықты орын алуына, орта мектептер мен жоғары оқу орындарында ел тарихының кеңейтілген бағдарламалармен оқытылуына, оқулықтар дайындау ісіне қомақты үлес қосты. Өзінің бір сұхбатында «отандық тарихтың қайта саралап, екшеп алатын тұстары да көп. Бізде идеологтардың жазған тарихы бар, әркімнің жинаған фактологиясы мен өзінше қорытулары бар, ұлттық мүдде тұрғысынан жазылған тарих жоқ. Сондықтан мектепте оқытылатын Отан тарихының мазмұны қайта қаралуы керек» дей келе, «мектепте оқытылатын тарихтың міндеті: тарихтың жарқын беттерін, халықтың рухы өрлеп тұрған тұстарын, адамзат өркениетіне қосқан қомақты үлесін сипаттауға мейлінше көп орын бере отырып, баланы отаншылдыққа тәрбиелеу керек» деп болашақ ұрпақты ұлтжандылыққа тәрбиелеу қажеттілігін баса көрсетеді (Рысбеков, 2011: 108-109).

«Ғалымның Алаш қозғалысының тарихында алатын орны жөнінде замандастары мен әріптестері былай дейді: «...соңғы он-он бес жыл ішінде, еліміз егемен ел болған кезеңде Кеңес Нұрпейісұлының Алаш қозғалысына, Алаш қайраткерлеріне арнап жазған талай ғылыми еңбектері ерекше көзге түсті. Денсаулығының нашарлауына қарамастан, оларды газет-журнал беттерінде, теледидардан насихаттау ісіне көп көңіл бөлді. Бұл да өзіне тән ізденісі, болашақ буындарға қалдырған оның аманаты еді» (академик Салық Зиманов) (Нұрпейіс, 2010: 17).

Ғалымдық өмірінің көпшілігі Кеңес дәуірінде – тоталитарлық заманда өтсе де, тарихшы академик шындықты айту мен жазудан тайсалмайтын. Сондықтан да болар оның тар жол тайғақ кешуден өткен сындарлы өмірі қиындықтарға қаншалықты толы болса, білім мен біліктің, тазалық пен пәктіктің арқасында қол жеткізген зейнетімен қатар жеңіске де, жеміске де соншалықты толы болды... Тағы да бір қыры ғылымда болсын, күнделікті өмірде болсын академик Нұрпейіс айтпаса сөздің атасы өлетін кездерде бұғып қалмайтын... Демек, ғалымның тарих алдында да, дәуірі өткен тоталитарлық заманның құрбандығына жазықсыздан жазықсыз шалынып кеткен Алаш қозғалысы Ұлыларының аруағы алдында да ары таза» (қоғам қайраткері, ғалым Әділ Ахметов) (Нұрпейіс, 2010: 26).

«...Ғылыми зерттеушілік бағытындағы тақырыбына келсек, ең қиын да күрделі және жұмбағы аса мол Қазақстандағы ұлт-азаттық қозғалыстар тарихы, ұлттық мемлекеттік құрылыс пен Қазақстанның ХХ ғасырдағы қоғамдық-саяси өмірі, қуғын-сүргін тарихы боп келеді. Кешегі тоталитарлық дәуірде бұл ашылып айта бермейтін, шешіліп сыр ете алмайтын құйтырқысы көп, шектеуі одан да мол тақырып болатын. Кеңес Нұрпейісұлы тәуелсіз қазақ елінің өткеніне қайта үңіліп, боямасыз еңбектер жазуға аянбай тер төкті. Алаш қозғалысының көсемдері мен мемлекет қайраткерлері Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов, Әлімхан Ермеков, Тұрар Рысқұлов, Мұхамеджан Тынышпаев, Халел Досмұхамедов, Ораз Жандосов мұрасына қайта үңіліп, жариялап, қазіргі заман тұрғысынан бағалауға қомақты үлес қосты (академик Нұрғали Мамыров) (Нұрпейіс, 2010: 31).

«Кеңестер одағы кезінде Алаш тақырыбы жабық мәселе болатын. Алаш қозғалысының көсемдері халық жауы болып саналып, олар туралы жазу мүмкін болмады...Осы тақырыптың тарихи саласын алғашқылардың бірі болып белсенді түрде зерттеген К.Нұрпейіс болатын...1990 жылдың өзінде әлі Алаш тақырыбы көтерілмей тұрған кезде «Алаш саяси партия болды ма?», «Алаштың ақиқатын кім айтады?», «Тұтқындалған», «Оян қазақ!», «Алматыда» сияқты мақалалары жарияланды. Одан кейін 1992-1995 жылдары «Қос төңкеріс және Алаш қозғалысы», «Тарих сөйлейді», «Қилы заман құжаттары», «Алаш және Алашорда тарихының зерттелуі хақында» және т.б. зерттеулер жарық көрді. Одан кейінгі өмірінің соңғы күніне шейін Алаш тақырыбын тастаған емес» (академик Көпжасар Нәрібаев) [Нұрпейіс, 2010: 34-35].

«Особой оценки заслуживает его работа по возвращению имен жертвам политических репрессий. Он был одним из учредителей и членом правления историкопросветительского общества «Адилет». Сколько светлых личностей, истинных патриотов своего народа и страны, репрессированных и сознательно забытых усилиями палачей, восстали из забвения, стали гордостью Казахстана (академик Карл Байпаков) (Нұрпейіс, 2010: 66-67).

«Особое место в исследованиях академика Нурпеиса К.Н. занимали вопросы генезиса национально-освободительного движения в Казахстане начала ХХ века, правдивого и научно-объективного раскрытия «белых пятен» в истории государства. Благодаря его усилиям весь комплекс вопросов истории движения Алаш и «Алаш-Орды», обширного творческого наследия, репрессированных в годы жесткого сталинского террора, выдающихся представителей казахской национальной интеллигенции, лидеров движения Алаш – Алихана Букейханова, Ахмета Байтурсынова, Мухамеджана Тынышпаева, Мыржакыпа Дулатова и других деятелей получили широкое научное освещение, вызвав большой резонанс в современном казахстанском обществе» (академик Токмухамед Садыков) (Нұрпейіс, 2010: 84).

«Бүгінде 20-ғасырдың алғашқы ширегіндегі азаттық қозғалысты зерттеу ісінде Кеңес Нұрпейісұлының өз мектебі бар екендігін тарихшы мамандар жақсы біледі» (академик Мәмбет Қойгелдиев) (Нұрпейіс, 2010: 49).

Қорыта келе айтқанда, тарих тағлымына терең бойлаған сайын біз бүгінгі тәуелсіз бейбіт күннің қаншалықты ауырлықпен келгенін түсінеміз. Еліміздегі еркіндік пен сөз, ой, ар-ождан бостандығының қоғамдағы тыныштық пен ұлттар арасындағы ынтымақтастық, береке мен бірліктің бағасына жетіп қоймай, өскелең ұрпақтың ойына азық, бойына қазық етіп сіндіру қажет. Сондықтан да тәуелсіздік туын алғаш көтеріп, халқының бостандығы мен еркіндігі жолындағы күресте жандарын пидә еткен Алаш тарихының ақиқатын жас ұрпаққа жеткізу парызымыз.

Ғылым бір орында тұрмайды, уақыт өткен сайын жаңа мәліметтер, тың деректермен толықтырылып, соны көзқарастармен, ой-тұжырымдармен байытылып отырылады. Сол сияқты Кеңес Нұрпейістің ғылыми мұрасы терең де жан-жақты зерттелетініне сеніміміз хақ. Өмірден адалдық пен еңбекті еншілеген Кеңес Нұрпейістің тұлғасы уақыт өткен сайын биіктей беретіні анық.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

Нұрпейіс К. Шығармалар жинағы. – Алматы: «Елтаным баспасы», - 2015, - 342 б.

Нұрпейіс К. Алаш ақиқаты. – Алматы: «АнАрыс баспасы», - 2010, - 421 б.

Нұрпейіс К. Алаш һәм алашорда. – Алматы: «Ататек баспасы», - 1995, - 253 б.

Нұрпейіс К. Тарихи тұлғалар. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, - 2007, - 376 б.

Рысбеков Т. Тарихи таным және ақиқат, - Орал: БҚМУ баспа орталығы, - 2011, - 363 б.

Нұрпейіс К., Құлкенов М., Хабижанов Б., Мектепов А., Халел Досмұхамедұлы және оның өмірі мен шығармашылығы. – Алматы: «Санат» баспасы, - 1996, - 176 б.

ҚАЗАҚ МЕМЛЕКЕТТІЛІГІНІҢ ТҰСТАРЫН ЗЕРТТЕУ МӘСЕЛЕСІ: ҰЛЫҚ ҰЛЫС-АЛТЫН ОРДА ТАРИХЫ

Бүркітбай Аяған

тарих ғылымдарының докторы, профессор

Мемлекет Тарихы Институты директорының орынбасары

(Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан) E-mail: b.ayagan@mail.ru

«...Ал ұлы ханның үлкен ұлы-Жошының мазары қазақ жерінде тұрғанын бүгінде еліміздегі және шетелдегі жұртшылықтың көбі біле бермейді. Ата-бабалардың аманатына адал болу - бізге сын»

Қазақстан Республикасының Президенті Қ-Ж.К. Тоқаев

Аңдатпа: Бұл мақала 2021 жылдың ақпан айының аяғында «Ұлық Ұлыс-Алтын Орда» атымен шыққан соңғы кітабымның бір бөлігі. Ұстазым академик Кеңес Нұрпейіс ағамен сырласып көптеген осы өткен тарихымызды зерттеу, «ақтаңдақтарын ашу» мәселесіне үйренген едік. Кейінгі зерттеу жұмысымда Кеңес ағаның айтқан ойлары, ғылыми тағлымдары есімнен кетпеді.

XIII ғасырдың бірінші жартысындағы Шыңғыс хан империясы мен Жошы ұлысының құрылуы әлем тарихындағы ең көп талқыланатын мәселелердің бірі болып отыр. Осынау аумағы мен салдары бойынша аса зор мемлекеттің генезисі, өмір сүруі және ыдырауы бойынша кәсіби дайындалған жұмыстар әлі де аз болуда. Ұлы мемлекетті құрған халықтар оған этникалық емес, саяси және бір жағынан, бір-бірін алмастырған ордаға жансыз саяси атау берді. Шыңғыс хан құрған империяның халқы толығымен моңғол тектес болды деген әбден жауыр болған ұғым бар. Иә, жауынгерлердің біразы моңғол тектес антропологиялық типте болатын. Бірақ, мысалы, славян деректерінде «половецтер» деп аталған Қара теңіз қыпшақтары, бұлғар немесе башқұрттар, шығу тегі жағынан сөзсіз, еуропалық нәсілді немесе аралас типте болған. Сондай-ақ, осы Ұлы Орда - Ұлы Ұлыстың құрамына көптеген кавказ халықтарының өкілдері – қазіргі заманғы карашай, балқар (малқар), құмық, черкес, абазин, әзірбайжандардың ата-бабалары кірді. Әмірлер және тіпті хандардың арасында Черкес, Сары немесе Урус есімді адамдар болған. Ал қазіргі казактар пір тұтып, қастерлейтін алғашқы еуропалық казак «Сары-Озман» деп аталды. Оның шын есімі Сары-Осман (Оспан, Аспан) болуы мүмкін. Ұлы Орданың (Алтын Орда) ұлы әмірлерінің бірі, мысалы, Қажы-Черкес деп аталды, бұл оның Солтүстік Кавказ халықтарына жақын екендігін көрсетеді. Соғыс олжаларының тұрақты бір түрі «ай жүзді қыздар» болғаны, ал жаяу әскер құрамында славян, кавказдықтар өкілдері, валахтар мен болгарлар қызмет еткені туралы жазба дереккөздерінде көп айтылған.

Орда жауынгерлері әдетте орта бойлы және ат мінуге ыңғайлы болып келетін. Біздің тұжырымымыз ұзақ қашықтықта атпен жүрудің және сарбаздардан тек ыстық-суыққа күйіп-піскен шымыр болғанына ғана емес, сонымен қатар денсаулық пен ерекше ептілікті талап ететіндігіне негізделген. Көптеген қытай суртеттері мен парсы миниатюраларында Ұлы Ұлыстың билеушілері мен жауынгерлерінің келбеттері жақсы сақталған.

Тағы бір таңқаларлық нәрсе – түркі-моңғолдардың ат төбеліндей аз тобы өздерінің мықыр бойлы аттарымен және аз ғана қару-жарақпен өте қысқа мерзімде қаншама жерлер мен халықтарды жаулап ала алды?! Сонымен қатар, олар бұл кеңістікті жаулап қана қоймай, оларды көптеген жылдар

бойына өздерінің заңдары мен бұйрықтарына бағындырып ұстай білген. Бұл да тарих үшін зор жұмбақ!

Осы тақырып төңірегінде ғылымилықтан бөлек, коммерциялық негізде көптеген тілдерде кітаптар жазылғаны белгілі. Олардың көп болуы соншалық, есептен жаңылуымыз мүмкін. Бұл жұмыстар Ұлы Орданың тарихын да түрлі жолдармен жарықтандырады. Көптеген ғылыми еңбектер мен танымал әдебиеттер де жарық көрді. Мүмкін, соңғы кездегі ең талантты жазылған кітаптың бірі – америкалық ғалым Джек Уэзерфордтың 2008 жылы Ресейде жаппай айналымға шығарылған «Шыңғысхан және қазіргі әлемнің пайда болуы» монографиясы (мұның символдық мәні бар, өйткені Ресей тарихы Ұлы Ұлыс – Ұлы Орда тарихымен тікелей байланысты). Бұл кітап әлемдегі Шыңғысхан империясының тарихына деген шынайы қызығушылық тудырды және көптеген тілдерге аударылды.

Монография авторы қалың көпшілікке бұрын белгісіз болып келген бірқатар жаңа деректерді тақырып бойынша қосуды көздеген. Сонымен қатар, Шыңғысхан империясы мен оның мұрагерлерінің мемлекеттік құрылымын зерттеудің жаңа тұжырымдамалар қатарын ұсынады. Алайда автор өз еңбегінде Ұлы Ұлысқа қарағанда, Құбылай империясы туралы көбірек тоқталады. Сондай-ақ, бұл еңбекте бірқатар, әсіресе еуроцентризм тұжырымдамасын ұстанатын Еуропа зерттеушілерінің жұмысы сынға алынады. Орыс ойшылы Владимир Соловьев өзінің «панмонголизмі» үшін де сынға ұшыраған болатын.

Сонымен бірге, автордың бірқатар өте маңызды күмәнді деректерге жол беретіндігі байқалады. Мысалы, біз Джек Уэзерфордтың «моңғолдар» терминін тек этноним деп санайтынын қайта қарауымыз керек. Шын мәнінде, біздің ойымызша, Шыңғысхан кезінің өзінде «моңғол» не «мұңғұл» дегені политоним болып табылады. Бастапқыда халха пен ойраттардың өздерін, сондай-ақ түрік тайпалары, чжурчжендер, танғұт және тіпті қытайлықтарды – «моңғолдар» деп атаған. «Күпия шежіреде» айтылған кейбір тайпалар, оның ішінде жалайыр, найман, керей, керейіт, қият пен меркіт не өлеңгіт тайпаларына келер болсақ, олар қазақ халқының құрамында осы күнге дейін сақталған.

Біздің ойымызша, монография авторы кейде Орданың билеушілерінің іс-әрекеттерін тым арттырып көрсетеді және шайбанилердің қас жауы – Темір ұрпағы Захриддин Бабырды да Шыңғыс ұрпақтарына жатқызады. Ал шындығына келгенде, Бабырды Самарқаннан қуып жіберген Әбілхайырхан немересі Мұхаммед Шахбахт Шайбани (Шайбан) – Шыңғыс ұрпағы болатын. Ал Бұхардың соңғы билеушісі Әлімхан Шыңғыс ұрпағына жатпайды. Қайта маңғыт пен қыпшақтар және қоңырат билеушілері шайбанилерді тақтан түсіріп, өздері хан тағын иеленді.

Біздің ойымызша, аудармашылар тарапынан да көптеген қателіктер жіберілген. Мысалы, Керулен өзені кенеттен Херленге айналады. Жошы есімі орыс тіліне «қонақ» деп аударылған, ал Рашид ад-дин оны «жолда туғаны» жайлы жазған. Топонимдер, өзендер мен көлдердің атауларында көптеген сәйкессіздіктер кездеседі. Моңғол империясы тұрғындары азық ретінде қолданатын суыр – «егеуқұйрық» деп аударылған.

Өз заманындағы ұлы қайраткерлердің бірі «тарихты жеңімпаздар жазады» деген ой айтқан болатын. Өкінішке орай, көп жағдайда осылай болды да. Бірақ Ұлы Ұлыс тарихын жеңімпаздар емес, жеңілген елдер мен халықтардың өкілдері жазғандығы тағдыр тәлкегі емес пе? Міне, осыған байланысты, жеңілгендер жеңімпаздардың тарихын, өмірбаяндарын, күндерін, шайқас орындарын астаң-кестенің шығарып және тіпті сол оқиғалардың кейіпкерлерінің сыртқы түрін жиренішпен сипаттаған болатын. Мысалы, кең далада қауқиған тымақ киіп, үнемі көшіп-қонып жүретін Орданың «бұты талтиған, әрі қысық көзді» зұлым өкілінің тұрақты бейнесі осылайша қалыптасты. Міне, осындай кейіпкер қазіргі заманғы мәдениетте, тіпті мультфильмдер мен комикстерде де қайталануда.

КСРО тарихында азиялық халықтардың, әсіресе қазақ халқының Ұлы Орда, яғни Ұлы Ұлыс тарихымен ешқандай байланысын болдырмау үшін барлығы жасалды (!). Сондықтан болар, осы күнге дейін Ұлық Ұлыс тарихы кеңінен зерттелмегендіктен Шыңғысханның туу және шыққан тегі туралы әңгіме көп. Біреулер оның тегін қырғыздарға жатқызса, басқалары оны қазақ не болмаса бурят, не якутқа теліді.

Таңқаларлығы, Иран, араб Шығысы, Ресей және Жапония, Корея сияқты бүтіндей мемлекеттердің тарихнамасында ресми қараланған Шыңғысхан ұрпақтары, Қытай мемлекеті мен тұтас халықтардың (Құбылай), Иранның (Құлағу) және Орталық Азияның көптеген мемлекеттерінің (Жошы, Шағатай ұрпақтары), оның ішінде Қазақстан мен Өзбекстан, Қырым және Молдавияның қалыптасуына тікелей әсер еткендігін білмейді. Жас орыс мемлекетіне, әсіресе оның экономикасы мен әскери іс саласына Ұлы Ұлыс-Алтын Орданың саяси жүйесінің әсері елеулі болды. Славяндар мекендеген Ұлы Литва княздығы да Ұлы Ордамен тығыз байланыста болғанын ұмытпайық.

Авторлардың немесе кездейсоқ саяхатшылардың, тіпті қарапайым саудагерлердің діни (Марко Поло, Вильгельм де Рубрук т.б.) ықыласы Орданың тарихы туралы шығармалар жинағына айтарлықтай әсер етті және монографиялар мен оқулықтарда бұлжымас ақиқат ретінде жиі ұсынылды. Байыпты ғылыми талдаулар монахтардың, діни қызметшілердің, саясаткерлердің және басқа да адамдардың жазбалары мен қызығушылықтарымен алмастырылды. Бұл жағдайларды біз төменде талқылайтын боламыз.

Авторлардың немесе кездейсоқ саяхатшылардың дінге деген ықыластары да еңбектерді құрастыруға елеулі әсер етті және «шүбәсіз шындық» ретінде монографиялар мен оқулықтарда жиі көрініс берді. Маңызды ғылыми талдаулар жеке тұлғалардың еңбектерімен және біржақтылығымен ауыстырылды. Бұл жағдайларға да біз кейінірек тоқталатын боламыз.

Алайда Ұлы Ұлыстың көрші халықтардың мәдениетіне әсерін асыра бағалауға да болмайды. Мысалы, қытайдың да, парсының да және славян халықтарының да мәдениеті мен дәстүрі Орданың күшті ықпалын бастан өткізсе де, өзіндік ерекшеліктерін сақтай білген.

XVIII-XIX ғасырларда Еуропа тарихи әдебиетінде даланың тұрғындарына қатысты «nomads» деген жағымсыз термині күтпеген жерден пайда болып, орнықты. Бұл анықтама, әдетте, ұйқысынан айрылған және бей-берекет өмір сүруші адамның жағдайын білдіреді. Сондай-ақ, «nomads» деп кез-келген жерге келіп, тұрақтай беретін алғашқы қауымдық тайпаларды атады. Ежелгі грек және латыннан шыққан бұл термин Еуропа халықтары Африканы және Австралияны отарлау кезінде қолданылып, кейінірек орыс тілінің лексикасына енген. Өкінішке орай, қазіргі уақытта «nomads» термині орынды-орынсыз бізде де қолданылуда. Бірақ Ұлы Ұлыстың тұрғындарына қатысты бұл терминді қолдану – мүлдем өрескел қателік.

Біздің білуімізше, Ұлы Ұлыс тарихы әлі де өз алдына жеке, тіпті болмағанда, тарих факультеттерінде ғылыми тақырып ретінде зерттелмеген. Бұрынғы 1944-1948 жылдары қабылданған қаулылардың шеңберінде Ұлы Ұлыс - Алтын Орда тарихы оқулықтарда «паразиттік және жыртқыш мемлекет» сипатында, жарқын келешекке барар жолдағы үлкен кедергі құбыжық ретінде ұсынылып келді. Және де мұндай ескірген қағидалар әлі осы күнге дейін сақталуда.

Ұлы Ұлыс, өз заманының талқысына сай мемлекет ретінде, ізгі сипатта бола қоймас, бірақ ол үш жүз жылдан астам өмір сүрді. Міне, сондықтан онымен неге жақынырақ танысуға тырыспасқа? Қазақ хандығы соның қойнауынан шығып, ал оны құруға ежелгі қазақ тайпалары қатысқан емес пе еді?

Шыңғыс ханның ұрпақтары қазіргі кезде тек қазақ халқының құрамында сақталған. Кеңес кезеңінде көптеген сынақтар мен қудалауға ұшырағанына қарамастан, олар өздерін және өз тарихын сақтап қала білді. Мысалы, Шыңғыс тұқымдары Керей мен Жәнібек Қазақ хандығының негізін қалады, Қасым, Ақназар, Тәуекел, Есім, Тәуке, Жәңгір мен Абылай – оның шегараларын нығайтып, кеңейтті. Шоқан Уәлиханов, Бақытжан Қаратаев - ғалым мен қайраткер, Әлихан Бөкейхан – ұлт мақтанышы, ал сәулетші Шота Уәлиханов – Алматыдағы Тәуелсіздік стелласын жасаушы шебер.

Ұлы Ұлыс - Алтын Орда тарихы бойынша біз дайындаған осы дәріс қандай да бір дәрежеде осы кемшіліктерді толықтырады деген ойдамыз. 1926 жылы В.асилий Владимірұлы Бартольд Түркия үкіметінің өтініші бойынша түркі халықтары тарихынан 12 дәріс дайындап, 1927 жылы ол алғаш рет көпшілік алдында оқыды. Сталиндік саяси өктемдік жағдайында түркі халықтарының тарихы туралы мәселені одан әрі қозғау өте қауіпті болғандықтан бұл тақырып жабық күйінде қалды. Осы аталған курс 1932-1935 жылдары неміс тіліне, ал 1945 жылы француз тіліне аударылып, шет елдерде жарияланды. Орыс тіліндегі алғашқы жарияланамы тек 1968 жылы жарыққа шықты. Алайда, бұл қызықты да, мәнді ақпараттар, әрине, КСРО-да кең таратылмады. Бірақ В.В. Бартольд Ұлы Ұлыс тарихын түркілердің жалпы тарихының бір бөлігі ретінде ғана қарап, оны жеке тарау ретінде береді.

Біздің дәрісіміз тек Ұлы Ұлыс тарихына – бұл орасан зор мемлекеттің қалыптасуы, дамуы мен құлдырауына арналып отыр. Сонымен бірге, дәріс барысы түрлі-түсті және әдістемелік кешенмен жабдықталды.

Дәрістер курсы ішінде сол кездегі танымал саяси Бату, Орда-Ежен, Әмір- Темір, Тоқтамыс пен Едіге және басқа да көптеген тұлғалар туралы мәлімет берілген.

Бүркітбай Аяғанның «Ұлық Ұлыс-Алтын Орда мемлекеті тарихы» атты дәрістер жинағына

Пікір:

Тарих ғылымдарының докторы, профессор Бүркітбай Фелманұлы Аяғанның «Ұлық Ұлыс-Алтын Орда мемлекеті тарихы» атты дәрістер жинағы Қазақстан тарихындағы аса елеулі кезең-өз уақытында қазіргі Қазақстан территориясының басым бөлігіне орналасқан Алтын Орда мемлекетінің бірнеше ғасырлық тарихын жариялап, насихаттауға арналған.

Дәрістер курсына атап көрсетілгеніндей, Қазақстанның Тәуелсіздік кезеңіне дейін Кеңес Одағында әлемдік деңгейге дейін көтерілген орта ғасырлық бұл ірі мемлекеттік бірлестіктің тарихын шындық негізінде жан-жақты оқытуға көңіл бөлінбеді. Оның өз уақытындағы Еуразия өңірінің саяси, экономикалық, әлеуметтік дамуындағы прогрессивтік орнына кері баға беріліп келді. Оның негізделуінен бастау алып, жалғастырылып келген қаншама әлемдік деңгейдегі жазба деректерге назар аударылмады. Мемлекетке басқа елдерді халықтарды жаулаушы, тұрғындарын қырғынға салып, қанаушы деген бір жақты баға қалыптастырылды. Аталған мемлекеттік бірлестік шеңберіндегі көпұлтты тұрғындардың тиімді өзара байланысты этникалық қатынастарына талдау жасалмады.

Ал қазіргі күні Тәуелсіз Қазақстан және Алтын Орданың тарихымен территориялық және этникалық бағыттағы байланысты елдер тарихшыларының алдындағы міндет - бұл ортағасырлық мемлекеттің нақты тарихын құнды ғылыми деректер негізінде насихаттау болып табылады.

Міне сондықтан да, Тарихшы-ғалым Бүркітбай Аяғанның «Ұлық Ұлыс-Алтын Орда мемлекеті тарихы» атты дәрістер жинағы орын алған оқиғалықтарды ескере келе, жоғарыда аталған талаптарды жүзеге асыру мақсатында жазылғандығы белгілі бола түседі.

Біріншіден, дәрістер курсына дайындауға пайдаланылған тарихи деректердің көлемі үлкен, бұл мемлекеттің тарихының барша кезеңдерін қамтыған шығармалар. Автор тарапынан осы тақырыпқа арналып дайындалған әр уақыттардағы әлемдік және отандық ғылыми туындылардың басым бөлігіне тарих ғылымына қойылатын методологиялық талаптар негізінде талдау жасалынып, әр тараулардың мазмұнын ашуға олаға тиімділікпен сілтеме жасалынған. Соның ішінде, бірнеше тарихи деректерді өзара салыстыру әдісі ұтымдылықпен атқарылған. Әрбір тарихи оқиғалардың мақсаты, барысы, нәтижесіне автор өз тарапынан ғылыми негізде баға бере алған.

Дәрістер жинағының бөлімдері мен тараулары Шыңғысхан империясы өмірге келген 1206 жылдан бастау алып, бірнеше ғасырлық кезеңде өмір сүрген «Ұлық Ұлыс –Алтын Орда мемлекеті» тарап, оның орнына Еуразия аңғарында билеушілері Шыңғысханның тікелей ұрпақтары болып саналатын жаңа мемлекеттердің, соның ішінде Қазақ хандығының өмірге келу кезеңдеріне ғылыми сипаттама берумен жалғастырылады. Осындай жүйе негізінде автор тарих ғылымындағы «Тарихи сабақтастылық» талабын іске асыра алған. Нәтижесінде, Дәрістер курсының тақырып шеңбері молайып, маңызы арта түскен. Дәрістер курсының әр тараулары оның мақсатын толығымен ашатын бірыңғай жүйе бойынша жазылып, мемлекеттің саяси, шаруашылық, әлеуметтік, тағы да басқа бағыттардағы дамуының ортақтастығы мен айырмашылықтары ойдағыдай баяндалған.

Осы айтылғандардың қатарында бұл мемлекеттің сыртқы саясатындағы көрші елдермен арадағы іске асырылған дипломатиялық байланыстар, сыртқы қарым-қатынастағы жүргізілген басқа тиімді істері құнды мағлұматтар арқылы ашыла түскен. Мемлекеттер арасындағы орын алған соғыс жағдайларының себептері, екі жақты нәтижелері көрсетілген.

Дәрістер жинағының келесі ұтымды тұсы - бірнеше ғасырлық тарихы бар ірі мемлекеттік бірлестіктің басқару, салық жүйесіне, көрші елдермен арадағы шаруашылықтық байланысына, сауда қатынастарына тарихи жазбаларға сүйене отыра ғылыми талдау берілген. Әр кезеңдердегі Алтын Орда билеушілерінің атқарған қызметтеріне, олардың ерекшеліктері мен маңызына баға берілген. Мемлекеттің көпэтносты тұрғындарының өзара байланысты мәдени бағыттағы өркендеуіне, әлеуметтік, шаруашылық дамуының ерекшеліктеріне тарихи талдау берілген.

Осылармен қатар бірнеше ғасырлық бұл Ұлы мемлекеттің ішіндегі жиі орын алған саяси, әлеуметтік қайшылықтар, олардың шығу себептері жеткілікті тұрғыда баяндалған. Мемлекеттің тарау себептері талданып, сабақтары айқындалған.

Дәрістер жинағының әр тарауларының соңында қарастырылып отырған кезең тарихына автор атынан қорытынды жасалынып, студенттердің оны меңгеруіне арналған тапсырмалар жүйесі дайындалған.

Айта кетерлік келесі құндылық- әр тараудың соңында тақырыптың алдын қойған мақсатын аша түсетін карталар, суреттер мен фотолар жарияланған. Ал мұның өзі курстың әр кезеңінің мазмұнының жеткілікті тұрғыда ашылуына мүмкіншілік жасаған.

Қорыта айтқанда Бүркітбай Фелманұлы Аяғанның «Ұлық Ұлыс-Алтын Орда мемлекеті тарихы» деген атаумен бүгінгі дайындалған дәрістер жинағы бүгінгі күн талабын қамтыған ғылыми туынды деп айтуға толық негіз бар. Сондықтан да оны Қазақстанның және осы мемлекеттің негізделіп, дамуы тарихы ортақтас елдердегі жоғары оқу орындарындағы «Тарих» мамандығы бойынша «Арнайы курстарға арналған оқулық» ретінде пайдалануға лайық деп есептеймін.

Пікір жазушы **Қарасаев Ғани Мұқашұлы** - тарих ғылымдарының докторы, ҚР БҒМ ҒК Мемлекет тарихы институтының бас ғылыми қызметкері, Нұрсұлтан қаласы. 07.10.2020.

ФОРМИРОВАНИЕ И РЕАЛИЗАЦИЯ МОЛОДЕЖНОЙ ПОЛИТИКИ В УСЛОВИЯХ ОБНОВЛЯЮЩЕГОСЯ УЗБЕКИСТАНА

Муртазаева Рахбар Хамидовна

доктор исторических наук, профессор

*Национальный университет Узбекистана имени Мирзо Улугбека
(г. Ташкент, Узбекистан) E-mail: rhmyrt@rambler.ru*

Молодежь сегодняшнего мира – это крупнейшее по численности за всю историю человечества поколение, насчитывающее 2 миллиарда человек.

В центральноазиатском регионе происходит быстрый рост населения. Наиболее значительный рост наблюдается в Таджикистане и Узбекистане, но растут и другие страны Центральной Азии, за исключением Казахстана, где рост населения остается на прежнем уровне. По состоянию на 2018 год общая численность населения Центральной Азии составляет около 72 миллионов человек. Согласно одной из оценок численность населения региона к 2050 году достигнет 95 миллионов. В регионе продолжают происходить резкие демографические сдвиги, по мере того, как экономика пытается справиться с быстрым ростом населения и социальными изменениями.

С 2000 года чистый прирост населения составляет 16 миллионов человек. Люди Центральной Азии довольно молоды. Почти треть всего населения региона моложе 15 лет. Только от 3 до 7% населения в каждой стране 65 лет средний возраст в Центральной Азии составляет чуть менее 27 лет.

Правительством региона довольно сложно удовлетворить потребности растущего населения.

Молодое поколение Центральной Азии всё более требовательно по отношению к своим правительствам. Вместе с тем, центральноазиатские общества постепенно становятся более плюралистичными. Большинство людей не призывает к полной демократии. Это специфическая сторона менталитета народов региона. Воспоминания о советской эпохе по мере взросления постсоветского поколения уходят в небытие. В центральноазиатских государствах выросла целая генерация полностью суверенных граждан, фактически не имеющих отношения к СССР.

Понятие «молодежь» в государствах Центральной Азии несколько отличается, а именно в Казахстане и Кыргызстане молодежь определена в возрасте от 14 до 28 лет, в Таджикистане и Узбекистане – от 14 до 30 лет включительно. ЮНЕСКО относит к молодежи лиц в возрасте между 17-25 годами, в России – от 15 до 29 лет.

В Узбекистане проживает свыше 10,4 миллионов молодых людей до 18 лет, что соответствует 40% от всего населения. Молодежь до 30 лет – более значительная часть населения – 17 миллионов человек, т.е. 64% населения. Трудоспособная часть населения составляет 60%, а молодежи – более 30%.

Молодежная политика является приоритетным направлением государственной деятельности Республики Узбекистан в целях создания социально-экономических, правовых, организационных условий и гарантий для социального становления, и развития молодежи, раскрытия ее творческого потенциала в интересах всего общества.

14 сентября 2016 года был принят Закон Республики Узбекистан «О государственной молодежной политике», в котором определены основные принципы государственной молодежной политике, ее главные направления, прописаны гарантии прав и свобод, социальной защиты молодежи, вопросы государственной поддержки одаренных и талантливых молодых людей, молодежного предпринимательства.

«В нашей стране, где более половины населения составляет молодежь, многое делается для того, чтобы каждый молодой человек смог занять достойное место в обществе и реализовать свой потенциал. В Узбекистане действуют молодежные парламенты, Агентства по делам молодежи. В августе 2020 года под эгидой ООН успешно проведен Самаркандский международный форум, посвященный правам молодежи.

Пользуясь этой возможностью, еще раз призываю поддержать инициативу Узбекистана о принятии Конвенции ООН по правам молодежи», - отметил Президент Республики Узбекистан на 75-й сессии Генеральной Ассамблеи ООН 23 сентября 2020 года [Мирзиёев, 2020].

В Министерстве юстиции Республики Узбекистан в настоящее время зарегистрировано 133 печатных изданий молодежи, действует 495 негосударственных образовательных учреждений молодежи. Молодежные организации ведут актуальную работу не только в пределах своего государства, но и принимают участие в работе региональных молодежных организаций. Так, например, с 16 по 22 сентября 2019 год в отеле Алматы состоялась 10-я юбилейная

центральноазиатская программа Лидерства по окружающей среде для устойчивого развития (ЦАПЛ). Были представлены 30 молодых людей (по 5 из каждого государства) и Афганистан, 70 партнеров. Обсуждались экологические инновации. Организаторы – РЭЦЦА – Региональный экологический центр Центральной Азии. Цель – способствовать объединению молодежи Центральной Азии через продвижение и поддержку нейтральной региональной платформы для молодежного диалога по обсуждению вопросов водного сотрудничества, водной дипломатии, гендерного равенства, изменения климата, энергоэффективности подхода NEXUS между правительствами, научными кругами, гражданским обществом, а также усиления роли и голоса молодежи в региональном сотрудничестве.

Участвовали тренеры из Международного центра водного сотрудничества, а также Стокгольмский международный институт воды. Согласно докладу, подготовленному ЮНИСЕФ, Общенациональным движением «Юксалиш» и Союзом молодежи Узбекистана, вопросы образования и трудоустройства остаются ключевыми проблемами молодежи страны.

Исследование, проведенное в 2018-2020 годах, охватило молодых людей от 14 до 30 лет по всему Узбекистану. Применялся количественный опрос с участием 4458 респондентов и качественный – с участием 24 фокус-групп.

Согласно результатам исследования, образование (77% респондентов) и занятость (61,8% респондентов) являются основными проблемами молодежи в Узбекистане. Доклад также показал, что значительная доля молодых людей (54,6%) не обучается, не трудоустроена или не проходит профессиональную подготовку после завершения обязательного среднего образования. Данный показатель резко возрастает для женщин после 18 лет и составляет 74% для женщин в возрасте 25–30 лет. Среди мужчин данный показатель ниже и с возрастом снижается до 24,8%.


В отчете также отмечаются основные навыки и знания, которые, по мнению молодежи, представляют особую ценность. К ним относятся знание иностранных языков, а также навыки в сфере бизнеса и предпринимательства. Молодые люди подчеркнули потребность в так называемых «социальных» навыках, таких как лидерство и гибкость.

Гендерное неравенство также проявляется в доступе к интернету и получении IT-навыков. Доля девушек, никогда не пользовавшихся интернетом, составляет 68,1%, что в два раза выше данного показателя среди мужчин (34,3%). Результаты исследования также выявили, что зачастую девочки и молодые женщины подвергаются стигматизации, поскольку интернет рассматривается как пространство, пагубно влияющее на их поведение [Доклад, 2020].

В докладе приводятся рекомендации, в которых особое внимание уделяется повышению жизненных, технических, инновационных и предпринимательских навыков молодежи. Одна из основных рекомендаций - продвижение активного участия молодых женщин в экономической, социальной и политической жизни общества путем предоставления равных возможностей и содействия изменению поведения.


Отмеченные в докладе недостатки постепенно преодолеваются в условиях обновляющегося Узбекистана. Говоря только о высшем образовании, стране нужно было больше вузов, открытие новых вузов и филиалов во всех регионах, чтобы доступ к образованию был у всех без исключения, и чтобы образование было инклюзивным.

Количество высших учебных заведений [3].



Динамика свидетельствует о росте вузов за сравнительно короткий период времени. Из 132 вузов 25-зарубежные, 12-российские.

Количество студентов в вузах в 2019/2020 учебном году
[Хьюэр, 2020, С.85]



Количество профессорско-преподавательского состава

Годы	2016	2017	2018	2019	2020
Количество профессорско-преподавательского состава	24368	25418	26297	26837	29998
Доктора наук	38,0	1666	2023	2201	2312
Кандидаты наук	6351	6649	7050	7769	9050
Научный потенциал, %	31,9	32,7	34,5	37,2	38,0

Особо важным и актуальным вопросом современности является воспитание у молодёжи толерантности. Система толерантного воспитания на протяжении многих исторических эпох всегда служила могучим средством передачи социального опыта, накопленного прежними поколениями у всех народов центральноазиатского региона.

По мнению епископа Римско-католической церкви Узбекистана Ежи Мацулевич, «Толерантность, как огромное достижение человечества сегодня, будет одним из решающих факторов развития завтра. И среда разнообразных конфессий Узбекистана установилась именно такая толерантность».

Проводимые среди студенческой молодёжи социологические исследования показывают, что молодёжь толерантна и правильно оценивает необходимость развития принципов толерантности в глобализирующемся мире. Об этом можно судить на примере опроса, проведённого в Ташкентском государственном университете экономики.

Итоги социологических опросов показывают, что подавляющее большинство молодежи в своих взглядах и убеждениях являются толерантными. Например, 94,1% опрошенных респондентов дружат со своими сверстниками, которые имеют другую религиозную принадлежность, 95,2% порошенных молодежи с уважением относятся другим религиям. Толерантное отношение в семейных отношениях также играет важную роль. Например, 85,3% респондентов одобряют, и приглашают гостей, соседей и своих друзей для празднования семейных праздников.

Примечателен тот факт, что в определении своего будущего супруги (мужа и жены) они особо обращают внимание на их воспитанность, культуру, личные качества, профессию. Подавляющее большинство респондентов (98,6%) показали свою толерантность к их жизненной позиции, мировоззрению в решении каких-либо семейных проблем. По ряду показателей респонденты девушки студентки показывают более высокий уровень толерантности, чем респонденты мужского пола. Это можно объяснить психологическими гендерными различиями. Кроме того, социологический опрос показал, что в некоторых семейных вопросах мужчины не являются толерантными.

Несмотря на огромный исторический опыт толерантность в Узбекистане в настоящее время можно определить ряд направлений для дальнейшей систематизации воспитания толерантности в республике:

- реализация системы мероприятий по формированию толерантной среды;
- внедрение разработанных эффективных технологий формирования толерантной среды, толерантного сознания и поведения во всех сферах жизни общества;
- укрепление толерантности и профилактика экстремизма в молодежной среде;
- использование ресурсов международного и межрегионального сотрудничества в деле формирования культуры мира и толерантности;
- научно-методическое обеспечение реализации мероприятия толерантности.

Таким образом, в условиях нового этапа развития Узбекистана, молодежь является опорой государства, будущее которого во многом определяется как поведет себя молодежь. Государственная молодежная политика построена на доверии к ним на создание условий и льгот для молодежи, то есть будущему Узбекистана.

Список использованной литературы:

Выступление Президента Республики Узбекистан Ш.Мирзиёева на 75-й сессии Генеральной Ассамблеи ООН. 23.09.2020. president.uz

Доклад: Ключевые проблемы молодежи – образование и трудоустройство. 11 декабря 2020 год. /<https://www.gazeta.uz/ru/2020/12/11/youth-problems/>

Текущий архив Министерства высшего и среднего специального образования Республики Узбекистан.

София Хьюэр. Сокращается ли гендерное неравенство в области науки и техники? / Доклад ЮНЕСКО по науке. – С.85.

АКАДЕМИК НҮРПЕЙІС КЕҢЕС – ҚАЗАҚ ТАРИХЫНЫҢ ҮЛКЕН ТҮЛҒАСЫ

Шаймерденова Қайни Ғаббасқызы

тарих ғылымдарының кандидаты, профессор

Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шеқара қызметі Академиясы

(Алматы қ., Қазақстан) E-mail: kaynisha@mail.ru

Андатпа: Мақала «Академик Нұрпейіс Кеңес – Қазақ тарихының Үлкен тұлғасы» ҚҰА Ш.Ш.Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының көрнекті ғалым, академик Нұрпейіс Кеңестің құрметіне арналған дәстүрлі «Нұрпейіс оқулары» аясында Қазақстан Республикасы тәуелсіздігінің 30 жылдығына арналған «Тәуелсіз Қазақстан жасампаздық тарихы және мемлекеттілікті нығайтудың өзекті мәселелері» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияда баяндалады.

Мақалада Кеңес Нұрпейісұлының ғылыми қызметі, адамгершілік қасиеттері, ортасымен қарым-қатынасы, қазіргі заманға көз-қарасы айтылады.

Әр халықтың тарихында өшпестей із қалдырған, қастер тұтатын уақыттары болады. Қазақстан тарихында сондай уақыт тәуелсіздік алған кез. Мінеки тәуелсіздігіміздің аттай 30-жылдығын биыл атайық деп отырмыз. Отыз жыл деген немене. Маңдайының соры бес елі қазақтар өз жерінде жаулаушы отарлаушыларға қарсы 300-ден аса ұлт-азаттық күреске шыққанын біз тарихтан білеміз.

Ұлт-азаттық көтерілістердің ішіндегі 1986 жылғы 17-18 желтоқсандағы көтерілістің маңызы өте айрықша, өйткені ұзақ жылдар қазақ ұлтының бойында тұншығып, булығып келген ыза желтоқсанда жарылды. Бұл жарылыстың күшті болғаны сондай, тіпті күллі әлем дүр сілкінді. Бірінші - Варшава шартына топтасқан социалистік елдер КСРО-дан іргесін аулақ салуға ұмтылды. Ал екіншісі - КСРО-ның өзін құраған одақтас республикалар тәуелсіздік үшін күресті бастап кетті. Сонымен, XX ғасырдың аяғында Қазақстан және басқа да республикалар аңсаған азаттығына қол жеткізді.

«Ел ерге қарап, Ер жерге қараған» 1986 жылғы қиын-қыстау кезеңде Ұлт намысын ту етіп, әлемнің ең үлкен мінбелерінен сөз сөйлеп, қазақтардың мерейін тасытқан қазақтың бетке тұтар азаматтары сол кезде елдің рухын көтерді. Соның ішінде Мұхтар Шахановты атауға болады. Ұлы азамат, ыстық жүректі қайраткер қазақтың тағдыры мен тілін қорғап, сол кезден-ақ жүрегі тілім-тілім болып, қазақтардың келешегі үшін отқа да, суға да түсуге, тіпті аштық жариялауға да даяр болған қазақтың дара перзенті Мұхтар-ағамыз.

1989 жылы 6 маусымда Мәскеудегі Кремль сарайында Мұхтар-ағамыз, сол кезде КСРО халық депутаты, съездің 10-шы күні болса да, ақыннан қауіптеніп съездегі орыс басшылары сөз бермеген. Сонда М.Шаханов ретін тауып, Арал мәселесін айтамын деп, 3 минуттік сөз алған [1].

«Үш минут...

Үш ғасырға бергісіз 180 секунд.

Өзгелердің мысын басып,

Қазақтың рухын көтерген.

Ұлтымыздың бағын ашып,

Болашағын айқындаған.

Үш минут!!!

Осы үш минутта

Үш ғасырлық зар-запыранымыз,

Мақсат-мұратымыз.
Аспандағы Айдың артына
Қала берді,
Темір торға жазықсыз жабылған
101 боздақтың
«қайсар ұрпақтың көз-жасы»
Жатқан-ды».

Үш минуттың ішінде Қазақ ұлтының айдарлы перзенті Қазақстанды жарқын болашаққа бастайтын жолға бетін бұрды. Айта берсек, сол кезде Қазақстанның талай азаматтары бас көтеріп, келешегін ойлай бастады.

Мұхтар-ағамыздай, елдің мүддесін ойлаған, қазақтың келешегін, тәуелсіздігін аңсаған шынайы азаматтардың бірі, қазақтың көрнекті тарихшысы, тарих ғылымдарының докторы, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сыйлығының иегері, ҚР ҰҒА академигі, ғылым мен техникасына еңбегі сіңген ғұлама ғалым Ш.Ш.Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының ұжымында 50 жылдай жұмыс істеген, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінде дәріс оқып жас ғалымдарды, келешек педагогтарды тәрбиелеген және де Қайнар университетінде, басқа да оқу орындарында дәріс оқып, ғылыми конференцияларға қатысқан ардақты ағамыз, ұлы ғалым Кеңес Нұрпейіс.

Мен Ш.Ш.Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтына жұмысқа орналасқанда, Кеңес-аға бірінші көзіме түсті, өйткені менің әкеме өте ұқсайтын жан екен: отырыс-тұрысы, көз қарасы, сөйлегені, тіпті көздің астымен қарағаны – бәрі де әкеме ұқсайтынын байқадым. Тарих институтында аттай 25 жыл қызмет істедім, алдымен лаборант болып, кейін кіші ғылым, ғылым дәрежесінде. 1999 жылы Ұлттық Қауіпсіздік комитеттің (ол кезде Әскери институты еді), қазір Шекара қызметі Академиясы деп аталады.

Ең алдымен, Кеңес-ағаға ғұлама, ғалым ретінде сипаттама берейін. Кеңес Нұрпейісұлының терең ойлайтын ғалым екенін байқадым. Ол кісі Отан тарихының өзекті мәселесін, яғни Кеңес үкіметінің қалай орналасқанын, оның ішінде Алаш зиялаларын зерттейтінін білдім. Менің әкем кезінде Алаш зиялаларының мүшесі болған, көп қорлық, көп зиян көрген адам еді. Әйтеуір Ресей жеріне қашып, атынудан құтылып кеткен. Сондықтан болар, Кеңес-ағамен Алаш зиялаларын жөнінде көп әңгімелесуді жақсы көруші едім. Ағаның «Алаш хәм Алаш-Орда» кітабын өз қолымен жазып бергенде, мен бас көтермей оқып шықтым. Содан кейін ғалымның бар еңбектерін қалдырмай оқып жүрдім. «Недеген терең ойлы, талапты ғалым! - деп, таң қалатынмын.

Кеңес Нұрпейісұлының **ең соңғы еңбегі** елдің арасында көп тарамаған. Ол еңбектің аты **«Қайсақ. Қырғыз. Қазақ»** [2, 67-69 бб.] деп аталған.

Қайтыс боларының алдында Кеңес-аға маған телефон соқты. «Ғайнижан, - деді, сен мені көруге Совминнің ауруханасына келемін депсің. Бірақ, келме. Мені көріп, жылағаныңа мен төзе алмаймын. Қош-сау бол. Мен бір мақала жаздым. Сен сол мақаланы оқы, - деді. «Ол қандай мақала, қайда жарияланған? - деген сұрағыма былай жауап берді: «Мақала сені табады, не сен мақаланы табасың», - деді. Бір күні жұмысымдағы генерал шақырып, кірер бөлімшесінде отырсам, үстөлдің үстінде журнал «Шекаралық» жатыр екен. Ашып оқысам, Кеңес-ағаның мақаласына тап болдым. Оқыдым, ағыл-тегіл жыладым. Генералға кіре алмай, шығып кеттім. Келесі күні генерал тағы шақырыпты. Дәрістен кейін барсам, генерал сұрады неге жылағанымды. Мен айттым: «Ғалымдар көпқой, бірақ бұл адамдай ғалым аз», - дедім. Сонда генерал адъютанттан біліп мақала жөнінде, 10 дана етіп көбейтіп қойыпты. Маған берді. Міне сол мақала алдарыңызда. 2007 жылғы шілде айының 5-6 нөмірінде жарыққа шыққан екен.

Эпиграфқа Кеңес-аға белгілі ақын Қадыр Мырзалиевтің өлең жолдарын келтірген:

«Кең болғанмен соншама қыр біздегі
Өз жерімде өзімді жүргізбеді.
Қазақ деген атымды тартып алып,
Қырғыздарға қосақтап,
Қырғыз деді!».

Қандай тамаша, бірақ шындықты айқындайтын сөздер! Кеңес-аға үлкен өкінішпен, ауыр күрсініп отырып жазады: «...орыс халқы өкілдерінің сібірлік қырғыздармен (Енисей мен басқа да Сібір өзендерінің аңғарларын XVII ғасырға дейін мекендеген қырғыздармен) қазақтардан бұрын да аралас-құралас жүргендері тарихтан белгілі» [3, 67 б.].

Одан кейін ғалым Міржақып Дулатовтың 1923 жылы «Қызыл Қазақстан» журналында жарыққа шыққан «Қазақ, қырғыздың аты, тегі» туралы мақаласын талқылаған. «...орыстың ұғымында «қырғыз» деген сөздің өзі жау, шабағаншыл мағынасында орнап қалған», - деген [4, 67 б.].

Орыстар «қазақтарды да қырғыздай жек көріп, лағынет орнына «қырғыз» деп атаған (Қазақ әдебиеті, 1991 жылғы, 5 сәуірде шыққан мақаласында ұлтына жаны ашыған қайран Кеңес-ағамыз. Міржақып Дулатовтың айтуынша, «қазақ халқына күштеп тағылған «қырғыз-қайсақ», «қырғыз-қазақ», «қырғыз» атаулары орыс тіліндегі әртүрлі әдебиетте және құжаттарда XVIII ғасырдың 20-30 жылдарынан бастап тарай бастады. Бұл сөздерді айналымға еңгізгендер Оңтүстік Орал мен Сібір арқылы қазақ аудандарында болған патша үкіметінің әскери, дипломатиялық және жергілікті басқару қызметкерлері болды, - деп мәлімет береді зиялы ағамыз [5, 68 б.].

Ал қайраткер ағамыз Нұрпейісұлы Кеңес «қазақ-орысты казактармен шатастырмау үшін патша әкімшілігі ресми түрде қазақты «қырғыз» деп атап, ал нағыз қырғызды «қара қырғыз» деп атады дейді. Және ғалым Ш.Ш.Уәлихановтың... «Қырғыз-қазақтардың дұрыс аты «қазақтар», деп жазған деген мақалада [6, с.197].

Ш. Уәлихановтың «қара қырғыз» аталып кеткен қырғыздар Ыстықкөл бойының Текес жоғарғы ағысының Шу мен Талас өзендерінің аңғарын, Тянь-Шань тауының күнгей жағын, сонымен бірге, Памир таулы жазықтарын мекендеді, -деп жазған ғұлама ағартаушы-ғалым [7, 97-бет].

Барлық қазақтарға қазір танымал журнал «Айқап» пен «Қазақ» газеттерінің беттерінде де кезінде зиялы алашордалықтары қазақтардың атын бұрмалау жөнінде бірқатар мақалалар жариялаған. 1913 жылы «Қазақ тарихы» атты мақалада бір жазушы былай: «Қазақ-қазақ, қырғыз өз алдына қырғыз, бұлардың арасында ешбір ілік жоқ» деген. Әрі қарай автор «Қазақ қазақ болып қалу үшін өзіміздің әдет-ғұрыпқа сай қазақ мәдениетін құрып, қазақ әдебиетін түргізу қажет», - деп аяқтаған.

Кеңес-аға мақаласында 1920 жылы құрылған біздің республикамыздың ресми түрде РСФСР-дің құрамында Қырғыз Автономиялы Советтік Социалистік Республикасы болғанын ескерте отырып, Республика атауы бұрмаланып, Қырғыз АССР аталғаны мен қатар, «нацмен» есімі танылғаны мен, әрбір қазақ өзін қазақ деп атады, дейді. Осы кезде қазақтың бетке ұстар азаматтары Сәкен Сейфуллин, Ораз Жандосов, Міржақып Дулатов, Сейітқали Мендешев, тағы да басқа өткен ғасырдың 20-30 жылдарында жауапты партия және совет қызметінде, оқу-ағарту салаларында қызмет атқарған азаматтар қазақ халқының тарихи шын атын өзіне қайтару үшін аз тер төккен жоқ, - дейді Кеңес-аға. Әсіресе ғалым Сәкен Сейфуллиннің мынандай пікірін келтіреді: «Партияның әм Совет үкіметінің жалпы істеріне, жалпы бағытына ең үлкен қатерлі, үлкен кеселді, зиянды нәрсе - бұрынғы ұлық, қожа болып қалған зор ұлттан шыққан «өзімшілдік», «отаршылдық... ең аянбай күресетін затымыз осы» деген көрермен аяулы сұлу ағамыз [8, 156-157 беттер].

Кеңес Нұрпейісұлының ғылыми еңбектері туралы көп айтуға болады. 2015 жылы шыққан Кеңес Нұрпейіс шығармаларының жинағында XX ғасырда өмір сүрген және қазақтың келешегін ойлаған, тәуелсіздігін аңсаған қайраткерлер, ғалымдар, жазушылар жөнінде жазған ең құнды мақалалар жинағы жарық көрген. Ішінде қазіргі заманға да, қазіргі биліктегі басшыларға да сипаттама берілген. Ең соңғы мақаласы «көмусіз қалған боздақтарға» арналған [9, 328-339 бб.]. Осы мақалалар жинағынан біз Кеңес-ағаның қандай ыстық жәректі ғалым болғанын байқаймыз.

Екіншіден, Кеңес-ағаның адами қасиеттеріне тоқтағым келеді. Мен бұл кісіні «Қазақтың Ұлкен тұлға баласы» дер едім. Менімше, жақсы адам болу – барлыққа беріле бермеген қасиет. Адамда жақсы қасиеттер де, жаман қасиеттер де бар. Бірақ біреулерде жақсылық жағы ұтымды болса, екіншілерде жаман қасиеттер молырақ болады.

Кеңес-ағада тек жақсы қасиеттер ғана болды: себебі бала кезінен қиянатты көп көрген кісі еді. Сондықтан аяушылық, қамқорлық, жәрдемділік қасиеттері көзге ең алдымен түсетін. Жастарға, сұраса, ақыл беру, түсіндіру, талай азаматтарға қол үшін беру, жас ғалымдарға аянбай ғылыми көмек беру абзал ағамыздың ең ғажап өзіне тән қасиеттері еді. Ғылыми кеңестерде ғалымдардың арасындағы болатын пікір-таласта Кеңес-аға қызбалыққа бағынбайтын, қайта оппоненттерін тыңдап, өзінің көзқарасын ашық жеткізетін. Егер өзінің қателескенін білсе, кешірім сұраудан да тайынбайтын, кек сақтамайтын.

Өзі біртүрлі қызмінезді адам еді. Әйел-қыздарға тек «қыздар» деп сөйлейтін. Еш уақытта ашуланып, қыздарға ұрсып сөйлемейтін. Тек қана жақсы көзбен, жақсы сөзбен қыздармен, келіншектермен сөйлесетін.

Үшіншіден, Кеңес-ағаның өзінің отбасында да қарым-қатынас бәрімізге үлгі еді. Әсіресе Кеңес-ағаның өзінің анасына деген махаббаты таң қалдыратын. Жасынан жетім қалып, нағашы-апасының қолында өсіп, сол кісіні Ана атап, күткені көз алдымда. Қартайған кезінде анасының аяғы

ауырып, жүрмей қалған еді. Өзі өте толық жан еді. Қатты ауырып, дәретханаға жете алмай жатқан кезінде Кеңес-аға өзі көтеріп, күткенін айтқанда, шыдай алмаушы едік.

Анасы қайтыс болғанын естіп, Шолпан Керимтаевна екеуміз көңіл айтуға барғанда, анасы туралы маған өте көп әңгіме айтты. Әрине, осындай тамаша адамның тәрбиесін көрген, жақсы қасиеттерін үлгі тұтқан Кеңес-аға ең керемет азамат болып өскен, анасын үлкен құрметпен соңғы жолына шығарып салған. Анасы сегіз қырлы, бір сырлы жан болған екен: шебер тігінші, тамаша тоқушы, әнші, сұлу жан болған кезінде. Анасын мақтағанда, Кеңес-ағаның беті жарқырап, біртүрлі ашық, көркем болатын еді.

Кеңес-ағаның шын туған күні – 8 наурыз дейтін өзі. Бірақ та әйелдер мерекесімен сәйкес болған соң, қашанда бөлімінде 14 наурыз күні туған күнін тойлайтынбыз. Көктем кезінде жаңаратын жердің беті сияқты, Кеңес-аға да туған күнінде керісінше қайта жасарғандай болатын еді.

Өкінішке қарай, тамаша адам өмірден тым ерте кетті. Бірақ та біздер үшін ағамыз әлі тірі, өйткені айтқан сөздері, істеген істері, жазған еңбектері ешқашан ол кісіні ұмыттырмайды, еске салып тұрады. Және де ғалымның зерттеген тақырыптары әрі қарай жалғасын тапты.

Ш.Ш.Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының қазіргі директоры, Қазақстан Ұлттық Академиясының член-корреспондент мүшесі Зиябек Ермұқанұлы Қабульдинов ардақты ағамыздың еңбектерін жалғастырып, жаңа ғылыми құжаттар тауып, Қазақстан тарихына көп үлестер қосып жатыр.

Мысалы, жуырда Қазақстан тарихын 7-томдық етіп жаңа көзқараспен жазуға ғылыми кеңесте жоспар құрылды. ХХ ғасырдың 20-30 жылдардағы аштық жөнінде де жаңадан пікір-талас өтті.

Алаш зиялылары жөнінде тағы да жаңа құжаттарды тапқан. Яғни, капитан Тоқтамышев Хамит азамат соғыс кезінде бірінші алаш әскери полктарын, бригадаларын құрастырып, Алаш-Орда үкіметінің бірінші әскери министрі болыпты. Азамат Хамит Тоқтамышев Омбы қаласында туып-өскен. Кезінде сұлтан Ғабдул-Хамит Нығметолла орыс әскерінің офицері болған екен. Омбыдан Семейге Алаш-Орда үкіметінің басшыларының шақыруымен барып, азамат соғысына алдымен ақтар жағында, кейін қызылдар жағында қатысқан. 1919 жылы қытай шекарасынан отбасымен өтіп бара жатқанда, большевиктер ұстап алып, атылған. Аруақтың аты әлі де ақталмаған, дейді Зиябек Ермұқанұлы [10].

Тарихты дұрыс жазу қазіргі заманда өте қыйын. Ал шындықты келешек ұрпақтарымыз білуге әбден құқұғы бар. Кеңес-ағаның аңсаған ой-пікірін өте жақсы ақын, мырза Ақылбек Шаяхмет өзінің «Ойлан, қазақ!» өлеңінде айталды:

«Одырандаса орысың, қоқиланса қытайың,
Тоналғаны намысың, жоғалғаны ұпайың.
Келімсектер қопарса жердің астын, жердің үстін,
Жүргенсің ғой аңғармай жайын оң мен терістің.
Әлпештеген ұл-қызың кетіп жатса шетелге,
Қаның менен терінді төккесің ғой бекерге» [11].

Қазіргі кезде біздің ақ найзаның ұшымен, ақ білектің күшімен қорғап қалған еліміздің жеріне қызығатын көршілер аз емес. Ата-бабамыздан қалған ұлан ғайыр далаға, жер асты, жер үсті байлығымызға ие болып қалуымызды ойлап тұруымыз қажет.

Тағы да біздің 19 млн-ға жуық халқымыздың қазір 70% қазақтар. Сондықтан бәрімізге жететін байлығымызды билікте отырғандар біржолата сатып жібермей отырып, адалдықпен, еңбекқорлықпен игеріп, халық игілігіне жаратуға талпынуымыз қажет.

Қазақ халқының рухы әрқашанда мықты, асқақ болуға тиіс. Рухы жоқ ел өсіп өнбейді. Бодан болған елдің иті де төмен қарап үреді дегендей, біз әр жаққа жалтақтықтан құтылып, алар асуымызды алуға ұмтылуымыз керек. Ол үшін от басынан бастап жастарға дұрыс тәрбие беріп, ақыл ой, парасатпен жұртты тәңгі ететін ұрпақ тәрбиелеуіміз қажет.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 1989 жылы 6 маусымда Мәскеудегі Кремль сарайында Мұхтар Шахановтың сөйлеген сөзі.
- 2 Кеңес Нұрпейісұлының ең соңғы еңбегі «Қайсақ. Қырғыз. Қазақ». //Шекарашы журналы, № 5-6, 2007, шілде айы.
- 3 Сонда, 67 б.
- 4 Сонда, 67 б.
- 5 Сонда, 68 б.
- 6 Валиханов Ч. собр.соч. в пяти томах, т.IV, Алматы, 1985.
- 7 Уәлиханов Ш. Таңдамалы шығармалар. Алматы, 1980.
- 8 Сейфуллин С. Шағармалар. Бесінші том, Алматы, 1963.
- 9 Кеңес Нұрпейіс шығармалар жинағы. «Елтаным баспасы», Алматы, 2015.

ТӘУЕЛСІЗ ҚАЗАҚСТАННЫҢ СЫРТҚЫ САЯСАТЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Е.Т. Берлібаев¹, С.А. Семжанова²

¹тарих ғылымдарының кандидаты, доцент

Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті

²№ 173 мектеп-лицейдің мұғалімі

(Алматы қ., Қазақстан) E-mail: yerdaulet62@gmail.com

Аңдатпа: КСРО құрамында болған тұста біздің республиканың Сыртқы істер министрлігі болды. Бірақ бұл мекеме елдің дербес сыртқы саясатын жүргізуге ешқандай құзыры болған жоқ. Шетелдерде еліміздің бірде-бір дипломатиялық өкілдігі болмағандықтан, бұл салада тәжірибе мүлде жоқтың қасында болды. 1991 жылдары халықаралық қатынаста бұрынғы ұстанымдар түбірімен өзгерді. Қазақстан Егемендіктің алғашқы жылдарының өзінде халықаралық саяси жүйеде өзінің бағыт-бағдарын анықтауда батыл алға қойды. Қазақстан Республикасы тәуелсіздік алғаннан кейін халықаралық құқық субъектісі ретінде дүние жүзілік қатынастар аренасына шықты. Қазақстан егемендіктің алғашқы жылдарынан-ақ, халықаралық саяси жүйеде өзінің бағыт-бағдарын анықтау мәселесін қойды. Қазақстанның сыртқы саясаттағы ұстанымы ТМД мемлекеттерімен, Азия, Тынық мұхит, Таяу Шығыс аймағы, Еуропа елдері және АҚШ-пен дипломатиялық қатынасты өркендетіп, мәдени-экономикалық байланысты күшейту арқылы өркениетті елдердің қатарына еніп, Қазақстанның қауіпсіздігін сақтау мақсаты алға қойылды... Осыған орай мақалада, Қазақстанның тәуелсіздік алғаннан кейінгі сыртқы саясатының басым бағыттары аясында атқарылған іс-шаралар, әлемдік қауымдастықтағы рөлі мен нәтижелері баяндалған.

Түйін сөздер: Егемендік, дипломатия, әлемдік қауымдастық, сыртқы саясат, Еуропа, Азия, Таяу Шығыс, Шанхай бестігі, АҚШ, ТМД елдері, ынтымақтастық, сауда айналымы.

1990 жылдың 25 қазанында Қазқстан аумағының тұтастығымен мызғымастығын бекіткен егемендік туралы Декларацияның қабылдануы дербес ел ретінде дипломатиялық қатынастардың қалыптасуына жол ашты Тарихи құжатта Қазақ КСР-нің халықаралық дербес субъектісі болуға, сыртқы саясатты өз мүдделеріне сай белгілеуге, дипломатиялық және консулдық өкілдіктер алмасуға, халықаралық ұымдардың, оның ішінде БҰҰ-ның және оның мекемелерінің қызметіне қатысуға құқығы бар екені жан-жақты айтылған.. КСРО құрамында болған тұста біздің республиканың Сыртқы істер министрлігі болды. Бірақ бұл мекеме елдің дербес сыртқы саясатын жүргізуге ешқандай құзыры болған жоқ. Шетелдерде еліміздің бірде-бір дипломатиялық өкілдігі болмағандықтан, бұл салада тәжірибе мүлде жоқтың қасында болды. 1991 жылдары халықаралық қатынаста бұрынғы ұстанымдар түбірімен өзгерді. Қазақстан Егемендіктің алғашқы жылдарының өзінде халықаралық саяси жүйеде өзінің бағыт-бағдарын анықтауда батыл алға қойды. Қазақстан Республикасының сыртқы саясатының тұжырымдамасын Президент Н.Ә.Назарбаев 1992 жылы мамыр айында «Қазақстанның егемен мемлекет ретінде қалыптасуымен сратегиясы» еңбегінде жан-жақты атап көрсетті [1]. Қазақстанның сыртқы саясатының қалыптасуы мына аталған міндетерді жүзеге асырудан басталды.

- Қазақстан Республикасының жаңа сипатын тану;
- Қазақстанды халықаралық дәрежеде мойындау;
- Қазақстан Республикасының қауіпсіздігімен аумақтық тұтастығын қамтамасыз ету;
- Әлемдік деңгейдегі шаруашылық жүргізу және экономикалық байланыстарға белсене араласу;

Тәуелсіздік алған кезде алғашқылардың бірі болып Қазақстанды Тәуелсіз егемен мемлекет ретінде танығандардың бірі Түркия болды. Тәуелсіздік алғаннан кейін екі айдың ішінде Қазақстанды әлемнің 92 мемлекеті таныды. 1992 жылдың екінші шілдесінде Республика Президентті Н.Ә.Назарбаевтың жарлығымен «Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі туралы Ереже қабылданды. Сыртқы істер министрлігін құру оңай болған жоқ бәрін жоқтан бар жасауға тура келді. Алғашқы кезеңде КСРО Сыртқы істер министрлінің орталық аппаратында істеген және шетелдерде жұмыс істеп жүрген қазақстандықтар елімізге қызметке шақырылды Қазақстанның Сыртқы істер

министрлігінде алғашқылар болып А. Арыстанбекова, Т.Сүлейменов, Қ.Саудабаев, Қ.Тоқаев, т.б қызмет атқарды

Егемендік алғаннан бері Қазақстан Республикасының дербес сыртқы саясаты берік орнығып байыпты бағдарламалардың негізінде ұстанған бағдарламалардың дұрыстығын дәлелдеді.

Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарынан қаланған сыртқы саяси келісімдер Қазақстанның әлемдік қауымдастыққа кірігу үдерісін жеңілдетіп, егемендігі, қауіпсіздігі, аумақтық тұтастығын қамтамасыз ету жолында маңызды рөл атқарды. Қазақстанның сыртқы саяси ұстанымы бүгінгі күнге дейін елдің ішкі экономикалық- әлеуметтік реформаларына оң ықпал етуде.

Кеңес одағы ыдырғаннан кейін Қазақстан 90-жылдардың басында тәуелсіз республика ретінде саяси жүйесінің қалыптасуында жаңа әлемдік қоғамдастыққа енудің күрделі кезеңін бастан кешірді. Дәл осы кезеңде Н.Ә.Назарбаев Қасым-Жомарт Тоқаевты үлкен дипломиациялық тәжірибесі бар жоғары білікті халықаралық қатынастар маманы ретінде Қазақстан Республикасына жұмысқа шақырды.

Қасым-Жомарт Тоқаев Сыртқы істер министрлігінің бірінші орынбасары, одан кейін сыртқы істер қызметтерін атқарып, еліміздің сыртқы саяси институттарының қалыптасуы мен дамуының және тәуелсіз Қазақстанның сыртқы саяси бағытын жасаудың күрделі мәселелерін шешуге белсене қатысты

Қ.К.Тоқаев сыртқы істер министрлігіне басшылық ете отырып республиканың көрші елдермен мемлекеттік шекарасын белгілеу туралы маңызды мәселені шешу жөніндегі келіссөздерге белсене қатысты. Ол жас мемлекеттің әлемдік қауымдастыққа табысты енуіне күш жігерін аямады.

Қ.К.Тоқаев бүкіл әлем үшін маңызды саяси халықаралық мәселерді соның ішінде ядролық қаруды таратпау мәселесін шешуде белсенді рөл атқарды. 1996 жылы Нью-Йорктегі ядролық сынақтарға жаппай тиым салу туралы шартқа (ЯСЖТ), ал 2005 жылы-Семей қаласындағы орталық Азияда ядролық қарудан азат аймақ құру туралы шартқа қол қойды.

Шекараны делимитациялау жөнінде де белсенді жұмыстар жүріп жатты. Бұл келісімге 2003 жылдың өзінде қол қойылу мүмкін болды. Шекараны делимитациялау екі елді экономикалық және саяси бөліп тастау дегенді білдірмейді, керісінше осы мәселені заңды рәсімдеу Қазақстан мен Ресей ынтымақтастығының жаңа сапалық деңгейге жол ашатын шара болды. Қазақстан мен Ресей еш уақытта рәсімделген шекарасы болмағандықтан бұл келісімнің біздің еліміз үшін маңыздылығы ерекше.

Қазақстанның тағы бір көршісі Қытай Халық Республикасымен ынтымақтастықтың орнығуы оңайлықпен келген жоқ. Бұл мемлекетпен қатынастың қалыптасуына бұрынғыдан қалған ауыр мұра қиындық келтіріп отырды. Кеңес одағының ширек ғасырға жуық уақыт Қытаймен аса күшті емес жағдайда болғандығы көпшілікке белгілі. Даман аралы мен жалаңашкөл маңында болған дау жанжалдар екі жаққа да көп шығын әкелді. Кезінде әлемдегі екі социалистік ел атом соғысының құрдымына кете жаздады.

Дегенмен 90-жылдардың басында КСРО мен ҚХР екіжақты қатынастарын реттеу ісі осы мәселені едәуір жақсартуға мүмкіндік жасады. Жоғары деңгейдегі саяси диалог басталды. Сауда экономикалық байланыстар белсенді түрде даму жолына түсті. Бұл жаңа тарихи дәуірдегі Қазақстан мен Қытай қарым- қатынастарын қалыптастыру үшін жаңа негіз болды. Қытай мен Қазақстан арасындағы алғашқы ресми жақындасу 80-жылдардың орта кезінде байқалды. Қытаймен сол дипломиациялық кездесулер барысында негізінен сауда экономикалық ынтымақтастық мәселелері талқыланды. Әсіресе екі мемлекет арасындағы көлік коммуникациялары жағдайына көбірек назар аударылды. Қытайлықтар Қазақстанмен сауда қатынысын дамытуға мүдделілігін жасырмады. Қазақстанның сол тұстағы президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қытайға тұңғыш сапары 1993 жылдың қазан айында болды.

Қ.К.Тоқаевтың 2002 жылы 28 желтоқсанда «Известия» газетіне берген сұхбатында «ең үздік сыртқы саясат-мемлекет ішіндегі жұмысты сәтті жайластыру» деген болатын.

Америка Құрама Штаттары мен негізгі сыртқы саясат 1992 жылы 15 мамырдағы Н.Ә.Назарбаевтың осы елге сапарынан кейін кең сипат алды.

Отандық дипломиацияның негізін салуда өзіндік орны бар, қоғам қайраткері Қазақстан Республикасының бүгінгі президенті Қасым-Жомарт Тоқаев «Қазақстан Республикасының дипломиациясы» деген еңбегінде Қазақстан Республикасының дипломиациясының дамуын бірнеше кезеңдерге: 1991-1993 жылдар, 1994-1997 жылдар және үшінші кезең 1997 жылдан басталатындығын айтып, 3 кезеңдерге бөлген. Ал Қазақстан тарихының 5 томында да (көне заманнан бүгінге дейін) Қазақстан Республикасының сыртқы саясатының дамуын 3 кезеңге бөлген, олар: бірінші 1990-1993 жылдар, екінші 1994-1996 жылдар, үшінші 1996-2005 жылдар. Қазақстан Республикасының СІМ-і

ҚР-ның дипломатиялық қызметінің орталық органы болып табылады және сыртқы саясатын камтамасыз етеді.

Қазақстан Республикасының сыртқы саясаты мен дипломатиялық қатынастары жоғарыда көрсетілген кезеңдерде қалыптасып даму үстінде. Сол кезеңдердің әр қайсысына жеке-жеке тоқталып, Қазақстан Республикасының сыртқы саясаты (1990-1993 жж.) мен дипломатиясының (1991-1993 жж.) дамуына талдау жасасақ, соның ішінде бірінші аралығындағы кезеңінде әлемдік қоғамдастықтың тәуелсіз жас мемлекетті мойындауы барысында басқа мемлекеттермен ынтымақтастықтың халықаралық-құқықтық базасын екі жақты негізде және халықаралық форумдар шеңберінде қалыптастыру болды. Қазақстанның бұрынғы КСРО-ның құқықтық мирасқорлары арасындағы, ең алдымен халықаралық қауіпсіздік саласындағы міндеттемелерді бөлісу жөніндегі шарттық үрдіске қатысуымен қатар жүрді. Тәуелсіз жас мемлекеттің ішіндегі әлеуметтік-экономикалық қиындықтармен қатар жас мемлекеттің халықаралық қоғамдастықпен өз ара іс-қимылының тиісті заң жүзіндегі базасының болмауына да байланысты туындады. КСРО ыдырағаннан кейін Қазақстанның сыртқы саясаты мен оны жүргізу жолдары ауыр болды. Қазақстанның әлемдік қоғамдастық елдерімен ынтымақтастығының шарттық-құқықтық базасын құру кезеңі дипломатиялық қызметтің қажетті инфрақұрылымын құрумен қатар жүрді. Әлемнің түрлі елдерінде қазақстандық шетелдік өкілділіктер- елшіліктер консулдықтар пайда болды.

Бүгінгі өркениетті замандағы мемлекеттердің өзара қарым-қатынастарында, әсіресе олардың екі жақты саяси байланыстарында дипломатиялық және консулдық өкілдіктердің қызметінің маңызы зор екендігі белгілі. Осы өкілділіктердің шетелдік мемлекеттер аумағында еркін, ірі қауіпсіз қызмет етуінің басты кепілі оларға халықаралық құқық тарапынан тиісті дипломатиялық және консулдық имунитеттер мен артықшылықтардың берілуінде.

Еліміздің сыртқы саясаты принциптерінің, басымдықтарының және міндеттерінің анағұрлым айқын сипат алуының маңызы аз емес. Қазақстан дипломатиясының көп векторлық сипаты қалыптасты, бүгінгі күні ол еліміздің сыртқы саясатының өзегі болып табылады [2, 446].

Егеменді мемлекеттің 1991 жылы 21 желтоқсанда Алматыда КСРО құрамына кіретін он бір мемлекет басшыларының келіссөзі нәтижесінде Тәуелсіз мемлекеттер Достастығы құрылды. Бұрынғы КСРО-ның ыдырауы әлемнің геосаяси жағдайын өзгертті. Кеңестер Одағының күйреуі салдарынан жаңа егеменді мемлекеттер құрылды. Соның бірі Тәуелсіз Қазақстан Республикасы болды. Қазақстан Республикасының сыртқы саясаты еліміздің өзіндік ерекшеліктерін ескере отырып жүзеге аса бастады. Егеменді мемлекеттің алғашқы сыртқы қадамдарын жасау тарихына үнілсек Қазақстанның шет мемлекеттермен жасалған халықаралық құжаттар қатарында Қазақ КСР-і мен Түркия үкіметтері арасындағы Ниеттестік туралы хаттама және Қазақ КСР-і мен Түркия Республикасы СІМ-і арасындағы Кеңес берушілік туралы хаттама. 1991 жылы 15 наурызда кең көлемді екі жақты ынтымақтастық туралы ресми құжатқа Қазақ КСР-і мен Түркия Республикасы арасында келісім жасалып, құжатқа қол қойылды. Құжатта екі мемлекет саяси, сауда-экономикалық, ғылыми-техникалық, экологиялық, мәдени, гуманитарлық, ақпараттық және басқа салаларда ұзақ мерзімді негізде өзара тиімді ынтымақтастықты одан әрі кеңейтуге және тереңдетуге ұмтылыс білдірді.

1991 жылғы шілдеде Н. Назарбаев Қазақ КСР-ның Президенті ретінде Қытайға алғашқы сапарын жасады. Тарихта бұл сапар болашақтағы Қытай-Қазақстан қатынастарының орнатылуына өте үлкен үлесін тигізді деп санауға болады. Екі жақты жүргізілген келіссөздер барысында маңызды құжатқа - Қазақ КСР мен ҚХР-ның арасындағы ынтымақтастықтың даму принциптері мен негізгі бағыттары туралы Келісімге қол қойылды. Келісім бойынша байланыс Қазақ КСР мен Қытайдың Шыңжаң Ұйғыр Автономиялық Ауданы арасында орнатылып, екі жақты тауарлардың, қызметтердің және капиталдардың алмасуына барынша жағдай жасалынатына, экономика саласындағы ынтымақтастықты нығайтуға келісілді. Шыңжанның барлық халқының 60 пайызы діндар мұсылмандар, не исламмен дәстүрлі қауымдасқан ұлттар. Орталық Азия елдерінде исламның барған сайын ықпалының күшеюі, сондай-ақ Орталық Азия республика халықтарымен этникалық жақындығы мен тіл тұтастығын ескере отырып, Қытай олардың ішінен ШҰАА-дағы жағдайды тұрақсыздандыруға қабілетті сепаратистік, пантүріктік және исламдық ықпалдың таралу мүмкіндіктеріне сақтықпен қарайды. Нақ осыған орай жасалған «Қытайдың Орталық Азиямен қатынастарды дамыту жоспарына» сәйкес Пекин КСРО ыдырағаннан кейін аймақта құралған стратегиялық вакуумды толтыруға және мұнда Түркия мен Иран позицияларының күшеюіне жол бермеуге тырысатын болады [3, 107-110б.б]. Сондықтан да, Қытай Орталық Азия республикаларына қатысты, бірінші кезекте Қазақстанға байланысты белсенді саясат жүргізуге мүдделі. Қазақстанмен жақсы қатынас Шыңжаңдағы жаңдайды бір қалыпты ұстау үшін де барынша мәнді. 1991 жылғы

тамыздағы бүлік құлағаннан кейін Қазақстанға жоғары лауазымды меймандар бірінен соң бірі келе бастады. Ұлыбританияның премьер-министрі Маргарет Тэтчер бірінші болып Алматыға жол-жөнекей соқты, сонан соң АҚШ-тың мемлекеттік хатшысы Джеймс Бейкер, Францияның сыртқы істер министрі Ролан Дюма және Германияның сыртқы істер министрі Ганс Дитрих Геншер, америка сенаторлары-Әскери істер жөніндегі комитеттің басшысы Сэм Нанн және Сыртқы байланыстар жөніндегі комитеттің мүшесі Ричард Лугар, АҚШ-тың жаңа мемлекеттік хатшысы Уоррен Кристофер, АҚШ-тың вице-президенті Альберт Гор т.б. келді. Соншалықты қысқа мерзімде саяси көшбасшылардың мұндай ағылуын Қазақстан, тегінде, қазан төңкерісінен кейінгі бүкіл тарихында кездестірмеген еді [4, 336 б].

1991 жылғы 1 қарашада егеменді Қазақстанның Тұңғыш Президентін сайлауда 8 миллионнан астам қазақстандық Назарбаевты жақтап өздерінің дауысын берді. Мемлекет басшысы ол кезде жас мемлекеттің таяудағы болашақта шешуі керек болатын алғашқы сыртқы саяси міндеттерін жалпы жағдайда сипаттады. Егеменді Қазақстанның алдында халықаралық қатынастарды іс жүзінде дербес нысанға, халықаралық экономикалық кеңістіктің белсенді әрекет етуші тұлғасына айналдыру міндеті тұрғаны атап көрсетілді.

Әскери-патриоттық тәрбие патриоттық сезімдердің, идеялардың, сенімдердің, әскери дәстүрлер мен әдет-ғұрыптардың жиынтығын қамтиды. Бұл қоғам өмірінің барлық салаларына әсер ететін маңызды, тұрақты құндылықтардың бірі. Адамның ең маңызды рухани қасиеті ретінде ол азаматтық кемелденуді сипаттайды және Отан игілігі үшін белсенді қызмет етуден көрінеді.

Болашақ ұрпақ туралы айта отырып, Елбасы Н.Ә.Назарбаев жастар арасында патриоттық сезімінің төмендігіне, Отанға, адамдарға, жерге деген сүйіспеншілік рухында жүргізілетін тәрбие жұмыстарының жеткіліксіздігіне алаңдаушылық білдірген болатын.

Әскери-патриоттық тәрбиенің проблемаларын көптеген қазақстандық ғалымдар зерттеді. Олардың ішінде ең маңыздысы – С.Т. Иманбаеваның патриоттық тәрбие теориясы мен практикасымен арналған диссертациясы. Автор мемлекетіміздің идеологиясы негізінде қазақстандық патриотизмді қалыптастыруға ерекше назар аударады. Автор пікірінше «әскери білім» деп сарбаздар, офицерлер арасында жоғары саяси сананы қалыптастыру, өз Отанына жанқиярлықпен берілгендік, міндеттерді адал орындау, адалдық пен қырағылық, ұрыс қимылдарына дайын болу, әскери қызметтегі табандылық пен батылдықты атады. Ал әскери-патриоттық білім беру Отанды қорғауға дайындықты және патриоттық сезімді қалыптастыратын білім беру саласы ретінде қарастырылады. «Әскери-патриоттық тәрбиенің нәтижесінде жастар Отанның ар-намысы мен қадір-қасиетін, бостандығын, егемендігін қорғауды үйренеді, Қарулы Күштердің қаһармандық дәстүрлерін абыроймен алып жүреді» деген ой тұжырымдалған [1].

Ал бүгінгі күнде патриоттық сананы қалыптастыруда орын алған проблемаларды шешу мемлекет тарапынан жасалған арнайы бағдарламалар негізінде жүзеге асып отыр. Жастардың ел тағдыры үшін жауапкершілігін арттыруға жағдай жасау, Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелерін шешуге бағытталған жастар ұйымдарының деңгейін арттыру, азаматтық сезімдерін нығайту мақсатында 2019 жылы Нұр-Сұлтан қаласында «2025 жылға дейінгі жастарды әскери-патриоттық тәрбиелеудің бағдарламасы» қабылданды. Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі әзірлеген бұл бағдарлама екі кезеңде жүзеге асырылады: бірінші кезең – 2020-2022 жылдар, екінші кезең – 2023-2025 жылдар. Аталған бағдарламада жас сарбаздар арасында патриоттық сезімді дамытудың нақты бағыттары мен міндеттері қойылған және соңғы жылдары жинақталған білім, сондай-ақ жастарды әскери-патриоттық тәрбиелеудің тәжірибесі мен дәстүрлері негізінде дайындалған [2].

Қазақстан Республикасы Қарулы күштеріндегі патриотизм мен патриоттық тәрбие беру проблемалары, ел тарихында батырлар тұлғасында көрініс тапқан қайсарлық, батырлық пен отансүйгіштіктің болуына қарамастан, бүгінгі күндегі әлемдік сұраныстарды қанағаттандыру үшін объективті баға беруді қажет етеді. Патриоттық тәрбие беруде туындаған проблемаларды нақты анықтау оны шешу жолдарының да тиімді болуына ықпал жасайды. Шетелдік тәжірибемен салыстыра отырып, кем тұстарын түгелдеу де орын алған проблемаларды шешу жолдарының дұрыстығына көмектеседі.

Потенциалды Отан қорғаушылардың моральдық-психологиялық дайындығын қалыптастыруда әскери-патриоттық тәрбиенің маңызы айтарлықтай жоғары. Әскери жауынгерлерді патриоттық тәрбиелеудің мақсаты – елдің қорғанысын қамтамасыз ететін жастар бойында азаматтық сана мен патриоттық сезімді дамыту. Осы мақсатқа жету үшін келесі негізгі міндеттер қажет: жастарға тиімді әскери-патриоттық тәрбие беру үшін ғылыми негізделген басқарушылық және ұйымдастырушылық іс-шаралар жүргізу; жастардың санасы мен сезіміндегі патриоттық құндылықтарды, көзқарастар мен сенімдерді қалыптастыру; жастардың Отанға деген адалдығын, қоғамға және мемлекетке лайықты қызмет етуге дайын болуды, қызметтік және қызметтік міндеттерді адал орындауға әзірліктің оңтайлы жағдайларын қамтамасыз ететін әскери-патриоттық тәрбиенің жаңа тиімді жүйесін құру: жастарды әскери-патриоттық тәрбиелеудің, оның ішінде интегралдық жүйесінің тиімді жұмыс істеуін қамтамасыз ететін механизм құру [3].

«Патриотизм» ұғымы қоғамның көптеген әлеуметтік салаларында тұрақты ұғымды білдірмейді. Ол әлеуметтік шындықтың өзгеруіне байланысты үнемі тарихи өзгеру, даму күйінде болады. Қазіргі жаһандану кезеңінде «патриотизм» сөзі үлкен әлеуметтік маңызға ие бола отырып, бірқатар проблемалардың бастауына айналып отыр.

Бүгінде Қазақстан Global Fire Power рейтингінде қуатты әскери әлеуетке ие, әлемде әскери қуаты бойынша 63-орында тұр және әскери қызметкерлердің жалпы саны 132 мың адамды құрайды. Алайда, бұл 2019 жылғы рейтингке қарағанда төмен [4]. Бұл Қазақстан Қарулы күштеріндегі әскери қызметкерлердің жеткіліксіздігімен де тығыз байланысты. Қарулы күштер құрамында әскер санына байланысты мәселелер тікелей жастар арасындағы патриотизм ұғымымен ұштасып жатыр. Қазақстан Қарулы күштеріндегі патриотизмнің бүгінгі күнде бірнеше проблемалары кездесіп отыр.

Жаһандану, мәдениеттер интеграциясы. Өзінің барлық жағымды салдарына қарамастан, экономикалардың интеграциясы және көші-қон процестерінің күшеюімен ғана емес, сонымен қатар кең мәдени интерпретациямен сипатталатын жалпы жаһандану әлеуметтік қатынастардың рационализациясына, рухани құндылықтардың құнсыздануына, ғасырлар бойғы мәдени дәстүрлердің ұмытылуына, халықтардың мәдени бірегейлігінің өзгеруіне, тіпті жоғалуына алып келеді. Ал бұл өз кезегінде азаматтық бірегейлік дағдарысының, өзін әлем азаматы ретінде сезінуінің, Отан, патриотизм ұғымдарының ескіруінің негізгі себебі болып отыр [5].

Мұндай көзқарастар жастардың бір жағынан, ашық қоғамда өмір сүріп жатқан, түрлі ақпараттық ресурстарға іс жүзінде шексіз қол жеткізе алатындығымен сипатталса, екінші жағынан, өздерінің әлеуметтік жетілмегендігіне байланысты алынған ақпаратты әрқашан сыни тұрғыдан өңдей алмайтындығымен түсіндіріледі.

Осылайша, қазіргі кезде азаматтық сана көптеген мемлекеттер алдында үлкен проблема болып отыр, ал біздің республикамыз жаһандық әлемнің бөлігі бола отырып, бұл проблемадан тыс қалмаған.

Елдің қорғанысын қамтамасыз ету мақсатында патриоттық санының қалыптасуының негізгі өзегі – ұлттық бірегейлікті сақтау, тарихи процестер негізінде тәрбиелеу. Шынында да, Қазақстанның әскери-тарихи өткені туралы объективті бейнені қайта құру – бұл халықтың тарихи жадыны жаңғыртудың негізі, қазақстандық ұлттық бірегейлік пен ұлт бірлігін қалыптастырудың маңызды факторларының бірі. Ол патриотизмді және Отанның ерлікке толы өткен күніне мақтаныш сезімін қалыптастыруға, оны қорғауға дайын болуды тәрбиелейді. Біздің халқымыздың үздік дәстүрлері мен жинақталған тарихи тәжірибесі одан әрі табысқа жетудің маңызды бағыттарының алғышарттары болуға тиіс [6].

Тарихымызға көз жүгіртсек, қазақ халқының жауынгерлік дәстүрі бірнеше компоненттерден тұрады: қазақ халқының әскери істері, батырлар институты, ұлттық жауынгерлік-спорттық ойындар, ауыз әдебиеті.

Әскери өнер Қазақстан аймағындағы ежелгі және ортағасырлық көшпелілер тарихында маңызы зор болды. Көшпенділер өміріндегі жауынгерлік тәжірибе ежелгі және орта ғасырлардағы көшпелілердің материалдық және рухани мәдениетінің элементтерінде жеткілікті түрде көрініс тапты. Қазақ халқының әскери тәжірибесі елдің генетикалық кодына тән ұлттық-мәдени мұра бола отырып, жеке тұлғаның тарихи жадын, патриоттық қасиеттерін қалыптастыруға ықпал етеді. Халқымыздың ұлттық әскери өнері қару-жарақтар кешенінен (бес қару), дәстүрлі әскери өнерді ұйымдастырудан («Аттан» ұраны), әскери тактикадан (кенеттен және жылдам шабуылдар) тұрады.

Батырлар институтының қаһармандық мәні, ең алдымен, оның функционалдық сипатымен – руды, атын, халқын қорғау, зұлымдық күштерін жеңу, әділеттілікті қалпына келтіру арқылы анықталады. «Батыр» сөзі «күрескер», «күшті», «батыр», «қорықпас», «батыл» дегенді білдіреді. Батырлық көшпелі қоғамдағы әскери-саяси институт ретінде әскери ұйымда жетекші рөл атқарды. Эпикалық шығармалардың батырлары (Алпамыс, Қобыланды), ұлт-азаттық соғыстардың батырлары (Исатай, Махамбет, Кенесары), Ұлы Отан соғысы батырлары (Б.Момышұлы, М.Мәметова, Т.Бигелдинов) тұлғасында тәрбиелеу ұлттық бірегейлігімізді сақтай отырып, патриоттық сананы қалыптастыруға айтарлықтай ықпал етеді [7].

Ұлттық әскери спорт ойындары физикалық, адамгершілік және ерік қасиеттерін дамытуға ықпал ететін қазақтың халықтық әскери спорттық ойындарының тәрбиелік мүмкіндіктерін сипаттағанда біз мыналарды қарастырамыз: көкпар, аударыспақ, теңге алу, белбеу тастау, жамбы ату, аламан бәйге, қазақша күрес. Әскери спорт ойындарының өзіне тән белгілері мен ерекшеліктері бар. Бұл ерлік пен жауынгерлік элементтерінің, айқын әскери-қолданбалы бағдардың болуы. Жекпе-жек элементтері бар ойындарда күш, ептілік, төзімділік дамиды. Сондықтан, көпфункционалдылық – бұл қазақ халқының әскери дәстүрлеріне тән қасиет болып табылады [8].

Ауыз әдебиеті – бұл батырлар жырынан, мақал-мәтелдерден көрініс табады. «Алпамыс батыр», «Қобыланды», «Ер Тарғын» батырлық дастандары, «Қырық батыр», «Кеген батыр» аңыздары жауынгерлікті, батырлықты бейнелейді, туған жерін қорғаған адамдардың ерлігі, олардың ойлары мен тілектері, ұлттық бірлік пен аумақтық тұтастық үшін ғасырлар бойғы күресі туралы көркем түрде баяндайды. Әскери ерлікті, Отанға деген адалдықты, сүйіспеншілікті дамытуда ұлтымыздың мақал-мәтелдерінің де орны жоғару. «Туған жердей жер болмас, туған елдей ел болмас», «Ер жігіт елі үшін туады, елі үшін өледі» сынды мақал-мәтелдер ұлт батырларының Отан қорғаудағы рөлін көрсетеді [9].

Қазақстан Республикасының бірінші қорғаныс министрі, Кеңес Одағының Батыры, Халық Қаһарманы, генерал С.К. Нұрмағамбетов әрдайым патриоттық тәрбиенің озық дәстүрлерін қайта жаңғырту керектігін, алайда патриоттық сананы қалыптастыруда ұлт болмысын, өткен тарих беттерін

ұмытпау қажеттігін ескертіп отырады. Өзінің естеліктерінде Сағадат Қожахметұлы «Қазақстанның Қарулы Күштерінде даңқты жауынгерлік дәстүрлер қалыптасты, өйткені олар өз Отанын қорғауда өте үлкен тәжірибені бастан өткізді. Әскери дайындық кезінде офицерлер сарбаздарға республиканың барлық әлеуметтік, мәдени және әскери мұраларының барлық элементтерін, мінез-құлық нормаларын, жалпыадамзаттық адамгершілік құндылықтарды, идеяларды, әдет-ғұрыптар мен дәстүрлерді үйретуі керек. Басқаша айтқанда, командалық құрам қазақстандық сарбаздардың отансүйгіштік, жоғары моральдық-психологиялық қасиеттерімен ерекшеленуі үшін қолдан келгеннің бәрін жасауы керек. Өткен соғыс ардагерлері, армия мен флот ардагерлері, мәдениет және өнер қызметкерлері әскери қызметшілерді тәрбиелеуге белсенді қатысуы керек» – деген болатын [10].

Көріп отырғанымыздай, өз Отанының болашағы үшін жауапкершілік және оны кез-келген сәтте қорғауға дайын болу әскери қызметшілерде жоғары моральдық-адамгершілік, саяси және психологиялық қасиеттерді қалыптастыруды талап етеді, олардың арасында тарихи сана негізінде қалыптасқан патриотизм негізгі орынды иеленуі керек.

Әскери қызметкерлер беделінің төмендігі. Барлық уақытта Отанды қорғау ең жоғары азаматтық ерлік болып саналды. Қазақстан Республикасының азаматтарының көпшілігі әскери мамандыққа құрметпен қарайды, алайда әскери қызмет жолын көп жағдайда таңдай бермейді. Жауынгер жақсы физикалық төзімділіктен өзге бірқатар психологиялық, моральдық және адамгершілік қасиеттерге ие болуы керек. Ал әскери этикаға сәйкес әскери қызметшінің барлық әрекеттері Отан мүдделерінің талаптарына сәйкес келуі керек.

Әскери қызмет өкілдері үшін қолданыстағы әлеуметтік жеңілдіктерге қарамастан (ұзақ уақыттағы демалыс, ерте зейнеткерлікке шығу, баспана, мемлекеттік қаржылай көмектер), қазіргі кезде әскери мамандық еңбек нарығында орташа сұранысқа ие.

Әлемдік тәжірибе көрсеткендей, білім беру бағдарламалары, оның ішінде патриоттық тәрбие, біріншіден, жүйелік сипатта болған жағдайда ғана, екіншіден, нақты мотивациялық негіздемеге ие болған кезде ғана қажетті оң нәтиже береді. Біздің бұл жағдай туралы хабардар болуымыз патриоттық тәрбиені ұйымдастырудың жаңа тәсілдері мен қағидаларын іздеуге, ең алдымен, тәрбие жұмысына қажетті күрделілік пен жүйелілік беретін идеяны іздеу мен негіздеуге түрткі болды.

Қазақстанның ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету, оның Қарулы Күштері мен Ішкі істер министрлігінің әскерлерін модернизациялау азаматтар, ең алдымен жастар арасында мақсатты, ұзақ мерзімді патриоттық жұмыстарсыз мүмкін емес екендігі белгілі.

Әскери қызметкерлерге әскери-патриоттық тәрбие беру және моральдық-психологиялық қолдау жүйесі жеке құрамда қажетті моральдық-жауынгерлік қасиеттерді қалыптастыруға, ұрыста өзін-өзі ұстауға жоғары моральдық ынталандыруға, дайындық пен ұрыс қимылдары кезінде жүктелген міндеттерді ойдағыдай орындауға қабілеттілікті қалыптастырады, құрамалар жеке құрамының жоғары жауынгерлік белсенділігіне қол жеткізуге мүмкіндік береді [5].

Соңғы оқиғалар меншік формаларының өзгеруіне себеп болған қоғамның өзгеруі және ел халқының әлеуметтік стратификациясы, рухани құндылықтардың құнсыздануы ел тұрғындарының көпшілігінің қоғамдық санасына кері әсерін тигізгендігін, қазақ мәдениетінің, өнері мен білімінің патриотизмді қалыптастырудың маңызды факторлары ретіндегі тәрбиелік ықпалын күрт төмендеткенін растады. Топтық, жеке, корпоративтік мүдделер қоғамдық, ұлттық, рухани және адамгершілік мүдделерден басым бола бастады. Тиісінше, қоғамның барлық салаларында, соның ішінде әскери салада айқын немесе жасырын түрде көрініс тапқан екі қарама-қарсы саясат пен практикалық мінез-құлық және екі принциптің күресі қалыптасты. Біздің қоғамның дәстүрлі қазақ патриоттық санасының біртіндеп жоғалуы көбірек байқалды. Соның негізінде, әскери қызмет беделінің төмендеу тенденциясы байқалады.

Елдегі экономикалық, саяси, әлеуметтік және рухани өзгерістерге байланысты туындаған қоғам, армия және жеке тұлғаның өзара іс-қимылының заманауи аспектілері де Қарулы Күштер өміріндегі мәселелердің жеткілікті кең спектрін анықтады, олардың шешілуі әскери қызметшілердің патриоттық сана деңгейіне тікелей байланысты.

Қоғамдағы және Қарулы Күштердегі жаңа жағдайды әлеуметтік-философиялық түсінудің қажеттіліктері де үлкен маңызға ие. Қызметке келетін жастардың сапасының өзгеруіне байланысты келісімшарт бойынша әскери қызметшілердің патриоттық санасының нақты күйін, оның қызмет ету ерекшеліктерін терең білу, сондай-ақ осы процесті басқарудың теориялық және практикалық ұсынымдарын меңгеру қажет. Әскери қызмет адамның мақсаты болады, егер оның мақсаты мен міндеттері оның жеке мүддесінен гөрі басым болса немесе оларға сәйкес келсе. Мұндай қызметке деген көзқарастың маңызды ерекшелігі – адамның мемлекет, ұлт, халық, армия мүдделері жолында өзін құрбан етуге қабілеттілігі мен дайындығы.

Ұлттың рухын, күші мен этикалық нормаларын білдіретін Израиль армиясы бүгінгі күнде әскери-патриотизм деңгейінің нақты мысалы бола алады. «Ұлттық армия» құруға бағытталған Израиль Қарулы Күштері қызметкерлердің дайындық деңгейі бойынша да және техникалық жабдықталуы жағынан да әлемдегі ең үздіктердің бірі болып саналады.

Израиль армиясының «ұлттық армияға» айналу қадамдары өз кезегінде, әскери қызметкерлердің беделін көтеріп қана қоймай, қоғам ішінде ел армиясына деген сенімділік пен патриоттық сананы қалыптастыруға үлкен ықпалын тигізді. Кәсіби армия әскери қызметкерлерінің патриоттық сана-сезімін қалыптастырудың перспективалық бағыттары мен әдістерін әзірлеу, қазіргі заманғы жағдайда олардың адамгершілік дамуын басқарудағы басымдыққа ие ғылыми мәселелердің бірі болып табылады.

Ал елімізде кәсіби армия әскери қызметкерлерінің әскери қызметі сипатының күрделенуі, жоғары құзыреттілікті, оның патриоттық сана-сезімін арттыруды қажет ететін әскери-техникалық және әлеуметтік-психологиялық сипаттағы проблемалар ауқымын кеңейту де маңызды тақырыптар қатарында. Кәсіби әскери қызметшіге білім, білік, дағды, ерекше қасиеттер қажет, олардың көмегімен ол қойылған міндеттерді ойдағыдай орындап қана қоймай, өзінің мотивациялық және патриоттық әлеуетін, өзінің жеке позициясын жүзеге асыра алады.

Армия мен флоттағы әскери-патриоттық тәрбие жүйесін жетілдірудің, оның кәсіби сарбаздардың патриоттық санасының дамуына және сайып келгенде олардың кәсіби қызметінің тиімділігіне әсерін күшейтудің маңыздылығы да орасан зор.

Патриоттық тәрбиенің мақсаты – Қарулы Күштерде әскери қызметшілердің жоғары әлеуметтік белсенділігін, азаматтық жауапкершілікті, руханилықты дамыту, Отанды қорғау, оның өмірлік мүдделері мен тұрақты дамуын қамтамасыз ету мақсатында әскери қызмет барысында оларды көрсете алатын оң құндылықтар мен қасиеттерге ие сарбаздарды қалыптастыру.

Біздің қоғамның және Қарулы Күштердің қазіргі даму кезеңінде бұл мақсатқа жету келесі міндеттерді шешу арқылы жүзеге асырылады:

- Қарулы Күштерде, әскери қызметкерлердің санасы мен сезімінде патриоттық құндылықтарды, көзқарастарды, наным-сенімдерді, Қазақстанның мәдени және әскери-тарихи өткеніне, дәстүрлеріне құрметпен қарау, мемлекеттің, әсіресе әскери қызметтің беделін арттыру;

- келісімшарт бойынша әскери қызметкерлерді әлеуметтік, тұрмыстық, қызметтік, жауынгерлік даярлық пен жауынгерлік міндеттерді шешуге белсенді тарту үшін мүмкіндіктер құру және іске асыруды қамтамасыз ету;

- сарбаздарды Қазақстан Республикасы Конституциясына, заңдылыққа, жалпы әскери ережелерге, командирлер мен бастықтардың бұйрықтарына құрметпен қарау рухында тәрбиелеу, адамның конституциялық құқықтары мен оның міндеттерін, кәсіби және әскери борышын жүзеге асыруды қамтамасыз ету үшін жағдайлар жасау;

- әскери қызметкерлерде мемлекет рәміздеріне – Қазақстан Республикасы Елтаңбасына, Туына, Әнұранына, Қарулы Күштер рәміздеріне, бөлімдері мен құрамаларына, Отанның тарихи қасиетті орындарына деген терең құрмет пен мақтаныш сезімін ұялату;

- нәсілдік, ұлттық, діни төзімділікті қалыптастыру, әскери қызметкерлер – әртүрлі ұлт өкілдері арасындағы достық қатынастарды дамыту [2].

Сонымен, әскери қызметкерлердің патриоттық сана-сезімі мен патриоттық тәрбиесін, олардың кәсіби сарбаздың жеке тұлғасын қалыптастыру және жетілдіру үдерісіндегі рөлін зерттеу проблемасы қазіргі уақытта ерекше маңызға ие болып отыр, өйткені бұл мәселе Ішкі істер министрлігінің Қарулы Күштері мен ішкі әскерлерін құру процесімен тікелей байланысты және оларды жаңғыртуды жүзеге асырудың маңызды аспектілері. Барлық уақытта патриотизм халықтың рухани өмірінде ғана емес, экономикалық, саяси, әлеуметтік және мәдени тұрғыдан да ерекше рөл атқарды. Белгілі бір мағынада патриотизм – бұл мемлекеттіліктің негізі, бүкіл әлеуметтік және мемлекеттік институттар жүйесінің тиімді қызмет етуінің кепілі.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Иманбаева С.Т. Автореферат дисс.... докт.пед.наук. - Караганда, 1995. – 24 с.
2. Программа военно-патриотического воспитания молодежи Республики Казахстан до 2025 года. – Нур-Султан, 2019.
3. Рыспаева М.Н. О патриотическом воспитании допризывной казахстанской молодежи // Әскери ғылым академиясының хабаршысы. – 2018. – №2. – 85-88 бб.
4. Global firepower – 2020. URL: <https://www.globalfirepower.com>. (қаралған күні: 07.12.2020).
5. Прокофьева М.А., Молбасынова Ж.М. О модели военно-патриотического воспитания молодежи допризывного возраста // Успехи современного естествознания. – 2015. – №6. – С. 1030-1033.

6. Менлибаев К.Н. Роль национальных традиций в патриотическом воспитании (по материалам конкретно-социологических исследований молодежи Республики Казахстан): автореферат дис. ... кандидата философских наук. – Алматы, 1995. – 19 с.
7. Аманжолов К. Р. Қазақстанның әскери тарихы: б. з. д. VI ғасырдан бүгінгі күнге дейін. – Алматы: Білім, 1999. – 317.
8. Сочин С.А., Прокофьева М.А., Куракбаева А.Ж. Боевые традиции казахского народа – основа военно-патриотического воспитания будущего учителя // Молодой ученый. – 2009. – № 9. – С. 309-312.
9. Сочин С.А. Военно-патриотическое воспитание учащихся на боевых традициях казахстанцев // Достояние нации. – 2009. – №4. – С.136-13.
10. Нурмагамбетов С.К. А в памяти нет тишины. – Алматы, 1999. – 82 с.

ҚАЗАҚ ӨЛКЕСІН РУХАНИ ОТАРЛАУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Д.Қ. Абенов¹, Е.С. Оңайбергенов²

¹ тарих ғылымдарының кандидаты, доцент

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті

²Тарих мамандығының 2 курс магистранты Қ.Жұбанов ат. Ақтөбе өңірлік университеті
(Ақтөбе қ., Қазақстан) E-mail: aben_60@mail.ru

Патшалық Ресейдің билеуші топтары қазақ өлкесін толығымен отарлау жолында, империяның стратегиялық мүмкіндігін арттыру мақсатымен, қазақ халқының ғасырлар бойғы қалыптасқан тарихи дәстүрінен толығымен ажыратуды мақсат етіп қойды.

XIX ғасырдың II жартысында қазақ елі Ресейдің әлеуметтік-экономикалық, саяси бұғауына түсіп қана қоймай, өзінің дербес ұлт болып, өмір сүруіне қауіп төндірген рухани қысымнан да азап шекті. Ашылған аран ашқарақтауын қоймайды демей ме халық даналығы. Патшалық Қазақстанның боданға айналғанын да місе тұтпай ендігі кезекте қазақ халқын құртып, құртып үлгермегенін орыстандыруға, шоқындыруға білек сыбана кірісіп кетті. Ресейдің қазақ халқын орыстандырудағы басты бағыттарының бірі «миссионерлік» қарекет болатын. Бұл үшін қазақ елін өз мүдделері тұрғысынан билеп төстеудің саяси жаңа амалдарын алдын-ала ойластырып, көп жылғы ғылыми зерттеулері мен бір саусағын ішіне бүккен экспедициялар арқылы, басқарудың жаңа жүйесін енгізеді.

Миссионерлік әрекетті жүзеге асыруда шешуші қадам жасаған II Александрдың 1865 жылға 2 шілдедегі раскрипті болды. Өлкені, осы жарғыға үнілсек, басты екі ағымды көруге болады: Біріншіден, Қазақтарды билеп төстеудің «Уақытша ереже» деп аталатын басқару жүйесін енгізу. Екіншіден Қазақтарды православие дініне ендірудің барлық аспектілерін қолданды. Отарлаған түркі халықтарының ішіндегі саны жағынанда, жерінің көлемі жөніненде басым жатқан қазақ елін идеологиялық жағынан құлдыққа түсірудің патшалық Ресей үшін зор саяси мәні бар еді. Қазақтарды рухани қыспаққа алу 1867-68 жылдардағы реформалардан бұрында басталған секілді. Қазақстанның басым бөлігін қаратып алысымен, патша үкметі бұрынғыдай ислам дінін тартудан бас тартып ресми түрде жүргізе бастады.

Патша үкіметінің нені көксеп отырғандығын, үкмет құзырындағы миссионер атаулының қызыметімен жете таныс А.Байтұрсынов олар көздеген саяси мақсаттың түбі орыстану мен шоқынуды алып келетінін сезіп: «Үкіметжағымдысы қол астындағы жұрттың жазу сызу, тілі діні бір болу. Ресей қол астында түрлі дінді, түрлі тілді түрлі жазу сызуды қолданып отырған жұрттар бар. Солардың бәрі тілін, дінін, жазу-сызуын орысқа аударса, үкіметке содан артық іс болмас» (Құл Мұхаммед, 1998: 191) деп, ой қортындысына келуінің өзінде назары да таразы ой жатыр. Өйткені Ресей империясының отаршыл топтары, әсіресе, миссионерлер бұратана халықтардың бәрінің бір тілде сөйлеуін, бір дінде болуын қатты армандап, осы жолда талай саяси амал айлаларды қолданып, баққаны белгілі.

Осы мақсатта 1866 ж. Қазан қаласының Викарии Гурии «Қасиетті Гурийдің қазандық сыбайластығы» атты ұйым (Мырзахметов, 1993: 128) құрып, миссионерлік бағыттық басты проблемаларын айқандап, бағыт-бағдар беріп отырды. 1861жылдан бастап Қазан қаласында отарлық үкіметтің миссионерлік саясатын жүзеге асыру үшін християндық інжіл кітаптарын аударып қазақтардың санасын улап, бастарын айналдырды. Патша үкіметімен қарамағындағы патша жеңдеттер қол астындағы бодан халықтарды орыстандыру ісімен бағыты жөнінде біраз тәжірибе жинақтады. Ресей империясы өздеріне тәуелді бұратана халықтардың ғасырлар бойғы қолданып келе жатырған діні мен тілін, дәстүрімен тарихын істен шығарып, шоқындыру арқылы өз ырықтарына көндіруді ертеден-ақ бастады. Қазақ халқы «орыстандырып» шоқындырудан бұрын патша үкіметі орыс емес халықтарды /шувас, башқұрт, мардова/ шоқындыруда елеулі тәжірибе жинақтады. Аталған халықтарды орыстандыру арбау алдаумен де, шен-шекпен, сый беру арқылы да, одан қалды

көнбегендеріне қоқан локқы күш көрсетумен де жүзеге асырылады. Оған жетудің жолын жеңілдету үшін қазақтарды татарлардан бөлектеп ұстауды, екі халықты бір-бірімен араластырмауды ниет етті. Оның басты себептері біріншіден, татарлар осы кезде қазақтардың рухани өмірінде ерекше істерді атқарып отырды. Екіншіден, қазақ халқының қос дінділік ерекшелігі миссионерлерге жаңа серпіліс берген секілді. Қазақтардың қос дінділігі жөнінде қырғыздардың барлығы магометан-сунниттер, алайда, оларда магометандарға тән қарапайым фанатизм де жоқ, оларда көбіне пұтқа табынушылық наным сенімдер көбірек сақталған. Қырғыздар арасында магометандықты таратушылардың бірі – татарлар» (Круберм, 1905: 332) - деген пікірді де кездестіреміз. Қазақтардың исламға шорқақтығын және татарлардың ықпалының артып келе жатқанын атап көрсетеді. Осы қазақ халқының діни көзқарастары жөнінде тағы да бір мысал келтірсек арттық болмас «қырғыздар исламды уағыздайды, нағыз суниттердің шиттерді христиандықтанда бетер жек көретін белгілі; ал қырғыздар өздерінің дініне мүлдем немқұрайлы; олар үшін діни қақтығыс дегендер жат және діни жоралғыларды аз атқарады; жалпы қырғыздар нашар магометандар (Семенов, 1903: 220) Жоғарыда келтірілген мәліметтерді мойындауға тура келеді. Шындығында да қазақтардың ислам дінін жанын сала уағыздаматыны ащыда болса тарихи шындық болатын. Патшалық қазақ халқын ұрыста ұстаудың нәтижесі тиімді жолы біріншіден жерін, екіншіден малын алсақ өздігінен құрайды деп есептеді. Сөзіміз салтақтырақ болу үшін «Өлкедегі Қырғыздарды тыныштандырып, жуасыту үшін, білдіртпей бірте-бірте қырғыздың күші мен бар байлығы қоры-жері мен малын азайту керек, қырғыздардың жері кеміп малы азайса, жарлы болса, бізге қауіпсіз болады. Осылайша амалсыз тыныш талады» (Әбенев, 2000:10) деп есептеледі. Қандай қаталда сұрқия саясат десеңші.

Әкімшілік қазақтар арасына христиан дінін тарату мақсатымен 1894 жылы Александров, Макарьев стандарты, 1898 жылы Ақтөбе стандарты (Әбенев, 2000: 13) ұйымдастырылды. Стандартқа миссионерлік мектептер ашылды бұл мектептерде 1898 жылдан бастап қазақ балаларында оқи бастады. Шоқындыру ісі табысты болу үшін священниктердің қазақ тілін білуіне ерекше көңіл бөлінді.

Аталған шараларға қарамастан қазақтардың христиан өз еріктерімен қабылдамаған, ол істі ойламаса да керек. Тіпті Патша әкімшілігі қаншама әрекеттер жасаса да бәлкі нәтиже шықпай отырғанын ашына жазады. «Біз ең бастысы мұсылмандықты христиандыққа өтудің көпірі деп сеніп қатты қателестік, тіпті оларға мұсылман діні мен молдаларды өзіміз зорлап тандық. Ал ол (ислам) керісінше. Бізге қытай қорғанындай болып қалды» (Әбенев, 2000: 14) деп отарлық үкіметі қазақтарды орыстандыру шоқындыру үшін мұсылман дінін қудалап, қазақтардың рухани жан дүниесіне ауыз салады.

Келесі кезекте Ресей империясы 1867-1868 ж.ж. дейін исламның таралуына ықпал жасап, ал XIX ғ. II жартысынан соң бұл игі іске не себепті тыйым салды деген орынды сұрақ туады, соған жауап іздестірейік. Ислам қағидаларын бойына сіңірген сайын қазақ бұқарасының патша тәртібіне мойын ұсынады деген дәмесі ақталмады.

1779 жылы Петерборда 3600 дана құран шығарылса, 1853 жылы Қазанда 32600 дана құранның жарыққа шыққаны (Елеукунов, 1999: 59) патшалық үкіметті қатты алаңдатты. Сонау II Екатерина үкіметінің өзі қазақ өлкесіне мешіттермен медреселер салуға 20000 рубль қаражат бөлген (Елеукунов, 1999:60).

Сонымен, уақыт өтісімен патша үкіметінің арманы орындалмады. Есесіне Қазақстанда ислам діні өріс алды. Самодержавие өз ықпалын күшейту мақсатында мұсылмандықтың таралуына жағдай жасап келген болатын. Алайда, үкіметке ислам діні қол шоқпар ретінде пайдалану, халық сеніміне кіру еді. Уақыт өтісімен патша үкіметі үшін исламның келеңсіз бағыттары айқындала бастады. Тап осы үрдіс патша саясатын шайқалтып кетті. Исламды қазақ даласына таратуда опық жегендері жөнінде Николай Черновский өз зерттеулерінде «Екатерина заманында саяси пайда әкелді. Деген есеппен таралған ислам дінін құрметтеу оған қамқор жасау кері әсерін берді, себебі біз оларды ислам арқылы Ресейге тартқымыз келді, алайда оған қол жеткеніміз шамалы. Керісінше біз ислам дінін жабайы пұтқа табынушыларға өзіміз әкеліп тақтық, осы арада оларды христиан дінінен алшақтадық» (Әбенев, 1999:89) деп санын соғады.

Осы сәттен бастап Ресей үкіметінің өлкедегі саясаты келесі кезекке қадам басты. 1868 жыл ғы «уақытша ереже» қазақтарды рухани отарлауды да заңдастырып алды. Мысалы: ереженің 251 бабында қазақта рухани ісі жөнінде Орынбор муфтаятына бағындырылды (Жақыпбек, 1999: 181).

Бұл дегеніміз қазақтардың рухани өмірін, болмысын патша уысына салып беру еді. Осы ереженің 258 бабында мешіттерді салу үшін генерал-губернатордың рұқсатын қажет етті (Жақыпбек, 1999:182).

Міне осы 1868 жылғы Ереженің сай патша үкіметі қазақтардың жерін алғанымен қоймай рухани отарлауды заңдастырып алды. Мәскеуде құрылған арнайы миссионерлік қоғамның негізгі бағыттары, мыналар болды:

- Мұсылман елдерін ыдырату, панисламдыққа қарсы күресу.
- Қазақ елінің ағартушылық ісін мұсылман діннен алшақтату.
- Бұратана халықтарды, оның ішінде қазақ халқын, православие дініне өткізу, шоқындыру.
- Халықты ата тарихынан, ұлттық салт-дәстүрмен мәдениетінен қол үздіру мақсатымен қазақтардың ғасырлар бойғы қолданып келе жатқан жазу таңбаларын жою, орыс алфавитін енгізу.
- Орыстандыру мақсатында исламды шектеу және мұсылмандық білім жүйесі мен ордаларын жою.
- Патшалық Ресейдің орта аймақтарындағы ұлт саясатын жүзеге асыратын миссионер маман кадрын даярлау (Смайлова, 1992:10).

Миссионер-мемлекет тарапынан қолдау тапқан шіркеудің бөтен дінді адамдарға өз дінін уағыздаушы, таратушысы. Ал миссионерлік қызмет дегеніміз, атқару экономикасы төмен, білімі кенжелеп қалған, дамымаған елдерде христиан дінін насихаттау арқылы патшаның отаршылдық саясатын жүзеге асыруға жәрдемдесуші деген сөз шығады.

Қазақ халқын рухани жағынан қыспаққа түсіру мақсатында миссионерлік қызметкерлердің эрекеті ерекше. Миссионерлік кадрлар даярлау Қазандағы арнайы мақсатпен «Мұсылмандыққа қарсы бөлім» ерекше қызмет етті. Бұл комитетте сыннан өткен патшаның сойылын соғушы миссионерлер: Н.Н.Остроумов, Е.А.Малов, Н.Я.Низнов, В.Т.Трофимов, Ф.Соколов, В.В. Катаринский, И.Я.Яковлев (Мырзахметов, 1990:11) есімдері ерекше аталады. Миссионерлік мамандарды даярлауда Н.И.Ильминскийдің есімі ерекше аталады. Бұл жөнінде белгілі татар ғалымы А.Каримулин осы мәселеге назар аударма келе осылайша миссионер-мамандарды даярлау ісі Ильминскийдің өз қолына көшті. Мұнда Ресейдің барлық аудандары үшін миссионерлер даярлады.

XIX ғасырдың II жартысында Қазақстанда діни сенімі жөнінде басты екі категорияға бөлінді: исламды уағыздаушылар және православиеліктер. Мұсылмандар жалпы халықтың 73,5 құраса, христиандық 26,4 болса, қалғандары пұтқа табынушылар (Семенов, 1903:188).

Миссионерлердің ықпалдарымен Верныйда (Алматы), православиелік шіркеу бауырластық ұйымы, Тобыл епархиясында, Қызылжарда (Петропавлск), Көкшетауда, Атбасарда, Ақмолада, Омбыда діни миссиялар ашылды (Жақыпбек, 1997: 44).

Міне, діни миссиялар жергілікті халықты христиан дінін таратты. Аталған іске орыс мұжықтары, казактар, орталықтағы шенеуніктер де жаппай атсалысты. Басқа ұлт өкілдері православиелік діни жолына түсіру барлық христиандардың қасиетті парызы ретінде насихатталды. Осылайша XIX ғасырдың II жартысынан бастап шоқындыру саясаты қазақ жерінде жүйелі түрде енгізіле бастады.

Енді қазақ даласында миссия барысында шоқынғандарды есептеп көрейік.

Батыс Қазақстан облысы бойынша 1815 жылы шоқынғандар саны 25 қазақ болса, аталған аймақта 1850-1855 жылдар аралығында 104 қазақ бауырларымыз шоқындырылған (Жақыпбек1997:45).

Жоғарыдағы деректі талдасақ, жылына шамамен 20 қазаққа миссионерлік қызмет жүргізілгенін аңғарамыз.

Ал, Омбы уезінде осындай қазақтар саны 1856-1864жж. арасында 147. Тобыл губерниясында тұратын 140 қазақ христиан дінін қабылдаған. Семей аймағы бойынша 1892-1899 жылдары 148 қандасымыз (Жақыпбек, 1997:46) христиандыққа мойын ұсынған.

Омбы епархиясында 1898 ж. 402 қазақпен (Қарасаева, 2000:19) миссионерлік жұмыс жүргізілген.

Көріп отырғанымыздай бір ғана жылда, 402 қандасымыздың христиандыққа өткені жан түршіктіретіндік факт емес пе. Қазақ даласында православиені кеңірек тарату мақсатында Шульба, Атбасар, Ақмолада шіркеулер тұрғызылды. Осы жерде айта кететін бір жайт миссионерлер орыс-казак станциялармен шектеліп қана қоймай шалғай аудандарға да қазақтармен байланыс жасап, інжіл кітаптар аударып үгіт-насихат жұмыстарын жүргізген.

Осындай бейбіт жатқан ауылдарды шулатып, христиандықты уағыздаушы миссионер, Николаев шіркеуінің священнигі Ф.Соколов өзінің Орынбор және Орал епископы Макарийге жазған хатында 1892-1894 жылдары 2 жыл ішінде 26 қазақты шоқындырғанын (Әбенова, 1999:89), төсін қаға жазады. 1854-1864 жылдары Орынбор өлкесінде барлығы 12 қазақ (Әбенова, 1999:90)

шоқындырылған. Қазақтарды шоқындыруға арнайы дайындықтан өткен миссионерлер ғана емес, сонымен қатар, жоғарғы шенділер де жан-тәнімен беріле кіріскенін көруге болады.

Патша үкіметі тарапынан рухани қысымның күшейе түскенін мынадан көруге болар еді. Мысалы, «қандай да болмасын қазақ болыстарында мешіт тұрғызу үшін, міндетті түрде жергілікті әкімшіліктен рұқсат қағазына қоса кем дегенде 300-400 адамның өтінішін қажет еткенінің» (Садвакасова, 2002:87), өзі үкіметтің қайткен күнде де мұсылмандықты шектеуге жасап отырған әрекеттерінің бірі болатын. Ал енді шіркеу құрылысына келетін болсақ, жағдай мүлдем басқаша өрбіді. Шіркеу құрылысына Қазақтардың көп орналасқан жері әдейі таңдап алынып, шіркеу тұрғызуға үкімет тарапынан әрдайымда көмек көрсетіліп отырған. Сөзіміз салмақтырақ болу үшін; «1892 жылы Әулие Атадағы жіркеу құрылысына жергілікті үкімет тарапынан 2537 рубль 68 тиын бөлініп, бұған қоса қоңырауға (колокол) 1674 рубль» (Садвакасова, 2002: 89), қаражат аударылған.

Өлкеге келген патша жөндеттерінің бірі: «Біз қазақтардың сыртқы қауіпсіздігінен гөрі, ішкі тыныштығын бірінші орынға қоюымыз шарт. Біз, әсіресе, жергілікті халықтың рухани, діни істерін міндетті түрде өз бақылауымызда ұстауымыз тиіс» (Прохоров, 2002:79) деп, табуынан ақ үкіметтің қандай мақсатты көздеп отырғанын сезуге болады. Осылайша патша үкіметі бір кездері өздері әкеп таққан ислам дінін ендігі кезекте құтыла алмай әлек болады.

Қандайда болсын діни жоралғыларға жан пәрменімен қарсы болған Шоқан Уалиханов қазақтар арасына ислам дінінің кең қанат жайып келе жатқанын өзінің мына бір пікірімен дәлелдей түседі» Үкімет қолдауының арқасында ислам діні қазақтар арасына ерекше қарқынмен қанат жаюда. әрбір ауылда бірнеше молда, көшпелі медреселері бар: отыз күн ораза тұтып, бес уақыт намазға жығылмаған қазақтың руластарының арасында еш беделінің жоқтығын айта келе, бір сөзбен айтқанда жергілікті қазақтардың діндарлығының, Стамбул дервишінен еш кем түспейтінін» айтады. Әрине қазақтардың барлығы бірдей нағыз фанат болды деп айту қиын алайда белгілі бір дәрежеде пайғамбар ілімдерінің тарағаны сөзсіз еді.

Шоқан Уалиханов исламның реакцияшыл ықпалының да қазақ қоғамына әжептәуір кедергі келтіріп отырғандығын, өздерінің патша үкіметі алдындағы адал қызмет атқарғанын талай рет дәлелдеген татар молдалары да сол патша үкіметінің ықпалын қазақ бұқарасы арасына тарату үшін пайдаланғанын айта келе: «Қырғыз даласы үшін ненің дұрыс болатынын біле алмай отырмыз. Діни өктемдіктен аулақ бұрынғы надандығы дұрыс болар ма еді, әлде, 300 жыл бойы кері сүйреп келе жатқан қазіргі татар ағартушылығы дұрыс па» деп, қазақтар үшін қай бағыттың дұрыс, қайсысының дұрыс екенін әлі де ажырата алмай отырған секілді.

Осы тұрғыда профессор Н.Бекмаханова өзінің еңбегінде Сыртқы Істер Министріне ислам дінін саяси мақсатқа пайдалану керектігі айтылған бір хатты келтіреді: «Үкімет сұлтанға тиесілі ықпал ете алатындай лайықты адамды молда қызметіне таба алса, онда ол өлкеде ең үлкен ықпалға ие болар еді және де Ресей өлкеде өз қалауынша билік жүргізеді» (Бекмаханова, 1986:158).

Патша үкіметі тарапынан жүргізіліп отырған сұрқия тәжірибелер, қазақ халқының ата қонысынан ығыстырып қана қоймай, қазақтарды рухани жағынан да қыспақп алып отырғанын, халықты тілінен, дінінен, ділінен біртіндеп айыру бағытында қатыгездікпен ойластырылған шараларды жүзеге асырды. Бұл турасында Міржақып Дулатов «Қазағым менің елім менің» атты мақаласында былай деп ашына жазады: «Ең алдыменен қазақ халқы – Россияға тәуелді халық, оның еш құқы жоқтығы мен дәрменсіздігі ыза мен кек тудырады. Орыс чиновниктері мен урядниктері кедей қазақтарды ұрып-соғып, малдарын тартып, ойына келгенін істеп бағуда. Енді чиновниктер біздің дінімізге, атадан мұра болып қалған әдет-ғұрыптарымызға біздің молдаларымызды бақылауда ұстап, тіпті неке мәселелеріне де араласа бастады, діни кітаптарды тұтқынға алуда» (Дулатов, 1996:211) дейді.

Патша үкіметі өлкені рухани игеру мақсатында миссионерлерге зор үміт артқаны белгілі. Миссионерлер арнайы түрде дайындықтан өтіп, Қазақстанға сұрыпталып жіберілгені белгілі, себебі, олардың мойнына зор үміт артылды. Осы мақсатта Қазан рухани академиясының түлектері: Остроумов, Алекторов, Малов, Катаринский, Соколов сынды шаш ал десе бас алатын миссионерлер келді. Миссионерлік кадрларды даярлаудың басында атышулы колонист қазақтарды шоқындырудан ләзза алатын Н.И.Ильминский отырды.

Алайда тек шоқындыру формальды ғана болғаны белгілі. Осылайша миссионерлердің қызметі олардың қанша адамдарды шоқындырғанымен өлшенді. Мысалға, «Қостанай уезінің священнигі Ф.Соколов 1892-1893 жылдары 26 қазақты шоқындырғанын» (Мырзахметов, 1993:29), орталыққа төсін қаға баяндайды.

«1860 жылы әлгі Ильминский пансиондағы оқып жатқан қазақтарды орыстандырам деп, балаларын күштеп зорлап монастырьларға беріп, қарсыласқандарын Сібірге айдап, жас қазақ

әйелдерін маскүнем орыстарға зорлатып, қатын қылып бергендері» (Шонанұлы, 1995:105), үкіметтің бүтін қазақтарды орыс қылмақ болғандығына нақты айғақ бола алады. Қазақтарды күштеп, алдау-арбаумен тіпті арақ беріп, есінен айыру нәтижесінде христиандыққа бас ұрғызу фактілерінің де орын алғаны белгілі. Сөзіміз дәйектірек болу үшін: «Түркістан рухани конситориінің священниктері 1886 жылы Айша Құлмамбетоваға арақ ішкізіп, шоқындырып шіркеуде қамап ұстаған. Алайда, Айша кейіннен қайта өз дініне көшкен» (Садвакасова, 2002:89). Аталғандай, белгілі бір жағдайларға байланысты немесе алдау арасында шоқынып кеткендер кейіннен қайта ислам дініне оралғандары жеткілікті.

Мұсылман дін басыларының қызметіне шек келтіріп ғана қоймай, ислам қағидаларына үкіметтің қандай көзқараста болғанына бір дерек келтіре кетейін: «Бір қазақ өзінің мұсылмандық діни-нанымдарын қорлаған священникті жауапқа тарту туралы бітістіруші судьяға арыз береді. Аталған арызды бітістіруші судья архиэписовқа жолдаған және оған мынадай бұрыштама қойған: дөрекі өсекшіл қазақ Түркияда емес, православиелік-христиандық Ресейде тұратынын ұмытқан ғой. Іс жауапсыз, аяқсыз қалдырылсын» (Құл Мұхаммед, 1998:239) дейді.

Бұған қоса жергілікті басшылар /губернаторлар, генерал- губернаторлар/ білгенін істеп қорлап бақты. Еш күнәсі жоқ қазақты айдауға жіберетін. Басшылар қазақтарға сорақы әдіс-тәсілдерін қолданып баққаны тарихтан белгілі. Мысалға, генерал- губернатор Сухотин: «Өз қабылдауында болған екі қазақтың бас киімін шешіп ишарат білдірмегені үшін, әлгілерді Сібірге айдатып жіберуінің өзі» (Садвакасова, 2002:83) жергілікті халыққа мал есебінде қарағанмен бірдей емеспе. Осындай жүйесіздіктің арқасында қала түрмелері әрдайымда жазықсыз қазақтарға толы болған. Міне аталған жайттардың барлығын қалайша патша үкіметінің қазақтарға қарсы арнайы, жоспарлы түрде бағытталған крест жорығы деп атамасқа.

Аты шулы миссионерлер қатарында, қазақтың тұңғыш журналисі М.Сералиннің ұстазы Николаевскідегі /Қостанай/ қалалық шіркеуінің бас священнигі Ф.Соколов болатын. Соколов та Қазан рухани академиясында даярланып, дін ісіне шынығып шығады.

Ф. Соколов қазақтар арасында болып қазақ тіліне аударылған інжіл кітаптарды оларға оқып беріп, тікелей насихат жұмысын жүргізеді. Қазақтар арасына әліде татарлардың діни ықпалының күшті болуына наразылық білдіріп, оларды қазақ даласынан қууды әрдайымда талап етіп отырған.

Ол өз мәлімдемесінде 1892 жылы мамыр айында Николаевкадағы 21 қазақпен екі татарды шоқындырады. Торғай облысы Дамбар болысынан үш қазақты, Кеңарал болысынан он алты жасар Қанипа Жұматова деген қазақ қызын, Арақарағай болысынан екі қазақты, Ақмола облысы Құсмұрын болысынан бір қазақты шоқындырып, олардың аты жөнін орысша қойғанын (Мырзахметов, 1990:49), айтып төсін қаға хабарлайды.

Миссионерлердің ең бір ұрымтал тұсы, шоқынұшы атауларының ата-анасының азан шақырып қойған атын өзгертіп, орысша қою болатын.

Бұған қоса Ф. Соколов, Б. Алтынсарин мектебінде ұстаздық етіп жүрген кезінде, бір саусағын ішіне бүгіп, өзіне құпия түрде тапсырылған миссионерлік әрекетті сездірмей қызмет атқаруының өзі көп сырлы, қатерлі мол дерттің өзі екені белгілі.

Миссионерлік жолға түскен ғалымдар қатарында Ішкі ордада оқу инспекторлығы қызметін атқарушы Алекторов Александр Ефимович (1861-1919) та болды. Алекторов, патша үкіметінің қазақ халқына қолданған әр қилы саяси-элеуметтік айла тәсілдерінің сенімі болған Ішкі ордада тәжірибе жинақтайды. Мысалы, Алекторовтың «Что нужно для обрусения инородцев» деген аты шулы мақаласында Ішкі ордадағы қазақтарды орыстандырудың мәселесін көтеріп, өзінің миссионерлік жолдағы танымын ашық байқатады. Алекторов бұратана халықтар үшін мектеп орыстандырудың басты құралы деген ұранды басшылыққа алады.

Ішкі ордан мол тәжірибе жинақтап шындалып шыққан Алекторов 1896 жылы Торғай облысының оқу ісі инспекторлығына тағайындалады. Ойы толысқан Алекторов іс тәжірибесін қорыта келе: «Отарланған шығыс халықтарын орыстандыруда алдымен олардың қыздары мен әйелдерін шоқындырудың мәселесіне шешуші мән бере қарауында» (Шонанұлы, 1994:53), аса қатерлі де қауіпті идея жатыр. Алекторов айтып отырған қатерлі ұсынысты патша жөндеттері, яғни жергілікті аймақтардағы басшылар (генерал- губернаторлар), да ерекше мән бере қара құптай жөнеледі. Осы мақсатта қазақ қыздары үшін (Қарқаралы мен Ырғызда) мектеп ашуы көп нәрсенің астарлы түп-төркінін жалаңаштай түседі. Өйткені Шығыс халықтарының үй іші мен болашақ ұрпақтың бесігін тербетіп, халықтық рухтағы тәрбие тетігін ұстап отырған әйел ананы шоқындырғанда ғана орыстандырудың нәтижесінің де әрі сенімді, әрі өнімді болатынына баса назар аударуының өзі, қанқұйлы жымьскы саясатпен астарласып жатса керек.

Енді патша үкіметі осындай ұрымтал тұстарымызға қалай бойлайды деген орынды сұрақ қылтияды. Отаршылар өздерінің көздеген мақсатына жету жолында ең алдыменен Қазақстанға әртүрлі деңгейдегі ғылыми зерттеулер мен экспедициялар ұйымдастырып, жергілікті халықтың салт-дәстүрі, әдет-ғұрпын, халықтың өткен тарихын, ата-баба жүріп өткен жолын әбден таразылай отырып, барып келгені белгілі. Осы мақсатта қазақ даласының тау тасына дейін мұқият зерттеген болатынды.

1866 жылы генерал-губернатор Г.А.Колпаковский Жетісуда 12 қазақ баласын шоқындырып, православие дініне көшулермен құттықтап, әрқайсысына 5 рубльден ақша үлестіріп, сондай-ақ оларға жер бөлінуін қадағаланған (Шонанұлы, 1994:54).

1893 жылдың желтоқсанында «Торғай облысының қырғыздар арасында тұрып жатқан орыс балаларымен жаңа шоқынған мұсылмандарды қорғау қоғамы» құрылып, жарғысы қабылданды. Қоғамның қолдауымен 1896 жылы Қостанай уезінің Михайлов поселкесінде шоқынған қазақтар үшін үйлер және шіркеу мектебі салынады. Орынбор және Орал епископі Макариидің ат салысумен шоқынған қазақтардың 26 отбасына «тұрмысына қажеті заттармен ауылшаруашылық құралдарын алу үшін кезеңдегі 1892 жылғы Торғай облысына егіншілікке бөлінген 25000 рубль есебінен 1000 рубль ақша бөлінеді» (Жексенбаева, 1996:56).

Патша үкіметінің Қазақстандағы отарлау саясатының ақиқат мақсатын патша чиновниктерінің қоғамдық пікірден жасырғаны түсінікті еді. Соай бола тұрса да үкіметтің кейбір өкілдері өздерінің пікірлерін ашықтан ашық білдіреді. Осы тұрғыда Орынбор өлкесіндегі белгілі бір чиновниктің Сухотилин сөзіне көңіл аударайық: «Мен Қырғыздардың басына жұмақ орнатқысы, оларға білім бергісі, сөйтіп оларды Еуропа халықтары шыққан биікке көтергісі келетін филонтроптарға еліктей алмаймын. Мен Қырғыздардың ешқашан егін екпеуін, ғылым түгілі тіпті қолөнерді де білмеуін бүкіл жан тәніммен қалаймын, бірақ сонымен бірге, оларды біздің нанды жеуге, біздің жай шұғаны Ресейдің басқа да осындай қара дүрсін бұйымдарын үйреткім ақ келеді» (Әсіп, 1994: 304).

Аталған мақсатты айқындай түсетін тағы бір деректі келтірейік. Орынбор шекара Комиссиясының төрағасы Ладыженский былай дейді: «Үкіметтің қорғаншылық жасауынан өлке мүлдем марқұм қалып, өз надандығының түгінен мәңгі оралмаса екен, сөйтіп бұл қырғыз халқының жабайы қарапайымдылығымен пайдалануды ертеден аңсаған тәсілі қырғыздырдың көз жұмып, бас шұлғитын алым-салық төлеушісі күйінде қалса екен деп тілейді». Осы саясатты жүргізіп отырғандардың мойындағанындай, патша үкіметінің отарлау саясатының шын мәні, міне осындай.

Отарлық үкімет қазақ даласындағы кедейлермен жетім жесірлерге қамқор көрсеткендей сыйқын танытып оларды пансиондарға апарып, христиандықтың парыздарын насихаттап, шоқындыруға кіріскен. Сөзіміз дәйекті болу үшін «1867 жылы Орал әскери казактарының 17 жетім балаға бірнеше шошқа бақтырып, оларға христиандықтың парызын насихаттағанын» (Құсайынұлы, 2001: 24) айтқымыз келеді.

Шоқынған қазақтардың православие дініне өтуіне факторлар өз әсерін тигізгеніне көзім жетті. Сөз жоқ, ауқатты қазақтар шоқынғауға ешқашанда бармаған, ондай ойыда болмаған. Тіпті енжар қазақтардың өзі де дінін ауыстыруды ойламаса керек. Мұсылмандықтан безіп, христиандықты қабылдау қазақ үшін күнә, ата-баба аруағын қорлағанмен пара-пар болған. Кәпірлікке өтуден асқан опасыздық жоқ деп түсінген атам қазақ. Алайда, қазақтар өмір сүрген осы бір кезең халқымыздың тарихындағы ең бір ауыр ХІХ ғ. ІІ жартысы болатын. Аталған кезеңде қазақ халқы тоз-тоз болып ыдырап патша үкіметінің бодандығын біржолата мойындаған ел еді. 1867-1868 жж. қабылданған «Уақытша ережеден» соң, елдің шаңырағы шайқалып, іргесі сөгіле бастады. Міне осындай жағдайларды миссионерлер өз пайдаларына жарата бастады. Бірақ та патша саясатының күткендей нәтиже бермегені жөнінде әйгілі жиһангер географ В.П.Семенов Тянь-Шанский былайша сыр шерттінді «христиандық қырғыздарға әрең-әрең енгізіліп жатыр: Семей және Торғай қырғыздары миссияларының қызметі елеулі нәтиже әкелмей отыр, тек кедейлер /жатақтар мен байғұстар/ арасындағы уағыздар ғана кейбір табыстарға қол жеткізеді: олардың арасында тек материалдық жағынан өте мұқтаж адамдар ғана христиандықты қабылдауға мәжбүр болды, магаметандықты қайта қабылдау жағдайлы да аз емес» (Семенов, 1903:222).

Көріп отырғанымыздай, христиандықты қабылдау тек халықтың төменгі өкілдерін ғана қамтыған және ол тек материалдық мұқтаждық өтеген, бұған қоса олардың арасында исламдыққа қайта өтіп жатқандар көп болған.

Қазақ халқы көрегендігімен ұлт мүддесін әрдайым қорғай, сақтай білген. Ата-баба дәстүрін, әдет-ғұрпын, діні мен тілін шамасы жеткенше сақтап отырған.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- Құл Мұхаммед М. Алаш қайраткерлері саяси-құқықтық көзқарастарының эволюциясы. – Алматы: Атамұра, -1998. - 360б.,-Б.191.
- Мырзахметов М. Қазақ қалай орыстандырылды. – Алматы: Атамұра, 1993. -128 б., - Б.17.
- Круберм А. Азиатская Россия. - М.;1905. - 551 с; С. 332.
- Семенов В.П. Россия. - Спб: изд. А. Ф.Деврина, 1903. – 478 с., - С. 220.
- Әбенев Д.Қ. XIX ғасырдың соңы - XX ғасырдың басында қазақ жеріне орыс шаруаларының қоныстануы мен оның зардаптары. Канд. дисс. авторефераты. – Алматы. - 2000. - Б.30; -Б. 10.
- Елеуқенов Ш, Шалғынбаева Ж. Миссионерлік мерез// Ақиқат. -1999.-№1.-Б.59-63.,-Б.59.
- Әбенев Б.С. Орынбор әкімшілігінің өлке қазақтарын орыстандыру бағытындағы қызметі жөнінде // Ақиқат. -1999. - №2. -Б. 88-90., - Б.89.
- Жақыпбек С.К., Белбаева А.А. Материалы по введению русской политической системы управление в Казахстане. – Алматы: Қазақ университеті, 1999. -257с.,-С.181.
- Смайлова М. Еркіндік алып еркінсімейік// Қазақ әдебиеті- 1992 – 24 шілде. -Б.10.
- Мырзахметов М. Ильминский, Остроумов, Алекторов// Қазақ әдебиеті. – 1990. - 13 көкек.,-Б.11.
- Жақыпбек С.К. Қазақ қалай шоқындырылды //Ақиқат. -1997.-№3.-Б.44-50,-Б.44.
- Қарасаева Ғ. Рухани отарлау жолы миссионерлік//Қазақ тарихы, - 2000. - №6 –Б. 19-22.,-Б.19.
- Садвақасова З. Политика Русского царизма в южном Казахстане// Евразийское сообщество. -2002.-№4.-С.85-91.,- С.87.
- Прохоров И. Расселение Сибирских казаков в Казахстане во второй половине XIX века//Евразийское сообщество. - 2002.-№3.-С.81-84.,-С.79-80.
- Бекмаханова Н.Е. Многонациональное население Казахстана и Киргизии в эпоху капитализма. – М.: Наука, 1986. – 243 с., - С. 158.
- Дулатов М. Шығармалары. Алматы, 1996. - 319 б., - Б.211.
- Шонаұлы Т. Жер тағдыры – ел тағдыры. – Алматы: Санат, 1995. – 224 б.,-105.
- Жексенбаева Г. Орыс-қазақ мектептері және отарлау саясаты // Қазақ тарихы. -1996. - №1. - Б. 53-56.
- Әсіп С. Қазақ қасіреті. - Алматы: Қазақстан, 1994, 304 б., - Б.204.
- Құсайынұлы К. Читая документы о казахского-русских отношениях в XVIII-XIX веках. – Алматы: Дәнекер, 2001. - 141с. - С. 24.

ДИНАМИКА РАЗВИТИЯ НЕЗАВИСИМОГО КАЗАХСТАНА

Кабаева Ж.А.

*д.ф.н., профессор, КазНПУ им. Абая
(г. Алматы, Казахстан) E-mail: kabaeva_zha@mail.ru*

Введение. Всего около 30 лет нашему независимому Казахстану, становление и развитие которого происходили на наших глазах. Мы и свидетели, и участники этих событий, и в какой-то степени и судьи. Поэтому и личностный опыт, и теоретическое осмысление, и сами фактические достижения, являясь дополнениями друг другу, позволяют составить более целостную картину становления молодого независимого государства.

В работе применены методы компаративистики, герменевтики и статистический подход к анализу данных. Казахстан относится к странам как с переходной, так и развивающейся экономикой. Задачей для таких стран выступает «учиться быть капиталистами» (Jason Potts, 2019: с.12)

Остановимся на трех важных этапах истории независимого Казахстана: на начале становления с 1991 г., на 2012 г. и на последних годах.

Цель и стратегические направления развития республики были намечены в грандиозном проекте «Стратегия развития Казахстана до 2030» (1997 г.) [2]. Как верно отмечает Абыкаев Н.А., что этот документ «...уточняет состав приоритетов и этапы их реализации. Стратегия «Казахстан-2030» (1997) – уникальный государственный стратегический документ. Ни в других странах СНГ, переживающих сложный период трансформации радикальных перемен, ни в развитых или развивающихся странах государственные лидеры не выступали с аналогичным стратегическим документом» (Абыкаев, 2017: с.34).

Было немало скептических высказываний в адрес этого документа. Казалось, как далек 2030 год – где – то за горизонтом, а оказалось – по – другому. Время подтвердило, что в этом проекте были правильно выбраны стратегические направления для успешного экономического, политического, социального развития нашего государства.

Первые годы независимости были очень трудными. Надо было просто спасти страну. По здравому смыслу люди нуждались в работе, безопасности.

В этот переходный период концентрация сил в одних руках, четкое руководство страной имели существенное значение. Если говорить образно, то у руля огромного корабля должен был стоять

сильный капитан, который вел бы корабль страны по верному пути, обладал бы мужеством принимать правильные решения и нести за них полную ответственность.

Динамика развития страны менялась. На первом этапе становления независимости Казахстана была стратегия выживания, затем она сменилась стратегией роста. Имели место специфические особенности становления нового во всех отношениях государства. Прогрессивно – поступательный ход развития выстраивался на основе правильно выбранной приоритетности, где вначале стояли безопасность страны и успешная экономика, потом политика и другие сферы. Поэтому в первые годы независимости Казахстана были точно определены границы нашего государства, закрыт Семипалатинский ядерный полигон. Это были задачи исторического масштаба. Первые годы независимости республики Казахстан (с 1991 г.) явились очень трудными. Была следующая объективная данность: полный развал в экономике, безработица, удручающая социально-политическая сфера. Надо было просто спасти страну, спасти ее жителей. Республике нужно было переходить на рыночную экономику, переходить от государственной формы собственности к частной, переходить от социалистического способа производства к капиталистическому. В Казахстане это был не просто переход, *а переход сразу же, без колебаний*, бесповоротно во всех отраслях экономики. Переходить, так переходить.

При таком переходе важно было как можно быстрее ставить экономику на «новые капиталистические рельсы», что и было сделано.

В некоторых соседних республиках переход на рыночную экономику происходил медленнее, у них еще долгие годы оставались совхозы и другие социалистические формы собственности. И жителям этих стран в начале 90-х гг было легче, чем нам, так как по инерции работали заводы и фабрики, а значит во время выдавались зарплаты и т.д. А в нашей стране такого не было. Такое движение по инерции через некоторое время выдохлось, так как в условиях рыночных отношений старая система производственных отношений была нежизнеспособна.

Процессы, происходящие в нашей стране, не в полной мере соответствовали статусу «демократических», - были и такие высказывания. О какой полной демократии можно было говорить в то время, когда людям, стране нужно было просто выживать, выходить из глубокого кризиса, поэтому во главу угла был поставлен экономический вопрос.

В этой связи можно провести историческую аналогию, вспомнив, как 32-й президент США Франклин Рузвельт (1882-1945) выводил свою страну из величайшего кризиса 30-х годов прошлого столетия. Для Ф.Рузвельта главным делом было – это спасти страну. По здравому смыслу, что нужно было американскому народу- это, в первую очередь, работа и безопасность.

Когда отец приходит домой, то он должен принести зарплату, говорил Ф.Рузвельт в своих беседах с народом, проводимых им по радио, и призывал людей к действию. Тогда в США был крах банковской и финансовой систем. 11000 банков закрылись. Под руководством президента Ф. Рузвельта в стране были задействованы такие общественные проекты, как строительство стадионов, детских садов и т.д. Ф.Рузвельт говорил о «регулируемом капитализме». Постепенно страна стала выходить из кризиса. У людей появилась надежда. Люди поверили, что правительство защитит их интересы, что лучше хранить деньги в заново открытых банках, чем в матрацах. Американцы, почувствовав позитивные перемены, поверили своему президенту. Вера народа своему президенту стала огромным капиталом. В таком контексте *вера народа* выступает мощной социально - политической силой, способной вывести страну из кризиса. Видно, как много схожего было у наших стран при выходе из кризиса.

По аналогии, в нашей стране по достигнутым результатам деятельности первого президента страны и его команды, люди поверили в них. Это доверие казахстанского народа своему руководству, в проводимую им политику содействовало успешному проведению почти всех намеченных реформ. К примеру, когда было сказано руководством о том, что даже при банкротстве банков второго уровня обязательно будут без помех выданы до 5 млн тенге каждому вкладчику, то люди поверили в надежность своих банковских вкладов. Эта вера людей в определенной мере сопутствовала стабильности и успеху банковской системы.

В то же время нужно подчеркнуть, что кризис начала 1990-х годов в нашей стране по сравнению с американским кризисом 1930-х годов имел свою специфику. Кризисы имеют системный характер, но у нас был, если можно так выразиться, углубленный системный кризис. Нужно было не просто выводить страну из кризиса, но и вписать экономику страны в мировой экономический процесс; перейти из одной системы экономических отношений в другую, от одной формы собственности в другую, от государственной к частной; но что самое трудное – менять в определенной мере менталитет населения. Этот процесс в нашей стране продолжается.

Все познается в сравнении. Почти все постсоветские республики в одно и то же время приобрели независимость после распада СССР (1991 г.), но находятся на разных точках развития.

Наша страна по многим экономическим, социальным показателям опережала соседние страны. Посмотрим динамику роста показателей по некоторым параметрам. Можно привести некоторые цифры на 2012 г.

Среди стран Таможенного союза наша республика была впереди по результатам деятельности банковской, финансовой структур. В рейтинге по фактору «Процветание стран» (ноябрь 2012 г.) республика заняла первое место среди стран СНГ, 46 место - среди всех стран мира. Согласно рейтингу Всемирного экономического форума, приведенному в отчете The Global Competitiveness Report 2011-2012, Казахстан поднялся с 26 на 18 место (из 142 стран мира) и стал лидером в Центрально-Азиатском регионе по показателю «Макроэкономическая стабильность». Много и других достижений по другим параметрам [4].

Прогресс в нашей стране в большей степени был обеспечен правильно выбранной системой ценностей, в которой была следующая иерархия: вначале обеспечить безопасность страны, поднять экономику, а потом уже сделать акцент на политическую и другие сферы.

Важным подходом в осуществлении прогрессивного хода развития нашей страны является кадровая политика, проводимая государством. «Кадры решают все» – это положение можно взять за основу всей кадровой политики. Данное положение было известно ранее, в некотором роде оно даже избитое, но оно всегда звучит актуально.

Вышеперечисленные достижения РК и успешность будущих больших событий государственного масштаба стали возможны благодаря задействованной большой армии специалистов. Этому вопросу в нашей стране уделялось большое внимание. Для успешной подготовки высококвалифицированных специалистов наша республика подписала Болонский процесс.

Главное, качество подготовки специалистов. По программе «Болашак» за рубежом учатся много молодых казахстанцев, которые привносят в наше общество новые современные знания, инновационные методики и методологию получения и применения знания на практике. Они вошли в научное поле современных изысканий, исследований; овладели научным английским языком, приобрели определенные навыки и умения; они ознакомились с другими культурами и другим уровнем цивилизации. В г. Дюссельдорфе (Германия) в центре повышения квалификации так и говорили, что из всех бывших постсоветских республик именно наша страна вкладывает большие средства в обучение своих граждан за рубежом (со стороны виднее, поэтому они могут проводить такие сравнения и их оценка более объективна). На начало 2021 г. выпускников болашаковцев насчитывается 17 000. Еще раз нужно подчеркнуть, что со стороны государства созданы благоприятные условия для подготовки специалистов.

Успешное развитие нашей страны стало возможным благодаря правильному руководству, обеспечившему адекватное разрешение проблем государственной важности по развитию всех отраслей производства; разрешению проблем социальной, политической сфер в совокупности.

Социально-экономические показатели Казахстана за последних годы.

Казахстан (РК) в 2016 г. занял 56-ую строчку среди развитых стран мира. С абсолютной позиции – это невысокий показатель, но с относительной не так. В основе такой успешности лежит совокупность факторов, определяющим из которых является выбор руководством страны оптимального пути развития, определенного как стратегией, так и тактикой становления и развития экономической, социальной, политической сфер в целостности. К одному из объективных факторов относится и то, что РК является нефтедобывающей страной.

Согласно отчету Всемирного экономического форума по глобальной конкурентоспособности за 2017-2018 годы («The Global Competitiveness Index 4.0 2018») Казахстан занимает 59 место, Киргизия - 97, Таджикистан - 102, Россия - 43» [5]. На первых местах располагаются «1. United States 2 Singapore 3 Germany 4 Switzerland 5 Japan 6 Netherlands 7 Hong Kong 8 United Kingdom» [5]. Эти страны – лидеры являются своего рода ориентирами для развивающихся стран, у которых надо учиться у них, как «стать капиталистами».

Пандемия коронавируса COVID-19 внесла свои коррективы в экономику, социальную сферу всех стран. Казинформ сообщил, что по итогам социально-экономического развития РК за 2020 г. ВВП уменьшился на (-2,5%), сектор услуг на (- 5,6%), торговля на (- 7,3%), но хорошие показатели были в секторах строительства (+11,2%), сельского хозяйства (+ 5,6%). На антикризисные меры правительством РК было выделено \$15 млрд, что составило 9% от ВВП [6]. Тогда как в до пандемическом 2019 г. РК удалось достичь хороших показателей - рост ВВП составил 4,5 %. Этот

показатель был намного выше общемирового. У России рост ВВП за 2019 г. составил 1,4 %, у Европейского Союза примерно такой же показатель. [7]. По прогнозам рост ВВП в Казахстане в 2021 г. будет 3,2%.

В период коронавируса (с марта 2020 г.) компьютерная грамотность населения выросла в разы, в больших масштабах произошла компьютеризация населения, особенно жителей сельской местности. «Прежде всего, предстоит устранить цифровое неравенство, обеспечить максимальный доступ к интернету и качественной связи всех граждан. Сегодня это такая же базовая потребность, как дороги и электричество» [8]. В один ряд с такими признанными ценностями, как электричество, дороги встают интернет, компьютеры.

За все годы независимости (29 лет) в Казахстан было привлечено более \$330 млрд инвестиций, которые составили примерно 60 % от всех инвестиций в ЦА (Центральная Азия). Здесь нужно отметить, что по привлечению инвестиций Казахстан всегда был на первых строчках среди стран Евразии, а тем более в ЦА. Этому способствовали стабильная обстановка в республике, благоприятные льготные условия для ведения бизнеса. Показатели по инвестициям: у Казахстана - 117,2%, у Киргизстана -103,3, у Таджикистана - 107, 8, у Туркменистана - 77,8, и у Узбекистана – 130,9, у России -104,1. Самый высокий показатель у Узбекистана, затем у

Казахстана (9, Основные макроэкономические показатели, 2018).

Демографический рост привел к тому, что в 2019 г. 51% от всего населения Казахстана составляла молодежь до 29 лет. Это очень хороший демографический показатель. В 2020 г. в стране был «бэби-бум».

Еще много нерешенных проблем. Протекционизм имеет место быть в Казахстане во всех экономических, социальных сферах, с которыми, особенно в последние годы, проводится жесткая борьба. Президент РК Токаев К.-Ж. (с 20.03.2019) объявил борьбу с коррупцией своей приоритетной задачей. Далее в этом же документе (The Global Competitiveness Report 2018) отмечено: «В некоторых странах (например, в Армении, Азербайджане, Грузии и Казахстане) реформы на рынке труда могут также способствовать улучшению распределения и удержания квалифицированных кадров». (Отчет, 2018, с, 27-28). В Казахстане дан мощный импульс для развития малого и среднего бизнеса; идет жесткая борьба с коррупцией; с осени 2019 г начало работать «слышащее государство»; улучшаются все социально-экономические показатели; мощным ходом идет реализация проектов по жилищному строительству; обеспечению жильем малообеспеченных и молодых специалистов до 29 лет; строительство студенческих общежитий; реализуется адресная социальная помощь (АСП) многодетным семьям, успешно идет процесс цифровизации экономики, образования, здравоохранения и других сфер. Тем самым совершенствуются все компоненты социально – экономической системы. Есть страны, которые могут «...осуществить скачкообразный прорыв и войти в состав авангардных стран. Этими возможностями обладает Казахстан при реализации оптимистического сценария социально-экономического развития. Важнейшим условием реализации этого сценария является обоснованный выбор долгосрочных стратегических приоритетов и выработка эффективного механизма их последовательной реализации» (Абыкаев Н.А, 2017: с.35). Уже через 2 - 3 года достигнутые результаты будут ощутимы населением. Казахстан - успешно развивающееся государство, в котором желают жить 87% его населения [10]. Многие намеченные цели, поставленные в проекте «Казахстан - 2030», были достигнуты уже досрочно - к 2012 г. В декабре 2012 г. был задействован новый стратегический проект «Казахстан – 2050», в котором была поставлена еще более высокая цель: Казахстану к 2050 г. войти в тридцатку развитых стран мира. Сейчас Казахстан движется к этой цели.

Президент Казахстана К.-Ж. Токаев отметил, что Казахстан является государством, «вошедшим в группу 50-ти наиболее конкурентоспособных стран мира» (К.-Ж. Токаев, 2019: с.1).

Вывод. Стратегическая направленность развития страны с акцентом сначала на экономику, а уже затем на другие сферы дает свои плоды. Наступает время, когда благосостояние народа будет быстро расти, что уже в течение 2-3 лет будет явно ощущаться каждым жителем. Такая успешность стала возможной в силу ряда причин. В первую очередь, благодаря принятию верной стратегии развития страны, отраженных в документах «Стратегия развития Казахстана до 2030» (1997 г.), «Стратегия «Казахстан-2050» (2012 г.). Первый проект уже реализован и досрочно. Такой стратегический план развития у других стран не имелся. Включение страны в мировой экономический процесс, особенно страны центрально - азиатского региона, трудный процесс, который имеет свои специфические особенности. Поэтому можно говорить об успешном «казахстанском пути развития».

Список использованной литературы:

1. Jason Potts. Innovation Commons: The Origin of Economic Growth. Oxford University Press. 2019.
2. Долгосрочные приоритеты и стратегия развития Казахстана до 2030 г. (Казахстан – 2030) https://studopedia.ru/9_64805_filosofiya-tehniki.html (обращение 25.12.2019) (обращение 23.01.2020)
3. Абыкаев Н.А. Приоритеты устойчивого экономического развития на этапе новой (третьей) модернизации Казахстана. – Москва: Экономика, 2017. – 232.
4. 1. <https://www.weforum.org/reports/global-competitiveness-report-2011-2012>
5. Отчет о глобальной конкурентоспособности 2017-2018 <https://roscongress.org/materials/otchet-o-globalnoy-konkurentosposobnosti-2017-2018/> (обращение 23.01.2020)
6. (https://www.inform.kz/ru/itoki-social-no-ekonomicheskogo-razvitiya-rk-za-2020-god_a3745588) (обращение 10.02.2021)
7. <https://primeminister.kz/ru/media/infographic/itogi-socialno-ekonomicheskogo-razvitiya-kazahstana-za-8-mesyacev-2019-g> (обращение 20.01.2020)
8. http://www.akorda.kz/ru/addresses/addresses_of_president/poslanie-glavy-gosudarstva-kasym-zhomarta-tokaeva-narodu-kazahstana-1-sentyabrya-2020-g (обращение 27.11.2020)
9. Основные макроэкономические показатели стран СНГ. 11 III квартал 2018 г. в % к III кварталу 2017 г. cisstat.com/rus/macro/mac13_qrt.htm (обращение 23.01.2020)
10. В какой город мечтают переехать казахстанцы и сколько оптимистов в стране? Исследование. https://365info.kz/2018/12/v-kakoj-gorod-mechtayut-pereehat-kazahstansy-i-skolko-optimistov-v-strane-issledovanie?utm_source=mailru&utm_medium=par (обращение 21.01.2020)
11. Выступление Президента Республики Казахстан К.-Ж. Токаева на совместном заседании палат Парламента 20 марта 2019. [akorda.kz/ru/speeches/internal](http://www.akorda.kz/ru/speeches/internal) (обращение 23.01.2020).

**ҚОНЫС АУДАРУ САЯСАТЫНЫҢ ДӘСТҮРЛІ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНЕ ӘСЕРІ
(XIX ғасырдың II жартысы мен XX ғасырдың басы)
(Жетісу материалдары бойынша)**

Бисембаева Л.А.

PhD доктор, аға оқытушы

Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті

(Алматы қ., Қазақстан) E-mail: Lyazzatamandykovna@gmail.com

XIX ғасырдың II жартысынан бастап қазақ жеріне діні мен дәстүрі бөлек халықтардың көптеп қоныс аударылуы өлкедегі дәстүрлі мұсылмандық білім беру жүйесін терең дағдарысқа түсірді. Мұсылмандық білім беру қазақ жерінде ертеден қалыптасып, дамыған-ды. Ислам діні VIII-XIV ғасырларда Еуразия даласын – Волга-Кама аймағын, Қазақстанның далалы аймақтарын, Жетісу мен Сырдарияны, Шығыс Түркістанды – мекендеген түріктер арасында мұсылман ғалымдары мен сопылар арқылы кеңінен таралған болатын [Нуртазина, 2015:133]. Мұсылман діні халық арасында дінді таратудың негізгі арнасы болып табылатын мұсылмандық білім берумен тығыз байланысты болды. Мұсылмандық білім берудің өзіне тән функциясы – жазуға, оқуға және санауға үйрету болды. Мектептер мен медреселер арқылы (арабша «мактаб» - жазатын орын, «мадраса» - оқитын орын) білім алған халықтың сауатты бөлігі араб, парсы және шағатай тілдерін еркін меңгерді. Жоғары медреселерде сонымен бірге ислам әлемінің тарихымен, философиясымен, логикасымен және Шығыстың классикалық әдебиетімен танысты. Осылайша, Орта Азия мен Қазақстанда орта ғасырлардан бастап Қасиетті Құранға, ислам дінінің рухани-этикалық құндылығына, яғни білім алушылардың мұсылмандық адамгершілік рухында тәрбиеленуіне басымдылық берілген бірыңғай мұсылмандық білім беру жүйесі қалыптасқан болатын [Нуртазина, 2008:40]. Яғни, мұсылмандық білім беру арқылы халықтың салт-дәстүрімен қоса ұрпақ тәрбиесі де ислам дінімен біртұтастанып, біте қайнасып кеткен-тін.

Патша үкіметі, әрине, қазақ жерін толық отарлау үшін тек саяси және экономикалық жағынан үстем болудың жеткіліксіз екенін жете түсінді. Қазақ халқының ислам дінімен біртұтас рухани-мәдени бірлігін ыдыратпайынша, орыстандыру саясаты өз жемісін бере қоюы екі талай еді. Сондықтан халықтың ислами дүниетанымын өзгертіп, оны мұсылмандықтың ықпалынан шығару үшін патша үкіметі діні мен тілі басқа халықтарды қоныс аудару үдерісін бұрынғыдан да жандандыра түсті. Олардың жаңа жерлерде өздерін барынша жайлы сезінуі үшін билік тарапынан ерекше қамқорлық жасалып, тұрғын үй, мектеп, шіркеу салып беру жұмыстары бірінші кезекте жүзеге асырылды [ҚР АОМА. 177 қ., 1 т., 1017-іс. 72 бума. -6п.]. Сонымен бірге билік тарапынан олардың мәдениеті мен дәстүрі кеңінен насихаттала бастады.

Қоныс аударушылардың дәстүрі мен дініне, олардың білім алуына барынша қамқорлық танытқан билік жергілікті халықтың діні мен дәстүріне, дәстүрлі білім беру жүйесіне көңіл бөлмеді. Христиан дінін барынша насихаттау арқылы ислам дінін әлсіретуді мақсат тұтты. Қазақтардың арасындағы мұсылмандық білім мәселесіне қамқорлық танытуды қажет деп таппаған билік қамқорлықсыз қалған мұсылмандық білім жүйесі ақырында өзінен-өзі жойылып кетеді деген сенімде болды.

Жергілікті халыққа қоныс аударушылардың өмір сүру салты, діні мен дәстүрі оғаш көрінген тосын құбылыстардың бірі болды. Сондықтан жергілікті халықтың көңіл-күйін жіті бақылап отырған билік қазақ балаларын орыс мектептеріне бірден ашықтан-ашық тартпай, алдымен қоныс аударып келген халықтың салт-дәстүріне жергілікті халықтың көзін үйрету үшін барлық христиандық мерекелер мен діни жөн-жоралғылар ұдайы ашық алаңдарда, көшелерде ұйымдастырылып отырды [Недзвецкий, 1905:394]. Мысалы, пасха мерекесімен құттықтау ресми түрде ұйымдастырылып, соңы мерекелік көңіл көтерулерге ұласып отырған. Мерекелерге орай қоғамдық орындарда өткізілетін мәдени шаралар туралы алдын-ала хабарланып, патша әкімшілігі халықтың кең көлемде қатысуына мүдделі болды [Семиреченские областные ведомости, 1911]. Православия мерекелерінің ішіндегі басты мереке Пасхамен бірге «дванадесятые» деп аталатын 12 маңызды мереке де кеңінен атап өтіле бастады. Сонымен бірге биліктің ұйымдастыруымен маңызды мерекелер қатарына патшаның таққа отырған күні, тәж киген күні және патшаның, оның отбасы мүшелерінің туған күндері сияқты саяси мерекелер де қосылды [Белов, 1988:256]. Осылайша, қазақ жерінде қоныс аударып келуші өзге дінді халықтар санының көбеюіне байланысты ХІХ ғасырдың ортасынан бастап дәстүрге жат рождество, пасха және патша отбасының туған күндері сияқты саясиландырылған мерекелер тұрақты түрде атап өтіле бастады.

Қазақ халқының санасына жат мерекелерді сіңіру арқылы оларды орыс мәдениетіне жақындату биліктің ұйымдастыруымен көпестер мен арнайы құрылған әртүрлі қоғамдар арқылы да жүргізілді. Мәселен, көпестер мен қоғамдық ұйымдар өздерінің тауарлары мен қызметін ұсыну үшін мерзімді басылымдарда діни мерекелер қарсаңында тауарларын арзанға сататынын, мерекені атап өту барысында лотерея ойнатылатынын, т.б. хабарлай отырып, бір жағынан саудасын жарнамаласа, екінші жағынан жаңа мерекелерге жарнама жасады [Семиреченские областные ведомости, 1911].

XVIII ғасырдың соңына қарай патша үкіметі қазақтарды империяға бағынышты, бодан халыққа айналдыру мақсатында Орта Азиялық отырықшы мұсылмандардың ықпалынан шығарып алып, олардың Ресеймен байланысын артыруға күш салады. Осы бағытта ислам дініне қолдау көрсеткен сыңай танытып, Ресеймен шекаралас аймақтарда мемлекет қаржысына мешіттер салып беріп, молдаларды да өздері татарлардан тағайындаған болатын [Патша үкіметінің Қазақстандағы діни саясаты]. Нәтижесінде ХІХ ғасырда қазақ жеріндегі молдалар негізінен татарлар болды. Қазақ өлкесінде тілмаштық жасап, сауда-саттықпен айналысқан татар көпестері мешіттердің жанынан татар және қазақ балаларына арнап мектептер мен медреселер аша бастады. Ол оқу орындарына Қазаннан арнайы білімі бар молдаларды шақыртып отырған [Қазақ қоғамындағы татар зиялыларының ағартушылық қызметі]. Осылайша, патша үкіметінің жергілікті халықтың дәстүрлі білім саласын елемей, назардан тыс қалдыруы, өз кезегінде, татар молдалары арқылы мұсылмандық білім жүйесінің жандануына әсер етті.

Татарлардың мектеп пен медреселер ашып, мұсылман балаларын бірге оқытып жатқаны орыс билігіне, әрине, ұнамады. Үкіметке мұсылмандық білім беру жүйесінің жандана бастауы, әрі ислам дініндегі халықтардың рухани бірлігі өте қауіпті еді. Жергілікті халықтың рухани әлемі үшін күресті тек қоныс аудару саясаты және христиан мәдениетін насихаттау арқылы шешу жеткіліксіз екендігін аңғарған билік енді мұсылмандық білім саласына қатысты ұстанымын өзгерте бастады. Бұдан былай бұрын еленбей, қамқорлықсыз қалдырылғандықтан өздігінен жойылып кетеді деп күткен мұсылмандық оқу орындарының және молдалардың үстінен қатаң бақылау қойылды. Ендігі жерде оларды ерекше инспекторлар бақылап отыратын болды [Абдирашидов, 2011:49].

Бұрын жергілікті халықтың балаларын орыс мектептеріне тарту байыппен, сақтықпен жүргізілген болса, 1867 жылы Түркістан генерал-губернаторлығы құрылысымен өлкенің генерал-губернатор Кауфман 1867 жылдан Жетісу және 1868 жылдан Сырдария облыстарының мұсылман балаларын православия дініндегі балалармен қосып оқытуды ұсынды. Осылайша, бірте-бірте орыс-түзем мектептерін көбейтіп, мұсылмандық оқу орындарын жойып жіберуді жоспарлады. 1868-1869 жылдардан бастап Жетісу облысындағы орыс оқу орындары христиандық бағытта жұмыс істеп, оқушыларға негізінен христиандық діни тәрбие берілді [Абдирашидов, 2011:37-38].

Орыс-түзем мектептерінде білім христиандық бағытта болғандықтан қазақтар ондай білім ошақтарына балаларын беруге табанды түрде қарсылық көрсетті. Балаларының тек мұсылмандық оқу

орындарында оқуын қалады. Оған жауап ретінде билік 1870 жылдан бастап мұсылмандық оқу орындарында орыс тілін енгізуді міндеттеді. Егер орыс тілін оқытатын мұғалім болмаса, мұсылмандық оқу орындарын ашуға рұқсат берілмеді. Оған қоса Түркиядан, Бұхарадан және басқа Шығыс елдерінен мұсылмандық білім алып келгендерге бала оқытуға тиым салды. Балаларын мұсылманша оқытқысы келетін тұрғындар оқу орнының басшыларынан құны 50 тиын тұратын рұқсат куәлігін алуы тиіс болды. Оған мойынсұнбай балаларын куәліксіз оқыта берген мұсылмандар алғашқыда 10 сом, екінші жолы 30 сом айыппұл төлесе, үшінші жолы 5 тәуліктен 15 тәулікке дейін абақтыға қамалды және балаларының бұдан бұлай мұсылмандық білім ошақтарында білім алуына тиым салынды [Қойгелдиев, 2014:142-143].

1877 жылдан бастап Жетісу облысының Әскери губернаторы облыстағы қазақ балаларының өзбек және татар мектептеріне қабылдауға тиым салды [Нуртазина, 2008:45]. Патша үкіметі, осылайша, қазақ жеріндегі дәстүрлі білім жүйесіне қысым жасай отырып, империяға бағынышты мұсылмандардың рухани бірлігін ыдыратуды және христиан дініндегі халықты көшіріп әкеліп, православиялық білім ошақтарын көбейтуді, әрі олардың жұмысын жетілдіре түсуді басты назарда ұстап отырды.

Қазақтар биліктің қатаң бақылауы мен әртүрлі қысымшылығына қарамастан балаларын мұсылманша оқыта берді. Мысалы, 1869 жылы Жетісу облысында 747 оқушы болса, оның 340 мұсылманша оқып жатқан қазақ балалары болды [Абусейтова, Муминов, 2008:129].

Қазақ балаларын мұсылманша оқытумен татарлар мен сарттар айналысты. Олар ауылдарды аралап, қазақ балаларының мұсылманша сауатын ашуға үлес қосты. Қазақ ауылдарында тұрақты мектептер болған жоқ. Оқу мерзімі ауылға молдалардың қанша уақытқа келгеніне байланысты болды: олар ұзақ уақытқа келген болса, онда мектептер де сонша уақыт жұмыс істеді. Байлар молдаларды арнайы шақыртып алып, балалары тұрақты білім алу үшін оларды көшкенде өздерімен бірге алып жүрген [Тулекова, 2004:72]. Мәселен, 1888 жылы Жетісу облысында молдалардан білім алып жатқан мұсылман балаларының саны 8856 болса (оның 6792 ер, 2064 қыз балалар), оның ішінде қазақ балаларының саны 4247 (3774 ер, 573 қыз балалар) болды [ҚР ОМА. Қ.64. Т.1. Іс 395. п. 43, 51].

Толық емес мәліметтер бойынша 1882 жылы Жетісуда 281 көшпелі молда болса, 1886 жылы олардың саны 361 жеткен [Қойгелдиев, 2014:141-143]. Бір ескеретін жағдай мұсылманша білім алып жатқан жергілікті халық балалары мен оларға білім беруші молдалар туралы ақпараттар нақты бола бермеген. Себебі, кейбір болыс басшылары молдалардың ықпалымен мұсылмандық оқу орындары мен олардағы оқушылар туралы мәліметтерді жасырып қалып отырса, патша шенеуніктерінің көзіне түсіп қалғысы келген кейбір болыс басқармалары олардың санын асыра көрсетіп отырған [Галиев, 2001:10-11].

XX ғасырдың басында Жетісу облысының Лепсі аймағындағы әр мың ер адамның 63 мұсылманша сауаты бар болса, Қапал аймағында мұсылманша сауаттылардың жалпы саны 6265 адам болған [Жолсейтова, 1999:18].

1910 жылы облыстағы мұсылманша оқып жатқан оқушылар саны – 6287 (5417 ұл, 870 қыз балалар), мұсылмандық оқу орындарының саны - 248, молдалар саны – 214 [Тулекова, 2004:72] болғаны айтылады. Бірақ, мақсатты түрде жойылып жіберілуі көзделгендіктен билік тарапынан ешқандай материалдық көмек көрсетілмеген мұсылмандық білім жүйесі дағдарысты жағдайға жеткен еді. Мұсылманша берілетін білім сапасы сын көтермейтін. Оқытудың белгілі бір бағдарламасы болмады. Молданың бала оқыту әдісі қарабайыр, әрі дөрекі болатын. Әр бала өз сабағын дауыстап оқуы тиіс болғандықтан, балалар оқып жатқан үй у-шу болып жататын. Молда қолындағы таяғымен дауыстап оқымаған балаларды айғай салып, салып қалатын [Субханбердина, 1994:404-406].

Балалар молданың оқытқанын жаттап алғанымен, оның мағынасын түсінбеді. Араб әліппесінде әрбір әріптің аталуы, дыбысталуы, таңбалануы түрліше болғандықтан оның қай кезде жіңішкеріп, қай кезде жуандап кететінін балалар түсінбей қалатын және көп жағдайда молданың өзі де оны түсіндіріп бере алмайтын. Осындай әдіспен оқыған балалар кейде жыл бойы оқи да, хат танымай да қала берген [Исабай, Байжан-Ата, 1996:79].

XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында патша үкіметінің қазақ даласындағы отаршылдық саясаты өте өткір, еш кедергісіз жүргізілді. Ол өз кезегінде қоныс аударушылар легінің артуымен бірге орыс оқу орындарының санын да арттыра түсті. Орыс оқу орындарына мемлекет тарапынан және жергілікті қоғамдардан үнемі көмек көрсетіліп тұрды. Сонымен бірге тұрақты оқу бағдарламасымен де қамтамасыз етілді. Қазақ балаларын орыс мектептерінде оқыту үшін арнайы пансионаттар ашыла бастады. Бастапқыда балаларын орыс оқуына беруге қарсы болған қазақтар, молданың оқыту әдісінің заман талабына жауап бере алмайтынын түсініп, амалсыз орыс мектептеріне мойын бұра бастады. Алдымен орыс шенеуніктерімен бірге қызмет етіп жүрген болыс-

билер, кедейлер мен қалалардағы қазақ жұмысшылары балаларын орыс мектептеріне бере бастады [Бүркітбаева, 2009: 165].

Білік жергілікті халық балаларына гимназиялық білім беруді көздеген жоқ, олардан тілмаштар, патша үкіметіне берілген төменгі шенді шенеуніктер дайындауды ғана мақсат тұтып, реалдық училищелерде ғана оқытты [Бисембаева, Әлімбаев, 2021: 85-89].

Өлкедегі ағартушылыққа қамқорлық үшін деп тұрғындардан (қазақтар мен қоныс аударушылардан) салық жиналып отырған. Мысалы, Жетісу облысында оның құны 1877 жылы 25 тиын болса, 1884 жылы 40 тиынға өскен. 1883 жылы қазақтар мен қырғыздардан жиналған 35.557 сом 55 тиын қаржының негізгі бөлігі орыс мектептерінің қажеті үшін жұмсалып, орыс мектептері жанынан ашылған жергілікті халық балаларына арнап ашылған пансиондарға ол қаржаттың 30,5% ғана түскен. Сонымен бірге 1867 жылы қазақтардан жұт, құрғақшылық жағдайына деп жиналған қаржының 700 сомы Верныйдағы приход училищесіне берілген. Нәтижесінде, қазақ балаларына арналып ашылған орыс мектептерінің жанындағы пансиондардың көбі жабылып қалып, есесіне қоныс аударушылар мекендеген жерлерде шіркеу-приход мектептері көптеп ашыла бастайды [ҚР АОМА. Қ.177. Т.1. Іс 1017.].

Көріп отырғанымыздай, патша үкіметі тұсында мақсатты түрде қамқорлықсыз қалдырылған мұсылмандық білім беру жүйесі терең дағдарысқа ұшырады. Сонымен бірге жергілікті халықты орыс білім ошақтарына тарта отырып, оларды заманға сай біліммен де қамтамасыз ете алмады.

Қазақ даласындағы мұсылмандар мен дәстүрлі мұсылмандық білім жүйесін осындай дағдарысты жағдайдан жаңаша оқыту әдісін ұсынған жәдитшілдік қозғалысы алып шықты. Жәдитшілдік қозғалыс ХІХ ғасырдың соңында Ресей империясының құрамындағы езілген түркі тектес халықтарды «тілде, пікірде, істе бірлікте» болуға шақырып, заман талабына сай алдыңғы қатарлы біліммен таныстырды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Нуртазина Н.Д. История тюркской цивилизации. -Алматы: «Қазақ университеті», 2015. -205 с.
- 2 Нуртазина Н. Народы Туркестана: Проблемы ислама, интеграции, модернизации и деколонизации на рубеже XIX-XX веков. – Алматы: «Қазақ университеті», 2008. –166 с.
- 3 ҚР АОМА. 177 қ., 1 т., 1017-іс. 72 бума. Доклад по истории народного образования в губернии. -бп.
- 4 Памятная книжка и Адрес-Календарь Семиреченской области на 1905 год / составил действительный член-секретарь Комитета В.Е.Недзвецкий. – Верный: Типография Семиреченской областной Правлени, 1905. – 394 с. + таблицы.
- 5 Семиреченские областные ведомости. – 1911. – №78.
- 6 Белов А. Когда звонят колокола. – М.: «Советская Россия», 1988. – 256 с.
- 7 Семиреченские областные ведомости. – 1911. – №74.
- 8 Патша үкіметінің Қазақстандағы діни саясаты. Дерек көзі: <https://kk.wikipedia.org/wiki/> (Қаралған күні: 10.03.2021ж.).
- 9 Қазақ қоғамындағы татар зиялыларының ағартушылық қызметі. Дерек көзі: <https://el.kz/news/archive/content-27760/> (Қаралған күні: 10.03.2021ж.).
- 10 Абдирашидов З. Исмаил Гаспринский и Туркестан в начале XX века: связи-отношения-влияние. –Ташкент: «Akademnashg», 2011. –384 с.
- 11 Қойгелдиев М. Қазақ елі: Ұлттық бірегейлікті сақтау жолындағы күрес (ХІХ ғ.-ХХІ ғ.басы). – Алматы: «Дәстүр», 2014. – 432 б.
- 12 Письменные источники по истории и культуре Алматы (VIII – начало XXв.) / сост.: М.Х.Абусейтова, А.К.Муминов. Институт востоковедения им. Р.Б.Сулейменова. – Алматы: Дайк Пресс, 2008. – 275 с.
- 13 Тулекова М.К. Жетісу халқының әлеуметтік дамуы (1897-1999 жж.). –Алматы: «Ценные бумаги» баспасы, 2004. – 169 б.
- 14 ҚР ОМА. Қ.64. Т.1. Іс 395.
- 15 Галиев В.З. Тюркская библиотека в Верном. – Алматы: Национальная библиотека Республики Казахстан, 2001. – 112 с.
- 16 Жолсейтова М.Ә. Қазақстандағы халық ағарту ісінің қалыптасуы мен дамуы (ХІХ ғас. II жарт.-XX ғас. басы. Жетісу мәліметтері бойынша): т.ғ.к. ... автореф. – Алматы, 1999. – 30 б.
- 17 «Дала уалаятының газеті». Адам, қоғам, табиғат. 1888-1902 / құраст. Ү.Субханбердина. – Алматы: «Ғылым», 1994. – 816 б.
- 18 Исабай Қ., Байжан-Ата С. Қажыға барған қазақтар. Дерекнамалық баян. – Алматы: «Ана тілі», 1996. – 192 б.
- 19 Бүркітбаева Ү. Жетісуым – жеті құтым, ырысым. Тарихи деректер. –Алматы: «Нұрлы әлем», 2009. – 336 б.
- 20 Бисембаева Л.А., Әлімбаев Ү.М. Патша үкіметі тұсындағы Қазақстандағы білім беру бағыттары (ХІХ ғас. II жартысы мен XX ғас. басы) // РИНЦ. XII Международная научно-практическая конференция «GLOBAL SCIENCE AND INNOVATIONS 2021: CENTRAL ASIA» (5 февраля, 2021 год. г.Нур-Султан (Астана)) в рамках издания Международного научного журнала «GLOBAL SCIENCE AND INNOVATIONS 2021: CENTRAL ASIA». Серия исторические науки и археология. №1(12) февраль, 2021. С. 85-89. ISSN 2664-2271.
- 21 ҚР АОМА. Қ.177. Т.1. Іс 1017.

КОНСТИТУЦИЯНЫҢ РЕФОРМАЛЫҚ ДАМУЫ –ҚАЗАҚСТАННЫҢ ТҰРАҚТЫЛЫҒЫ МЕН ӨРКЕНДЕУІНІҢ НЕГІЗІ

Кожабекова А.Д.

тарих ғылымдарының кандидаты, доцент

*Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті
(Алматы қ., Қазақстан) E-mail: dabirtai29@gmail.com*

«Қазір заманның дидары өзгерді. Бізде өзгертуге тиіспіз. Сол себепті, мемлекеттің басқару жүйесінде жаңғыртатын кез келді. Мен елдің мүддесі мен заманның талабын, ұрпақтың болашағын ойлай отырып осындай байлам жасадым»

Нұрсұлтан Назарбаев

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті, Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың конституциялық реформалардың жобасын жалпыхалықтық талқылауға ұсыну жөніндегі шешімі елдің бүгінгі мен келешегін, Мәңгілік Ел болуымызды тереңінен ойлағандығы деп таныдық.

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Билік тармақтары арасында өкілеттіктерді қайта бөлу жөніндегі» арнайы Үндеуінде «Алдағы реформа біздің дамуымыздың қисыны мен тұтастай қазіргі заманғы даму қисынына арқа сүйейді делінген.

Негізгі мәні – Президент өзінің бірқатар өкілеттігін Парламент пен Үкіметке береді.

Күшті президенттік вертикаль бізге мемлекет қалыптастырудағы орасан қиындықтарды еңсеру барысында қажет болды. Қазіргі таңдағы мықты Президент институт мемлекеттің ұстанған бағытын өте жылдам әрі тиімді бағдарлап келді. Әсіресе, біз оның тиімділігін қалыптасу жылдарында, яғни Жоғарғы Кеңестегі реформалардың біртіндеп жылжуынан кейінгі уақытта бағаладық.

Бүгінгі демократия жағдайында белгілі бір даму жолын еңсеріп өткен қоғамда әр алуан әлеуметтік топтар мемлекеттік саясаттың қалыптасуына өзіндік септігін тигізіп, оған белсенді түрде атсалысып, белсенділік танытуда.

Ұсынылған реформалар шешім қабылдаудың жылдамдығын біршама азайтқанымен, оларға бұл құқықтарды Парламенттің өкілдігі атынан жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Екінші жағынан, қабылданған шешімдерді жүзеге асыру үшін келісіп әрекет етушілік кең етек жаяды. Әрбір жаңа реформа, рет – ретімен, біртіндеп жүреді, демек, қоғамдағы әртүрлі ой – пікірлер есепке алынады деген сөз. Сондықтан, ұсынылған реформалар, біздің қоғамда демократиялық еркіндікке жетелейтіні сөзсіз. Алдағы оң өзгерістер саяси партиялардың дамуына жаңа серпіліс әкеледі, өз кезегінде біздің азаматтар арасындағы партиялық бірегейлік күшейеді. Сондай – ақ жергілікті өзін – өзі басқарудың дамуына, әсіресе, оның орталық құрылымдары – жергілікті әкімдермен мәслихаттарға баса назар аударылған. Осы өзгерістерге қарамастан, Президент басқару үрдісін бақылауды одан әрі жалғастырады, билік тармақтары арасында төрелік етеді және елдің тұрақты дамуына кепіл болып қала береді. Нұрсұлтан Назарбаев президенттік жүйеге қатысты алғашқы ірі өзгерісті 2007 жылдың 21- мамырында жасағанын естеріңізге салуды жөн санадым. Яғни өзгеріс енгізілгеннен кейін Президент былай деді: «Осы Конституция өзгерістер арқылы басқару жүйеміз президенттік республика болып қала береді, ал Парламенттің өкілеттігін барынша кеңейтуге бағытталған жұмысты жүргізуді ұсынамын. Бұл реформалар бізді президенттік – парламенттік басқару моделіне алып келеді! Президенттік – парламенттік жүйе бұрынғы кеңестік мемлекеттерді зерттеген Шугарт пен Кэри деген ғалымдардың классификациясының өнімі болып табылады. Оған сәйкес парламенттік жүйенің элементтері маңызын жоймай, халық сайлаған президент жүйедегі өз орнын сақтайды.

Осылайша, президенттік, жартылай президенттік және парламенттік жүйеге толығымен ұқсамайтын модель қалыптасады. Бұл модельдің артықшылықтары мен кемшіліктеріне келсек, суперпрезиденттік және парламенттік жүйелер арасында орын алады.

Екі жүйенің бірінен екіншісіне өткісі келетін елдер жоғарыда аталған модельмен міндетті түрде бетпе – бет келеді. Конституция тұрғысынан алғанда, бұл модельдің парламенттік немесе суперпрезиденттік жүйеге ауысқанын көрсететін үш маңызды сала заң шығару, тарату және өкілеттігін тоқтату болып табылады. Яғни, «Президент заң шығару өкілеттігін өзіне қабылдай ала ма, парламенттің өкілеттігін тоқтата ала ма және министрлер кабинетін тарата ала ма?» деген сияқты сауалдар бар.

Қазақстан Ата Заңының ең үлкен ерекшелігі «күшті Президент, күшті атқару органы» қағидаларына негізделуінде жатыр. Елдегі басқару жүйесінің президенттік сипаты Қазақстан Ата Заңының 2 – бабында белгіленген. Бұған қоса, осы бапта Қазақстанның мемлекеттік жүйесін

анықтайтын үш маңызды тұрақты фактор көрсетілген. Оларға президенттік жүйе, унитарлық мемлекет және республика ұғымдары жатады. Конституцияда Мемлекет басшысының президенттік жүйедегі Президент артық өкілеттіктерге ие болғанын көруге болады.

Тұңғыш Президент, Елбасы Н. Назарбаевтың Ата Заңға түзетулер арқылы өзгертуге талпынған өкілеттік пен жауапкершілік тепе – теңдігінде аталған баптарға кеңінен орын берілген.

«Президент Парламенттің қос қанатының (Сенат-Мәжіліс) төрағаларымен және Премьер – Министрмен келісіп, Парламентті тарата алады.» Парламент Президенттің сұрауымен депутаттардың үштен екі бөлігінің басым дауыс беруімен заң шығару өкілеттігін ең көп дегенде бір жылдық мерзімге қабылдай алады»

Үкімет Президент және Ата Заңда белгіленген жағдайларда Парламент алдында жауапты болады. Президент өкілеттік берген Премьер – Министр Үкіметті құрып, Парламент сенімін алуға тиісті Қауіпсіздік Комитеті, Әділет, Ішкі істер, Қорғаныс және Сыртқы істер министрлерін Президент тікелей тағайындай алады. Жоғарыда аты аталған өзгерістер жүзеге асырылған жағдайда Қазақстан өте маңызды табыстарға қол жеткізеді.

Біріншіден, өзгерістер жасалған жағдайда партиялармен Парламенттің тәжірибесі үлкен маңызға ие болып, саяси демократия бірте – бірте халықтың арасына кеңінен жайылады.

Екіншіден, заң шығару, атқару және сот билігі арасында тепе – теңдік жүйесі күшейтілетін болады. Бұл алда болуы ықтимал заңсыздықтардың алдын алуға қазірден де күштірек, рефлексстері дамыған мемлекеттік жүйеге алып келеді.

Үшіншіден, Қазақстанның соңғы кезеңде халықаралық аренада қол жеткізген жоғарғы беделінің бір көрінісі ретінде бағаланады.

Осылайша, кейбір орталарда демократия және заңның үстемдігі тұрғысынан сыналған Қазақстан халықаралық қолдау тапты. Бұған қоса, аталған үрдістің Түркі әлемінде және Еуразия кеңістігінде де ықпалы сезілетін болады.

Қазақстанның өз Конституциясын жетілдіру саласында жасаған осы күшті қадамы, тек қазақстандықтарда ғана емес, сонымен қатар Түркі әлемінде және барған сайын кеңейе түскен ортақ кеңістікте жоғары бағаланатын болады.

Ендігі арада қоғамда жүргізілетін кез келген реформа, кез келген өзгерістер болсын, солардың бәрі де елдің бірлігі мен ынтымағын ұйымдастыруды одан әрі тереңдетуді көздегенде ғана табысты болары ешбір күмән – күдік туғызбауы керек. Бұған Елбасының өмірлік ұстанымы, жүргізіп келе жатқан саясаты мен реформалары айқын дәлел.

Конституциялық реформалардың жобасын Жалпыхалықтық талқылауға ұсыну жөніндегі Елбасының бұл жолғы шешімі де елдің бүгінгі мен келешегін, Қазақ елінің Мәңгілік Ел болуын тереңінен ойлағаны деп таныдық.

Сол үшін де Елбасына ризамыз!

Қорытынды: Осыдан бір айдан астам уақыт бұрын Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев халыққа Үндеу арнап, елімізді әлеуметтік-экономикалық және демократиялық дамыту мақсатында аса маңызды саяси мәселе туралы мәселе көтерген болатын. Онда өкілеттіктерді билік тармақтары арасында қайта бөлу жөніндегі жұмыс тобы құрылып, аталған мәселе бір ай бойы халықтың ашық талқысына ұсынылған болатын. 2017 жылдың 1 наурыз күні Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаевтың қатысуымен аталған жұмыс тобының қорытынды отырысы өтті.

Онда азаматтардан түскен ұсыныс-тілектер сараланды.

Азаматтардан Конституцияның 63 бабына қатысты 6 мыңнан астам ұсыныс келіп түскен, олар Негізгі Заңның барлық тарауын қамтитынын мәлімдеді. Конституцияның 23 бабына және заңдарға 35 өзгеріс енгізілетіні белгілі болды.

Енгізілетін өзгерістердің басты мәні – Президенттің бірқатар өкілеттіктерін биліктің басқа тармақтарына қайта бөлу, - деді Елбасы.

Жұртшылық ұсынылған реформаларды талқылау жөнінен жоғары белсенділік танытты.

Мемлекет басшысының мәртебесімен өкілеттігін айқындайтын бөлімге қатысты 40-тан астам ұсыныс түсті. Ұсыныстардың көпшілігі Мемлекет басшысының өкілеттігін нығайтуға бағытталған.

Жалпы, Парламенттің өкілеттігіне қатысты, оның Үкіметті жасақтаудағы рөлін күшейту бастамасын қолдауға бағытталған 88 ұсыныс келген.

Атап айтқанда, парламенттік республикаға өту, бір палаталы Парламент жасау, депутаттық корпусқа қою, жас шамасын арттыру сияқты талаптарды күшейту ұсынылды.

Үкіметтің Парламент алдындағы есептілігін күшейтуге қатысты Үкіметтің мәртебесі мен қызметі жөніндегі ұсыныстар қаралды.

Олардың қатарында Үкіметтің бүкіл құрамын міндетті түрде Мәжіліспен келісу, оның тек мәжіліс алдында ғана емес, тұтас Парламент алдында есепті болуы туралы талапты бекіту мәселесі бар. Конституциялық кеңесті қалыптастыру тәртібін өзгертуге және оны Конституциялық сот ретінде қайта құруға бағытталған ұсыныстар болды. Келіп түскен ұсыныстардың басым көпшілігі құқық қорғау органдары мен соттардың өкілеттігіне қатысты болды.

Атап айтқанда, Қазақстан Республикасы Конституциясының қолданыстағы редакциясында меншік құқығына қатысты 26-бапқа ұсынылған түзетулер талқыланды.

Нұрсұлтан Назарбаев Қазақстан азаматтарының пікірін ескеріп, 26-бапқа өзгеріс енгізбеуді ұсынды.

Сонымен бірге, жұмыс тобының мүшелері Мемлекет басшысын ел азаматтарының көпшілігі пәрменді президенттік вертикальді билікті сақтау қажеттігін айтып, кейбір өкілеттіктердің қайта бөлінуіне алаңдаушылық білдіріп отырғаны туралы хабардар етті.

Соңында Нұрсұлтан Назарбаев ұсынылған түзетулерді талқылау барысында ел азаматтары жоғары белсенділік танытқанын айта келіп, алдағы реформаның маңыздылығы мен өзектілігін тағы бір мәрте атап өтті. Мемлекет құрылымына ұсынылған өзгерістер қоғамымызды демократияландыру ісін күшейтіп, халық билігінің негізін одан әрі нығайтуға, Парламенттің рөлін Үкіметтің президенттік басқару нысаны алдындағы дербестігі мен жауапкершілігін арттыруға бағытталған. Реформаның түпкі мәні де осында жатыр. Бұған қоса құқық қорғау және сот жүйесі қызметінің конституциялық негізі жаңғыртылады, конституциялық қадағалау жүйесі жетілдіріледі. Конституциялық құрылымымыздың мызғымастығына кепілдік те бекем бола түсті. Жақын арада Конституцияға енгізілетін өзгерістер жобасы Парламентке талқылау үшін ұсынылатын болады, - деді Қазақстан Президенті.

2017 жылғы 6 наурызда Қазақстан Республикасының Парламенті «Қазақстан Республикасына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңды қабылдап, Мемлекет басшысына қол қою үшін ұсыды. Конституцияның 72-бабына сәйкес, Нұрсұлтан Назарбаев аталған заңды мемлекеттің қызмет қағидаттарына мен басқару нысанына негізделген, Конституцияда белгіленген құндылықтарға сәйкестігі тұрғысынан қарастыру үшін Конституциялық Кеңеске өтініш білдірді.

Міне, Конституцияға енгізілген өзгерістер мен толықтырулар қоғамды демократияландыруға, қоғамдағы өмірдің бүгінгі ағымына сай Қазақстан қоғамын құруға көмектесетіні даусыз. Сондықтан, біз осындай қазақстандық демократиялық эволюцияны қуаттауға тиіспіз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

Ұлы Даладағы мыңжылдық тарихтың жаңа дәуірі Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаевтың Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 25 жылдығына арналған жиналыста сөз сөйледі. «Егемен Қазақстан» №242(28970) 16 желтоқсан 2016 жыл.

Қазақстан Республикасы Президентінің билік тармақтары арасында өкілеттіктерді қайта бөлу мәселелері жөніндегі Үндеуі. «Егемен Қазақстан» №17(28998) 26 қаңтар 2017 жыл.

Конституцияның 23 бабына өзгеріс енгізіледі. «Егемен Қазақстан» №43(290024) 2 наурыз 2017 жыл.

ТАРИХ БІЛІМІНІҢ ҚАЛЫПТАСУЫ ЖӘНЕ КЕЗЕҢДЕРІ

Қ.Қ. Жылқышыбаева¹, Tuğba Özenc²

¹тарих ғылымдарының кандидаты, доцент

*Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті
(Алматы қ., Қазақстан,) E-mail: karluwa1970@gmail.com*

*²PhD докторант, Омер Халисдемир атындағы Нииде университеті
(Нииде қ., Түркия,) E-mail: tugbamadina@gmail.com*

Кез келген тарихи мәселені ғылыми тұрғыдан зерделегенде археологияға, биологияға, лингвистикаға, философияға және этнографияға жүгіне отырып, саяси, әлеуметтік, ұлттық, діни, педагогикалық, психологиялық, әдет-ғұрыптық және көркем әдебиеттік факторларды да қарастыру керек. Яғни, қарастырып отырған кезеңнің алдындағы бір немесе бірнеше дәуірлердегі кезеңдермен байланыстыра қарастыруға тура келеді. Тарихты осылайша сабақтастыққа қарай білу тарихи білім беру мәселесіне қатысты кейбір қате пікір білдіруден сақтандырып, дұрыс тұжырымдар жасауға, ақиқат ой қорытуға негіз болады. Сондықтан тарихи білім беруді зерделеу мақсатында, бүгінгі күнге дейінгі қалыптасып, дамыған Қазақстандағы ежелгі кезеңдегі тарихи білімді жалпы 2 кезеңге бөлеміз.

Бірінші кезең- Қазақ халқының ауызша айту дәстүріндегі тарихи білім (аңыздар мен тарихи жырлар);

Екінші кезең – Көшпелілер заманындағы тарихи білім (сақ, үйсін, ғұн, қаңлы, сармат және т.б.);

Отандық тарихи білім беруді қалыптастырудың деректері халықтың өзі жасаған, басынан өткізген өмір тәжірибесінен туындайды. Қазақ халқының мұндай сипатты белгілері ең алдымен ауыз әдебиетінде, аңыздар мен тарихи жырларында, мақал-мәтелдері мен тасқа жазылған жазуларында және т.б. сақталған. Ежелгі мәдениеттегі білім де әлем және адам қауымдары ішіндегі қатынастарды реттейтін аңыздар, салт-дәстүрлік жарлықтар мен нормалар, тыйым салулар пішімінде болды (Қазақстан Ұлттық энциклопедиясы, 1999: 6).

Бірінші кезеңдегі Қазақ халқының ауызша айту дәстүріндегі тарихи білім беру- түркі тілдес тайпалардың өз алдына халық болып қалыптаспай тұрған кезінен бұрын басталып, ұрпақтан ұрпаққа жеткен рухани, мәдени мұрасы, тарихының асыл қазынасы, қазақ фольклоры. Қазақ фольклоры туралы құнды ойын жазған ғалым Е.Бекмаханов: «Қазақстан тарихын зерттеу кезінде аса маңызды дерек ретінде фольклордың маңызы айрықша зор. Мұның бұлай болатын себебі, XIX ғасырдың екінші жартысына дейін қазақ халқының жазба әдебиеті болмады. Сондықтан тарихи ірі оқиғалар ұрпақтан-ұрпаққа жеткізіліп отырған халықтың ауызша шығармашылығы: дастан, өлең, қисса, батырлар жыры, ертегі, аңыз және т.б. арқылы қазақ халқының есінде сақталған. Осы фольклорлық материалдарда қазақтардың қоғамдық және әлеуметтік құрылысы, тұрмысы мен әдет-ғұрпы және ақырында, халықтың өміріндегі аса маңызды тарихи оқиғалар айқын бейнесін тапқан», - дей келе, «Фольклорлық материалдың маңызы сонда, ол тарихи оқиғалар мен жеке адамдарға дәл және көбінесе дұрыс бағасын береді, себебі, тарихты жасаушы және суреттеліп отырған оқиғалардың тікелей қатысушысы халықтың өзі болып табылады», - (Бекмаханов, 1994: 42 б.) деп ғалым өз еңбегінде фольклордың ең басты ұлттық дерек көзі екендігін дәлелдеп, оның маңыздылығын атап өтті. Ия, фольклор ұзақ уақыт бойы халықтың сырын, ойын, рухани жағдайын жеткізетін жалғыз құрал болды. Қазақтың фольклоры мен поэзиясының бастаулары сол тайпалар шығарған ертегі, аңыз, мақал-мәтелдер де жатса, ол дәл сол, халық зердесінің нәтижесінде болған тарихи деректерден өрбиді.

Қазақ халқының ауыз әдебиетін құрайтын әдет-ғұрып жырларына тоқталмас бұрын, «әдет-ғұрып», «салт-дәстүр» терминдері қайдан шықты? деген сұраққа ғалымдар мен зерттеушілердің пікірлері арқылы талдау жасап кетейік.

Ғалым А.Смағұлованың айтуынша, «әдет» – «әдет-ғұрып» деген араб сөзінен шыққан, мағынасы дағды-әдет. Әрине, қандай бір іс болмасын, әуелі дағдыға, әдетке айналып, кейін бара-бара көпшілік қолданатын заңға айналып, оны бұзу ерсі қылық, қылмыс саналған. Әр халықтың өзіне жарасатын әдет- ғұрып, салт- санасы мен дәстүрлері бар. Ол өздеріне қымбат. Мұның бәрін ислам жоқ етіп, тамырына балта шаппаған. Қайта олардың прогрессивті жақтарын өз ішіне қамтып, әдемілеп, киюластырған. Соның нәтижесінде ислам заң нормалары сомданып, айшықтана түсіп, кез келген формацияға кереғар болмай, қабыса алады». Үлкен Советтік энциклопедияда: «Әдет – ислам діні тараған елдер арасындағы халықтық дәстүрлі құқық», - делінген (Смағұлова, 2004: 4 б.). Ғалым Н. Сәрсенбаев «Қазақ халқының дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары жөнінде» атты зерттеу еңбегінде дәстүр деген түсінікті екі мағынада пайдаланатынына тоқталған. Біріншіден, дәстүр деп халыққа кең тарап, терең сіңген әдет-ғұрыптарды және басқа тұрмыстағы тұрақты тәртіп түрлерін айтады; екіншіден, дәстүр деп ғылымдағы, саясаттағы, әдебиет пен өнердегі аса көрнекті қайраткерлердің атымен байланысты, халыққа көп тараған бағытты айтады (мысалы, Абай дәстүрлері т.б.). Ал, ғалым Д. Айдаров «Дін және дәстүр» деген еңбегінде: «...әдет-ғұрып, салт- дәстүр қоғамдық дамудың барысында пайда болады. Сөйтіп, ол ұрпақтақ ұрпаққа тарап, мәңгі бақи өмір сүреді», - (Абуова, 2017: 129 б.) деп жазған. Шарифат бойынша жергілікті қолданыстағы дәстүр дінге қайшы болмаса, ондай дәстүрді жалғастыруға, ұстануға рұқсат етеді. Е.Малғажыұлы қазақ халқына тән дін мен дәстүр туралы былай дейді: «Иә, біздің салт-дәстүріміз тәрбие мен тағылымға, ізгілік пен адамгершілік құндылықтарға тұнып тұр» (Айдаров, 2017: 131 б.).

Жоғарыда айтылған ой-пікірлерге толық қосыла отырып, тарихи білімнің түп тамырын құрайтын ауызша айту дәстүрінің бір тармағы әдет-ғұрып пен салт-дәстүрдің уақыт өте келе өзгеруі немесе жойылуы мүмкін, алайда дәстүрлі мәдениетке жан бітіріп, уақыт тәжірибесінен өткен шындықты өсиет, мақал-мәтел, өлең, аңыз, ертегіні халықтың сөз өнері, шешендігі арқылы ұрпақтан ұрпаққа жеткізсек мәңгі өлмейді десек болады.

Сонымен қатар ауызша айту дәстүрінің негізін құраған тарихи аңыз-әңгімелер, батырлық жырлар, әдет-ғұрып жырлары, шежірелер туралы да біраз ой қозғайық. Атап айтсақ, ғалым Ш.Уалиханов «Қазақ поэзиясының формалары» (Уалиханов, 1985: 157 б.) атты мақаласында XIX

ғасырдың ортасында қазақ халқының фольклоры, жырлары, өлеңдері, айтыс өнері ең жоғары деңгейде дамығандығын жазады.

Мысалы, халқымыздың ауыз әдебиетінің өзегін құрайтын әдет-ғұрып жырларының ішіндегі бесікті аластату, бесікке бөлеу, бесіктен шешіп аларда, өс-өс, тәй-тәй, тұсау кесу жыры, халық бесік жырлары, ойын өлеңдері: санамақтар, жасырынбақ, қуырмаш, бақ-бақ, ақ серек, көк серек, бауырсақ барып кел... және т.б. баланың жан-дүниесінің қалыптасуына септігін тигізген.

Мазақтамалар, жаңылтпаштар, жұмбақтар, табиғат туралы өлеңдер, төрт түлік туралы өлеңдер: түлік иесінің үлесі, Шопан атаға, Сексек атаға, Зеңгі бабаға, Қамбар атаға, Ойсыл қараға, діни-салт өлеңдер, тұрмыс-салт жырларын құрайтын терме, мақал-мәтелдер, жұмбақ айтысы, ертегілер, мысалдар, батырлар жырлары, шешендік сөздер: «Өгізді өрге салма – қанатың талар, наданға көзінді салма – сағың сынар. Досыңа өтірік айтпа – сенімің кетер, дұшпаныңа сырынды айтпа – түбіңе жетер. Жал-құйрығы жаба деп жабыдан айғыр салма – жаугершілік болғанда, жағдайлап мінер ат тумас. Жақыным деп жаманның малы үшін жақсының жағасынан алма – өрісің тарылар. Қару жисаң мылтық жи: жаяу жүрсең – таяқ, қарның ашса – тамақ,- деген Төле бидің шешендік сөздері халықтың ішкі жан-дүниесін, рухани байлығын бейнелеп, дүние танымын кеңейтіп, ұлтжандылыққа тәрбиелейді.

Батырлардың отаншылдық сезімі, туған халқының азаттығы жолындағы күрестерін жырға қосқан батырлық эпостар жауынгерлік дәстүрді орнықтырған «Қобыланды батыр», «Алпамыс», «Ер Тарғын», «Қамбар батыр», «Едіге», Қырымның қырық батыры жырлары жатады. Халық арасына кең тарап, сүйікті шығармасына айналған, жастардың адал махаббаты, алмағайып жырланған «Қозы көрпеш-Баян сұлу», «Қыз Жібек», «Мақпал», «Бозжігіт» т.б. лиро-эпикалық дастандар бұрынғы қазақ тарихының ауызша айту дәстүріндегі мол мұрасы болып саналады.

Тарихи тұлға - Едігеге арналған жыр түркі тілдес халықтарда «Ер Едіге», «Мырза Едіге», «Едіге батыр» немесе жай ғана «Едіге» деп аталады. «Едіге» жырын терең зерттеген ғалымдардың бірі В.М.Жирмунский жырдың 30-дан астам әртүрлі нұсқаларының бар екендігін және ол жырдың белгілі нұсқалары ішінде архетипке Уалиханов-Мелиоранский нұсқасының біршама жақын екендігін айтады» (Жирмунский, 1974: с. 354).

«Қырымның қырық батыры» атты батырлық жырлар топтамасында Елігенің ұрпақтары Нұраддин, Мұса би, Орақ, Мамай, Қарасай, Қазі секілді тұлғалар жеке-жеке жарияланады. Жырлардың басты кейіпкерлері-Нұраддин-Едігенің ұлы болса, Мұса –Нұраддиннің немересі, Орақ-Мұсаның немересі, Алғашырдың ұлы Қарасай мен Қазі-Орақтың ұлдары болып келеді (Тынышпаев, 1925: с. 59). Жырда Шығыс Дешті Қыпшақ тұрғындарының жалпы атауы «ноғайлы» және «Тоқсан баулы ноғайлы» деген сөз тіркестері кездеседі. Эпостық жырды атақты Мұрын жырау Сеңгірбаев жырлаған (Батырлар жыры, 1989:375). Бұл жырдағы мәліметтер ХІҮ ғасырдың соңы-ХҮ ғасырдың алғашқы онжылдығындағы Алтын Ордада болған ішкі саяси күрестер мен Ақсақ Төмірмен саяси қарым-қатынастар туралы болған мәліметтерді баяндап, дәлелдейді. Қобыланды батыр туралы жырдың жолдары (Қазақтың тәлімдік ой-пікір онтологиясы, 1994: 87 б.) ұлы дала төсінде айрықша жауынгерлік рух пен ізгілікті дүниетанымды қалыптастырып, ұрпақтардың тарихи жадында эпостық, батырлық шығармалар арқылы кеңістік пен уақыт өрісіндегі оқиғалар тізбегін жоғалтпай, патриоттық сезімге баулиды. Кез келген көшпелі, қарапайым дала тұрғыны өз халқының бүкіл тарихи-мәдени, адамгершілік тәжірибесі жинақталған ауыз әдебиеті нұсқаларын - жыр-толғауларды, аңыз-эпсаналарды, шежірелерін т.б. жатқа білді. Сол арқылы әлемдік өркениеттің тарихи ауқымымен біте қайнасып, өзіндік бітім-тұрпатқа ие деңгейде өмір сүріп жатты.

Ғалым Ахмет Байтұрсынов жазып кеткендей, «рухты ертек жырлар, батыр әңгімелері халықтың рухы көтерілген шақта шыққан сөз болады. Батырлардың рухынан, батырларды жыр қылған ақын сөздерінің рухынан сол жыр шыққан замандағы халық рухы қандай болғанын білеміз. Ертегілер бұрынғының қалпынан, салтынан дерек бергендей, ертек жырлар бұрынғының рухынан дерек береді. Бұл бір. Екіншісі, батырлар жырының құны тілге пайда беру жағынан зор. Өлеңмен айтылған әңгіменің сөзі көпке төзеді, тез өзгере қоймайды. Солай болған соң, батырлар әңгімесінде аталарымыздың сөздері сақталып келген. Біз сияқты тілі жетіліп болмаған халыққа аталарымыздың сөздері сақтаған әңгімелер құнды болмақ. Сондай құнды әңгімелердің бірі батырлар әңгімесі болмақ» (Байтұрсынов, 1992: 37 б.).

Сонымен қатар қазақтың ауызша дәстүрінде көп таралған жанрдың бірі- тарихи аңыз-әңгімелер. Тарихи аңыздар көп жағдайда белгілі бір тұлғаларға қатысты пайда болады. Мысалы тарихи аңыз-әңгімені алғаш рет Ш.Құдайбердіұлы ел аузынан жазып алып, өзінің зерттеуінде қолданады және ол өзінің «Қазақтың түп атасы» атты өлең түрінде жырлаған еңбегінде тарихи аңыздың мәліметтерін пайдаланады Ш.Құдайбердіұлының тарихи аңыз-әңгімесінен мысал келтіре кетейік: «... Біздің осындағы арғындардың арғы атасы Дайыр қожа ханның сүйікті қазысы екен, әділ

айтқандықтан Ақжол атаныпты және ҚараҚыпшақ Қобыланды батыр да Әбілхайырға сүйікті екен. Екеуі ішінен жауласып жүргенде, бір күні далада Қобыланды батыр Дайырқожаны өлтіріп кетіпті. Әз Жәнібек хан біліп, Қобыландыны шарифат бойынша қияс қылып өлтіруге сұрапты. Әбілхайыр хан берейін десе, көп қыпшақ бұзылатұғын болған соң, бере алмай үш кісінің құнын алып, бітім қыл деген соң, Әз Жәнібек хан өкпелеп кеткені, біздің қазақта мақал болып жүрген «Қара Қыпшақ Қобыландыда нең бар еді, құлыным» деген сөз Дайырқожаның сүйегін айналып жүріп жылаған әкесі Қыдан тайшы деген кісінің сөзі, аты Қыдан еді, тайшы деген өлеңші, ақын дегені». Осы тарихи аңыз-әңгімені Ш.Құдайбердіұлы өлең түрінде де жырлайды (Құдайбердіұлы, 1991: 22-23,73-74). Ш.Құдайбердіұлының бұл ғылымға енгізген тарихи аңыз-әңгімелері тарихи білімнің қалыптасуына қадам жасалған деп санаймыз. Сонымен қатар, тарихи аңыз-әңгімелерді жинақтауды 1996 жылы белгілі археолог, ғалым Мадияр Елеуұлы да айналысқан (Елеуұлы, 1996: 6-12 б.).

Қазақ халқының ауызша айту дәстүріндегі дерек түрлерінің бірі- шежірелер. Сонау ежелгі дүниеде де тарихи әңгімелерді есіне сақтап, елге айтып отыратын адамдар болған. Қазақ халқы оларды шежіре айтушылар немесе шежірешілер деп атаған. «Шежіре» сөзі – есте сақтау, жадыдағы білім, рухани қазына дегенді білдіреді. Қазақ шежіресі – тарих ғылымындағы халқымыздың шығу тегін, таралуын баяндайтын тармағы. Шежіре қазақ, түрікмен, қырғыз, моңғол және т.б. халықтар арасында ауызша сақталған. Бұл халықтардың көне тарихы жөнінде айтылатын мағлұматтар «шежіре», «тайра», «тарих», «сееджер» т.б. болып әр түрлі айтылғанымен «сақтау» деген мағынаны, ал семит-араб тілдерінде «ағаштың бұтағы» деген ұғымды білдіреді. Яғни, арабтар шежірені ата санаумен тікелей байланыстырса, түркілер көнені есте сақтау – тарихты айтумен, тарихпен бір деп түсіндіреді. Демек, шежіре біздің аталарымыз үшін тарих қызметін атқарған (Бес жүз бес сөз, 1994: 43 б.).

«Қазақ халқының арасында танымал шежірешілер қатарына Ахмет Жантөринді, Мұса Шормановты, Абдолла Ниязов, Өтей Бөжейұлы, Қорғанбек Біржанұлы, Діқанбай, Саурық, Ережеп, Қылышбай, Күзембай, Торғай би және т.б. жатқызуға болады», - деп тарихшы ғалым Б.Берлібаев өзінің ғылыми еңбегінде атап көрсеткен [Берлібаев, 2010: 97 б.].

Жалпы алғанда, қазақ халқының шежіресіне қатысты материалдарды ХҮІІІғасырдың 40 жылдарынан бастап ресейлік авторлар жинастыра бастайды. 1748 жылы М.Тевкелев жазбаларында, Орынбор әскери губернаторы Г.С.Волконскийдің тапсырмасымен 1803 жылы құрастырылған материалдарда, 1825 жылы жазылған «Ұлы Жүз руларының сипаттамасында», сондай-ақ П.И.Рычков, А.И.Левшин, Н.А.Маев, Н.А.Абрамов, Н.А.Аристов, В.В.Радлов, Н.И.Гродеков, И.М.Казанцев, Н.Н.Балкашин, Ш.Ш.Уалиханов, Г.Н.Потанин, Л.Мейер және тағы да басқа авторлардың зерттеулері мен материалдарында қазақ ру-тайпаларының шежіресі мен шежіресіне қатысты материалдар мол кездеседі (Казахско-русские, 1961: с. 407-408).

Сондай-ақ қазақ шежіресіне қатысты материалдар ХІХ ғасырдың соңы - ХХ ғасырдың басындағы қазақ ұлтынан шыққан зиялы қауым өкілдері Құрбанғали Халидтың, Шәкәрім Құдайбердіұлының, Мұхамеджан Тынышпаевтың, Мәшһүр Жүсіп Көпеевтың еңбектерінде көп кездеседі.

Шежірешілдік көшпелі қоғам туғызған қажеттілік және көшпелілердің әдет-ғұрып, салт-санасының негізінде туған. Ол халықтың этникалық құрылымын анықтауға, тұтастығын көрсетуге мүмкіндік беретін төл тарихымыздың нұсқасы, ұлттық рухани мәдениеттің құрамдас бір бөлігі. Шежірешілер қазақтың ата-бабадан келе жатқан салт-дәстүрін, заңдарын, әдет-ғұрпын, ай-күн есептерін жақсы білген, көшпелілердің дүниетанымын жете түсінген, небір, аңыз-әпсана, жырларды жадында сақтаған. Егер қазақ мәдениеті біртұтас дейтін болсақ, онда шежірені де осылай қарастыруымыз керек. Яғни, шежіренің ішінде, аңыз бен шындық та, ертегі мен әпсана да, өнер мен ғылым да бар, ал дәстүрлі қазақ мәдениетінен осылардың біреуін жеке дара бөліп алып қарастыру мүмкін емес. Тарихты жазудың құндылығын жекелеген елдерде патшалар мен хандар түсінді. Олар өз сарай маңында болған оқиғаларды жазатын арнайы адамдарды ұстап отырған. Мұндай адамдарды жылнамашылар деп атаған. Осылай жазбаша тарих дәстүріндегі тарихи білім қалыптаса бастады.

Қазақ халқының ауызша айту дәстүрі тарихи білімнің қайнар көзі болды деп қорытындылауға болады. Өйткені, сол заманда өмір сүрген жеке адамдардың, тобырдың, тайпалар мен тұтас мемлекеттің қоғамдық, саяси, мәдени, рухани құндылықтары туралы мағлұматтарды тек қана ауызша айту дәстүрі: фольклор, аңыз-әңгімелер, жырлар, шежірелер, жылнамалар және т.б. жеткізген. Оны тарих көрсетіп отыр.

Қазақстандағы тарихи білімнің екінші кезеңі – Көшпелілер заманындағы тарихи білім (сақ, үйсін, ғұн, қаңлы, сармат және т.б.)- қазақ даласының экономикалық, саяси, мәдени дамуы ежелгі көшпенділердің рухани және материалдық көзқарастары негізінде қалыптасқан.

Ә.Марғұлан, К.Ақышев, К.Байпақов, т.б. ғалымдар "көшпелілер өркениеті" атауын жиі қолданса, Л.Н.Гумилев, О.Сүлейменов б.з.б. IX ғасырдан б.з. XI ғасыр аралығында көшпелілер мәдениетінің өрлеу дәуірі, Жерорта теңізі жағалауы және Қиыр Шығыс елдерімен салыстырғанда «жасампаздық эволюцияны» бастан өткергенін дәлелдеді. Соның нәтижесінде кеңестік тарихнама жоққа шығарған Еуразия кеңістігіндегі тарихи-мәдени ерекше құбылыс, ғылымға «Дала өркениеті» – деген атпен ене бастады. Оның әлемдік өркениетке қосқан үлесіне үндінің саяси қайраткері Д.Неру «Әлемдік тарихқа көзқарас» атты еңбегінде әділ баға беріп, «Атлас картаны ашсаң, алып Азия құрлығының қойнына кіріп жатқан кішкентай Еуропаны көресің. Ол өз алдына дербес құрлық емес, Азияның жалғасы сияқты. Ал тарихты оқитын болсаң - ұзақ уақыт бойы, белгілі бір кезеңде Азияның үстемдік құрғанына көзің жетеді. Еуропаны жермен-жексен еткен де, өркениетке жеткізген де солар. Азияның әлде-бір өңірінен шыққан арийлер, сақтар, ғұндар, моңғолдар, түркілер Азия мен Еуропаға қанат жайып, жаппай қоныстанды. Еуропа ұзақ уақыт Азияның отары сияқты болды», - деп атап көрсетті. Жабайы жылқылар мен түйелерді қолға үйретіп, осыған орай арба мен әбзел ойлап табуы көшпелілерді өркениет даңқына жетелеген алғашқы, тың қадам болды. Металл өңдеу, қыш ыдыс жасау, мата тоқу, зергерлік кәсіп қарқынды дамып, «жұлдыз барлап, жол табу» арқылы алғашқы астрономия, ғарыштық түсініктері орныға бастады. Қандық-туыстық байланыстар мен әлеуметтік ұжымдасудың жан-жақты, қатаң түрде сатыланған жүйесі қалыптасты. Яғни, көшпенділерде сыртқы, ішкі тарихи үрдістер және әлемдік құбылыстар туралы бай тәжірибелік білімдері болғандығын көрсетеді. Бұл тәжірибе халықтардың әлеуметтік дамуына, тарихи білімінің қалыптасуына жетеледі.

Көшпелі халықтар, оның ішінде ғұндар мен түркілердің тарихына ерекше мән берген тарихшы Л.Н.Гумилев болды. Ол Еуразия көшпелілерінің бұл құрлықтың тарихында алатын орнын өте жоғары бағалады. Дегенмен Л.Н.Гумилев: «Халықтар дамуында, олардың қалыптасуында, шаруашылық-мәдени ерекшеліктерінің пайда болуында географиялық, экологиялық фактор үлкен рөл атқарады» деп санады. Оның ойынша, «бүкіл тарихи үдеріс географиялық, биосфералық өзгеріске тікелей және толығымен тәуелді» (Гумилев, 1993: с. 203).

Археолог К.Ақышевтың пікірі бойынша, Қазақстан жерінде көшпелі мал шаруашылығының қалыптаса бастауы қола дәуірінің соңы, төмір дәуірінің басына, яғни б.з.д. IX-VII ғасырларға жатады. Осы кезден бастап, Орталық, Батыс Қазақстан жерінде меридиан бойымен көшу, ал Шығыс Қазақстан мен Жетісуда қыста жазықтар мен қар аз түсетін таулардың қойнауын қыстап, жазда биік таулы жайлауларға көшу қалыптасқан. Оңтүстік Қазақстан аймағында ерте заманнан-ақ көшпелі, жартылай көшпелі, отырықшы шаруашылық пен тұрмыс орын алған.

Көшпелілердің рухани мәдениетінің өз даму ерекшеліктері бар. Ол көшпелілердің тіршілік қарекетінің, тұрмысының ерекшеліктерінен туындайды. Кейбір батыстық зерттеушілер: «Көшпелілер өз бетінше мәдени құндылықтар жасауға қабілетсіз, олар тек басып алған отырықшы халықтардың мәдениетін қабылдайды. Ал отырықшы халықтардың мәдениеті оларға өгей мәдениет болып қала береді», - дейді. Бұл - мүлде қате пікір.

Көшпелілер өз тұрмыс-әрекетіне лайықты мәдениет қалыптастырған. Көшпелілердің материалдық мәдениеті көші-қонға ыңғайланып жасалған. Мұндай таза көшпелі мәдениет үлгілеріне біз жиналмалы, жығып-тігуі өте жеңіл киіз үйді, ер-тұрман, ат әбзелдерін, теріден, ағаштан жасалған бесігін, басқа да тұрмыстық заттарын жатқызамыз. Көшпелілердің рухани мәдениеті тіптен бай. Мал шаруашылығы – егіншілікке қарағанда бұқара халықтың барлығы қамтылмайтын, қамтығанның өзінде көшпелі қауымның бос уақыты көбірек болатын шаруашылық түрі. Материалдық мәдениет үлгілері руханияттың үлгісі болып табылады. Мысалы, сәулет өнері ескерткіші, былай қарағанда, материалдық мәдениет, ал сол сәулет өнерінен халықтың немесе сәулетінің дүниетанымы, мәдени дәстүрі көрінеді. Оның үстіне, сәулет өнері ескерткішінен көрермен рухани ләззат алады. Бұл жағынан қарағанда сәулет өнері ескерткіші рухани мәдениет үлгісіне де жатады. Кітапты да солай түсінуге болады: әрі материалдық дүние әрі рухани құндылық.

Көшпелілерде де, отырықшы елдер сияқты, жазу ерте пайда болды. Біз сақ жазуларының (б.з.д. 1-мыңжылдықтың ортасы), түрік жазуларының (б. з. VII-VIII ғасырлар) болғандығын, одан бергі ортағасырлық түркі тайпаларында жазудың болғандығын білеміз. Бірақ тағы да объективтік себептермен көшпелілерде отырықшыларға қарағанда жазу-сызу кеңінен дами алмады. Олардың рухани мәдениеті - шежіре тарихы, фольклоры, діни ұстаным-қағидалары жадында сақталды. Көшпелілер мәдениетінің тағы бір ерекшелігі - олардың мәдениетінің көбінесе көпқырлы болды. Көне заманда қазақ жерінде өмір сүрген тайпалар (сақ, ғұн, үйсін, сармат, т.б.), одан кейін орта ғасырлардағы түркілер бүкіл Еуразиялық көне және ортағасырлық өркениеттер мен әр түрлі себептер арқылы (миграция, жаулап алу, бейбіт көршілік жағдайында) араласты. Сол арқылы көшпелілер өздеріне түрлі халықтардың жақсы мәдени жетістіктерін қабылдады, өздерінің мәдени үлгілерін

басқа халықтарға жұғыстырды. Көшпелілер түрлі мәдениеттердің бір-бірімен араласуына, жақындасуына қозғаушы күш болған, дәнекер қызметін атқарған. Қазақ мәдениеті өзінің негізгі тіні, өзегі, тұрпаты жағынан көшпелі мәдениеттің үлгісінде жасалған өркениет.

Сақтардан қалған жазулар көшпенділер заманыныңдағы тарихи білімнің қалыптасуын дәлелдейді. Мысалы, 1960 жылы Ертіс өзенінің оң қанатынан табылған б.з.д. V-IV ғасырларға жататын сақ дәуірінің марал сүйегінен жасалған тұмарда жазу болған. Оны ғалым Алтай Аманжолов оңнан солға қарай «Ақ сықын» - «Ақ марал» деп оқыған. 1970 жылы Есік қаласының түбінен табылған «Алтын адамның» қабірінен жазуы бар күміс тостаған шықты. Тостағанның сыртында екі жолға жазылған 26 таңба бар. Олар бір жағынан, көне түркілердің руникалық жазбаларына ұқсас, екіншіден, Жерорта теңізі төңірегіндегі көне алфавиттік таңбаларға, әсіресе грек, арамей әріптеріне ұқсас. Оны да А.Аманжолов көне түркі тілі сияқты оңнан солға қарай оқыған. Жазудың мазмұны мынадай екен: «Аға, саған (бұл) ошак! Бөтен (жат ел адамы) тізенді бүк! Халықта азық-түлік (мол болғай!)!». Зерттеушінің пікірінше, бұл сақ дәуірінде түркі тілінде жазылған, яғни бұдан 2500 жыл бұрын түркі тілдес сақ тайпалары әліпбиін жазуды білген.

Ежелгі түркілердің арғы ата-тегі саналатын сақтардың батырлық жырлары арасындағы мазмұн, түр, стиль бірлігі тарихи дәстүр жалғастығы тұрғысынан ғылыми негізде дәлелденді. Сол себепті б.з.б. дәуірлерде шығарылған «Алып Ер Тонға», «Шу батыр», «Атилла», «Көк бөрі» және «Ергенеқон», «Оғызнаме», «Афрасиаб», «Алпамыс», «Арыслан бисат», «Қазан салор», «Алып Бәмсі», «Ер Төстік», «Манас» дастандары бүгінгі Қазақстан тарихының ауызша айтылуындағы қайнар бастаулары болып табылады. Сондай-ақ, аталған тарихи дастандар өзінен кейінгі тарихи кезеңдердегі Түрік қағандығы тұсындағы тарихи «Күлтегін», «Тоныкөк», «Білге Қаған» жырлары ғылымға дейінгі білімдік жәдігерлердің жазылуына үлгі-өнеге, негіз болды. Түрік қағандығы тұсындағы жазба әдебиет негізіндегі тарихи білім өзінен бұзақтар мен үйсіндердің және ғұндардың ауыз әдебиеті негізіндегі тарихи білім үлгілерімен генезистік типологиялық дәстүрлік үндестікте дамыды [Өміралиев, 1985: 128 б.].

Ертедегі тайпалық одақтар мен ерте мемлекеттік құрылымдар кезеңіндегі сақтар мен ғұндардың аңыз-афсанаға айналып кеткен ерлік тарихынан, көк түріктердің ежелгі қаһармандық шежіресінен сыр шерткен жыр-дастандар, қазақтың батырлық жырларын жырлау арқылы ауызша тарих айту дәстүрі қалыптасты.

Көшпенділер кезеңіндегі тарихи білім қоршаған орта байлығына, қоғамдық болмыстың ерекшелігіне байланысты қалыптасты. Адамдардың іс-әрекеттерінен әдет-ғұрыптар, салт-дәстүрлер, діни-нанымдық сенімдері пайда болды. Көшпенділердің тарихи білімі теңдік қарым-қатынасты, әдет-ғұрыпты, ата-баба салт-дәстүрін сақтау, барымта, қарымта, жер, жесір, құн даулары мен соғыс пен бейбітшілік мәселелерін әділ шешу, адамгершілік пен отансүйгіштік қасиеттерді тәрбиелеу, үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсету, имандылық, парасаттылық, адалдық және т.б. рухани өмір саласының басты құндылықтарын сақтауды мақсат етті. Қоғамдағы тепе-теңдікті бірқалыпты ұстау ру басыларының, билер мен ақсақалдарың құзырында болды. Діни ұғымда тәңірге, отқа, суға, жерге, төрт түлік мал иелеріне, әруаққа табыну орын алды. «Билік үшін адамгершілік қасиеттерден арылмауды дәріптеген даналық пайымдау, саяси биліктің халық игілігіне айналуын көздеді. Бұқара мақсат-мүддесіне сай келмейтін биліктің өміршеңдігі күмәнді, өйткені, халық қаһарланса хан да тағында тұра алмайды. «Көтерілсе көпшілі

Құмырсқаға жем етіп,

Отқа жағар тағыңды.

Илеуге тастар тәніңді», - деп айтылған Тайкелтір шешеннің сөзін ғасырлар бойы көшпенді тұрмыс тауқыметінен туындаған ұшқыр ойдың тобықтай түйіні деп айтуға болады» [Жамалов, 2003: 56 б.].

Ерте уақыттан бергі ауыз әдебиеті ауызша тарих айту дәстүрінің дамуына ықпал етіп, Дешті Қыпшақ көшпелілерінің тарихи біліміне жеткізді. Одан әрі Қазақ хандығы кезіндегі жыраулар поэзиясы «Зар заман» ақындарымен жалғасын тапқан тарихи білімге ұласып, XIX ғасырдың соңындағы қазақ ағартушы-ойшылдары одан әрі дамытып, кеңес дәуіріне дейін келді. Ал кеңес дәуіріндегі қазақ әдебиеті ауызша тарихты астарлы түрде дамыта білсе, онда қазақ халқының діліне тән әдебиет арқылы келген ауызша тарихи білімдегі шындықты дерек көзі ретінде қарау басымдығы туындайды. Қазақ халқын өркениеттілікке жеткізген тәңірлік дінмен бірге келген білім, аңыздан басталып, ауыз әдебиетіне ұласты. VIII ғасырда ислам дінімен бірге келген ойма жазудан басталып, көркем әдебиетке ұласқан дәстүрлі тарихи білімге жеткізді.

«Қазақ халқының ауызша айту дәстүріндегі тарихи білім (аңыздар мен тарихи жырлар)» деп аталған бірінші кезеңде: Қазақстан тарихын зерттеу кезінде аса маңызды дерек болып табылатын XIX

ғасырдың ортасындағы қазақ халқының фольклоры, эпостық жауынгерлік жырлары, өлеңдері, айтыс өнері және шежірелері, шежірешілер мен жылнамашылар туралы құнды ауызша дерек көздері қолданылды.

Қазақ даласының экономикалық, саяси, мәдени дамулары ежелгі көшпенді, жартылай көшпелі, отырықшы тайпалар – сақтар, ғұндар, қаңлылар, үйсіндердің рухани, яғни, саяси-әлеуметтік көзқарастары ортақтығынан, дүниетаным түсініктерінің өзара байланыста қалыптасқандығын көрсетеді. Көшпенді халықтардың тарихи білімінің қалыптасып дамуы да осы ортақ көзқарастарға байланысты болған. Нәтижесінде бұл ортақ көзқарастар тарихи үрдістердің дамуы көрсеткендей, Қазақстандағы тарихи білімнің екінші кезеңі – Көшпелілер заманындағы тарихи білімді дамытып (сақ, үйсін, ғұн, қаңлы, сармат және т.б.), Қазақстан және Орталық Азиядағы түркі халықтарының топтасуының алғышарты болып, Түрік қағанаттарының құрылуына дейін жалғасын тапқан.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

- Қазақстан Ұлттық энциклопедиясы. - Алматы, 1999. - Т. 2. - 496 б.
Бекмаханов Е.Б. XIX ғасырдың 20-30 жылдарындағы Қазақстан. - Алматы, 1994. - 416 б.
Смағұлова А. Қазақтың әдет-ғұрып заңдары. Оқу құралы. - Ақтөбе: Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе мемлекеттік университетінің редакциялық баспа бөлімі, 2004. - 88 б.
Абуова А., Ерболатова А. Қазақ халқының салт-дәстүрлерінің тәрбиелік мәні.// Республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. - Орал, 2 қазан 2017. – 128-131 бет.
Айдаров Д. Дін мен дәстүр. 11 кітап. - Астана, 2017. - 176 б.
Валиханов Ч.Ч. Избранные произведения. - Алма-Ата: Главная редакция Казахской советской энциклопедии, 1985. - 416 с.
Жирмунский В.М. Тюркский героический эпос. - Ленинград, 1974. - 728 с.
Тынышпаев М. Материалы к истории киргиз-казацкого народа. - Ташкент, 1925. - 64 с.
Батырлар жыры. Қырымның қырық батыры. - Т. 5. - Алматы, 1989. - 348 б.
Қазақтың тәлімдік ой-пікір онтологиясы: Бірінші том (ҮІ ғасырдан XX ғасырдың басына дейінгі кезең)/ Редколегия алқасы Шаяхметов Ш.Ш. т.б. Құрастырған Қ.Жарықбаев, С.Қалиев. – Алматы: Рауан, 1994. -320 б.
Байтұрсынов А. Тіл тағылымы. – Алматы: Ана тілі, 1992. - 448 б.
Құдайбердіұлы Ш. Түрік, қырғыз-қазақ хандар шежіресі. - Алматы, 1991. - 80 б.
Елеуұлы М. Шу өңірі: аңыз бен тарих // ҚазМУ Хабаршысы. Тарих сериясы. - 1996. -№ 3. - 6-12 бб.
Бес жүз бес сөз. - Алматы: Рауан, 1994. - 88 б.
Берлібаев Б.Т. Қазақстанда тарихи білімінің қалыптасуы мен дамуы: тарихи теориялық зерттеу(1920-2001 жж.). Докторлық диссертациясы. - Алматы, 2010, - 351 бет.
Казахско-русские отношения в XVI-XVIII. - Алма-Ата, 1961. – С. 407-408.
Гумилев Л.Н. Древние тюрки. – Москва: Айрис-пресс, 1993. – 560 с.
Өміралиев Қ. VIII-XII ғасырлардағы көне түркі әдеби ескерткіштері. - Алматы: Мектеп, 1985. - 128 б.
Жамалов Қ. Дәстүрлі қазақ қоғамының әлеуметтік тағылымы. Ғылыми еңбек. - Алматы: ҚАЗАҚПАРАТ, 2003. - 200 б.

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ АЯСЫНДА КЕМЕЛ ҚОҒАМНЫҢ ЗАМАНАУИ КЕЛБЕТІН ӘЛ-ФАРАБИДІҢ «ҚАЙЫРЫМДЫ ҚАЛАСЫМЕН» САБАҚТАСТЫРУ

Қабылова Айна Сағатбекқызы

*философия ғылымдарының докторы, профессор
Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
(Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан) E-mail: kaby172@mail.ru*

Әбу Наср әл-Фараби (870-950) «Қайырымды қала» тұрғындарын бақытқа жеткізудің жолын іздеді. Дәстүрлердің үйлесімді тоғысуын қолдады. Адам еркін өмір сүретін ортаны армандады. Қазіргі «Ақылды қала» жобасының идеясы – мың жылдай бұрын «Қайырымды қалада» айтылған. Заманауи «бақыт» тақырыбы да содан бастау алады. Әл-Фарабидің қайырымды қаласының мақсаты біздің еліміздегі мәселелермен тәркіндес. Уақыт айырмашылығына қарамастан қала тұрғындары бақытты болудың теоретикалық және тәжірибелік мәнін түсінумен айналысады. Әл-Фараби дәуірі мен қазіргі «бақыт» мағынасының арасында айтарлықтай айырмашылық бар. Отырарлық ойшыл адамзат болмысының жекеше қырларын қарастырды. Жеке адамның рухани өмірін жете білмей бақытқа жетуге болмайды деген. Қоғамның әлеуметтік бейнесін зерттеді. Фарабидің ойынша қала тұрғындары өзгерістер кезеңіне дайын болу керек. Қоғамдағы өзгерістерді айқындады. Қажеттілігіне назар аударды. Әр адамның бақытқа ұмтылу қабілеті бар деп санады. Бақыт дегеніміз – абсолютті қайырымдылық. Адамдар әртүрлі. Рухани заттарды ашуға қабілеттері сан алуан. Қайырымды қала тұрғындары қайырымдылық жасауға ұмтылады. Бақытты талаптанып табады. Үнемі еңбектенеді. Кемелдену үшін табиғи диспозицияны дағдыландыру керек. Соның арқасында өнер мен ғылым нығаяды. Қайырымды қаланың тұрғыны қабілеті мен дайындығына қарай әрекет етеді. Ол қоғамда

ғана бақытқа қол жеткізе алады. Әл-Фараби үшін адамзат бақыты барлығынан жоғары. Оның философиясы мен адамзат бақыты бір-бірінен ажырамайды. Ойшыл ұғымындағы қала – адам ағзасы сияқты. Көру, есту, иіс сезу сияқты барлық сезімдерге ие. Қайырымды қала тұрғындары үшін «игіліктер арасында бақыттың орны ерекше. Адам бақытқа жетуі үшін әдістерді пайдаланады» дейді Фараби (Әл-Фараби, 2006: 296). Көпшілік азшылыққа қарағанда көздеген мақсатына тез жетеді. Адамдар топтасып, орталықтанған жүйе – қалада өмір сүреді. Аристотель қала құру ең жоғарғы жетістік деген. Әл-Фараби болса мұны кемелденуге жетудің бастамасы ғана деп түсіндіреді. Ойшыл зияткерлік және этикалық кемелдік туралы ойларды алдыға жылжытты. Оқымысты адам этикасы туралы пікір білдірді. Игілікті істерге шақырды. «Игіліктер екі түрлі болады: этикалық және интеллектуалдық. Интеллектуалдық – (жанның) ақыл-парасаттық жағына жататын қайырымдылық. Мәселен, даналық, парасат ақыл-ойдың тапқырлығы мен өткірлігі, ұғымталдық. Этикалық игіліктер – бұлар (жанның) ұмтылуы жағына жататын игіліктер. Мәселен ұстамдылық, батылдық, жомарттық, әділдік» (Әл-Фараби, 2006: 158). Ойшыл этикасы игілік қасиеттерді дамытуға шақырады. Этикалық нормаларға күмән келтіруші адам қатігездікке душар болады. Қайырымды қала тұрғындарының арасында оларға орын жоқ. Этика – мемлекет құрудың іргетасы. «Қайырымды қала» мен «қайырымды азаматты» калыптастыруға көмегін тигізеді. Қайырымдылық бақытқа жету үшін керек. Бақыт жақсы белсенділіктен туындайды. Жақсы белсенділік дегеніміз – қайырымдылық. Бақытты болудың шарттылығы – қайырымды болу. «Бақытқа адам инстинкті түрде ұмтылады. Бұл үлкен игілік. Ең кемелді мақсат» (Аль-Фараби, 2007:266).

Заманауи бақыт тұжырымдамасы субъективті қанағаттану аясында анықталады. «Ақылды қала» тұрғындарының талаптары өмірдің оң сапасына қол жеткізу. Оған қоса «интуиция» мен «иммунитет» категорияларын айқындау. Адамның қоғаммен байланысы өте терең. Оны түсінген сайын қиындай береді. «Заманауи бақыт» ұғымы мен «Фарабидің бақыты» арасына салыстырма жасадық. Қазір адам бай болғысы келеді. Ол туралы әл-Фараби «тіршілікте құрыштай бол төзімді... Өрге жүзген өнегелі ісімен!» [3] дейді; ауыртпалықты көтере алмайтындарға, ол «тағдырыңды еш уақытта жазғырма!» [3]; тек қана жеңіске жеткісі келетіндерге, «билікті сүйгіш қаладағы адамдар басқаларға жоғарыдан қарайды... оларды жеңіс қана қуантады» [4] немесе «адам мақсатына өзін-өзі жетілдіру арқылы жетеді» [3] дейді. Өзімізді толыққанды қанағаттандырғымыз келеді, ол: «адамның тәндік жаратылысының дамуының негізгі көрсеткіші – денінің саулығы» [3] деген. Біз кейде «әділеттілікке» ұмтыламыз, ол «адамгершілігі жоқ қаланың тұрғындары игіліктің не екенін жақсы біле-тұра, өздерінің іс-әрекеттерін басқаша істейді» [4] деп дұрыс жолда болуды үндейді. Қазір жеңіл өмірге деген ықылас жоғары. Ол туралы ойшыл «құлдыраған бақытсыз қалада адамдар тек тамақ табуда, ішуде, жыныстық қатынаста тек қана ой өрісіне көтерілмей сезімдік ләззат алуға тырысады» [4] деп сынға алады. Бақытты болу тілегіміз бойынша, ол: «бақыттың мәні – парасаттылықта. Әркім игілікті мақсат қоя білсін. Адам өз мінез-құлқын, іс-әрекетін ерікті түрде өзгертсін. Игілікке бағаттап отыру керек!» [3] депті. Ойшыл «малды көп жинап, аз жұмсасақ – сараңдық содан пайда болады. Ол өте жиіркенішті нәрсе» (Рудольф У., 1999:141) деп сараңдықты сынға алады. Өлімнен қорқатындар үшін, Фараби «адаққан қаланың адамдары бақытты өмір о дүниеде болатынына сенеді. Бірақ кейін олардың көзқарасы өзгереді. О дүниеге де, осы өмірге де өзгеріп, бұзылады» [4] деп осы өмірдің қадірін білмейтіндер туралы айтады. «Ізгі адам ажалды жақындатуға ұмтылмауы тиіс. Қайта өмірді ұзартуға барынша тырысады. Өмір ұзақ болса, бақытты ететін істерді көбірек істеуге мүмкіндік туады. Егер ажал еріксіз келсе, онда ол қорықпайды. Абыроймен қарсы алады. Ол ажалдан тіпті де қорықпайды. Өлім оны абыржытарлық дәрежеде қорқыта алмайды» (Әл-Фараби, 2006:190 б.). Қорықпай сергек болу – табысты өмірдің іргетасы. Фарабидің ұсынысы осындай. Алайда нақты өмірде адам моральды дилеммаға тап болуы мүмкін. Қазіргі адам өзінің дамып келе жатқанына сенімді. Эволюцияда өмір сүреді. Оны сезінеді. Әр жаңа ұрпақ өзін бұрынғылардан гөрі ерекшесі деп санайды. «Жаңа адам» пайда болды. «Жаңа адам» – «жүз немесе мың жыл бұрын қолданыста болған моральдық заңдар бұдан былай жарамсыз» деп ойлайды. Негізгі қателіктің бірі осы. «Жаңа адам» үшін бақытты өмір байлықпен өлшенеді. Егер біреу қуанып тұрса «саған не болды, лотереядан миллион ұтып алдың ба» деп сұрайды. Біздің ғасырымызда ақшамен барлығын сатып алуға болады. Ақша – еркіндіктің кепілі. Адам өз армандарын тек еркіндікте жүзеге асырады. Мысалы, Спиноза еркіндікті ең алдымен «бізді қоршаған қажеттілікті танумен» тығыз байланыстырады (Спиноза, 1993). Еркіндік бағасы жоқ дүние. Еркіндіктің болмысы сыртқы және ішкі факторлармен күресте білінеді. Айналамызда болып жатқан жағдайлар кейде түсініксіз. Үнемі қолайсыздық тудырады. Өртүрлі фобия күрт өсуде. Адамдар арасында бір-бірінен «тітіркену» калыптасты. Қазіргі адамның өмірі қызу қарқынмен жүреді. Демалуға уақыт жоқ. Ұйқысыздық, стрес, жүйке ауруы көбейді. Ақпараттың көптігі зияндығын тигізуде. Әр түрлі мәліметтерді сыни қабылдау мүмкін емес. Ішкі

«сүзгілер» мұндай қысымға төтеп бере алмайды. Нәтижесінде, адам нақты деректер негізінде жұмыс істей алмайды. Сондықтан да болар, қоғамда «зайырлы психологтар» деген тап пайда болды. Солар бізге бағыт бағдар көрсетеді. Ақырында «психоэнергетикалық жағдай» жақсарады. Астральды құбылыстарға сезімталдық артады. Ағзадағы энергия ағындары күшейеді. Адам айналасындағы нәзік энергия өрісін байқайды. Өз аурасының шекарасын сезінеді. Күшті энергия қуаты келеді. Кейде бұл негізсіз эйфорияға әкеледі. Әр адамның құндылықтар әлемі бірнеше рет өзгереді. ХХІ ғасырда бұл процесс өте жылдам болуда. Тұрақты өзгерістердің нәтижесі әрдайым бақытқа әкелмейді. Көп жағдайда дағдарыстар байқалады. Алайда заманымыз бізден жеңілуді емес, жеңімпаз болуды талап етеді. Сәтсіз емес, сәтті болу – жетістік. Құрметпен қабылдап, түсінгенді қалаймыз. Атақты болу барлығынан жоғары тұр. Денсаулығымыз мықты болып, ұзақ өмір сүрсек. Ерте өлуден қорқамыз. Осының барлығы ақылға қонымды. Күдік тудырмайды. «Қазіргі күні ғылым жетістігі әлемді жаулап алды дейміз» [7]. Біз соғыста болсын, спортта болсын, кездейсоқ ойындарда да, бизнесте де, тіпті қиялымызда да жеңіске жетуді жақсы көреміз. Құндылықтар алмастырылды. Өткен ғасырларда адамдар өзін ешқашан мұндай жайлы сезінбеген. Аз өмір сүрді. Ал, заманауи адам жақсы тамақтанады. Білімді. Тұрғын үй қолайлы. Өркениет жетістіктерін пайдаланады. Толық қауіпсіз. Алайда неліктен қазіргі әлемде бақытқа жету қиын. Әл-ауқат деңгейінің жоғарылауы бақыт сезімін қамтамасыз ететін фактор емес екен. Есірткі мен алкогольдің өмірге соншалықты берік енуі кездейсоқ емес. Мұның бәрі бос орынды толтыруға көмектеседі. Оның үстіне, бұл көбінесе ауқатты адамдарда кездеседі. Адам материалдық әл-ауқатқа тез үйренді. Оны әдеттегі жағдай деп қабылдайды. Бақыттан гөрі бақытсыздықты сезінуге бейім. Жағымды эмоциялар – қысқа мерзімді [8]. Тез жоғалады. Қазіргі заманғы әлем бұрынғыларға сәйкес келмейтін «бақыт факторларын» ұсынады.

Өнегелі өмірдің мақсаты – бақыт. Фараби «кемелденуді» бақыт дейді. «Адам тек жақсы істер жасау арқылы қайырымды қалада бақытқа жетеді» (Аль-Фараби, 1960:177). «Қайырымды қаланың» заманауи баламасы – «Ақылды қала». Smart City (Ақылды қала) – бүгінгі шындық! Кемелдену үшін «Ақылды қала» тұрғындары ақпарат жинайды. Оны талдауға қабілетті. Британдық стандарттар институтының (BSI) анықтамасы бойынша Smart City «азаматтардың тұрақты, дамыған болашағын қамтамасыз ету үшін жасанды түрде құрылған физикалық, цифрлық және адами жүйелердің тиімді интеграциясы» (Денисов В.А., 2019). Қазіргі «Smart City» тұжырымдамасы ақылды орта құрады. Ақылды бақылауды күшейтеді. Ақылды жарықтандырудан бастап ақылды аялдамаларға дейінгі ұғымды қамтиды. Оны игеруге білім керек. Білім ғана сезіну мен түйсінуге итермелейді. «Білімді болу деген – жаңалық ашуға қабілетті болу» [3]. Адамзаттың табиғаты бақытты болуға бағдарланған. Өмірдің жоғары деңгейде болуын қадағалап отырады. Бақытты болудың себебі мен салдары бар. Дәлелі мен сылтауы болады. Осы себептер жақсы көңіл күй береді. Жаманшылықтан аулақ болуды түсіндіреді. Осыны меңгерген тұлғаны әл-Фарабидің «кемелденген адам» образымен қиылыстыруға болар еді. «Фараби бақытқа апарар жолды нұсқады. Көпшілік мақұлдаған бақыт – әрбір адам ұмтылатын мақсат. Бақыт бәз бір кемелдену мен игілік болып табылады» (Қасымжанова А.А., 2006:277). Әрбір адамның абсолютті бақыт туралы түсінігі бар. Оны ең жетілген игілік деп сенеді. Адам өзінің барлық әрекетінде тамаша әрекетті қалайды. Ақырында бақытқа жетеді. Әл-Фараби жеке тұлғаның моральдық және әлеуметтік міндеттерін орнықтырды. Адамгершілікке толы мінез-құлық – табысты өмірдің іргетасы. Қазіргі заманғы әсерлі де танымал психолог Б.Ф.Скиннер өзінің «Beyond Freedom and Dignity» [12] еңбегінде «дұрыс әрекет» немесе «бұрыс әрекет» ұғымына эксперимент жүргізді. Заманауи адам мотивацияға негізделген тәртіппен өмір сүріп жатыр. Скиннер адам бақытын көптеген ережелер мен нормалардың жиынтығы топтасқан құзырлы агенттік ретінде қарастырады. Адам психикасын зерттеу барысында санадағы қондырғыларды «жағымды», «жағымсыз» форматта пайдаланып көрген. «Адамның ғылыми көзқарасы қызықты мүмкіндіктерді ұсынады. Адамның адамнан нені жасай алатынын әлі көрген жоқпыз» деген қорытынды береді.

Бір қарағанда, «бақыт» ұғымы елес сияқты көрінеді. Бірақ өте қажет. «Қазіргі әлем бақыт концепциясына, фелиситарлы (felicitary) саясатқа, «бақытқа жету саясатына» жүгінеді. Себебі, адамзат дамуының қозғаушы күші ретінде тұтынуға негізделген модель сарқылуға жақын деп санайды. Ол өсудің объективті шектеулеріне – ресурстық және экологиялық шектеулерге айналды. Тұтыну көрсеткіштері бойынша ең гүлденген елдердің өзінде адамдардың психологиялық немесе моральдық жағдайына қатысты күрделі мәселелер бар. Ақырында қанағат, жайлылық және ойын-сауық адамдардың бақытты сезінуі үшін жеткіліксіз» [13]. Тұтынушылық қоғамда өмір сүріп, мезгіл-мезгіл жаңарып отыру – зәрулік. Қанағаттану үшін үздіксіз жаңа модель қажет. Жаңа модельді құруды жалғастыру керек. Адам өзін толық бақытты сезіне алатын өркениетті анықтауымыз керек. Зияткерлік, кәсіптік, рухани және шығармашылық әлеуетті толық игеру мүмкіндігін оңтайландыру

керек. Сол кезде адам қоғаммен үйлесімді түрде нәтижелі жұмыс атқарады. Шығармашылық белсенділікке араласқанына қуанышты болады. «Ар-ождан алдындағы адалдық – өз қадір-қасиетіңе, ізгі іс-әрекетіңе байланысты» [3] деген әл-Фараби пікірі ой салады. Мемлекеттік «бақыт саясаты» осыған негізделуі керек. Бақытты өмірге қол жеткізудің нақты жобасы жоқ. Алайда еліміздегі көптеген түрлі конфессиялық жобалар жиынтығы осыған бағытталған. Олардың барлығы халықтың өмірін жаңа сапаға көтергісі келеді. «Ізгілер бөтенсіну мен алауыздыққа жол бермейді. Өйткені ізгіліктің мақсаты – игілік» (Аль-Фараби, 2001:204) деген Фараби.

«XXI ғасырдың өркениет идеологиясы гуманизмге негізделген. Қоршаған ортаны қорғау қағидаттарын басшылыққа алады. Либералды-консервативті және солшыл идеология осы құндылық жүйесін құруда бәсекеге түседі. Өртүрлі социалистік және діни-әлеуметтік ойлардың ағымдары пайда болады. Жаңартылған марксистік ілім – коммунизм жер бетіндегі жұмақ деген ұғымнан бас тартты. Бүкіл планета тұрғындары американдық өмір деңгейіне жетуге ұмтылады. Соған ұмтылыс теңестірусіз басым болады. Экологиялық апат пен табиғи ресурстардың таусылуы мүмкін деген үрей қатар жүреді» [15]. Қазір инфрақұрылымның интеллектуалдық дамуына ықпал ететін «ақылды қалаларды» құру мәселелері талқылануда. Барлық ресурстардың, халықтың қажеттіліктерінің жан-жақты теңгерімі қамтамасыз етіледі. IT-компаниялар «Smart мектеп»; «Көшені Smart жарықтандыру»; «Smart көлік»; «Ақылды тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық»; «Қауіпсіз қала»; «Smart Services» және басқа да жоғары технологиялық шешімдер ұсынады [16]. Ақылды қала бағдарламаларының мысалдары Сингапур, Үндістан, Дубай, Амстердам, Барселона, Мадрид, Стокгольм, Копенгаген, Пекин және Нью-Йоркте ерекше жүзеге асырылуда. XXI ғасырдың адамы неғұрлым материалистік бола бастады. Ол үшін тыйымдар мен құпиялар аз. Бірақ мүмкіндіктер мен таңдау көбірек. Көкжиек ұлғайды. Планета шексіз болып көрінбейді. Адам ғарыш пен микрокосмосты белсенді зерттеп жатыр. Нанотехнологиялар бүгін өмірді жаңадан құруға қабілетті. Әлем тез өзгеруде. Адам үнемі қозғалыста, ізденісте, өзін-өзі жетілдіруде. Егер адам жетістікке жете алмаса, ол біріншілердің қатарына кірмейді. Нәтижесінде депрессияға түседі. Ертеңгі күнге сенімсіз болады. Тұрақсыз және тез өзгертін әлем, қарама-қайшылықты ақпараттың үлкен ағымы – бүгінде адам мен қоғамның моральдық жағдайына әсер ететін негізгі факторлар. Адам – бұл ең алдымен әлеуметтік болмыс деген Фараби. Ол қоғамнан тыс өмір сүре алмайды. Демек, адамның кез-келген тілегі, қажеттілігі, пікірі мен мүдделері адамдармен қарым-қатынас процесінде жүреді. Белгілі бір жүйеде, корпорацияда немесе қауымдастықта ғана қанағаттандырылады. Фараби адамды бүкіл ғаламнан «ақылды (ұтымды) жануар» ретінде ерекшелеген. Интеллектуалдық тектік адам болмысына имманентті тән. Ақылға қонымды қабілет барлығына бірдей. Адамдар жынысы мен шығу тегіне қарамай табиғи теңдікке ие. Кейде сәттілік пен бақыт алыста тұрған сияқты. Оған адамның батылдығы мен жігері жетіспейді. Ол үшін өзін-өзі дамыту керек. Ақырында батылдық танытасыз. Бұл адамды жақсы әрі табысты етеді. Міне, біз сіздермен заманауи адамның негізгі проблемаларының кейбіреулері туралы сөйлесуге ниет білдірдік.

Кейінгі жылдары өмір күрделі болып бара жатқан секілді. Осындай кезде адамдар өзін-өзі бақылауды үйренді. Ерекше бір мәдениетті қалыптастырды. Құндылықтардың деңгейі өзгерді. Инновацияның өзекті мәселелері төңірегінде «ақылды қалаларды» құрудың жаңа шешімдерін енгізу туралы пікірталастар жүріп жатыр. Ойлану үрдісі жаңа форматқа өтті. Ақша мен билік бақыттың кілтіне айналды. Алайда әл-Фараби ақылды адамдар өзінің күші арқылы ғана бақыт кілтін табады деген. «Ізгілікті адам әрдайым игілікті болып табылатын мақсаттарға ұмтылады» (Сатыбекова С., 2006:172). Адам қоғамда еңбектене отырып, жетістікке қол жеткізеді. Бақытқа жету – адамзаттың мақсат мұраты. «Бақыт, адам инстинкті түрде ұмтылатын, әлдебір кемелділік болып табылады» дейді әл-Фараби. Игіліктердің арасында ол «ең үлкен игілік, ең кемелді мақсат» (14, 266 б.). Адамдар көп жағдайларда шешімі жоқ болмысқа ішкерлейді. Сондықтан қолдағы бар кейбір құндылықтарды жоғалтып алады. Әр халықтың өзіне тән бақыт ұғымы бар. Әрқайсысы әртүрлі көріністе байқалады. Ең әдемі этикалық ізгіліктерді сол халықтың ізгіліктеріне тән адам ғана анықтай алады. Өмірде құшағымызға симайтын бақыт түрлері көп. Бақыт пен қайғы да қатар жүруі мүмкін. Бірақ бұл өмірді тармақтар мен баптарға бөлу деген сөз емес. «Бақыт бұл әлеммен шектелмейді. Екі дүниеде де болу ықтималдығын» әл-Фараби жоққа шығармайды [18]. XXI ғасыр адамының бақыт жолын іздеуде – дұрыс және сенімді ақпараттың болмауынан шешімі жоқ мәселелер туындайды. Адамның жеңіске жетуі үшін мықты мотивация керек. Мотивациясыз сәттілік пен бақытқа қол жеткізе алмайсыз. Заманауи адамның негізгі проблемасы – қате ойланумен байланысты. Ол сәттілік пен бақытқа кедергі болады. Негізгі құндылықтарға, мақсаттар мен армандарға қолайлы көзқарас қалыптастыру керек. Қайырымды қала тұрғындарының кәсібі болу керек дейді Фараби. Қазіргі кезде ұтқырлық идеясы маңызды. Еңбек нарығының қажеттіліктеріне байланысты жаңа қызметті игеру қажет. Заманауи

«бақыт» ұғымы экономикалық теориямен анықталады. Адамның «өмір сүру деңгейі» макроэкономикалық саясаттың басты мақсаты болып табылады. Осы орайда елдің экономикалық дамуы қажеттілік. Экономикалық өсу – ел азаматтарын жақсы өмір сүруге әкеледі. Осылайша, «жақсы өмір сүру» үкіметтің экономикалық саясатының маңызды индикаторына айналады. Барлығымыз білетіндей, біздің әлемде адамзаттың байлыққа байланысты негізгі екі проблемасы бар: ақша жеткіліксіз немесе ол тым көп. Осы екі мәселе адамның алаңсыз өмір сүруіне кедергі келтіреді. Бұл жерде кінәлі ақша емес, кінәлі – адам. Ақшаға қатысты қалай әрекет етуді адамның өзі таңдайды. Ақшаға деген көзқарасты өзгерту керек. Содан соң маңызды адами мәселелер шешіледі. Мысалы, мұқтаж жандарға қолдау көрсетудің түрлі мүмкіндіктері бар. Науқастың өмірін сақтап қалуға болады. Көптеген адамдар жануарларды қолдайды. Интернеттің көмегімен жарқын нәрсе жасай аласыз. Бұл бақыттың бір қыры ғана. Ол бізге одан да жақсы жұмыс істеуге уәж бере алады.

XXI ғасырда жалғыздық адамның негізгі проблемасына айналады. Онымен күресу керек. Өмірге дұрыс көзқараспен қарайтын, жеке пікірі бар, өз идеяларын берік ұстанатын адамдар мұндай проблемаларға ешқашан кездеспейді. Өйткені олар тиімді өмірлік ұстанымдарының арқасында көпшіліктің арасында жүр. Ақылды адамдар кез-келген мәселені тез шешеді. Маңызды мәселелерді жеңіп шығады. Заманауи «ақылды адам» әл-Фарабидің «кемел адам» ұғымына жақын болуы мүмкін. Қазақстандық ғалым Ғарифолла Есім «жақсы адам» деген ұғымды енгізіп отыр. Бұлардың барлығы ортақ байланыстағы ұғымдар. «Жақсы адам» маңайына жалтақтамайды. Алдыға ұмтылады. Ол әсірешіл көңілшек. Жауапкершілігі мол тұлға. Осындай мінез арқылы бақытты тартуға болады. Адам баласы қала тұрғыны бола отырып, өзінің табиғи қабілеттері мен қала иерархиясындағы орнына сәйкес тиісті бақыт үлесін алады. «Қала тұрғындары алатын бақыт (үлесі) сапалық және сандық қатынаста есептеледі. ...Кемелдіктің қаншалықты басым болуына байланысты болады», – деп көрсетеді әл-Фараби. Ертеректегі ақылды қала мысалында Бағдатты айтуға болады. Бағдад – Константинополь мен Кордова деңгейінде болды. 762 жылы халиф әл-Мансур салған. Төрт қақпасы бар дөңгелек қала. Дөңгелек пішіні белгілі бір символдық мағынаға ие болуы мүмкін. Сонымен қатар оны қорғау оңайырақ болды. «Бейбітшілік қаласы» деп танылды. Араб әлемінің мәдени астанасы деген ресми атағы бар [19]. Ортағасырлық мәдениеттің ірі орталығы. XIII ғасырда Бағдатта 30-дан астам кітапхана болған. «Даналық үйі» осында орналасқан. А.Койрениң айтуынша «өркениеті дамыған римдіктер жаңа ашылымдар мен зерттеулер жасауды ойларына да алмаған (Койре А., 1985:15). Араб әлемі мүлдем басқа жағдайды бастан кешірді. Олар грек ғылымын меңгерді. Қазынадан Даналық үйіне ақша бөлінген. Зияткерлікті қолдады. Бағдад – халифаттың саяси, діни және экономикалық өмірінің орталығы болды. Өз дәуірінде бұл қала тұрғындары да ерекше мәдениетімен ерекшеленді. Жаңалықты тез қабылдады. Тұрғындарының жоғары кемелдену сатысына ұмтылғанын байқауға болады. Қала өмірі иерархиялар (патша отбасы, шіркеу) төңірегіне шоғырланды. Қазір оларды корпорациялар, технологиялар және әлемдік экономика алмастырды. Олар қаланы дамытуды көздейді. Еліміздің тұрғындарына қызмет көрсету тиімділігі арттырылуда. Қалалық информатика технологиясының көмегімен өмір сүру сапасын жақсарту қажеттілік. «Ақылды қала құру дегеніміз – инновациялық технологияларды қолдану есебінен өмір сүру сапасын жақсарту. Жалпақ тілмен айтқанда, бұл ақылды басқару, ақылды орта, ақылды экономика, ақылды ұтқырлық. Қалалық ортаның жай-күйі тек инфрақұрылыммен, материалдық ресурстармен ғана анықталмайды. Ақылды қалаға сапалы жаңа дамытуды қамтамасыз ететін – ақылды шешімдер қажет» [21]. Қала әкімшілігі қалалық инфрақұрылыммен тікелей қарым-қатынас жасайды. Қаланың қалай дамып жатқанын бақылайды. Өмір сүру сапасын көтереді. Нақты уақыт режимінде енгізілген сенсорларды қолдану арқылы қала тұрғындарына қатысты жинақталған деректер өңделеді, талданады. Жиналған ақпарат – маңызды мәселелерді шешудің кілті. Нұр-Сұлтандағы «Smart City» тұрғын үй кешені Тұран даңғылында орналасқан. Ханшатырының шығыс беткейінде. Солтүстік жағалаудағы барлық көрнекті орындарға оңай қатынауға болады. Үйдің биіктігі тоғыз қабатты. Кірпіштен соғылған. Бірінші қабатында сауда және кеңсе бөлмелері орналасқан. Барлық кіреберістер қоршалған. Тұрғындар үшін қауіпсіз. Ыңғайлы қозғалыс жасай алады. Таза ауамен қатамасыз ету үшін 920 шаршы метр аумақ көгалдандырылған. Сонымен қатар автотұраққа қажетті орындар саны жеткілікті. Жақын болашақта барлығы «ақылды үйде» тұру керек. Барлық тұрғындар қуанышта болады. Қазіргі уақытта экологиялық тұрақты даму қағидаттарына сәйкес салынған заманауи қалалардың дамуы келесі формула түрінде ұсынылады деп болжанады: ақылды қала + жасыл инженерия = жасыл ақылды қала. Бұл жаңашыл қала тұрғындарының бақытты болуының аздаған бөлігі ғана. Бақытты болу дегеніміз – таза психологиялық жан-күйіңіз. Бақыт – абстрактілі ұғым. Өзімізге керекті анықтағанда, бақыт ұғымын түсінуіміз жеңілдей түседі. Бақытты мақсат етіп қою үшін күшті белгілер мен себептер керек. Байлық пен мансап барлық кезде бақытқа түрткі бола алмайды. «Бақыт» пен «бақытты болу»

ұғымдарын шатыстыруға болмайды. Әл-Фараби тұжырымдамасы бойынша «бақыт – қанағаттану, рахаттану секілді эмоционалды сезімдер. Бұл сезімдер адамның психологиясын орнықты етеді. Руханилығының қалыптасуына түрткі болады». Себебі табиғатынан адам өз қажеттіліктерін қанағаттандырып, толыққанды өмір сүруді армандайды. «Адам ұстанатын бір ақиқат бар. Бұл ақиқат адамның бойында шоғырланған. Ол адамның әлеммен барабар қатынаста болуына, құрамында әрекет етуге, тануға, рухани өсуге мүмкіндік жасайды» (Косиченко А., 2006:130).

Бақыт мәселесі ұзақ уақыт зерттеліп келеді. Әр жолы оны танудың жаңа перспективалары пайда болады. Бұл тақырып әрқашан өзекті және жаңа. Сондықтан зерттеушілер үшін қызықты. Американдық психолог Абрахам Маслоу [23] адам бақытты болу үшін алдымен «тамақ, су, баспана, ұйқы, физикалық тәуелсіздік, қауіпсіздік» сияқты т.б. барлық қажеттіліктерді қанағаттандыру керек деген пікірде. Биологиялық қажеттіліктер қанағаттанарлық деңгейде болса, адамның өмір сүруі жеңілдейді. Жетістікті адам сабырлы, сенімді, талантты келеді. Депрессия мен күйзелістерге бейім емес. Өзін рухани сау сезінеді. Келбеті сүйкімді болады. Ақылы мен рухы жоғары адам керек шарттылықтарды қанағаттандыру үшін психологиялық деңгейді таңдайды. Маслоудың айтуынша алғашқы қажеттіліктер қанағаттандырылғаннан кейін адам Нәфс Аммара (Nafs Ammārah) деңгейінен Нәфс Лаввама (Nafs Lawwāmah) деңгейіне өтеді. Бұл деңгейде адам физиологиялық және руханилық қажеттіліктердің арасында торға түскендей күй кешеді. Таңдаудың тығырығына тіреледі. Алайда дұрыс жолды таңдаса ең жоғары саты – өзін-өзі тану Нәфс ал Мутма'инна (Nafs Al Muṭma'innah) деңгейіне көтеріледі (Mohamed M., 2014:29). Өзін-өзі тану арқылы бақыт өлшемін белгілейді. Қалай деген күнде де бақыт ұғымы жалпылық сипатта. «Бақыт» талаптарының кейбір сұраныстары оның шеңберіне сыймайтын кездері де болады. Кейде психологтардың адам миына бақылау жасау арқылы жүргізген эксперименттеріне сүйенеді [25]. Ал, философиядағы гедонизм мен утилитаризм ағымдары бақытты – сезім ләззаттарымен анықтайды. Бұл ғашықтар арасындағы бақыт жағдайымен түсіндіріледі. Өз заманында Ницше еуропалық замандастарының көпшілігі бақытқа жете алмады деп ойлады. Себебі «христиандық – шынайы Құдайды өлтірді. Адам Құдайға жақындауға тырысу керек. Сонда күнә мен азаптан тазарады. Оның жай ғана бақытты болуға хақысы жоқ. Жанының тазалығы үшін азап шегуге міндетті» [26] дегенді айтты.

Бақытқа қол жеткізудің алғашқы құралының бірі – дін. Әл-Фараби мұны қолдайды. Дін қала өмірінің бір бөлігі болып табылады. Көптеген адамдар үшін дін – өмірдің мәні. Ойшыл «Алғы Мәнді (құдайды) теңдесі жоқ жақсы қасиеттермен марапаттаудан шаршамайды. Кемелділікке сұлулық пен асқан әсемдік тән. Алғы мән – абсолютті сұлу, ең асқан әсем. Алғы Мән сезінетін рахаттың мәнін біз танып-біле алмаймыз» (Әл-Фараби, 2005:147) дейді. Аллаға, періштелерге, Қасиетті кітаптарға, пайғамбарларға, ақыр заман күніне, тағдырға сену сияқты ислам ілімінің барлық алты белгісі ойшыл шығармаларында кездеседі. Әл-Фараби туындыларын «бісмілләхи-р-рахмани-р-рахим» деп бастайды. Трактатында «Періштенің аян болуы мен елестеуі» туралы бөлім бар. Қиялдағы күштер әрекетін қарастырды. «Періште ...парқы неде. Бірінше себепке қатынасы қандай» деп ойланады. Қасиетті кітаптарға сенімді арнайы бөліп алып қарастырмайды. Ол туралы жалпылама тұтас түсініктер береді. Пайғамбарларға сенім Фарабидің әділетті әкім туралы тұжырымдамасында байқалады. Имам, пайғамбар түсініктерін жиі пайдаланады. «Қайырымды қала», «Бақытқа қол жеткізу» еңбектерінде пайғамбарлық туралы арнайы бөлімдер бар. Ақыр заман туралы көзқарасы – өлгеннен кейін қайырымды қала тұрғындарының жандары бір-бірімен қауышады, адасқан және надан қала тұрғындарының жаны өлген соң ыдырап кетеді дегенінен айқындалады. Сонымен бірге хадистердегі «мумин» түсінігіне Фарабидің «қайырымды адам» бейнесі өте жақын. Ойшыл тағдырға сенеді. «Даналық негіздерінде» Қасиетті кітаптан алынған «жайдан-жай бір тал жапырақ та ағаштан түспейді» деп мысал келтіреді. «Дін мен сенім – шариат пен сунна сияқты синоним ұғымдар» болса «қайырымды дін философияға ұқсас» (Аль-Фараби, 1987:324) деген ой қорытады. Әл-Фараби диалогтық ілімнің сипатын ұсынды. Төзімділік пен ұтымдылық нүктесін нақтылайтын негіздемелерді дайындады. Сезімталдық пен мораль арқылы ақыл санатының аксиологиялық аспектілерін ашты. Адамның діндарлық қалпына біржақты қарамағандығын атап өту қажет. Діннің қоғамдағы адамгершілік, моральдық заң екендігін мойындайды. Алайда оны тұлғаның өз таңдауына береді. Қайырымды қала тұрғындарына моральды катеорияларды запы қылып, зорлықпен міндеттемейді. Керісінше оларға түсінікті болу үшін адамгершілік қағидаттары қол жетімді болатындай мораль онтологиясын құруға әрекет жасады. Ойшылдың айтуынша әртүрлі қайырымды қалалар, ізгі ұлттар, ұйымдар, тайпалар өмір сүреді. Олардың діни сенімдері де әртүрлі. Адамзат өз сеніміндегі қасиетті жолмен жүру керек. Жаратушыға еліктейді. Ол дарытқан инстинктер мен болмыстың сан-алуандығына арқа сүйейді. Мұндай жағдайда дүниенің барлық түрлерінің сатыларына сәйкес табиғи игілікпен өзара үндестік табады. «Қайырымда қалада» Алла туралы айтылады. Әлемді – ай үсті және

ай асты деп екіге бөледі. Бұл әлемдер әрдайым қозғалыста. Ұдайы өзгеріп отырады. Ойшыл Бірінші Тұлғаның еш нәрсеге мұқтаж еместігін қабылдайды. Оның формасы еш нәрсеге ұқсамайды. Еш нәрсе оған ұқсамайды. Қарама-қайшылығы мен серігі жоқ. «Қайырымды қала» мен «Ақылды қаладағы» діндарлықтың айырмашылығы бар. Қазіргі адамның діндарлығы өзгерді. Оған ғылыми жаңалықтар мен зайырлылық себеп болды. Әлем құбылыстарының діни түсіндірмесіне адам күмәндана бастады. Діни институтқа көзқарас өзгерді. Бұл қоғамда дін жоқ дегенді білдірмейді. Дін өмір сүруін жалғастыруда. Бірқатар функцияларды орындайды. Жалпыға ортақ құбылыс. Заманауи адамның діни ұғымы ақпараттық технологиялар ғасырының арқасында үнемі жаңа біліммен толықтырылып отырылады. «Адамзат саяси және экономикалық тұрғыдан қуатты. Алайда өз әлемін био, экологиялық және технократтық апатқа алып келуі мүмкін. Оның болашағын қалай бағдарлаймыз. Техно-өнертапқыштық адамдардың өміріне ғана емес, олардың бейсаналық ақыл-ойына да әсер етті. Өзінің дүниесінің мәнін ұмытып бара жатыр. Жас ұрпақ Құдайдың аурасын сезінбейді. Өмір сүру философиясы арқылы өмір сүретіндер – өлместіктің дүниесін жеңе алмайды. Сондықтан дерексіз әлемде Жаратушыны түсіне алмайды. Олар о дүние әлемін қабылдамайды. Төрт күндік әлемнен құтқарылуды іздейді. Шексіз бақыт жолын көксейді» (Қабылова А.С, 2020: 153). Ол үшін рухани өрлеу қажет. Өткеннің құндылықтарын қайтадан «жаңғырту» лазым. Рухани дәстүр адамды қайта түлетеді. Оның түп тамырын мораль мен адамның ғасырлар бойғы бақытқа ұмтылу кодексінен іздеген дұрыс. Ол біртіндеп жүйеленіп дағдыланады. Өз орнын табады. Діни моральды ұстанушылар құлықтылық пен өнегелік екі өмірде де нағыз бақыттың кілті деген пікірді ұсынады.

Бақыт проблемасы өмірдің мәні туралы мәселемен тығыз байланысты. Бақыт өмірдің мәні бола ма немесе оны жүзеге асырудың құралы бола ма? В. Розанов бақыт идеясының тарихи пайда болуын зерттеді. Адам әрқашан бақытты болуға тырысады. Көбінесе оны байқамай да қалады. Сонымен қатар жалпыға ортақ бақыт жоқ. Әркімнің өзіндік субъективті сезімі бар. Ол былай деп жазады: қанағаттану шыңына жеткен кезде адам енді бірдеңеге ұмтылуды, баруды, іздеуді қаламайды. Адамдардағы бақыт сезімін ажырататын жалғыз нәрсе – бұл ұзақтық пен шиеленіс. Сандық жағынан көбірек бақытты қылуға артықшылық беру керек. Егер бір емес, бірнеше адамды қуантуға мүмкіндік болса, мұны жасаған жөн [25]. Бақытты болу сезімдеріне сәйкес, адамдарды жоғары және төмен деп бөлуге болмайды. Өйткені олардың «бәрі бірдей сезімтал». Бақытты болуға барлығы тең құқылы. Бақыт сезімін алдын-ала білуге тырысудың қажеті жоқ. Жоғалып кетуі мүмкін. Өйткені бәрі рефлексиядан өтіп, өз энергиясын жоғалтады. Мұндай бақыт аз болады. Мүмкін мүлдем жоқ болады. Бұл жерде психолог В. Франкл ойлары да маңызды. Ол бақытқа саналы түрде ұмтылуға болмайды деп сенді [30]. Егер адам бақытты өзінің ұмтылысының тақырыбына айналдырса, ол бақыттың себептерін ұмытып кетеді. Ақырында ол жоғалады деген. «Фелицитарлық идеялардың жалпты мазмұнына үңілсек, ондағы пікірлердің қайшылықтарымен қатар, бақыт ұғымындағы жалпы белгілерді де аңғаруға болады: 1) ләззат алудың субъективті көңіл-күйі өз-өзімен бақыттың жеткілікті өлшемі бола алмайды; 2) бақыт ізгілікпен қатар жүреді; 3) бақыттың объективті өлшемін табуға болады. Платон мұның өлшемі ретінде «жақсы адам», Аристотель «адамның мақсаты» идеясын есептеді. Спиноза – адамның өз күшін пайдалана отырып, жаратылысын іске асыруы деп санаса, Спенсер – адамның биологиялық және әлеуметтік эволюциясын атайды» (Ғабитов Т.Х., 2006:68). Л.Фейербах [31] адамның барлық тілектері мен ұмтылыстары бақытқа ұмтылу деп жазды. Олардан аулақ болу, бақыт туралы ойламау мүмкін емес деген. Фрейдтен бақыттың рецептін сұраған кезде, ол «махаббат және жұмыс» деп жауап берді. Жай тамаша сөздер. Бірақ оны терең түсіну керек. Әл-Фарабидің пікірінше «бақыт» қайырымды мемлекетте (қалада) болады. Мемлекет (қала) қайырымдылықты көп жасаса ізгілікті болады. «Адам басқа адамдармен қарым-қатынассыз жеке бір өзі игіліктерге жете алмайды. Алайда адамдардың бірігуі мақсат емес. Ол тек қана құрал. Мақсат өмірде бақыт әкелетін кемелдікке жету» [32]. Оқшауланған адам барлық кемелдіктерге өздігінен қол жеткізе алмайды. Ойшылдың бұл пікірі қазіргі таңдағы әлеуметтік жіктелуден шыға білуді үйрететін аса маңызды пікір. Ұлы, орташа және кішігірім қоғамдар (ойшыл ұғымындағы қоғам – адамдардың кез-келген тобы: жанұя мүшелері, қала тұрғындары, мемлекет азаматтары т.б.) бар деген ойы көңілге қонады. Қайырымды қаланы – «надан», «айырбас» және «адасқан» қалаларға қарсы қояды. Моральды жағынан құлдыраған бақытсыздық қаласын әл-Фараби қатты сынға алады. «Адамгершіліксіз қаладағы индивидтер бау-бақшадағы арам шөп тәрізді. Немесе хайуан тәріздес болады. Жаратылысынан хайуан тәріздес адамдар қала тұрғындары болып табылмайды. Бұлардың қалалық бірлестіктері мүлдем жоқ. Ішінде қайсыбірі мал тәріздес. Басқа біреулері жабайы аң сияқты. Қайсыбірулері жыртқыш хайуанға ұқсайды» (Нысанбаев Ә., 2006:93). Бүгінгі қоғамда да көптеген келеңсіз құбылыстар байқалады. Онай жолмен байығысы келетіндер көп. Ішімдікке, жалқаулыққа және тән рахатына берілетіндер қаншама. Кейбір жеке адамдар мен жанұялардың тұрмыс деңгейі

күрт төмендеді. Қоғам бай мен кедейге бөлінді. Әл-Фараби осы сияқты жағымсыз құбылыстарға жайбарақат қарамауға үндеп отырған сияқты.

Заманауи отбасында компьютер, ғаламтор, теледидар, телефон және басқа да инновациялық-технологиялық жабдықтар бар. Алыстағы қаладағы досыңызға SMS-хабарлама жазасыз. Skype арқылы сөйлесу күнделікті жағдай. Адамдар кез-келген технологияны игеруде. Қағаз ақша пластикалық карталарға ауыстырылды. Адамдар айрықша гаджеттерді іздейді. Телефон, планшет және компьютердің жаңа үлгілерін сатып алу – жастар арасында бақыт өлшемін анықтайды. Кейбіреулердің мақсаты жоқ. Бұл өмір сүруге ынталандырмайды. Өмір сүруге деген құлшыныстың болмауы жалқаулық пен үмітсіздікке әкеледі. Естеріңізге салатын болсақ, біздің бабаларымыз – отанын сүйетін еңбекқор. Адал еді. Тіпті бейтаныс адамдармен туыс болды. Қазір туыстарымен тіл табыса алмайтындар бар. Бауырлар бір-бірін ұмытып кетеді. Жетістікке ұмтыламыз деп маңызды нәрсені естен шығардық. Басқаны оңай айыптай аламыз. Біреудің пікіріне тәуелдіміз. Өмірімізді технологиясыз елестете алмаймыз. Тағамды микротолқынды пеште жылытып аламыз. Электронды кітаптарды оқимыз. Мектепте қағаз журналды электронды журнал алмастырды. Маңызды құжаттарды электронды тасымалдағышта сақтаймыз. Қазіргі жастар «бір күн өмір сүр, өмірден бәрін ал» ұранымен өмір сүреді. Жақында Михай Чиксентмихайидің «Ағын» («Поток») [36] деген кітабын оқи бастадым. Бұл шамамен 25 жылға созылған өте маңызды зерттеу. Кейін үлкен кітапқа айналды. Кітап 30 тілге аударылған. Кітап бақыт туралы. Өмір туралы. Біздің тәжірибеміз туралы. Ол туралы түсіндірме бермеймін. Әркім өзі оқып, түсінуі керек. Мүмкін сіз өзіңіз үшін бір нәрсе табарсыз. Тек айтарым бақыт біздің ішімізде. Өзіңізбен үйлесімділікте өмір сүріңіз. Ең жақсы әдеби шығармалардан бақыт туралы лайықты және мағыналы мысалдар табуға болады. Экзистенциалды хаоспен бетпе-бет келгендердің көпшілігі үміттерін қалпына келтірді. Кітап оқыған жастар адамдармен дөрекі, күрт төтенше, үстірт қарым-қатынас жасамас еді. Өз заманында әл-Фараби кейбір қала тұрғындары ешуақытта бақыттың не екенін білмей кетеді деген. Оған ұмтылуға әрекеттенбейді деп қиналған. Ондай қалаларды қажеттілік, айырбас, қасиетсіз, бақытсыз, баққұмар, үстемдікті ұнататын қалалар деп бөледі. Оларға талдау жасайды. Мұндай қалалардағы адамдар «бай болуды көздейді. Дирхемдер мен динарларды көбейте береді. Өмір сүруіне қажетті заттары жеткілікті болса да тойымсыз. Құлқынның соңына түскендер. Өлгеннен кейін байлықтан, құрметтен айырыламыз деп қорқады» [Аль-Фараби, 1987:190]. Мұндай қоғамда рухани жетілу болмайды. Қаланың билеушісі де жағымсыз қасиеттерге ие болмақ. Фараби бір орталыққа бағынған билік жүйесін құптады. Коллективті қалаға ерекше мән береді. Онда даналар мен ораторлар өмір сүреді. Қадірлі адамдардың пайда болуы мүмкін деп сенеді. Надан қалалардың ішінде де қайырымдылық жолына түсетіндері бар екенін ескертіп отырады. Әл-Фараби суреттейтін қала үлгілері өздері ұмтылыс жасайтын игілікке байланысты анықталады. Фарабидің ұғымында адам өз өмірінің қожасы. Бақытын өзі жасайды. Не нәрсеге ұқыптылықпен қарайды. Жиған-тергенін орынсыз шашпайды. Кім көрінгенге сырын ашпайды. Өзінің мақсаты туралы тек ғазиз достарымен ғана сырласады. Қаласына қиянат жасамайды. Ар-ожданы таза болады. Әл-Фараби қайырымды қала тұрғындарының әр түрлі әлеуметтік топтарына баға берді. Қоғамдық психологияның көптеген проблемалары жайлы өзінің көзқарасын білдірді. Адамзат қоғамы отбасынан басталады. Сосын топтар, қауымдар, елдер, мемлекеттер пайда болады деген. Фараби осы топтардың бақытты болуы өздеріне байланысты екенін ескертеді. Тұрғындар ұмтылыс жасайтын игілік бақытқа жетелесе – бұл «қайырымды қала» әрекетіне тән. Пайдакүнем, мансапқұмарлар «надан» қалаларда өмір сүреді. «...Надан қаланы материалдық жағдайды ойлайтындар басқарады. Мемлекет басшылары кейбір нәрселерді білгенімен шын мәнінде надан. Білетіні тек қана осы дүниедегі істер туралы мағлұмат қана» (Әл-Фараби, 2006:129). Қалаларға жоғарыдағыдай бөліп қарастыру сол кезеңдегі феодалдық қоғамның реалиясын ашып көрсетеді. Қалалардың түрлерін қарастыру – адамзат бақытының мәнін түсінуге көмектеседі. Фараби «қайырымды қала» мен «надан қаланы» салыстыра отырып, ең жоғарғы бақытты қоғамды аңсайды. Өзі өмір сүрген ортағасырлық аббасид халифатының ішіндегі әлеуметтік қарама-қайшылықтарды әділетті сынға алады. Теоретикалық жағынан түсіндіруге тырысқан. Моральды қағидалар қоғам өмірінде аса зор рөл атқарады. Гуманизм идеялары адамның кісілік тұлғасын қалыптастырады. Әділетсіздікке қарсы тұруды үйретеді. Фараби дүниетанымы мағына жағынан тиянақты. Қоғамдағы адамдардың ой-сана құрылымын айқындайды. «Әл-Фарабидің қайырымды қала жөніндегі тұжырымдары бүгінгі Қазақстан Республикасының өркениетті дамуының негізгі талаптары іспеттес. Сондықтан бүгінгі таңда қалыптасқан азаматтық келісім, бейбітшілік пен ұлтаралық татулықты сақтап, нығайтып отырудың маңызы зор. Фарабидің гуманизмі – ақыл-ой, бақыт және адам болмысына тән құндылықтар ретіндегі қайырымдылық ілімінде көрініс тапты. Сол дәуірдегі экономикалық, мәдени және ғылыми жетістіктер алдыңғы қатарлы ойшылдардың адам ақыл-ойы мен

оптимистік танымының күшіне сенімінің нығаюына мүмкіндіктер жасады. Адам шығармашылық мүмкіншіліктерін, таным қабілетінің күшін мойындау – ең жоғарғы шығармашылық қызметті иемденуші, «саналы адамның» алдындағы ерекше бір бас ию үлгісі болып табылады» [Нысанбаев Ә., 2006:54]. «Бақыт – көпмәнді. Барлық түсініктер секілді көп мағыналы және көп деңгейлі. Ол белгілі бір анықтама немесе өлшемге келмейді. Бірақ әл-Фараби кез-келген адамның немесе топтың бақытты өзінше түсінетінін жоққа шығармайды. «Бақытқа жол сілтеу» еңбегінде философ «біз бақытқа жеткесін ештеңеге мұқтаж еместігімізді көрдік. Ал, бұл жағдайға жету үшін өзін-өзі толық жетілдіріу керек. Бұл пайымнан әрбір адамның бақытты өзінше ұғатынын байқаймыз. Біреулер оны байлық деп, енді біреулер оны мүлде басқадан көреді. Әрқайсысы өзінің абсолютті бақыт туралы ұғымына сенімді» деп жазды. Ойшыл адамға ең үлкен игілік әкелетін саналы әрекетті түсінді. Саналы әрекет – адамның табиғи қасиеті. Әрбір жеке адамға ерекше тән және барлық адамдарға жалпы. Әл-Фараби «жеке тұлға табиғатына сәйкес тең емес күштерді ажыратады. Жақсылық пен жамандықты ерікті түрде таңдай алады» деп сенген [Нысанбаев Ә., 2006:5]. Адам өмірінің мақсаты ретіндегі бақыт туралы ілім ақыл-оймен тығыз байланыста. Бақыт – ақыл-ой мен қайырымдылық қатарындағы Фараби гуманистік дүниетанымының негізгі өлшемі [34].

Қорытынды. Барлық уақытта бақыттың мәні туралы идеялардың өзіндік ерекшелігі бар. Қайталану сәттері де кездеседі. Бақыттың мағынасын іздеу бағытындағы көзқарастардың логикалық құрылысына қатысты белгілі бір ортақтық бар. Осы негізде Фарабидің бақытты іздеуі – біздің бақытты іздеуімізге септігін тигізеді. Ойшылдың ойлау кеңістігі ерекше тәуелсіз. Сенімдері дәйекті. Реформатор. Ол көтерген проблемалар заманауи уақыт талабына сай. Әл-Фарабидің ілімі – әмбебап жоғары мектеп. Оның қуат көзі бар.

Қазіргі таңда шетелдік миссиялардың ықпалы ұлттық келбетімізге нұқсан келтіруде. Тұрақты ойлау механизмін қалыптастыру керек. Саяси-экономикалық геноцид синдромына қарсымыз. Жас ұрпақтың болашағына – наркобизнес, адам саудасы, химиялық-лазерлік қарулар, экологиялық бұзылу, табиғи апаттар, ұлттық қақтығыстар, саяси зорлық, ортадан тітіркену, күрделі аурулар, классикалық жыныстық қатынастың өзгеруі, некесіз туған нәресте, мутацияның пайда болуы басқа да толып жатқан кеселдер ұсынылуды. Адамгершілік құлдырады. Эгоизм басым. Қоғам жасаған «бағдарламалармен» өмір сүреміз. Адамдар бүгін қымсынбай ерікті өмір сүруді жұқтырды. Таяу болашақта ол күшейе түседі. Сондықтан адамның өзін-өзі тануы үшін Әл-Фараби туындыларын кіріктіру маңызды. «Бақытты кемел адам» топтамасын қолдануға болады. Адамгершілік және зияткерлік платформа қажет. Осы негізде «қазақ фелицитологиясы» «бақыт философиясын» қалыптастырады.

Әуелі ойшылдың бақыт туралы көзқарастарын түсіну керек. «Қайырымды қала» сипаттамасын тану маңызды. Әл-Фараби рухында түсінілген «Ақылды қала» моделін қазіргі адамзаттың моральдық өзін-өзі құртудың жаһандық тенденцияларына сау және өркениетті балама деп қабылдау керек. Қазіргі «дамыған, дамушы және үшінші әлем» деп елдердің бөлінуі әл-Фараби деңгейінде мағынасыз. Біз ұмтылған бақыт – жалған. Бұрмаланған. Ұлы ойшылдың идеяларына жүгінетін уақыт келді. Абу Наср әл-Фараби армандаған «қайырымды қаланы» салуға кірісу керек. Шынайы әлемнің қажеттіліктеріне сәйкес келетін «ақылды қала» құру үшін «қайырымды қаланың макеті» пайдаланылады. Smart-қалалар ақпараттық-коммуникациялық технологияларды ғана қолданбайды. Ең алдымен «рухани технологияны» енгізу керек. Ақылды қала тұрғындарының бақыты – ақылды Қазақстанды құруға негіз болады. Осындай үлгіні енгізу – Рухани жаңғыру бағдарламасының алға қойған мақсаты.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Әл-Фараби. Мемлекеттік қайраткердің нақыл сөздері // Қазақ халқының философиялық мұрасы. – Астана, 2006. – 350 б.
2. Аль-Фараби. Социально-этические трактаты. – Алма-Ата, 1970. – 395 с.
3. Әл-Фараби. Нақыл сөздер. <https://bilim-all.kz/figure/9page=2>.
5. Аль-Фарабидің әлеуметтік-саяси, этикалық көзқарастары. <https://mylektsii.ru/1-44646.html>.
6. Рудольф У. Ал-Матуриди и сунитская теология в Самарканде. Алматы: Фонд XXI век, 1999. – 255 с.
7. Қараңыз: Спиноза Б. Этика / Пер. с лат. Н. А. Иванцова. - СПб.: Аста-пресс ltd, 1993. – 248 с.
8. Peter Kreeft. Modern concepts of Happiness. [https://www.catholiceducation.org/en/religion-and-philosophy/apologetics.;](https://www.catholiceducation.org/en/religion-and-philosophy/apologetics.)
- Жүнісов Б. Ақылды қала болашақтың жобасы. <http://news.arsu.kz/?p=4385>.
9. Al-Farabi about illusive and false happiness. <https://lektsii.net/2-92841.html>.
10. Қараңыз: Аль-Фараби. Трактат о взглядах жителей Добродетельного города. – В кн.: Григорян С.Н. Из истории философии Средней Азии и Ирана VII–XII вв. – М.: Изд-во АН СССР, 1960. – С.177.
11. Денисов В.А. Современные информационные технологии в развитии умных городов. Электронный научный журнал «Вектор эконом ики» 2019 №7. [http:// vectoreconomy.ru/images/publications/2019/ 7/innovationmanagement/ Denisov_Sharonina.pdf](http://vectoreconomy.ru/images/publications/2019/7/innovationmanagement/Denisov_Sharonina.pdf).

12. Қасымжанова А.А. Мемлекеттік басқару өнері немесе бақыт философиясы // Қазақ халқының философиялық мұрасы: 20 т. – Астана, 2006. – Т. 16: Фарабитану. – 275-290 бб.
13. Skinner, B.F. “Beyond Freedom and Dignity”. Contemporary Sociology, 1.1., 19. Web. – 216 p.
14. Dr. Sam Musa «Smart City Roadmap» [Электронный ресурс]. – Режим доступа: https://www.academia.edu/21181336/Smart_City_Roadmap.
15. Аль-Фараби и развитие восточной философии. Алматы: КИЦ ИФЛ МОН РК, 2001. – 205-224 сс.
16. The modern world turns to happiness because the consumption-based. <http://council.gov.ru/en/events/news/106572/>.
17. Коломицев В.Ф. Цивилизация 21 века. Некоторые современные концепции. <http://xserver.ru/user/zdprvv/>.
18. Сатыбекова С. Әлеуметтік философия, этика және саясат // Қазақ халқының философиялық мұрасы: 20 т. – Астана, 2006. – Т. 16: Фарабитану. – 259-274 бб.
19. Afifeh Hamed. Farabi's view on happiness. International Journal of Advanced Research (2013), Volume 1, Issue 7, 474-478. – 477 p
20. Бағдад араб әлемінің мәдени астанасы // <http://hl.mailru.su/mcachedq>.
21. Койре А. Очерки истории философской мысли. М.: Прогресс, 1985. – 286 с.
22. Современное понимание феномена счастья в психологии. <https://studbooks.net/>
23. 1605601/psihologiya/sovremennoe_ponimanie_fenomena_chastya_psihologi.
24. Косиченко А. Мәдениет аясындағы ғылым және оның әдіснамасы // Қазақ халқының философиялық мұрасы: 20 т. – Астана, 2006. – Т. 15: Ғылым философиясы және әдіснамасы. – 122-147 бб.
25. Maslow, A.H. 1999. Dalnie predely shelowesheskoj psikhiki [The far reaches of the human psyche] / Perv.sangl. A. M. Tatlybaevoi. Naushn, red., wstup. Statia I komment. N.H. Akulinoi. – SPb.: Eurasia. – 432 s.
26. Mohamed, M., and others., Concept of motivation in Islam.. – Unviersity of Wales Trinity Saint David, – 266 p
27. Nitin, N. and others. 2010. “Employee Motivation, a Powerful New Model”. Harvard Business Review, Web. 2nd. [Elektrondy resurs]. URL <http://hbr.org/2008/07/employee-motivation/ar/1>.
28. Қараңыз: Евлампиев И. И. В. Розанов и Ф. Ницше: поиски истинного христианства // Вестник Русской христианской гуманитарной академии. Том 12, вып. 3. – Санкт-Петербург: Издательство Русской христианской гуманитарной академии, 2011. – С.136-147.
29. Әл-Фараби. Мемлекеттік қайраткердің нақыл сөздері // Әлемдік философиялық мұра: 20 т. – Алматы: Жазушы, 2005. – Т. 4: Әл-Фараби мен Ибн Сина философиясы. – 154-206 бб.
30. Аль-Фараби. Естественно-научные трактаты. – Алма-Ата, 1987. – 496 с.
31. Қабылова А.С. «Жастардың сауатты діни білім алу мотивациясының деректанулық көзі ретінде түркі ойшылдарының танымын заманауи құндылықтармен сабақтастыру». «Адам әлемі» философиялық және қоғамдық гуманитарлық журналының –№1(83)2020. – 151-159 бб.
32. Қараңыз: Франкл В. Человек в поисках смысла: Сборник / Пер. с англ. и нем. Д.А. Леонтьева, М. П. Папуша, Е.В. Эйдмана. – М.: Прогресс, 1990. – 368 с.
33. Антропов В. В. Этика и религия в философии Людвиг Фейербаха // Вестник Московского университета. – Серия 7. Философия. – 2004. – №1. – С. 98-117.
34. Majid Fakhri. Al-Farabi. Oxford OX2 7AR, 2002.; Al-Farabi Facts. <https://biography.yourdictionary.com/al-farabi>.
35. Нысанбаев Ә., Құрманғалиева Ғ. Философ. Ғалым. Энциклопедист // Қазақ халқының философиялық мұрасы: 20 т. – Астана, 2006. – Т. 3: Әл-Фараби философиясы. – 5-40 бб.
- 36 The cambridge companion to Arabic philosophy. – Cambridge University Press, 2005. – 468 p.
37. Ғабитов Т.Х. Заңгер этикасы. Оқу құралы. – Алматы: Заң әдебиеті, 2006. –110 бет.
- 38 Михай Чиксентмихайи. Поток. Психология оптимального переживания. Перевод с английского Елены Перовой. Научное редактирование и предисловие Дмитрия Леонтьева. – Москва, 2011. – 1123 с.

АҚТӨБЕ ОБЛЫСТЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК АРХИВІНІҢ ҚҰРЫЛУ ТАРИХЫ

Б.С. Абенова¹, М.Б.Аккожа²

¹тарих ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор

*²«Тарих» мамандығының 2 курс магистранты Қ.Жұбанов ат. Ақтөбе өңірлік университеті
(Ақтөбе қ., Қазақстан) E-mail: bibigul_aben@mail.ru*

Әр елдің, әр өңірдің тарихы болатынын біз білеміз, сол сияқты бұл тарих арнайы бір дерек көзінен алынатын айғақ екенінде білеміз. Ал ол айғақ әртүрлі дерек көзі болуы мүмкін, солардың ішінде мен архив құжаттарына тоқталғым келіп отыр. Кез-келген дерек көзі тарихи маңыздылығына байланысты құжаттамалық рәсімнен өтеді тіпті ол ауызша дерек болсын, жазбаша немесе заттай дерек көзі болсын ол құжаттық сипатта жазылып шығарылады. Әрине бұл құжаттардың сақтау орны ретінде архивке жөнелтіледі. Сондықтан әр өлкенің тарихы сақталған тарихи қоймасы ол – архив болса, ондағы алтын қазына ол тарихи құнды деректі құжаттар екені сөзсіз.

Халық пен ел тарихындағы құнды жазба деректерді жинастырып сақтау ісіне әуелгі замандардан бері мемлекеттік деңгейде мән беріліп келеді. Қазір де архивтерде мәңгілікке сақталатын тарихи деректер – мемлекеттің ішкі-сыртқы жағдайы, саяси-идеологиялық қатынастары туралы құжаттар ұлттық байлықтың бір бөлігі ретінде қорғалады. Ақтөбе облысының мемлекеттік архивтері де ел тарихының елеулі кезеңдеріне, тарих пен мәдениеттің деректі ескерткіштеріне, белгілі тұлғалардың өмірі мен қызметіне қатысты жәдігерлерді жинақтап отыр. Еліміздің егемендігін

алып, өткенімізді бағалап, бүгінімізді саралап, келешекке ой тастайтын тарихи деректердің қазынасы болып табылатын облыстағы архив қызметінің ғасырға жуық тарихы бар.

1869 жылы Ақтөбе әскери бекінісі ретінде Орынбор губерниясына қарасты Торғай облысы аумағында ірге тасы қаланды. 1891 жылы 25 наурызда уезд дәрежесін алды (Абеннов, 2020: 38). Бірақ, өңірде архив мекемесі болған жоқ. Соған байланысты барлық дерлік құжаттар мен дерек көздері кәсіпкерлер мен шіркеу қорларында сақталды. Кейбір өңірге қатысы бар архив құжаттары Ақтөбе өлкесінің Орынбор губерниясына қарасты болғандықтан Орынбор губерниясына жөнелтіліп отырылды.

Ақтөбе уездінде архив ісі Қазан төңкерісінен кейін В.И. Лениннің 1918 жылғы 1 маусымдағы «Архив ісін қайта ұйымдастыру және орталықтандыру туралы» декретінен кейін қолға алына бастады. Бірақ, Ақ гвардияшылар мен Қызыл армия арасындағы азамат соғысының басталуы Ақтөбе өңіріндегі архив ісінен басқа қоғамдық дамуға қатысы бар мәдениет салаларының дағдарысқа ұшырауына әкелді. Тек 1919 жылы 2 қыркүйекте Ақтөбе уездін Қызыл армия атаман Дутов әскерінен азат еткеннен кейін ғана өңірдің кейбір мәселелері қайта көтеріле бастайды (Туремуратова, 2013: 3).

1921 жылы Ақтөбе губерниясы болып құрылады. Сол жылдың 1 шілдесінде өткен І губерниялық кеңестер съезінде Ақтөбе губерниясының аумағында мемлекеттік биліктің атқарушы комитетін және әкімшілік органын құру туралы шешім қабылданды (Государственный архив Актюбинской области и его филиалы. Путеводитель, 1991: 7). Губерниялық атқару комитетінің алдына қойған бірінші мақсаты өлкедегі мекемелер мен ұйымдардың архивтік құжаттарының жағдайы мен қол жетімділігін тексеру жұмыстары болды. Бұл іс 1921 жылы шілде айында Қырғыз (қазақ) АКСР орталық атқару комитетінің ғылыми хатшысының өлкеде губерниялық архив қорын құру туралы мәселесін көтеруіне түрткі болды (Ақтөбе облыстық мемлекеттік архиві (АОМА). Қор.219, т.1, іс.2.10; п.17). Өкінішке орай, 1869 жылы Ақтөбе бекінісі ірге тасы қаланғаннан бергі жинақталған, сақталуы тейісті болған кейбір тарихи құжаттар азамат соғысы қарсаңында жойылған және қаланы көшіру кезінде жоғалған немесе Ақ гвардияшылар қаланы тастап қашқан кезде арбаға салып өзімен бірге алып кеткен, кейіннен деректі құжаттарды іздестіру барысында аз бөлігі табылды. Бұндай жағдай тек ақтөбеде ғана емес Ақ гвардияшылар қарамағында болған бінеше қалада орын алған. Осы сәтте ойымызға мындай сұрақ келеді. «Ақ гвардияшылар неліктен бұл құжаттарды жойды немесе өздерімен бірге неге алып қашты?» - деген сұрақ ойымызды мазалайды. Әрине бұл сұрақтың жауабын ешкім нақты бере алмайды. Бір білетініміз Ақ гвардияшылар үшін бұл өте құнды құжаттар болғаны, қызыл армия әскері қолына түспеу қажетті болғаны. Әрине бізге өкініштісі сол жоғалған құжаттарда біздің еліміздің тарихына тікелей қатысты болуы және сол кезең тарихының негізгі дерек көздері мен құнды құжаттардың тарихи сахнадан жоғалуы болып тұр. 1922 жылы 24 сәуірде Ақтөбе губерниясының халыққа білім беру бөлімінің Қырғыз (қазақ) республикасының бас архив ісі басқармасына берген № 2922 хаттамасында Ақтөбе өлкесінде тамыз айында архив құжаттары сақталуы туралы мекемелер мен ұйымдарда жүргізілген 168 парақ сауалнаманың 118 хабарлауынша, ешқандай архивтік құжаттар сақталмаған, барлық дерлік құжаттар революция, азамат соғысы кездерінде жойылған (АОМА.Қор.219, т.1, іс.2.10; п.14). Көптеген мекемелер мен ұйымдар құжаттарды жинау ісін 1921 жылдан яғни өлкеде губерниялық атқарушы комитет құрылғаннан бастады. Сол себеп бұл кезең құжаттары өте аз сақталған.

Өлкеде орталық архив ашу жөніндегі атқарушы комитеттің алғашқы қадамдары жасалғанымен, бұл істің ізі салынып, жөн-жотасы қалыптаспағандықтан бірден жолға қойылуы қиынға соққаны, арнаулы үйлердің жоқтығы әрі білікті мамандардың жоқтығы, әрі ел арасында архивтік әртүрлі жазбаларды жинастыру дағдысының болмауы – бәрі де тұсау болғаны түсінікті (Байжанов, 1988:27). Осы себепті губерниялық архив қорын құру бұрынғыша ұйымдастырылмады. Ақтөбеде архив бюросын құру ісі 1918 жылы басталып 1923 жылы аяқталды, осылайша архив бюросын құру бес жылға созылды (АОМА. Қор.219, т.1, іс.2.10; п.14).

1921 жылдың күзінде Орталық өлкелік архив негізі қаланады, бұл архив басқармасының ерекшелігі губерниялық архивтерді құрды және архив туралы ережелерді бекітті. Орталық өлкелік архив меңгерушісі А.Л. Мелков 1923 жылы шілде айында іс сапармен Ақтөбе губерниясының аумағындағы архивтік құжаттарды тексеріп, қортындысы бойынша Ақтөбе архив бюросын құру жұмыстары қолға алынды (РФ Орынбор облыстық мемлекеттік архиві (ООМА). Қор.1, т.1, іс.447.п.4).

1923 жылы 15 қыркүйекте Ақтөбе облыстық мемлекеттік архиві өз жұмысын бастады және Ақтөбе губерниялық архив бюросы деп аталды (АОМА. Қор.3, т.1, іс.3.).

Алғашында Ақтөбе губерниялық архив бюросы болып аталған Ақтөбе облысының мемлекеттік архиві 1923 жылы 15 қыркүйекте құрылды. Архив бюросының 93 текше метр ғимаратында алғашқы

қор ретінде губерниялық-кеңестік халық шаруашылығының, Ақтөбе уездік атқару комитетінің құжаттары сақталды. Құжаттардың барлығы еңбек етіп жатқан мекемелерден, әскери бөлімдер мен партия ұйымдарынан қабылданды. Сол кезеңнің жағдайына қарай қабылданған құжаттардың тізімін жүргізуге, әрі қарай жетілдіруге ғимараттың тарлығы мүмкіндік бермеді. Архив ісін алғашқы жүргізушілердің бірі П.К.Кузнецов құжаттарды тізіммен қабылдауды енгізді. Ол губерниялық архивке 1923 жылдың желтоқсанынан 1924 жылдың желтоқсанына дейін меңгеруші болды. Мекеменің штаты 1923 жылы меңгеруші мен мұрағат ісін жүргізушіден, 1926 жылы меңгеруші мен екі іс жүргізушіден құрылды. Құжаттар қоры -83 қор, 7000 істі құрады.

Ақтөбе губерниялық архив бюросының алғашқы ғимараты ретінде 93 шаршы метрлік 3 бөлмелі бұрынғы сауда дүкенінің ғимараты берілді. Ал архив қоймасында ұзындығы 196 метрлік қаз – қатар қойылған стеллаждармен жабдықталды (Төремұратова, 2006:87).

1923 жылы 31 тамызда Сешеиов Иван Зибарович Ақтөбе губерниялық атқарушы комитетіне өтініш жазып, өзін губерниялық архив бюросының меңгерушісі етуді сұрайды. С. И. Зибарович 20 жыл еңбек кеңсесінде жұмыс істеген. 1923 жылы 13 қыркүйекте өтініш қаралып № 77 хаттама негізінде Ақтөбе губерниялық архив бюросының алғашқы меңгерушісі қызметіне С.И.Зибарович тағайындалды.

Құжаттарды қабылдау ісі ретсіз жүріп, архив қорлары бос тұрды. Бұған себеп – сол кездегі архив ісін білетін қызметкерлердің болмауы және архив мекемесінде жұмыс жасайтын жалғыз қызметкер – архив меңгерушісі ғана болғаны. Архив меңгерушісінің айлығы 263 рубль 50 тиын. Архив саласына бөлінетін қаржының аздығына және архив саласының мамандарының болмауына байланысты алғашқы айларда архив ісі дамуы тежелді. Құжаттар ретсіз, баяу жинала бастады. Тек 1923 жылдың желтоқсан айында архив ісін жүргізуші болып П.К.Кузнецов тағайындалуымен архив ісі сәл өрбіді. Ол архивке құжаттарды қажетті тізіммен қабылдауды енгізіп, қажетті қорлар ашты. Сол кездегі алғашқы қорларға жинақталған құжаттар қатарына Ақтөбе уездік атқару комитеті, губерниялық – кеңестік халық шаруашылығының және қызыл армия депутаттарының деректі құжаттары қабылданды. Содан кейін өлкедегі барлық мекемелердің, соның ішінде партия ұйымы мен әскери бөлімдердің құжаттары қабылдана бастады. П.К.Кузнецов 1923 жылы желтоқсан – 1924 жылы желтоқсан айы аралығында архив ісін жүргізуші қызметінде жұмыс жасады.

Алғашқы жылдары губерниялық архивте құжаттарға сұраныстар мен өтініштер аз мөлшерде түсіп, анықтамалық мақсатта ғана пайдаланылды. Жылына архив мекемесіне 60-тан астам сұраныстар мен өтініштер қабылданылып, оларды орындап отырды.

1924 жылы губерниялық архив бюросының штат құрамы 3 адам болып бекітілді, бірақ губерниялық атқару комитетінің қаржы бөлімі архив бюросына қаржы бөлмеді. Сол себепті 1924 жылы 1 желтоқсанда губерниялық архив жабылып, оның штат құрамындағы қызметкерлер жұмыстан босатылды (АОМА: Қор 3, т. 1. 3 іс, п.15-16).

1925 жылдың 1 шілдесінде губерниялық атқару комитеті губерниялық архив меңгерушісі С.И.Зибарович кейіннен оның қызмет орнына А.С.Федоров тағайындады (АОМА: Қор 3, т. 1. 3 іс, п.17).

1926 жылдың 15 қаңтарда Ақтөбе губерниялық архив бюросының жаңа меңгерушісі қызметіне 36 жасар Никонор Афанасьевич Пергудов тағайындалды. Ол бұл қызметке дейін губерниялық атқарушы комитетінің басшылық бөлімінде жұмыс істеді. Архив мекемесіне 98,72 шаршы метрді (267,76 куб метр) құрайтын Татарка өңірінен жаңа ғимаратты Комхоз берді. Ғимараттың құжаттарды сақтауға жарамды бөлігі 50% құрайды. 1926 жылы 9 қарашада губерниялық атқарушы комитетіне № 40 хаттама бойынша алғашқы архив бюросының есеп беруі болды. Н.А.Пергудов есеп беру 1925 жылы 1 қазан – 1926 жылы 1 қазан аралығындағы кезеңдегі архив қызметі туралы болды. губернияның атқарушы комитетімен бірлесе отырып Ақтөбе губерниялық архив бюросының жұмыс жоспарларын бекітіп, болашақта губерния уездерінде уездік архив құру туралы бастамасын тұңғыш көтерген тұлға болды. Сол жылы архив штат құрамындағы қызметкерлер саны қайтадан үш қызметкер болды. Олар меңгеруші және 2 архив ісін жүргізуші (архивист). 1925 жылы 24 маусымда архив ісін жүргізуші қызметіне адам алуға рұқсат беріліп, бос орынға М. Д. Терехов және Л. А. Бовина жұмысқа алынды. Кейін 1926 жылы 1 қазандағы № 849 қаулы бойынша қайта архив бюросында 1 архив ісін жүргізуші болуы туралы қаулы шықты. Губерниялық атқарушы комитетінің қаржы бөлімінен архивке бөлінген қаржы көлемі 1925 -1926 жылға - 1,148 рубл, 1926 -1927 жылға – 4,016 руб. Архив меңгерушісі айлығы – 130 рубл, архив ісін жүргізуші – 60 рубл алды. Осы уақыттан бастап архив ісі дамып, жылдан – жылға архив саласына қаржы көлемі ұлғайды. 1926 жылғы есеп бойынша 1923 жылдан бергі губерниялық архивке 90 қор, 10566 іс қағаздары және кітаптар жинақталған, салмағы 540 килограмды құрайды.

1926 жылы губерниялық архивтің қызметі нақтыланды. Олар:

1. Құжаттарды есепке алу, тіркеу және сақтау;
2. Ғылыми – техникалық өңдеуден өткізу, сақтау мерзіміне байланысты сақтау жою жұмыстарын жүргізу;
3. Архив құжаттары бойынша тізбе, жолсерік және анықтамалық құралдар ұйымдастыру;
4. Ғылыми – зерттеу және арнайы құжаттық жұмыстар жүргізу;
5. Құжаттарға зерттеу жұмысын жүргізіп ғылыми жинақтар, монографиялар, мақалалар шығару;
6. Архив құжаттары арқылы жәрдемақы, зейнетақы тағы басқа анықтама түрлерін беру;
7. Құнды құжаттар арқылы көрме, баяндама, дәріс ұйымдастыру.

1927 жылдан бастап Ақтөбе облыстық мемлекеттік архивінде ғылыми – анықтамалық кітапхана жұмыс істей бастады. Ғылыми – анықтамалық кітапхана құрамына жыл сайын жаңадан шыққан басылымдар, саяси – экономикалық кітаптар, газеттер – журналдармен толықтырылып отырылды. Кітапхана қорында Торғай облысы құрамында Ақтөбе уезд болып құрылған кезден бастап шыққан газеттер сақталған. Олар: «Тургайские обзоры» (1880-1917 ж.ж), «Кедей» (1928 ж), «Степная правда» (1921-1923 ж.ж), (1929-1931 ж.ж), «Актюбинская правда», «Путь к коммунизму».

1927 жылы 9 ақпан айында кезекті Н. А. Пергудовтың есеп беруі болды. Бұл кезде архив бюросына 1918-1921 жылдар аралығын қамтитын мекемелер мен ұйымдардан 3722 іс келуі керек болған, бірақ архив құжаттармен толуына және құжаттардың толық өңделмеуіне байланысты мәселе туындады. Нәтижесінде № 46 іс бойынша Н. А. Пергудов өз қызметінен кетіп орнына Артъемев Иван меңгеруші болып тағайындалды.

1923 жылдан басталған архив мекемесін ұйымдастырушылық жұмыстарды жүргізу ісі 1927 жылы ғана толық аяқталды. Бірақ, одан кейінгі жылдарда өлкедегі архив құрлысының нақты бір сарынға түсуіне 1928 – 1935 жылдар аралығындағы өлкедегі әкімшілік – аумақтық бөліністердің енгізілуі кедергі жасады. Мысалы: архив атауының бірнеше рет ауысуы, архив құжаттарының көршілес басқа аймақ архивтеріне жөнелтілуі, архив қызметінің атқарушы комитет жанындағы басқармаларына тәуелділігі, архив мекемелерінің бірнеше рет жабылып, қайта ашылуы секілді тағы да басқа кедергілер болды.

1928 жылы 17 қаңтарда өлкеде әкімшілік – аумақтық бөлініс енгізіліп, Ақтөбе губерниясы өз қызметін тоқтатты. 1928 жылдың 13 наурызда Қазақ Орталық Атқару Комитетінің VI шақырылымының № 34 шешімімен Ақтөбе округі болып құрылды. Осы әкімшілік–аумақтық бөлініске байланысты өңірде губерниялық және уездік архив бюролары жабылып, орнына штат саны мен функцияларын өзгертпестен Ақтөбе округтік архив бюросы болып қайта ашылды.

1930 жылы 1 қаңтарда архив қорлары мен іс қағаздарын ретке келтіріп, қысқарту негізінде 42 мың іс қағаздардың 13590 іс қағаздарына түзетулер енгізіліп, олар 40 қорға бөлініп сақталынды.

1930 жылы желтоқсан айында Қазақ Орталық Атқару Комитетінің шешімі бойынша әкімшілік – аумақтық бөлінісіне байланысты Ақтөбе округі өз қызметін тоқтатып және округтік мекемелер мен ұйымдар таратылды. Бұл шешім нәтижесінде Ақтөбе округтік архив бюросы таратылды, оның негізінде Ақтөбе қалалық архив бюросы болып қайта құрылды (АОМА. Қор 3, 3 іс 9 т, п.39). Ақтөбе қалалық архив бюросы құрылуына байланысты архив мекемесіне көлемі жағынан үлкендеу болатын Сталин көшесіндегі 31 үй арнайы жаңа ғимарат ретінде пайдалануға берілді. Округтік архив бюросында сақталған қала тарихына қатысты негізгі құжаттар мен дерек көздерін Алма – ата қаласындағы Қазақ Автономиялық Кеңестік Социалистік Республикасының орталық архив басқармасына берілді.

1931 жылы қалалық архив аудандық архивке айналды. Себебі, Ақтөбе және Темір аумағы Ақкемір ауданына қарасты болды.

1932 жылы наурыз айында өңірде әкімшілік–аумақтық бөліністің қайта жүргізілуіне байланысты Ақтөбе облысы құрылып, Ақтөбе қалалық архив бюросы Облыстық атқару комитеті жанындағы Ақтөбе облыстық мемлекеттік архиві болып құрылды. Бұған дейінгі құрылған архивтерден ерекшелігі бұл архив тікелей Облыстық атқару комитетіне бағынып, архивтің функциялары мен өкілеттіліктерін өз құзіреттілігіне алды. Ал архивпен байланысты ғылыми – әдістемелік қатнастар Қазақ АКСР орталық архив басқармасына қарамағында болды. Ақтөбе облыстық архивінің бірінші басшысы болып Г.Г.Брюков тағайындалды (К.У.Мирманова, Г.Б.Тулеуов, 2003:122). Кезінде, 1930 жылы округтік архив бюросының Қазақ АКСР орталық архив бөліміне жіберілген құжаттары қайтарылды.

1932 жылы Ақтөбе облысының құрылуына байланысты облыстық атқару комитеті жанынан облыстық архив басқармасы құрылды. Оның алғашқы басшысы Г.Г. Брюков болды. 1935-1938 жылдар аралығында аудан орталықтарында аудандық мемлекеттік архивтер құрылды. 1938 жылдың

қыркүйегінде облыстық архив басқармасы және архив мекемелері ішкі істер халық комиссариатына қарады. Темір, Шалқар, Жұрын, Қобда, Родников, Мәртөк, Ключевой, Степной, Ойыл сияқты аудан орталықтарында аудандық мемлекеттік мұрағаттар құрылып, жұмыс жасай бастады. 1960 жылы архив органдарын ішкі істер министрлігінен атқару комитетінің қарауына бергеннен кейін еліміздегі мемлекеттік архивтердің өзіндік беделі өсіп, өз алдына жұмыс жасауға мүмкіндік алды.

Қазақ ССР Министрлер Кеңесінің 1963 жылғы 21 мамырындағы қаулысымен барлық аудандық архивтер жабылып, тек 1963 жылдың 6 маусымында Байғанин, Шалқар, Ырғыз, Темір, Жұрын аудандық архивтерінің базасы ретінде мемлекеттік архивтің Шалқар филиалы ұйымдастырылады. Облыстық мемлекеттік мұрағат 1964 жылы жалпы көлемі 545,0 шаршы метрді құрайтын ғимаратты (Лачугин көшесі, 2), 1991 жылы көлемі 2167,4 шаршы метр ғимаратты (Ағайынды Жұбановтар көшесі, 255) иемденеді.

1966 жылы Ақтөбе облыстық мемлекеттік архиві, Мәртөк, Ойыл, Қобда аудандарын қамтитын филиалы Ново-Алексеев архиві ашылды. Осы жылы шаруашылық есеп айырысу тобы ашылып, ұйымдардағы мемлекеттік сақтауға берілетін құжаттарды тәртіпке келтіру жұмыстарымен айналысты.

Қазіргі таңда архив ісін дамыту жолында Ақтөбе облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасына қарасты 1 облыстық мемлекеттік архив, облыстық архивтердің Қобда және Шалқар аудандық мемлекеттік филиалдары, 10 аудандық архивтер халыққа мемлекеттік қызмет көрсетуде. Ақтөбе облыстық мемлекеттік архивінде сақтауда 1607 қор қағаз негізіндегі 702719 сақтау бірлігі бар. Олардың ішінде жеке тектік -37 қор, 1363 іс, ғылыми-техникалық құжаттамада - 3 қор, 4888 іс, жеке құрам бойынша - 293 қор, 150392 іс, 180 киноқұжаттары, 8256 фотоқұжаттары, 179 фоноқұжаттар сақталуда. Ақтөбе облысының мемлекеттік архивтері және оның филиалдары, аудандық мемлекеттік архивтердің құжаттық қорын - 3185 қорлар, 1027874 сақтау бірлігі құрайды (Төлебай, 2020:147).

Елбасы Н.Назарбаевтың «Ұлы даланың жеті қыры» мақаласындағы «Архив-2025» жобасы елімізде архив қызметінің қарқынды дамуына, заманауи талаптарға сай жаңа бағыттарда жұмыс жүргізілуіне ықпал етті. Ақтөбе облысының мемлекеттік архиві аталған жобалар аясында мазмұнды әрі ауқымды іс-шараларды жүзеге асырып келеді. Оны орындау үшін архив саласында облыста 89 қызметкер бар, оның 46-ы ғылыми қызметкерлер.

Құжатсыз тарих жоқ, өткенсіз бүгін жоқ, бүгінсіз болашақ жоқ. Архивте сақталған құжаттарды көпшілікке таныстыру, көрермен назарына ұсыну мақсатында «Құжаттарды пайдалану және жариялау» тобының қызметкерлерінің ұйымдастыруымен тарихи-құжаттық көрмелерді жасақтау жолға қойылған.

Қазіргі таңда Ақтөбе облыстық мемлекеттік архиві Қазақстан Республикасының президенті Н.Ә.Назарбаевтің «Рухани жаңғыру», «Ұлы даланың жеті қыры», «Архив – 2025» мақала бағдарламалары арқылы архив дамуына өзекті көңіл бөлініп жатыр. Егеменді Қазақстан жылдарында сұраныстардың саны өсуде, жылына екі мыңға жуық архивтен сұраныстар мен анықтамалар беріледі. Құжаттарды пайдалану облыстық мемлекеттік архивтің оқу залы арқылы белсенді түрде жүзеге асырылады. Сонымен қатар, архивте жылда Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті студенттері өндірістік іс-тәжірибесінен өтеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- Абенев Д.Қ. Қазақ жерін отарлау тарихы. Монография. Алматы.-2020.-368 б.
Туремуратова С. Хранители прошлого. Актыбинский вестник. -2013, -4 июль
Государственный архив Актыбинской области и его филиалы. Путеводитель. 1 часть /Под ред. Ж. Р. Рахметовой. - Алма-Ата, -1991. -247 б.
Байжанов С. Архив – айғақ. -Алматы, -1988. -239 б.
РФ Орынбор облыстық мемлекеттік архиві (ООМА). Қор.1, т.1, іс.447.
Ақтөбе облыстық мемлекеттік архиві (АОМА). Қор.3, т.1, іс.3.
Төремұратова Н.Х. Облыстық архив: тарихы, құрлысы, қызметі. Из истории Актыбинской области. -Ақтөбе, -2006. -280 б.
Мирманова К.У., Тулеуов Г.Б. Государственный архив Актыбинской области. Ақтөбе, 2003. с. 31.
АОМА. Қор.3, т.1, іс.40.
АОМА. Қор.219, т.1, іс.2.
АОМА. Қор.219, т.1, іс.178.
Төлебай М.Т. Архив қызметінің қоғамдағы жаңғыру үрдісіндегі маңызы // Жаңғырған сана-жаңа серпін. Ақтөбе, 2020.-288 б.

XX ҒАСЫРДЫҢ СОҢЫ XXI ҒАСЫРДЫҢ БАСЫНДАҒЫ ВЕНГР ХАЛҚЫ: АВТОРИТАРИЗМНЕН ДЕМОКРАТИЯДАН ӨТУ

Сманова Айгуль

тарих ғылымдарының кандидаты, доцент

*Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті
(Алматы қ., Қазақстан) E-mail: aigulsmanova@mail.ru*

Қазіргі венгр халқының мәдени өмірі Х ғасырдағы патша I Иштван кезінде бастау алған болатын. Сол кезде мемлекет Батыс Еуропаның үлгісімен қайта құрылып, ескінің көзі жоғала бастады, шығыс мәдениетінің кейбір жақтары құлдырады. Рим-католик шіркеуі қолданған латын тілі Венгрияда «мемлекеттік» тіл ретінде анықталды. Бұл әсіресе ортағасырларда жақсы дами бастады, өйткені ол кездегі көптеген шежірешілер мен білімді қызметкерлер діни өкілдер еді. Қайта өрлеу дәуірінде ғалымдар мен өнер қайраткерлері барлық гуманистердің қамқоршысы болған Митиаш I Корвин патшаның сарайының айналасына жиналды. Ал жаңа заманда құрылған Венгер Академиясы (1825 ж.) батыстық мәдениеттің ерекшеліктерін бойына сіңірді. Осы кезде елдің мәдени өміріне венгр еврейлерінің ықпалы да күшті болғаны белгілі. Бірінші дүниежүзілік соғысқа дейін елдің жетекші зиялы қауым өкілдері «Ньюгат» деп аталатын батыстық үлгідегі ұлттық мәдениетті насихаттаумен айналысты. Әрине бұл «шығыстық халықтарға» қарсы оппозиция тұрғысында көрініс тапты.

Венгрияны көбінесе моноэтникалық мемлекет деп атайды, бұл дегеніміз жергілікті халықтың үш пайызы ғана басқа тілде сөйлейді. Бұл елде венгрлермен қатар немістер, словендер, хорваттар, сербтер, румындар, сығандар мен еврейлер тұрады. Түркілердің немесе славяндардың бірнеше ғасырлық жаулап алуына қарамастан, венгер тілі өзінің төлтумасы мен ерекшелігін сақтап қалды. Венгрияда 260-қа жуық мәдени орталықтар мен діни бірлестіктер бар, соған қарамастан, католицизм – бұл елдегі ең басым дін.

Екінші дүниежүзілік соғыс Шығыс Еуропа мемлекеттеріне де үлкен экономикалық және демографиялық зиян алып келді. Өнеркәсіптік және көлік инфрақұрылымына зиян келтіру, инфляцияның өсуі, дәстүрлі сауда қатынастарының бұзылуы, тұтыну тауарларының тапшылығы аймақтың негізгі мәселеге айналды. Соғыстың алдында бұл елдер әлеуметтік-экономикалық дамудың жоғары сатысында болды – Польша фашистік басқыншылық кезінде толығымен күйреді, соғыс аяқталған кезде Венгрия ауыр зардап шекті. Шығыс Еуропаның әлемдік өнеркәсіп пен өндірістегі үлесі екі есеге азайды, сонымен, соғыс бұл елдердің экономикалық даму жағынан артта қалдырып қана қоймай, даму жағынан да артта қалдырды. Екінші дүниежүзілік соғыстың соңында Шығыс Еуропада ішкі саяси жағдай қиын болды, авторитарлық фашистік режимдердің күйреуі және халықтың қарсыласу қозғалысына кеңінен қатысуы мемлекеттің саяси жүйесінде терең өзгерістерге әкелді. Алайда, демократиялық реформаларға дайындық іс жүзінде үстірт болды. Авторитарлық саяси психология соғыс кезінде қорғаныспен бірге күшейе түсті. Көпшіліктің ойынша, әлеуметтік тұрақтылық пен мемлекеттің өсуін байқау әдеттегідей болды.

Шығыс Еуропада билікке келген жаңа мемлекеттік элиталардың көпшілігі авторитарлық саяси мәдениетте қалыптасты. Бұл адамдардың көпшілігі өз өмірлерін ескі режимдерге қарсы күреске арнады. Олар тұтқында, қамауда болып, кейін жер аударылуды бастан кешіргендер. Соғыстан кейін Шығыс Еуропаның саяси өмірінде күрес рухы орнықты, бұған ықпал еткен әлеуметтік модельдердің қайшылықты идеологиялық жүйелеріне толы соғыс мұрасы ұлттық-социализмнің жеңілуін коммунизм мен либералды демократиядан жоғары қойды. Бұл соғыста жеңіске жеткен бұл идеяларды қолдаушыларды Шығыс Еуропаның саяси элиталары кеңінен қолданды. Бірақ бұл болашақта идеологиялық қақтығыстың жаңа кезеңін бастан кешірді. Ұлттық идеяның ықпалының күшеюі жағдайды ушықтыра түсті.

Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін Венгрияны Қызыл Армия азат еткеннен кейін мұнда «үлкен бауыр» үлгісінде кеңестік әкімшілік-экономикалық жүйе құрылды. Экономиканы жақсартуға жұмсалған қаражат, бұл кезде қаржы тапшылығына алып келді (История Венгрии, 1972: 32-33). Баға өсті, содан кейін инфляция күрт көтерілді. Мәселен, 1945 жылғы тамыз бен 1946 жылғы шілде арасындағы гиперинфляция Венгрия тарихындағы ең жойқын болды («Страны и народы», 1997: 33).

1946 жылы ақпанда Венгрия республика болып жарияланып, президент – Золтан Тильди, премьер-министр – Ференц Надь болды. Алайда одақтас комиссия бастаған коалициялық үкіметтің күші басым болды, елдегі барлық ірі лауазымдар коммунистердің қолында шоғырланған. 1947 жылы Париждегі бейбіт конференциясы Трианон бейбіт шартының талаптарына сәйкес Венгрияның шекараларын қалпына келтіріп, Венгрия Кеңес Одағына, Югославия мен Чехословакияға өтемақы

төлеуге міндеттеді. Коммунисттер елдегі жетекші партиялардың көшбасшыларын тұтқындады және Бел Ковачта қамауға алынды. Осы уақытта премьер-министр Ференц Надьтың батыстық державалардан көмек сұрауда қиындықтарға тап болды және оны қастандық жасады деп айыптап, қоныс аударуға мәжбүр етті. Коммунистік саясат шіркеуді де жәй қалдырған жоқ, кардинал Миндсенти мен лютерандық епископы Ордаш және басқа да көптеген діни қызметкерлер қамауға алынды, діни ұйымдар таратылды, шіркеулер мен мектептер ұлттандырылды.

1949 жылдың 20 тамызында жаңа кеңестік конституция қабылданып, кеңестік саясатты ұстанған Матьяш Ракоши бүкіл елді басқарады, яғни оның режимі кезінде ауылшаруашылығы мен ұлттық экономикада саяси терроризм сипаты күшейе түсті. Ол концлагерьлер ашып, елдегі «капиталистік тыңшыларды» тұтқындады. Бүгінгі таңда Матяс Ракошидің басқаруы кезінде Венгрия халқының миллиондаған адамы әртүрлі себептермен саяси қуғын-сүргінге ұшырағаны белгілі (Семиряга, 1957: 51). Шаруашылық саласы мемлекет қарамағына жедел өткеннен кейін, 1948 жылдың жазында Венгрия экономикасы әкімшілік қағидатқа сай, яғни 1950-1954 жж. бірінші бесжылдық жоспар ұсынылды (Игрицкий, 1990: 84, 102). 1949 жылдың жазына дейін коммунисттердің көшбасшысы Матьяш Ракоши елді «таза сталиндік жолмен» дамыту үшін «ысталған шұжықты кесу әдісін» (барлық саяси қарсыластарын біртіндеп жаппай репрессиялау) қолданды. Матяс Ракошидің сүйікті ұраны: «ешқандай шек жоқ – тек аспандағы жұлдыздар» (Jackson, 2002: p. 42), алайда, бұл жүйе ешқандай өзгеріссіз ондаған жылдарға созылды. Сталин қайтыс болғаннан кейін Матьяш Ракоши Кремльден сөгіс алды (тіпті Лаврентий Берияның өзі оны еврей сияқты венгрлік билік қол астында сионистік храм құрды деп айыптады).

Венгриядағы Министрлер Кеңесінің төрағасы Имре Надь болады, әрине ол Ракошиден өзгеше саясат жүргізді (Международные экономические отношения, 1991: 113). Алайда, оның «басқа саясаты» жақсы болған жоқ, кейбір мәліметтер бойынша Имре Надь «Берияның адамы» болған және соғысқа дейін ол кеңестік НКВД-сі бойынша Венгрия коммунистік партиясының мүшесі болған (Алтухов, 1995: 143). Осылайша, жаңа басшы коммунистік ортадан мүлдем тыс және коммунизмнен басқа ештеңе білмейді. Имре Надь билігі кезінде Венгрияда ауылшаруашылық кооперативтерін құру процесі тоқтатылды. Қаланың шағын өндірушілері өз өнімдерін өндіруге лицензия алды. Экономиканың көп бөлігі кеңестік модельге негізделгендіктен, айтарлықтай өзгеріс болған жоқ. Сондықтан Надьтың елді дамыту жоспары бар екеніне сену қиын, өйткені ол қызмет еткен уақытта нақты реформалар жасалмады. Ол кезде Венгрияның оңтүстік көршісі Югославия мен солтүстік көршісі Чехословакия нарықтық социализм жолына түсті. Саясаткерлердің пікірінше «венгр басшылары кейбір артта қалушылықпен кеңестік бүкіл саясатын қайталады» (Гелб А.Х., Грей Ч.У. 1995: 120).

Коммунистік партияның XX съезі мен Польшадағы халықтық қозғалыс ықпалынан Венгрияда 1956 жылы өзгерістер басталды. 1956 жылдың күзінде Будапешттегі демонстрациялар жандана түсті, бұл Шығыс блогының бірде-бірінде байқалмаған еді. 1956 жылы қазанда болған бұл оқиға экономикалық емес саяси оқиға болды, ал егер біз оны «экономикалық» деп айтсақ, ол капиталистік көрініс алатын еді. 1956 жылы 23 қазандағы демонстрация бастапқы кезде кеңес-венгер достастығы ұранымен басталса, ал кейін жағдай өзгереді, яғни Венгриядағы социализмді жою ұранына ұласты. КСРО Басштабының бастығы маршал Василий Соколовский кеңестік бөлімшелерге Будапештегі тәртіпсіздікті басуға көмек көрсетуді бұйырады. Бастапқы кезде бұл мүмкін болмады, өйткені венгерлік солдаттардың көпшілігі демонстранттар жағына өтіп кеткен болатын. Ал кейінгі екі күн бойы Будапеште нағыз соғыс жүрді, мажорлар кеңестік танкілерді өртесе, танкілер тобырға оқ жаудырды. Жүздеген адам қазаға ұшырайды. Осы кезде Венгриядағы билік екіге бөлінеді: Еңбек партиясының көшбасшысы Эрно Гёрё кеңестік әскермен байланыс орнатса, Имре Надь бұған үзілді-кесілді қарсы шықты. 24 қыркүйек күші Будапешке СОКП-ның ОК Саяси бюросының мүшелері Анастас Микоян және Михаил Сулов келеді. Елдегі жағдайдың барлығын Венгриядағы КСРО-ның елшісі Юрий Андропов үнемі Мәскеуге баяндап отырды. Осыдан кейін елдегі билік ауыса бастады, мәселен Эрно Гёрёның орнын Янош Кадар ауыстырып, 1989 жылға дейін Венгрияны басқарады.

Радикалды антикоммунистер қаруланып аудандық және қалалық әкімшіліктерді басып алады. Саяси қызметкерлерді ағаштарға іліп, кейбірін тіпті еденге қағып, қолдарына Лениннің суретін ұстатып қойды. 29 қазанда бас редакция «Непсабадшаг» басып алынды. Бүкіл ел біртіндеп соғыс өртіне оранды, осы кезде бұрынғы НКВД қызметкері Имре Надь аяқ асты демократқа айналып шыға келді. 1956 жылы 30 қазанда ол көппартиялы жүйе енгізу, еркін сайлау жүргізу, коммунисттерден басқаларды да мемлекеттік билікке тарту туралы жариялайды. Екі күннен кейін ол Венгрияның Варшава шартты ұйымынан шығып, елдің бейтараптығын қорғау үшін БҰҰ-нан көмек сұрайды.

Алайда Египетке қарсы соғысқа Британия, Франция және Израиль бас қосып жатқан кезде БҰҰ-ның Венгрияға мұршасы болмады.

Батыс державаларының Египетке қарсы шыққанынан Никита Хрущёв болса Венгриядағы оқиғаны ауыр қабылдайды. 1956 ж. 31 қазандағы Саяси бюроның мәжілісінде ол: «Егер біз Венгриядан кетсек, бұл американдық, ағылшындық және француздық империалистердің жеңісі болады. Олар біздің әлсіздігімізді түсініп, басқыншылық жасайды», - деп хабарлайды. КСРО Қорғаныс министрі Г. Жуков көтерілісшілерді басу үшін «Вихрь» жоспарын жасайды. КСРО-ның күштеуімен Янош Кадар жаңа «жұмысшы-шаруалар» үкіметін құрады, яғни «кеңестік әскерлерді Будапешке екінші рет кіргізуге келісім» болды. 1956 жылы 3 қарашада болған келіссөздер барысында Венгрияның қорғаныс министрі Пал Малете тұтқынға алынады. Келесі күні кеңестік танкілер астанаға қарай жылжиды. Имре Надьқа сенім білдірген әскерлер мен радикалды антикоммунистер кеңестік танкілерге аяусыз қарсылық көрсетеді, алайда оларды тоқтату мүмкін болмады. Кеңестік армия Будапешт көшелерінде артиллерияны пайдаланды. Атыс 11 қараша күні тоқтады. Бұл кезде Надь Югославияның елшілігіне барып жасырынған болатын. Кейін ол Румынияға жер аударылды, ал Венгрияда жаңа үкімет өзінің жұмысын тоқтатты. 1958 жылы маусымда сот оны «сатқындық жасады» деп айыптап, Имре Наджіні өлім жазасына кесті.

Венгриядағы осы «кіші соғыстан» кейін 2 652 венгр және 661 кеңес солдатты қаза тауып, 26-сы қуғын-сүргінге ұшырады. Жүздеген адамдар өздерінің отанын тастап, көршілес Австрияны паналады, онда Грац қаласының жанында босқындар лагері құрылды. Мысалы, босқындардың арасында Ференц Пушкаш, Шандор Кочиш және Венгриялық келген спорт шеберлері болды.

Венгрияда 1956 жылғы көтерілісті басқаннан бері 33 жыл өтті. Алайда, Янош Кадар социалистік елдердің басшыларының ішіндегі ең демократиялық тұлға болды. Ешбір елде Венгрия сияқты еркіндік жоқ. Бүгінде Имре Надж Венгрияда ұлттық қаһарман болып табылады, ал КСРО мен қазіргі Ресейде көптеген адамдар оны «азаттыққа қарай қозғалысын» тоқтатқан «қолшоқпар» деп санайды. Ол кезде тарихтың бұл парағы арнайы жабық болғанымен, оны венгер қоғамы ешқашан ұмытқан емес.

Көтеріліс басылғаннан кейін Венгрияда коммунистік билік толығымен қалпына келтірілді. Янош Кадар (Кадар – саяси лақап аты, шын аты - Черманек) табиғатынан реформатор болған жоқ, бірақ кеңестік экономикалық модельді ұстана білді (Родионова И.А., Бунакова Т.М. 2003: 36). Нақты экономикалық реформалар Венгрияда 1960 жылдары басталды. Венгрия Социалистік Жұмысшы партиясы Орталық Комитетінің пленумы елдің экономикалық жағдайын жақсарту үшін бұрынғы экономикалық демократ Реж Ньерш бастаған арнайы комиссия құрды. Соңғы шешім 1966 жылы мамырда қабылданды, ал 1968 жылы жаңа экономикалық механизм іске қосылды (Авдаков, 1998: 24-25, 72-73). Кадар билікте болған жылдары Брежневпен де жақсы қарым-қатынас орната алды, яғни ол Кремльдің саясатын «жақсы» орындап жүрді. Ол «үлкен ағаға» деген сенімін сөзімен де, ісімен де орындай алды.

Мысалы 1968 ж. Венгрия Чехословакиядағы бүлікті басуға қатысады, ал 1975 ж. Мәскеу тарапынан сөгіс алған кезде елдегі экономикалық шаруашылықтағы өзгерістерді сақтап қалу үшін қаржы министрі Енё Фокты отставкаға жібереді (История Венгрии, 1972: 81). Өйткені 1956 ж. оқиғаны басынан кешірген Кадар 1968 ж. чехословактық лидер Александр Дубчекқа алдын ала ескерту айтқан болатын. Бірақ «компартияның ағайындыларының» арасында ауызбіршілік болған жоқ. Чехословакияда да кеңестік танктің шынжырының астында талайлар қаза болды. Сондықтан Кадардың саясаттағы табысының бірі ол өз азаматтарына «тек венгер ғана емес, сонымен бірге коммунист» екендерін де ескертіп отырды (Краткая история, 1991: 19).

XX ғасырдың 70-80-ші жылдары Венгрияда «қыдырымпаз коммунизм» деп аталатын жүйе қалыптасты. Онда кеңестік үлгідегі экономикалық қағидалардан біртіндеп бас тарта бастады. Мұндай жағдай Югославияда және Прага көктемінен кейін Чехословакияда да орын алған болатын. Дегенмен Кадар реформасының нәтижесі әкімшілік-шаруашылық жүйенің негізінен жасалған жоқ. Талапқа сай елде қаржы нарығы пайда болды, ал тауарлы нарықта бәсекелестік күрес күшті жүрді, бұрынғыдай мемлекет экономикада өз позициясын сақтап қалды. Ең бастысы либералдану нәтижесінен халықтың материалдық жағдайы жақсарды. Сонымен венгерлік экономикада нақты не өзгерді? Ең бастысы орталықтан қабылданып отыратын міндетті жоспарлы тапсырма жойылды. Осыған байланысты орталықтанған материалды-техникалық жабдықтау жүйесі жақсарды. Немқұрайлы түрде социалистік жоспарлау сақталды, ал нақты түрде ол жоспарлы индикативке айналды. Осыдан кейін венгерлік жоспарлы экономика батыстық елдерге жақындай түсті.

Янош Кадар елдегі саясатты тұрақтандыру үшін «ымыраға келу» саясатын жүргізуде. Мысалы, Ракошидің қысқа саптық тезісі: «Кім бізбен бірге болмаса, ол бізге қарсы», ал Кадардың тезісі: «Кім

бізге қарсы болмаса, ол бізбен бірге». Кейбір жек көрінішті сталиншілдер қуғын-сүргінге ұшырады, университеттер «тап жауларының» балаларын қабылдай бастады және бұл жұмысты партияның жоғары мүшелеріде бағалай бастады. Парасатты адамдар үлкен еркіндікке ие болып, батыс әдебиеті мен фильмдеріне қол жеткізді. Римдік-католиктік шіркеумен ара қатынас қайта қалпына келтіріліп, реттелді.

Осы кезден бастап мемлекеттің экономикалық саясатына басты инновация жүргізілді деп немқұрайлы түрде болса да айтылып жүрді. Сонымен бірге осы «жаңа экономикалық механизм» саясатында үкімет өндірістің күш-жігерін экономиканы жекешелендіру және рентабельдендіру жолымен іске асыруды жөн көрді. Орталық үкімет экономиканы дамыту үшін бұрынғыдай бесжылдық жоспарды жүргізуді жалғастыра берді, бірақ енді жеке кәсіпорындарды қаржыландыру үшін квоталық үлес беруді тоқтатты. Ауылшаруашылық кооперативтерінің мүшелері жекеменшік жерді өзара бөлісулеріне рұқсат берілді. Ауылшаруашылық кооперативтерінің мүшелері өздерінің игілігі үшін тауар өндірулеріне де рұқсат берілді (Экономические и политические, 1992: 143) Нәтижесінде «жаңа экономикалық механизм» реформасының алғашқы жылдары-ақ венгерлік экономика жоғарғы қарқынмен даму үдерісін бастады, бірақ 1970-ші жылдардың ортасында оның даму қарқыны бәсеңдей бастады, оны шығын көлемінің көп болуымен байланыстырады, өйткені сырттан тасымалданатын мұнай бағасы шарықтап кетті.

1980-ші жылдардың соңына қарай Кадар саяси консерватизм мен экономикалық тоқырауды символмен көрсетуді бастады, ал 1988 жылғы Кеңес Одағындағы радикалды саяси реформадан кейін Янош Кадар мемлекеттік биліктен кетуіне тура келді. Мемлекеттік Бас хатшы орталықшыл Карой Грос болса да алдыңғы қатарлы орындардың барлығын радикалды реформаны жақтаушылар иемденді. Коммунистік партия жаңа конституция қабылдауға келісімін берді, яғни ол бойынша коппартиялы парламенттік жүйе құрылуы керек болды. 1989 жылдың ортасына қарай көптеген тәуелсіз кәсіподақтар, саяси партиялар және жастардың ұйымдары құрылды, ал кеңестік армия біртіндеп Венгриядан шығарыла бастады. Сонымен бірге «теміз перде» жойылып, австриялық шекара ашылды, Имре Надь пен басқа да 1956 ж. революцияның көсемдерінің денелері қайта қазып алынып, құрметпен, салтанатты түрде қайта жерленді. Венгриядағы коммунистік партия Венгерлік Социалистік партия болып қайта құрылып, елдегі жағдайға бақылау орнату саясатынан түк шықпады.

Венгрия социалистік жұмысшы партиясының басшылығы 1989 жылы өзгерді, партияның идеологиясы әлеуметтік демократия деп жарияланды және партия Венгрия социалистік партиясы болып өзгертілді, бірпартиялық жүйе жойылды, бірнеше либералды партиялар құрылды – Еркін демократтар одағы, Тәуелсіз шаруашылық партиясы, Христиан-Демократиялық Халықтық партиясы, Мажар Азаматтық одағы. Венгрия қайта Венгрия Республикасы болып жарияланды – бұл Венгрия тарихындағы үшінші демократиялық кезеңі еді. Сыртқы саясатта өзгере бастады – ел Еуропаға қайта оралу саясатын ұстанды.

Шығыс Еуропадағы барлық «барқыт төңкерістердің» ішіндегі ең «нәзік» Венгрия революциясы болды. Мысалы, Венгрияда басқа Югославия республикалары немесе Румыниядағы сияқты қатал азаматтық соғыс болған жоқ, оппозиция ежелден үкіметке қарсы болып келген және мыңдаған шерулер болған Польшадағыдай саясат жүргізбеді, Чехословакия мен Словениядағы сияқты үлкен демонстрациялар да болған жоқ. Венгриядағы күннің басты оқиғаларының бірі – Имре Надьты салтанатты түрде жерлеу рәсімі болды. Сонымен бірге осындай оқиғалар барысында елдің тағы бір бұрынғы басшысы Янош Кадар қайтыс болып, оны да ерекше атап өткен болатын. Осылайша, 1989 жылдың жазында жаңа саяси жүйеге көшу қарапайым бейбіт келіссөздер үдерісі нәтижесінде іске асып жатты.

Осы жылдары елде үш топ жарысқа түсті: Кадар кезіндегі адал социалистер, Гросс бастаған коммунистік реформаторлардың жаңа буыны және Ньерш пен Пожгаи бастаған реформатор-социалистер. Ал 1989 жылдың көктемінде жас технократтар мен прагматиктер алға шыққан кезде жағдай күрт өзгеріп, 40 жастағы премьер-министр Миклош Немет, 47 жастағы қаржы министрі Ласло Бекеши, сондай-ақ Петер Медьяши, Ференц Глатц және басқалар билікті өз қолдарына алды (Страны и регионы мира, 2009: 21). Осылайша, Венгрия Демократиялық Форумы партиясы мен оның одақтастарының басты мақсаты нарықтық экономикаға және жекешелендіруге көшу болды. Алғашқы жылдары олар мемлекеттік меншіктің төрттен бірін жекешелендіріп, Венгриядағы шетелдік капиталдың аясын кеңейтті. 1991 жылы маусым айында елден соңғы кеңестік армия шығарылды. Ал желтоқсан айында Венгрия Еуропалық Одаққа қауымдастырылған мүшелікке өту туралы келісімге қол қояды (Central Intelligence Agency).

Әлеуметтік мәселелер де жергілікті халықтың коалициялық үкіметке қарсылығын ұшықтырып жіберді. Анталл үкіметінің Украина және басқа көрші мемлекеттермен жасаған келісімдерін елдегі

ұлтжандылар үнемі сынаумен болды, мұның кейбірі территориялық мәселелерге тіреліп жатты. 1993 жылы маусым айында бұрынғы вице-хатшы Иштван Чурка және Мемлекеттік жиналыстың басқа 10 мүшесі жаңа ұлттық партияның құрылғанын жариялайды – Венгерлік әділеттік және өмір партиясы. Иштван Чурка бұрын антисемиттік пікірі үшін Венгерлік демократиялық форумның парламенттік фракциясынан шығарылған болатын. 1993 жылы желтоқсанда Йозеф Анталдың қазасынан кейін венгерлік үкіметті Петер Борошш басқарады.

Шын мәнінде, жаңа ғасырдың басы Венгрия үшін жақсы экономикалық көрсеткіштердің нәтижесі болды. Антал үкіметі кезінде инфляция мен жұмыссыздық күрт төмендеді, валюта бағамы тұрақталды, ұлттық валюта қымбаттады, сауда базасы жақсарды, ал экономика тек өсе түсті. Нарықтық экономика ғана емес, елдің экономикалық құрылымы да жаңартылды. Мәселен, соғысқа дейін аграрлық ел болған Венгрия қазір алып индустриялы елге айналды. Әрине, Венгрия алып держава емес, бірақ ол Габсбург монархиясы кезінде басталған ұзақ модернизация процесін аяқтады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

История Венгрии в 3-х т. Под ред. Исламова Т.М. – М., 1972.

«Страны и народы»: популярная энциклопедия. – Санкт-Петербург: «Дельта», 1997.

Международные отношения и внешняя политика. Сб. документов. Под ред. М.И. Семиряги. – М., 1957. – С. 120-123.

Игрицкий Ю. И. Концепция тоталитаризма // История СССР. – 1990. – №6.

Jackson J. L., Countries of the world and their leaders. Yearbook: Eastword Publications Development, Inc., Cleveland Ohio, 2002.

Международные экономические отношения. Т.1-2. – М., Новости, 1991. – 235 с.

Алтухов В. О. смене порядков в мировом общественном развитии // МЭНО. – 1995. – 420 с.

Гелб А.Х., Грей Ч.У. Экономические преобразования в странах Центральной и Восточной Европы: проблемы, тенденции, перспективы. – М., 1995.

Родионова И.А., Бунакова Т.М. Экономическая география. - М, 2003. - 496с.

Авдаков Ю.К. Экономическая история социалистических стран. – М., 1988. – 345 с.

Краткая история Венгрии: с древнейших времен до наших дней. Под ред. Исламова Т.М. – М., 1991.

Страны и регионы мира: экономическо-политический справочник / под ред. Булатова, А. С. 3-е издание; Москва, 2009

Строительство основ социализма в странах Центральной и Юго-Восточной Европы. Под ред. Мурашко Г.П. – М., 1989.

Волокитина Т.В., Мурашко Г.П., Носкова А.Ф. Народная демократия: миф или реальность? Общественно-политические процессы в Восточной Европе 1944-1948 гг. – М., 1993.

Мусатов В.Л. Янош Кадар и время реформ в Венгрии // Новая и новейшая история. – 1990. – №3.

Перевалов В.П. Тоталитаризм и социализм. – М., 1990.

Экономические и политические реформы в странах Восточной Европы и Азии //Под ред. Румянцева А.М. – М., 1992.

Central Intelligence Agency//Информация о Венгрии [Электронный ресурс]. - 2009 - Режим доступа: <https://www.cia.gov>. - Дата доступа: [02.02.2020].

Венгерское агентство по развитию инвестиций и торговли ITD-Венгрия // Венгрия: бизнес-обзор за 2007-2008 [Электронный ресурс]. - 2008. - Режим доступа: <http://www.itdh.com/resource.aspx?ResourceID=BusBrieforosz>. - Дата доступа: [09.03.20].

ТӘУЕЛСІЗДІК ЖОЛЫНДА ЖАНЫН ҚИҒАН ШАХЗАДА

Ахметова Ж.К.

тарих ғылымдарының кандидаты, аға оқытушы

Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті

(Алматы қ., Қазақстан) E-mail: akhmetova.zhanat73@gmail.com

Қазақстан Республикасының тәуелсіздігін алғанына биыл 30 жылдың көлемі болып отыр. Тарих үшін бұл қас-қағым сәт. Бұл тәуелсіздікті қайсар ата-бабаларымыз, батыл апаларымыз сан ғасырлар бойы армандап, заманның қаталдығына мойынсұнбай өжеттілік танытып, жандарын қиып, болашақ ұрпаққа өнеге болатындай із қалдырған.

Қазақстан Республикасының тұңғыш президенті Нұрсұлтан Назарбаев Дүниежүзі қазақтарының бірінші құрылтайының мәжілісінде «Бүгінгі бостандықтың, бүгінгі тәуелсіздіктің өзінен-өзі келіп басымызға қона қалмағанын, азаттық үшін миллиондаған адамдардың қаны шашылып, жаны қиналғанын, жазықсыз зардап шеккенін де сіздер жақсы білесіздер. Бүгінгі күн ата-бабаларымыздың талай ғасырлар бойғы арманы еді. Отаршылдықтың темірқұрсауының, отызыншы жылдардағы ашаршылық пен сталиндік жаппай жазалау құрбандарының, Ұлы Отан соғысында от ортасынан оралмаған боздақтардың, кешегі желтоқсанда ұлттық намысын қолдан бермеу үшін,

халықтың сағын сындырмау үшін бел буып шыққан жастарымыздың арманы еді» - деп көрсетті (Дүниежүзі қазақтарының құрылтайы, 1993:190).

Әрине, тұңғыш Президентіміз атап көрсеткендей қазақ халқының мемлекеттік тәуелсіздікке ұмтылысында өр тұлғалы қазақ қыздарының да зор үлесі болды.

Қазақ қыздарының мінезіне тән ерекше бір қасиет оның қайтпас қайсарлығы, өжеттігі, тіпті керек кезінде ел үшін, жер үшін қан төккен асыл аналарымыздың ерліктері тарихтан белгілі. Ел намысын ерлерше қорғап, жауға шапқан, қайрат көрсеткен қазақ әйелдері де жеткілікті. Сондай ерліктің үлгісін көрсеткен Кир патшаның ғазиз басын қанжығасына байлаған Томирис (Тұмар ханша) сонау ерте заманда қазақ қыздарының ержүректілігін, батырлығын, қаһармандығын дәлелдеген.

Тарихтың терең қойнауына үңілмей-ақ беріректегі 1418 күн мен түнге созылған Ұлы Отан соғысы жылдарында ер етікпен қан кешіп, сұрапыл соғыс майданында ерліктің үлгісін көрсетіп, қаһармандықпен қаза тапқан қазақтың аяулы қыздары, біртуар азаматшалары Әлия мен Мәншүктің Кеңес Одағының Батыры деген атаққа ие болып, тарихта аттарының қалуы қазақ қыздарының ерлігінің жарқын көрінісі. Мұндай мәртебеге шығыс елдерінде бірде-бір әйел ие болған жоқ.

Тәуелсіздіктің көк байрағы желбіреп тұстағы қаһарлы 1986 жылғы желтоқсан ызғарында да бұғанасы қатпаған қазақ қыздары ерліктің үлгісін көрсете білді. Олар желтоқсан көтерілісіне қатысып, дүйім жұрттың алдында жүріп сөз бастап өз талаптарын қойып, сол үшін тоталитарлық жүйенің қолшоқпарларынан таяқ та жеді. Қайтпас қайсарлықтың үлгісін көрсетіп, тағдырдың бастарына салғанын көтере білді. Қазақ халқының алақанына салып аялап өсірген ұлтжанды қыздары желтоқсан көтерілісінің тақсиретін тартты.

Әрине, біз қозғайын деп отырған Кеңестік империя тарихында қазақ қыздарының, қоғам қайраткерлерінің әйелдерінің жасаған ерліктері ұшан теңіз. Сталиндік әкімшіл-әміршіл жүйе көш басында тұрған кезеңде тәуелсіздікті аңсаған Алаш қозғалысының жетекшілеріне, олардың әйелдеріне «Кеңес өкіметіне жау», «буржуазияшыл-ұлтшылдар», «Террорлық әрекеттерді дайындаушылар» деген айыптар тағылып, 1928 жылдан бастап олар түрмелерге жабылды. 1930 және 1932 жылдары екі сот процесінің үкімімен олар ұзақ мерзімдерге концлагерьлерге айдалды. Одан елге оралғандар 1937-38 жылдары «үлкен террордың» құрбандары болды.

Саяси репрессияның келесі құрбандары кеңестік биліктің түрлі негізсіз шараларын ашық теориялық тұрғыдан сынаған зиялылар мен қолына қару алып, оған қарсы қайрат көрсетуге шыққан қарапайым халық болатын.

Қазақстанда осы жылдары жүргізілген жаппай репрессиялау саясаттың ауқымын мынадай фактілерден байқауға болады. Мәселен, 1930 және 1932-жылдары Алаш қозғалысының басшыларын жазалау шаралары барысында 80-нен астам адам жауапқа тартылып, олардың басым бөлігі ұзақ мерзімдерге сотталып, төртеуі атылды. 1929-1933-жылдары күшпен ұжымдастыруға қарсы шыққаны үшін, республикада 3386 шаруа ату жазасына кесілді. 13151 адам 3 жылдан 10 жылға дейінгі мерзімге сотталды. Ал тарихшы Д.Орынбаеваның есебі бойынша, 1937-1938 жылдардағы «үлкен террор» тұсында республикадағы тек жеті облыс (Ақмола, Ақтөбе, Атырау, Қарағанды, Батыс Қазақстан, Оңтүстік Қазақстан және Маңғыстау) бойынша ғана 16520 адамға саяси айып тағылып, репрессияға ұшыраған. Тек Алматы облысы бойынша түрлі саяси айыптаулармен атылғандардың саны 1680 адамға жеткен (Қойгелдиев, 2004:343).

Осы жылдары қуғын-сүргін көрген халқымыздың аяулы қыздары да болды. Ақмола қаласының қасында орналасқан сол кездегі ресми түрдегі ГУЛАГ-тың 26-шы нүктесі деп аталған АЛЖИР-де бас бостандығынан айырылған әзиз аналар тағдырдың тауқыметін тартты. Олар С.Қожановтың жары Күләнда Қожанова, Т.Жүргеновтың зайыбы Дәмеш Жүргенова, С.Сейфуллиннің өмірлік жолдасы Гүлбахрам, Қ.Сармолдаевтың әйелі Майнұр Сармолдаева, Б.Майлинның әйелі Күнжамал Майлина, Т.Рысқұловтың жан жары Әзиза Рысқұлова т.б. қуғын-сүргіннің тақсиретін тартты.

Сондай қуғын-сүргінге ұшырап, сталиндік репрессияның құрбаны болған оның қанды қылышына іліккен, мыңдаған адамдардың бірі, қазақтың өжет қызы Шахзада Шонанова (Қаратаева) еді.

Тағдырдың тауқыметін ерте тартқан Шахзада кім, оның ату жазасына кесілетіндей жасаған қылмысы не еді? деген сұраққа жауап іздемес бұрын көптеген Отандық тарихшыларымыздың еңбектеріне көз жүгірттік. Көрнекті ғалым, алаштанушы, академик К.Нұрпейіс Алаш қозғалысы тарихын және кеңестік тоталитарлық жүйені алғаш сынға алып, тарихи деректер негізінде алғаш зерттеу жүргізген ғалымдардың бірі. Ол Қазақстанда орын алған саяси қуғын-сүргін тарихын бірнеше кезеңдерге бөліп қарастырады. Мысалы, «1930 жылдардың бас кезінде істі болып, сот пен жер аудару мерзімдерін өтеп, елге оралғандары саяси қуғын-сүргіннің 4-ші кезеңі болған 1937-1938

жылдардағы үлкен террорда «халық жауы» аталып, мәңгілікке көз жұмғаны» туралы деректер келтіреді (Нүрпейіс, 2007: 37).

Алаштанушы, т.ғ.д., профессор М.Қойгелдиев ғылыми еңбектерінде Алаш қайраткерлері Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсыновтардың қатарында Бақытжан Қаратаевтың інісі, Шахзаданың әкесі Арон Қаратаев жайлы құнды мағлұматтар жинақтап, қоғам қайраткерлерінің отбасы, ұрпақтары жайлы «көлеңке» тұстарына тоқталу керек екенін баса назарға алған (Қойгелдиев, Омарбеков, 1993: 208). Сонымен қатар т.ғ.д., профессор Т.Омарбековтың ғылыми зерттеулерінде Шахзада Шонанова (Қаратаева) жұбайы Телжан Шонановтың еңбектеріне назар аударуды айтады (Омарбеков, 2004: 388). Яғни Шахзада Шонанова Алаш қайраткері, тілтанушы-түркітанушы, ағартушы, педагог Телжан Шонановтың жұбайы болып келеді.

Шахзада Аронқызы Шонанова 1903 жылы Батыс Қазақстан облысы, қазіргі Сырым ауданында дүниеге келген. Әкесі Арон Қаратаев белгілі ел азаматы, қоғам қайраткері Бақытжан Қаратаевтың інісі болып келеді. Әкесі Арон да білімді, зиялы кісі болған екен. Анасы Хұсни-Жамал Зұлқарнайқызы қазақ қыздарының арасынан шыққан алғашқы мұғалімдердің бірі болған. Шахзада жастайынан зерек, алғыр, білімге деген ерекше құмар екенін білдіреді. Есейе келе бірнеше рет білім алуға ұмтылады.

Шахзада Шонанова жайлы деректер іздегенде мұрағаттағы сарғайған құжаттарға үңіліп, сол құжаттардың негізінде ой түйінін тізбектесек, ол 1937 жылы қаңтардың 1 жұлдызында Қазақ Мемлекеттік университетінің биология факультетінің 2-ші курс студенттерінің тізімінде жүр (КРОМА, 1352 қ: 25). Шамасы 1936-37 оқу жылдарында Шахзада осы университетте оқыған. Ал университет мұрағатындағы Шахзада Шонанованың жеке іс-қағазына сүйенсек, ол 1903 жылы Батыс Қазақстан облысы, Жымпиты ауданында дүниеге келген. Осы 2-ші курста оқып жүргенінде ол 34 жаста болған. Демек, басқа студенттермен салыстырғанда Шахзаданың жасы ересектеу болуы мүмкін. Шахзаданың осында кеш оқып жүргенінің өзінде үлкен сыр жатқан сияқты.

Университетке оқуға түскенге дейін Шахзада оқу-ағарту халық комиссариатында алты жылдай мектепке дейінгі тәрбие әдіскері, ғылыми хатшы және мектеп инспекторы болып қызметтер атқарған. Өкінішке орай Шахзаданың өмір дерегімен толығырақ танысудың мүмкіндігі аз болды. Өйткені Қазақ Мемлекеттік университетінің мұрағатында Шахзада туралы мәліметтер өте аз екендігі байқалды.

Осы мұрағаттық деректерге сүйенсек, Шахзаданың 1917 жылы оқуда болғаны және қазан төңкерісінен кейін оның қандай қызметтер атқарғандығы жайлы анкета толтырылған. Шахзада тоғыз жылдай ішінара Кеңес мекемелерінде қызмет атқарған деген де деректер кездеседі. Құжаттағы мәліметтерге сүйенсек, Шахзада 1926 жылдан бастап КСРО-ның ағартушы қызметкерлер одағының мүшесі болған екен.

Шахзада ең алдымен Орта Азия мемлекеттік университетінің медицина факультетіне оқуға түскен, ол жерден Шахзада оқуды бітіре алмайды. Оны 2-ші курстан «әлеуметтік тегіне» байланысты оқудан шығарып жібереді. Одан кейін Шахзада Алматы медициналық институтына оқуға түсіп, ол жерден де 2-ші курсқа келгенде шығарылады (КазМУ-нің мұрағат қоры).

Шахзада өзінің өжет мінезімен жазықсыз екенін дәлелдеу үшін ізденеді. Сөйтіп оқудан шығарылғандардың арызын қарайтын халық ағарту комиссариатының комиссиясына шағым жолдайды. Оның арызын 1931 жылы қазан айында комиссия қарап, мәжіліс өткізеді. Ол мәжіліске халық ағарту комиссариатынан Таштитов, БК(б)П өлкелік комитетінен Смирнов, Денсаулық комиссариатынан Әрімбетов, халық ағарту комиссариатының кадр бөлімінен Зилов қатысады. Мәжіліс төрағасы Таштитов, хатшысы Зилов болып қол қояды. Күн тәртібінде қаралған мәселе: оқудан шығып қалған студенттердің арыздарын талқылау. Мәжіліс қазақ медицина институтының 2-ші курс студенті Шонанова Шахзаданың арызын тыңдап, төмендегіше қаулы алады. «Шонанованың Кеңес өкіметі тұсында қызмет атқарғаны, өзінің әлеуметтік тегін жасырмағаны ескеріліп, оған медицина институтында оқуын жалғастыруға мүмкіндік берілсін деген. Институт дирекциясына және студенттік ұйымдарға жақын семестрлерде Ш.Шонанованы студенттік ұйымдарда, қоғам жұмысында тексеру міндеттелінсін» деген қаулы қабылданған екен (КазМу-нің мұрағат қоры). Осылайша Шахзада қайтадан оқуын жалғастырады. Бірақ оның қуанышы ұзаққа созылмайды. Бұдан кейін Шахзаданың басқан ізі аңдулы болады. Қызмет орнынан оның қалай жұмыс істегені жөнінде анықтамалық құжат сұралып отырады.

1932 жылы наурыздың 12 жұлдызынан көкектің 11 жұлдызына дейін ең қауіпті ауру - бөртпе сүзекпен індет жайлаған Прибалхашстройдың Спасска деген бөлімшесіне Шахзаданы жұмысқа жібереді. Жұмысты аяқтап қайтар шағында Спасска бөлімшесінің бастығы, әрі оқу комбинатының директоры Жамшиннен Шахзада оқитын оқу орнына анықтама жіберіледі. Онда былай делінген:

«Жолдас Шонанова өзін қайратты, іскер қызметкер ретінде көрсетті. Тек өзінің міндеттерін орындап қоймай бөлімшеде де, студенттер мен тұрғындар арасында да қоғам жұмысына қатынасты. Жолдас Шонанова студенттерге жақын жүріп оларды жұмысқа тарта білді. Жатақхана мен цехта активтер ұйымдастырды. Жергілікті тұрғындар арасында санитарлық шаралар жүргізуші ретінде Шонанова орны толмас қызметкер болды» делінген (Бегімқұлова, 1994:6-7).

Осы анықтаманың өзі Шахзаданың адамгершілігі мол, кішіпейіл, білгір дәрігер болғанын көрсетеді. Бірақта Шахзада қуғын-сүргіннен құтыла алмайды. Ол институтты да бітіре алмайды.

1936 жылы Шахзада Шонанова Қазақ Мемлекеттік университетінің биология факультетіне оқуға түседі. Алайда Шахзада бұл жоғарғы оқу орнын да бітіре алмайды. Өйткені оған тағылған басты кінә - әкесі үстем тап өкілі, оқыған адам болғандығы. Бірақ онымен де мәселе бітпей, тағдырдың талқысы Шахзаданың алдынан тағы да көлденең келіп тартылады. Шахзаданың жұбайы жоғарыда да айтып кеттік бірнеше жылдар бойы Қазақтың педагогикалық институтында және Қазақ Мемлекеттік университетінде доцент болып қызмет атқарған, белгілі ғалым филолог көптеген еңбектердің авторы, әрі тарихшы және аудармашы Телжан Шонанов еді. Осы азаматтың жұбайы болғандықтан да Шахзада зардап шегіп қуғындалған екен.

1937 жылы таңдаулы педагог-ғалым Т.Шонанов «халық жауы» деген жаламен сотталады. Шахзада да дәл осындай жаламен ұсталады. Сол кездері «Халық жауы» деген жаламен 30 мыңға жуық халық зиялылары атылған болса, сол тізімдердің ішінде өмір бақи жоғарғы білім алуды армандаған, халқы үшін қалтқысыз қызмет етуді мақсат тұтқан қазақтың аяулы қызы Шахзада Шонанова мен ұлағатты ұстаз, ғалым, оның ері Телжан Шонановта бар еді. Телжан Шонанов 1938 жылы 27 ақпанда, Шахзада Шонанова 9 наурызда «халық жауы» деген жаламен сталиндік репрессияның құрбаны болды. «Халық жауларының әйелдерінің» ішінде тек қана жалғыз Шахзада атылған.

Шахзада Аронқызы Қаратаева 1958 жылы «қылмыс құрамының жоқтығына» байланысты ақталған. Бұған қатысты құжаттар БҚО Мұхит Мерәлі атындағы Қаратөбе аудандық тарихи-өлкетану музейі қорында да сақталған (Байболсынова, 2016: 9-18)

Телжан мен Шахзада Шонановалардың артында ұрпақ қалмады. Тек Жақып есімді бауырына басқан ұлы жайлы ғана аталады. Жақып сол жылдарда Донбаста, Сталино қаласында индустриялық құрылыс институтында білім алып жүрген студент екен. Бірақ өкінішке орай Жақып жайлы да деректер кездеспейді.

Сталиндік репрессия кезінде қазақ ғалымы Телжан Шонановпен бірге Елдос Омаров та зардап шегеді. Бұл азаматты бұл арада еске алуымыздың себебі оның айыпталуы да Телжан Шонановқа қатысты болғандықтан еді.

Е.Омаров 1911 жылы Орынбор қырғыз (қазақ) учительдер институтын бітірген, кейін кеңес өкіметінің мәдениет майданына ат салысқан, көптеген ғылыми-әдістемелік еңбектер жазған, түркі тілдерін меңгерген ғалым болған. Елдос 1935 жылы өзі туралы іс қағазда: «1930 жылы 10 жылға концлагерге кесілдім, 1933 жылы уақытымнан бұрын босатылдым» - деп жазады. Алайда Елдос Омаровтың бұдан кейінгі тағдыры да мәз болмайды. Шахзаданың жұбайы Телжан Шонановты мақтадың деп ҚазМУ-дың сол кездегі директоры Ф.Т. Оликов деген кісі Е.Омаровты әшкерелеуге асығады. Университеттің тілдер кафедрасы 1937 жылғы 13-ші қазанында өткен мәжілісінде оқытушы Е.Омаровтың «халық жауы» Шонановты ерекше қорғаштағаны жайлы арызы тыңдалады. Осы арыздың негізінде кафедра мәжілісі болған күнгі бұйрықпен Е. Омаров «контрреволюционер Шонановтың ашық қорғаушысы» - деп қызметінен босатылады. Мұнымен де тынбай Е.Омаровтың отбасын ҚазМУ-дың ғылыми қызметкерлері тұратын жатақханадан да қуып шығады. Осылайша 1937 жылдың ойраны қазақ даласының қаймағын қалқып сол кезеңнің ар-ожданы іспеттес зиялыларды жазықсыздан жазықсыз жапа шектірген еді.

Шахзада Шонанова армандаған, сол жолда жанын қиған тәуелсіздікке бүгінгі таңда 30 жыл толып отыр. Осы тәуелсіздігімізге қазақ қыздарының да үлесі бар екенін біз, келешек ұрпақ ұмытпауымыз керек. Бұл жайында еліміздің тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаев Қазақстан әйелдерінің III форумында сөйлеген сөзінде: «Бұл жылдарда елімізде ұйыған татулық, дәстүрлі достық сақталып келгенінде әйел-аналардың шешуші үлесі бар екендігін тағы да қадап айтамын. Сіздердің алдарыңызда шыдамдылық, төзімділік танытқандарыңыз, салқын сабырды сақтағандарыңыз үшін, бас иемін...» деген еді. Елбасымыздың осы сөзі қазақ қыздарының, аналарының қандай қиыншылық болса да мойымағандығын көрсетіп тұрғандай (Найзағараева, 2002: 60).

Қазіргі таңда туған елі құрмет тұтып, бойында тектілік, ұлтжандылық қасиеті бар қоғам қайраткері Шахзада Шонанованың құрметіне арнап көптеген іс-шаралар жасалған. Солардың бірі

Батыс Қазақстан облысы, Орал қаласында М.Өтемісов атындағы мемлекеттік университетінің №5 оқу ғимаратында мемориалдық тақта орнатылған. Сонымен қатар Шахзада апамыздың тағдырына арналған «Аяздағы ақ шуақ» фильмі (журналист Г.Тілеубаева) даярланған. Болашақта осындай іс-шаралар өзінің жалғасын табады деген үміттеміз. Бұндағы мақсат бүкіл саналы ғұмырын қазақ халқының бостандығы мен тәуелсіздігіне арнап, жазықсыз құрбан болған Шахзада сынды қазақ аруларының есімін тарихқа алтын әріппен жазып, келешек ұрпақтың есінде қалдырып, олардың істеген ерлігін жас ұрпақ оқып біліп жүрсе, рухына бас иіп тағзым етіп, олардан өнеге, тәлім-тәрбие алса демекпіз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Дүниежүзі қазақтарының құрылтайы. – Алматы, 1993. – 190 б.
2. Қойгелдиев М. Ұлттық саяси элита. – Алматы, 2004. – 343 б.
3. Нұрпейіс К. Тарихи тұлғалар. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы. 2007 ж. – 376 б.
4. Қойгелдиев М., Омарбеков Т. Тарих тағылымы не дейді? – Алматы: Ана тілі, 1993. – 208 б.
5. Омарбеков Т., Омарбеков Ш. Қазақстан тарихына және тарихнамасына ұлттық көзқарас. – Алматы: Қазақ университеті, 2004. – 388 б.
6. ҚРОМА 1352 қор, 1 тізбе, 139 іс, 25 б.
7. ҚазМу-дың мұрағат қоры, тізбе - 1, 6897 іс, 2 б.
8. ҚазМу-дың мұрағат қоры, тізбе - 1, 6897 іс, 5 б.
9. Бегімқұлова Ш. Мезгілсіз солған гүл. //Қазақстан әйелдері. 1994ж. №2 ақпан. 6-7 бб.
10. Байболсынова А. Атылған ару (Шахзада Шонанова (Қаратаева) – саяси қуғын-сүргін құрбаны болған қазақ қызы). DANA kaz журналы, 2016 ж.4-5 (28), 2016.
11. Найзағараева Е. Әйелдердің қоғамды демократияландыру процестеріне қатысуы. //Ақиқат 2002, 60 б.

ЕДІГЕ БИ ЖӘНЕ ОНЫҢ ҰРПАҚТАРЫНЫҢ НОҒАЙ ОРДАСЫНДАҒЫ БИЛІГІ

Б.Т. Жұбанышов¹, А.З. Смағұлова²

*¹тарих ғылымдарының кандидаты, аға оқытушы
Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті
(Алматы қ., Қазақстан) E-mail: tr.berik1973@mail.ru
²Ұлттық тестілеу орталығының жетекшісі
(Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан)*

Ноғай Ордасының Алтын Ордадан бөлініп, өзінің тәуелсіз мемлекет құруы 1391 жылы Едігеннің тұсында жүзеге асқаны белгілі. Мұндай деректі Абылғазы да өз еңбегінде келтіреді. Ол Маңғыт Ордасының құрылуы Алтын Ордадағы биліктің Батый әулетінен маңғыттарға өткеннен кейін пайда болды дейді (Кононов, 1958: 44). Көптеген зерттеушілер де осы пікірді қолдайды. Мәселен, Л. Гумилев «олар Темірмен қатынасты үзген соң, маңғыттардың басшысы Алтын Ордадан оқшауланып, дербес мемлекет құрды», – деп есептейді (Кужелева, 1960: 392). Яғни, сол кездегі деректерге назар аударсақ, жаңадан құрылған мемлекеттің негізін маңғыттар қаласа, оның алғашқы билеушісі Едіге болған. Едіге Мамай мен Ақсақ Темірдің тәжірибелерін қолданып, мемлекет басшысы етіп қуыршақ хандарды отырғызып, өзі үнемі олардың қасында беклербек лауазымын атқарады. Ол 1396 жылы Әмір Темірден жеңілген Тоқтамыстың әлсірегенін пайдаланып, оған өзінің билігіне халықтың аз қоныстанған бөлігі Еділдің сол жақ жағалауын беруді талап етіп, былай дейді: «Еділдің сол жағындағы елсіз жерден бас тартып, оны маған бер; бұдан басқа сен менің жағыма өткендерден, сондай-ақ кедейлерден, жетім-жесірлерден алым талап етпе». Едігеннің талабына Тоқтамыс хан амалсыздан келісіп, шартқа қол қояды. Тоқтамыстың Едігеннің айтқанына көніп қол қоюы оның ең басты қателігі болып табылды. Нәтижесінде Еділдің сол жағалауында салық төлемейтіндігін естіген, соғыстан ығыры шыққан халық беклербектің иелігіне ағылғаннан кейін, көп ұзамай Тоқтамыстың бодандарының саны алты есеге азайып кетеді (Беляев, 1917: 37). Ибн Арабшахтың сөзімен айтсақ Едіге Ордасы «көптеген адамдар легімен» толықты (Шихаб ад-Дин, 1887: 61).

Халықтың көп келгені соншалықты Едігеннің билігі Жошы Ұлысының бүкіл шығыс аумағына тарап, аяғы тікелей Мауреннахрмен байланыс орнатады. Төрт жылдан соң, әбден күшейген Едіге ханның жігіттері маңғыт әскерінің жылқыларын ұрлады деген сылтаумен Еділ өзеніне жақындап келіп, Тоқтамысқа шабуыл жасап, оны тақтан тайдырады. Кейін Едігеннің ұлы Нұр ад-Дин Тоқтамысты өлтіреді (Беляев, 1917: 38-39). Осылайша, Едігеннің маңғыттарды өз алдына дербес ел ретінде басқарған алғашқы жылдарда-ақ, Ноғай Ордасының шекарасы батысқа қарай, Еділ өзеніне дейін жақындайды. «Менің әкемнің ордасына үш өзен бойындағы аймақтар кірді: Еділ бойы, Жайық бойы, Ембі бойы», – деп жазды Исмаил 1560 жылы (Трепалов, 2002: 77). Деректерге назар аударсақ сол кездің өзінде-ақ, маңғыттардың иелігі географиялық жағынан оң және сол қанаттар болып бөліне

бастаған. Мәселен, Орданың батыс бөлігі оң қанат Едігенің баласы Нұр ад-Диннің басшылығына өтсе, сол қанат шығыс бөлігін қамтып, Едігенің ресми басқаруына кірген (Трепалов, 1993: 49). Әкесі мен баласының расындағы иеліктерді бөлісу де бір-біріне жіберген ноғай-орыс хаттарында көрсетілген: «Еділ мен Жайық – екеуі менің атамның ордасы, өйткені, менің әкем Жайықтағы ұлы князь, ал менің басқа әкем, Нурадин мырза – Еділде» (Трепалов, 2002: 77). Ноғай Ордасына қараған иеліктердің үлкендігі және ондағы адам санының көптігі Едігеге Жошы ұрпақтарынан тараған ақсүйектердің арасындағы дәрежесінің жоғары тұруын қамтамасыз етіп қана қоймай, мемлекеттегі маңғыттардың ру басшыларын төре ақсүйектерінің қатарларына қосуға мәжбүр етті. Мұның негізгі белгілерінің бірі Едіге әйелдікке Тоқтамыстың қызын алса, (одан Нұр ад-Дин туады) (Кадыр Али-бек, 1854: 158), өзі де кейіннен қызын «осы туыстық арқылы жағымсыз өсектерді азайту үшін» болашақ хан Темір Құтлықтың баласына береді (Тизенгаузен, 194: 99). Едігенің ресми лауазымы құжаттарда түрліше айтылады: әмір, бек, түмен басы. Дегенмен оның атағы беклербек болатын (бек, би, ұлық бек, ұлы би). Оны 1391 жылы таққа отырған Темір-Құтлұқ береді (Кадыр Али-бек, 1854: 159). Сондай-ақ, Әмір Темір Тоқтамысты жеңген соң «сұлтан атағын Темір-Құтлұқ, ал әмір атағын Едіге алды», – деп Натанзи жазады (Тизенгаузен, 194: 98). Беклербек лауазымы Едігеде Темір-Құтлұқ мұрагерлері кезінде де сақталған. Темір-Құтлұқтың ұлы Шадыбек хан (1400-1407 жыл) кезінде ол амир ал-умара (беклербектің арабша баламасы) атағын алады. Деректерге назар аударсақ, мемлекетте Жошының ұрпағына жатпаса да Едігенің билігі шексіз болғандығы жөнінде мәліметтер береді. Мәселен, ол Жошы ұлысында «дербес билік етті және басқарды», «Дешті, Сарай және Қырым елінің нағыз билеушісі», «Дешті Қыпшақ пен өзбек елінің әміршісі», «бодандардың ісі Едігенің жарлығына сәйкес жүрді. Ол өз қалауы бойынша Жошының ұрпақтарына хандық құруды берді немесе оны тартып алды және оған ешкім қарсы келе алмады, ол көрсеткен шеңберден шыға алмады», «княздардың бірі Едіге патшалыққа тағайындады және алып тастады», «Едіге князь барлық орда княздарынан үлкен болды, өйткені барлық патшалықты жалғыз ұстады және өз қалауы бойынша патшаны тағайындады» деп атап көрсетіледі (Трепалов, 2002: 79).

Кейбір орта ғасырлық жылнамашылар Едіге беклербекті толыққанды патша ретінде қабылдаған. Нақты айтатын болсақ, Едігенің беделі мен күші оның беклербектігі уақытында жоғары дәрежеге жеткені соншалық, ол ордалық көшпелі ақсүйектердің патшасы деп санала бастады. Тіпті ол өзіне бағынышты ұлыстарда ғана емес көрші жатқан христиандық билеушілерді тең дәрежеде көрмеді. Мысалы, XV ғасырдың басында Едіге I Василийге «жақсы көретінін... оны өзінің ұлы санайтыны» жөнінде хат жазса (Татищев, 1965: 211-212). 1399 жылы Ворскдегі шайқас кезіндегі келіссөзде литвалық Витовтке де беклербек осындай қатынас ұстанып, Литва билеушісіне өзін Едігенің ұлымын деп тануды және жыл сайын алым төлеуді бұйырады. 1405 жылы Темір өлген соң 1406 жылдың басында Едіге Хорезмды басып алады (Ахмедов, 1965: 114). Мәсек әмір қашып кетеді, ал Едіге Хорезм билеушісі етіп алтынордалық әмір Өңкені тағайындайды, Болат хан кезінде (1408/09-1410 жылдары) Өңкені Қалжан алмастырады. Ал 1410/11 жылдары мұнда Едігенің кішкентай ұлы Мұбарак шах билік құрады. 1408/09 жылы Шахрух Халил сұлтанды жеңіп, өз билігін Мауреннахрға жүргізе бастайды. Осы жеңіске байланысты олар алдымен Самарқанда, содан кейін Гератта жасаған үлкен салтанатқа Хорезмнен Едіге өз атынан және Болат хан атынан жіберген елшілер де қатысқан (Ахмедов, 1965: 115). Елшілерді Шахрух үлкен сый-құрметпен қарсы алғаны туралы Абд ар-Раззақ жазады, олармен бірге Хорезмге және Дешті Қыпшаққа Шахрухтың Хасан әмір бастаған елшілері де жіберіледі. Бұл өзара тартыспен шалдыққан елін әлі де болса қалпына келтіре алмаған Шахрухтың Хорезмнен айрылғанына көндіккенін дәлелдейді. 1410/11 жылы Бадгисте тұрған Шахрухқа ертеректе Хасан әмірдің соңынан өзбектерге, Едіге әмірге жіберілген Абакан келеді. Ол Шахрухқа Едігенің хаты мен сыйлықтарын табыстайды. Епті саясаткер және әккі Едіге өз хатында Шахрухтың билігін мойындауға әзір екендігін айтып, оны өзінің билеушісі деп атаған (Греков, 1950: 397).

Бұл түсінікті де. Болат хан қайтыс болған соң (1410/11 жылдың ортасы) Алтын Орда тағына Темір хан отырғаны белгілі. Сол кезде Едіге мен Темірдің арасында күрес жүрген болатын. Бұл жөнінде Муин ад-Дин Натанзи былай деп жазады: «Идику (Едіге) де хан тағына Темір сұлтанды қажет болған соң отырғызды, өйткені оның Темірдің әкесімен келісімі болатын... Содан соң Идику оған қызын берді, туыскандыққа байланысты арандатушылардың әңгімесі тоқтайтын болды. Осылайша біршама уақыт жалғасып, Темір сұлтан адамдарға ұнай бастады, олар Идикуды құрту үшін оның жанына жиналды. Олардың арасында қастық пайда болды және олар бір-бірімен бір-екі рет шайқасты да... Идику өз мемлекетімен қоштасып, Хорезмге қашты» (Тизенгаузен, 194: 238-239). Осылайша жеңіс жаңа ханға тиді, оны әмірлер қолдаған соң Едіге Хорезмге кетіп, сол жерде қоршауда алты ай отырады. Абд ар-Раззақ Самарқандидің жазуы бойынша, Едіге Хорезмге 1411/12 жылдың басында қашқан (Греков, 1950: 401). Бұл кезде Алтын Ордада кезекті мемлекеттік төңкеріс

орын алды. Темір ханды Тоқтамыстың баласы Жалал ад-Дин сұлтан хан тағынан тайдырады, ал ол Едіге секілді Хорезм жаққа қарай қашады. Бірақ, Хорезмге жетпей жолда Жалал ад-Дин мен оның күйеу баласы Қазанның бұйрығымен нөкерлері Жанқожа өлтіреді. Осыдан соң Қазан Жалал ад-Диннің тапсырмасы бойынша Едігемен келіссөз жүргізеді. Едіге олардың қойған барлық талаптарына келісіп, Жалал ад-Диннің сарайына өзінің бір ұлын аманат ретінде жібереді. Едігемен бейбіт келісім жасаған Қазан Дешті Қыпшаққа қарай бағыт алады (Греков, 1950: 401). Бірақ көп ұзамай Жалал ад-Дин Едігімен жасаған бейбіт келісімнен бас тартып, оған қарсы Құджолай бастаған жасақты жібереді. Ол өз әскерімен Хорезмнен қайтып келе жатқан Қазанды кездестіріп, оған Үргенішті күш біріктіріп алуға үгіттегенімен, Қазан бұған келіспейді. Нәтижесінде Құджолай жалғыз өзі соғысуға мәжбүр болады. Алайда өз күшінің аз болғанына қарамастан Едіге Үргеніштен шығып, Құджолайдың жасаған тас-талқан жеңіп, оның мыңдаған әскерін тұтқынға алады (Греков, 1950: 402). Абд ар-Раззақ айтқандай, тұтқындарды шылбырмен байлап, Үргеніш тұрғындарының арасында бөліп тастайды және қалалықтарға оларды бағуды және күзетуді бұйырады. Осылардың барлығы ауыр алымдар мен үздіксіз соғыстан шаршаған Хорезм халқының шыдамын тауыспай қоймады, олар көп ұзамай Едіге мен оның ұлына қарсы бас көтереді. Бірақ Мұбарак шах бұл көтерілісті сол кезде-ақ басып тастайды. Дегенмен Едіге Хорезмде тұрып және шығыс аумақтарда біршама уақыт қаңғыған соң ол 1419 жылы Сарайшық маңында Тоқтамыс ханның ұлы Қадырбердінің шабуылына ұшырап, қаза табады. Бірақ оның еткен күші XV-XVI ғасырлардағы ноғай хандықтарындағы маңғыттардың ерекше мәртебесінің қалыптасуында шешуші роль атқарды.

Беклербек лауазымын алған Едіге Алтын Орданың барлық мемлекеттік істерімен айналысты. Ал Маңғыт Ордасын ол өзінің ұлдарына сеніп тапсырса керек, олардың ішіндегі оның жақын серіктесі ретінде дереккөздерде Нұр ад-Диннің аты аталады. «Едіге» дастанының кей нұсқаларында, Нұр ад-Диннің әкесі өлген соң Орданы басқарғаны туралы айтылады (Ананьев, 1900: 16). Алайда Қадырали бектің айтуы бойынша, Нұр ад-Дин әкесінің тірі кезінде іш ауруынан қайтыс болған делінеді (Усманов, 1972: 83). Ал дастанда ол кезекті жорықтан қайтып келгенде ескі жаралары ашылып, көп қан жоғалтуынан қаза тапқан (Семенов, 1895: 454). Оның жатқан орны «Теректің солтүстік және орта жандері арасындағы кеңістік» көрсетіліп, денесі Еділ жағасына жерленген. Бұл жерде биік жота үйілген және ол жер қазірдің өзінде «Нурадин моласы» деп аталады». Едіге қайтыс болған соң оның ұлдары маңғыттардың Жошы ұлысындағы ықпалын сақтап қалып, Алтын Орданың орнына келген хандықтарында беклербек лауазымын толығымен иеленді. Олардың мұндай табысқа жетуінің басты себебі – Едіге бидің атқарып кеткен істері еді. Алайда Едігеден кейінгі маңғыт мырзаларының басқа ұлыстардың арасындағы беделі талассыз болғаны соншалықты, бұл жерде мәселе тек Едігенің саяси мұрасымен шектелмеді. Яғни, Дешті Қыпшақты мекендеген жүздеген тайпалар арасынан тек маңғыттар ғана әскери және саяси жағынан артықшылықтарға жете алған. Енді олардың осы мәртебелік ерекшеліктеріне тоқталсақ. Маңғыттар Алтын Орда тағына баратын жолда, сол кездегі Шыңғыс ханға ең жақын болып табылатын беклербек Әли бастаған қоңыраттарды ығыстырып шығарғаны мәлім. Кезінде қоңыраттардың сарайда басымдығын естіген Ибн Арабшах шатасып Едігені солардың қатарына жатқызған (Шихаб ад-Дин, 1887: 54). Дегенмен екі тайпа да Жошы мемлекетінің тарихында бір-бірімен тығыз байланысты болған. А. Вамбери маңғыттар туралы былай деп жазды: «Қоңыраттармен қатар олар да атақты ру және барлық түркі тайпаларының арасында жаужүрек болды, сондықтан Шейбан Мұхаммед хан өзі билік кезінде олардың бір бөлігін жалақы беріп жанында ұстады» (Вамбери, 1873: 116).

Маңғыттар мен қоңыраттардың өзіндік серіктестіктері қарақалпақ фольклорында көрініс тапты. Атақты жыршы Бердах «Шежіре» шығармасында мынадай аңызды келтіреді. Қарақалпақтар Ордасы өзара тартыстардан ыдырап кетті. Оның құтқару үшін олар Шыңғыс ханды шақыруға шешім қабылдайды. Қырық тайпа-қоғамның өкілдері оны іздеп тауып, Қарақалпақ ордасына арбамен әкелмекші болады. Арбаны жасау кезінде «Қоңырат бір жетекті, Маңғыт бір жетекті табады. Қалған барлық ағаш бөліктерді табу басқа елге жүктеледі» (Жданко, 1950: 80). Бұл аңыз қарақалпақ халқының екі бірлестікке — арысқа бөлінетіндігін көрсетеді. Жетек бейнесі мемлекет-ұлыстың құрылысын бекітуші ретінде еуразиялық көшпелілерге бұрыннан таныс. Шыңғысханның өзінің бітіспес жауы, шайқаста тас-талқан жеңілген Жамұханы ханның алдына әкелгендегі әңгімесі белгілі. Шыңғыс оған мынадай ұсыныс жасайды: «Бір бірімізге көмектесейік. Сені екінші жетек жасағым келеді...» (Сокровенное, 1990: 169). Қарақалпақтардың пікірінше, ертеректе Дешті Қыпшақтың маңғыттар мен қоңыраттары осындай «жетек» болып табылатын. Осы себептен де қоңыраттардың Хиуа әулетінің хронисі Мунис қоңыраттарға кейбір маңғыт билеушілерін жатқызған, ол өз билеушілерінің шежіресін тарихи маңыздылығын көрсеткісі келген. Едігенің қарындасы сол қанаттың ханы Темір-Мәлікке күйеуге шыққан, ал оның ұлы Темір-Құтлұқ хан беклербектің жиені

болған. Осы туысқандық қатынас ноғайлардың арасында XVI ғасырдың ортасына дейін сақталып қалған. Оны Мұсаның ұлдары Жүніс пен Әлидің Мәскеудің патшасына жазған хатынан көруге болады: «Алғашында өзіміздің патшалар Темір Кулуев патшаның балаларымен туысқан болған» (Трепалов, 2002: 88).

Едіге өлгеннен кейін Ноғай Ордасындағы билікті Астрахань хандығындағы Темір-Құтлұқтың ұрпақтарына берілгендігі бұрынғы Темір-Құтлұқ пен Едігенің бірлескен билігінен туындайды. Бірақ маңғыт ақсүйектері мұндай қатынасты тек «Темір-Құтлұқ ханның балаларына» ғана жасап қойған жоқ. 1490 жылы қуыршақ хан Шибанид Аминек III Иванға былай деп жазған: «Ұлы княздың балалары Апас князь, Мұса, Жаңбыршы мырза мен олардың балалары және бауырлары мені патша деп санайды. Ертедегі маңғыттардан бауыр мен жолдастар бар. Жаңбыршының балалары – менің балаларым» (Посольская, 1984: 33). Осылайша хандардың әулетімен тығыз және тұрақты байланыс орнатуы маңғыт мырзаларына хандыққа үміткерлерді сайлау құқығын тартып алуға мүмкіндік берді. Орыс және шығыс деректерінде Едіге ұлдарының көп болғанын жазады. Мәселен, «Қазан жылнамасының» Соловец тізімі «отыз әйелден жетпіс ұлы бар екенін» жазса, сол шығармадағы Румянцев мұражайының тізімі – «тоғыз әйелден отыз ұлды», – көрсетеді (История, 1903: 213). Ибн Арабшах болса өз еңбегінде атақты беклербектің «жиырма шақты ұлы болғанын және олардың барлығы да мықты билеуші болғанын» жазып кетеді (Шихаб, 1887: 63). Едігенің өзі де ноғай дастанында он сегіз «менің мырза- ұлдарым» болғаны жөнінде айтады. XVII ғасырдағы ресми Мәскеу шежірешілері осы аталған ұлдардың ішінен тек «Нурадин мырза мен Мансур князды», яғни Нұр ад-Дин мен Мансұрды ғана көрсетеді (Трепалов, 2002: 90).

Қадырғали бектің шығармасында осы екеуінен басқа Қасым мырзаны, Саид Али мырзаны, Кейкуат, Ғази мен Наурызды атайды. Абд ар-Раззақ Самарқанди болса Едігенің 1411 жылы Темірмен ұрыстан кейін Хорезмге кетіп қалуын егжей-тегжейлі жазғанда, әкесінің қасында болған Сұлтан Махмұд және Хорезм әмірі Мұбарак Шахты еске алады (Трепалов, 2002: 90). Жалпы алғанда Едіге ұлдары мен одан тараған ұрпақтардың көп болуы олардың маңғыт елінде өз алдына бөлінуге алғышарт жасай бастады. Мұның алғашқы белгілері Едігенің туған балаларының кезінде-ақ пайда бола бастады. Мұхаммед Шайбанидың 1503 жылы моғолдармен шайқасын суреттеген кезде Мұхаммед Салих елдер мен қолбасшылар қатарында «Әд(и)гу уругу маңғыт», яғни, Қажы-Ғази бастаған Едіге руының маңғыттарын атайды. Осы тектес ұғым Исмаил мырзаның баласы Ханбай мырзаның IV Иванға (1579 жыл) жазған грамотасында: «Едіге руының балалары не істеу керектігін үйретпекші», – деп шағымданады (Трепалов, 2002: 91). Бұл кезде Маңғыт Ордасында билік басына Нұр ад-Дин ұрпақтары отырды, Үлкен Орда мен Қырымда Мансұр ұрпақтары бекіді. Басқа ұлдарының немере-шөберелері Едіге руының осы екі тармағына жақындасуға ұмтылды және өз кезегінде олардың «Едіге маңғыт руына» қатыстылығы ешқашанда ұмытылмады. 1578 жылы Ноғай Ордасының биі Орыс Иван патшаға мынадай өтініш айтады «Едіге руына кіретін Наурыз мырзаның ұлы Арслан мырзаны қызметке алсаңыз» (Трепалов, 2002: 91). Орта ғасырлық қыпшақтарда туысқандық пен үлкендік туралы ұғым қасиетті болғандай ноғайлар үшін де көшпелі әлемнің осы дәстүрі де қымбат еді. Яғни ноғайларда лауазым (бек, би) қызметін ұстаушысы қайтыс болғанда ол оның келесі інісіне берілетін. Үшінші және одан кейінгі бауырлары алғашқы екеуінің жағдайы мен құқығын ала алмайтын. Жалпытүріктік ұғым бойынша ноғайларда кішісі үлкенін аға, ағашым, ал үлкені кішісін іні деп аталып, әкесінің бауырлары да аға делінетін. Бауырлардың балалары бір-біріне аға-іні болды. Үш атаға дейінгі, ал кейде одан да әрі туысқандар жақын – «бір қазанды бөліскен бауырлар» болып есептелді. Міне сондықтан, ноғай мырзаларының басым көпшілігі ұзақ уақыт бойы, XVI ғасырдың аяғына дейін бауырлар, жиендер мен ағалар болып, жақын туысқандық жеті атаға дейін таралды, ал алыс туысқандар арасындағы некеге тек жеті атадан кейін ғана рұқсат етілді. Туысқандықтың осындай жүйесінде Едігенің балалары мен немерелері оларды Алтын Орданың ыдырау дәуірінде тағдыр қайда айдаса да, жекелеген жек көрушіліктеріне қарамастан, өздерін біртұтас отбасы деп есептеді. Түрлі хандықтарда маңғыт ақсүйектерінің топтары қалыптасты, олар күшті және ықпалды болып, өз бабаларының үлгісімен Жошы ұрпақтарының тақтарын қоршап алатын. «Туған ұя», олардың барлығы үшін отан – Маңғыт Ордасы болып қалды. Бірақ бұлардың әрқайсысы хандықтардың бірінде болатын бірнеше «билеуші тайпадан» тұрды деп санауға негіз бермейді. Қанша дегенмен де, тайпа (ел) бөлек, ал ру бөлек болды. Міне, осылайша Едіге қаза тапқаннан кейін оның 1419 жылы жетім қалған мүшелері Орданың қамын ойлап, Жошы сұлтандары мен оғландары арасында амалдап өмір сүрді. Едіге қайтыс болғаннан кейінгі оқиғалар туралы мәлім нәрсе көп емес. Оның ұлдары Ғази, Наурыз, Мансұр – Русьтан, Нұр-ад-Дин мен Кейкуат Түркістаннан пана тапты деген шындыққа онша жақын келмейтін мәліметтер сақталған. Ахсикенти Кейкуаттың Темір-Мәлік ханның ұлы Болат және Жаңбыршымен бірге Тоқтамыш пен Манасқа қарсы

соғысқа қатысқаны туралы айтады; ал Болатты маңғыт мырзалары Кейқуат пен Жаңбыршы таққа отырғызды деген. Шындығында Болат Темір-Мелик ұлы болған емес және оның шежіресі мынадай: Жошыдан Шибан, одан Баһадүр, одан Жошы-бұға, одан Ботақұл, одан Мыңтемір, одан Болат тараған. Ал Маңғыт мырзасы Уаққастың ұлы Жаңбыршы мырза Тоқтамыш ханнан жүз жыл кейін XV ғасырдың екінші жартысы мен XVI ғасырдың басында белсенді қызмет атқарған. Манас – тарихи тұлға емес, тек дастандық кейіпкер. Кейқуат туралы Едіге ұрпақтарын түгендеу кезінде Қадырали бек те еске түсіреді (Усманов, 1972: 83). «Кейқуат» атты қазақ дастанында ол өскесін Нұр ад-Динді өлтіреді, осы үшін оның өзін Едіге өлтіреді. Бұдан басқа осы мырзаның XV ғасырдағы саяси оқиғаларға қатысуы жөнінде ешқандай мәлімет берілмейді. Шынында да, ол қандай да бір дала жорығында артында із қалмай қаза тапса керек. Едіге ықпалының күшті болғаны соншалық, ол қайтыс болғаннан соң беклербек лауазымы оның отбасында қалады. Қадырали бек лауазымның берілу жағдайларын былайша көрсетеді. Қадырбердімен шайқас алдында Едіге Жайықтың сағасы Електе Қажы Мұхаммед оғланмен келісім жасайды: «Егер Құдай менің ісімді жүзеге асыруға көмектесе, онда мен сені хан етемін». Жайықта маңғыт әскері талқандалып, оның басшысы қаза тапқан соң, Едігенің ұлы Мансұр әкесінің уәдесін орындап, Қажы Мұхаммедтің хан болуына ықпал жасайды, ал ол Мансұрды беклербек лауазымына көтереді. «Едіге би өлді. Одан кейін оның баласы Мансұр би болды. Қажы Мұхаммед оғланды Мансұр би хан етті. Біреуі хан, біреуі би болды. Едіге орнын Мансұр иеленді» (Трепалов, 2002: 155-156).

Бұл оқиға 1421 жылдар шамасында орын алған еді. Осылайша шығыс Дешті Қыпшақта билік қайтадан Едігенің кезінде қалыптасқан сызба бойынша құрылды: тәуелді Жошы ұрпағының ханы жанында маңғыт биі орналасты. Алайда бұл оқиғаларға сену өте қиын, өйткені олар біріншіден, кеш жазылған, екіншіден оқиғаны баяндауда аңыздарды жиі-жиі пайдаланған. Мысалы, Ш.Ш. Уәлиханов жазып алған қазақша «Едіге» жырында, Қадырберді ханның кеңесшісі Кенжанбай өз билеушісімен Мансұр мырзаның арасында келіссөз ұйымдастырып, келісім жасатады. Келіссөздің шарты бойынша Мансұр Қадырбердінің жанында беклербек болған. Ал осы дастанның ноғайша нұсқасында, бұл хан осындай шартты Едігенің басқа ұлы – Нұр ад-Динмен жасайды. Абд ал-Гаффар Қырым бойынша, Мансұрдың жанындағылардың қатарында Кенжанбаймен салыстыратын ақылды қария-кеңесші Жантемір болған (Трепалов, 2002: 93). Бірақ, Мансұр би болған кезде Қадырберді тірі болмаған. Қырым әкесі қайтыс болған соң, Мансұр «Орыс Ордасында» жасырынды дегенді айтады. Осыдан соң Еділге қайта оралып, Гияс ад-Дин ханның тұсында би атанады. Екі жылдан кейін хан қайтыс болғанда, Мансұр таққа Күшік Мұхаммедты отырғызады. Көп ұзамай жасы кішкентай ханнан суынып, Жантемірдің қарсы үгітіне қарамастан, шығыс ханы Орыс ханның ұрпағы Барақты қолдауға шешім қабылдайды. Бұл одақ кейіннен башқұрт аңызына негіз болып, онда басты кейіпкер «Барақ сұлтан мен Мансұр» маңғыттардың астанасы Сарайшықта тұрады. Мансұр Барақ кезінде беклербек болса керек, өйткені олар оң қанат тағынан үміткер – Ұлық Мұхаммедпен шайқасқа бірге қатысқан. Ұлық Мұхаммедтің түрік сұлтанына 1428 жылы 14 наурызда жазған хатынан 1426 жылы сол қанат әскерінің жеңілгені «және біз Барақ пен Мансұрды қашуға мәжбүрледік» деген анықтамасы белгілі. Осы жеңілістен соң одақтастардың арасына жік түседі. Қадырали бек Мансұрды Барақтың өлтіргені туралы жазады (94, с. 56). Ноғайдан шыққан астрахандық татарлардың аңызында бұл қақтығыс былайша өрбіген: «Хорезмде Барақ хан билік еткен кезде Мансұр мырза Хиуаға шапқыншылық жасайды және сол жерде Барақтың жарлығымен көзі ойылып, зорлықпен өлтіріледі» (Небольсин, 1852: 54). Мүмкін бұл жерде жеңілген хан мен беклербек арасындағы қандай да бір қақтығыс көрсетілсе керек. Осыдан кейін Барақтың жанында болған Едігенің ұлдары Ғази мен Наурыз бірден батысқа, Күшік Мұхаммедке қашады. Көп ұзамай (1428 жыл шамасында) олар ірі әскери күшпен келіп, Барақты талқандап, өзін өлтіреді. Оларға Мансұрдың бұрынғы бодандары көмек көрсетеді. Барақтың «Қазы-Наурызбен» соғыста қаза тапқаны туралы Қадырали бек те еске алады (Усманов, 1972: 75). Оның қайтыс болған уақыты белгісіз. Тек болжам жасау үшін мынадай мәліметтерге назар аударуға болады. Орыс жылнамасы 1440 жылы күзде «Үлкен Орда ханы Махмет өзінің үлкен князы Мансупты өлтірді және сол кезде Ордада көп татар өлді» деп көрсетеді. Мансуп деп отырғанымыз – бұл Мансұр. Бірақ, оны бұдан 13-14 жыл бұрын Барақ өлтіргендіктен, жылнамашыға Мансұрдың ағасының Кіші Мұхаммедпен қақтығысқа түскен «үлкен князь» Наурыздың өлгені туралы хабар жеткен болу керек деген болжам жасауға болады. Енді Еділ мен Ембі арасындағы Маңғыт Ордасының тікелей аумағына тоқталайық. «Барақ қайтыс болған соң Едіге ұрпақтары Алтын Орданың шығыс бөлігін толықтай өздеріне қаратып алды» деген М.Г. Сафарғалиевтің пікірімен келісу қиын (Трепалов, 2002: 95).

XV ғасырдың бірінші ширегінің аяғына дейін Маңғыт Ордасының халқы хандар арасында болып жатқан бүлік пен қақтығыстардан еш зардап шекпеді. Деректерде берілген жалғыз ғана ірі

сілкініс - Барақ ханның өзінің одақтасы, кейіннен қарсыласына айналған Мансұрды аумақтың ең түкпіріне қоныс аударуға мәжбүрлеуі болды. Барақты құлатуға қатысушылардың бірі Едігенің баласы Ғази болғаны белгілі. Қадырали бек ол жөнінде Едіге мен Мансұрдан кейін маңғыттардың басшысы ретінде естіген (Усманов, 1972: 83). Сол уақытта, яғни өмірінің соңғы жылдары Ғази Жұмадық ханда беклербек болса керек, өйткені оның ұлысы Маңғыт Ордасына жақын орналасты. Ұзақ уақыт бойы мырза өзінің ағасы Наурыздан айрылмаған, көптеген деректерде олардың аттары да бірге «Ғази-Наурыз» деп жазылған, яғни кейінгі авторлар оларды бір адам деп қабылдаған. Наурыз Кіші Мұхаммедтің сарайында қызмет істеген, алғашында Ғази да онымен тығыз байланыс орнатқан. Сондықтан 1428 жылы Ғазиға басқа сүйеуініш жасайтын адамды іздеу керек болған. Қалай болғанда да, Ғазидың өзім білемдігіне наразы топтар Жұмадыққа шағым айтқан. Нәтижесінде би бүлікшілер қолынан қаза табады. Кухистанидың нұсқасы бойынша, кісі өлтірушілер хан ордасында «жоғары мәртебелі ханның ұлы әмірлері мен қызметшілері қатарында» тұрған. Сонымен қатар, Жұмадық олардан қорыққан, сол себепті оларға назар аудармайды. Бұған ренжіген бектер болса оны тастап, ханзада-оғлан Әбілхайырға қосылады (Материалы, 1969: 141).

Осылайша 1420-жылдардың екінші жартысында Маңғыт Ордасы әлі дербес болмаса да, маңызды күшке айнала бастады. Батыс ұлыстарындағы секілді, Еділ бойындағы маңғыт билері де беклербек лауазымын сақтап қалды. Едіге қайтыс болған соң оның біз білетін ұлдарының барлығы түрлі хандардың қасында осы лауазымды иеленді: Мансұр – Қажы Мұхаммед немесе Гияс ад-Дин, Кіші Мұхаммед пен Барақ, Наурыз – Ұлық Мұхаммед пен Кіші Мұхаммед. Кейкуат – Болат, Ғази – Кіші Мұхаммед пен Жұмадық жанында. Келтірілген билеушілердің көпшілігін билік басына Едігенің ұрпақтары қойып немесе ауыстырып отырды. Дегенмен осы хандардың ішінде Әбілхайыр маңғыттармен тіл табыса білді, өйткені, олардың соңында Орданың көп адамы мен көп тайпалық халық тұрды. Оның хандық құруы кезінде (1428-1468 жыл) олар алдымен жоғары билік иесіне сенімді сақтады. Әсіресе, Әбілхайыр мемлекетінде – Едіге ұрпақтарынан ең алдымен Нұр ад-Диннің ұлы Уаққас би ерекшеленеді. Оның аты алғаш рет 1428 жылы Чинги-Тур қаласында Әбілхайырды таққа отырғызуға қатысушылар құрамында айтылады (Материалы, 1969: 143). Шайбанид тарихшылары Уаққасты Әбілхайырдың «қазақшылық» кезінен келе жатқан серіктерінің қатарына қоспай, «оның мықтылығы бекіген кезде» ханның қасына келгендер, Әбілхайыр «елді жаулап алғаннан кейін» «жан-жақтан келгендер» қатарына жатқызылады (Материалы, 1969: 96-97). Уаққастың жаңа билеушіге қосылуын Маңғыт Ордасының бұрынғы басшысы Ғазидың кебін киюден және көрші Мұстафа ханнан қорыққандығымен түсіндіруге болады (96, с. 46). Бірақ, оның ең басты себебі, біріншіден, Орданың бүлік пен індеттерден әлсіреуі; екіншіден, Нұр-ад-Дин бекзадасының Әбілхайыр сарайында Едіге отбасы үшін дәстүрлі болған беклербек лауазымын иеленуге ұмтылуынан туындады. Нәтижесінде осы дәрежені Уаққас иемденген. Онымен хан арасында кем дегенде жиырма жыл бойы тығыз қарым-қатынас пен одақтастық орнайды. Қадырали бек олардың достығы жөнінде былай деп жазады: «Олар бір ыдыстан тамақ ішкен, біреуі бір шетінен, екіншісі басқа шетінен, бір уақытта біреуі хан, екіншісі бек болды» (Трепалов, 2002: 157). Еуропаға дейін маңғыт биі жөнінде «ұлы ханның көрнекті қызметшісі мен әскері» деген хабарлар жеткен. Мұсылман хронистері Уаққастың ең басты жетістігінің бірі өз ханы үшін «екі рет Саин хан бағын жаулап алуы» болды. Осыдан кейін Әбілхайырдың атымен құтба оқылып, монета соғылды және оның атымен «Саин хан тағы безендірілді» (Материалы, 1969: 67).

Бұл жерде Уаққастың Батыйдың бұрынғы көшпелі Ордасы Орда базарға жасалған шабуылға және Әбілхайырдың қарсыластары Ахмед пен Махмұд хандарды талқандауға қатысуы айтылады. Лауазымына сәйкес беклербек хандықтың әскери күштерін басқарып, 1430-1440 жылдардың басындағы барлық ірі шайқастарға қатысқан. Шын берілгендігі үшін Уаққасқа Сырдарияның сол жағалауындағы Өзгент қаласы сыйға тартылған. Бұл одаққа Уаққастың Әбілхайырға тәуелсіз Шығыс Дешт Қыпшақтағы соңғы хан – Мұстафаның жағына өтуі де ешбір көлеңке түсіре алмады. Әбілхайыр хан әскері Мұстафаны тас-талқан етіп жеңеді және оның Сырдарияға жасаған келесі жорығында Уаққас қайтадан оның үзеңгілес серіктестерінің қатарында қосылады (Материалы, 1969: 156-159). Бұл оқиғалар 1440 жылдардың орта тұсында болуы мүмкін, өйткені 1440 жылдың соңымен 1450 жылдың басында Әбілхайырдың Тимуридтермен болған жаңа қақтығысында Уаққас қатыспаған. Б.А. Ахмедов Мұстафаның талқандалуы мен Сырдария қалаларына жорықтарды 1446 жылдары орын алған деп көрсетеді. Маңғыттар наймандар, ұйғырлар және тағы басқаларымен бірге Әбілхайыр мемлекетінің оң қанатын құрады. Маңғыттардың хандықтағы жоғары дәрежесі мен оған билеушінің жақсы көзқарасына неке байланысы да ықпал жасаған. Әбілхайырдың екі ұлының шешесі осы тайпадан шыққан. Маңғыт Ордасы Әбілхайырға бағынышты ұлыстардың ішінде жоғалып кетпеді. Оның билеушілерін туралы жаза отырып Қадырали бек былай деп көрсетеді, «Ғазидан кейін

Нұрадиннің ұлдары Афас пен Уаққас билеуші болған», яғни Уаққас пен оның мұрагері Аббастың кезектері – хроникада теріс берілген (Усманов, 1972: 83). Уаққас билігі кезінде маңғыт иеліктерінің саяси дербестігі Үлкен Ордамен қақтығыстан көрінеді, оған Әбілхайыр оның болашақ ханы Ахмедті жеңген соң айтарлықтай қатыспаған. 1560 жылдардың ортасындағы «Қазан жылнамасы» Мәскеуде II Василий билеуші болған кездегі (1425-1462 жыл) Жошы ұрпақтары жеріндегі жағдайды былайша суреттейді: үлкен ордалық хандарға батыстан қырымдықтар, солтүстіктен – мәскеуліктер, «ал арт жағынан маңғыттар қатты қыспаққа алды. Маңғыттар Жайық өзенінің бойында тұрады» (История, 1903: 14). Маңғыт Ордасы мен Ордалықтар арасындағы жауласу Шалкиіз Тіленші ұлы жыраудың шығармасында да көрініс тапқан: «Өзімнің он ұлыстық ноғай ордасына қарасам, жексұрын Оқас мырзаны көрем, жексұрын-қаскүнемдер жиналып бірнәрсе ойластыруда. Мына бақытсыз әлемнің, тұңғыыққа батқанын көрем» (Сикалиев, 1994: 51).

Яғни, Уаққас сарай хандары үшін айтарлықтай қауіп төндірген және ол Қырыммен байланысқа жасауға тырысқан. Уаққас кісі қолынан қаза тапқан. Матвей Меховский «Уаққас, көрнекті жауынгер және ұлы ханның қызметшісі өлтірілді» деп жазып алған (Меховский, 1936: 92-93). Уаққас саяси бағытта Әбілхайырмен салыстырғанда әлсіздеу Жошы ұрпағына алмастыру пиғылы оның мұрагерлеріне де беріліп, олар оны іске асырса керек. XV ғасырдың екінші жартысындағы оқиғаларды сипаттаған деректер, бір уақытта қызмет атқарған бірнеше маңғыт билерінің есімдерін атайды: 1) Уаққастың інісі Аббас. Ол 1470 жылдары белсенді болады, содан кейін тарих сахнасынан жоғалып кетіп, 1490 жылдары қайта пайда болады; 2) Хорезми, ол туралы тек Қадырғали бек қазақтармен болған соғысқа байланысты ғана айтады 3) Мұса, тәуелсіз Маңғыт Ордасының, яғни Ноғай Ордасының негізін қалаған. Дешті Қыпшақ халқының фольклорында Мұсаның бейнесі оның әкесінің інісі Аббас пен өз ағасы Хорезмидің бейнелерін толықтай алмастырады. Башқұрт аңызы «Мұрадымның» (Нұр ад-Дин) мұрагері ретінде «Мұса ханды» көрсетсе, Астрахань татарлары «Ноғайларға қатысты билікте Оқастың мұрагері ұлы Мұса би болғанын» айтады (Небольсин, 1852: 54). Дешті Қыпшақта маңғыттардың саясатын осы Мұса жүзеге асыра бастады. Оның өжет мінезі мен саяси белсенділігіне арқасында маңғыттар Әбілхайырдан бөлініп шығып, Сарайшықтың аумағында түпкілікті қоныстанады. 1455 жылғы оқиғаларды суреттеген Әбілғазы әкесінің өлімі үшін кек алған Мұсаның Құлжаспен арадағы қақтығыстарды баяндайды. Алайда Мұса бұл шайқаста толық жеңіліске ұшырап, Жәдігердің ұлы шайбанид Берекеден өзіне көмек пен қолдау сұрайды. Берекеде Мұсаның келуін қуанышпен қабылдайды. Өйткені, жоғары дәрежелі маңғыт ақсүйегінің келуі оған хан тағын иемденуде мүмкіндіктер туғызды. Ол уақытта ханның жанында міндетті түрде маңғыттардан шыққан беклербек болуы тиіс деген қалыптасқан дәстүрге сәйкес маңғыт көшбасшысы Жошы ұрпақтарының қайсысының жанында беклербек болатынын шешсе, сол маңғыттар қолдауымен хан болып сайланатын. «Сенің келгеніңе өте қуаныштымын, – деді Береке, – Менің әкем хан болсын, ал сен оның сарайында ұлы бек боласың». Оның көп адамдық ұлысының қолдауына мүдделі Мұса келісім береді. Осыдан кейін Дештінің тайпалары Жәдігерді «ақ киізге көтеріп хан сайлайды» (Әбілғазы, 1991: 167). Осылайша күтпеген жерден ешқандай еңбегі сіңбеген ханзада хандық дәрежені алып, Мұсаға беклербек лауазымы сыйға тартылды және ол марқұм Уаққастың сарайдағы жағдайы секілді құқықтарды иемденді. Осыған байланысты Әбілғазы сол кездегі тайпалардың арасында қалған мынадай мәтелді келтіреді: « Әбілхайыр хан Уаққас бимен қалай болса, Жәдігер хан Мұса бимен сондай болды» (Әбілғазы, 1991: 189). Береке мен Мұсаның біріккен шабуылынан Құлжас талқандалып, артынша өлтіріледі, ал оның отбасы мен ұлысы жеңімпаздардың қолына өтеді. Мунис Жәдігердің «Береке сұлтан мен Мұса бидің ықпалымен» хан болуын 1457-58 жылы орын алған деп көрсетіп, Әбілғазы секілді Жәдігердің хан болуы Әбілхайырдың көзі тірісінде жүзеге асырылған деп есептейді. Молла Шади Жәдігерді Әбілхайырдың мұрагері деген, ал басқа деректер бойынша Әбілхайырдан кейін билікке оның ұлы Шейх Хайдар отырғанын көрсетеді. Жәдігер Әбілхайырдан кейін бірден қайтыс болса керек. Қалай болса да, Шейх Хайдардың қарсыластарының қатарында тек Береке ғана көрсетіледі.

Яғни, Шейх Хайдар билігіне бағынғысы келмеген Дешті Қыпшақтың билеушілері Әбілхайырдың әулетін тақтан тайдыру кезінде уақытша болса да өзара бірігеді. Оған: Түмен Ордасынан Ибақ, Әбілхайырдың бұрынғы қарсыласы, Қазақ хандығының негізін қалаушылардың бірі Жәнібек, шайбанид Береке, маңғыт мырзалары Жаңбыршы, Аппаз және Мұса билер кірді (Материалы, 1969: 99). Осыншама күшке жалғыз қалған Шейх Хайдар оларға төтеп бере алмай қаза табады. Шейх Хайдардың қаза табуы Ноғай Ордасының жеке дербес мемлекет ретінде өмір сүруіне жағдай жасап қана қоймай, Дешті Қыпшақта ең басты рөл атқаруына негіз қалайды.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

- Кононов А.Н. Родословная туркмен: Сочинение Абу-л-Гази, хана Хивинского. - М.:Л., 1958. - 288 с.
- Кужелева Л.Н. Ногайцы // Народы Кавказа. Отв. Ред. С.П.Толстов. - М., 1960. - С. 391-402.
- Беляев И.А. Сказание об Едигее и Тохтамыше: Каракалпакская народная поэма // Протоколы заседаний и сообщения членов Закаспийского кружка любителей археологии и истории Востока. - Асхабад, 1917. - С.1-39.
- Шихаб ад-Дин Ахмад ибн Мухаммад ибн Арабшах. Аджаиб ал-макдур фи ахбар Тимур, 1887. - 252 с.
- Трепалов В.В. История Ногайской Орды. - Москва: Восточная литература, 2002. - 752 с.
- Трепалов В.В. Нурадины Ногайской Орды // ИГАРНО, 1993. - С. 49-62.
- Кадыр Али-бек. Сборник летописей. - Казан, - 1854. - Т.2. - Ч.1. - 178 с.
- Тизенгаузен В.Г. Сборник материалов, относящихся к истории Золотой орды. - М-Ленинград: Изд-во Акад. наук СССР, 1941. - Т. 2. - 308 с.
- Татищев В.Н. История Российская. - М.; Л., 1965. - 500 с.
- Ахмедов Б.А. Государство кочевых узбеков. - Москва: Наука, 1965. - 181 с.
- 50 Греков Б.Д., Якубовский А.Ю., Золотая Орда и ее падение. - Москва-Ленинград: АН СССР, 1950. - 500 с
- Ананьев Г. Караногайские исторические предания // Сборник материалов для описания местностей и племен Кавказа. - Тифлис, - 1900. - Вып. 27. - С.1-38.
- Усманов М.А. Татарские исторические источники XVII-XVIII вв. - Казан: Изд-во Казанского государственного университета, 1972. - 223 с.
- Семенов Н. Туземцы Северо-Восточного Кавказа. - СПб., 1895. - 506 с.
- Вамбери Г. История Бохары или Трансоксании с древнейших времен до настоящего. - СПб., 1873. - 228 с.
- Жданко Т.А. Очерки исторической этнографии каракалпakov: Родо-племенная структура и расселение в XIX - начале XX в. - М.:Л., 1950. - 172 с.
- Материалы по истории казахских ханств XV-XVIII вв. - Алматы: Наука, 1969. - 654 с.
- Әбілғазы. Түрік шежіресі. Алматы: Ана тілі, 1991. - 208 б.
- Меховский М. Трактат о двух Сарматиях. - М.:Л., 1936. - 288 с.
- Сикалиев А.И.-М. Ногайский героический эпос. - Черкасск: Казбек, 1994. - 328 с.
- История о Казанском царстве (Казанский летописец). - СПб., 1903. - 460 с.
- Посольская книга по связям России с Ногайской Ордой: 1489-1508 гг. - Москва: АН СССР, 1984. - 87 с.

ТҮРІК ҚАҒАНАТЫНЫҢ ҚҰРЫЛУЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ ТАРИХИ МАҢЫЗЫ

Б.А. Жүрсінбаев¹, А.А. Жанқуразова²

¹тарих ғылымдарының кандидаты, доцент

М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті

*²М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университетінің магистрі
(Тараз қ., Қазақстан)*

Қытай тарихында «он бес тағы тайпаның кезеңі» (305—439 жж.) деп аталатын уақытта Солтүстік Қытайды бағындырған ғұндар мен тобалар бірнеше мемлекеттердің негізін құрайды. Соның ішінде тобалар 386 жылы «Дэй» деген атпен өз әулеттік мемлекетін құрса, 420 жылы тоба тайпалары бәрінен басып озып, бүкіл Солтүстік Қытайды Вэй деп аталатын империяға біріктіреді (История, 2004: 154). Алайда империяда өткен сарай төңкерістері мен түрлі бүліктер тобалардың билігін шайқалтып, ақыры 531 жылы солтүстік-шығыста Гао-Хуань бастаған көтеріліс бұрқ етеді де империяның астанасы Лоян бүлікшілер тарапынан басып алынады. Осы көтерілістің нәтижесінде империя Батыс және Шығыс Вэй болып екіге бөлінеді. Дегенмен бұл үрдіс ұзаққа созылмай Юйвынь Тай бастаған сябилер 557 жылы Вэй-Чжоудің атты әулеттің негізін қаласа, шығыста Гао-Хуаньнің мұрагері Гао-Ян соңғы император мен оның 700 ден аса туыскандарын өлтіріп жаңа әулет Вэй-Циді дүниеге әкеледі. Жаңадан саяси сахнаға шыққан әулеттердің арасында да билік үшін күрес өз жалғасын табады. Оңтүстікте билік құрған Лян әулеті де дағдарысқа ұшырап оның орнына Чэнь әулеті келеді (История Китая, 2014: 156-157). Бұл уақытта түріктер жужандардың билігінде өмір сүреді. Жужандар болса Қытайдағы әулеттердің бір-бірімен жауласып, билік үшін күресіп жатқан кезде көшпелі мемлекет ретінде өздерінің дербес саясатын жүргізеді. Жужандар халқының шығуы жөніндегі мәселе түпкілікті шешілген емес. Олардың халық ретінде бірыңғай этникалық негізі болмаған және бұл халықтың пайда болуының өзіндік өзгешелігі бар. Жалпы жужандар сахнаға шыққан мезгілі 391 жылы болып табылады. Қытай деректерінде жужандар дунхулардың ұрпағы ретінде атап көрсетіледі (Салғараұлы, 2000: 385).

IV ғасырдың 50-ші жылдарында табғаштарға қызмет жасаған Югюлю деген жауынгер өлім жазасына кесілген кезде ебін тауып тау ішіне қашып кетеді де, сол жерде өзі сияқты бас сауғалап жүрген жүз шақты жігіттің басын біріктіріп, олардан жауынгерлердің әскери жасағын құрап, басшылық жасайды. Оның мұрагері Гюйлюхой әкесінің иелігіндегі бүкіл аймақты басшылыққа алып, маңайындағы елдерге жиі-жиі шапқыншылықтар ұйымдастырады. Көне қытайлықтар оларды «жуан-жуан» деп атайды. Осыған байланысты олардың ордасы Жужан деп аталады да тоба хандарына жыл

сайын салық төлеуге мәжбүрленеді. Жужандар Моңғолиядан бастап Хинғанға дейін көшіп-қонып, ханның ордасын Ханғайдың етегіне тігеді (Бичурин, 1950: 209).

Шылун ханның кезінде жужандар 402 жылы телелер мен түріктерді бағындырып алады. Сол кезден бастап түріктер жужандарға «темір өндейтін қызметшілерге» айналады. Телелер мен түріктерді басып алған жужандар ең күшті мемлекеттердің қатарына қосылып, иелігінің батысы Қарашарға, шығысы Чаосиянға, солтүстігі Байкалға, оңтүстігі Гоби шөліне дейін созылады.

Анағұй ханның тұсында жужандар Қытайдағы әулеттердің ішкі ісіне араласа бастайды. Анағұй алдымен табғаштардың көмегімен мемлекетіндегі билікті нығайтып алауыздықты жояды. Яғни әкесінің інісі Поломды өлтіріп, жеке дара билеушіге айналады. Осы уақытта Вэй әулеті Батыс және Шығысқа бөлінеді де, Анағұй Шығыс Вэй әулетінің Гао-Хуань жужан ханы Анахуанмен және тоғон ханы Куалүймен бірігіп Батыс Вэй әулетіне шапқыншылықтар ұйымдастырады да Юйвынь Тайды ығыстыра бастайды. Бірақ Гао-Хуань мен оны қолдаған жужандар мен тоғондар мақсаты толық орындалмай қалады. Өйткені Батыс Вэй әулеті одақтаспайық деген ұсыныспен өздерінің елшілігін түріктерге аттандырады. «Қытайлық елшілерді қуанышпен қарсы алған түріктер көп кешікпей біз күшті мемлекетке айналамыз деп бір-бірің құттықтай бастайды» тігеді (Бичурин, 1950: 228). Зор ықыласпен одақтасуға барған Бумын бастаған түріктер Батыс Вэй әулетін толық талқандалудан құтқарып қалады.

Түрік этнонимі алғаш рет қытай деректерінде 542 жылдан бастап кездескен және онда олар хуннулардың ұрпақтары делініп, үнемі Қытайдың солтүстік өңірлеріне шапқыншылық жасаушы көшпенділердің қатарына жатқызылған (Қазақстан тарихы, 2002: 296). Л.Гумилевтың ойынша түріктер V ғасырдың аяғында тайпалардың этникалық тұрғыдан араласудан қалыптасқан. Ю.А.Зуевтың жазуынша түріктер «...Вэй кезеңінде (338 жылдан) ондаған әулет уақыт бойы патшалық ру қызметін жасады» (Аманжолов, 2003: 37-39). Мемлекеті қалыптасқанға дейін «түрік» этнонимі 460 жылдан соң Алтайда дүниеге келген он тайпаның одағы туралы ұғым берді. Яғни көне түрік деректерінде түрк бодун, бод – тайпа, бодун сөзі тайпалардың одағы деген ұғым береді, басқаша айтқанда бірнеше тайпалардан тұратын ел немесе тайпа бірлігі негізінде қалыптасқан қағанат – «Тюрк эль» деген анықтама берді (Кляшторный, 1992: 77-79). Бұл этноним қағанаттар кезеңінде де осы атауын сақтады. VIII ғасырдың II жартысында кездесетін деректерде «он екі тайпалық түрік елі» дегенді білдірді. Аңыз бойынша бұл этноним Алтай тауының атауымен сәйкес келеді (Кляшторный, 2004: 87). Орхон-Енисей ескерткішіндегі жазуды талдауға алған В.Бартольд «Қаған өзінің күшін (іш куч), елін (будун) және ... билігін (туру) қайтарып алғандығын жазады... Хан өзінің елін түріктер ... деген», - деп жазады (Бартольд, 1993: 23). Орхон-Енисей ескерткіштеріндегі жазудың құпиясын тапқан даниялық ғалым В.Томсен жазбадан «түрік» (тук-ю), «Күлтегін» және тағы басқа да сөздердің қытайшасын табады» [Қайыркен, 2008: 70]. Көнеден қалыптасқан аңыздар да түрік этносының пайда болуы туралы орын алған. Атап айтқанда «Қытай дерегіндегі ертегі секілді әңгіме бойынша түрік елінің арғы тегі бір ұрғашы қасқыр мен Күн атанған ел қол-аяғын кесіп, далаға апарып тастаған он жасар баладан туған дейді. Себебі қасқыр баланы тауып алып, үлкен таудың ішіндегі бір жартастың арасына апарып, асырап өсіріп, сол баладан буаз болып, он бала тауыпты. Түріктер сол баланың нәсілі дейді» (Құдайбердіұлы, 2008: 322). Қаншық қасқырдың ұлдары Тұрпан қыздарын әйелдікке алады. Одан өрбіген ұрпақтардың бірі – Алшын жаңа рудың басшысы болып, оған өзінің есімін береді. Кейін Алшын руынан тараған рубасшылары өз туыстарын Алтайға көшіріп, олар жергілікті тайпаларға басшылық жасап, олар түрік атауын иеленеді (Кляшторный, 1992: 77). «Түрік» этнонимінің шығуы туралы мәліметтерге анықтама берген Шәкәрім былай деген: «Әбілғазы хан һәм басқа мұсылман шежірелерінде ең бұрын от жаққан, пешті, жылы үйді шығарған түрік дейді. Бұл қытай сөзінде от жағып үйреткен Надулуша Тукю, яғни Турку атанды дейді» (Құдайбердіұлы 2008: 322).

Шығыстанушы С.В.Киселевтың пікірінше «Түрік» атауы ол уақытта белгілі бір этникалық құрылымды білдірмеген, оның құрамына өз аттарымен түрлі тайпалар мен рулар кірген саяси одақтың атауы дегенді білдіреді. Махмұд Қашғаридың сөздігінде де түрік атауы белгілі бір елдің мағынасын білдірмей, онда былай делінеді: «Құдай ұлы да күшті. Мен өз әскерлерімді «түрік» деп атап, оңтүстікке орналастырдым», - деп жазылған. С.М. Ақынжановтың еңбегінде: «Түрік» атауы өзара түсінікті тілде сөйлейтін белгілі бір халықтар тобының саяси бейнесі, жалпыланған бейнесі ретінде анықталады» (Ахинжанов, 1999: 58). «Түрік» сөзі (қытайша - тукюэ) - көшпелі халықтың алғашқы атауы VI ғасырда пайда болды ... Томсен «күш», «күш» дегенді білдіреді. Оның айтуынша, бұл сөз белгілі бір тайпаның аты болуы мүмкін, дәлірек айтсақ - билердің аты болуы мүмкін. Шығармалардағы «түріктің» мағынасы этнографиялық емес, саяси мағынаға ие: «менің тайпам» және «менің халқым» (Бартольд, 1968: 576).

Түрік қағанаты тарихын зерттеуші С.Игибаевтың айтуынша: «Түркі мемлекетінің құрылуына тікелей қатысқан тайпалардың көпшілігінің тарихы Алтай-Тарбағатай тайпаларымен тікелей байланысты. Сондықтан Н.Я.Бичуриннің «түрік» атауын шеңберде орналасқан Алтай тауларымен («шлем») байланыстыруы кездейсоқ емес. «Ашындырдың өкшесінде, - деп жазады Н.Я.Бичурин, - шеңбер негізінің ішкі бөлігі биік және дулыға тәрізді биіктіктен тұрады. Бұл видео моңғол тілінде «дулыға» деп аталады және Ашын ұрпақтары үшін осындай атау алды. Алтай тарихшылары Алтайды «Ергене-күн» деп атайды, бұл түрік тілінде тік төбені білдіреді. Алтайдың табиғи жағдайы және дулыға ұрпақтарының ханға темір жасауы олардың таудан шыққандығы туралы аңызды тудырды. «Дулыға» қазақ тілінде басқ сөзін де білдіретіндіктен, бұл моңғол сөзі емес деген қорытынды жасауға болады. Қытайлар Ашин ханға бағынушыларды «ту-кю», ал олардың билеушілерін «тугу әулеті» деп атады. Бичуриннің пікірінше «Тулга әулеті» Қытай тарихында қате түрде «Тугуй» деп аталды. ... Оның құрамына солтүстік ғұн тайпасының Ашин деген шағын әулеті кірді. Бұл әулет ежелден Алтайдың оңтүстік бөлігінде қоныстанған және Жужан әулетінің билігі кезінде темір өндірумен айналысқан» (Записки, 1828: 109). Басқаша айтқанда, жалпы түрік атауы Алтай тауларымен тікелей байланысты екендігі түсінікті. Моңғол тілінде, бәлкім түрік тілінде «дулыға» деген сөз біздің ата-бабаларымыз дулыға сияқты созылған Саян-Алтай мен Сәуір-Тарбағатай тауларын мекендеген дегенді білдіреді. «...Түрік сөзі іс-әрекеттегі ыңғайсыздық пен дәрежелікті де білдіреді. ... Соңғысы ойдың жылдамдығы мен іс-әрекеттің әдептілігін мақтай отырып, сенімді офицерді, қабілетті сарбазды немесе сенімді адамды іздеу үшін түріктерге тоқтады» (Вамбери, 1868: 291-292). «Түрік» сөзі «Құман Тұран» - темір соқа және шуваш «...соқа пышағы» сөздеріне ұқсас деген болжам бар (Құдайбердіұлы, 2008: 496). Келесі зерттеушілердің пікірі бойынша: «... Бастапқыда түрік сөзі кейбір тайпалардың саяси одағы болды» (Потапов, 1948: 95).

«Сонымен қатар «түріктің» мағынасы кең саяси мәнге ие болды және оны түріктер жаулап алды. Тайпалардың бірлігі анықталды. Сонымен бірге бұл сөздің аристократиялық және этникалық тар мағынасы сақталды, өйткені билеуші Ашын тайпасына жататындар ғана «түріктер» деп аталды.

Сонымен 545 жылы Солтүстік Қытайда әулеттер арасында билік үшін соғыс басталған кезде жужандар Шығыс Вэйдың патшасы Гаохуаньды қолдаса, түріктер Батыс Вэйдың патшасы Вэньдимен одақтасады. Бұл одақтың нәтижесінде Шығыс Вэй династиясы толық жеңіске жете алмайды. Оның үстіне 546 жылы теле тайпалары жужандардың билігіне қарсы көтеріліс жасап, мол күшпен Батыс Жоңғариядан Халхаға жорыққа шығады. Алайда жорықтың жабдығы өте нашар жасақталғандықтан және оның жоспары болмағандықтан ол сәтсіз аяқталып телелер кері қарай шегінеді. Жорықтан кері қайтқан телелерді жарты жолдан күтіп алған түріктер Бумынның басшылығымен күтпеген тұстан оларды қыспаққа алады. Жужандарға деген өшпенділігі соншалықты телелердің 50 мың шаңырағы ешқандай қарсылықсыз көшпенділердің салты бойынша түріктердің билігін мойындайды. Соншама мол күштің келіп қосылуы түріктерді жужандардың тәуелділігінен құтқарып қана қоймай, аварлардың ең басты бәсекелесі етеді. Түрік елшілігінің жужандардың ханы Анағуйға келіп қызыңды өздерінің билеушісі Бумынға әйелдікке сұрап келуі осыған дәлел болса керек. Алайда түріктердің бұл әрекетін тең дәрежеде емес басынғандық деп ұққан жужандардың ханы Анағуй «кешегі темірімді балқытқан құлым едің, мынаған қалай дәтін жетті» деп Бумынға дәрекі жауап береді (Гумилев, 1994: 27).

Түріктердің толыққан күшін бағаламай оған менсінбей жауап беру арқылы қателікке ұрынған жужандардың ханы Анағуйдың әрекетін мүддесіне тиімді пайдаланған Бумын өзің жәбірленуші ретінде көрсете алады. Оның үстіне Бумын 551 жылы Батыс Вэйдің императоры Вэньдиге тағы елшілігін аттандырып, қайтадан одақ құрқанды да императордың қызың әйелдікке алып, тайпаластары мен көршілерінің алдында беделін көтереді. Өзінің елі мен көршілерінің арасындағы абыройы мен ықпалын мойындатқан Бумын 552 жылы тосыннан жорыққа шығып, жужандарды күйрете талқандайды. Масқара жеңіліске шыдамаған жужандардың ханы Анағуй өзін - өзі өлтірсе, ал оның ұлы Яньлочен Қытайдағы Ци әулетіне қарай қашады (Салғарин, 1999: 42).

Толық жеңіске жеткен түріктердің билеушісі Бумын болса қаған атағын алып қана қоймай жужандардың бүкіл иелігін мұрагерлікке алады. Бумын қаған сол жылдың соңында о дүниеге аттанған соң билік оның баласы (кейбір жазбаларда інісі деп аталады) Қара Ыссық (Қара Еске) отырады (Бичурин, 1950: 228).

Бұл кезде жужандар хандары Анағуйдың ағасы Дыншұцзыды өздеріне билеуші етіп сайлап алады да түріктерге деген қарсылығын тоқтатпайды. Сондықтан Бумынның жеңісін одан әрі жалғастырған Қара Ыссық бастаған түріктер жужандарды Орхонның жоғары бөлігіндегі Луушан тауында екінші рет қайтара талқандайды. Алайда жужандардың бақытына қарай Қара Ыссық белгісіз жағдайда көз жұмады да таққа оның ұлы Шету емес туған інісі Иркин (Ицзинь) Мұқан қаған деген

атпен отырады. Әкесі мен ағасының елдің іргесін бекіту және басқару үшін жүргізген соғыстары мен саясатын одан әрі жемісті түрде жалғастырған Мұқан қаған көрші жатқан елдер мен тайпаларды басып алуға кіріседі. Жалпы деректерде Мұқан қаған жауына өте қатал, батыр, ақылы басым және соғысуға құмар қолбасшы ретінде көрсетіледі. Алдына қойған мақсатты жүзеге асыру үшін ол 553 жылы жужандардың қалдығын жоюдан бастап, олардың соңғы билеушісі Дыншүцзыге күйрете соққы беріп, оны үш мың әскерімен Ци әулетін паналатуға мәжбүрлейді. Оларды кері қайтармақ болған Мұқан қағанның әрекеті сәтсіз аяқталады. Дегенмен жужандармен өткен соғыс түріктер үшін сәтті аяқталды. Осы сәтті жорықтан соң Мұқан қаған әскерін елінің батысында орналасқан мықты эфталиттерді бағындыруға бағыттайды. Жужандардың билігінен енді ғана босап шыққан түріктерден мұндай жойқын соққыны күтпей алаңсыз жатқан эфталиттер оларға төтеп бере алмай мекен еткен қоныстарын тастап батысқа қарай қаша жөнеледі. Өзінің алғашқы ірі жеңісіне рухтанған Мұқан қаған оны одан әрі кеңейтіп, әскерімен Шығыстағы күшті қидандарға соққы беріп, оларды өз жерлерінен қуады. Сәтті жорықтарын жалғастырған Мұқан қаған тоқтамастан теріскейде қоныстанған шігілдерді бағындырады. Мұқан қағанның көрші елдерге жасаған табысты шабуылдары солармен жапсарлас орналасқан басқа да елдердің билеушілерің амалсыздан жаңадан тарихи сахнаға шыққан Түрік қағанатының билігіне өз еркімен кіруден басқа амал қалдырмайды.

Жалпы алғанда Мұқан қағанның Ұлы Даладағы мемлекеттер мен елдерді бағындыру үшін жүргізген соғыстарың қаны бір түрік тілдес тайпаларды бір орталыққа біріктіру деп қабылдағанымыз дұрыс. Жан-жағындағы елдерді бағындырып, оларға өз үстемдігін орнатқан Мұқан қаған түрік тайпаларың біріктіріп қана қоймай оларды сол уақыттағы ең күшті қағанатқа айналдырады. Әбден күшейіп кемеліне жеткен Мұқан қаған ендігі кезектегі назарын Қытайдағы Батыс Вэй әулетіне аударады. Өйткені өзінің ата жауы жужандардың соңғы билеушісі Дыншу сыли өзінің шағын әскерімен Ци әулетінен қашып шығып Батыс Вэй әулетінен саяси пана тапқан еді. Мұқан қағанның ең басты талабы жужандық қашқындарды қайтарудан тұрды. Онсыз да Шығыс Вэймен ұзақ уақыт бойы арпалысып, содан әбден титыққан, әрі ең басты одақтасы түріктердің қолдауынан айрылғысы келмегені былай тұрсын оларды өздеріне қарсы қойып алудан сақтанған Батыс Вэйдың билеушісі Уй ван Тай басқа жолдың жоқтығынан Мұқан қағанның шартына көніп, жужандарды қайтарып беруге келісімін береді. Мұқан қаған болса қолға түскен тұтқындарды аямай еркектердің бәрін қырып тастайды. Осыдан соң Мұқан қаған Батыс Вэймен одақтаса отырып тоғондарға бас салып, Көкнүр көлінің маңындағы Куалай ханның ордасы Шудун мен Хэмчен бекіністерін басып алады. Күтпеген жерден басқыншылыққа ұшыраған тоғондар Наныпан тауына барып жан сақтайды. Келсі жылы өз-өздеріне келген тоғондар Батыс Вэйге шабуыл жасайды. Бірақ көшпелі тайпалардан тұратын тоғондарда бекіністерді қирататын техникасы болмағандықтан жоспарлары жүзеге аспай қалады. Ал тоғондардың одақтасы болып табылатын Ци әулеті болса солтүстіктен келген қидандармен, одан қалдыонтүстіктен басып кірген Лян әулетімен жан аямай соғысқандықтан әбден әлсіреп, тоғондарға ешқандай көмек бере алмайды. Осы кезде шығыстағы соңғы жаулары жужандарды түпкілікті талқандап, тоғондарды тауға қарай ығыстырып тастаған Мұқан қаған бастаған түріктердің жағдайы одан сайын күшейе түскені соншалықты сол аймақтағы оларға тең келетін немесе қарсы тұратын ел қалмайды (Ақышев, 1995: 31).

Әбден күшейген түріктің әскерлері алыста жатқан Қара теңіз жағалауындағы Боспорға VI ғасырдың 70 жылдары шапқыншылық жасап, ол жерлерді өздеріне қаратады. Дегенмен түріктер шығысқа да назар аударып отырады. Әсіресе Қытайдағы билеуші әулеттермен сәтті соғыстар жүргізеді. Мәселен сол жылдары Мұқан қаған Солтүстік Қытайдағы әулеттер Солтүстік Чжоу және Солтүстік Циді тас-талқан етіп жеңеді де оларды салық төлеуге міндеттейді. Мысалға жасалған өзара шарттың негізінде Чжоу әулеті Мұқан қағанға жыл сайын 100 мың кез жібек беріп тұрған. 572 жылы Мұқан қаған көз жұмған соң таққа інісі Тобохан отырады. Ол да Мұқан қағанның ісін жалғастырып Чжоу және Ци әулеттерімен өткен бірнеше соғыстарда жеңіске жетеді де оларды түріктер үшін тиімді шарттарға отырғызады. Тіпті түріктердің шапқыншылығынан қорыққан Ци әулеті түріктерге салық төлеу үшін барлық қазынасын тауысып алады. Бұл жөнінде Тобохан қаған былай деген екен: «Егерде Солтүстіктегі Чжоу мен Ци бізге төлейтін салығын тоқтатпаса онда біз ешқашанда тапшылық көрмейміз» (Кляшторный, 1992: 85-86).

580 жылы түріктер өздерінің дамуының ең биік шыңына жетті. Бір жылдан кейін Тобохан көз жұмса да түріктер өздерінің биліктерін орнықтырудағы әрекеттерін тоқтатқан емес. Қағанаттың Шығыс бөлігіндегі іс-қимылын жалғастыра отырып, батысқа да жорықтар ұйымдастырады. Бұл іс-шараны Бумынның інісі Естеми қаған іске асырады. 552 жылы жорыққа шыққан Естеми қаған үлкен қарсылыққа кездеспестен үш жылдың ішінде Арал теңізіне дейін жетіп, иелігіне Орталық Қазақстан мен Жетісуді және Хорезмді кіргізеді. Алайда түріктердің батысқа қарай жасаған жорығы уақыт

өткен сайын қиындап, жергілікті тайпалардың қарсылығы күшейе береді. Әсіресе Арал теңізінің арғы жағында орналасқан хионат, уар және огор тайпалары табанды қарсылық көрсетеді. Түріктер оларға тек қана 558 жылы күйрете соққы беріп, аман қалғандарын Еділге дейін қуып барады. Алайда түріктер осы Еділ өзенімен шектеліп қалады. Өйткені олардың алдынан күшті жау эфталиттер шығады. Эфталиттермен соғысу өте қиынға түсетіндіктен түріктер парсылармен одақтасу туралы шешімге келеді. 555 жылы түріктер мен парсылардың арасында одақтасу жөнінде шарт жасалып, ол Естеми қағанның қызы парсылардың шахына әйелдікке берілуімен бекітіледі. Эфталиттер де қарап қалмай өздеріне одақтастар іздеп Батыс Вэйдың патшасына елшілігін жібереді. Бірақ түріктермен жасасқан одақтастық шартын бұзғысы келмеген Батыс Вэйдің билеушісі эфталиттердің ұсынысынан бас тартады. Осылайша эфталиттер парсы және түріктердің арасында қалып қояды. Оның үстіне эфталиттердің ішінде де билік үшін жанжалдар басталады. Міне осы жағдайлар 560 жылы басталған соғыстың ұзаққа созылмай екі жылда эфталиттердің талқандалуына алып келеді. Өкінішке орай эфталиттер мен түріктердің арасындағы қанды соғыс мұнымен тоқтамайды. Алғашқы жеңістен күш алған түріктер 563 жылы Шаш (Ташкент) қаласын басып алады да Шыршық өзенінен кесіп өтіп, Маймурт түбінде түріктердің басқа әскери күштерімен бірігеді. Бұқара маңайында жиналған Эфталиттер болса жазық далада түріктердің атты әскерлерімен кездесуден қорқып таудың ішіне шегінеді де, Несефтың төңірегін күтіп алады. Осы елді мекеннің жанында 565 жылы өткен шайқас бір апта уақытқа созылып, оның нәтижесі эфталиттердің толық күйреуімен аяқталады. Бұл шайқастан тірі қалған эфталиттер бұрынғы патшасы Гатфарды биліктен тайдырып, оның орнына Фагониш атты бекті таққа отырғызады. Жаңадан патшалыққа қол жеткізген Фагониш түріктерге қарсы тұруы үшін парсының билеушісі Хосрой Ануширван шахтың билігін мойындайды. Түріктердің Орталық Азияға бақылау орнатуы аймақтағы шаруашылық пен мәдениеттің өрлеуіне алып келіп, қалалар көбейіп, қолөнер мен сауда-саттық дамыды. Әсіресе түріктердің арқасында жібек жолы арқылы Қытай мен Қара теңіз аралығында үзіліссіз байланыс орнайды.

Осылайша аяқ астынан тарихи сахнаға келген алғашқы түрік қағанаты өте аз уақытта Солтүстік Қытайдан бастап Қара теңізге дейінгі аралыққа билігін орнатып қана қоймай, онда көшіп-қонып жүрген түрік тілдес тайпаларды бір орталыққа біріктіреді (Аманжолов, 1993: 47). Осы аймақтың бір бөлігіне ықпалын жүргізіп келе жатқан соғдыларда түріктердің билігіне еш қарсылықсыз кіреді. Сонымен VI ғасырдың ортасында Монғолия мен Солтүстік Қытайдан бастап Қара теңізге дейінгі аралықтағы Ұлы далада Түрік қағанатының негізі қаланып, әлем тарихында үлкен із қалдырады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- История Китая: Учебник / Под ред. А.В.Меликсетова. – М.: ОНИКС 21 век, 2004. – 752 с.
 История Китая с древнейших времен до начала XXI века: в 10 т / гл. ред. С.Л.Тихвинский. – М.: Наука, 2014. – 991 с. 156-157 с.
 Салғараұлы Қ. Түрік әлемі. – Астана: Елорда, 2000. – 476 б.
 Бичурин Н.Я. Собрание сведений о народах, обитавших в Средней Азии в древние времена. М. – Л.: АН СССР, 1950. Т. I. – 471 с.
 Қазақстан тарихы. Көне заманнан бүгінге дейін. 5 томдық. 1-том. Алматы: Атамұра, 2002. - Т.3. - 768 б.
 Аманжолов А.С. История и теория древнетюркского письма. – Алматы: Мектеп, 2003. – 368 с.
 Кляшторный С.Г., Султанов Т.И. Казахстан: летопись трех тысячелетий. – Алматы: Рауан, 1992. – 378 с.
 Кляшторный С.Г., Султанов Т.И. Государства и народы евразийских степей: древность и средневековья. - СПб.: Петербургское востоковедение, 2004. – 368 с.
 Бартольд В.В. Тюрки: Двенадцать лекций по истории турецких народов Средней Азии. - Алматы: Жалын, 1993. - 220 с.
 Қайыркен Т.З. Көне түркі ескерткіштеріндегі қытай жазбалары. - Өскемен, 2008. - 189 б.
 Ш.Құдайбердіұлы. - Алматы: Халықаралық Абай клубы Жидебай, 2006. -731 б.
 Ахинжанов С.М. Кипчаки в истории Средневекового Казахстана. - Алматы: Ғылым, 1999. - 296 с.
 Бартольд В.В. Работы по истории и философии тюркских и монгольских народов. -М.: Наука, 1968. - Т.5. - 758 с.
 Записки о Монголии, сочиненной монахом Иакинфом с приложениями карты Монголии и разных костюмов. - Спб., 1828. - Т.1. - Ч. I-II. – 424 с.
 Вамбери А. Очерки Средней Азии (Дополнение к путешествию по Средней Азии). - М., 1868. – 364 с.
 Потапов Л.П. Очерки по истории Алтайцев. - Новосибирск, 1953. – 444 с.
 Гумилев Л.Н. Көне түріктер. – Алматы: Білім, 1994. – 463 б.
 Салғарин Қ. Түріктер, жужандар. – Алматы: Санат, 1999. – 314 б.
 Ақышев К. Қазақ мемлекеті: қайнар көзі, дамуы кезендері, тұрақтануы // Қазақ тарихы, 1995. - № 2. - 30-35 бб.
 Аманжолов К.Р. Түркі халқының түп тамыры (тарихи – этнографиялық шолу) // Қазақ тарихы, 1993. - №1. - 45-52 бб.

КЕҢЕС НҮРПЕЙІСОВТЫҢ ТҮЛҒАЛЫҚ ТАҒЫЛЫМЫ ЖӘНЕ АЛАШ ТАРИХИ МЕКТЕБІНІҢ ҚАЛЫПТАСУЫ

Шамшиденова Ф.М.

тарих ғылымдарының кандидаты, доцент

*Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті
(Алматы қ., Қазақстан) E-mail: fakiya.sh.1960@gmail.com*

Өмірде кездескен адамның бәрі ойда қала бермейтін шығар. Алайда тұлғалық келбеті жоғары, болмысы бүтін адамның жөні ерекше болатынын түсіндік.

Кеңес Нұрпейісов - ақиқи зиялы адам еді. Оның аспиранттармен тең дәрежеде сөйлесуі, адамға үлкен әсер ететін. Мен кандидаттық диссертациямды қорғаған кезде 1997 ж. диссертациялық кеңестің төрағасы болды. 2 шілде күні Алматыда күн ыстық, мамыржай болатын. Асығып Ғылым академиясына келе жатқанымда, алдында Кеңес ағай өзі тұр екен. «Факия, қалың қалай, бүгін қорғайсың» десе, мен «иә, бірақ жетекшім Манаш Қабашевич жоқ, іссапарда» деппін. «Жетекшің емес, қорғайтын сенсің» дегенде, иығымнан ауыр күш түскендей болды.

Сол уақытта И. Тасмағамбетовпен бірге Манаш ағамыз Монғолияға сапар шегіп кеткен болатын. Қорғау алдындағы қағаздарды реттеп, қол қойғызып жүрген кезді қазір еске алсаң, ол да бір тамаша сәттер екен. Аспирант қыздардың ішінен Ляззат Темірбекқызы да дайындалып, жүгіріп жүрді. Екеумізге де Кеңес ағамыздың қолы қажет болып, үйіне баруға тура келді. Ағай жарқын жүзімен үйдегі жеңгей екеуі қарсы алды. Бөлмеде жұмыс үстелі, кітаптары, ғалымның үйі екені көрініп тұр. Қағазымызды құптап, қолын қойғаннан кейін, екеуміз институтқа келіп, мөр басқызып, дайындықты аяқтадық. Кеңес аға осындай қарапайым, адами қасиеті жоғары, сыпайы сөйлейтін, адамға рух беретін адам еді.

Тарих ғылымы ұзақ уақыт бойы идеология шырмауында болғандықтан көптеген мәселелер тарихи тұрғыда талданбай, идеология негізінде сипатталғаны белгілі.

Саяси, идеологиялық себептерге байланысты саясаттағы көшбасшылардың қызметі, саяси ой-тұжырымдары айтылмай жатқан кездерге куә болдық. Ақыры, тарихи танымда «Алаш» деген атпен белгілі болған ерекше құбылыс қалды.

Алашорданың күрделі мәселелерін зерттеуде үлкен қадам жасаған Кеңес Нұрпейісов болды. Оның тарихи зерттеуінің құндылығы бұрын қол жетпейтін құжаттарды ғылыми айналымға енгізгендігінде болып табылады. Ұлттық Қауіпсіздік Комитетінің архив құжаттарына, газет («Қазақ», «Сарыарқа») материалдарына сүйеніп, күрделі мәселелерді жаңаша көзқараспен шешуге мүмкіндік алған. Автор архив материалдарын жүйелеу арқылы аз зерттелген, күрмеуі көп мәселелердің шешімін табуға тырысқан. К. Нұрпейісов тарихи әдебиетте бірінші рет Ә. Бөкейхановтың «Алаш» партиясын құру, Алашорданың төрағасы болған кездегі қызметін, жалпы ел басқарудағы рөлін көрсетсе, ал ғылыми мақалаларында Ә. Бөкейханов, А. Байтұрсынов сияқты алаштың саяси жетекшілерінің ұлт-азаттық қозғалысқа тікелей қатынаспаса да, сатқындық жасамағанын дәлелдеп, Алаш пен Алашорда қозғалысының құрамдас бөлімдеріне, бірінші орыс революциясы жылдарындағы Ә. Бөкейханов төңірегіне топтасқан қазақ зиялыларының саясатқа араласқан алғашқы қадамдарына сипаттама жасайды.

Кеңес Нұрпейісов өз зерттеуінде «Алаш немесе «Алашорда қозғалысы» - бірнеше құрамдас бөлімдерден тұратын күрделі ұғым. Сондықтан да әуел бастан Алаш (Алашорда) қозғалысына жататын жекелеген мәселелердің басын ашып, оларды нақты түрде қарастырған жөн сияқты. Олар, біріншіден саяси партия ретіндегі Алаш, екіншіден, мемлекеттік құрылым түріндегі Алаш автономиясы, үшіншіден, осы автономияны (Алаш атты қазақтың мемлекеттілігін) басқаруға тиісті болған Алаштың ордасы (Алашорда үкіметі) туралы мәселелер. Басқа сөзбен айтқанда, осы нақты үш мәселе жиынтығы Алаш немесе Алашорда қозғалысы деген ұғымды білдіреді», - деп түсіндірген [1, 5 б.].

Белгілі тарихшы М. Қозыбаев өз еңбектерінде Алаш қозғалысына төмендегідей баға береді: «Біз әдебиетте осы уақытқа дейін Алаш зиялыларын біртұтас ағым ретінде қараймыз. Шын мәнінде әлеуметтік негізі жағынан, көзқарасы жағынан олардың арасында солшылдар, центристер, оңшылдар болды. Олардың ішінде европалық дәрежедегі ойшылдармен қатар феодалдық-патриархалдық өмірмен біте қайнасқан кертартпалар да жоқ емес-ті. Олардың қатарында Түркістан идеясын уағыздайтын, «Түркістан бірлігінің» оңтүстік шығыс мұсылман облыстары федерациясын жақтайтындар да кездесетін. Қалай болғанда да біз бүгінгі күнге дейін жалпылама қарап келген «Алаш» пен «Алашорда» табиғи құбылыс есебінде қарап, диалектикалық әдіспен қарайтын кез келді».

Ғылыми әдебиетте ғылыми мектептің үш түрін көрсетеді: 1) ғылыми білім беру мектептері; 2) мектеп – ғылыми ұжым; 3) мектеп ғылыми бағыт ретінде [2, с.28].

Бірінші түрі университеттік біліммен байланысты. Бұл мектептерді «классикалық» деп атайды, өйткені олар білім беру институты ретіндегі мектеп дәрежесіне жатады. Мұндай мектептер негізін қалаған жеке тұлғаларымен және ғылыми көшбасшымен белгілі немесе университеттегі ғылыми орталықтармен байланысты болады. Зерттеу ұжымы ретіндегі ғылыми мектептің ерекшелігіне келсек, онда ғылыми шығармашылық оқытумен емес, ғалымдар тобының практикалық қызыметінен көрінеді.

XIX – XX ғ. басында зерттеу ұжымы ретінде мектептер қалыптаса қойған жоқ. Олар XX ғ. екінші жартысында жанданды, бұл кезде ғылыми-зерттеу ұжымдар желісі жасалды. Оған Москва тарихшыларының мектептері, «Лаппо-Данилевский мектебі» жатады.

Нақты бір ғылыми идея а ғана топ ғалымдардың шеңберінен шығып, географиялық орналасуына қарамай, үлкен ғылыми ортаға өзінің ықпалын таратады. Бұл нұсқаға мемлекеттік мектептерді жатқызуға болады. XIX ғ. аяғы – XX ғ. басында Ресейдің ірі университеттерінің орталығында топтасқан білім беру мектептерінің үлес салмағы жоғары болды.

Бұл кезде тарих ғылымының алдындағы даму кезеңіне тән жеке ғылыми-тарихи шығармашылықтан ғылыми білімнің ұжымдық түріне өтті және бұл үдерісте университеттер шешуші роль атқарды. Ғалым тарихшылар осы мектептен өтті, олардың тарихнамалық еңбектері соларды зерттеуге арналды.

Мектеп – оқытушы мен шәкірт арасындағы ғылыми және жеке адамдық, түрлі ұрпақ өкілдері арасындағы қатынасқа негізделген, күрделі организм [2, с.28]. Ғылыми-тарихи мектептер феноменіне соңғы кезде назар аударуда [3-4]. Нақты тарихи зерттеулерге қарағанда, тарихи мектеп феномені мойындалғанын байқауға болады, ал бұл категорияның өзі тарихи зерттеулер құрамына енген.

Қазіргі тарихнамалық әдебиетте «мектеп» ғылыми ізденістің жалпы бағыты біріктірген, ғылыми көзқарастары мен қағидаттары бірдей ғалымдардың тобы деп саналады. Мектеп ғылыми ұжымның тұтастығы ретінде көрінсе, ал оның әр мүшесінің қызметінен көрінетін жеке белгілері бар. Бұл жерде ғылыми шығармашылықтағы ұжымдық және жеке адамның диалектикалық өзара байланысын байқаймыз.

Жаппай коммуникация теориясында «ұлт» қоғамдық байланыстардың түрлі типтері арасындағы дәнекер, мемлекетте орны бар кеңістік ретінде қарастырылады. Ұлт ұғымы территория жағынан анықталады. Одан кейін коммуникацияның басқа деңгейлері анықталады (жергілікті, интернационалды, ұлтаралық, жаһанды).

Тарихи-мәдениеттанулық тәсілде ұлт тарихи өнім, ол ұлтты тарихи жағынан қалыптасқан феномен ретінде қарастырады. Ал релятивистік теорияны жақтаушылар ұлтты экономикалық, саяси, мәдени және әлеуметтік құрылым ретінде қарастырады, ол көптеген ұлтаралық қатынастан тыс өмір сүре алмайды. Ұлттың бейнесі мен мәні, өмір сүру мақсаты қалыптасқан геосаяси жағдайға және басқа ұлттармен қатынасына байланысты.

Қоғам қайраткері Нұрлан Оразалин Кеңес ағаны еске алған мақаласында: «Кеңес Нұрпейісов туралы әңгіме айтқанда, өзгені білмеймін, менің тілімнің ұшына еріксіз «Алаш», «Алашорда», «Алаш арыстары», «Алаш азаматы» деген төркінінде әлдеқандай ойды тербеп, жүректі қозғайтын киелі сөз, қасиетті ұғымдар тұрады. Неге? Себебін іздей бастасам он тарау ойдың әуелгі тірелер тұсы - ғалымның зерттеушілік ғұмырының ең мол кезеңін алған Алашорда тарихы. Екінші бір тұсы, өзі айтқандай балалық, балғын кезінен ұйқысы мен күлкісін ұрлаған «халық жауының» ұлы деген қара таңбаның көп жылдар бойы ізінен қалмауы. Үшінші бір тұсы - бесігін тербетіп, құндағын аялаған ел мен жердің, қазақ дейтін халықтың тарихына 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісінің қанды қырғын оқиғалары өткен Қарқара болып енгені. Осынау үш себептің жүгін арқалаған ұғымдар төркінінде тұлғалы ғалым, тұғырлы азаматтың өмірге деген көзқарасын қалыптастырған ұлттық ой-жігердің, халықтық ар мен намыстың от-жалыны лаулап, елін, жерін сүйген жүректің жасыны ойнап тұрғаны күмәнсіз. Бұл ұғымдар бірімен бірі жымдаса өріліп, жаңа дәуір белі мен жаһандану дейтін жаңа, күрделі кезеңде ата тарихымызды қайыра қарап, түбірімен қайта електеушілер қатарының көшін бастағандар санатынан көрінген көрнекті ғалымның шығармашылық, зерттеушілік болмысын тануға мүмкіндік тудырады. Әріптестері, ағайын-туысы, шәкірттері, Алматының зиялы қауымы Қаныш Сәтбаев Академиясының Құрманғазы көшесі жағындағы Ғалымдар үйін осындай бір азалы сәт үстінде өкініш пен өксікке толтырғаны менің есімде. Тура сол күні Мұхтар Әуезов атындағы академиялық драма театрының залында күн ілгері белгіленген Алашорда қозғалысының 90 жылдығына арналған ғылыми-практикалық конференция өтіп жатты. Мәмбет Қойгелдиев бастаған шәкірттері булығып тұрып баяндама жасағаны, Алматы қаласының әкімі Иманғали Тасмағамбетовтің алаш арыстары жайлы сөз айтып тұрып, дәл осы сәтте қала жұртының үлкен академик-ғалымды ақырғы сапарға аттандырып жатқанын сөз арасында айтқаны, конференция тізгінін Серік

Сейдумановқа тапсырып, қала әкімімен қаралы жиынға бірге келгеніміз менің қаз-қалпы жадымда... Алаш арыстарының Алматы қаласында жиыны өтіп жатқан күні алаш тарихын зерттеуге бар саналы өмірін арнаған жаңа дәуірдің тағы бір алаш тұлғалы азаматының өмірден өтуі кездейсоқтық па? Менің ойымша, бұл кездейсоқтық емес... Бұл ұлтына, ұлт ғылымына, қазақтың тағдырлы өткені мен талайлы өткелдерін тануда айрықша міндет жүгін арқалап келген, рухани танымдық әлемімізге алғаусыз қызмет еткен, алаш арыстарының қатарын өзінің адал ойымен, табанды ғалымдық жолымен, парасатты болмыс-бітімімен толықтырған аса көрнекті тұлғаның пешенесіне бұйырған мына жарық дүниемен қоштасудың жұлдызы жарық, тағылымды сәті еді», - деп еске алады [5].

Алаш қайраткерлері жоғары білімді, әлеуметтік-гуманитарлық және табиғи-ғылым білімінде терең танымына ие болған адамдар болды. Алаш қозғалысының көптеген басшылары тек құқық қорғаушы, саяси және қоғам қайраткерлері ғана болған жоқ, сонымен бірге ағартушы, публицист, қоғам қайраткерлері, газет және журналдарды бастырып шығарушы, ақын, ұстаз, ғылыми зерттеулер, кітаптар, оқулықтар жазғаны белгілі. Алашордашылар және олармен рухани үндес болған қазақ зиялылары мен шығармашылық қайраткерлері ұлттық шеңберде ғана шектелмей, барлығы да көп қырлы дарынды тұлғалар болған. Олардың басым көпшілігі Ресейдің алдыңғы қатарлы университеттерін бітірді.

Кеңес Нұрпейісов те ұстаз, ғылыми жетекші, ғалым болды. Ол қызмет бабымен жүріп қана қоймай, ғылыми еңбектер жазып, архив құжаттарын жинақтады. Атап айтқанда, 3 томдық «Алаш қозғалысы» құжаттар мен материалдар жинағына Алаш қозғалысының қалыптасуының өмірлік негіздерін, ұлт зиялыларының қоғамдық мәселелерді шешу ісіндегі ұстаным мен ізденістерін, олардың Ресей империясы өмірін демократияландыру үшін күреске атсалысуын, сондай-ақ басқа да ұлт зиялыларымен ара қатынасын жан-жақты көрсетуді мұрат тұтқан құжаттар мен материалдар енген жинақта Алаш партиясының бағдарламасы қазақ және орыс тілдерінде берілген [6].

Ғылыми мектептің ерекше зерттеу бағдарламасы бар, оған ұжымдағы түрлі жастағы ғалымдарға және дәрежесіне сүйенеді. Ғылыми мектептер уақытта өзгертін феномен екенін ескерген жөн. Түрлі кезеңде бірінші орынға ғылыми мектептің түрлі белгілері шығады. Тарих ғылымында ғылыми мектептер ХІХ ғ. басында қалыптасты, бұл кезде ғылыми шығармашылық жекеден ұжымдық түрге біртіндеп өтті.

Кеңес Нұрпейісовтың Алашқа қатысты тарихи ғылыми мектебінің қалыптасқан. Өзі ғылыми жетекші болған, одан тағылым алған шәкірттері осы мектепте шыңдалды. Атап айтқанда, тарих ғылымдарының докторлары Қойгелдиев М.К., Омарбеков Т.О., т.б. Қазіргі кезде осындай шәкірттерінің де мектептері, ғылыми тұжырымдамалары, ұстанған критерийлері мен кредолары бар.

Кеңес Нұрпейісұлы бұл мектепті қалыптастырмас бұрын, өзі Алашты зерттеді, ғылыми еңбектерін шығарды. Кеңес өкіметінің тарихымен айналысты. Көрінген тақырыптың басын шалған жоқ, өмірінің соңына дейін Алаш Іһәм Алашорда деп жүрді. Бүкіл тақырыппен айналысуға адамның бір ғұмыры жетпейді. Алты Алаштың азаматы ретінде Кеңес ағамыздың жарқын өмірі, ғылымдағы жетістіктері, тіпті шәкірттерінің ғылымдағы орны үлкен ғибрат алуға болатынын дәлелдейді.

Өзінің де уақыты Алашорданың 90 жылдығы тұсында тоқтағаны бекер емес.

Табиғат ол кісіге сұлулықты да берген. Келбеті қандай әдемі болса, адамдар арасындағы мінез-құлқы да, сөздері де, қалжыңы да әдемі болатын.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1 Нұрпейісов К. Алаш һәм Алашорда. – Алматы: Ататек, 1995. – 256 б.

2 Ярошевский М.Г. Логика развития науки и научная школа // Школы в науке. - М., 1977.

3 Шаханов А.Н. К проблеме школ в российской исторической науке // Отечественная культура и историческая мысль XVIII–XX веков. Брянск, 2004. - С. 147-195.

4 Шаханов А.Н. Русская историческая наука второй половины XIX — начала XX века. Московский и Петербургский университеты. - М., 2003.

5 Оразалин Н. Алашұлы / Егемен Қазақстан. 2010. 12 наурыз.

6 Алаш қозғалысы: Құжаттар мен материалдар жинағы / ред. К. Нұрпейіс; құраст. Е.М. Грибанова. - Алматы : Ел-шежіре, 2007. - 300 б.

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ – ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚ

А.М. Кенжан¹, М.К. Бұлақбаева²

¹педагогика ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор

Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті

²педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор м.а.

Жалпы педагогика кафедрасының меңгерушісі

(Алматы қ., Қазақстан) E-mail: kenzhan.ay@mail.ru

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» деп аталатын мақаласында еліміздің тірегі болатын басты бағыттарға тоқталды. Сонын ішінде «Таным мен тағылым» деп аталатын екінші бөлімде тарихты түгендеп, келер ұрпаққа қалдырар «Мәдени мұраға» басымдық берілген. Сонымен қатар төртінші бөлімі «Ұлағат пен ұстаным» деп аталып, азаматтық қоғамды дамыту мен саяси реформаларды жалғастыруға арналады. [1]

Елбасымыз Н.Ә. Назарбаев «Қазақстан-2030» бағдарламасында: «біздің жас мемлекетіміз өсіп-жетіліп кемелденеді, біздің балаларымыз бен немерелеріміз онымен бірге ержетеді. Олар өз ұрпағының жауапты да жігерлі, білім өресі биік, денсаулығы мықты өкілдері болады. Олар бабаларының игі дәстүрлерін сақтай отырып, қазіргі заманғы нарықтық экономика жағдайында жұмыс істеуге даяр болады. Олар бейбіт, жылдам өркендеу үстінде күллі әлемге әйгілі, әрі сыйлы өз елінің патриоттары болады. Егер біз адамгершілігі жоғары ел боламыз, өркениетті қоғам боламыз десек, әлемдік деңгейдегі бәсекеге қабілетті мемлекеттердің қатарына жетеміз десек, жас ұрпақтың алдындағы жауапкершілікті күшейтуіміз керек» деген болатын. [2]

Осыған байланысты елімізде жас ұрпаққа білім мен тәрбие берудің жаңа ұлттық моделін жүзеге асыру, жаңа әдіс-тәсілдер мен технология, білім мен тәрбие берудің педагогикалық зерттеулерін қарастырып, ұлттық құндылықтарымызда пайдалану арқылы өз ұлтымыздың асыл қасиетін дәріптейтін білім мен тәрбие берілуі қажет екендігі айқындалды.

Еліміздің болашағы дарынды, білімді, елжанды ұрпақ десек, дарындылық пен білімділікті ұйқастырып, білікті білім мен саналы азамат қалыптастыратын негізгі бағыт – дұрыс тәрбие беру. Ал білікті, саналы ұрпақтың біздің мемлекетімізді әлемдік деңгейде танытатын дара тұлғалар болары анық. Сондықтан, еліміздің жанашыр, елжанды ұрпағын өсіреміз десек, ұлттық тәрбиемізге ерекше көңіл аударымыз қажет. Ұлттық тәрбие ана құрсағынан, сүтінен, әлдиінен басталып, от басы, балабақша, мектеп, жоғарғы оқу орындарында өз жалғасын табуы, яғни бала тәрбиелене отырып білім алуы тиіс. Жаңа ғасырда өз ұлтын сүйген, бірлікте болған халық қана өз тұтастығын сақтап қалады. Өз елінің ұлтжанды, елжанды азаматы ғана өз елінің ұлықтығы мен теңдігі, елдігі үшін еңбек етеді.

Ұлттық сананы жандандыратын феномен ұлттық рух болып табылады. Ұлттық рухтың маңызды қызметтерінің бірі – сол ұлттың тұтас адамзат эволюциясының өн бойындағы орны мен мәртебесін қайта айғақтай түсіп, өзгелерге паш ету арқылы әлеуметтік қорғаныш тетіктерін құру болып табылады. Ол, әсіресе, тұтастай ұлт болмысына қауіп төнген жағдайда, сол ұлттың өзін-өзі жоғалтып алуы мүмкін болатын экстремальды сәттерде күшейе түседі. [3]

Ұлттық сананы қалай қалыптастырамыз?

Инновациялық-технологиялық тәсіл арқылы ұлттық сананы қалыптастыру. Қазіргі күнде ақпараттық кеңістікте әр түрлі қиюласқан идеологиялардың өзіндік ішкі күресі мен тайталасы болып жатыр. Мысалға, қазақ қоғамындағы идеологиялық-ақпараттық кеңістікте: америкаландыру, исламдандыру, қазақтандыру сияқты неше түрлі идеялар билікке таласып келеді және сол арқылы адам санасына айтарлықтай ықпал етуде. Жаһандануды жақтаушылар әр түрлі идеялары арқылы қазақ жастарының санасы мен тіршілігіне әсер ете отырып, олардың бойында тек патриотизм емес, сондай-ақ өз еліне өзінің пайдакүнемлік мүддесі үшін ғана қызмет етуге итермелейді. Сондықтан да, біз инновациялық технологияларды пайдалана отырып, ұлттық сана қалыптастыру жолында ұлттық құндылықтарымызды насихаттауымыз қажет. Бұл жоспарды интернет желілеріне ұлттық құндылықтар мазмұнындағы ақпараттар салу арқылы іске асыра аламыз.

Терапиялық тәсіл арқылы ұлттық сананы қалыптастыру. Ұлттық идеологияны санаға сіңірумен шұғылданғанда, санадағы ескі мен жаңа арасындағы қайшылықтар ескерілмейді. Қазақ халқы талай уақыт бойы өзге елдің отары болғандықтан, халық санасында құлдық психология қалыптасып қалған. Мәселен, қазақша қанағаттанарлық деңгейде ғана сөйлеп, кейбір сөздердің

қазақша мағынасын ұмытып барып еске түсіру – мақтаныш, орыс тілін жетік меңгермеудің – кемістік екендігі туралы психология – құлдық сананың сарқыншақтары болып табылады.

Рационалдандыру тәсілі арқылы ұлттық сананы қалыптастыру. Бұл тәсілде қазақтың ұлттық болмысының ешбір ұлттан кем түспейтін, тіпті басымдылық жақтарын ашып көрсету жүзеге асады. Ұлттық құндылықтардың өмірлік-мәнділік маңызын ашып көрсетіп, оны өзге де ұлттардың құндылықтарымен салыстырып барып, артықшылықтарымен қазақ болмысына табиғи тұрғыдан сәйкестігін, тіпті одан ажырауға болмайтындығын ғылыми дәлелдеумен ұштасуы тиіс.

Ұмыт болған қасиеттілігін қайта қалпына келтіру тәсілі арқылы ұлттық сананы қалыптастыру. Жас ұрпаққа ұлттық идеяның құрылымындағы элементтердің әрбіреуінің қастерлігін, қасиеттілігін ұғындыру қажет. Ұлттық құндылықтарымыздың әрқайсысы мен әрбір элементі тылсым қуатты және сиқырлы ықпалды болып келетін құрылым екендігін көпшілікке ұғындыру – ұлттық идеяны қуаттау мен мойындауға алып келетін тиімді қадамдардың бірі болып табылады.[4]

Бұл тәсілдер «неліктен ұрпақтардың санасына ұлттық идеяның сіңірілу дәрежесі төмен, оны қайтсек күшейте аламыз» деген сауалға жауап беруге ұмтылған жалпылама әдіснамалық бағдар болып табылады.

Қазақтың көрнекті зиялысы Міржақып Дулатов: «Жас өркендерді жерге шырылдап түскен кезден есейіп, есі кіріп болғанға дейінгі аралықта ана тілінің уызына жарытып қана қоймай, олардың ұлттық рухпен, салт-дәстүр, әдет-ғұрыптан мейлінше сусындауына ерекше көңіл аудару қажет» демекші жас ұрпаққа ұлттық тәрбие беруде халық тәрбиесінің орны ерекше, сондықтан да ұлттық тәрбиеге көп көңіл бөлуіміз қажет. [5]

Ұлттық санасы ояу ғана адамның өз елінің шын жанашыры екені белгілі. Әрбір жүрегі елім деп соққан адамның өзінің халқына, тіліне деген ерекше сезімі болатыны сөзсіз. Халқымыздың халықтығының басты белгісі – тілі болса, оның көркеюі үшін әлі де талай жұмыстар жасалуы қажет.

Еліміз тәуелсіздігін алғаннан бергі уақытта «Мен қазақтың» деп бас көтергенен бастап, арада екі онжылдықтан аса уақыт өтті. Еліміз көптеген жетістікке, биіктерге жете білді. Халықтың әлеуметтік жағдайы көтеріліп, заң, өнеркәсіп, ғылым, экономика, денсаулық сақтау салалары өз алдына даму үстінде. Қазіргі таңда ұлттық құндылықтарымызды насихаттау негізгі мәселе болып отыр. Бұл мәселені шешуде біз ана тілімізге ерекше мән береміз. Өйткені, тіл – сөйлеу мен ойды жеткізудің құралы болумен қатар, өткенді бүгінгі күнге, ал бүгінгі пайымдарымызды келешекке жеткізу үрдісінде де өте маңызды дәнекерлік міндет атқарып келеді. Қабырғалы ел ата-бабадан мұра болып қалған және қазіргі уақытта жаңа синтезге, жаңа бейнеге, жаңа кейіптерге айналып үлгерген біртұтас зерделі, аңсар-мұратты, ғылыми жетістіктер мен байлықтарды игере алатын құдіретті тіл арқылы ғана мәңгілік тұрақтылығын сақтай алады. Себебі, халық қай деңгейде тілдің бай қоры мен көркемділігін сақтап сөйлейтін болса, соғұрлым өрелі ойлайды; қай деңгейде ойласа, сол тілде сөйлейді.

Қазақ тілі - біздің рухани негізіміз. Біз осы қазақ тілін барлық салада белсенді пайдалана отырып дамытуымыз керек және ұрпақтарымызға бабаларымыздың сандаған буынының тәжірибесінен өтіп, біздің де үйлесімді үлесімізбен толыға түсетін қазіргі тілді мұраға қалдыруға тиіспіз.

Біздің қазақ ұлты басқа ұлттардан өте ерекше. Кең байтақ жерді иеленіп жатқан ұлтымыздың көңілі де кең. Кеңдігі соншалықты, басқа ұлттармен кез-келген жерде оңай сыйысып кете аламыз. Сол тұсымыздың бір кемшілігі бар: ол – басқа ұлттың дегеніне көну, оңай берілу. Ұлттық мүддеге қызмет ету үшін әркім өзгені емес, алдымен өзін қамшылауы тиіс. Яғни, елбасымыз айтқандай, «қазақ қазақпен қазақша сөйлессін. Сонда ғана қазақ тілі барша қазақстандықтардың жаппай қолданыс тіліне айналады».

Ана тіліміздің қолдану аясын кеңейтіп, дамытқаннан кейін ғана жас ұрпақтың бойында ұлттық құндылықтарымызды сіңіре аламыз. Сонда ғана, жастар ұлттық сана, ұлттық тәрбие, ұлттық намыс ұғымдарына жете мән беріп, бойында қалыптастыра алады.

Қазақстан Республикасының Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауының Қазақстанның әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті 50 елдің қатарына кіру стратегиясында белгіленген алтыншы басымдықта «Біз қазақ халқының сан ғасырлық дәстүрін, тілі мен мәдениетін сақтап, түлете береміз. Сонымен қатар ұлтаралық және мәдениетаралық келісімді, біртұтас Қазақстан халқының ілгері дамуын қамтамасыз етеміз» делінген. Жалпыға ортақ осы міндетті іске асыру елімізде қолға алынды. Негізінен, 2004 жылы Қазақстан Республикасының Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың бастамасымен «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы жасалып, ұлттық сананы қалыптастыру әрекеттері сол кезден бастап қолға алынған болатын. Бағдарламаны жүзеге асыру жылдарында тарихқа, археологияға, этнографияға, жаңа энциклопедиялық сөздіктерге

байланысты 537 кітап бір жарым миллионнан астам тиражбен шығарылды. «Қазақ халқының ежелгі заманнан қазіргі кезге дейінгі философиялық мұрасы» болған Қорқыт-атаның айтқан сөздерінен бастап Абай мен Шәкәрімнің көзқарастарымен жалғасатын Ұлы дала ұлдарының философиялық көзқарастары әлемдік гуманистикалық рухани мәдениеттің алтын қазынасы болып саналады.

Ұлттық сананы қалыптастыру бойынша, біздің университетімізде, яғни Қазақ Мемлекеттік Қыздар Педагогикалық Университетінде мынадай іс-шара қолға алынған: “Қазақ аруы” атты жаңа инновациялық оқу бағдарламасы енгізілген. Бұл бағдарламаның басты мақсаты: халқымыздың тарихына айтарлықтай үлес қосқан, тағылымды істері ұрпаққа өнеге тарихи дара тұлға қазақ қыздары мен ардақты аналардың өмірімен таныса отырып, адами абзал қасиеттерінің жиынтық бейнесін сомдау арқылы бүгінгі қазақ қыздарының рухани талғам аясын кеңейту, яғни бойына ұлттық құндылықтарды қалыптастыра отырып, ұлтына деген сүйіспеншілігін ояту. Мұны мен университетіміздің ұлттық сананы қалыптастырудағы қосып жатқан өзіндік үлесі және ерекшелігі деп мақтанышпен айта аламын.

Сондықтан да, өсіп келе жатқан жас ұрпақтың ұлттық санасын қалыптастыруға ерекше мән беру қажет. Сонда ғана өз ана тілінде сөйлейтін; өз халқының мәдениетін, құндылықтарын қадірлей, қастерлей білетін; ынтымағы жарасқан қазақ халқының бағындырмайтын асуы болмасы анық.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» мақаласы. 2021ж
2. Назарбаев Н.Ә. «XXI ғасырдағы білім мен тәрбие беру» республикалық үздік шығармалар жинағы. – Астана, 2001-2002.
3. Аташ Б.М. «Ұлттық идеяны өрістетудің заманауи бағдарлары: теория мен тәжірибе» //Ұлттық Тәрбие журналы. Абай атындағы ҚазҰПУ, №2(22). 2014.
4. Молдабеков Ж. Қазақтану және жаңару философиясы. – Алматы: Қазақ университеті, 2009.
5. Садыкова Д.А., Таяуова С.Ж. «Еліміздің болашағы – елжанды ұрпақ» //Ұлттық Тәрбие журналы. Абай атындағы ҚазҰПУ, №1(21) 2014.
6. www.google.kz; www.zharar.com; Мағжан Жұмабаев, «Мен жастарға сенемін».

ҚАЗАҚСТАНДА ПРЕЗИДЕНТТІК ИНСТИТУТТЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ: КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ РЕФОРМА – МЕМЛЕКЕТТІҢ САЯСИ-ҚҰҚЫҚТЫҚ ДАМУЫНДАҒЫ ЖАҢА ҚАДАМ

К.А. Тулентаева¹, А.Т. Қайпаева²

*¹тарих ғылымдарының кандидаты, доцент
эл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
(Алматы қ., Қазақстан) E-mail: k-abiken@mail.ru*

*²тарих ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор
Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты
(Алматы қ., Қазақстан) E-mail: aina_78@mail.ru*

Аңдатпа: Мақалада Тәуелсіз Қазақстан тарихында жаңа тұрпатты мемлекеттің құрылуы және оның баянды орнығуында сүбелі орын алған санқырлы саяси реформалардың ішіндегі мемлекеттік басқару жүйесі аясына енгізілген өзгерістер мәселесі танымдық бағытта талдауға түседі. Авторлар аталған проблеманы Қазақстанда жүргізілген салиқалы конституциялық эволюция үрдісі тұрғысынан қарастыру арқылы оның құқықтық сипат берген мемлекеттік егемендікке, сөйтіп, одан әрі жаңа тәуелсіз елді конституциялық мемлекеттің өркениетті деңгейіне дейін көтергендігін бағамдайды. ҚР-ның Тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаевтың мемлекеттік басқарудың Ата Заңы негізінде қызмет атқарып отырған тиімді де заманауи жүйесін құрудағы іскер де сындарлы саясатын айғақтайды. Конституциялық реформаның елдің әлеуметтік, экономикалық және саяси тұрғыда жедел жаңғыруының құқықтық тұғырнамасына айналып, республиканың саяси жүйесіне жаңаша мән бергендігін тұжырымдайды.

XX ғасырдың 90-жылдарына қарай Кеңестер Одағында қайта құру үрдісінің жүргізіліп жатқанына қарамастан, келеңсіз құбылыстар еңсерілмеген еді. Мұндай қиын-қыстау жағдайда Қазақстан үшін егемендікті нығайтуға, елдің экономикалық-әлеуметтік және қоғамдық-саяси тұрақтылығына алғышарттар жасайтын және оның дамуын батыл іс-қимылдармен сабақтастыратын жанды саяси құрылымды қалыптастыру қажеттігі күн тәртібіне айналған-ды.

Сөйтіп, Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі Президиумы 1990 жылғы 28 наурызында қаулы қабылдап, құжатқа сәйкес Қазақ КСР-ның Президенті лауазымын құру туралы Заң жобасын дайындау жөніндегі 19 адамнан тұратын комиссия құрылған болатын.

Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі 1990 жылғы 24 сәуірде «Қазақ КСР Президенті қызметін тағайындау және Қазақ КСР Конституциясына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заң қабылдады. Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінде талқылаудан кейін жасырын дауыс беруге қатысқан 335 депутаттың 317-сі Заңды қолдап, соның нәтижесінде бекітілген Қазақ КСР Президенті қызметіне Н.Ә.Назарбаев ұсынылып, Қазақстанның Тұңғыш Президенті болып сайланды.

Қазақстан жағдайында президенттік институттың тартымдылығына күмәнмен қараған көзқарастар да орын теуіп, дауыс берер тұста 18 депутат қарсы болған еді. Бұл қарапайым халықтың қияметті тіршілік қамымен жүрген, сөйтіп, олардың саяси жүйедегі өзгерістер үрдісіне тікелей тартылуына мүмкіндік бермеген тарихи уақыт болатын.

Дегенмен, аталған тарихи оқиғамен байланысты екі мәселені түйіндеуге болады:

- 1) сол кезде жасалған таңдаудың баламасыз дұрыстығын болашақ дәлелдеп берді;
- 2) бұл оқиға елдегі президенттік биліктің бастауы болды деп айтуға негіз бар.

Алайда оны толыққанды президенттік институт деп тану ағаттық болар еді. Себебі біріншіден, Қазақстан КСРО-ның құрамдас бір бөлігі еді және ең бастысы, республика өз тәуелсіздігіне қол жеткізбеген уақыт. Ендеше екіншіден, осыдан түйіндейтін заңдылық – шынайы мәртебесі мен өкілеттігі бар президент туралы ойлаудың өзі артықшылық-тын. Президент Қазақ КСР Президенті емес, тек Қазақ КСР Жоғарғы Кеңес бекіткен Қазақ КСР Президенті қызметіне сайланған тұлға болып есептелді [1, 31-32 б.]. Айырмашылығын түйсініп отырған боларсыз.

Ендеше Қазақстанның алдағы барлық саласындағы бүкіл күрделі даму барысы президенттік институттың дамуымен сабақтаса, қабаттаса, ілесе жүргені бізге мәлім. Президенттік институттың эволюциялық даму жолы бірқатар белестерден, кезеңдерден, асуладан өтті.

1) Қазақ КСР Мемлекеттік егемендігі туралы Декларацияда (1990, 25 қазан) мемлекеттің билік тармақтары, соның ішінде Президенттің жан-жақты болмаса да мәртебесі мен өкілеттігі айқындалды [2, 6-б.].

2) Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің 1991 жылдың 16 қазанында кезектен тыс VI сессиясында «Қазақ КСР Президентінің сайлауы туралы» Заң қабылданды.

3) 1991 жылдың 1 желтоқсанында республикада президенттік сайлау өткізілді. Ел тарихында алғаш рет өткен президенттік сайлау болды және халық дербес өз тарихи таңдауын жасады.

4) Қазақстан Республикасы Президенті 1991 жылдың 10 желтоқсанында ресми қызметіне кірісті және Н.Ә.Назарбаев бірінші кезекте атқарылатын өзекті мәселелерді саралап, ел дамуының басты бағыттарын анықтаған ұстанымдарын халыққа пайымдады. Бұл Тұңғыш Президенттің алғашқы стратегиялық тұжырымдамалары болатын.

5) 1991 жылдың 16 желтоқсанында қазақ халқының ғасырлар бойы аңсаған арманын бекемдеп тұжырымдаған «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» ҚР-ның Конституциялық Заңы қабылданды. Конституциялық Заңға сәйкес Президент мемлекет пен атқарушы биліктің басшысы болып есептелді [3, 10-б.]. Алайда бұл жерде де екі нәрсені назарда ұстаған жөн: 1) Президенттің тікелей және жалпы сайлауда сайлануы арқылы ҚР Жоғарғы Кеңесінен тәуелсіз мәртебеге ие болғанына қарамастан, ол елдің заң шығарушы және жоғарғы өкілетті органын таратуға қауқарсыз еді;

2) ҚР Министрлер кабинеті екіжақты, яғни Жоғарғы Кеңестің және Президенттің алдында жауапты болды, сөйтіп, оларға есеп беру тәртібі сақталып қалды. Бұл президенттік биліктен гөрі, елде парламенттік-президенттік басқару жүйесінің басымдығын байқатты.

6) 1993 жылдың 28 қаңтарында қабылданған ҚР-ның Тұңғыш Конституциясы да мемлекеттік билік тармақтарының арасындағы қарама-қайшылықты тұстарын реттеуде қауқарсыздық танытты.

7) 1993 жылдың аяғынан – 1994 жылдың көктеміне дейін елдің атқарушы органы парламентсіз қызмет етті.

8) 1994 - 1995 жылдар Қазақстандық парламентаризм тарихындағы төтенше кезең болып табылады.

9) 1995 жылдың наурызынан желтоқсан айына дейін Қазақстанда заңды сайланған заң шығарушы өкімет болмады. Елде Президенттің жеке билігі орнады.

10) Сонымен, ұзақ-сонар пікірталастарды артқа тастап, түйткілді мәселелер ҚР 1995 жылығы 30 тамызындағы бүгінгі әрекет етіп отырған ҚР-ның Конституциясында шешімін тапты; қос палаталы Парламент құру, күрделі өтпелі тарихи кезеңге қатысты сындарлы саясат ұстанып, президенттік нысандағы мемлекеттік құрылымға таңдау жасалды [4,15-б.].

11) ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаев мемлекеттің экономикалық-әлеуметтік саласында нақты да айқын, түбегейлі де бетбұрыстық батыл қайта құруларымен қатар, саяси жүйені демократияландыру арқылы жаңару жолына түсіру мақсатында 1998, 2004-2005, 2007-2008, 2011 жылдары Республика Конституциясы мен кейбір заңдарға тиісті өзгертулер мен толықтырулар енгізген болатын.

Елбасы бастан кешіріп отырған сын сағаттарда, тұрлаусыз өтпелі кезеңде президенттік нысандағы мемлекеттің заңдылық екендігін және қиындықтарды еңсеріп тұрақтылықтан өршіл дамуға екпін жасаған тұста Президент өкілеттігінің бірқатары Парламентке өтетіндігін тынбай айтумен келген-ді.

Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 25 жылдығына арналған салтанатты жиында (2016, 15 желтоқсан) мемлекеттік билік мәселесіне де тоқталып, өзекті тұжырымын ортаға салған болатын: «...Мемлекет дамуының жаңа сатысы елдегі істердің жағдайы үшін Парламент пен Үкіметтің жауапкершілігін күшейту мәселесін күн тәртібіне қойып отыр. Қазақстан біздің Конституциямызда көрсетілгендей, президенттік басқару формасындағы мемлекет болған, қазір де солай және алда да солай бола береді. Сонымен бірге, өкілеттіліктерді Президент, Үкімет және Парламент арасында бөліске салу мәселесін қарайтын уақыт та келді. Арнайы комиссия осы мәселелерді зерттеп, тиісті заңдарға, мүмкін Конституцияға да өзгерістер енгізу туралы ұсыныс енгізуі тиіс» [5, 3-б.].

Сөйтіп, елде 12 адамнан тұрған мемлекеттік билік тармақтары арасында өкілеттіктерді қайта қарау мәселелері жөніндегі жұмыс тобы құрылып, Заң жобасын әзірледі.

Сонымен, ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаев 2017 жылдың 25 қаңтарында республикалық телеарна эфирінен Қазақстан халқына мемлекеттік билік тармақтары арасында өкілеттіктерді қайта бөлу туралы Үндеуін жариялады.

Елбасы Үндеуінде «Қазір заманның дидары өзгерді. Біз де өзгеруге тиіспіз. Сол себепті, мемлекеттің басқару жүйесін де жаңғыртатын кез келді», - дей отырып, келелі мәселе туралы сындарлы тұжырымдарын жасады: «...Реформа екі негізгі бағыт бойынша іске асады. Біріншіден, Президенттің әлеуметтік-экономикалық процестерді реттеудегі біршама өкілеттіктерін Үкіметке және басқа да атқарушы органдарға берген жөн. Сонда бұл салаға Үкімет, министрліктер және әкімдіктер толықтай жауап беретін болады. ...Екіншіден, одан да күрделі міндет – билік тармақтары арасындағы қарым-қатынасты конституциялық деңгейде теңгерімді ету. ...Мен Президент ие өкілеттіктердің айтарлықтай бөлігін беруге саналы түрде барып отырмын. Мен мұны жалғыз ғана мақсатпен – елді басқарудың неғұрлым тиімді, орнықты, заманауи жүйесін құру үшін жасап отырмын ...» [6, 1-б.].

Елдің Негізгі Заңына ұсынылған өзгерістер жобасының бүкілхалықтық талқылауын бағамдау, сөйтіп, оны жүйелеу мақсатымен шақырылған Парламент палаталарының біріккен отырысының күн тәртібіне «Қазақстан Республикасының Конституциясына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заң жобасы шығарылды. Алқалы жиынның беташарында ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаев саяси жаңғырудың тетіктерін саралап берді: «Біріншіден, жаңа Заң Парламенттің мемлекеттік істердегі, соның ішінде Үкіметті жасақтаудағы рөлін айтарлықтай күшейтеді. Екіншіден, экономиканы тікелей басқару жөніндегі өкілеттіктер берілетін Үкіметтің дербестігі артады. Үшіншіден, құқық қорғау және сот жүйесінің конституциялық негізі жаңғыртылады. Заңдардың сақталуын жоғары деңгейде бақылау, сотта мемлекет мүддесін қорғау жайын қарастыратын прокуратура қызметінің базалық негіздері қаланды. Төртіншіден, конституциялық бақылау жүйесі нығая түседі. Бесіншіден, Тәуелсіздігіміздің, біртұтастығымыздың, аумақтық тұтастық пен басқару нысанының өзгермейтініне конституциялық деңгейде берілетін кепілдік бекемдене түседі» [7, 1-б.]. Қос парламенттің бірлескен отырысында Заң жобасы бірінші оқылымда мақұлданды.

2017 жылдың 26 қаңтарында «ҚР Конституциясына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР Заң жобасының мәтіні «Егемен Қазақстан» газетінде берілді [6, 3-бет]. Жаңа Заң жобасы бүкілхалықтық талқылауға түсіп, 26 қаңтардан 26 ақпан аралығына дейін созылған-ды.

Заң жобасын саяси партиялар, қоғамдық ұйымдар мен қоғам қайраткерлері талқылаған 2 мыңнан аса республикалық деңгейде басқосу болып өтті. Елдің ғылыми-шығармашылық ұжымдары да бұл үрдіске үн қосып, ой-пікірлері мен ұсыныстары білдірілген 50-ден астам шара жүргізді. Жалпы өңірлерде конституциялық реформаға қатысты 10 мыңға жуық іс-шара болып, оған 2 миллионнан астам Қазақстан азаматы атсалысқан.

Заң жобасын екі оқылымда талқылаған ҚР Парламенті 2017 жылдың 6 наурызында «Қазақстан Республикасының Конституциясына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР-ның Заңын қабылдады. Басқаша айтсақ, Парламенттің бірлескен отырысында маңызды құжат заңдастырылды.

Парламент қабылдаған Заң ҚР Президентіне тапсырылған кезде, Н.Ә.Назарбаев Конституциялық Кеңеске ұсынылып отырған Заңның ҚР Конституциясына, онда белгіленген құндылықтарға және елдің мемлекет қызметінің түбегейлі принциптеріне, оны басқару нысанына сәйкестігіне тексеру туралы өтініш жолдады. Конституциялық Кеңес жаңа Заңның ҚР Конституциясына сәйкес келетінін және басқару институттары мен құндылықтарға нұқсан келтірмейтінін растады.

Міне, осындай қағидаттар ретімен заңды түрде орындалған уақыттан кейін, ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаев 2017 жылдың 10 наурызында «ҚР Конституциясына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңына қол қойды. Заң күшіне енді.

Заңда белгіленген өзгерістер мен толықтырулар президент құзырында болған қандай өкілеттіктер парламентке берілді?

- Елбасының бастамасымен ҚР Конституциясы 73-бабының 4- тармағы алынып тасталды. Бұл не тармақ? Мұнда ҚР Президентінің Конституциялық Кеңес шешімдеріне қарсылық білдіру құқығы және оларды қараудың тәртібі мен салдарын реттеу қарастырылған еді. Ендеше бұл шешім Конституциялық Кеңестің мәртебесін күшейтуге бағытталған және оған жоғары сенім артып, оның қызметіне үлкен талап пен зор жауапкершілік жүктейді.

- ҚР Президентігіне ұсынатын кандидаттарға жоғары білімі болуы міндеттілігі талабы күшейтілді (Заңның 1-бабы, 5-тармағы).

- Заңның 49-бабының 3-тармағы аса маңызды ереже болып табылады: «Парламент – ҚР-ның заң шығару билігін жүзеге асыратын Республиканың ең жоғары өкілді органы»; бұған дейін ҚР Конституциясы 49-бабы 1-тармағына сәйкес, «Паламент- ҚР-ның заң шығарушы органы» анықтамасы берілген болатын.

Мұнда Президенттің бірқатар өкілеттіктерден бас тартуы нақтыланған:

1) Мемлекет басшысының Заңдар, Заң күші бар Жарлықтар шығару (ҚР Конституциясының 45-бабы, 2-тармағы);

2) Парламент оларды өзіне берген жағдайда Заң шығару өкілеттіктерін жүзеге асыру (ҚР Конституциясының 61-бабы, 2-тармағы);

3) Үкіметке Заң жобасын Парламент Мәжілісіне енгізуді тапсыру (ҚР Конституциясының 44-бабы, 3-тармағы).

Дегенмен, Президенттің Заңдар жобаларын қараудың басымдығын белгілеуге құқығы сақталды, яғни олардың бірінші кезектегі тәртіппен екі ай ішінде қабылдануға тиістігі негізделді.

Нақтылай түссек, халық пен мемлекеттің атынан билік жүргізу құқығы ҚР Президентіне және конституциялық өкілеттіктері шегінде ҚР Парламентіне тиесілі.

- ҚР Парламенті Мәжілісінің Үкімет құрамын жасақтаудағы рөлі кеңейтілді; демек, Премьер-Министр Үкімет мүшелері кандидатураларын алдымен Парламент мәжілісінде ауқымды кеңесулерден өткізіп барып, Мемлекет басшысына ұсыныс енгізетін болады.

Алайда елдің ішкі және сыртқы қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатымен сыртқы істер, қорғаныс және ішкі істер министрлері лауазымы қызметтеріне азаматтарды өзі дербес тағайындау және босату құқығы Президент құзырына берілді (44-бап, 3-тармақшасы).

- Ел Парламентінің Үкіметті жасақтауға қатысуымен сабақтасқан екі жаңа ереже заңдастырылды:

1) Парламенттің жаңа құрамы сайланған жағдайда, Үкімет құрамы да қайтадан жасақталатын болды;

2) Үкімет мүшелерінің Парламент палаталары алдында есеп беретіндігі белгілі. Алайда тыңдау қорытындысы бойынша Республика Заңдарын орындамағандығына қатысты мәселе туындаған жағдайда, Палата депутаттары жалпы санының кемінде үштен екі дауысымен оны қызметінен босату туралы ҚР Президентіне өтініш жасау құқығы берілді. Сөйтіп, Мемлекет басшысы сол азаматты қызметінен аластатады.

Көріп отырғанымыздай, өзі құруға атсалысқан Парламент де Үкіметтің кәсіпқойлығы мен іскерлігіне аса зор жауаптылық танытпақ.

Президент құзырында болған қандай өкілеттіктер үкіметке берілді?

1) мемлекеттік бағдарламаларды бекіту. Демек, ендігі жерде Үкімет елдің әлеуметтік-экономикалық дамуының маңызды бағыттарының іске асырылуын мойнына алады, басқаша айтсақ, стратегиялық құжаттарды өздері әзірлеп, оның толықтай орындалуына тікелей жауапты болмақ. Ендеше бұл маңызды ереже Үкіметтің жауапкершілігіне ғана сын емес, оның қызмет, іс-қимылының тиімділігін арттыруға бірден-бір ықпал етпек.

2) мемлекеттік бюджет есебіндегі барлық органдарды қаржыландыру және олардың қызметкерлеріне еңбекақы төлеудің бірыңғай жүйесін бекіту. Үкімет жоғарыдағы екі өкілеттікті Мемлекет басшысымен келісіп шешеді.

Жаңа Заңның қабылдануына қатысты түйін жасасақ; біріншіден, егер 30 өркениетті мемлекеттер қатарынан орын алу үшін заман талабына сай батыл қадам жасалу керектігін дер кезінде Елбасының тағылымдауы болып табылады. Сөйтіп, Мемлекет басшысы Конституцияның қоғамдық қатынастарды түбегейлі реттейтін ең жоғары саяси-құқықтық акт екендігін ғана емес, оның өміршендігін қамтамасыз ету үшін жаһандық сын-қатерлерге және мемлекет дамуының қажеттігіне сәйкес оны одан әрі жетілдіріп отырудың керектігін айғақтады. Екіншіден, ҚР Президентінің төмендегі тұжырымы Қазақстанның жарқын болашағына жеткізер даңғыл жолын айқындайды: «Реформалар бағдарламасы – бұл Қазақстан қай бағытта барады деген сұраққа біздің жауабымыз. Жауап айқын әрі дәйекті – демократиялық даму жолына».

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Қазақстан Республикасының жаңа Заңдары. / Құраст. Ф.Т.Бейсенбина. Алматы: Қазақстан Республикасы Әділет мин-н редакциялық-баспа бөлімі, 1992.-264 б.
- 2 Қазақ Советтік Социалистік Республикасының мемлекеттік егемендігі туралы Декларациясы – Декларация о государственном суверенитете Казахской Советской Социалистической Республики. – Алма-Ата: Казахстан, 1991. - 16 с.
- 3 Қазақстан Республикасының тәуелсіздігіне 10 жыл. (Заң актілерінің жинағы) – 10 лет независимости Республики Казахстан. (Сборник законодательных актов). – Алматы: Жеті жарғы, 2001. - 760 бет.
- 4 Қазақстан Республикасының Конституциясы – Алматы: «Қазақстан», 1995 – 48 бет.
- 5 Назарбаев Н.Ә. Ұлы Даладағы мыңжылдық тарихтың жаңа дәуірі – Егемен Қазақстан. – № 242 (28970). – 16 желтоқсан. – 2016. – 16 бет.
- 6 Назарбаев Н.Ә. Қазақстан Республикасы Президентінің билік тармақтары арасында өкілеттіктерді қайта бөлу мәселелері жөніндегі ҮНДЕҮІ – Егемен Қазақстан. – №17 (28998). – 26 қаңтар. – 2017. – 12 бет.
- 7 Конституциялық реформалар – заман талабына берілген лайықты жауап – Егемен Қазақстан. – №45 (29026). – 4 наурыз. – 2017. – 8 бет.

ЭМИГРАЦИЯДАҒЫ ТҮРКІ ЗИЯЛЫЛАРЫНЫҢ АРХИВТЕРІН ЖИНАҚТАУ МӘСЕЛЕЛЕРІ: ҚАЗАҚСТАН АРХИВТЕРІ ТӘЖІРИБЕСІНЕН

Исахан Ғазиза Тұрмағанбетқызы

Нұр-Сұлтан қаласы мемлекеттік архивінің Ғылыми зерттеу бөлімінің жетекшісі

(Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан) E-mail: isakhang@bk.ru

«Халықты ұлт деңгейіне көтеру, яғни жері, суы, қазынасы, тілі мен діні бір болған халық бұқарасын бірлестіріп, олардың санасын біртұтас саяси, әлеуметтік, ұлттық санаға жеткізуде ұлы тарихи міндеттің маңызды бір бөлігі зиялыларға жүктеледі»

Мұстафа ШОҚАЙ

Архивтер – адамзаттың ғасырлар бойы жинақталған тарихи жады, бүгінгі де, ертеңі де ұрпақтар мүддесіне қызмет ететін мәңгілік мұра. Кеңестік билік тұсында қазақ халқының өткен тарихының талай кезеңі, аумалы-төкпелі оқиғалары, олардың себеп-салдары, елі үшін, жері үшін жан пида тірлік кешкен даңғайыр тұлғалар, хандар мен билер, батырлар, ғұламалар, репрессия құрбандары және тағы басқалар жайында көп нәрсе күңгірт, «жабулы қазан жабулы» күйде келгені, тіпті оларды халық жадынан мүлде өшіру әрекеттері болғаны бәрімізге мәлім.

Еліміздің егемендікке қол жеткізуі өткеніңе үңіліп, ұмытылған тарихымызды екшеп-таразылауға, ақиқатын ашып, әділетті қалпына келтіруге серпіліс берді. Уақыт талабы архив қызметкерлеріне де үлкен міндет жүктеді. Бұрынғы Орталықтың бұйрығын күтіп, бұйығы тіршілік кешудің заманы өтті.

Бүгінде Тәуелсіз елдің архиві де тәуелсіз.

Сол кезеңде Қазақстан Республикасы министрлер Кабинеті жанындағы Архивтер мен құжаттама Бас басқармасының басшысы С. Байжанов республикалық «Алаш-мирас» тарих-архив қоғамын құрып, еліміздің арғы-бергі тарихын, бастан кешкен шиыр-шырғаландары мен белестерін, ел-жұртымыздың даңқты ұл-қыздары мен тарихи тұлғаларының тәлей-тағдыры жайлы архив құжаттарын жариялауға бастамашы болды.

Ғылыми редакцияны Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым академиясының корреспондент-мүшесі, тарих ғылымының докторы, профессор Кеңес Нұрпейіс басқарды.

ҚР Орталық мемлекеттік архив директоры М.Ж. Хасанаев 90-жылдардың басында Қазақстан «Әділет» тарихи-ағарту қоғамын құруға атсалысып, сонымен қатар, «Жаппай саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау туралы» заңды іске асыру мақсатында жаппай қуғын-сүргіндерді қолдануға және адам құқығына қол сұғуға негіз болған заң актілерін, үкімет, партия және басқа органдардың шешімдерін, сондай-ақ құрамында М.Қозыбаев, О.Сүлейменов, Ш.Уәлиханов, С.Байжанов, С.Жандосов бар ведомстволық актілерді құпиясыздандыру жөніндегі ведомствоаралық комиссияның мүшесі ретінде талай игі істердің қозғаушысы, қолдаушысы болды.

Осы кезеңде архив ісі, оның мемлекеттік жүйеде алар орнын, атқарар міндеттері мен құқықтарын, қандай нысанамен қай бағытта жұмыс жасауы керек, кімдерге бағынады, қандай талаптар қойылады деген мәселелердің бәрін заң жүзінде дәйектеп, нақты құжаттардың қаз-қалпында сақталуына, ұрпақтарға тарихи мирас болуына жағдай жасау мақсатында Қазақстан Республикасының «Ұлттық архив қоры және архивтер туралы» заңы әзірленді. Заң жан-жақты талқыланып, енді қабылданады дегенде бірде Жоғарғы кеңес, бірде Бас басқарма таратылып, тек 1998 жылы 22 желтоқсанда ғана ресми құжатқа қол қойылды.

Архив ісін мемлекеттік басқарудың заңдастырылуы нәтижесінде, 1999 жылы мамыр айында еліміздің архивтерін басқару органы – Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінің Мұрағаттар мен құжаттаманы басқару жөніндегі комитетінің құрылуы, облыстардың, Астана, Алматы қалаларында архив басқармаларының (бөлімдері) қайта қалпына келтірілуі барысында архив жүйесін сақтауға, архив мамандарының, архив ісінің мәртебесін көтеруге қол жеткізілді.

Қазақстан аймағын төңкеріске дейінгі және кеңестік кезеңдерге тән басқаруды ұйымдастырудың өзіндік ерекшеліктеріне байланысты тарихи құжаттардың елеулі бөлігі шектес мемлекеттердің әртүрлі мұрағаттық мекемелерінде қалғандығын және Қазақстан тарихының жекелеген фрагменттері алыс шетелдердің (Қытай, Иран, Үндістан, Германия, Түркия, Франция, т.б.) мұрағаттары мен ғылыми мекемелерінде сақталғандығын ескере отырып, шетел мемлекеттері мұрағаттары мен ғылыми мекемелерінен Қазақстан тарихына қатысты Қазақстан Республикасы үшін тарихи және мәдени құндылығы бар құжаттарды іздестіру және көшірмелерін алу жұмыстары алғаш рет жоспарлы түрде жүргізіле бастады. Кейін бұл жоба «Мәдени мұра», «Халық тарих толқынында» мемлекеттік бағдарламалары аясында жалғасты.

Тәуелсіз елдің тарихын төл топырағынан шыққан тарихшысы ғана шындық тілімен жазатыны мәлім. Пірі – халқы, сүйенері – архив. Кеңестік дәуірде мемлекеттік мұрағаттарда Қазақстан тарихының көкейтесті мәселелеріне қатысты репрезентативтік дерек көзінің толық болмауы және қалыптасқан саясат әсері отандық тарих ғылымының мүмкіндігін шектеп, толыққанды ғылыми зерттеулерге бөгет болды. Ғылыми зерттеулер аясын кеңейту мақсатында Ұлттық архив қорын толықтыру мынадай бағыттарда жүргізілді: *біріншіден*, түрлі себептермен шет елдерде сақталған Қазақстан аумағындағы мемлекеттік құрылымдардың ресми құжаттары; *екіншіден*, түрлі уақытта Қазақстан аумағында жасалған, бірақ шетел азаматтарының қолындағы жеке тектік құжаттар; *үшіншіден*, Қазақстан тарихына қатысты шетел қоймаларындағы архив деректерінің жиынтығы; *төртіншіден*, отандастарымыздың (қазақ диаспорасы) шетелдердегі ұйымдарының қызметі нәтижесінде жинақталған деректер; *бесіншіден*, отандастарымыздың шет елдердегі өмірі мен қызметіне қатысты жинақталған архивтік жеке тектік құжаттары.

Қазақстанның тарих ғылымы тәуелсіздік жылдары түбегейлі өзгеріске ұшырады, кеңестік ресми билік тарапынан тыйым салынып келген тарихымыздың «ақтаңдақ беттері» қайта қаралды, зерттеушілер назарынан тыс қалған немесе айтуға болмайтын мәселелер көтерілді. Сондай мәселелердің бірі – большевиктердің отарлаушы саясатына қарсы ұлт-азаттық қозғалысында үлкен мәні бар түрікшілдік немесе тұтас Түркістан идеясы және ол үшін күрескен қайраткерлер туралы айтылып, жан-жақты зерттеле бастады. Түрік халықтары бірлігі арманын пір тұтып кеңес үкіметінің таптық идеяларын қабылдаудан саналы түрде бас тартып, шетелге кеткен түркістандық қайраткерлердің эмиграциядағы саяси қызметі жалпы кеңестік тарих ғылымында біржақты болғаны белгілі.

XX ғ. 20-шы жылдарында шетелге эмиграцияға кеткен түрік зиялыларының өмірі мен қызметі туралы зерттеулер, түркі зиялыларының еңбектерінің жариялануы ұлттың жадын жаңғыртуға мол мүмкіндік берді (Нұрпейісов. 1995). Қазақстанда бұл тақырып саяси эмигранттардың ішіндегі ірі тұлға М. Шоқайдың есімімен тікелей байланысты.

2001 жылы Тәуелсіздіктің 10 жылдық мерекесінде Қазақстан Республикасы Үкіметінің қолдауымен М. Шоқай архивінің (Франция) микрофильмдері Ұлттық архив қорына қосылды (ҚР ОМА. № 2300 қор, С I тізімдеме).

Бұл архивті М. Шоқайдың жары Мария Яковлевна 1953 жылы қазіргі «Жаңа Сорбонна – Париж III» университетінің Шығыс тілдері мен өркениеттері институтының университетаралық кітапханасына тапсырады.

М. Шоқайдың архивінде мақалалары, татар, әзірбайжан, грузин, башқұрт, өзбек, армян, осетин т.б. халықтардың эмиграциядағы өкілдерімен жазысқан хаттары, эмиграциядағы түрлі партиялар мен ұйымдар туралы, Украина, Кавказ, Түркістан және Еділ-Орал халықтарының ұлт-азаттық күресіне қатысты материалдар, неміс лагерьлеріндегі түркістандық әскери тұтқындар тізімі, олардың М. Шоқайға жазған тілхаттары жинақталған. Сорбоннадағы бұл архив шоқайтану бағытының деректемелік негізін қалайды (BIBLIOTHÈQUE).

Архивтер мен құжаттаманы басқару жөніндегі уәкілетті органның ұйымдастыруымен 2004-2005 жылдары демеушілер қаржысына Ұлыбританиялық коллекционер М. Басхановтан «Яш Түркістан» журналының 1931-1936 жылдар аралығындағы 67 түпнұсқа нөмірі сатып алынды (ҚР ОМА. № 2362 қор. 4 тізімдеме), сонымен қатар, «Яш Түркістан» журналының толық көшірмесі (117 саны), Надир Даулеттің «Ресей түріктерінің ұлт-азаттық күрес тарихы: 1905-1917 жылдар» (түрік тілінде) кітабының көшірмесі, т.б. құнды кітаптар Түркияның ISAM кітапханасынан алынды. Ұлттық архив қорына түркиялық қазақ ғалымы Әбдіуақап Қара 1927-1931 жылдар аралығындағы «Иени Түркістан» журналының толық нұсқасының көшірмелерін сыйлады (ҚР ОМА. № 2362 қор. 3 тізімдеме).

«Яш Түркістанның» бес жылдығына (1934 ж.) орай жазған мақаласында М. Шоқай: «Қазір «Яш Түркістанды» оқымайтын Түркістан эмиграциясының бірде-бір ошағы жоқ. Араб елдерінен, Түркиядан, Персиядан, Үндістаннан, Ауғанстаннан, Қытайдан, Қиыр Шығыстан және басқа да елдерден түсіп жатқан хаттар «Яш Түркістанның» таралым ауқымына, оған үлкен құрметпен қарайтынына толық дәлел бола алады», - дейді (Шоқай, 2013: 446 б.).

Яғни М. Шоқайға қатысты деректер әлемнің түкпір-түкпірінен табылары сөзсіз.

М. Шоқай тек қазақ халқы емес, өзбек, қырғыз, тәжік, түркмен, әзербайжан, грузин және басқа бодан халықтардың бостандығы үшін күрескен тұлға. Оның өмірі мен қызметіне, эмиграциядағы түркі зиялыларының өмірі мен қызметіне қатысты құжаттарды іздестіру жұмыстары Өзбекстан, Ресей Германия, Венгрия, АҚШ, Польша, Түркия мемлекеттерінің архивтері мен ғылыми мекемелерінде жүргізілді.

Өзбекстан Республикасының Орталық мемлекеттік архивінен (Ташкент) М. Шоқайдың Ташкент ерлер гимназиясында оқуы, Ақпан революциясынан кейін Ташкентке оралуы, түрлі саяси күштермен қарым-қатынасы туралы жекелеген құжаттардың көшірмесі ҚР Ұлттық архиві мен Жамбыл, Оңтүстік Қазақстан облыстарының мемлекеттік архивіне алынды (Оңтүстік Қазақстан облысының ММ. № 1169 қор. 11 тізімдеме).

Ресей мемлекеттік тарихи архивінде (ҚР ОММ. № 2300 қор. 14 тізімдеме) (РГИА, Санкт-Петербург), Ресей мемлекеттік әскери архивінде (Ақпараттық анықтамалық) (РГВА, Мәскеу), Санкт-Петербург қаласының тарихи архивінде (Ақпараттық анықтамалық), РФ Мемлекеттік архивінде (ГАРФ, Мәскеу) М. Шоқайдың Санкт-Петербург университетінде оқуы, түрік жастарының шерулеріне қатысуы, Мемлекеттік Думаның Мұсылман фракциясы жанындағы Бюро жұмысына араласуы, эмиграциядағы қызметі туралы құжаттар анықталды, тізімі жасалып, жекелеген құжаттардың көшірмелері алынды.

Германия Федеративтік Республикасындағы Сыртқы істер министрлігінің Саяси архивінде, Федеральдық әскери архиві және Федеральдық архивінде Герман өкіметінің Түркістанның саяси және экономикалық жағдайы, Ресей империясындағы мұсылман халықтардың азаттық күресі, түркі-мұсылман эмигранттарының өкілдері: Эмин Расул-заде, Мұстафа Шоқай, Гаяз Исхаки, Рашид Рахмати, Зеки Валиди, Сеид Ахмад туралы мәліметтер анықталды (Politisches Archiv).

Будапешттегі Орталық еуропалық университеттің Ашық қоғам архивінен (Венгрия) «Азат Еуропа», «Би-би-си» (BBC), «Америка дауысы» радиолары кеңестік жүйе, ұлттар мәселесі, т.б. тақырыптар бойынша берілген хабарлар мәтіні, зерттеу бөлімінің ғылыми қызметкерлері жүргізген зерттеулері, шетел баспасөзіндегі мақалалар (Ақпараттық анықтамалық) анықталып, көшірмелері алынды.

Іздестіру нәтижелері бойынша Түркия Республикасының Республика архивінен, Тарих құрылымы архивінен Түркияда жарық көрген Қазақстанға қатысты ғылыми мақалалар мен кітаптардың тізімі, Түркістандық мұғажырлардың өмір тарихына қатысты деректер, қоныс аударған қазақтар, Түркістаннан келген қажылар, Түркістан, Каспий және Жетісу әскерлеріне қатысты және басқа 238 парақ құжат алынды.

«Түрік әлемі зерттеулері қорынан», «Аяз Тахир Түркістан Еділ Орал қорынан», Баймырза Хайт кітапханасынан Қазақстан тарапына 26 кітап, 28 журнал сыйға тартылды.

Түркияға келген алғашқы қазақтардың мекені болған Ниде облысының Ұлықшыла ауданындағы Алтай ауылынан қазақтар көшіне қатысты жалпы саны 2 қолжазба, 43 фотосурет, 3

бейне көрініс алынды. Түркияда тұратын қазақтар қорын біраз жыл басқарған Сыдықхан Ұлычай 5 кітап, 6 журнал, 1 қолжазбаны сыйға тартты. Олардың арасында Мария Шоқай естеліктерінің түрік тіліндегі нұсқасы; «Иеңі Түркістан» журналының 6 саны (түпнұсқа даналары), Ахмед Заки Валидидің «Түркістан жағрафия тарихы» дәрістер жиынтығының қолжазбасы бар. Түркия деректері Қазақстан Республикасының Ұлттық архивінде сақтаулы (Қазақстан Республикасының Ұлттық архиві. №83 қор. 1 тізімдеме).

АҚШ-ындағы Соғыс, революция және бейбітшілік жөніндегі Гувер институтының архивінен (Стэнфорд қ. Колумбия штаты) 1917-1918 жылғы азамат соғысына, екінші дүниежүзілік соғыс кезіндегі әскери тұтқындарға қатысты құжаттардың 112 парақ көшірмесі Қазақстан Республикасының Ұлттық архивіне сақтауға берілді (Қазақстан Республикасының Ұлттық архиві. №83 қор. 1 тізімдеме).

Польша Республикасы Қорғаныс министрлігіне қарайтын Болеслав Валигори атындағы Орталық Әскери архивінде, Жаңа актілер архивінде жүргізілген жұмыс нәтижесінде ХХ ғасырдың 20-30 жылдары қуғын-сүргінге ұшыраған халықтардың Еуропаны паналаған өкілдерінің саяси қызметін үйлестіріп отырған «Прометей» Лигасының құжаттары анықталды. Әскери архивтен эмиграциядағы Мұстафа Шоқайдың қызметі, «Түркістан Ұлттық бірлігі» ұйымына қатысты құнды құжаттардың көшірмесі (605 парақ) алынып, Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік архивіне сақтауға берілді (CENTRALNE ARCHIWUM).

2010 жылы 8 шілдеде «ТҮРКСОЙ» Халықаралық түрік мәдениеті ұйымының Бас хатшысы Д. Қасейіновтің ұйымдастыруымен Түркия азаматы Музаффер Акчора ҚР Орталық мемлекеттік архивіне М. Шоқайдың 6 мақаласы, жеке басына, қызметіне қатысты 10 құжат пен Солтүстік Кавказ, Әзербайжан, Армения, Грузия Ұлттық бірлестіктері өкілдерімен жазысқан 93 хатын сыйға тартты (КРОМА).

Башқұртстан Республикасының Орталық мемлекеттік архивінен Валидов Ахмедзаки Ахмедшаховичтің (Заки Уалиди) (1890-1970) жеке архив қоры анықталды, жекелеген хаттарының көшірмесі Нұр-Сұлтан қаласының мемлекеттік архивінің қорына алынған (Нұр-Сұлтан қаласы мемлекеттік архиві. №430 қор, 11 тізімдеме).

Мысыр сапарынан әлемдік деңгейде танымал болған тегі қазақ, атақты энциклопедист ғалым, ориенталист, библиограф, Ата-түрік академиясының құрметті мүшесі, қазақстандық Насрулла ат-Таразидің жеке архиві әкелінді (Насролла Мубашшир ат-Тарази әл-Хусейни-жеке қор). Насролла ат-Тарази 1922 ж. Таразда туған. 1917-1930 жылдары Кеңес басқыншыларынан Түркістанды азат ету майданының басшысы, ислам дінін насихаттаушы ғалым Шейх Мубашшир ат-Тарази аль-Хусейнидің ұлы, 1920 жылдың қыркүйегінде Кеңес большевиктері тақтан тайдырған Бұхараның соңғы әмірі Саид Мухаммед Әлімханның күйеу баласы. Түркістанды азат ету үшін жасаған әрекеттері үшін жазалаудан қашқан әкесі 1930 жылы Насролланы алып Ауғанстанға мұғажырлық жасауға мәжбүр болады. 1943 жылы Насролла әкесімен бірге түркістандық 52 адаммен қамауға алынып, 1948 жылы босатылады. 1950 жылы Насролла әкесі, отбасы және туыстарымен Пәкістан арқылы Мысыр жеріне тұрақты қоныс тебеді.

Жеті тілді меңгерген (пушту, француз, парсы, араб, түрік, қазақ, өзбек) Н. Ат-Тарази ислам тарихы, оның Орта Азия мен Қазақстан жеріне тарауы, шығыс тілдері мен әдебиеті, ескі тарихи қолжазба құжаттарды оқудың қыр-сыры мен аударма өнері туралы еңбектердің авторы.

Насролла Ат-Таразидің жеке архив қорында оның жарық көрген кітаптары, жасаған баяндамаларымен қоса, өлеңдерінің, естеліктерінің қолжазбалары, Тұран елі, Түркістанның тарихы туралы, оның өткені мен бүгінгіне тоқталған ой-толғамдары бар.

Насролла Мубашшир ат-Таразидің архивінің бір бөлігі ҚР Ұлттық архивінде, енді бір бөлігі ҚР Орталық мемлекеттік архивінде сақтаулы.

Египет Араб Республикасының «Дарул-кутуб» кітапханасынан Абдул Азиз Шыңғысхан ат-Түркістанидің «Түркістан – Орта Азияның жүрегі» кітабы, 1952-53 жылдары Мубашширхан ат-Таразидің ұйымдастыруымен шығып тұрған «Түркістан дауысы» (Саут ат-Туркистан) журналының, т.б. Түркістан тарихына қатысты мемлекеттік мұрағат кітаптардың көшірмелері алынды. Бұл құжаттар ҚР Орталық мемлекеттік архив қорында сақталуда.

Сонымен қатар, ҚР Президент Архивінде ХХ ғ. орта шенінде еркіндікке жетуді армандаған қазақтың үлкен тобын Шығыс Түркістаннан Батысқа бастап келген халық батыры Қалибек Хакімнің ұлы, ұлт-азаттық жолында күрескен алаш азаматтарының тарихын, шетелдерге босып барған қазақтардың шежіресін жазған Хасан Оралтайдың архиві (Хасан Қалибекұлы Оралтай: жеке қор); Шығыс Түркістан Республикасын құру жолында жанын пайда еткен, отаршыл-әкімшіл күштерге қарсы ұлт-азаттық күресін жүргізген қазақ қаһарманы Оспан батырмен тағдырлас Қажы Жанымхан

Тілеубайұлының баласы, Түркиядағы қазақ диаспорасының белгілі өкілі Дәлелхан Жаналтайдың (1922-2012) жеке архиві сақтауға алынды (Дәлелхан Жаналтай: жеке қор).

Хасан Оралтайдың архивінің қомақты бір бөлігі Нұр-Сұлтан қаласындағы Қазақстан Республикасының Ұлттық Академиялық кітапхана қорында сақтаулы екені белгілі. «Мәдени мұра» бағдарламасы аясында академик Рымғали Нұрғали әкелген Хасан Оралтайдың архив қорында барлығы 411 том, 6441 жеке құжаттар: кітаптар, энциклопедиялар, сөздіктер, қолжазбалар, фотоқұжаттар, аудиоқұжаттар, мерзімді басылымдар, қызметтік іс-қағаздар, хаттар, т.б. топтастырылған.

Шығыс Түркістан, Қазақстан, Үндістан, Түркия, Германия, т.б. елдердің тарихына қатысты қазақ, түрік, ағылшын, орыс, неміс, өзбек, ұйғыр, шағатай, қытай, т.б. тілдердегі құжаттарда осы елдердегі қазақтардың тарихы, тұрмысы, экономикасы, саяси жағдайы, діни сенімдері, т.б. мәселелер жайлы құнды деректер бар.

Алматы қаласының Орталық мемлекеттік архивінде ХХ ғ. 30-40 жылдары Шығыс Түркістанда қуғынға ұшырап, одан Үндістан мен Пәкістанда тұрақтап, 1953-54 жылдары Түркияға Пәкістандағы қазақтар көшін ұйымдастырушылардың бірі, 1991 жылы атажұртына оралған дін және қоғам қайраткері Халифа Алтай Ғақыпұлының (1917-2003) архиві (Халифа Алтай Ғақыпұлы: жеке қор) сақтаулы.

Шығыс Түркістандық, Қытайда қуғын-сүргінді бастан кешірген этнограф ғалым Жағда Бабалықұлының (1917-2010) (Жағда Бабалықұлы: №468-жеке қор), сондай-ақ Шығыс Қазақстан облысы, Ақсуат ауылында дүниеге келген, Оспан батырдың кеңесшісі болған, Қытай өктемдігіне қарсы қазақтар арасында насихат жұмыстарын жүргізген, «ұлтшылдығы» үшін 1950-1976 жж. саяси қуғын-сүргінге ұшырап, жазалау лагерінде отырып шыққан Шахкәрім Акрамидің (1921-2003) құжаттары (Шахкәрім Акрами, №342: жеке қор) бар. Ол Алтай, Тарбағатай партизандық қозғалыстары, Баркөл бүлігі, қазақ тарихы, Ислам тағылымдары туралы еңбектер жазған.

Жағда Бабалықұлының архивінің қомақты бір бөлігі Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік архивінде сақталуда.

1941 жылы кеңес-герман соғысының басында Польшамен шекаралас Брест-Литовск маңында тұтқындалып, 1943 жылы Германияға оқуға кеткен, талай «өлімнен өнерімен тірі қалған», ал соғыстан кейінгі жылдары Мұстафа мен Мария Шоқайдың Ножан-сюр Марн қаласындағы үйінде тұрған, 1950 жылдан өмірінің ақырына дейін Стамбулда тұрақтап, ширек ғасыр бойы Стамбул симфониялық оркестрінің скрипкашысы болған Әлім Алматтың (Ғалымжан Әбсаламов) (1917-2018) өмір тарихы біршама зерттелді (Ілиясова, 2018). Отандасымыздың архивін жинақтап алу ісі әрі қарай да жалғасын табуы тиіс.

Өткен ғасырдың 20-40 жылдары эмиграциядағы түркістандықтардың рухани жетекшісі болған М. Шоқай архиві арқылы оның қоршаған ортасын, түркі зиялыларының есімдерін нақтылап, архивтерін жинақтау жұмысы – алдағы уақытта жалғаса беретін ауқымды іс-шара.

Шетелде сүйегі қалған асылдардың қатарында аты көпшілікке мәлім де беймәлім мынадай тұлғалар бар:

Хакім Тыныбеков – 1914 жылы Ақмола облысының Қорғалжын ауданында туған. Соғысқа дейін КСРО Ғылым академиясының Қазақ филиалының ғылыми қызметкері болып қызмет атқарған. Түркістан ұлттық комитетінде (ТҰК) «Милли Түркістан» журналының редакторы, кейін барлық мұсылман комитеттерінің орталық органы – «Түрік бірлігі» газетін ұйымдастырушылардың бірі болған (Амантай Кәкен, 2000).

Қорғалжын өңірінде туып-өскен, елін, жерін қорғаймын деп соғысқа аттанып, тұтқынға түскен, еліне келгенде «халық жауы» атанып, әуелі ату жазасына, сосын 25 жылға сотталған. Венада өзінің ана тілін қорғап, баяндама жасаған, қазақ елінің, жалпы түрік жұртының жарқын болашағын аңсаған. Сол Хәкімге өз елінде сенімсіздік көрсетілді, айдауға жіберілді, сонда жүріп дүниеден өтті.

Қарыс Қанатбаев – 1911 жылы Батыс Қазақстан облысында туған. Тау-кен инженері. ТҰК-нің бас хатшысы. Вали Каюмнен бөлініп шыққан соң — Түркістан ұлттық кеңесінің президенті болған.

«Қобызшы Қорқыт» – ақын Мәжит Айтбаев, 1913 жылы Қызылорда облысында туған, «Милли әдебиет» журналының редакторы. «Абылай» поэмасының авторы, бірнеше кітабы жарық көрген.

Мәулікеш Қайболдин («Асан қайғы») Ленинград университетінің философия факультетін бітірген. Өлеңдері мен әңгімелері Қазақстан мен Мәскеудегі газет-журналдарда шыққан. Оның «Жұмақтан келген жәрдем» деген романы бар. Немісше жазған өлеңдері Берлиндегі неміс тіліндегі журналдарда жарық көрген.

Осы және есімдері әлі де ауызға алына қоймаған тұлғалар өміріне қатысты деректерді жинақтау, ғылыми зерттеулер аясын кеңейту, зерттеп-зерделеу архив ісі саласы қызметкерлерінің қасиетті борышы.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- Нұрпейісов К. «Алаш һәм Алашорда». Алматы, «Ататек», 1995.
Қойгелдиев М. «Алаш қозғалысы. Алматы: Санат, 1995.
Шоқай М. Түркістанның қилы тағдыры. – Алматы: «Жалын», 1992
Көкебаева Г.К. Мұстафа Шоқай және түркістандық соғыс тұтқындары// Қазақ тарихы. – 1997. - №2. – Б. 29-32
Шілдебай С.Қ. Түрікшілдік және Қазақстандағы ұлт-азаттық қозғалысы.- Алматы: «Ғылым» ғылыми баспа орталығы, 2002. – 214 б.
Тұрсын Х.М. Түркістан ұлт-азаттық қозғалысы және Түркістан мұхтарыяты. –Алматы: «Нұрлы Әлем» баспасы. 2006. 128 б.
Шоқай М. Эпистолярлық мұрасы. 2 томдық / Құраст. Ғ. Исахан. – Алматы: «СаҒа» баспасы, 2006. 1-том, 424 бет; 2-том, 372 бет.
Қыдырәлиев Д. Мұстафа Шоқай. – Астана, Фолиант, 2007. – 320 б.
Оралтай Х. Мұстафа Шоқай және оның шетелдердегі ізбасарлары// Ұлығ Түркістан. – Алматы:»Ел-шежіре», 2008. – Б. 317-331.
Қара Ә. Мұстафа Шоқай Өмірі Күресі шығармашылығы. Алматы, 2004 ж,
К.Л. Есмағамбетов, «Әлем таныған тұлға. М.Шоқайдың дүниетанымы және қайраткерлік болмысы. – Алматы: Дайк-Пресс, 2008. – 501 бет.
Көкебаева Г.К. Германия мен Польша мұрағаттарындағы Мұстафа Шоқайдың қызметі туралы құжаттар мен деректер // ҚазМПУ хабаршысы, тарих және әлеуметтік -саяси ғылымдар сериясы. – 2013. - № 4. -Б.40-45.
Шоқай М. Шығармаларының толық жинағы: он екі томдық, Алматы: Дайк-Пресс, 2012-2013
Шоқай Мұстафа (1890-1941), ҚР ОМА. № 2300 қор, С I тізімдеме.
BIBLIOTÈQUE des LANGUES et CIVILISATIONS ORIENTALES. L'Archives de Moustafa Chokay Bey.
ҚР ОМА. № 2362 қор. 4 тізімдеме.
ҚР ОМА. № 2362 қор. 3 тізімдеме.
Шоқай М. Шығармаларының толық жинағы. 12 томдық. VII-том. – Алматы:Дайк-Пресс, 2013. - 446 бет.
Оңтүстік Қазақстан облысының ММ. № 1169 қор. 11 тізімдеме.
ҚР ОММ. № 2300 қор. 14 тізімдеме.
Ақпараттық анықтамалық. Қазақстан тарихы шетел мұрағаттарында (XVI-XX ғғ.) II- том, 259-267 бб.
Ақпараттық анықтамалық. Қазақстан тарихы шетел мұрағаттарында (XVIII-XX ғғ.) VI-том, 282-283 бб.
Politisches Archiv – Auswärtiges Amt (Berlin), R 11065 – 11074.
Ақпараттық анықтамалық. Қазақстан тарихы шетел мұрағаттарында (XVI-XX ғғ.) V - том, 93-106 бб.
Қазақстан Республикасының Ұлттық архиві. №83 қор. 1 тізімдеме.
Қазақстан Республикасының Ұлттық архиві. №83 қор. 1 тізімдеме. 469-481 істер.
CENTRALNE ARCHIWUM WOJSKOWE im.mjr. Boleslaw Waligory.
Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік архиві.
Нұр-Сұлтан қаласы мемлекеттік архиві. №430 қор, 11 тізімдеме.
Насролла Мубашшир ат-Тарази әл-Хусейни (1922-2002). Қазақстан Республикасының Ұлттық архиві, № 6 жеке қор.
Хасан Қалибекұлы Оралтай. Қазақстан Республикасы Президенті архиві, 296-ЕЖ қоры
Дәлелхан Жаналтай. Қазақстан Республикасы Президентінің архиві, 292-ЕЖ қоры
Халифа Алтай Ғақыпұлы. Алматы қаласының Орталық мемлекеттік архиві, № 284 қор.
Жағда Бабалықұлы. Алматы қаласы Орталық мемлекеттік архиві, № 468 қор
Шахкәрім Акрами. Алматы қаласы Орталық мемлекеттік архиві, № 342 қор.
Илиясова К. Әлім Алмат: өмірі мен өнері (зерттеулер, аудармалар, естеліктер, сұхбаттар) – Ақтөбе, 2018. – 204 бет.
Амантай Кәкен. Түркістан легионы. Деректі толғам. Астана, 2000.

ҚАЗАҚ-ҚЫРҒЫЗ ҚАРЫМ ҚАТЫНАСТАРЫНДАҒЫ ТАРИХИ ӘНГІМЕЛЕР МЕН АҢЫЗ ӘПСЕНАЛАР

Б. Сәрсенбаев¹, Ш.А. Боздақова²

¹*өлкетанушы*

(Алматы обл., Кеген ауданы, Жалаңаш селосы)

²*Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының ғылыми қызметкері
(Алматы қ., Қазақстан) E-mail: akhmet.t@mail.ru*

Аңдатпа: Мақалада академик К. Нұрпейісовтың туған жері Кеген ауданы мен көршілес қырғыз жеріндегі қазақ-қырғыз мәдени-тарихи байланыстары ауызша тарих материалдары арқылы баяндалады. Деректер ел аузынан алғаш рет жазылып алынып, ғылыми айналымға түсіп отыр.

Қазақтың Албан руы мен қырғыздың Бұғы руы ежелден көрші жатқан екі ел. Күнгей Алатаудың күнгейін қырғыздар, теріскейін қазақтар мекен етіп, құдалы-жекжатты болып араласып кетті. Кезінде 1931-1933 жылғы қолдан ұйымдастырылған ашаршылық кезінде Қызылбөріктің Алтай, Әжібай аталарының бірсыпырасы қырғыз ағайындарды сағалап, үдере көшіп, аштықтан аман қалды.

Осы деген қырғыз бауырлардың достық пейілі, қамқорлығы еді. Бұл тарихи оқиғаны тереңірек зерттеп, қопара жазу керек. Өйткені көп жазылмай да жүр. Күні бүгінге дейін кейбір ауылдарында қазақтардың тұрақтап қалып қалғандары да жетерлік. 1916 жылы ақ патшаның әскерге адам алу жарлығына қарсы көтерілген оқиғаға, патша үкіметі «Албан-Бұғы көтерілісі» деп ат қойды (Молдасанов, 2000: 20-б.), екі елдің ынтымақтаса бірге көтерілгенінің дәлелі. Қатар жатқан екі елдің арасында түрлі жағдайлар орын алды. Арада барымта да, жерге талас кішігірім айқастарда болды. Айқастарында екі жақ көбіне жекпе-жекке мойынсынып, туындаған мәселені сол арқылы ғана шешкен. Бірін-бір шақырысып, ас берісіп, тойға шақырып, құдаласқан оқиғаларда өте көп. Қандай жағдайда болмасын екі жақтың билері, ақсақалдары өз ара келісімге келіп, мәміле жасасқан.

Мыңжылқы атауының шығуы туралы мынандай ел арасында сөз қалған. Бұл жайлауды кезінде үш жүзге аты мәлім Ерсары бай мекендеген екен. Ерсарыға қызыр қонып басына 40 00 жылқы бітіпті. Ерсары өмірден озған кезде асқа 100 ден аса жылқы сойып Алатаудың арғы бетіндегі қырғыздың Бұғы руын және үш жүздің игі жақсыларына шақырту жіберіп, үлкен ас берген. Осы аста бәйгеге де 100 ат тіккен екен. Бірінші атқа 50 жылқы, екінші атқа -25, үшінші атқа 10, төртінші атқа 7, бесінші атқа 3 алтыншы атқа 2, жетінші атқа 1 жылқы беріпті. Осы мың саны жердің атауына негіз болып қалыпты. 1755 жылдары қазақ батырлары жоңғарларды талқандап қуып, туған жерді босатқан кезде, қырғыздардың да көп жерлерге иемденіп алғаны да белгілі болады. Бұрыннан белгілі қазақ жерлері үшін, көрші жатқан Албан мен Бұғы арасында жер даулары өршіп, өз ара біраз қақтығыстар да орын алады. Осындай бір қақтығыста қырғыздың Торғай деген батыры жекпе жекте Алмабектен жеңіліп қаза болады. Арты үлкен дауға ұласып, жаз айында жер дауын біржақты шешуге ояз келеді. Осы кезде Алмабек би шығып:

«Біріншіден Торғай батырдың қазасы жекпе-жекте болды. Жекпе-жек заңында өлсе, құн жоқ болады. Екі жаққа заң бірдей. Екіншіден менің әкем Ерсары қайтқанына жыл толып ас берген кезде мың жылқыны бәйгеге тіккенбіз., бірінші ,екінші бәйгені де сол кезде осы қырғыз ағайындардың өздері алған. Сол ас берген кездегі жер ошақтар орны Шыбынды сайда әлі бар. Соны санаңыздар дәлелім осы» – депті. Ояздар адам шығарып, ошақтарды санап шықса , 150ден аса жер ошақ орны табылады. Ояздар осы дәлелді алдыға тартып , Мыңжылқы жері, Қарқара өзенінің батысы түгел Сантасқа дейінгі жерді Албандарға қайтарыпты.

Манастың бозтөбесі деп Қарқара өзенінің батысында жоғарғы жерде орналасқан төбе осылай аталады. Жылысай ауылында тұрған көне көз шежіре қарт Тілектес Намазбаевтың айтуында , кезінде қазақ жеріне тиесілі осы жер бүгінде Қырғызстанға қарап кеткен. Манастың бозтөбесі- Манас жерленген жер деп айтылады. Жалпы Манас өте алып адам болған. Тіпті Манастың найзасын төрт жігіт әрең көтереді екен.

Ал Шоқан Уалиханов Ыстықкөл сапарында 1856 жылғы 21 мамыр күні Қарқараға келгенде Шарын өзенінің өрлей шығып Көктөбеден аса тау аралап жүріп, «Манастың Бозтөбесі» деген жерді көреді. Сол жерде ол күнделігіне халық аузынан естіген тарихи әңгіме-аңызды түсіреді. Мұны Шоқан: ...Шарын өзенінің бойында «Құсмұрын Бозтөбесі» деген қамалдың орны бар. Ол анадайдан жеке-дара көрініп тұрады.

Ежелгі қариясөз бойынша, халықтың эпикалық тамаша жырында айтылатын ер Манас бұрынғы заманда қаңғырастармен соғысқанда ордасын осы арада құрған деседі», – деп жазады (Валиханов, 1984-85: 326-б.). Шоқан «Қырғыздардағы шаманизм қалдықтары» еңбегінде осы оба көтеру ісінің кейін ел ішінде күмбез, ескерткіш тұрғызу ісімен алмастырылғанын айтады. Шоқан 1957 жылдың я, 26 мамыр күні қырғыздардың ырчысынан «Манасты» тыңдайды. Сапар кезінде Шоқан Қарқара, Текес, Түп, Жырғалаң өзендерінің бойын жайлаған қырғыз халқының ауыз әдебиеті үлгілерін жазып алады. Мұның басым көпшілігін қырғыздың Бұғы елінің атақты адамдары Боранбайдың, Сәлмеке Шон Қараштың, Қодық Борсықтың, Сарыбағыш руының билері Сартай мен Алшынның ауылында қонақта болғанда жазып отырады.

Түн ортасына таман ошақтың шалқып жанған отын айнала қоршаған топтың арасында ақ қалпақты жыршы (манасшы) өз өнерін көрсетеді. Ол бірнеше сағат бойы «Манас» жырын жырлайды. Жыршы мұнда алып батыр Айдархан ұлы Ер Көкше, Ер Қосай жайын баяндайды. Сонан манасшы кең көлемді дастандағы қазақ батыры Ер Көкше, Ер Қосай туралы хикаяны өзінің құрметіне арнап айтып отырғанын сезген Шоқан оған одан әрі ден қоя түседі. Түп өзенінің бойында 24 мамыр күні Бұғы елінің басшылары жіберген әлгі манасшы Шоқанға жеке келіп тағы да жолығады. Сөйтіп, 26 мамыр күні (1856ж.) «Манас» жырының үлкен бір үзіндісі – «Көкетай ханның қазасы мен оны жерлеу салтанаты» бөлімі алғаш рет қағазға түседі. Ол туралы Шоқан Петербургте Орыс география қоғамының жиынында жасаған баяндамасында: «...26 май. Бүгін менде қырғыз жыршысы болды. Ол «Манас» жырының тілі (қырғыздардың) ауызша сөйлеуінен анағұрлым түсінікті... «Манас»

жырының бір тарауы саналатын «Көкөтай ханның асы» дейтін жырды қырғыз ақынының айтуынан жазып алдым. Бұл қағаз бетіне бірінші рет түсірген қырғыз сөзі болуы керек. Бұл жырды мен (орысшаға) аударып жүрмін. Белгісіз жатқан тіл мен шығысты зерттеуші ғалымдарды таныстыру үшін қысқаша сөздік жасамақ ойым бар», – деп мәлімдейді (Валиханов, 1984-85: 321-322-б.). Ол кезеңде Ыстықкөл маңайында Келдібек, Назар, Телтай, Балық атты манасшылар өмір сүрген. Қырғыз ғалымдары жырдың шалқыма шабытты, екпінді әуеніне қарап: «Көкөтай жырын Ыссык көлдегү чоң манасчы Назар Болотовтон Тоқсобо Олжобаевтын айылында жазып алған», – деп жорамалдайды. Шоқан жырды жазып аларда оның тарихи-этнографиялық, танымдық-тәрбиелік мән-маңызына көңіл бөліп, ғылыми негізде зерделеуге тырысқан. Ол эпостық жырдың әрбір шумағына, сырлы сөздер сырына, адам аттары мен жер-су атауларына мән беріп, олардың ғылыми тұрғыда дұрыс жазылуына назар аударған. Шығарманың тіл байлығына, сыртқы құрылымы мен өлең жолдарының ерекшеліктеріне көңіл қояды. Осы Манас жырында біздің жерлер туралы, атап айтқанда Ақтасты, Тұзкен, Текес, Жалаңаш, Іле бойын аралағаны туралы деректер бар. «Манас» эпосында «Көкөтай ханның өлімі мен асы» тарауында:

«Қайнатпа тұзға барамын, Алпыс атан арттырып.

Тұз арттырып аламын, Үлкен Ақтас барамын.

Үй жаптырып аламын, Үдере көшіп аламын.

Тиектастан өтемін, Жалаңаштың бойына,

Жылқы салып келемін, Өзен-суды жағалап,

Кең Ілені жағалап, Егінші болып кетермін» – деген жолдар айтылады (Валиханов, 1984-85: 70 б.). Қайнатпа тұз Қарқараның жанындағы кезінде тұз өндірген жер. Тұзкен әрине өз алдына, екінші шипалы арасан суы да қасиетті Алланың берген нығметі.

Манас батырдың біздің өлкеге қатысты тағы бір дерегін Сайлаубай Ағыбаевтың жазбасынан оқуға болады: «Райымбек ауданы Сарыбастау ауылындағы Шартас жеріндегі Етектегі тегіс алаңқайда биіктігі 1,5 метрдей сыйынғыш қызыл гранит тас тұр. Тастың бетіндегі сурет және оның мазмұны сол аймақ тұрғындарының өз уақытындағы діни сенім бағытын айқындайтын кескін салынған. Соған қарап бұл аспанасты ғибадатхананың орны болар деген жорамал жасауға болады. Демек, тастағы сурет мазмұны ислам мәдениетінен бұрынғы кездегі, діни нанымды айқындайтын орын болғанын білдіреді» [информатордың сөзі].

Осы жерде кезігетін салмағы жүздеген тонна, биіктігі он метрдей қызыл шомбал тас бар. Тастың шеті тесілген, жеңді білек сыятындай, шамамен отыз сантиметрдей болар. Оған кезінде қырғыздың Манас батыры Аққұла тұлпарын байлапты деп ел аңыз айтады. Арқандалған арғымақ ат құйқалы майда қырқаларда жайылып, Текес өзеніне түсіп су ішетін көрінеді. Ал Шартас пен Текес өзенінің арасы 20 шақырымдай.

Тесік тастан басталған тас жабдықтар; түңлік тас, табақ тас, астау тас, стол тас, бесік тас, диірмен тас, түйе тас, тоқпақ тастар ашық аспан астында жатқан музейдің экспонаттары сияқты әсер береді. Келушілер стол тасқа дастарқанын жайып тамақтанса, берекеге кенеледі деген де наным бар. Мұндағы тас көріністерінің келбеттері сан алуан, оның әрқайсысына әртүрлі баға беріп, әр қырына қарап әр нәрсеге ұқсата беруге болады. Шор тастар аспандағы бұлттар сияқты қиялға қамшы салдырады. Манас болған деген тарихи орындар әр жерден кезігеді. Соның бірі Қытай жерінде Үрімші қаласының жанында Манас өзені бар.

Екі елді жалғаған Сантас асуы, Қазақстан мен Қырғыстан арасындағы екі елдің арасын жалғайтын Күнгей Алатауындағы асу Сантас деп аталады. Оның биіктігі 1968 м. Ыстықкөл қазан шұңқыры мен Іле атырабын жалғастырады. Қырғыздар өз тілдерінде Санташ деп атайды. Қарқараның оңтүстігінде Қызылқия жотасымен Сантас асуы арқылы Ыстықкөлге асуға болады. Ежелгі Жібек жолының Қытай мен Орта Азия арасын жалғастырушы бір тармағы. Қашқариядағы Ұйғыр қағанаты, Қытайдың оңтүстігі мен жалғасып жатқан Үйсін мемлекеті мен Орта Азия арасындағы жалғастырған сауда керуен жолы болған. Бұл қыталы асу арқылы Манас батырдың жорықтары да өткен. Бұл жолмен кімдер өтпеді. Жаулаушы әскерлерде, елшілерде, саудагерлерде, батыр да, бағлан да өткен-тарихи өткел. Асудың Сантас аталуы туралы бірнеше болжамдар бар. 1375 жылы Әмір Темір әскері Моғолстанға жорыққа аттанып, Шарын өзені шатқалында Камар Ад-Динмен шайқасты. Камар Ад-Динді жеңгеннен кейін Әмір Темір әскері Моғолдарды Іле өзеніне дейін қуып, Самарқандқа олжамен оралды. Осы қыталы асуға келген кезде Әмір Темір әр жауынгердің қолына бір-бір тастан алып, бір жерге үюге бұйрық етеді. Кейін қайтқан жолында ол тасты алып, келесі жерге үюге әмір етеді. Қалған тастарға қарап, қанша әскер жоғалтқанын шамалапты. Сол тас қорғанның орны қазір де бар.

Тарихи мәліметтерде Әмір Темір Қытайға жорыққа шыққанында үйгізген деген мәліметте бар. Бірақ тарихи мәліметте Әмір Темір Самарқандтан шығып, Қытайға аттанып бара жатып, Отырарға

жеткенде қаза тапқан. Түркістанның барлық мешіттерін, көне су құбырларының барлығын Әмір Темір Сайыпқыран (әлемнің билеушісі) салдырған. Орта Азияның көрнекті тұлғасы ретінде тарихты қалды. Ал Санташ қорғанына келсек, оны үю үшін көп адам қолы қажет болған. Осы уақиға келер ұрпаққа, бұрын өткен халықтың өмірінен сыр шертетін ескерткіш ретінде қалды. Осы жолдың екі жағындағы үйінді тас атауы Сантас аталып кетті. Осы тас ескерткішті жалпы Ақсақ Темірдің жорығынан қалған дейді.

Екінші бір нұсқасында Алатау қырғыздары Сантасты қазақтың ханы Есім үйгізген – дейді (Валиханов, 1984-85: 76-б.). Сантас – санақ тас – деп Шоқан Уалиханов жазады - Сантас асуы бойында оба түрінде қолдан көтерілген тас үйінді. Тас үйменнің биіктігі 3, айнала көлемнің аумағы 35 құлаш, яғни қазіргі өлшем бойынша 48*48 м. Ал қырғыздар Санташ қорғанын қазақ ханы Есім қалмақ-жоңғарларды жеңуіне орай үйдірген деп санайды. Бұл дұрысырақ болуы тиіс. Шынында да Есім сол жерлерде жоңғар қонтайшыларымен соғысып, жеңіске жеткен.

Сантас асуы туралы қатысты ата-бабаларымыз арасында мынандай аңыз әңгіме бар. Қатар жатқан екі ел Қазақтың Албан мен Қырғыздың Бұғы рулары қыз алысып, қыз берісіп, өз ара құдалық қарым-қатынас жасаған екен. Бір жылдары Бұғы руы бір ас береді. Осы аста тоғыз атқа бәйге беріпті. бас бәйгеге бір қырғыздың қызын тігіпті. Осы бәйгеде Қызылбөрік Сақау Тілеу атаның ала байталы бірінші келіп, бас бәйгені жеңіп алыпты. Осы бәйгеден келген қызды ағасы Бердікей батыр алыпты. Бердікей батырдың бәйбішесі, қыздың ерекше қасиетін байқап қалып, күйеуіне тоқал ретінде ал депті. Ал Бердікей тоқал етіп алуды өзіне намыс көрген еді. Сонда бәйбішесі айтыпты «Мына қыз тегін қыз емес. Таң бозында қарасаң шекесінен жан-жағына шұғылалы арай тарайды. Ұрпағың асыл болады. Біреуге бермей, қызды әйелдікке өзің ал». Бердікей бұл сөзге ойлана келе, қызды өзі әйел етіп алыпты. Алғанымен намыс көріп, өзін ыңғайсыз сезініп қорсынып жүріпті. Сантас шешеміз босанған кезде, туған ұл баланы «Бұл Түлкібайдың қойын бағатын Құл болады» деп Бердікей атамыз атын Құл деп қоя салады. Түлкібай бәйбішеден туған үлкен баласы еді. Бірақ Құл деген аты ғана болмаса, жігіт өзі зерек, пысық, мықты жігіт болып өседі. Бұл шешемізді Бердікейдің барлық ұрпақтары Сантас шеше деп атап кетіпті. Осы шешемізден туған ұрпақтар, өсіп-өніп бір рулы елге айналды. «Мына тұрған Алатау, қарсыз болар дейсің бе, Бердікейдің бес берені, даусыз болар дейсің бе ...» - деген сөздер қалған екен.

Құл атадан туған ұрпақтар мықты шығады. Елімізге танымал оқымысты, білімді, іскер азаматтар өте көп. Осы ұрпақтары Бердікей атамыздың есімін күллі қазақ әлеміне паш етті.

Бұғы ана аңызы жайында Айт руы ішінде тағы бір көрнекті тұлға батыр Қалыбек Мамадайырұлы болған. Айт руына ұран болған қасиетті баба 1603- 1671 жылдары өмір сүрген. Зираты белгісіз болып қалды (Жылдар жылнамасы, 2009: 38-б.). Қай жерде қайтыс болған деректері де ұмыт болған. Қалыбек атаның үшінші әйелі Өлеят қасиетті әулие ана болған деседі. Негізі қырғыздың Бұғы руының қызы деп айтылады. Баус, Тауасар, Абылай, Шөке деген балалардың анасы болған Өлеят ана өлгеннен кейін Бұғы анаға айналып кетіпті деген аңыз бар. Қайтыс боларда: «Сүйегімді түйеге артып жіберіңдер, қай жерге шөксе сол жерге жерлеңіздер» - деп өсиет айтыпты. Айтысы бойынша мәйітті түйеге артады. Көп азаматтар шығысқа жол тартқан түйенің артынан жүріп отырады. Біраз жол жүріп түйе бір межелі жерге келіп шөгеді. Ел-жұрт қуанып мәйітті түсірейін десе оралған киіз ішінде мәйіт жоқ болып шығады. Ғайыптан құдіретті күш әкетті ме, жұмбақ болып қала береді. Тек сол жердегі кісілердің көз алдына төбе басынан үлкен шаңырақтай бұғы көрініп, артынан елес секілді жоқ болып кетеді. Ел-жұрт ары-бері толғанып, болған жұмбақты Өлеят анамыз бұғы анаға айналып кетіп қалды деп шешіп, кері қайтыпты.

Жәрмеңкеге сапар, ерте кезде бір қырғыздың байы үлкенірек келетін диірмен тас жасатады, су диірменге лайықталып жасапты. Ол тасты жаз айында басталатын Қарқара жәрмеңкесіне апарып сатуды ойластырыпты. Тасты Қарқараға апару үшін бір өзі өте қайратты бір қырғыз жігітті көп мал берем деп жалдапты. Келісіп жасасып, жолға шығады. Негізгі ауыр жол асудан өтіп алғаннан кейін байдың ойына жаманшылық ойлар келеді. соншама малды бере салуға қимай, жігітке қастық ойлап, өлтіріп жіберуді ойға алады. Шоңтастың басына келгенде жүкті әкеле жатқан жігітті қылышпен шауып жібереді. Осы кезде тастың бір беті дөңгелеп қарағайдың ішіне кіріп кетеді. Оны байдың адамдары сол кезде де, кейін арнай келіп, қанша тырысқанымен тасты көтеріп кері шығара алмайды. Адамның өлігінде сол қарағайдың ішіне жасырып көмеді. тастың екінші бөлігін одан ары алып жүреді. Бірақ шамалары Шоңтастың аузына ғана әкелуге шамалары жетеді. Осы жерде тастың екінші бөлігі қалады. Оны жол шетіне сүйеп тұрғызып кетеді. Тасты кейін келіп аламын деген ойы іске аспай, сол бойы қалады. Бүгінде сол диірмен тас адамның жауыздығының бір ескерткіші ретінде тұр.

Бағыбайдың тасы, Шоңтас басталғаннан кейін біраз жүргеннен соң Бағыбайдың тасы деп аталып кеткен тас кезігеді. Ол тас - үлкендігі киіз үйдей болатын ірі тас. Тас тура сай ішінде өзен суы бойына орналасқан.

Бағыбай Қарабұлақ ауылының туған. 1941 жылы күзде әскерге алынып Алматы қаласында дайындықта болады. Әскери дайындық жасап жүргенінде, өктемдік көрсеткен, бір орыс офицермен жанжалдасып қалады. Әскери адамға қол жұмсады деген айыппен түрмеге қамалады. Енді жақын арада сот болады деп жатқан кезде. Ары ойланып, бері толғанып Бағыбай ақыры түрмеден қашып кетеді. Міне осыдан соң, оның қашқындық өмірі басталады. Соғыс қашқыны деп танылғанмен, ел-жұрт батыр деген сөзді теліп бірге айтады. Ел арасында Бағыбай батыр деп аталып кетті.

Бағыбайдан қалған тарихы орындар өтекөп. Қарабұлақтың Учаскенің басындағы Өртеңнің сайында Бағыбайдың үңгірі сақталынған. Төбесін өріммен жауып, жасаған екен. Оны білетін аңшылар, кейбір балашық отырғызу алаңдарын қазушы орманшылар келіп осында паналаған. Осы өртеңнің Сайында 1961 жылдарға дейін пионер лагерь болған. Кейін оны Қарабұлақ өзені бойына Таңбалытас шатына көшірген. Бағыбайдың тағы бір қиыншылықта паналаған үңгірі Дүйсебайдың сайында да бар.

Бағыбайдың аты өте ақылды болған. Оны батыр үнемі бос жіберіп жүреді. Аты төңіректен ғана жайылады. Бір қауіп сезінсе, иесіне жетіп келіп, оқыранып белгі береді. Не болмаса кісінеп, хауіпті білдіреді. Бағыбай бірден атқа қонып, бір минутта қарағайға сіңіп, таудан асып мүлде жоқ болып кетеді. Осы аттың арқасында НКВД ның адамдары еш ұстай алмайды. Осы кездерде НКВД да істеген Нұрғанат атты ақсақалдың айтқан әңгімесі:

«Бірде Шет Меркіде атпен жалғыз келе жатқанымда алдымдағы шұғыл бұрылыстан 5 метрдей жерден Бағыбай шыға келді. Екеуміз де тоқтап қалдық. Екеуміз де қарулымыз. Арбасып қалдық. Өңі өте суық екен. Тілсіз қалдым. Тырп ете алмадым. Оның сұсы басып кетті. Ол ақырын атын тебініп, қасымнан өте шықты. Артыма бұрылып қарай алмадым. Бір кезде мылтықты суырып алып артқа жалт қарасам, жоқ болып кетіпті. Артынан қууға еркектік намысым жібермеді. Ол мені атып кетпеді. Мен неге оны артынан барып атуым керек. Атсам иттік болар еді». Әңгіме содан кейін былай өрбіген Нұрғанат ақсақал өзімен бірге істеген бір милиционерге сыр ғылып айтады: «Бағыбай өте сұсты адам екен. Кездескен кезде орнымнан қозғала алмай қалдым» - дейді . Ол жолдасы бұны дерек ретінде пайдаланып, басшыларына жеткізеді. Көп өтпей ақ НКВД –нің адамдары Жалаңашқа келіп Нұрғанатты ұстап, Шелекке полуторка машинамен алып кетеді. Көлікте бірге он шақты милиционер де отырады. Ішінде Нұрғанатты сатып, жоғарыға арызданған милиционер де бар. Айырлының асуына барғанда көлікті тоқтатып, бәрі далаға шығып жеңіл дәрет сындырып тұрғандарында, біреуі:

«Ойбай Бағыбай...» – деп қалады. Бәрі жалт қараса төбелерінде төніп, мылтықты көлденең ұстаған ат үстіндегі Бағыбайды көреді. Бәрі жапырлай шашырай құлап жан-жаққа тығылады. Біраз уақыт өткеннен кейін естерін жинап, мылтықтарына жүгіріп көздей бастаса, ешкім де жоқ. Бағыбай ізім-қайым жоқ болып кетеді. Бұлар ары-бері қарағансып қайтадан жолға шығады. Шелекке келген соң Нұрғанатты түрмеге қамайды. Бұл кісіні тергеуге әкелгенде тергеуші, сен неге бандитпен бетпе-бет келгенде қару қолданбадың. Жібере салғаның қылмыс емес пе? – дегенінде Нұрекең ыза болып:

«Ол жерде жарайды мен кінәлі болайын. Бір ме бір аяқ астынан кездестік. Бағыбайдың мысы басып, орнымнан қозғала алмадым. Бірақ, мен бұтыма снгенім жоқ. Еркекпен еркекше кездестік. Еркекше тарадық. Ал Айырлыда он шақты милиционер Бағыбайдан қорқып кетіп, бұтына сиді. Көліктің астына тығылды. Біреуі қару көтеруге шамасы келмеді. Сонда менікі қылмыс екен де, олардікі қылмыс емес пе? Топырлаған тобымен жүріп, олардікі он есе ауыр қылмыс депті. Он шақты адам жүріп бір Бағыбайдан қорыққанда, сол жерден аман кеткен жалғыз менікі тіпті батырлық емес пе». Тергеуші адал азамат екен. Мән жайды толық анықтаған соң, бір сөзге келмей Нұрекеңді босатыпты. Оның орнына материал түсірген милицияны түрмеге қамапты. Біреуге жамандық жасасаң, ол айналып өзінді табады деген осы («Елге сәлем...», 2009: 57-б.).

Шағаман Бағыбай батыр өте ержүрек көзсіз батыр еді. Шоңтаста бір қырғыз досы бар екен. Сол бірде тамаққа шақырады. Бағыбайдың жанында елі сары Аманбек деген серігі

Батыр мен жаман түс көрдім. Осы қырғыз досың бізді жақсылыққа шақырып отырған жоқ. Түбі жаман болады. Бармай ақ қойсақ қайтеді деп өз секемін алдыға тартады. Сонда Бағыбай:

«Әй қорқып бармасақ, маған өлім емес пе. Не істейді дейсің, мылтықпен барамыз». Шақырылған уақытта қонаққа келеді. Серігі екеуі төрге шыққан кезде көлденең ұстаған мылтықтарға үй иесінің әйелі:

«Ту батыр, мынаның сұры неткен жаман еді. Ары керегеге қойсаңыз мен қорқамын» – деп мүләйімсиды. Сол кезде батыр керегеге мылтықты қойып, тамаққа отырады. Тамақ желініп «Әумин» дегенінде есік сарт ашылып он шақты адам сау етіп кіріп келеді де бас салады. Үй іші жан кешті

айқас басталып кетеді. Керегедегі мылтық ізім қайым жоқ болып кетеді. Бағыбай пышақпен екі қырғызды мерт етеді. төрт-бесеуін жаралап кетеді. Бірақ көп көптігін істеп қолға түседі. Қырғыздар ыза болып, Бағыбайды сол арада бауыздап өлтіреді. Кесілген басты үй жанындағы үлкен тастың үстіне қойып кетеді. Өздері үдере көшіп Қырғыз жеріне кетеді. Осы тас осы оқиғадан кейін Бағыбайдың тасы деп аталып кетті.

Қарабұлақтың тұрғыны Сабазбек қария соғыстан кейін қой баққан еді. Бірде Үсен Қарауылов екеуі қой бағып жүргенде, қашып жүрген Бағыбай мен Аманбекті кезіктіріпті. Жасырын екеуіне тамақ, бір мес айран апарып беріпті. Кейін қырғыздардың Бағыбай мен Аманбекті өлтіріп, Бағыбайдың басын кесіп Шоңтаста үлкен тас басына қойып кеткенін естиді. 1951 жылы архармиранос қойлары алғаш Көлбастау колхозына әкелінді. Сабазбек ата Көлбастау колхозында осы қойды алғаш бағып екі аша, Шоңтас жеріне жайлауға барды. Сонда киіз үйдей үлкен тас басында тұрған ақсүйек болып кеткен Бағыбайдың басын көріпті. Аппақ сүйек болып кеткен басты алып, құран оқып, басты ақ шүперекке орап сол үлкен тастың түбіне жерлепті. Осы тас содан Бағыбайдың тасы аталып кетті.

Албанның Жанғабылы, ауылдағы әкеміз Нұрмұқан қарияның азан шақырылып қойған аты Нұрмұхамет. Қазақ қашанда Мұхамет есімін қадір тұтқан емес пе, тергеп айтқан. Сол себепті есімді тура айтпай, туыстар арасында, ауыл арасында Нұрмұқан атанып кетті. Нұрмұқан ата әңгімешіл, көне әңгімелерді, би-шешендер, батырлар туралы жыр дастандарды, ата-баба тегі шежірені, аңыздарды жақсы білді. Тіпті бата берген кезде, дүйім елді баурап алатын. Бүгінде қариямыз деп бата орнына тілек айтатын үлкендерді көріп іштей қынжыласың, шіркін осы кісілер де қариямыз деп жүр ау, қайран Байниет, Өмен, Нұрмұқан әкелерім орындарың ерекше еді ғой. Осындай айтары мол, қазыналы кісілерді жағалап, талай ғибратын көп тыңдадым. Нұрмұқан атаны ауылда кейде «Албанның Жанғабылы» деп те айтып қоятын. Оны неге айтты екен деп өзінен сұрадым. Енді Нұрмұқан әкеміздің әңгімесін баян етейін:

«Бір жылы, жасырақ кезім, атпен Қырғыз еліне бардым. Мен іздеп барған үй жылы шыраймен қарсы алды. Ол үйде екі-үш кісілермен әңгімеміз жарасып жақсы отырдық. Отырған кісінің бірі көрші айылдан екен. осы үйдің құдасы болып келеді. Құдасын қонаққа шақырып келген беті екен».

Нұрмұқан әңгімеңіз жақсы екен. Ертең сізде қонақ болып кетіңіз. Қалмай келіңіз деп өтініш білдірді. Барған шаруаларымды тамадап, ертесі шақырған жерге бардым. Жақсы қарсы алды, қонақта он шақты адаммен бірге болдым. Менің қазақ екенімді білген Абаш деген кісі, ара-арасында қазақты шалып қояды. Мен де тыныш отырмай өз елімнің намысын бермей, сөз қайтарып отырдым. Ол өзінің қырғызын, мен өзімнің қазағымды мақтап қоймаймын. Қазаққа тиіскен кейбір сөздеріне ыза болып қалдым. «Не мен жеңем, не қырғыз жеңеді, нар тәуекел» деп шабыттана кірістім. Әрқайсымыз өз ұлтымызды, өз ұлтымыздан шыққан айтулы азаматтарымызды мақтаймыз. Бір кезде қырғыз ақсақал, осы қазақтар ішетін сусынын меске, болмаса қарынға құйып алады. Қай оңған дейсің –деп шағып алды. Өз-өзіне риза кейіппен жан-жағына мақтана қарады. Сол кезде мен де, сіз білесіз бе, оны осы қырғыздың өзі айтты деген сөз бар. «Месі бар қыз келеді месін алып, Месі жоғы келеді несін алып» деген. Осы сөз қағытпаңызға жауап болатын шығар деп ойлаймын. Сәл үндемей қалған қырғыз ақсақал, біздің Монтай би деп бір әңгімені бастай бергенінде. Мен сіз тұра тұрыңыз-деп саңқ етіп сөзін бөліп жібердім. – Сіз Монтай би дедіңіз, сол Монтай биіңіз оңған адам дейсіз бе. Жасы жетпістен асқан кезінде, өзі кедей, тұрмысы төмен қырғыз жігіттің некелескен әйелін зорлықпен тартып алыпты. Сондағы жігіттің айтқан сөзі:

«Қырымды шаптың елді алдың,
Кектескен жаудан кек алдың.
Қыз екен деп сен алдың
Қыз белгісін мен алдым
Қайырлы болсаң кешерсін

Қайырсыз болсаң кесерсін» – депті. Сөз жемейтін Монтай биің сонда да сөзге тоқтамай, қоймапты дейді –дегенімде қырғыз ақсақал не айтарын білмей мүдіріп, үндемей қалды. Сіз Монтай-Монтай дегенше, біздің Албанның Жанғабыл шешенін айтсаңшы, деп Жанғабылдың бірсыпыра әңгімелерін айттым. Тамақ арасында сәті келсе, Абаш қарияның қырғызын тықпалап айтып қалуға тырысқанымен, мысы басылып, сөзі нәрсіздеу шығып отырды. Біраз әңгіме-дүкен құрып, кететін уақыт тақаған кезде қырғыз Абаш ақсақалға:

«Әбеке, ақ танам бар, ақ танам бар
Мені жеңсең аулыңа мақтана бар.
Екі ауылдың арасы қалың қамыс

Қабан жарып кетпесін сақтана бар» – дегенімде сасқалақтап қалтасына қол салып, бет орамалын алды, бет орамалмен қоса, қалтасынан айна ілесе шықты. Оны байқап қалған мен сөзді іліп кеттім:

«Әбеке, қарап тұрмай қалтаңнан айнаңды алдың,
Аламын деп, бұл пәлеге қайдан қалдың.
Ақ жейденнің жағасын шыттан салып,

Жабысқан бұл қазаққа қайдан қалдым» – деп ойланып, үйіңізге барасыз ғой дегенімде, Абаш ақсақал жарытып ештеңе айта алмай түншығып, мүлде сөйлей алмады. Сасқалақтап терін қайта-қайта сүрткіштей берді. Сол кезде қонақтар арасында әңгімемізді үндемей ғана, зейін қойып тыңдап отырған бір қырғыз қария: «Нұрмұқан, сен бағанадан бері Жанғабыл, Жанғабыл шешен деп, өзің бірсыпыра әңгіме айттың. Шындап келсе анық, Албанның Жанғабылы өзің екенсің ғой» – отырысты түйіндеген пікір айтты. Отырған кісілердің бәрі: «рас сөз, дәл өзі» деген разылық құрметтерін білдірді. Қайтар жолда Жұмабай деген қырғыз екеуміздің жолымыз бір болып, атпен бірге қайттық. Жол айырығына келгенде, Нұрмұқан үйге жүр, үйге түсіп, саумал болса да ішіп кет. Бағанағы үй иесі жекжат еді. Үйдегі бар қымызды сол үйге апарып едім-деді.

Е сонда, байтал мінсең құлын жоқ, саумал ішсең қымыз жоқ деген Ертең қазақ Нұрмұқан саумалымды ішіп кетіп еді деп қымыз ішем деген бүкіл елге жаясың ғой, рахмет – дегенімде Жұмабай күліп жіберді. Міне осы әңгімені естіген елдер мені Албанның Жанғабылы деп кейде айтып қояды. Әңгіме осыдан шықты ғой.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

Молдасанов Ж. Дүниеге дәурен (ғұмырнама). – Алматы: «Толғанай», 2000. – 196 б.
Валиханов Ч.Ч. Собр. Соч. В пяти томах. – Алма-Ата: гл.ред. Каз сов. Энциклопедии, 1984-85. – Т.1. – 1984 – 432 с.
Валиханов Ч.Ч. Собр. Соч. В пяти томах. – Алма-Ата: гл.ред. Каз сов. Энциклопедии, 1984-85. – Т.2. – 1985 – 416 с.
Жылдар жылнамасы (Райымбек ауданына 80 жыл). – Алматы: «Асыл кітап», 2009. – 326 б.
«Елге сәлем...». Құрастырған: М.Е. Избасаров, Қырбай сал Бозымбекұлы. «Құрай принт» ЖАҚ – Алматы, 2009. – 100 б.

ҚАЛАЛЫҚ ЖОЛАУШЫЛАРДЫ ТАСЫМАЛДАУДЫ БАСҚАРУДЫҢ ТИІМДІЛІГІН БАҒАЛАУДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ ЖӘНЕ КӨЛІКТІК ЖҮЙЕЛЕРДІ ОҢТАЙЛАНДЫРУДЫҢ АЛҒЫ ШАРТТАРЫ

Г.С. Укубасова¹, А.К. Керимбек²

*¹э.ғ.к., профессор, Қазақ экономика қаржы және халықаралық сауда университеті
(Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан) E-mail ukubasova_g@mail.ru*

*²докторант, Қазақ экономика қаржы және халықаралық сауда университеті
(Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан) E-mail ayimzhan-80@mail.ru*

Қазақстанның автокөлік жүйесі бойынша жүк және жолаушылар тасымалдары көлемінің өзгеруінің алынған болжамды үрдістерін қарау экстраполяциялық теңдеулердің, әдетте, экономиканың тұрақты өсу қарқыны кезінде оптимистік болжам деп аталатын мәндерді және оның құлдырауы кезінде пессимистік мәндерді беретіндігін көрсетеді. Нормативтік модельдер, әдетте, болжамды мәндердің төмендеуін қамтамасыз етеді және тұрақсыз экономикадағы шындықты неғұрлым барабар көрсетеді.

Талдаудың соңғы кезеңінде және болжамның алынған деңгейлерін негіздеуде соңғы сөз болжамшыға тиесілі. Болжамның сапасы мен сенімділігі білім деңгейіне, кеңдігіне, сондай-ақ болжау тәжірибесіне байланысты.

Қалаларда автобус тасымалдарының объективті болжамды көлемін алу үшін халықтың көліктік қозғалғыштығына мынадай факторлардың әсерін ескеру қажет: халық табысының өзгеруі, жол жүру тарифі, жылжымалы құрамның тасымалдау мүмкіндіктері және т.б. бұл факторлардың халықтың көліктік қозғалғыштығына әсерін анықтау, әдетте, белгілі бір уақыт аралықтарын бақылау деректерін өңдеу арқылы қалыптасатын аналитикалық модельдерді қолдану арқылы жүзеге асырылады.

Халықтың көліктік қозғалғыштығы бір бірнеше айнымалылардың функциясы ретінде қарастырылса, оны талдау үшін регрессиялық әдістер мен корреляциялар қолданылады, олардың көмегімен тәуелсіз айнымалының халықтың көліктік қозғалғыштығының мөлшеріне қосқан үлесі анықталады. Кейбір айнымалылардың өзектілігін тексеру үшін регрессиялық талдаудың сатылы процедурасын қолдану ұсынылады.

Жолаушылар тасымалы мен көлік жұмысының жалпы санын бере отырып, есептеудің кеңейтілген әдістерін нақты көлік желісін құру үшін қолдануға болмайды. Осыған байланысты көлік жұмысының күтілетін көлемін бағалауға және елді мекен жоспарында жолаушылар тасымалын бөлуге мүмкіндік беретін көліктік тартылыс орталықтары арасындағы "әуе қашықтықтары" бойынша жел алдындағы көліктік есептер пайдаланылады.

Желінің алдындағы есептеу жобалаудың бастапқы кезеңінде елді мекеннің орналасуын бағалау бойынша алдын-ала ұсыныстар беруге мүмкіндік береді.

Келесі кезең-жолаушылар ағынын көлік желісі бойынша бөлу. Әр түрлі тәсілдер қолданылады: хат-хабарларды қозғалыс қашықтығымен немесе қозғалыс уақытының шығындарымен анықталатын ең қысқа жүру жолдары бойынша бөлу немесе жолаушылар ағынын ең аз қозғалыс қиындықтары бар жолдар бойынша бөлу. Екінші тәсіл қозғалыстың таралуының ықтималды сипатын және сапардың жайлылығын (Көлік құралдарын толтыру, қозғалыстың жиілігі мен тұрақтылығы және т.б.) ескеруге мүмкіндік береді [1].

Көлік желісінде жолаушылар ағынын бөлу міндетінің мәні көліктік тартылыс орталықтары арасындағы ең қысқа жолдарды іздеуге дейін азаяды. Мұнда графикалық теорияның белгілі әдістері қолданылады.

Адам өмірінің шарттары физиологиялық циклдік және элеуметтанулық ерекшеліктерімен байланысты, бұл уақыт пен көлік желісінің бағыттарында жолаушылар ағындарының айтарлықтай ауытқуын тудырады. Уақыт бойынша ауытқулар тәуліктің сағаттары, аптаның күндері, айлар мен Жыл мезгілдері бойынша, ал бағыттар бойынша - жүру бағыттары бойынша байқалады. Мұның бәрі тербелістерге әкеледі, ең алдымен жылжымалы құрамның сыйымдылығын пайдалану және тасымалдау сапасын нашарлатады. Динамиканы есепке алу - уақыт пен кеңістікте жолаушылар тасымалының қалыптасуы көліктік есептеулерді жүргізудегі көп уақытты қажет ететін міндеттердің бірі болып табылады, олар бірқатар ұйымдастырушылық шараларды қолдана отырып, желі учаскелеріндегі ауытқуларды азайтуға бағытталған, мысалы, кәсіпорындар мен мекемелердің басталу және аяқталу уақытын бөлу, мәдени-бұқаралық іс-шаралардың басталуы мен аяқталуы. Қазіргі уақытта бұл есептеулер компьютерде жасалады. Есептеулерді жүзеге асырудың желілік және маршруттық нысандары жүзеге асырылады. Нәтижесінде жолаушылар ағынының картограммалары, изохронограммалары алынады.

Компьютерде есептеу процесінің өзі келесі элементтерден тұрады: бастапқы мәліметтер мен есептеу тапсырмаларын дайындау, оларды компьютердің жадына енгізу, есептеулер жүргізу, есептеу нәтижелерін талдау.

Көлік аудандары бойынша ақпарат жөнелту және келу бойынша Еңбек және мәдени-тұрмыстық сыйымдылықтар, аялдама пункттеріне жақындау қашықтығы, ауданішілік жүріп-тұруға кететін уақыт шығындары туралы есептік шың сағатына деректерді қамтиды.

Көлікті пайдалану коэффициенттері түрінде қозғалыс үшін ауырлық функциялары арқылы берілетін қозғалыс әдістерін таңдау заңдылықтары туралы ақпарат өте маңызды.

Халықтың көліктік қозғалғыштығы - көлік жүйесінің тасымалдау мүмкіндігін анықтаудағы негізгі, бастапқы шама. Оны таңдаудың дұрыстығы көлік желісін жобалауды, маршруттық жүйені негіздеуді, көлік түрлерін таңдауды және т.б. қоса алғанда, барлық есептеудің дәлдігін анықтайды. Бірдей қалалар (елді мекендер) болмаса да, алынған мәліметтер халық санына, Көліктік қызмет көрсету деңгейіне, халықтың элеуметтік құрамына және басқа параметрлерге ұқсас елді мекендер тұрғындарының қозғалғыштығымен салыстырылады.

Элеуметтік фактор қоғамның жылжымалы құрамның сенімділігі, пайдалану ыңғайлылығы, жайлылық, көліктің адамға және қоршаған ортаға психологиялық және физикалық әсері, сондай-ақ әртүрлі көлік түрлерінің әрекет ету аймағында тұратын тұрғындарға қалыпты жағдай жасау мәселелеріндегі тасымалдауды ұйымдастыруға қойылатын талаптарын көрсетеді.

Экономикалық реформаларға дейін жолаушыларға ұсынылатын жайлылықты (қызмет көрсету сапасын) бағалауға әсер ететін басты көрсеткіштердің бірі уақыт шығындары болып саналды. Уақыт шығындары элеуметтік-экономикалық категория ретінде қарастырылды (бос уақыт неғұрлым көп болса, халықтың ақыл-ой, рухани және физикалық даму деңгейі соғұрлым жоғары болады).

Қалалардың қарқынды өсуіне және олардың көлік жүйелерін дамытудың кешеуілдеуіне байланысты өткен ғасырда бір қозғалыстың орташа уақыты біртіндеп өсіп келеді (25-30 минуттан 35-40 минутқа дейін). КСРО - да жүргізілген қала халқының қозғалғыштығын зерттеу көрсеткендей, бір көлемдегі елді мекендер үшін халықтың жалпы қозғалғыштығы жеткілікті тұрақты, ал еңбек қозғалыстарына кететін уақыт шығындары: халық саны 0,5 млн. астам қалалар үшін - 38 мин; 0,25 - тен 0,50 млн. адамға дейін -36 мин; 0,10-нан 0,25 млн. адамға дейін -35 мин; 0,05-тен 0,1 млн. адамға дейін - 25 мин.

Әдетте, жолаушылар тасымалы болжамдары халықтың қозғалысын далалық зерттеу нәтижесінде алынған сызбаларға және теориялық модельдерге негізделген.

Жолаушылар тасымалын есептеу үлгісі құрылыс және әлеуметтік-экономикалық факторларды ескере отырып таңдалады. Эвристикалық әдістерді қолдана отырып, олар көліктік желіні жобалайды, көлік түрлерін таңдайды, қозғалыс көлемін есептейді және жолаушылар тасымалы картограммаларын жасайды. Соңғысы көлік түрлерін, көліктік желіні, маршруттық жүйені таңдауды нақтылауға мүмкіндік береді. Осылайша, болжау есептеудің әр кезеңін түзетуге мүмкіндік беретін кезең-кезеңді процесс деп қорытынды жасауға болады.

Бастапқы мәліметтерді алу әдістемесі жолаушылар ағынының болжамын - экстраполяция немесе модельдеу моделін анықтайды. Далалық зерттеу деректері негізінде қолданыстағы көліктік жүйелерді есептеу үшін пайдаланылған бірінші модель перспектива өсуге мүмкіндік беретін қолда бар жүйелерге ұқсас деп болжайды. Экстраполяция моделі жағдай өзгерген кезде көліктік байланыстардың қалыптасуын ескереді және, әдетте, жаңа елді мекендер жүйесін жобалау кезінде қолданылады.

Ең қызықтысы - жолаушылар ағынын болжауға арналған модельдеу модельдері. Олар көлік аудандары арасындағы сәйкестікті есептеуге негізделген. Корреспонденцияның мөлшері өзара әрекеттесетін аймақтардың мөлшерін, қашықтықты, қарым-қатынастың қиындығын (сапарға кететін уақыт) және жол жүру құнын ескереді. Бұл модельдер детерминист класына жатады.

Іс жүзінде ықтималды модельдер де қолданылады, мысалы, бірнеше корреляция, бұл жолаушылар көлігінің көлік аймағының бір тұрғынына шаққандағы қозғалыс саны, әр ауданға сәйкес аудандардың аудандары мен популяциясы. әлеуметтік топ, халықтың демографиялық құрамы, қозғалыс деңгейі және байланыс құралдары ескеріледі [2].

Халықтың қозғалғыштығының оған әсер ететін факторларға тәуелділігі әлі толық зерттелмеген.

Халқы 250 мыңнан асатын қалалар үшін экономикалық өзгерістерге дейінгі халықтың қозғалғыштығы 1-кестеде келтірілген мәліметтермен сипатталғанын көрсетеді.

Кесте 1

Қаланың көлеміне байланысты халықтың қозғалғыштығының өзгеруі

Көрсеткіштер	Қала тұрғындары, мың адам		
	250-500	500-1000	1000-нан артық
Халықтың қозғалғыштығы (жылына бір адамға шаққандағы қозғалыс саны)	600-900	700-1000	1100-1300
Нысаналар бойынша қозғалыстардың			
Еңбек	18-20	18-20	18-22
Мәдени және тұрмыстық	34-37	35-38	37-41
Үйге оралу	45-46	44-15	43-44
Саяхат мақсаты бойынша көлікті пайдаланудың орташа деңгейі:			
Еңбек	0,43-0,55	0,55-0,64	0,67-0,74
Мәдени және тұрмыстық	0,34-0,40	0,35-0,39	0,42-0,50
Үйге оралу	0,35-0,45	0,34-0,5	0,47-0,49
Ескерту: Автор ҚР Статистика агенттігінің деректері негізінде құрастырған.			

Көлік пайдалану коэффициенті бойынша халықтың қозғалғыштығын көбейту көлік ұтқырлығының мәнін береді (бір тұрғынға жылына сапар саны). Статистика басқа индикаторды ұсынады - қоғамдық көліктерде тасымалданатын жолаушылардың жылдық санын трансферттер кіретін резиденттердің санына бөлу арқылы алынған жыл сайынғы көліктік ұтқырлық. Қалалық жолаушылар көлігімен (ҚЖК) алмасу жылдамдығы 1,15-1,35 құрайды.

Халықтың қозғалғыштығын білу тек көлік желісін жобалау кезінде ғана емес, сонымен бірге жолаушылар тасымалы ұйымдастырылған кезде де қажет. Тасымалдау көлемін елемеу көлік түрлері

арасында трафиктің ұтымсыз бөлінуіне, қажетті жылжымалы құрамды дұрыс анықтамауға, қызмет көрсету сапасының нашарлауына, жол жүру ыңғайсыздығының артуына, «көлікте шаршаудың» және т.б.

Өзгерген экономикалық жағдайда халықтың көліктік ұтқырлығына әсер ететін негізгі факторға бірқатар басқа факторлар қосылды: халықтың әлеуметтік топтар бойынша құрамы, халықтың кірістері, жол жүру бағалары, көлік желісінің тығыздығы, жылжымалы құрамның өткізу қабілеттілігі және т.б.

Болжамдар ресми көзқарас емес. Алайда, ауқымды зерттеулер негізінде жасалған, олар дұрыс көлік саясатын жүргізуге мүмкіндік береді.

Қоғам қозғалыс қажеттілігін оңтайлы және тиімді қанағаттандыру принципін басшылыққа алады. Көліктің жекелеген түрлері, қоғамдық (маршруттық) және жеке көліктер арасындағы трафикті ұтымды және тиімді бөлу ұлттық экономика үшін проблеманы оңтайлы қалыптастыру туралы болып отыр.

Қазіргі уақытта болжамдарды алу үшін көптеген әдістер әзірленді, оларды екі бағытта біріктіруге болады: болжанатын процесті экономикалық-математикалық модельдеу және индикатордың уақыттық қатарын оқшауланған талдау арқылы болжау.

Жоспарланған экономика жағдайында болжамдар жоспарланған процестерге, сондай-ақ нарықтық ауытқулардан салыстырмалы түрде аз процесстерге негізделді. Көлік болжамы әлеуметтік-экономикалық болжамға негізделді, оның негізінде ұзақ мерзімді тұжырымдамалар жоғары дәрежеде орындалды. Болжау және жоспарлау ажырамас процесс болды.

Қазіргі экономикалық жағдайда болжамның объективтілігі кіріс ақпаратының сапасына байланысты болады. Модельдегі барлық қосылымдар сенімді ақпаратпен ғана дұрыс болады. Мұны бағдарламалық жасақтама жасаушылар, бизнес көшбасшылары және көлік пен басқа салалар арасындағы өзара әрекеттесуді жоспарлаушылар ескеруі керек. Бұл аймақтық жоспарлау үшін де маңызды.

Көлік ұйымдарында болашақта қандай өзгерістер болуы мүмкін екендігі туралы нақты түсінік болуы керек. Олар осы өзгерістерге дайын болуы керек және жылжымалы құрамды, персоналды, мамандарды және т.б. оқытуы керек.

Жолаушылар тасымалы қажеттілігін болжау кезінде келесі факторларды ескеру қажет:

- халықтың күтілетін саны, құрамы және аумақтық таралуы және жұмыспен қамту сипаттамасы;
- экономикалық даму, өмір сүру деңгейінің артуы, жағдайлар мен өмір салтындағы күтілетін өзгерістер;
- аумақтық еңбек бөлінісін, елді мекендерді, қалалар мен олардың халқын дамытудың негізгі бағыттарын дамыту;
- көлік қызметтерінің заманауи және перспективалық деңгейлері, көлік тарифтері мен шығындарының қалыптасуы;
- ішкі және сыртқы туризмнің күтілетін дамуы, моторизацияның таралуы және т.б.

Көліктің ұтқырлығын болжау үшін бірінші кезеңде қоғамдық жолаушылар көлігімен қаладағы жолаушылар тасымалы көлемінің өзгеру динамикасы талданады.

Сонда әр тұрғынға шаққандағы көліктің барлық түрлерімен потенциалды мобильділігі анықталады, оны келесі шарттар негізінде есептеуге болады [17].

Қаланың қоныс аудару қажеттілігін келесідей бағалауға болады:

$$Q_{\text{қошу}} = \frac{N_{\text{қала}} * d_{\text{белс}} * P_{\text{таул}} * (K_{\text{кунт}} - K_{\text{дем}} - K_{\text{мер}} - K_{\text{дем}})}{0,7}, \quad (2)$$

Мұндағы,

$N_{\text{қала}}$ - қала тұрғындары саны;

$d_{\text{белс}}$ - экономикалық белсенді халықтың үлесі;

$P_{\text{таул}}$ - экономикалық белсенді халықтың бірлігіне тәуліктік ұтқырлық;

$K_{\text{кунт}}$ - күнтізбелік күндері;

$K_{\text{дем}}$ - демалыс күндері;

$K_{\text{мер}}$ - мереке күндері;

$K_{\text{дем}}$ - демалыс (мереке) күндері.

ТӘУЕЛСІЗДІКТІҢ АЛҒАШҚЫ ОНЖЫЛДЫҒЫНДА ҚАЗАҚСТАНДА ЖҮРГІЗІЛГЕН ЭКОНОМИКАЛЫҚ РЕФОРМАЛАР

Калдыбаева С.С.

*тарих магистрі, аға оқытушы Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті
(Алматы, Қазақстан) E-mail: safurakaldybayeva@gmail.com*

Қазақ ССР Жоғарғы Советінің 1990 жылғы 25 қазандағы № 307-ХІІ Қаулысымен тұңғыш рет мемлекеттің егемендігін бекіткен тарихи маңызды құжат – «Қазақ КСР-нің Мемлекеттік егемендігі туралы» Декларация қабылданды. Аталған заңды құжаттың 9 және 10 баптарында «Жер және оның қойнауы, су, әуе кеңістігі, өсімдіктер мен хайуанаттар дүниесі, басқа да табиғи ресурстар, халықтың мәдени және тарихи қазыналары, бүкіл экономикалық, ғылыми-техникалық потенциал - Республика территориясындағы бүкіл ұлттық байлық Республика егемендігінің негізін құрай отырып, оның ерекше меншігінде болады» және «Қазақ ССР-і Республиканың Жоғарғы Советіне бағынатын мемлекеттік ұлттық банк, өзінің финанс-кредит жүйесін құруға құқылы, мемлекеттік бюджетін дербес қалыптастырады, салық және одақтық-республикалық кеден жүйесін ұйымдастырады» деп көрсетілді. («Қазақ ССР Мемлекеттік егемендігі туралы декларация жөнінде»)

Деларацияның қабылдануы жас мемлекеттің алдында саяси және экономикалық дербестігіне ұмтылуымен бірге, сыртқы экономикалық қатынастарды жетілдіруге, қаржы салаларында жаңа даму бағыттарын жүзеге асыруды қажет етті.

Сонымен қатар, Қазақстан Республикасы өзінің егемендігін алуымен Тәуелсіз мемлекеттігіміздің негізін қалыптастыру, саяси және әлеуметтік-экономикалық тұрақтандыру сынды міндеттері жүктелді. Және, республика алдында нарықтық және әлеуметтік-экономикалық жүйеге бағдарланған экономикаға көшуді жүзеге асыру тұрды. КСРО–ның бір орталыққа бағындырылған

шаруашылық жүйесінің күйреуі, кәсіпорындардың тоқтатылуы, инфляцияның өсуі, жұмыссыздық және тағы басқа мәселелер Қазақстанның алдында күрделі саяси және әлеуметтік-экономикалық бетбұрыс жасау қажеттілігін айқындай түсті.

1990 жылы Жоғарғы экономикалық кеңес құрылып, мемлекеттің нарық жүйесіндегі стратегиясын дайындаумен қатар, мемлекеттік құрылымды да қайта құру қажеттілігі айқындалды.

КСРО – ның кеңестік «жоспарлы» шаруашылығы экономикалық реформалардың бір ғана мемлекеттік меншікке негізделуімен ерекшеленген еді.

Ескі саяси және экономикалық жүйенің ыдырауы, одақтық байланыстардың жылдам үзілуі, жаңа тәуелсіз мемлекеттердегі әрекеттердің келісілмеуі зор дағдарысқа алып келді. 1992 жылдың 2 қаңтарында Ресейде басталған бағаның ырықтандырылуы кеңестік экономикалық жүйені күйзеліске әкелді. 1992 жылдың 6 қаңтарында «Бағаны либерализациялау шаралары туралы» Жарлықпен техникалық өнімдердің, халық тұтынатын тауарлар мен қызмет түрлерінің бағасының босатылуы Ресейдің баға саясатына тәуелділігін ұлғайтты. Экономикалық дағдарыстың басталуымен тұтыну нарығынсыз, шикізатсыз және айналым қаржысынсыз қалған көптеген қазақстандық кәсіпорындар өндірісті қысқартуға, тіпті жұмысты тоқтатуға мәжбүр болды. Ақтөбе хром бірлестіктері зауыты, «Казстройполимер», «Шымкентшина», «Карбид», «Фосфор», «Химпром» жұмысын тоқтатуға, Қарағанды металлургия, Өскемен қорғасын-мырыш және Лениногор полиметалл комбинаттары өз жұмысын баяу жүргізді. (Назарбаев, 2017: 56)

Күн тәртібінде нарықтық қатынастарға өту үшін, елде экономикалық реформаны түбегейлі өзгерту бірнеше кезеңмен жүргізілді .

Бірінші кезең, 1992-1993 жж., яғни экономиканы түбегейлі реформалаудың басынан бастап меншікті ұлттық валютаны енгізуге дейінгі кезеңді қамтиды. Бұл кезеңде мемлекет иелігінен алу, қаржылық тұрақсыздықтың тереңдеуі, яғни инфляцияның бұрын-соңды болмаған өсуі, халықтың жинақталуын құнсыздандыратын гиперинфляция орын алып, халық шаруашылығының барлық салаларында өндіріс төмендеді. Бұл кезеңде макроэкономикалық саясатты Ресей үкіметі анықтап, яғни республиканың экономикасы Ресейге толығымен тәуелді болған еді.

Нарықтық қайта құрулардың екінші кезеңі, елімізде ұлттық валютаның енгізілуімен өзінің макроэкономикалық саясатын 1993-1997 жылдары қалыптастыра бастады. Бұл кезең салық салу, бюджет және банк, сыртқы экономикалық қызмет, нарықтар мен нарықтық инфрақұрылымды дамыту саласындағы қатынастарды реттейтін нормативтік-құқықтық базаны құрумен сипатталады.

1992 жылдың бірінші жартысында республика басшылығы Н.Назарбаевтың «Қазақстанның егеменді мемлекет ретінде қалыптасуы мен Даму стратегиясы» атты еңбегінде баяндалған Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық дамуының негізгі стратегиялық бағыттарын әзірледі. Бұл еңбекте Тәуелсіз Қазақстанның сыртқы саяси бағытының негізгі ұстанымдарын айқындай отырып, халықаралық аренада экономика саласында төмендегідей мақсаттарға қол жеткізу көзделді:

- әрқайсысы экономикалық және әлеуметтік өзара байланыстардың жалпы жүйесінде өз функцияларын орындайтын негізгі меншік (жеке және мемлекеттік) нысандарын ұштастыра және өзара іс-қимыл жасай отырып, бәсекелестік бастауларға негізделген әлеуметтік нарықтық экономиканы қалыптастыру;

- адамның экономикалық өзін-өзі айқындау қағидатын іске асыру үшін құқықтық және басқа да жағдайлар жасау;

- ұлттық валютаны енгізу және оның ішкі, содан кейін сыртқы айырбасталуын қамтамасыз ету;

- Қазақстанның табиғи ресурстары және оның экономикасын қайта өңдеу және ғылымды қажетсінетін салаларды, қазіргі заманғы шетелдік және отандық техника мен технологияларды тарта отырып, экспорттық және импортты алмастыратын өндірістерді озыңқы дамыту есебінен қайта құру негізінде әлемдік тауар нарықтарында меншікті позицияларды жаулап алу немесе басқа елдермен нақты позицияларды бөлу;

- тұтыну нарығын қанықтыру;

- Қазақстанның дамуы үшін шетел инвестицияларын тарту және белсенді пайдалану.

Сонымен қатар, негізгі экономикалық мақсаттарға жетудің хронологиялық шеңбері де анықталды.

Бірінші кезеңде - 1992-1995 жылдары - меншікті мемлекет иелігінен алу, жекешелендіру және тұтыну нарығын тауарлармен қамтамасыз ету;

Екінші кезең - 1996-2005 жылдары - экономиканың шикізаттық бағытын біртіндеп еңсеру, көлік желісі мен телекоммуникацияны жедел дамыту, дамыған тауар және валюта нарықтарын, капитал, жұмыс күші, бағалы қағаздар, зияткерлік меншік нарықтарын қалыптастыру;

Үшінші кезең, стратегия авторларының пікірінше, ұзақтығы 5-7 жыл, ашық типтегі экономиканы дамытудың жедел қарқынымен, осы негізде өтпелі кезеңнің стратегиялық мақсаттарына қол жеткізумен, Қазақстанның әлемдік саудадағы ұстанымын нығайтумен және жаңа индустриялық мемлекеттер қатарына кірігуімен сипатталды.

Қазақстан экономикасын жеделдете дамыту үшін ұсынылған мемлекеттік бағдарламаның бірі - жекешелендіру.

Жекешелендіру - экономикалық реформаның маңызды бағыттарының бірі. Меншікті мемлекеттен бөлу, меншікті жекешелендіру нарықтық экономикалық қатынастардың негізі болып табылады. Нарықтық экономика тауар өндірушілер мен тұтынушылар арасындағы байланысты нығайтуға ықпал етеді.

1991 жылы 22 маусымда Қазақстан Республикасы «Мемлекет иелігінен алу және жекешелендіру жөніндегі» Заңы мен 1995 жылы 23 желтоқсандағы «Жекешелендіру туралы» Заңы меншікті мемлекет иелігінен алу және жекешелендірудің құқықтық негізін құрады. (Аяған, 2012:264)

Үкіметтің алғашқы жекешелендіру бағдарламасы үш кезеңді қамтыды, нәтижесінде барлық мемлекеттік кәсіпорындар акционерленіп, жекешелендірілуі керек еді. Бірінші кезеңде (1991-1992 жж.) мемлекеттік меншіктің барлық объектілерінің, меншік иесі өкілдерінің мәртебесін және меншік құқықтарын беру тәртібін айқындау көзделді.

Бірінші кезеңде - өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығындағы шағын және орта кәсіпорындардың 50% - ын жекешелендіру, сондай-ақ сауда мен қызмет көрсету саласындағы шағын объектілердің көпшілігін жекешелендіру көзделді.

Екінші кезеңде (1993-1996 жж.) - орта және ірі кәсіпорындарды жекешелендіруге шоғырландыру көзделді.

Ал, үшінші кезеңде (1997-2000 жж.) - жекешелендіру аяқталуы тиіс болды.

Жекешелендіру бойынша алғашқы қадамдар Қазақстан Республикасы Президентінің 1991 жылғы 21 маусымдағы «Мемлекет иелігінен алу мен жекешелендірудің ұлттық бағдарламасы» туралы Жарлығы негізінде жасалды. Бұл заң жекешелендірудің институционалды шеңберін құрды.

Қазақстанда жекешелендіруді жүргізу жауапкершілігі Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитетіне жүктелді. Мемлекеттік мүлік комитеті жекешелендіру процесінің бағыты мен нәтижелеріне (яғни, оның жылдамдығы, қамтылуы, заңдар мен рәсімдердің сақталуы үшін) ғана емес, сондай-ақ жекешелендірілетін кәсіпорындардың жұмыс істеуіне де жауап берді. Бұл мемлекет меншігіндегі кәсіпорындар үшін (әсіресе акционерлік кәсіпорындар үшін) және жекешелендіру процесінің өзі үшін жауап берді.

Сонымен қатар, мемлекет иелігінен алу және жекешелендіру туралы Заң үш әдіс негізінде өткізілді. Олар: еңбек ұжымдарының меншігіне беру, аукцион және тендер. Ол кезде жекешелендіруге еңбек ұжымдарының пайдасына басымдық берілген. Еңбек ұжымдары немесе осы кәсіпорынның кез-келген басқа жұмысшылар тобы мемлекеттік мүлікті кез-келген уақытта кәсіпорынды жекешелендіру жоспарын ұсына алады (бұл әдіс орыс тіліне өте ұқсас). Егер кәсіпорын қызметкерлері оны жекешелендіруге қызығушылық танытпаса, Мемлекеттік мүлік комитеті немесе тиісті аумақтық комитет оны аукционға немесе тендерге жіберді. (Бальцерович Л., 1995:3)

Сондай-ақ, жекешелендірудің бұл кезеңінде баспана нарығы және нарықтық қатынастарды дамытуға қажетті жағдайлар қалыптасты. Және, жалға берілетін және ұжымдық кәсіпорындар пайда болды. Коммунальдық объектілер аукционға түсіп, қызмет көрсету нарығы қалыптасты.

Жекешелендірудің екінші кезеңі «Қазақстан Республикасында мемлекеттік меншікті мемлекет иелігінен алу мен жекешелендірудің 1993-1995 жылдарға арналған ұлттық бағдарламасы» негізінде өткізілді. Бұл кезеңде (1993-1995 жж.) шағын жекешелендіру деп аталатын жекешелендіру аяқталды. Соның нәтижесінде саудадағы, тұрмыстық және коммуналдық қызмет көрсетудегі жеке меншікке мемлекеттік меншік нысаны толығымен дерлік ауыстырылды. Жаппай жекешелендіру нәтижесінде инвестициялық купондар (шындр) мен акциялар үшін 1600-ден астам өнеркәсіп, құрылыс және көлік орта және ірі кәсіпорындары сатылды.

Ұлттық бағдарламада жекешелендірудің 1993-1995 жылдардағы кезеңге арналған негізгі мақсаттарын айқындады.:

- шағын жекешелендіру,
- жаппай жекешелендіру,
- жеке жобалар бойынша жекешелендіру,
- ауыл шаруашылығын жекешелендіру.

Шағын жекешелендіру 200 адамға дейін жұмыс істейтін кәсіпорындарды қамтуы керек болды.

Ірі кәсіпорындардың саны 5 мыңнан асады. Өз кезегінде, бұқаралық жекешелендірумен 200-ден

5 000 адамнан астам жұмыс істеген кәсіпорындарды қамту туралы шешім қабылданды. Ауыл шаруашылығын жекешелендіру совхоздарға шоғырланды.

Мемлекеттік меншікті басқару мен жекешелендірудің бірыңғай жүйесі осы кезеңнің аса маңызды қадамы болды. Сол кезде шағын және орта бизнесті дамытуға бастама берілді. Бұрынғы кенестік сауда жүйесін, оның ішінде көтерме сауда жүйесін қайта құру басталды. Осының арқасында дүкендер, мейрамханалар, дәріханалар желісі, жанармай құю станциялары сияқты қызмет көрсету саласында бәсекелестік орта пайда болды.

Алайда мемлекет өз меншігін сатудан кіріс алған жоқ. Мемлекеттік мүлікке лайықты қайта бағалау жүргізілген жоқ. Жоғары инфляцияға байланысты қиын болған бағалауды кәсіпорындардың өздері олардың баланстық есептері негізінде жүргізді. Кәсіпорын әкімшілігі бұл ретте көрсеткіштерді төмендетуге мүдделі болды. Инвестициялық-жекешелендіру қорлары (ИПФ) түріндегі делдалдар институты қорлардың өздерімен бірқатар проблемаларға алып келді: халықтың әлеуметтік белсенділігі төмен жағдайда қорлар оларға халық берген купондармен әр түрлі алаяқтық жасауға мүмкіндік алды.

1992 жылы - 6200, 1993 жылы - 2700 кәсіпорын жекешелендірілді. Осы жылдары негізінен шағын сауда, тұрмыстық қызмет көрсету және тамақтану кәсіпорындары жекешелендірілген.

Нарықтық экономикаға көшудің басталуы сауда-экономикалық байланыстардың жаппай үзілуіне, бірыңғай қаржы-несие саясатын жүргізудегі үйлестірудің болмауына, өндірістік қатынастардың ескі жүйесін тез арада бөлшектеуге байланысты дағдарыс жағдайында болды.

1993 жылдың соңында өзінің ұлттық валютаның енгізілуі, экономикалық реформаларды, ең алдымен қаржы-несие саласында айтарлықтай жеделдетуді талап етті. Осы сәттен бастап қайта құрудың екінші кезеңі басталды. Оның басты ерекшелігі тәуелсіз макроэкономикалық саясатты жүргізуде Үкімет пен Ұлттық Банктің жеткілікті тәуелсіздігі еді.

1994 жылдың ортасынан бастап Үкіметтің реформаларды тереңдету және экономикалық дағдарыстан шығу жөніндегі 15 айлық іс-қимыл бағдарламасының қабылдануымен құрылымдық қайта құрулар бойынша батыл қадамдармен сүйемелденген қатаң инфляцияға қарсы саясат бағыты алынды.

Нәтижесінде, 1994 жылдың ортасынан бастап экономикадағы макроэкономикалық тұрақтандырудың алғашқы белгілері байқалды.

Бюджеттік және кредиттік саясатты қатаңдату, мемлекеттік қаражатты үнемді жұмсау бағдарламаның басты мақсаттарының бірі - инфляцияны жоспарланған деңгейге дейін төмендетуге мүмкіндік берді. Өтімді валюта нарығын құру, ұлттық валюта бағамын тұрақтандыру және сенімді басқару бойынша бағдарламалық қондырғылар орындалды. Бағдарламада көзделгендей, Ұлттық Банктің тәуелсіздігі нығайтылды және оның ақша-кредит саласын реттеудегі рөлі күшейтілді. (Бальцерович Л., 1995:4)

Үшінші кезең, 1995 жылы желтоқсанда «Жекешелендіру туралы» Заң күші бар Жарлықтан басталып, 1999 жылға дейін жалғасты. 1996 жылдан бастап мемлекеттік меншікті жекешелендіру аукциондар, тендерлер арқылы тек «қолма-қол ақша» үшін жүргізіле бастады. Бұл бірқатар өнеркәсіптік және өзге де кәсіпорындар мен ұйымдардың жұмысын жақсартуға мүмкіндік берді. Қазақстан Республикасы азаматтарының жеке және заңды тұлғаларынан басқа, сатып алушы рөлінде шетелдік заңды тұлғалар да, ал сатушы — Мемлекеттік орган да бола алады.

Мемлекет шетелдік компаниялар өздерімен бірге инвестицияны ғана емес, озық технологияны, басқарудың озық тәжірибесін де алып келеді деп сенді. Нәтижесінде, қазақстандық кәсіпорындар өз дамуы үшін жаңа ресурстар алды. Жаңа жұмыс орындары ашылып, адамдар өз еңбектері үшін жалақы ала бастады.

1996-1998 жылдары үкімет экономиканың стратегиялық салалары объектілерін жекешелендіруге бастамашылық жасады. Осылайша, 1997 жылы мұнай-газ саласында «Маңғыстаумұнайгаз» ААҚ акцияларының мемлекеттік пакетінің 60%-на және «Ақтөбемұнайгаз» ААҚ акцияларының мемлекеттік пакетінің 60%-на сатып алу-сату шарттарына қол қойылған болатын. Ашық инвестициялық тендерлердің жеңімпаздары сәйкесінше «Централ Азия Петролеум» индонезиялық компаниясы мен Қытай ұлттық мұнай-газ компаниясы болды. Олар 4 миллиард АҚШ доллары бойынша кәсіпорындардың негізгі өндірісін инвестиялау міндеттемесін өздеріне алды. 1997 жылдың өзінде секторлық бағдарламаларды іске асыру шеңберінде әлеуметтік саланың - 1946 объектісі, оның ішінде жекешелендіруге берілуге жататын денсаулық сақтау объектісі - 67,7%, 57,7%- білім беру, 49,8%-мәдениет, 66,7% - туризм және спорт объектісі жекешелендіруге кірді.

1998 жылдың соңына қарай - 2615 акционерлік қоғам мен шаруашылық серіктестік жекешелендірілген болатын. Ол құрылатын акционерлік қоғамдар мен шаруашылық серіктестіктердің жалпы санынан 51,8 % - ды құрады. Бұдан басқа, әлеуметтік саланың - 2905 объектісі жекешелендірілді.

Қарастырылып отырған кезең ішінде жеке жобалар бойынша - 93 кәсіпорын жекешелендірілді, бұл барлық өндірістік қуаттың 80%-ын құрады және экономика салаларының бөлінісінде: Мұнай-газ саласындағы жеке жобалар бойынша - 2,3 металлургиялық; тау-кен және машина жасау кешенінде – 41; энергетикада – 19; экономиканың басқа салаларында – 10 кәсіпорын сатылды. 56 кәсіпорын шетелдік инвесторларға сатылды. Еліміздің жақсы инвестициялық климатпен құрылған имиджі Қазақстанға АҚШ-тан, Англиядан, Кореядан, Швейцариядан, Бельгиядан, Гибралтардан, Индонезиядан, Канададан, Германиядан, ҚХР-дан, Россиядан инвесторларды тартты. (ҚР Мемлекетінің Ұлттық Бағдарламасы)

1999 жылдан кейін мемлекеттік мүлікті басқаруды жетілдіру мәселелері бірінші орынға шықты. Сондықтан, төртінші кезеңде мемлекет мемлекеттік меншікті басқару және оған билік ету мәселелері бойынша мемлекеттік органдар арасында өкілеттіктерді бөлудің жаңа тәсілдерін қолдана бастады. Осы кезеңде ірі жекешелендіру объектілерінің, мемлекеттік тарату электр-желілік компаниялардың, сондай-ақ жылжымайтын мүлік объектілерінің акцияларының мемлекеттік пакеттерін сату жүзеге асырылды. Әлеуметтік инфрақұрылымның бірқатар салаларында (Денсаулық сақтау, білім беру) оларды ұстауға арналған бюджет шығындарын азайтатын қазыналық кәсіпорындардың ұйымдық-құқықтық нысаны енгізілді. 2001 жылы жекешелендіру процесі іс жүзінде аяқталды. Республикада жекешелендіру процесі бәсекелестік үшін нақты жағдай жасады.

1999 жылғы қазанда Қазақстан Үкімет басшысының кезекті ауысуы болды. вице-премьер болып жұмыс істеген Қ.Тоқаев премьер-министр болды. Жаңа үкімет екінші онжылдыққа арналған елдің әлеуметтік-экономикалық даму жоспарын жасап, 2010 жылға дейін оның негізгі міндеті - бәсекеге қабілетті ұлттық экономика құру деп көрсетті.

Ауылда агроөнеркәсіптік секторды жекешелендіру 1997 жылға қарай негізінен аяқталып, таратылған колхоздар мен совхоздардың орнына әр түрлі шаруа қожалықтары құрылды. Ол аралас, жеке, ұжымдық, ұжымдық - пай, ірі ауылшаруашылық кооперативтері және жеке фермалар түрінде жаңа сипатта құрылды.

Сондай-ақ, ЖІӨ көлемін кемінде екі есе ұлғайтуға қол жеткізу, орнықты экономикалық өсуді қамтамасыз етуге бағытталған мемлекеттік шаралар жүйесін жүзеге асыру, халық шаруашылығының негізгі салаларында ұлттық капиталдың ықпалын күшейту, аграрлық сектордың дамуын ынталандыру, инфляцияның төмен нығаюын қолдау, Қазақстанның қаржы-кредит жүйесін одан әрі нығайтуды қамтамасыз ету болып табылады. Осы қойылған міндеттерді келесі үкімет басшылары И. Тасмағамбетов, Д. Ахметов пен К.Мәсімов жалғастырды.

Алайда, нарықтық экономикаға көшуде бірсыпыра қателіктерге жол берілді. Біріншіден, реформаны бастауда мемлекеттің мақсаты да, мүдделері де, оларға жетер жолы да, әдіс-тәсілдері де толық анықталмады. Екіншіден, барлық елдерге бірдей сай келетін экономикалық реформаның моделі болмайды. Әр елдің өзіне тән, оның ұлттық бітіміне, тарихына, дәстүріне, нақтылы саяси, әлеуметтік, экономикалық қалыптасқан жағдайына сәйкес өз моделі, өз жолы болу керек.

Қазақстан отандық экономиканың өзіндік келбетін білдіретін, экспорттық секторды қалыптастыратын, әлемдік нарыққа шығатын арна ашумен қоса, біздің жетекші кәсіпорындарымыздың экономикалық құрдымға түсуін тоқтата алдық. Қазақстан шетелдік капитал, инвестициялар, технологиялар, экономикалық жаңалықтар мен әлемдік шаруашылық тәжірибе үшін анағұрлым тартымды бола бастады. Осы жылдар ішіндегі барша әлеуметтік-экономикалық қиындықтарға қарамастан, олардан өту процесінде тәуелсіз Қазақстан өз болашағына сенімді болды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1 «Қазақ ССР Мемлекеттік егемендігі туралы декларация жөнінде» Қазақ ССР Жоғарғы Советінің 1990 жылғы 25 қазандағы № 307-ХІІ Қаулысы <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/B900001700>

2 Н.Ә. Назарбаев, Тәуелсіздік дәуірі, Астана – 2017.,

3 Б. Аяған, Қазақстанның жаңа тарихы: тұрақты Қазақстан. 2012:264

4 Владислав Ермакович, Приватизация в Республике Казахстан, Центр социально-экономических исследований, Варшава. 1996. 46.

5 Бальперович Л., Ермакович В., Козаржевский П., Панькув Ю. Обзор приватизации в Республике Казахстан. Программа развития ООН и Конференция ООН по торговле и развитию, Алматы, май, 1995.

ҚР Мемлекет иелігінен алу және жекешелендірудің 1993-1995 жылдарға (2 кезең) арналған Ұлттық бағдарламасы туралы.

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ПРАКТИКА: БОЛАШАҚ МҰҒАЛІМНІҢ КӘСІБИ ДАЙЫНДЫҒЫ

С.А. Абдиманов¹, М.А. Қасымбекова²

¹тарих пәнінің мұғалімі, №65 жалпы білім беру мектеп

²тарих магистрі, аға оқытушы

Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті
(Алматы қ., Қазақстан) E-mail: kasimbekovamarzan@gmail.com

XXI ғасырдың басында Қазақстанда болып жатқан терең әлеуметтік, рухани, экономикалық өзгерістер мұғалімнің кәсіби деңгейіне, зияткерлік, моральдық қасиеттеріне қойылатын талаптарды айтарлықтай өзгертеді, яғни болашақ мұғалімнің кәсіби дайындығына қатысты өзгерістер қажет. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында педагогтың қызметі арқылы ұлттың зияткерлік және рухани әлеуетін нығайтуға, отандық ғылымды дамытуға, мәдени мұраны сақтауға және көбейтуге бағытталған мемлекеттік саясат іске асырылатыны көрсетілген.

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев «Нұрлы жол - болашаққа бастар жол» атты халыққа жолдауында елдің болашағын Қазақстанның әлеуетін ашудың жаңа мүмкіндіктерін құрумен байланыстырды (Назарбаев, 2014). Ұлттық идея, жарияланған ұлттық жоспар, «100 нақты қадам» адам капиталының сапасын арттыру бағдарламасы, дамыған отыз елдің қатарына кірудің негізі, он жетекші колледждер мен университеттерде білікті кадрлар даярлау, білім беру мекемелерінде білім беруді дамыту («100 нақты қадам»).

Мәселен, осы тұрғысынан «...мектеп қабырғасынан бастап біздің балаларымыздың жеке қасиеттерін: талдай білу, шығармашылық ойлау, жағдайдың өзгеруіне тез жауап бере білу, әр түрлі қызмет түрлерін өз бетінше ұйымдастыра білу және өзін-өзі тұрақты оқытуға дайын болу» қажеттілігін үнемі атап өтеді. Бұл міндеттерді шешу қазіргі заманғы мұғалімнен педагогикалық шеберлікті, ең жоғары кәсіпқойлықты талап етеді.

Мұғалімнің кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру мәселесі мұғалімдердің де, әдіскер ғалымдардың да назарында. Отандық әдіскер ғалымдар соңғы жылдары педагогикалық білім беру мазмұнында елеулі кемшіліктер мен проблемалар байқалатынын атап өтті. Бастауыш мұғалімдер көбінесе мектепте оқу-тәрбие жұмысын ұйымдастыруда айтарлықтай қиындықтарға тап болады, жалпы және педагогикалық мәдениеттің жеткіліксіз деңгейін көрсетеді, студенттерді тәрбиелеу және дамыту процесін жан-жақты түсіне алмайды, оқытудың жаңа технологияларын қолдана алмайды, заманауи талаптарға сәйкес сабақ құра алмайды.

Жас мұғалімнің жоғары мектепте білім алу үдерісінде кәсіби қалыптасуы «белгілі бір білім, дағды жиынтығын игеруді ғана емес, сонымен бірге оның жеке өзін-өзі жетілдіруді, өмірлік ұстанымды жандандыруды, коммуникативтілік, әдептілік, сыншылдық, қарапайымдылық және т. б. сияқты қасиеттерді тәрбиелеуді қамтиды. Сондықтан болашақ мұғалімнің жеке және кәсіби қасиеттерін қалыптастыру жоғары оқу орнында оқытудың негізгі міндеті болып табылады және оны шешкен кезде оның онтогенезінің әртүрлі кезеңдерінде тұлғаның дамуының психологиялық процесін түсіну маңызды» (Абдуллина, 1990: с.175).

Болашақ мұғалімнің жеке басын қалыптастыру процесінде педагогикалық практика ерекше мәнге ие. Бұл студентке оқу үдерісінде алған өзін-өзі дамытудың субъективті тәжірибесін практикада педагогикалық өзара әрекеттестікте сынап қана қоймай, сонымен қатар мамандық таңдаудың дұрыстығын нақты бағалауға мүмкіндік береді. Ол өзінің мүмкіндіктерін мұғалімге қойылатын талаптармен байланыстыра алады, проблемаларын анықтап, жүзеге асыра алады.

Қазіргі психологиялық-педагогикалық әдебиеттерде болашақ маманның кәсіби қалыптасуы мен дамуындағы педагогикалық практиканың рөлі, оның түрлері, мазмұны, атқаратын функциялары, ұйымдастырудың кең таралған формалары мен әдістері, практика нәтижелерін бағалаудың негізгі критерийлері және оның тиімділігін арттыру жолдары толық және терең зерттелген. Ғалымдардың еңбектерінде мұғалімнің практикалық дайындығы жүйесінің қалыптасуының тарихи аспектісі көрсетілген, педагогикалық практиканы ұйымдастырудың әртүрлі жобалары, оларды енгізу тәжірибесі қарастырылған, үздіксіз педагогикалық практиканы ұйымдастырудың модельдері мен технологиялары сипатталған, студенттерді педагогикалық жаңалықтарды қабылдауға, бағалауға және іске асыруға дайындаудағы педагогикалық практиканың рөлі ашылған. Соңғы жылдардағы зерттеулерде педагогикалық практиканың мәні студенттерді балалармен практикалық жұмысқа ғана

емес, сонымен қатар олардың оқу іс-әрекетінің инновациялық стиліне де даярлауды қамтамасыз ететін тұтас үдеріс ретінде қарастырылады.

Сонымен қатар, студенттердің педагогикалық практикасын ұйымдастыруды талдау практика кезінде студенттердің кәсіби дайындығының тиімділігін едәуір төмендететін, олардың инновацияға дайындығын қалыптастыратын бірқатар проблемалар мен кемшіліктерді анықтауға мүмкіндік берді. Педагог-ғалымдардың зерттеулерінде практика көбінесе мұғалімдер мен сынып жетекшілерінің жұмыс әдістері мен тәсілдерін оны қажетті психологиялық-педагогикалық түсінусіз механикалық көшіруге дейін азаяды, бұл студенттердің психологиялық-педагогикалық дайындығының әлсіздігімен түсіндіріледі; педагогикалық практика мұғалімнің кәсіби қызметін модельдейді, бірақ дәстүрлі білім берудің тәртіптік моделіне байланысты жоғары оқу орны студентінің оқу қызметіне сәйкес келмейді; педагогикалық практикадан өту процесі мұғалімнің іс-әрекетін өзі үшін тәжірибе жинақтауда қажетті түзетусіз көшіруге айналады; болашақ мұғалімнің кәсіби қалыптасу процесі инновациялық іс-әрекеттің құрылымын.

Білім берудің гуманитарлық бағыты «жүйелі білім, білік және дағдыларды» қалыптастыру ретінде білім беру мақсаты туралы дәстүрлі көзқарасты өзгертеді, жеке және кәсіби өсу және өзін-өзі жүзеге асыру мүмкіндіктерін қамтамасыз ету маңызды міндет болып табылады. «Бүгінгі таңда жеке тұлғаның білімі-бұл табиғи мақсаты мен әлеуметтік қажеттіліктеріне сәйкес өмірде өз орнын табу, өзін-өзі жан-жақты жүзеге асыру, өзін қоғамда және таңдаған мамандықта бекіту үшін өз күштерін өзін-өзі зерттеу және өзін-өзі жетілдіру қабілеті» (Горленко, 1999: с. 75).

Педагогикалық практика болашақ мұғалімді кәсіби даярлау жүйесіндегі маңызды буын болып табылады. Бұл студенттердің практикалық іс-әрекетінің бір түрі, оның ерекшелігі сол, онда кәсіптік қызметпен сәйкестендіруді көп мөлшерде байқауға болатындығында. Бұл болашақ мұғалімдердің теориялық дайындығы мен олардың білім беру ұйымдарындағы өзіндік жұмыстары арасындағы байланыс. Тәжірибе-бұл, ең алдымен, әр түрлі кәсіби рөлдерде студенттің өзін-өзі тануы, өзін-өзі білуі және өзін-өзі анықтауы үшін арнайы жағдайлар жасалатын және өзін-өзі жетілдіру мен өзін-өзі тану қажеттілігі қалыптасатын әр түрлі кәсіби іс-әрекеттерді игеру үдерісі.

Тиімді педагогикалық практика болашақ мұғалімдердің негізгі педагогикалық біліктері мен дағдыларын қалыптастыру үшін берік негіз болып табылады. Мәселен, бұл туралы К.Д. Ушинский «оқыту әдісін кітаптан немесе мұғалімнің сөзінен үйренуге болады, бірақ бұл әдісті қолдану дағдысын ұзақ және ұзақ мерзімді тәжірибе арқылы ғана алуға болады», -деп жазды (Ушинский, 1959: с. 544).

Практика кезеңі білім беру процесінде сапалы жаңа сатыға айналады, бұл студенттің жеке кәсіби дамуына ықпал етеді, өйткені іс-әрекеттің маңызды «құралы» студенттің жеке позициясы, педагогикалық іс-әрекеттің мазмұны мен құралдары болып табылады. Сондықтан практиканың жалпы мақсаты «кәсіби дағдыларды қалыптастыру, жеке қасиеттер мен қасиеттерді дамыту, сонымен қатар оқу және кәсіби қызметте өзін-өзі жетілдіру қажеттіліктерін қалыптастыру» ретінде анықталады» (Ошкина, с. 8).

Барлық осы компоненттердің маңызды ерекшелігі олардың кәсіби және жеке дамуына, яғни болашақ мұғалімнің жеке басының өзін-өзі жүзеге асыруына бағытталуы болып табылады. Біздің университетте¹ шығармашылық ізденісті ынталандыратын және шығармашылық қиялды дамытатын (пікір-таластар, пікір-сайыстар, іскерлік ойындар, рефераттар, ғылыми-тәжірибелік конференциялар) оқу пәндері аясында курстық және дипломдық жұмыстарды дайындаумен аяқталатын жеке тұлғаның шығармашылық әлеуетін дамыту үшін кең мүмкіндіктер бар.

Мысалы, Н.В. Кузьминаның пікірі бойынша педагогикалық шеберлікке педагогикалық қиял (өзінің және оқушылардың іс-әрекетінің нәтижелерін болжай білу, кез-келген педагогикалық қызметтің нәтижесін күту), ұйымдастырушылық қабілеттер (оқушылардың сабақтағы оқу әрекеттерін, сыныптан тыс ұйымдарды ұйымдастыра білу) жатады. Немесе сыныптан тыс жұмыстар, өзін-өзі педагогикалық шеберлікпен ұстау, өзіне және басқаларға талапшыл болу және т.б. (Кузьмина, 2003: 183).

Жеке және кәсіби өзін-өзі жетілдіру үшін семинар сабақтары, студенттердің ғылыми-зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру, тренингтер және т. б. үлкен маңызға ие. Тарихи-педагогикалық мәселелерге және нақты жағдайларды шешуге, болашақ мұғалімдердің өзін-өзі ұйымдастыру және өзін-өзі жетілдіру мәселелеріне үнемі назар аудару керек, осылайша олар психологиялық білім мен дағдылардың нақты мектеп тәжірибесімен байланысын көре алады. Бұл әдіс көптеген студенттерді тарихи ғылыми және педагогикалық-практикалық әдебиеттермен белсенді түрде танысуға шақырады.

¹ Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті (Маржан Қасымбекова)

Диплом алдындағы практика кезеңінде түлектің кәсіби қасиеттерін дамыту, кәсіби өсуі ерекше қарқынды. Практика студенттерді ерекше педагогикалық, ұйымдастырушылық және шығармашылық қабілеттерін көрсетуге мәжбүр етеді, осылайша студенттердің кәсіби шеберліктерін дамытуда жоғары деңгейге шығарады.

Тұлғалық-әрекеттік тәсіл кәсіптік оқыту үдерісінде студенттердің маңызды күштері мен қабілеттерін көрсету үшін жағдайлар мен мүмкіндіктер жасауды болжайды; мәдениеттану - қазіргі жағдайда мұғалімнің бәсекеге қабілетті ресурсы-бұл жеке дамуды, өзін – өзі тануды, өзін - өзі анықтауды, өзін-өзі жүзеге асыруды қамтамасыз ететін жалпы және кәсіби мәдениет сияқты арнайы білім, оқыту мен тәрбиелеудің дамыған технологиялары емес; аксиологиялық тәсіл гуманистік кәсіби және құндылық бағдарларының көмегімен болашақ мұғалімнің санасында болашақ маманның кәсіби өзін-өзі жүзеге студенттің педагогикалық практика процесінде өз әлеуетін іске асыру тәсілі, егер практик студенттерге-болашақ мұғалімдерге мүмкіндіктер берілсе, тиімді болады.

Қазіргі заманғы педагогикалық теория мен білім беру практикасының даму тенденцияларын талдау, педагогикалық тәжірибені жалпылау студенттерді саналы инновациялық педагогикалық қызметке дайындау үшін қоғамдық және мемлекеттік тапсырыстың сәтті орындалуын қамтамасыз ететін қажетті жағдайларды анықтауға мүмкіндік берді. Зерттеулер студенттерді инновациялық педагогикалық қызметке дайындаудың жетекші құралы үздіксіз педагогикалық практика екендігі анықталды. Үздіксіз педагогикалық практиканы енгізу студенттің педагогикалық процестің мәнін, кәсіби-педагогикалық іс-әрекеттің мәнін тереңірек түсінуіне мүмкіндік береді. Бұл маман қалыптастырудағы теориялық және практикалық жақтардың бірлігін жақсырақ қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Үздіксіз педагогикалық практиканың дамыған тұжырымдамасы мен моделі студенттерді жүйелік, тұлғалық-белсенділік, құндылықтық, мәдениеттілік және акмеологиялық тәсілдер сияқты жалпы әдіснамалық принциптер тұрғысынан инновациялық педагогикалық қызметке даярлау құралы ретінде қажет.

Мұғалімнің жеке тұлғасы білім беру жағдайын анықтайды. Қоғамның әлеуметтік-экономикалық және рухани дамуының нәтижелері, тәуелсіз өмірге қадам басатын жас буын ұрпақтың пайда болуы мұғалімнің мәдениеті мен оның кәсіби даярлығының деңгейіне, мүдделер мен азаматтық позициялардың кеңдігіне тікелей байланысты. Қазіргі заман талабына сай педагогикалық кадрларды даярлау міндеті болашақ оқытушының университетте оқу кезеңінде жеке және кәсіби жетілдіру тиімділігін арттырудың психологиялық жағдайларын анықтау проблемасын өзектендіреді. Бірақ қазіргі кезде педагогикалық университет түлегін бағалаудың негізгі критерийі негізінен білім болып табылады, ал оның кәсіби қызметі жетістігінің белгілі бір факторы оның жеке басының тұтастығы, рухани байлығы, адамгершілік-эстетикалық келбеті болып табылады. Дәл осы қасиеттерді қалыптастыру көп жағдайда жас мұғалімді кәсіби деградациядан «қорғайды».

Қорыта айтқанда, болашақ мұғалімдердің әрқайсысының педагогикалық шеберлігі әртүрлі жолдармен қалыптасып, әрі қарай дамиды. Динамизм мен қарқындылық – бұл педагогикалық шеберліктің құрылымдық компонентінің маңызды белгілері. Педагогикалық шеберлікті дамытудың мұндай сипаты кез-келген мұғалімде кездеспейді, бұл оның кәсіби құзыреттілігі мен мұғалімнің кәсіби-педагогикалық бағыттылығының қол жетімділігі мен даму деңгейіне байланысты. Сонымен, мұғалімнің кәсіби-педагогикалық шеберлігі тек оқу орнында қалыптасады және олардың қалыптасуы оның еңбек жолының соңына дейін жалғасады. Мұғалім ғана жан-жақты білімін толықтырып, шеберлігін шыңдай отырып, үнемі шығармашылық ізденіс үстінде педагогикалық шеберліктің деңгейін көтере алады. Сонымен қатар, өзін-өзі дамыту қабілеті педагогикалық шеберлікті дамытуда маңызды рөл атқарады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- ҚР Президенті –Н.Ә.Назарбаевтың 2014 жылғы 11 қараша Қазақстан халқына «Нұрлы жол –болашаққа бастар жол» Жолдауы.
- Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев Үздік отыздыққа апарар «100 нақты қадам» бағдарламасында//<http://bnews.kz/kk/news/post/267946/>
- Абдуллина О.А. Общепедагогическая подготовка учителя в системе высшего педагогического образования: Для пед. спец. высш. учеб. завед. 2-е изд. - М., 1990.
- Горленко В.П. Цели педагогической практики: проблемы обоснования // Педагогика. 1999. - № 4.
- Ушинский К.Д. Собр. соч. М., Л., 1959. Т. 10.
- Ошкина Т.С., Кожакеева Ш.Т. Методические рекомендации по организации и проведению профессиональной практики студентов-филологов. – Алматы, 2006.
- Кузьмина Н.В. Очерки психологии труда учителя. Психологическая структура деятельности учителя и формирование его личности. –Л.: Издательство ЛГУ, 2003. –183 с.

БІЛІМ БЕРУДІҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ӨСУГЕ ЫҚПАЛЫ

Ж.А. Орынханова¹, А.Д. Умбеталиева²

¹аға оқытушы, менеджмент және құқық негіздері кафедрасы,

Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті

²п.ғ.м., аға оқытушы, менеджмент және құқық негіздері кафедрасы,

Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті

(Алматы қ., Қазақстан) E-mail: ainagul.zhen@gmail.com

Қазіргі экономиканың барлық салаларында жаңа технологияларының дамуы жағдайында, халықты жұмыспен қамту құрылымы өзгеріп, өндірістегі ақыл-ой еңбегінің үлесі артады, ал біліктілігі төмен еңбекке қоғамның қажеттілігі азаяды.

Көптеген авторлардың еңбектерін зерттей келе, Э.Ханушек пен Л.Вессман теорияда білімнің экономикалық өсуге ықпалын сипаттайтын кем дегенде үш механизм қарастырылатынын көрсеткен: біріншіден, микродеңгейде жұмыс күшінде жинақталған адам капиталаның көлемін ұлғайту арқылы еңбек өнімділігін жоғарылатады; екіншіден, экономиканың инновациялық потенциалын жоғарылатады; үшіншіден, басқалармен ойлап табылған үрдістер мен технологияларды түсінуге қажетті жаңа ақпаратты беру арқылы білім экономикалық өсуге жанама түрде ықпал етеді [1].

Бұл бағытта жүргізілген зерттеулер білім берудің әлеуметтік-мәдени пайдальдылығымен бірге экономикаға жағымды әсері дәлелдеуді қажет етпейтінін ескере отырып, оның ықпал ету механизмдері әлі де жеткілікті деңгейде зерттелмеген, әсіресе отандық жарияланымдарда [2]. Осыған орай заңдылықтарды айқындайтын жаңа мәліметтер алуға мүмкіндік беретін білім деңгейінің экономикалық өсуге ықпалын талдау қажеттілігі орын алады.

Зерттеудің мақсаты – экономикалық өсудегі білім беру саласы нәтижелерінің ролін айқындау. Зерттеу мақсатынан келесі міндеттер туындайды:

- экономикалық өсу мен білім беру арасындағы байланыс туралы зерттеулерді жүйелеу;
- экономикалық өсуді және білім беру деңгейін сипаттайтын мәліметтердің өсу динамикасын талдау;
- экономикалық деңгейі әртүрлі мемлекеттердің дамуына білім берудің ықпалын білдіретін көрсеткіштеріне салыстырмалы талдау жүргізу;
- білім берудің экономикалық өсуге оң ықпал етеді деген алдын-ала тұжырымдаманы негіздеу.

Зерттеуде екінші қайтара мәліметтердің пайдалануымен сандық әдіс қолданылды. Қазақстан Республикасын қосқанда төрт мемлекеттің (Ресей Федерациясы, Жапония, Словения) 1997-2018 жж. 22 жылдық деректеріне негізделген салыстырмалы талдау жүргізілді. Дүниежүзілік Банк мәліметтері зерттеудің статистикалық негізін құрады.

Әдістемелік тұрғыдан білімнің өлшем көрсеткіштерін таңдау біраз қиындық тудырды. Қазақстан бойынша ұзақ уақыт кезеңі бойынша деректердің жетіспеушілігі білім беру көрсеткішін таңдауды шектеді. Нәтижесінде, білім беруді сипаттайтын көрсеткіш ретінде зерттеулер мен өңдемелеге бөлінген қаражаттар, патенттер саны, ал экономикалық өсу көрсеткіші ретінде жан басына шаққандағы нақты ЖІӨ таңдап алынды.

Тақырып бойынша ағылшын және орыс тіліндегі жарияланымдарды жүйелеу білім берудің жиі қолданылатын көрсеткіштерін айқындауға мүмкіндік берді, олар: білім беруге жұмсалатын шығындар, адам капиталы, білім алу деңгейі бойынша білім алушылардың саны, зерттеулер мен өңдемелерге жұмсалатын шығындар, патенттер саны, білім сапасын көрсететін тест нәтижелері, білім потенциалының деңгейі, еңбек өнімділігі.

Жан басына шаққандағы ЖІӨ көрсеткіші бойынша және зерттеулер мен өңдемелерге бөлінетін шығындардың динамикасын талдау мен ранжирлеу дамыған мемлекеттердің дамушы мемлекеттерге қарағанда білім беруге қаражатты көбірек жұмсайтыны анықталды.

Жапонияның экономикалық өсу деңгейін сипаттайтын жан басына шаққандағы ЖІӨ көрсеткіші бойынша басқа мемлекеттерден 2-6 есе жоғары екенін 1-диаграммадан айқын көрінеді. Екінші орынды Словения мемлекеті алып отыр. Үшінші орында - Ресей Федерациясы. Ал Қазақтан мемлекетіміз бұл тізімде тек төртінші орында.

Төрт мемлекеттің ЖІӨ-нен зерттеулер мен өңдемелерге жұмсаған шығындарының динамикасы 2-диаграммада келтірілген: Жапония – 3-4%, Словения – 1,5-2,5%, Ресей Федерациясы – 1-1,3%, Қазақстан Республикасы – 0,1-0,2%.

Жан басына шаққандағы нақты ЖІӨ көрсеткіші бойынша және зерттеулер мен өндемелерге бөлінетін шығындар арасындағы корреляциялық талдау дамыған Жапония және қарқынды дамып келе жатқан Словения мемлекеттерінде корреляциялық көрсеткіш тікелей баланысты (сәйкесінше 0,78 және 0,59) көрсетті. Үшінші орында тұрған Ресей Федерациясының көрсеткіштерін корреляциялық талдау олардың арасында байланыстың жоқтығын (-0,01) көрсетті. Ал Қазақстан үшін тіпті тығыз кері байланысты (-0,67) көрсетті (Кесте 1).

Экономикалық өсу көрсеткіші ретінде Жан басына шаққандағы нақты ЖІӨ және білім беру көрсеткіші ретінде зерттеулер мен өндемелерге бөлінетін шығындарды динамикалық және корреляциялық талдау білім берудің экономикалық өсуге оң ықпал етеді деген алдын-ала тұжырымын білім берудің аталған көрсеткіші бойынша негіздеді.

Білім беру көрсеткіші ретінде таңдап алынған патенттер санын талдау, оның экономикалық өсуге оң ықпал ететінін дәлелдемеді. Жан басына шаққандағы ЖІӨ мен патент санының арасындағы корреляциялық коэффициент Жапония үшін (-0,82) тығыз кері байланысты; Словения үшін (0,58) әлсіз тікелей байланысты; Ресей Федерациясы үшін тығыз тікелей байланыс (0,76), Қазақстан үшін әлсіз кері байланыс (-0,15) көрсетті. Бұл жағдай патент түріндегі ғылыми-зерттеу нәтижелерін өндіріске енгізу және/немесе оның экономикалық өсуге циклді түрде ықпалы етуі мүмкін мәселелерін көтереді және әрі қарай зерттеуді талап етеді (Кесте 1).

Кесте 1. 1997-2018 жж. Мемлекеттер бойынша экономикалық және білім берудің орташа көрсеткіштері*

Мемлекеттің атауы	Жан басына шаққандағы нақты ЖІӨ орташа көрсеткіші (нақты 2010 US\$)	Зерттеулер мен өндемелерге жұмсалған шығындардың орташа көрсеткіші (% ЖІӨ)	Жан басына шаққандағы нақты ЖІӨ және ЗӨЖШ арасындағы корреляция коэффициенті	Патенттік тапсырыстардың орташа көрсеткіштері, резиденттер	Жан басына шаққандағы нақты ЖІӨ мен патенттік тапсырыстар арасындағы корреляция коэффициенті
1	2	3	4	5	6
Жапония	44 508,23	3,13	0,78	319 647,86	-0,82
Словения	22 077,88	1,75	0,59	323,63	0,58
Ресей Федерациясы	9 395,38	1,10	-0,01	24 733,86	0,76
Қазақстан Республикасы	7 895,45	0,20	-0,67	1 437,33	-0,15

*Ескерту: Дүниежүзілік Банк мәліметтерінің негізінде авторлармен құрастырылған [7].

Білім берудің экономикалық өсуге ықпал ету тақырыбына көптеген отандық және шетелдік жарияланымдар арналған. Оларда аталған мәселе түрлі тұрғыдан зерттелген. Мәселен, Н.А.Коровникова теориялық тұрғыдан білім беру мен экономикалық өсу арасындағы байланысты көрсететін тұжырымдамалар мен модельдерге шолу жасаған [3]. Қазіргі уақытта аймақтар арасындағы аймақаралық миграцияның экономикалық өсуге ықпалы тұрғысынан зерттеулер өзектілігімен қызығушылық тудырады [4]. Я.Бергерхофф, Л.Борганс, Ф.К.Сигерс, Т.Вин екі ел арасындағы халықаралық ұтқырлықтың екеуінің де экономикасын 0,013% ұлғайтатынын есептеген [5]. Ресейлік ғалым Г.А.Унтура адам капиталының экономикалық өсуге ықпалын ЖАӨ және ғылым мен білім саласын қаржыландыру арасындағы байланысты көрсететін модель құрастыру арқылы көрсеткен [6].

Бұл зерттеулердегі экономикалық өсуді көрсететін ортақ көрсеткіш – жалпы ішкі/аймақтық өнім немесе жан басына шаққандағы жалпы ішкі өнім, ал білім беру көрсеткіші ретінде білім беру саласын қаржыландыру, білім алушылардың саны мен тест нәтижелері, кәсіби орта және жоғары білімі бар тұлғалардың саны, еңбек өнімділігі, адам капиталы қарастырылған. Қарастырылған тұжырымдамалар білім берудің экономикалық өсуге ықпалын сөзсіз дәлелдейді, дегенмен аталған зерттеулер экономикалық деңгейі әртүрлі мемлекеттердің дамуына білім берудің ықпалын салыстырмалы түрде қарастырмайды.

Қазақстан Республикасы, Ресей Федерациясы, Словения және Жапония мемлекеттері бойынша 22 жыл аралығындағы жан басына шаққандағы нақты ЖІӨ, зерттеулер мен өндемелерге жұмсалатын шығындар және патенттік тапсырыстар деректері Кесте 2 келтірілген.

Салыстырмалы талдауды өткізу үшін Қазақстаннан бөлек үш мемлекетті таңдап алу логикасы олардың әртүрлі даму деңгейімен байланысты болды. Қарастырылып отырған төрт мемлекеттің ішінде Жапония елі экономикалық, техникалық және технологиялық деңгейі жоғары дамыған мемлекеттер қатарына жатады. Словения - посткоммунистік қарқынды дамып келе жатқан мемлекет. Дамушы мемлекет ретінде Ресей Федерациясын таңдап алуға тарихымыздың ортақтығы, әлеуметтік-экономикалық мәселелердің ұқсастығы мен көршілес орналасуы себеп болды.

Кестедегі мәліметтерді талдау, Қазақстанның зерттеулер мен өндемелерге жұмсалатын шығындары айтарлықтай төмен деңгейде – ЖІӨ-нің тек 0,1-0,2% құрайтынын, ал патенттер саны бойынша үшінші орынды иеленіп отырғанын көрсетті. Экономикалық өсуді сипаттайтын жан басына шаққандағы нақты ЖІӨ бойынша да Қазақстан төрт мемлекет ішінде соңғы төртінші орында.

Сонымен бірге, зерттеуде экономикалық өсу көрсеткіштері мен білім беру көрсеткіштерінің арасында корреляциялық талдау жасалды. Корреляция коэффициенті көрсеткіштердің арасындағы өзара байланыс дәрежесін көрсетеді және -1 мен 1 арасындағы мәнді қабылдайды. Егер корреляция коэффициенті 0 нүктесіне жақын орналасса, онда көрсеткіштердің арасында өзара байланыс болмайды. Егер корреляция коэффициенті 1 жақын орналасса, көрсеткіштердің арасында тығыз тікелей байланыс, (-1) жақын орналасса тығыз кері байланыс орын алады. Егер де коэффициент 0,5 жақын болса – әлсіз тікелей байланыс, (-0,5) жағын орналасса – әлсіз кері байланыс болады.

Мұнда корреляция себеп-салдарлық байланысты білдірмейтінін ескертіп кету қажет. Екі айнымалылардың арасындағы корреляция бір айнымалының өзгерісі екінші айнымалының өзгерісімен байланысты екенін білдіреді. Дегенмен бір айнымалының өзгерісі нақты екінші айнымалының өзгеруіне алып келеді деген тұжырым жасау дұрыс емес.

Қазақстан білім беруге бөлінетін шығындардың жеткіліксіздігіне, жан басына шаққандағы ЖІӨ көрсеткіші бойынша соңғы орында болуына қарамастан, Словениямен салыстырғанда, еліміздің патент санының орташа көрсеткіші 4-4,5 есе жоғары. Яғни бұл Қазақстанның айтарлықтай ғылыми потенциалы бар екенін білдіреді.

Дегенмен, жан басына шаққандағы нақты ЖІӨ мен патенттер саны арасындағы корреляциялық коэффициент (-0,15), көрсеткіштер арасында өзара байланыстың жоқтығын көрсетіп отыр. Қазақстанның зерттеулер мен өндемелерге бөлінетін шығындардың тым аз болуының (0,1-0,2%) салдарынан екі көрсеткіш арасындағы корреляциялық байланыс теріс мәнді (-0,67) көрсетіп тұр.

Ресей Федерациясы ЖІӨ 1% жуық қаражатын зерттеулер мен өндемелерге жұмсайды, корреляция коэффициенті (-0,01), бұл өзара байланыстың жоқтығын білдіреді (5-диаграмма). Жан басына шаққандағы ЖІӨ бойынша Ресей Федерациясы үшінші орында, патенттер саны бойынша екінші орында, корреляция коэффициенті 0,76 құрады, яғни тығыз тікелей байланыс орын алады (6-диаграмма). Бұл Ресейдің ғылыми потенциалының жоғары деңгейде екенін, және де патент түріндегі ғылыми-зерттеу нәтижелерінің өндіріске енгізу мәселесінің бар екенін білдіреді.

Словенияның жан басына шаққандағы ЖІӨ біркелкі тұрақты деңгейдегі өсімді көрсетіп тұр. Словенияда ЖІӨ-нің 2% жуық қаражаты зерттеулер мен өндемелерге бөлінеді. Аталған көрсеткіштер арасындағы корреляция коэффициенті 0,59 тең, бұл әлсіз тікелей байланыстың бар екенін білдіреді.

Жан басына шаққандағы ЖІӨ бойынша Словения екінші орында тұр, ал патенттер саны бойынша соңғы төртінші орында, аталған көрсеткіштердің арасындағы корреляция коэффициенті 0,58 құрады, яғни әлсіз тікелей байланыс орын алады (8-диаграмма).

Жапонияның жан басына шаққандағы ЖІӨ бойынша тұрақты жоғары деңгейде өсімді көрсетіп отыр және оның ЖІӨ 3% астам қаражаты зерттеулер мен өндемелерге бөлінеді (Кесте 2). Жапонияның екі көрсеткіші арасындағы корреляция коэффициенті 0,78 құрады, бұл тығыз тікелей байланыстың бар екенін білдіреді (9-диаграмма). Жан басына шаққандағы ЖІӨ мен патенттер саны бойынша төрт мемлекеттің арасында Жапония бірінші орынға ие, аталған көрсеткіштер бойынша корреляция коэффициенті (-0,82) құрады, бұл кері байланысты білдіреді (10-диаграмма). Жапония патенттерінің орташа саны Ресейдің патенттер санының орташа көрсеткішінен 13 есе, Қазақстанның көрсеткішінен - 218 есе, Словения көрсеткішінен - 1000 есе артық.

Зерттеуді қорытындылай келе, Қазақстанда білім берудің экономикалық өсуге оң ықпалын қамтамасыз ету үшін келесі ұсыныстарды жасауға болады:

- ғылыми зерттеулердің сапасын жақсарту, нақты/шынайы нәтижелерге қол жеткізу мақсатында статистикалық индикаторлардың толықтығын қадағалау, жаңа түрлерін енгізу және халықаралық стандарттар талаптарына сәйкестендіру қажет;

- патент түріндегі ғылыми жұмыс нәтижелерін өндіріске енгізу мәселесін қолға алу қажет;
- патенттер саны көрсеткішінің экономикалық өсуге ықпал ету механизмін әрі қарай зерттеу;
- зерттеу нәтижесінде білім берудің экономикалық өсуге оң ықпал етеді деген алдын-ала тұжырымдама негізделді, және бұл нәтижелерді ескере отырып, зерттеулер мен өндемелерге бөлінетін шығындардың ЖІӨ-гі үлес салмағын жақын арадағы жылдары ең болмағанда 1% дейін жеткізу мәселесін қарастыру.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Ханушек Э., Л. Вессман. Роль качества образования в экономическом росте // Вопросы образования. М., 2007. №3, С.115-185
2. Ерошин В.И. Образование как фактор обеспечения экономической безопасности России // Наука и Школа. 2017. №4. С.33-41
3. Коровникова Н.А. Образование и экономический рост // Социальные и гуманитарные науки: Отечественная и зарубежная литература. Сер.2, Экономика: РЖ/РАН.ИНИОН. Центр социально-научных-информационных исследований
4. Розанова Л.И., Поташева О.В., Морощкина М.В. Экономика знаний: взаимообусловленность формирования новой модели экономического роста и структурных изменений в системе образования // Друкерровский вестник. — 2016. — № 2. — С. 138-147
5. Bergerhoff J., Borghans L., Seegers P.K. et al. International education and economic growth. IZA J LabourStud 2, 3 (2013). <https://doi.org/10.1186/2193-9012-2-3>
6. Әбділда Н. Білім, ғылым экономикасын дамытудағы адами капиталдың маңызы // Экономика и статистика. 1/2018. С.119
7. <https://data.worldbank.org/>

РОЛЬ КОЧЕВЫХ ПЛЕМЁН В ФОРМИРОВАНИИ И СТАНОВЛЕНИИ ИМПЕРИЙ СЕВЕРНОГО КИТАЯ

Б.А. Джурсунбаев¹, И.С. Торбеков²

¹*кандидат исторических наук, доцент*

Таразский региональный университет имени М.Х.Дулати

²*магистрант, Таразский региональный университет имени М.Х.Дулати*

(г.Тараз Казахстан)

Многовековая история Китая с III-VII вв. вмещает несколько отдельных и относительно самостоятельных эпох. Этот отрезок исторического времени ознаменовался глобальными историко-культурными процессами, в ходе которых выкристаллизовались основные традиции, которые сформировали дальнейшее типологические особенности китайской и дальневосточной цивилизаций. В этот историческую эпоху сложилась система государственности, выстроившая облик китайской цивилизации на столетия вперед. Начинаясь эпоха кочевых-тюркских династийных домов государств Северного Китая. В эту же эпоху истории Китая началась мощная борьба цивилизаций и культур кочевых и китайских оседло-земледельческих этносов за Северный Китай и влияние на юг, а также одно из главных, это за своё влияние и владение Великим Шёлковым путём, как говорили в древности «кто контролирует Шёлковую дорогу, тот владеет миром.....». Богатая на военно-политические события история Китая III-VII вв. красной линией пролегла между большими централизованными империями Хань и Тан и включает в себя несколько уникальных периодов в истории Китая. Гибель империи Хань (206 г. до н.э. – 220 г. н.э.) ознаменовала началом так называемого «смутного времени». Это было время децентрализации, приход и уход сменявшихся друг за другом недолговечных династий, которое в конце концов спустя почти четыреста лет привело к объединению страны под властью сначала династии Суй (581 г. н.э.-617 г. н.э.) затем династии Тан (618 г. н.э. - 907 г. н.э.). В 3-4 вв. н.э. Китай пережил время «перерождения и изменения», произошли существенные перемены сложившихся в древности порядков, охвативших все стороны жизни. В этот период произошли, можно сказать, глобальные изменения, развитие и становление северной и центрально-южной части страны. Север стал ареной нашествия и нападения кочевников, разорения и смешения культур, до юга это волна почти не докатилась. Таким образом, политическое разделение, а также военно-политическое противостояние привели к тому, что «северяне» и «южане» стали относиться друг к другу, как к жителям другого государства. Различия климатические, хозяйственные, социальные, этнографические, условия севера и юга, усилили обособление. Бесперывные войны, охватившие страну с конца 2 в. и усилившиеся в 4 в. привели к военизированной китайского

общества. В обществе произошло усиление армии, как опора орудия власти, возвышение военной знати, появлению дружин у местных магнатов-называемых «сильными домами».

С III-VII вв. история Китая охватывает ряд глобальных исторических периода, каждый из которых сыграл свою определённую главную роль в развитие Китайской исторической цивилизации. Один из них так называемый период политической раздробленности, или эпоха Шести династий, который существовал с 3 в.н.э. до конца 6 в.н.э. Это период, который начался после развала могущественной империи Хань. Падение Ханьской империи крупнейшей государственной организации древнего мира нанесло катастрофический удар рабовладельческому обществу, но рабство, как социальная категория не была полностью уничтожена и являлась тормозом для экономического и культурного развития страны. Гибель Ханьской империи с её развитым государственным аппаратом привело к ослаблению господствующего класса. В 189 г. после смерти императора Лин-ди в Ханьской столице Лояна был организован заговор против мощной партии евнухов. Против одного из крупных политиков страны Юань Шао являвшимся также и руководителем заговора, выступает советник покойного императора Дун Чжо. Он возводит на престол малолетнего сына императора Лин-ди, переносит столицу в Чанъань и захватывает власть в стране в свои руки. В 192 году Дун Чжо был убит и императорская власть пала. За этим последовала ожесточённая борьба между военачальниками, возвысившимися в период подавления восстания «жёлтых повязок» (История, 1986: 173). Междоусобица приводит к крушению единой империи. На севере страны к власти приходит Цао Цао один из руководителей подавления восстания «Жёлтых повязок». Цао Цао является создателем царство Вэй, и успешно ведёт войны с кочевниками, которые часто нападали на пограничные районы и пытались проникнуть в Китай, через северные границы. Одновременно с царством Вэй на юго-востоке сложилось государство У в районе современного Нанкина, а затем и западное царство Шу в Сычуани. Китайские историки этот исторический период называют эпохой «Троецарствия». Вызревание в недрах древнекитайского общества 2–3 вв. н.э. новых феодальных отношений знаменует собой начало эпохи раннего средневековья. Между данными тремя царствами Вэй, У, Шу шли бесконечные войны, стычки, интриги которые позже были положены в основу произведения Ло Гуань-Жуня «Троецарствие» (История, 1986: 175).

В 265 г. Вэйский военачальник Сыма Янь сверг одного из потомков Цао Цао и основал династию Цзинь. Войны трёх царств закончились завоеванием северянами государства Шу, а в 280г. государство У. Наступивший кризис рабовладельческого государства, восстания крестьян, жестокое подавление их, внутренние войны, все эти негативные явления разорили, разрушали и уничтожали хозяйство Китая и привели к гибели массы людей. В течении одного столетия, если верить историческим источникам численность населения сократилось с 50-56 миллионов человек до 16 миллионов человек. Города были разрушены, ограблены и опустошены, а торговля находилась на грани остановки. Рабы бежали от своих господ. Крестьяне покидали свои деревни. Войны привели к разрушению уникальную китайскую систему ирригации и полива полей, опустошению земли (История, 1986: 176). В 280 г. Сыма Янь издал указ об установлении аграрной системы, согласно которой каждый трудоспособный земледелец мог получить определённый надел согласно условиям выполнения определённых повинностей. Но каких либо данных, письменных источников, сведений насколько указ Сыма Яна 280 года был приведён в жизнь, не имеется. После смерти Сыма Яна в 289 году началась ожесточённая борьба за престол многочисленного рода императоров, императриц, братьев. Борьба была очень жестокая и коварная, воюющие стороны в помощь себе нанимали отряды кочевников сяньбинцев, ухуаней, а также хуннских конников. Китайская граница перестала охраняться китайскими войсками и тем самым открыли путь кочевым племенам для вторжения в Китай. История древнего Китая делится и охватывает два глобальных исторических периода каждый сыгравший ключевые роли в истории китайской цивилизации. Первый так называемый период политической раздробленности или эпоха Шести династий, начавшаяся после развала могущественной Ханьской империи с 3 в.н.э. и продлившаяся до конца 6 в. н.э. В этот период страна была завоевана так называемыми «малыми народами» т.е. кочевниками пришедшими с севера и северо-запада. Этот период можно назвать в истории Китая, как период тюрков или тюркское военно-политическое влияние в истории Китая. В этот же период происходит формирование даосизма, как национальной религии и становление китайской буддийской традиции, складывается механизм взаимодействия трёх учений конфуцианства, даосизма, буддизма приведшие к религиозному синкретизму. Второй период относится к эпохе династий Суй и Тан и ознаменовалась реставрацией и восстановлением политико-культурного единства страны и утверждение имперской государственности в её качественно новом варианте (Меликсетова, 2004: 252). Первыми вторглись в Китай хунну или южные хунны. Китайские источники называют их – нань сюнну. Южные хунну

проживали на территории северных районов Шаньси и Внутренней Монголии. Главным занятием у них было скотоводство. Пять хуннских племён избрали верховного правителя – шаньюя. Шаньюи издавна были связаны с императорским домом и получали в жёны китайских принцесс. А сыновья воспитывались при Ханьском дворе. Отряды хуннов часто приходили на помощь императорам, а так же брали на себя охрану границ. Но с ослаблением империи хуннские шаньюи стали вмешиваться во внутренние дела в междоусобицы и претендовать на китайский престол. Так шаньюй Лю Юань, долго живший при дворе Сыма Яна, был провозглашен в 308 году ханьским государём. Свою конницу он послал в Китай против войск дома Сыма, а так же против отрядов сяньби, поддерживающих Сыма. Китайские войска оказались совершенно беспомощными против хуннской конницы. В 311 году хунны взяли Лоян, где укрывался последний цзиньский император, китайская власть на центральной равнине перестала существовать, а в 316 году взяли Чанъань. Таким образом, племена сунну (хунну) окончательно добивают империю Цзинь и в результате предводитель сунну Лю Юань объявляет себя императором Северного Китая. После победы началась борьба хуннских военачальников между собой. Вследствие этого один из потомков Лю Юаня стал государем на северо-западе и основателем династии Старших Чжао. Полководец Ши Лэ повёл свои войска на восток от Лояна и был провозглашен государем и основателем династии Младших Чжао. Война хуннских царств 324 году принесла победу приемникам Ши Лэ. Хунны из небольшого раздробленного племени угнетённых и обижаемых превратились в хозяев обширной страны (Меликсетова, 2004: 223). Наследники кочевой державы Хунну – хунны, сяньбийцы и потомки создателей империи Хань принадлежали к разным суперэтносам. Вслед за хуннами пришли в движение многочисленные племена, кочевавшие вдоль северных рубежей китайской империи. Наиболее крупное объединение составляли племена сяньби, кочевавшие на северо-востоке занимавшиеся охотой и скотоводством, они часто вторгались в Китай. Их знать завязывала торговлю с купцами, посылали ко двору дань и заложников, за это им выдавались ценные подарки и присваивались титулы. Китайские послы прилагали усилия, чтобы использовать сяньбинцев против хунну. В 3в. сяньбийские племена разделились на несколько крупных союзов: союз муюнов владевших Южной Маньчжурией, и союз племён тоба, кочевавших во Внутренней Монголии и Ордосе. Племенам муюнов удалось занять Хэбэй, и они начали длительную войну против хунну. Завладев землями Шаньдуна и частично Шаньси и Хэнани, они при поддержке китайцев создали царство Янь. На северо-западе в районе Ганьсу и в Сычуани возникли самостоятельные государства. Племена тибетской группы заняли земли Ганьсу, Шеньси, Нинся и создали своё государство Цинь. Однако северо-западные племена обладали большой военной силой, это привело их в столкновение с муюнами, а затем с китайцами. Огромное войско правителя Цинь двинулось на юго-восток против китайцев и в 383 году у реки Фэйшуй в бассейне реки Хуанхэ встретились с противником и потерпели поражение. В панике кочевники бежали. Царство Цинь после этой битвы распалось. Государственные образования, созданные завоевателями Северного Китая, отличались неустойчивостью. Зачастую эти царства распались под ударами новых завоевателей. Войны сопровождались истреблением, угоном в рабство коренного населения, упадком хозяйства. Северный Китай очаг культуры, экономически развитый и густонаселённая территория превратилась в арену почти столетней войны. Лишь новое и грандиозное нашествие прекратило эти непрерывные походы и столкновения. В 367 году во всех трёх государствах располагавшихся на берегах Хуанхэ произошли коренные изменения, и этот год стал переломным. В этот же год хунны поссорились с тобгачами. В 367 году сломив сопротивление мелких государств и племенных союзов, тобийцы вторглись в Китай и стали покорителями всего Северного Китая. Территория Северного Китая ко времени тобийского завоевания и образования Северовэйского государства являло собой картину упадка. Орошаемые поля заросли сорняками, тутовые деревья высохли, каналы разрушились, деревни обезлюдили. Торговля приостановилась, кое-где в деревне частично сохранилось ремесло. С прекращением нашествия, началось восстановление сельского хозяйства. Тобийцы на завоеванных территориях создавали новые органы власти по китайскому образцу (Варавина, 2015: 37).

В 386 году табгачи овладели Северо-Восточным Китаем сбросив тангутскую власть и избравшие ханом молодого и энергичного Тоба Гуя внука хана Шэйяна последнего князя Дай. Тоба Гуй сменил название своего государства Дай на другое – Вэй, что отражало его желание закрепиться во внутреннем Китае. Дело в том, что государство Дай всегда было небольшим пограничным княжеством, а Вэй восемьсот лет тому назад – могучим царством. И с этого момента его государство стало известно под именем Северная Вэй. Усиление табгаческого ханства грозило равно и хуннам князя Лю Вэйчэня и жужаням хана Вэньгэди. В 391 году Тоба Гуй выступил против жужаней и разбил их. Лю Вэйчэнь осознал опасность и пока табгачи преследовали жужаней, ударил с юга на

Тоба, но был разбит и Тоба Гуй после этого ворвался в Ордос. Во время возникшей паники Лю Вэйчэнь был убит своими подчиненными. Хунны не покорились победителю. С 391- 394 года они бежали в Южный Китай и были приняты ласково. Всего их пришло 30 тысяч человек, не меньшее число хуннов пришло на запад, в Хэси, что означало «к западу от реки» (Хуанхэ).

Самым сильным правителем на берегах Хуанхэ был Муюн Чуй. Это не устраивало хана тобгачей Тоба Гуя и его окружение. В начале Северная Вэй была вассально зависимым от государства Поздняя Янь. Титул Тоба Гуя – Вэй – ван подчёркивала его второстепенное положение (Варавина, 2015: 38). До 395 года Тоба Гуй не разорвал номинальной вассальной зависимости, но в июне 395 года напал на пограничные области муюнов. В апреле 396 года сам Муюн Чуй несмотря на болезнь встал во главе своего войска. Он пересёк хребет Цинь лин и напал на тылы Тоба Гуя, захватил ставку табасцев, но болезнь помешала Муюн Чую вести наступление. Вскоре он умер. Тоба Гуй решил действовать и в сентябре 396 года собрал большое войско и двинулся на владения муюнов и месяц спустя подошёл к крепости Цзиньян в (Бинчжоу). Войска Муюнов были разбиты, Муюн Бао бежал в Лунчэн, городе на реке Далинхе у Ляодунского залива, где у него было достаточно сил для обороны от тобасцев. Собрав мощную армию ему удалось разбить у Сяциньчжая преследовавших его табгачей. Муюн Дэ покинул город Чжуньшан и бросив на произвол китайское население области в 398 году отвёл 40 тысяч сяньбийцев с семьями в Шаньдун. Там он объявил себя самостоятельным государем царства Южная Янь и к концу 399 года подчинил себе весь Шаньдун. К 398 году Муюн Бао захватил большую часть владений Поздняя Янь, заняв территорию от Хуанхэ. Муюн Дэ в Шаньдуне создал Южную Янь. Так Муюны сумели создать Южную Янь в Шаньдуне и Позднюю Янь у Ляодуня. В 399 году Муюн Бао объявил себя императором, и этот титул носили все правители Северного Вэй до конца её истории (Варавина, 2015: 40). В 402 году Тоба Гуй попросил руки у дочери цинского правителя Яо Сина, но получил отказ. В 402 году между табгачами и тибетцами вспыхнула война. Тибетцы потерпели поражение. Однако табгачам не удалось развить успех, так как выступили жужани, союзники тибетцев и это спасло тибетскую империю Цинь.

В 405 году Яо Син добровольно уступил Южному Китаю двенадцать провинций с китайским населением. Яо Син решил воспользоваться войной хуннов с сяньбийцами (тоба) и в 408 году двинул две армии по 30 тысяч человек, но был разбит. В 409 году могучий император Вэй, Тоба Гуй был убит собственным сыном. И связанные с этим беспорядки, казнь убийцы лишили табгачей возможности выступить против хуннов. А когда следующий хан и император, Тоба Сэ пришёл к власти и навёл порядок, начинать войну с хуннами было уже поздно, так как хунны были хорошо к ней готовы. В 423 году умер император Тоба Сэ. На престол вступил его сын Тоба Тао. Правление Тоба Тао считается блистательным благодаря одержанным победам. В 424 году Тоба Тао разбил жужаней и загнал их в степь. В 426 году тобасцы перешли Хуанхэ и напал на ставку Ся, 10 000 пленных было уведено в Вэй. Вэй Цзинь, вэйский генерал, захватил Чаньань. В 427 году Хэлянь Ди осадил Чаньань, но Тоба Тао отправил 30 000 тобийцев в набег на Ся. Тобийцы захватили город. Тоба Тао проявил личный героизм и в ожесточённом бою взял хуннскую столицу. Но в 428 году хунны разбили тобаскую армию Си Цзиня и взял его в плен. Хунны вернули Чаньань и готовились напасть на Вэй.

В 430 году империя Сун сделала попытку вернуть Хэнань вступив в союз с ордоскими хуннами, готовились поделить Северный Китай. Собрав 50 тысяч латников, император Вэн-ди послал Тоба Тао ультиматум, требуя вернуть китайские земли южнее Хуанхэ. Хуннские войска заняли Лоян и все крепости Хэнани. Но зимой табгачские всадники перешли Хуанхэ по льду, разбили южан и возвратили крепости. Тоба Тао отметил победу над империей Сун освободил от уплаты налогов за 10 лет солдат, участвовавших в походе, а население – за год. Судьбы Северного и Южного Китая с этого времени разошлись на целых полтора столетия. В 430 году Тоба Тао повёл армию на север против жужаней и одним ударом подчинил их (Джон, 2006: 195). Ся лишилась союзников, Хэлянь Дин попросил тогонского Муюна Мугуя дать ему проход на запад, но был выдан Тобо Тао. Ся было уничтожено в 431 году. Падение царства Ся не могло не отразиться на взаимоотношениях Тоба Вэй с хуннами Хэси. В 433 году Тоба Тао перенёс военные действия на восточную окраину своей империи. И в 436 году табгаческие войска вторглись в Северную Янь, правитель которой Фэн Хун бежал в Корею. В этом же году в Вэй прибыли посольства и Сиюя и Согда. В 437 году Вэй направило посольство в Сиюй, посольство получило отличный приём в Фергане и Чаче (Ташкент). В 438 году Фэн Хун, живя в Корее, принял посланца из империи Сун о чем стало известно корейскому царю, который усмотрел в этом измену и он был казнен за измену вместе с сыновьями и внуками. И Тоба Тао стал императором всего Северного Китая. Усилившаяся империя собиралась вернуть себе контроль на Великом Шёлковом пути. В 439 году Тоба Тао приказал войскам атаковать кочевья

жужаней, однако те успели откочевать. Тобасцы заняли Хэси, а вскоре был занят Ганьчжоу. В 441 году хунны в Хэси признали себя вассалами Вэй. Падение хуннского царства в Хэси послужило началом двух мощных процессов. Возможно, в это время один из хуннских князей откочевал из Хэси к Алтаю, возможно, это был Ашина? Который увёл 500 семейств на север к своим союзникам – жужаням и получил от них разрешение поселиться на склонах Алтая. Есть предположение, что он и его дружина являются родоначальниками древних тюрков. Потомок бывших князей Южной Лян-Туфа Фань Ни увёл свой отряд в Тибет и стал родоначальником династии тибетских царей, насаждавших в этой стране буддизм и стал основателем Ярлунгской династии. Империя Сун не отваживалась совершать прямые нападения на Тоба-Вэй, но интриговала в буферном княжестве Уду (Джон, 2006: 211). В 439 году Тоба Тао сделал это княжество вассалом. В 442 году войска Сун заняли Уду, а в 443 году Тоба Тао отбил Уду. В 448 году княжество было присоединено к империи Вэй, тангуты были побеждены. В то время, как Тоба Тао воевал за Уду, хуннский князь Ухой с 5000 воинов разгромил Шаньшань и занял её земли. Тоба Тао послал войска для уничтожения хуннов, но Ухой ушёл в Турфан. В 442 году Ухой создал хуннское княжество со столицей в Турфане. В 444 году умер Ухой, оставив престол княжества своему брату Аньчжоу, который княжил до 460 года. В 450 году Тоба Тао собрал огромную армию и неожиданно напал на южан. Южане оказали сопротивление у крепости Ся, южане разбили тобасцев. Тоба Тао возглавил наступление пяти армий в долине реки Хуай и кавалерия тобасцев, уничтожила армию южан. Тобасцы дошли до Янцзы и сожгли все поселения на северном берегу реки. Тоба Тао предложил заключить мир. Мир был заключён и Тоба Тао вернулся в столицу в 451 году. По возвращению в столицу Тоба Тао поверил офицеру Цзун Айю, который обвинил в заговоре наследника престола Тоба Хуана и его приближённых в измене. Приближённые были казнены, а Тоба Хуан покончил с собой. А император Тоба Тао был задушен Цзун Ай и гвардейцами в 451. Но в скором времени Цзун Ай и его приспешники были убиты и на престол взойшёл Тоба Цзунь внук Тоба Тао. Тоба Цзюнь 452-465гг. взойдя на престол разрешил исповедовать буддизм, который подвергся сильным гонениям со стороны даоса Тоба Тао. В 452 году сунцы пошли на Вэй, но получили отпор у крепости Гаонай и вернулись. В 456 году восстановили великий Шёлковый путь, наблюдается рост буддийских общин. Правление Тоба Цзюня было спокойным. Тоба Хун 466-471гг. сын Тоба Цзюня был ревностный буддист В 466-469гг. тобасцы отвоевали Шаньдунь у южан и восстановили границу по Хуанхэ. В 471 году были разбиты мужани и тогонцы. В период правления Тоба Хуна происходила принудительная китаезация страны. В 471 году Тоба Хун отрёкся от престола, однако, оставив за собой реальную власть. Юань Хун (Тоба Хун 2) 471-499гг. сын Тоба Хуна. Четыре года вместо него правила императрица Фэн, отравившая в 476года Тоба Хуна. В 479 году в южном Китае воцарилась Южная Ци. В 480-481гг. Цицы разбили армию Вэй. В 484 году серией указов в империи была восстановлена традиционная система налогообложения, были освобождены рабы, восстановлено жалование для чиновников. В 493 году Тоба Хун 2 во время похода в Южный Китай, остановился в Лояне и 494 году перенёс туда столицу, а в 495 году он запретил употребление сяньбийского языка, табгаческой одежды, косы. Всем табгачам было приказано взять китайские имена, фамилии. Сам Тоба Хун 2 взял фамилию Юань. В 498 году на войне с телеутами Тоба Хун 2 (Юань Хун) заболел и вернулся в столицу и вскоре в 499 году умер. Юань Ке 500-515 гг (История, 2014: 91). Юань Ке находясь в столице, вел войну с империей Южная Ци, потом Лян. Тобасцы имели успех, и на севере был установлен мир. В общем Северной Вэй сопутствовал успех во внешней политике. Юань Сюй 516-528 гг. вступил на престол в шесть лет. Власть была в руках его матери императрицы Ху. При ней в 518 году буддизм был объявлен государственной религией Тоба Вэй. В 518-519 гг. в Юань Вэй прибыло персидское посольство с дарами и письмом от шаха. В 520 году князь Тоба И ввел войска во дворец, а императрицу Ху заключил в темницу. Однако в 525 году императрица выбралась из темницы и Юань Сюй казнил семью Тоба И. В 525 году Вэй захлестнули народные восстания. В 528 году Ху отравила Юань Ке и провозгласила императором внука Юань Чжао. В 526 году табгачский генерал Гэ Жун провозгласил себя императором Ци, а в 527 году он покорил весь Хэбэй. Однако сяньбийский вождь Эрчжу Жун со своей 7000 дружиной напал на войско Гэ Жуаня, захватил его в плен и привез в столицу. Юань Чжао почти сразу был свергнут Эрчжу Жуаном. Юань Цзыюй 528-530гг. ставленник Эрчжу Жуна. В 529 году, когда Эрчжу Жун выступил в поход против очередных мятежников, Лоян захватила китайская армия. Китайцы сместили Юань Цзыюя и возвели на престол своего ставленника Юань (тоба) Хао. Через два месяца Эрчжу Жун вернул столицу (История, 2014: 127). Юань Цзыюй в 530 году совершил переворот и убил Эрчжу Жуна. Брат убитого Эрчжу Жуна поднял 1000 сяньбийских всадников и ворвался в столицу Лоян и разграмил императорскую гвардию и задушил императора и приказал разграбить город. Императором назначил Юань Е. Юань Е 530-531гг. назначен Эрчжу

Шелуном. А в 530г. в Хэси восстало племя кочевников. В 531 году восстал Юань Хуа и сверг род Эрчжу и Юань Е. Гао Хуань подавил кочевников и получил титул вана и область Ганчжоу. Главным событием первого этапа новой смуты 532-533гг. стал вооружённый конфликт между Гао Хуанем и Эрчжоу, причем победу одержал Гао Хуань. В 532 году армия Гао Хуаня заняла Лоян. Юань Хуна убили, на трон возвели внука Тоба Хуана 2 Юань (Тоба) Сю правил 532-534гг. Гао Хуань возложил на себя полномочия Цзайсяна. В начале 533 года Эрчжу Чжао покончил с собой. Гао Хуань и его соратники приступили к истреблению всего клана Эрчжу и прочих «инородцев» (История, 2014: 172). В следующем 534 году Юань Сю бежал от Гао Хуаня к правителю Шэньси Юйвэнь Таю, где был отравлен. 536 году почти после двухлетней междоусобицей Гао Хуань и Юйвэнь Тай объявили о создании двух самостоятельных государств, получивших в дальнейшем названия Восточной Вэй (Дун Вэй 534-550) и Западная Вэй (Си Вэй 535-556). И в середине 6 века к власти окончательно пришли китайцы. Оба государства, расположенные в северной части страны, были достаточно сильными. Но на северных границах возникла грозная опасность со стороны мощного тюркского каганата.

Список использованной литературы:

- История народов Восточной и Центральной Азии с древнейших времён до наших дней / гл. ред. С.Л.Тихвинский. – М.: Наука, 1986. – 820 с.
Меликсетова А.В. История Китая. – М.: ОНИКС 21 век, 2004. – 752 с.
История Китая с древнейших времен до начала XXI века: в 10 т / гл. ред. С.Л.Тихвинский. – М.: Наука, 2014. – 991 с.
Джон Генри Грэй. История древнего Китая. – М.: Центрполиграф, 2006. - 598 с.
Варавина Д.А. Империя Тан: Попытка синтеза культур // Вопросы истории, международных отношений и документоведения. Сборник материалов XI Международной молодёжной научной конференции. - Томск, 2015. - 08-10 апреля. - С. 37-41.

Т. РЫСҚҰЛОВТЫҢ ӨСКЕН ОРТАСЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ АЗАМАТ БОЛЫП ҚАЛЫПТАСУЫ

А.К. Садыкова¹, Ж.С. Нурышов², Т.Ә. Оразбай³

¹Тарих ғылымдарының магистрі,

М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университетінің аға оқытушы

^{2,3}М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университетінің студенті

(Тараз қ., Қазақстан) e-mail: asemakaznu@mail.ru

Аңдатпа. Мақалада қазақ елінің азаттық жолында күрескен, қазақ зиялысы, мемлекет және қоғам қайраткері Тұрар Рысқұловтың азамат болып қалыптасу кезеңі туралы айтылады. Бұл жұмыс өскелең ұрпақтың азамат болып қалыптасуына Рысқұловты үлгі ретінде ұсынады.

Тірек сөздер: Рысқұлов, қазақ, Жетісу, ауыл, білім, азаттық.

Туған халқын азаттық жолындағы күреске бастаған қазақ зиялыларының көш басында тұрған аса ірі саяси жетекшілерінің бірі, мемлекет және қоғам қайраткері, 1916 жылғы ұлт – азаттық қозғалысына, 1917 жылғы төңкеріске қатысушы – Тұрар Рысқұлов болды [1]. Тұрар Рысқұловтың жастық шағы мен азамат болып қалыптасу жылдары отарлық езгі күшейген кезеңге тұспа – тұс келген еді. Тұрар Рысқұлов 1894 жылы 26 (14) желтоқсанда Жетісу облысының Верный уезіне қарасты Шығыс Талғар болысында (Қазір Алматы облысы, Талғар ауданында) Бесағаш деген жерде кедейлік шыңына жеткен қарапайым қазақ отбасында дүниеге келген. Оның балалық шағы ХХ ғасырдың басында өтті. Әкесі Рысқұл 1885 жылы өзінің туған жері Сырдария облысының Черняев (Шымкент) уезі Майлықент – Түлкібас болысындағы әкімдермен сыйыспай, бір ауыл елді көшіріп, Алматы жаққа Талғарға ауып келген.

Мақалада ғылыми зерттеу әдістерінің теориялық жағынан Тұрар Рысқұловтың туып өскен ортасы және азамат болып қалыптасуы жайында біршама ғылыми еңбектерге талдау жасай отырып, тұлғатану бойынша оның өмір жолын қарастырдық.

Ол өмір қыспағының, жоқшылықтың барлық тауқыметін басынан кешеді. Рысқұл айтқанынан қайтпайтын, кедейлерге зорлық-зомбылық көрсеткен байларға қаны қас адам болған. Жаңа мекенде де озбырлық ойқастап алдынан шығып, Саймасай деген болыстың қорлығына, қиянатына, халыққа көрсеткен қанауына шыдай алмай, ол 1904 жылы Бес Қараш тау асуында болыс Үшкөмпіров Саймасайды білтелі мылтықпен атып өлтіреді. Тұрар бұл турада өз еңбегінде: «Ол кезде мен кішкентай бала болсамда (мен 11 жас шамасында едім) болыс әкімшіліктері менолардың «жігіттері» біздің ауылға қоқан – лоқы көрсетіп, ұрып – соғып, біздің жанұяға да тыныштық бермеді. Патша

түземдік әкімшілігінің жүргізген саясатының бірі малдың жоғалғандығын халықтан көріп, солардан өндіріп алу еді. Мұндай кінәлау біздің руымыз бен менің әкеме де жабылды. Болыстық әкімшіліктің қыспағы біздің рудың ашу – ызасын ең соңғы нүктесіне жеткізді. Менің әкем, Рысқұл Жылқайдаров ызалықтан Шығыс Талғар болысының болыстық басқарушысын атып өлтірді. Бұл кісі өте бай, бірнеше болыстыққа үстемдігін жүргізген, Жетісу облыстық әскери генерал – губернатордың досы болған», – деп жазды. Осы оқиғадан кейін болыстың туысқандары Рысқұлдың үй – ішін Боралдайға әкеліп, құл мен күн есебінде жұмыс істеуге мәжбүр етеді. Тұрар қорлық пен зұлымдықты өз көзімен көреді [2]. Әкесі Рысқұл Алматының түрмесіне түскенде жалғыз ұлы – он жасар Тұрарға зияны тиер деп қауіптеніп, оязға арыз жазып баласын қасына алдыртады. Қайсар, бостандық жолын іздеген, бұдан басқа шарасы қалмаған әкенің, жалғыз баласының барар жері, басар тауы қалмағандықтан өзімен бірге түрмені паналатпақ болғаны, тағдыр тауқыметінің ауыр сыны болатын. Бұл үстем тап өкілдерінің озбырлығынан, заман тауқыметінен азап шеккен, қорғансыздық күні еді. Осы кездегі тарихи оқиғаны жазушы Мұхтар Әуезов өзінің «Қараш – қараш оқиғасы» деген шығармасында жас бала Тұрар Рысқұловтың бейнесін әдеби кейіпкер ретінде алып (ол жылдары Тұрар он бір жаста болатын) «Оқуға ұғымды ерекше талантты, момын қара бала болашақ заманның белгісі бір жарығына осы абақты ішінде сенген көңілмен күн санап ер жетіп келе жатты» деп көрсетті [3]. «Түрме баласы» аталған Тұрар Рысқұлов абақты бастығы Приходько дегенің малайы болып жүреді. Түрме үйлерін сыпырып, бастықтың атын айдап жүріп орыс тілін үйреніп, хат таныған. Тұрар түрмеде бірде атшы бала, бірде ірі-ұсақты жұмыстарды атқаратын қол бала болып, өмір кешті. Сөйтіп жүріп, ол өзінің сауатын камерада әкесімен бірге отырған саяси қылмысты революционер Александр Бронниковтан ашады. Тұрмысынан алғыр, зерек сезімтал Тұрар бір жылдың ішінде орыс тілін жақсы үйреніп алады. «Оның жүрегінде еркіндік сүйгіш арман терең лаулап келе жатты», – деп көрсетеді зерттеуші В.И. Ляхов [4].

Тұрар Рысқұловтың оң-солын танып, азамат болып қалыптаса бастауының бастапқы кезеңі бірінші орыс революциясы (1905-1907 ж.ж.) кезеңіне дәл келді. 1905-1907 жылдардағы революциялық қозғалыс Ресейде қызып жатқанда қазақ халқы да елінің ауыр жағдайына, жүргізіліп отырған қоныстандыру саясатына, шенеуніктердің шектен-тыс жәбірлеуіне қарсы ашық наразылықтарын білдіре бастады. Бұл революциялық қозғалыс қазақ ауылындағы түрлі топтардың басын біріктіріп, ұлт-азаттық күрес жолына түсуге жол ашты. 1905-1907 жылдары қазақ зиялыларының басшылығымен патша үкіметінің отаршылдық саясатына қарсы ой-пікірлер баспасөз беттерінде жарияланып, елдің тұрмыс тіршілігіне, жердің талан-таражыға түсіп бара жатқандығына ашық түрде наразылықтарын білдірді. Тұрар Рысқұлов «Революция и национальности» журналына жарияланған мақаласында да патша үкіметінің саясатына, шетел кәсіпкерлерінің қысымшылығына байланысты Қазақстанның жер-жерлерінде әр түрлі талаптар қойған ереуілдердің болғандығын атап өтеді. Патша үкіметінің қысымшылық саясатына қарамастан қазақ зиялылары өздерінің талаптарын қойған петицияларды жоғарғы орындарға, патша ағзамға жіберіп жатты. Әрине, бұндай петициялар жазып, халықты ұлт-азаттық қозғалысқа қарай бағыттаған қазақ азаматтары қуғын-сүргінге ұшырап, оның құрбанына да айналды. Сондай-ақ, бұл кез 1905 жылғы ұлы дүрбелең кезеңі, қазақ ауылдары талай қиыншылықтарды басынан кешіріп, жергілікті халықтардың отарлық езгі жағдайында өмір кешіп, ұлттық кемітушілік пен құқықсыздықтың бұғауына түсіп, одан шығатын жол таба алмай, тентіреп, ел-жұртын тастап, кейбіреулері үрке көшіп, жат елден баспана іздей бастаған кез еді. «Азаттық», «теңдік», «бостандық» сияқты қасиетті ұғымдар ақыл-ойда көмескіленіп, көзден ұшып, көңілден тайғаны қашан. Бұл кездің тағы бір ерекшелігі, патшалы Ресей қазақ жерін жаулап алуды толық аяқтап, патша әкімшілігі отарлау саясатын жоспарлы түрде күшейте түскен болатын. Отарланған аймақты игеру мақсатында, патша өкіметі қазақ жеріндегі басқару жүйесін өзгертіп, жергілікті ұлт өкілдерін шеттете бастағанды. Бұл кезде Ресейдің өз ішіндегі саяси-әлеуметтік жағдайда шиеленісе бастаған кез еді (1905 жыл революция). Соны бәсеңдету мақсатында қазақ даласына орыс шаруалары мен орыс-казак әскерлерін орналастыруды қауырт жүргізе бастайды. Қоныс аударушыларды жергілікті халықтан тартып алынған құнарлы жерлерге орналастырып, өлкенің байырғы тұрғындары ата қоныстарынан қуылып, шөл, жартылай шөлді өлкелерге жер аударылып жатты. Осы жылдар аралығында ғана Жетісу мен Сырдария облыстарындағы қазақтардан 2.462.265 десятина жер тартып алынып, оны қоныс аударып келген орыстарға бөліп берді. Ресей бұл өлкені тезірек «нағыз орыс жеріне» айналдыру үшін барынша әрекет етті. Осы Рысқұл отырған түрме де, Жетісуда қалыптасқан сот жүйесі де соның нәтижесі болатын. 1905 жылдың 29 наурызында Жетісу округтік соты «45 жастағы Рысқұл Жылқайдаровты барлық мүлкінен, еркінен айырып, 10 жыл мерзімге каторгалық жұмысқа жіберуге» үкім шығарады. 1906 жылы маусымда Сахалинге он жылға бас бостандығынан айырылып, қара жұмысқа кесілген Рысқұл Жылқайдаров Тұрардың өмірінен қауіптеніп Жетісу генерал-

губернаторына өзімен бірге баласын Сахалинге бірге ала кетуге өтініш жазады. Жасынан сергек Тұрар орыс шенеуніктерінің амал-айласын сезіп, ағасы Молдабекпен бірге Әулиеата уезі, Мерке елді мекеніне қашып барып, байдың малын бағуға жалданады. Кейін орыс тілін білетін өткір, алғыр, сезімтал жас бала жұртшылықтың көзіне тез ілігеді. Әсіресе, жергілікті жердегі «Орыс-қазақ» мектебінің меңгерушісі Андрееваның назарына ілігіп, оны мектептен білім алуға шақырады. Сөйтіп, ол патша өкіметінің және жергілікті бай-шонжарлардың қудалауынан қорқып, Тұрар Қырғызбаев деген бүркеншік атпен Меркедегі төрт жылдық орыс-қазақ интернат- мектебіне түсіп оқиды. Оны 1907-1910 жылдар арасында жақсы бітіріп, жергілікті жердегі қызметке араласа бастайды. Мектепті бітірген соң, аз уақыт ішінде Меркедегі Семашко деген соттың қарамағында қағаз көшіруші болып қызмет етеді. Бұл жылдар Тұрар Рысқұлов үшін үлкен өмір мектебі болды. Зорлық-зомбылықпен қоса, халықтың басындағы ауыр халді, отаршылдықтың, әділетсіздіктің, қулық-сұмдықтың неше бір қиян-кескі, қыр-сырын сезіне бастады. 1910 жылы Рысқұлов Пішпектегі 1-ші дәрежелі (қазіргі Фрунзе) ауылшаруашылық техникумын, оны 1914 жылы қазан айында бау-бақша өсіруші мамандығы бойынша бұл мектепті үздік бітіріп шығады. Пішпек техникумы оған тек ауыл шаруашылық білім ғана беріп қоймай, айнала дүниеге көзін ашқан мекен болды. Техникум мұғалімдерінің ішінде марксистік ұйымға қатысып жүрген саналы, прогрессивті бағыттағы адамдар да бар еді. Жас Тұрарға олардың әсері болмай қалған жоқ 1914 жылы техникум бітіруге таяған шақта жасөспірім Тұрар өзінің болашағын ойлап, оқуын одан әрі жалғастыруға талпынады. Оны біз сол техникумның директоры Илья Павлович деген кісінің атына жазған өтінішінен аңғарамыз [5].

Ауыл-шаруашылығы мектебін бітірер алдында Тұрар Рысқұлов мектеп директорының атына төмендегідей өтініш хат жазған. Өтініштің өзіне тән ерекшелігі орыс тілінде жазылғандығы. Төменде осы арыздың қазақша мәтінін беріліп отыр: «Сізге төмендегі жағдайды хабарлауыма рұқсат етіңіз, Илья Павлович! Егер сіз рахым етсеңіз, сіздің назарыңызды жарты сағат қана менің өтінішіме бөлуіңізге рұқсат етіңіз.

Мен Сіз басқарып отырған мектепті бітіргелі тұрмын және сіздің шәкіртіңіз ретінде Сізге өзімнің таудай талабымды білдірмек ойым бар.

Мен бір кезде панасыз қалған, қарапайым қазақтың баласымын.

Мен көптеген бақытсыздықты бастан кештім, өмірдің ауыртпалығын тарттым. Енді қайтып ондай қорлық көрмес үшін, егер мүмкіндік болса, әрі қарай білімімді жалғастырып, адам болуға біржолата бел будым.

Маған көмек берер менде әке-шеше жоқ, жалғыз тірегім мектеп және Сізсіз. Енді менің бүкпесіз өтінішім: Илья Павлович, менің білімімді одан әрі жалғастыруыма көмек етсеңіз екен, енді менің болашағым қандай болмақ, бар тағдырым Сіздің қолда.

Мен Сізбен және мұғалімдермен турашыл, бұқпантайсыз, мәймөңкесіз қатынаста болдым – менің мінезім сол, бірақ Сізді де, мұғалімдерді де шын ниетімен құрмет тұтып, сыйладым.

Менің пайымдауымша, мен мектепте ережеге, ар ісіне сай ғұмыр кештім, әйтсе де шамалы шәлкестік те болған болар-мұным үшін кешірім өтінемін, сондай-ақ бұл арызыммен уақытыңызды алғаным үшін ғафу етіңіз.

Сіздің шәкіртіңіз Тұрар Рысқұлов.» [6].

Жоғарыда келтірілген құжаттан Тұрардың оқуын жалғастырсам деген зор үмітін аңғаруға болады. Бірақ Т.Рысқұлов өз қолымен толтырған өмірбаянында оқуын жалғастыруға қаражаттың жоқтығынан өз мұғалімдерінің дайындауға құлқы жоқтығын келтіреді. Айналып келгенде істің бәрі қаражатпен шешілетінін ол түсінді. Алайда «үмітсіз-шайтан ісі» дегендей, ісім оңға тартар деген мақсатпен осы хатты жазып, жіберуге мәжбүр болады. Тұрар үшін бұл жылдар үлкен өмір мектебі болды. Ол не бір қиыншылықтарды басынан өткере отырып, өзінің алға қойған мақсатын айқындай түсті. Ел ішіндегі элеуметтік ауыр халді көзімен көріп, көңіліне түйді. Елдің жағдайы, патша өкіметінің қысымшылық саясаты оның қоғамдық өмірге етене араласуына әсер етті. Әрине, оның ерте есеюіне өмірге деген көзқарасының қалыптасуына ең алдымен себепші болған жәйіттер әкесінің қуғынға түсуі, түрмеге отыруы, итжеккенге айдалуы. Оның тағы салмақты себебі қоғамның тарихи дамуындағы, билік жүйесіндегі, халық арасындағы алауыздық пен заңсыздық, адамгершіліктің ала жібін аттау, ескі дәстүр мен жосықсыз әділетсіздікті көп өз басынан кешіріп қана қоймай, оны қалың қауым халық арасынан көруі еді. Сот мекемесіне кіріп, аз уақыт болса да, жұмыс істеп, бұған айқын дерек алуы дәлел. Бұл сияқты түйінді мәселені шешудің жолын ол білімін жетілдіруден іздеді. Халықтың ақыл-ой, сана-сезімін ояту үшін білімнің қажет екенін Тұрар Рысқұлов жақсы түсінді және оны өзінің алдына үлкен мақсат етіп қояды десек қателеспеген болар едік. Білім жетілдіруді ол табиғат пен қоғам сырын ұғумен ұштастырды.

Міне, қазақ халқының біртуар перзенті, бостандық пен азаттық жолында жанын пайда еткен, қоғам қайраткері Тұрар Рысқұловтың өмір кредосы осылай басталып кетті. Бұл бала Тұрардың Қазақстан тарихындағы асқар белесінің бастауы болды. Сөйтіп ол, оқи жүріп, қоғамдық ағымға батыл кірді, ар ісіне, адамгершілік ісіне сай ғұмыр кешуге бел байлады. Оны ол ел алдында, халық алдында, мемлекеттік жүйе алдында бүкпесіз айтты. Ендігі оның өмір өзені - халық үшін қызмет етуге бағытталады. Бұл Тұрар Рысқұловтың өз заманында, тарихи даму кезеңінде, кім болатындығын қандай өмір жолын қалап алатындығының анық айғағы еді. Сол жылдары ол Меркедегі және Ташкент түбіндегі тәжірибе алқабында жұмыс істеді.

1914 жылы Тұрар Рысқұловтың Бішкектегі 1 дәрежелі ауыл шаруашылығы мектебінің директорына жазған өтініші қабылданып, орта дәрежелі ауыл шаруашылық училищесінің даярлық курсына қалдырылады. Сол жылы Самара (қазіргі Ресейдің Куйбышев қаласы) орта ауыл шаруашылық училищесіне емтихан тапсырады, бірақ училищенің директоры Тұрарды «қазақ-номад, оған жер өңдеуді оқудың қажеті жоқ» - деп қабылдамай қояды. Сөйтіп, әлеуметтік әділетсіздіктің тағы бір сорақы түрі алдынан шығады. Самара қаласына Тұрардың келуі оның өмірге деген көзқарасын өзгертеді. Рысқұлов Ресейдің азиялық бөлімін ғана көріп қоймайды, европалық өмір тұрмысымен танысады. Сондай-ақ, ол Самарадағы қызу қайнап жатқан тіршілік тынысымен танысады. Жасынан бірбеткей, қайсар, алған бетінен қайтпайтын Тұрарды алға қойған мақсатынан тайдыра алған жоқ. Қайта бұл кедергі оған күш-қуат беріп, 1914 жылы Ташкенттегі жаңадан ашылған мұғалімдер институтына жетелейді. Алайда бұл жерде отарлық езгінің зардабы мен кемістушілік, менсінбеушілік тағы да алдынан шығады. Т.Рысқұловты «бұратана» деп кемсітіп бұл институтқа да қабылдамайды. Тұрарға Санкт-Петербургтегі оқу министрлігіне оқуға өтініш-рұқсат сұрауына тура келеді. Бұл жолы оның өтініші қабылданып, жедел түрде емтихан тапсырып, институтқа түседі. Мұнда оқи жүріп, Ташкент қаласының іргесіндегі Красноводск тәжірибе алаңында бағбан болып істеп, күнкөріс ақша тауып әрекеттенеді. Өйткені оған қаражатпен қол ұшын беретін ағайын-туған жоқ еді [7]. Негізінде бұл оқу орнына мұсылмандардың білім алуына жол жоқ болатын. Өйткені, бұл институтта тек православие дініндегілер ғана оқып, білім алды. Т.Рысқұловқа бөгде діндегілермен оқу оңайға соққан жоқ [6].

Дүниежүзілік соғысқа араласқан Ресейдің жағдайы өте қиын еді. Ауыл, селолардағы еңбекшілердің, қалалардағы өнеркәсіп орындарындағы, темір жол бойындағы жұмысшылардың жағдайы күрт нашарлап кетті. Соғыстың алғашқы күндерінен-ақ патша үкіметі Қазақстанның барлық облыстарында «төтенше соғыс жағдайын» енгізді. Әлеуметтік және ұлттық езгі күшейді, империяның шет аймақтарында патша шенеуніктерінің басынушылығы мен зорлық-зомбылығы өлшеусіз артты. Салықтың мөлшері мен түрлері арттырылды. Шектен тыс қанау және өзге ұлттармен санаспау халықтың жағдайын нашарлатты. Бұл кезең Тұрар Рысқұловтың балалық шақтың ауыр азабын тартып, көзі ашылып, өз қатары мен төңірегіндегілердің мүшкіл халін көріп, оң-солын байқап, ес жиіп, есею кезеңіне бет алған шағы еді. Еңбектес, қызметтес ұлт өкілдерімен ауыр-азапты бірге тартып, қоғам қайшылықтарын аңғарып, барды-жоқты, жарлы-жақыбайды, билік пен бишікетікті, әділеттілік пен әділетсіздікті ой елегінен өткізіп, оларды ажырата бастаған-ды. Бірге оқыған дос-жарандарын, бірге жұмыс істеген, иығын тер тескен еңбекші халықты көріп, өзі бірге істеген ұлт өкілдерінің ой-пікірін естіп, замана ағымын бағдарлай бастаған кезең болатын. Зерттеуші ғалым В.И.Ляхов: «Осы кездерде Тұрар марксистік әдебиеттермен, Орталық Россия және Орта Азиядағы революциялық қозғалыспен танысады», - деп жазады. Ол кездегі өзі талай көріп, аралас-құралас болып жүрген Орта Азия мен Ресей халқының ауыр халі мен көңіл күйі, жергілікті қазақ халқының өмірі жас Тұрарға да ой салмай қойған жоқ. Себебі, қоныстанушылардың легі жылдан-жылға өсіп, 1906-1912 жылдар аралығында 17 млн десятина жерлер алынған. Осы алынған жерлердің 13 млн десятина жерлеріне 2 млн келімсектер орналастырылды. Сондай-ақ соғыс жәрдем ісіне деп тек Түркістан өлкесінен 20899 мың пұт мақта, 300 мың пұт ет, 109 мың пұт мақта майы, 474 мың пұт балық, 229 мың пұт сабын, 50 мың пұт майкене, 70 мың жылқы, 12,7 мың түйе, 38 мың шаршы киіз, 13441 киіз үй тасып әкеткен. Кейін (1917 ж.) Уақытша үкіметтің басшысы болған А.Ф.Керенский 1915 жылдың өзінде-ақ орыстар мұсылман халықтарына «... ағылшындар мен француздар өз орталарына қалай қараған болса, солай қарауы тиіс», - деп ұран тастаған болатын. Патша өкіметінің бұл ашық саясаты жас Тұрарға сабақтас, тіпті еңбектес болып жүрген ұлт өкілдеріне әсерін тигізбей, ой салмай қойған жоқ. Студент кезінен бастап – ақ ол ұлт – азаттық қозғалыстарға қатысып, жасырын саяси үйірмелердің жұмысына араласа бастаған.

«1916 жылғы көтерілістен күйзелген қазақ халқының ішінде кулак террорының, байлардың сатқындығы тоқталмай тұрған уақытта ... біз «Қазақ жастарының революциялық одағын» құрдық», [7] - деп жазды Т. Рысқұлов. Одаққа 1916 жылғы ұлт – азаттық қозғалыстың от –

жалынынан өткен, саяси сауатты қазақ, қырғыз және орыс жастары бірікті. «Қазақ жастарының революциялық одағы» - бағдарламасы мен жарғысы бар саяси ұйым ретінде құрылған болатын. Одақтың бағдарламасы мен Жарғысын (Устав) Тұрар Рысқұлов жазады. «Қазақ жастарының революциялық одағы – деп көрсетілді бағдарламада, - өз алдына мынадай мақсат қояды. «Одақ» мүшелері өздерінің іс - әрекеттерінің басты мақсаты ретінде: а) уақытша үкіметтің жергілікті комитеттерімен күрес; б) барлық күштермен патшаның болыстық старшын, байларына, сондай-ақ, қалған патша жандайшаптарына қарсы күрес жүргізу жолын таңдап алғандарын ашық мәлімдейді. Бағдарлама мен жарғыдан одақ мүшелерінің Ақпан революциясының сипаты мен мән – мағынасын, әлеуметтік қайшылығын айқын түсіне білгендігі көрінеді. «Одақ» бағдарламасында Ақпан революциясының әлеуметтік теңсіздікті, ұлттық езгіні жоюға қабілетсіз екендігі, керісінше бұл күндері орыс отаршыларының жергілікті халықты «...бұрынғыдан да бетер езе түскені» ашына айыпталынған [7].

Сонымен қорыта айтқанда, Тұрар Рысқұловтың ер жету мен есею кезеңдері, азамат болып қалыптасуы, қазақ халқын қиян-кескі ауыртпалық жайлаған, отарлық езгінің күшейген Ресей саясатының іріп-шіріп, дағдарысқа ұшыраған кезеңінде өтті. Осының бәрін көріп, жер ауып келген орыс шаруаларымен араласып, олардың алдыңғы қатарлы көзі ашық азаматтарының саяси көзқарастарын пайымдап, кейбір жасырын жиындарына қатысып, әдебиеттерімен танысып бостандық пен әділеттік жолын іздей бастаған Тұрар 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілістің қайнаған ортасына тап келді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

Матекова Б. Өз өмірін елінің болашағы үшін құрбан еткен // Қазақстан тарихы (әдістемелік журнал). – 2005. №10. 16-1966.

Аширбекова Ж.Б. Т.Рысқұловтың қоғамдық-саяси қызметі және тарихи зерттеу еңбектері. Тарих ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған авторефераты. Алматы, 2004. 286.

Оралтай Х. Алаш - Түркістан түркілерінің ұлт-азаттық ұраны // Азат. – 1991. Қазан, №18. 76.

Тұрар Рысқұлов. 1916 жылғы көтеріліс және патша өкіметінің отарлау саясаты хақында // Ақиқат. – 1996. – №3. 37-4266.

Аширбекова Ж.Б. Тұрар Рысқұлов – тарихшы // ҚазҰУ хабаршысы. Тарих сериясы. – 2004. - №1. 146-14866.

Оспанов Ә. Тұрар Рысқұлов: (Өмірі мен қызметі) //Жалын. – 1971.№3. 117-12566.

Қоңыратбаев О.М. Тұрар Рысқұлов. Қоғамдық – саяси және мемлекеттік қызметі. Түркістан кезеңі. – Алматы: Қазақстан, 1994. 448б.

АЛФАВИТ АУЫСТЫРУ МӘСЕЛЕСІНІҢ ЗЕРТТЕЛУІ (XX ғ. 20-30 жж.)

Тойшубекова Ж.К.

*тарих магистрі, оқытушы Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті
(Алматы қ., Қазақстан) E-mail: zhulduz_agz@mail.ru*

Кеңес өкіметі жылдарында социализмнің лениндік жоспарында белгіленген мәдени революция жүзеге асырылды. Ағарту жұмысының мамандары Г. Береза, О. Сафро, Х. Амрин, С. Меңдешев, Н. Нұрмақов өз еңбектерінде Ұлы қазаннан бастау алған социалистік-мәдени төңкеріс отанымыздың басына төнген небір қысталаң сәттерде жұмысшылар мен жастарға, қоғам мүшелерінің бәріне күш-қуат беріп, болашаққа сеніммен қарауға үйретті, алға жетеледі деп сипаттайды. Шындығында мәдени революция қазақ халқын оқу-білімге шақырумен қатар, орыстандыру саясатының бүркемеленген түрін алып келді. Әсіресе, 1920 жж. басында қоғамның барлық салаларында үстемдік еткен сталиндік басқару аппараты Лениннің өзі жол салған мәдени революцияны іске асыру барысында социализм құру ісін, мәдени өмірді мейлінше бұрмалады. Большевиктер елдегі мәдени саланы социалистік құрылысқа, коммунистік тәрбиеге бейімдеу мақсатын көздеп, Қазақстанға күштеп болса да үкімет шешімдері арқылы енгізуге тырысты. Бұл туралы мәдениет тарихын зерттеуші ғалым Х. Әбжанов: “...Мәдени революция – социалистік құрылыстың негізгі құрамдас бөлігі, қоғамның рухани өмірінің түбегейлі өзгерісі... Совет өкіметінің алғашқы он жылдығында мәдени құрылысқа партиялық-мемлекеттік басшылық жасаудың объективті лениндік принциптері творчестволық қолданыс табуы арқасында қазақ халқының рухани өсуі, әлеуметтік-саяси кемелденуі, жаңаша өмір сүруге деген ынтасы бұрын-соңды болмаған қарқында жүрді. Ал 1920 жылдардың аяғына қарай орныққан әкімшілік жүйесін қой терісін жамылған қасқыр десе болғандай. Бұл кезең жарты ғасырдан астам уақытқа созылды. Өкімет билігін марксизм-ленинизм ілімімен бүркемелеген сталиншілдік басқару аппараты қолына алып алған соң социализм құру ісі, қоғамның, оның мәдени өмірі адам танығысыз

бұрмаланды,” – дейді [1, 27-б.]. Сондықтан 1920-1930 жылдардағы мәдени революция кезінде ағарту ісін жүргізу жақсы нәтиже берді деп айту қиын. Мысалы, мәдени революцияны жүзеге асыру барысында талай кертартпалықтар кездесті: әрбір ұлт мәдениетінің ерекшелігі ескерілмеді, ұлттық мектептер мен мәдени мекемелер жабылды, оқу жоспарлары, бағдарламалары одақтас автономды республикаларға бірдей болды, т.б. Осылайша кеңестік жүйе ұлттық мүддені әлсіретуге тырысты. Бұл ретте ағарту саласы бойынша ХХ ғасырдың 20-30 жылдары Қазақстанда алфавит ауыстыру саясаты жүзеге асырылды. Бұл мәселе кеңестік ғалымдардың еңбектерінде біршама көрініс тапты. Алайда, 1950-1960 жж. ағарту саласындағы Кеңес өкіметінің жетістіктерін көрсеткен ғылыми жұмыстар кеңестік рухта жазылғандықтан, КСРО –ның ағарту саласындағы жетістіктерін біржақты мадақтады. Көрнекті кеңес тарихшылары Р.Б. Сүлейменов, А. Сембаев, Ғ. Сапарғалиевтердің ізденістері Қазақстандағы ағарту ісінің даму тенденцияларын сараптады. Авторлардың негізгі мақсаты – Қазақстанда 1920-1930 жж. кең түрде жүргізілген кеңестік саясаттың сауатсыздықты жою ісін, мәдени құрылыстағы жетістіктерін кең талдау. Ғ.С. Сапарғалиев “Советское государство в борьбе за развитие социалистической культуры в Казахстане” атты зерттеуінде үкіметтің басшы органдарының құжаттарын пайдалана отырып, кеңестік ағарту саясатына тоқталады. Сауатсыздықты жою саласы бойынша Қазақстанда латын алфавитіне көшу мәселесінің көтерілгендігі және ондағы негізгі мақсат – халық арасындағы сауатсыздықты жойып, аз уақыт ішінде шетелдермен экономикалық, саяси, мәдени байланысқа түсу деп көрсетіледі [2, 142-б.].

Р.Б. Сүлейменов бүкіл ағарту ісіне, ондағы қазақ зиялыларының қызметіне кең тоқталған. Ол терең зерттеулер мен әдістемелік негіздер арқылы оқу ісінің тарихы, мәдени төңкеріс саясатын ашуда үлкен рөлбәтқарды. Өз еңбектерінде араб жазуының кемшілік тұстарын көрсете отырып, оның түркі халықтарының тіліне сәйкес келмейтіндігін айтып, араб әрпін архаикалық, игеруге қиын және қанаудың негізгі құралы ретінде суреттеді [3, 21-б.].

КСРО құрамындағы халықтардың тілі, алфавиті туралы мәселені арнайы зерттеген К.М. Мұсаевтың еңбектері тақырыпқа тікелей қатысты болғандықтан, мол мәліметтер алуға болады. Ол түркі елдерінің жазуының өзгеру процесін үш кезеңге бөліп қарастырады: 1. 1918-1926 жж. Бұл кезде әр ел өзінің дәстүрлі алфавитін қолданды. 2. 1926-1936 жж. – латынға көшу кезеңі. 3. 1936-1941 жж. – кириллицаға көшу кезеңі. Автор ХХ ғ. 20-30 жж. латын алфавитіне көшу саясатын “прогрессивті” деп бағалады. Еңбекті оқи отырып әлемде үш мың тілдің екі жүзінде алфавит бар болса, он шақтысында жоқ, ал КСРО құрамында жүз жиырма жеті тіл және жеке жазуы бар жетпіс ұлт және олардың жиырма араб жазуын қолданғандығы туралы сандық көрсеткіштерді алуға болады. Сонымен қатар жаңа алфавиттің пайда болуына түрткі болған жағдайды және дәл латын графикасының негізге алу себептерін түсіндіріп, құжаттар негізінде латындандыру процесінің қалай жүзеге асқандығы жөнінде жүйелі түрде мәлімет береді [4, 240-б.].

Жаңа алфавитті қабылдауға әсер ететін негізгі факторларды филология ғылымының докторы, профессор В.М. Алпатов төртке бөліп қарастырады: 1. Лингвистикалық; 2. Экономикалық; 3. Психологиялық; 4. Саяси-мәдени. Бұлардың әрқайсысына жекелей тоқталып, алфавит ауыстырудың негізгі салдарларын көрсетті [5, 134-б.].

Қазақстандағы мәдени саясат мәселесі туралы бірнеше автор мақалаларынан тұратын жинақтар жеткілікті. Мысалы, “Культурная политика в Казахстане” жинағына “Массажет” атты қоғамдық қордың “Қазақстанның мәдени саясаты және коммерциялық ұйымдар” тақырыбында өткен дөңгелек үстелдің материалдары енгізілген. М.Д. Сесич мұнда мәдени саланың идеологиямен байланыстылығына тоқталып, мәдени саясаттың билеушілер үшін қажеттігін түсіндіреді. Сондықтан автордың тұжырымдары зерттеу барысында қолданылып тақырып мазмұнын ашуға мүмкіндік берді [6, 3-б.].

Орта Азиядағы мәдени саясат жайлы тағы бір жинақ – “Культурная политика в Центральной Азии в переходный период”. Мұндағы С. Мадалиевтің “Реформа языка: нежеланная латиница” атты мақаласында Өзбекстандағы қазіргі алфавит жайын айтып, 1920-1930 жж. жүзеге асқан алфавит ауыстыру науқанына, оның салдарына тоқталады: “Латын алфавитін күштеп енгізу барысында халықтың мың жыл бойғы рухани байлығы жойылды,” – дейді [7, 96-б.]. Өткен тарих пен бүгінгі тарихты сабақтастырып, алфавит ауыстырудың теріс жақтарын берді. “Культурная политика в Европе: выбор стратегии и ориентиры” жинағында шет елдердің мәдени деңгейі, бағдарламалық даму жолы баяндалады [8, 240-б.]. Сонымен қатар латын алфавитін қабылдау түркі елдерінің Европа мемлекеттерімен саяси, экономикалық, мәдени қатынасының дамуына ықпал етеді деген ой айтылады. КСРО құрамындағы халықтардың тарихында белгілі бір сабақтастықтар болғандықтан, қазақ алфавитінің тарихын зерттеу барысында өзге түркі республикаларында орын алған процестермен салыстыра отырып қарастырудың маңызы зор. Бұл ретте “Культурная революция в

Татарии (1917-1937)”, “Культурная революция в Туркменской ССР” және “Культурная революция в Якутии (1917-1937)” атты еңбектер негізге алынды. Сол тұстағы идеологияға сай жазылғанымен, онда келтірілген мәліметтер алфавит ауыстыру саясатының негізгі жолдарын, әдістерін анықтауға мүмкіндік береді [9,330-б.]. 20-1930 жж. латын алфавиті мәселесі мәдени революция барысында ағарту саласы бойынша көтерілгендіктен, бұл мәселе ресейлік еңбектерде орын алады. Нақты атасақ, “Культурные практики в идеологической перспективе: Россия. Начало XVIII-XX века” [10, 280-б.].

Қазіргі Қазақстан тарихнамасында оқу-ағарту мәселесі Ш. Тәукебаева, Х. Табылдиев, Қ.Ахметов, Т.Омарбеков еңбектерінде қарастырылады. Олар латын алфавитіне көшу мәселесін жанама айтып өтеді. Ш. Тәукебаева өзінің “Становление государственных учреждений Казахстана по образованию, культуре и науке (1917-1936 гг.)” атты еңбегінде кеңес өкіметі тұсындағы мемлекеттік мекеме жүйесінің қалыптасуына және мәдени құрылыстың барлық салаларымен айналысқан орталық мекеме – Халық Ағарту Комиссариатының қызметіне тоқталып, әміршіл-әкімшіл жүйенің озбыр саясатын әшкереледі [11,30-б.]. Мәдени саладағы реформаларды жүзеге асыру үшін большевиктер алаш қайраткерлерін кеңес өкіметінің ағарту жүйесіндегі іс- шараларына араластырғысы келгендігін және оның себептерін көрсетеді. Бұл зерттеу арқылы XX ғ. 20-30 жж. жаңа алфавитке көшу науқанын ұйымдастырып, іске асырған жергілікті мекемелер мен қоғамдық ұйымдардың қызметі туралы мәлімет алуға болады.

Қазақстанның 1920-1930 жж. ағарту ісі, кеңес өкіметінің сауатсыздықты жою саясаты зерттеуші Х. Табылдиевтің еңбегінде қарастырылады. Ол 1920-1930 жж. республикадағы қоғамдық саяси өмірді, большевиктер өкіметінің ағарту саласындағы саясатының мәнін объективті түрде ашып беруге тырысып, қазақ алфавитін ауыстыру саясатына большевиктер тарапынан арнайы түрде ұйымдастырылған рухани отарлаудың бір бағыты деген баға береді [12, 28-б.].

Қ.Ә. Ахметовтың «XX ғ. 20-30 жж. Қазақстан мәдениеті («Мәдени революцияның концепциясы, идеологиясы, жүзеге асырылуы») атты еңбегінде Қазақстанда іске асқан мәдени революцияның кемшіліктері мен ұтымды тұстарын саралап, латын негізіндегі алфавитке көшуді орыстандыру саясатының бір бағыты деп бағалады [13, 145-б.]. Т.Омарбековтың “XX ғ. 20-30 жылдарындағы Қазақстандағы өзекті мәселелер” еңбегінде деректік құжаттар арқылы ағарту мәселесі бойынша алфавит ауыстыру саясаты туралы мәлімет беріледі. Большевиктердің өздеріне арналған құпия деректе көрсетілгендей, 1928 жылы қазақтардың сауаттылары халықтың тоғыз пайызынан аспағандығын айтады [14, 86-б.].

Осындай мәселелер Х.М. Әбжанов, Ә.Әлпейісовтың еңбектерінде де қозғалады. Сталиндік басқару аппараты социализм құру ісін, мәдени өмірді бұрмалағандығы туралы айтып, дәстүрлі алфавитті латын алфавитіне өзгерту күштеу жолымен жүргендігін дәлелдейді [15,127-б.]. Р.Елмырзаева ағарту саласының бәсеңдеуінің себептерін көрсете келе, “...Қаржының жеткіліксіздігі жазулы тұрған оқулықтарды шығарып келген мемлекеттік баспаға қол байлау болды: араб әрпі және игеруге қиын еді,” – дейді [16, 27-б.]. Бұл пікір кеңестік әдебиеттердегі ұлттық мәдениетті төмендету нәтижесінен туындаған еді. Араб әрпі А. Байтұрсынов өңдеп шығарғаннан кейін оқуға жеңілденді. Басқасын былай қойғанда, араб әрпінде көптеген оқулықтар, оқу құралдары, мерзімді баспасөз құралдары талассыз шығып отырды. Сондықтан ұлттық санамыз оянып, халықтың дәстүрі қайта орала бастаған кезде арабшаға деген мұндай жағымсыз, теріс пікірді сол мағынада түсінуге жол бермеуіміз тиіс.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

- 1.Әбжанов Х.М., Әлпейісов Ә. Қазақ интеллигенциясы мен мәдениеті туралы. А., 1992, - 127 б.
- 2.Сапарғалиев Г.С. Советское государство в борьбе за развитие социалистической культуры в Казахстане. - А., 1987, - 142 с.
- 3.Сүлейменов Р.Б., Ленинские идеи культурной революции и их осуществление в Казахстане. А., 1972, 256 с.; Сүлейменов Р.Б. Великий Октябрь и культурные образования в Казахстане А., 1987, - 21 с.
- 4.Мусаев К.М. Алфавиты языков народов СССР. М.,1965, - 145 с.; Мусаев К.М. Опыт совершенствования алфавитов и орфографии языков народов СССР. М.,1982, - 211с.; Мусаев К.М. Языки и письменности народов Евразии, А., 1993, - 240 с.
- 5.Алпатов В.М. Реформа алфавита: латиница или кириллица // Центральная Азия и Кавказ. 2002,№2,- с. 134-144.
- 6.Сесич М.Д. Культурная политика в переходном обществе: фрагменты политологического и культурологического анализа // Культурная политика в Казахстане. Сб. статей. А., 2002, - с. 3-6.
- 7.Мадалиев С. Реформа языка: нежеланная латиница // Культурная политика в Центральной Азии в переходный период (Сб. мат-ов конф. “Культурная политика в Центральной Азии: практики и перспективы”). А., 2003, - 96 с.
- 8.Культурная политика в Европе: выбор стратегии и ориентиры. Сб. мат. М.,2002, - 240с.
- 9.Культурная революция в Татарии (1917-1937). Казань, 1986, 299 с.; Культурная революция в Туркменской ССР. Ашхабад, 1957. 325 с.; Культурная революция в Якутии (1917-1937): Сб. док. и мат-ов. Якутск, 1968, - 330 с.
10. Культурные практики в идеологической перспективе: Россия. Начало XVIII-XX века. М., 1999, - 280 с.

11. Таукебаева Ш. Становление государственных учреждений Казахстана по образованию, культуре и науке (1917-1936 гг.): автореф. дисс. канд., А., 1999, - 30 с.
12. Табылдиев Х. Қазақстанда сауатсыздықты жою: тарихи тәжірибе және тағылым: автореф. дисс.докт. А., 1997, - 28 б.
13. Ахметов Қ.Ә. XX ғ. 20-30 жж. Қазақстан мәдениеті («Мәдени революцияның концепциясы, идеологиясы, жүзеге асырылуы»), А., 2002, - 145б.
14. Омарбеков Т. XX ғасырдағы Қазақстан тарихының өзекті мәселелері. А., 2001, - 86 б.
15. Әбжанов Х.М., Әлпейісов Ә. Қазақ интеллигенциясы мен мәдениеті туралы. А., 1992, - 127 б.
16. Елмурзаева Р. Жизнь и деятельность Смагула Садвакасова: автор. дисс. канд. А., 1997, - 27 б.

FEATURES OF SHOWING A CARTOON TO PRESCHOOLERS

Khassanova A. Zh.

teacher, Ural Humanitarian College

(Uralsk, Kazakhstan) E-mail: aida.zhanturina@mail.ru

A few years ago, the main activities of preschool children were games, drawing, modeling and listening to fairy tales. Of course, the children watched cartoons, in the evenings the obligatory "Good Night, kids", on weekends "Visiting a fairy tale". The average viewing time was 3-5 hours per week, i.e. 5% of free time, or the same 30 minutes per day that are officially allowed for preschoolers by the World Health Organization. A cartoon or a children's film was a long-awaited joy for a child, sometimes even a significant event.

Today, the situation has changed dramatically. One of the most popular activities is watching TV. According to sociologists, the time spent near the TV or computer is from 20 to 40% of the child's free time, and it is mainly devoted to watching modern cartoons. According to UNESCO, modern preschoolers 3-6 years old are engaged in watching TV and in particular cartoons on average 3-4 hours a day, about 25 hours a week. This is an order of magnitude greater than the time they spend communicating with their peers and adults. What are the reasons for these changes and what makes TV so attractive to a child? To begin with, it is necessary to note several serious changes of a socio-pedagogical nature. The primacy of mental development and educational activities displaces "frivolous" play activities from the lives of preschoolers. An increase in educational loads in preschool age entails the need for passive rest at the screen. Cartoons and programs for children are also increasingly educational in nature. Parents express their interest and consent to the fact that the child spent a useful time at the screen or just rested.

The huge increase in the popularity of video viewing on home DVD players, as well as online viewing, is due to the simplicity and accessibility of this activity for the vast majority of families. The shelves of shops and kiosks are filled with numerous collections of cartoons of all types and genres. According to the results of the review of sites, more than 10 thousand cartoons are posted on the Internet. This type of viewing gives you the freedom to choose both the cartoons themselves and the time and duration of their viewing. Children have the opportunity to watch the desired cartoon, movie or program at any time of the day. Parents, in turn, received the long-awaited and remote-controlled home "freedom" from the child.

Another reality of our time is the visit of preschoolers to cinemas equipped with modern sound and visual special effects, in order to watch full-length cartoons and films, lasting about 1.5 hours. According to our surveys, children begin to attend such events from the age of two, about 50% of children 3-6 years old do it on average once every two months. There is no evidence of serious research on the impact of such stimuli on the health of the child, his perception of film products and subsequent experiences. Parents take their children to the cinema, focusing on advertising, their ideas and the opinions of friends. Thus, the preschool child spends most of his free time at the screen. Oddly enough, the real salvation from the abundance of screen time is an ordinary kindergarten, where there are still no televisions and no dedicated viewing time. Conscientiousness and a reasonable home policy of parents in limiting screen time is a very effective way, but, alas, a rarer option for saving from the screen. Much has already been said and written about the dangers of TV and screen time. But along with the increase in TV time, the content of what preschool children watch has also changed dramatically.

The quality and content of most domestic film products for children in the twentieth century met the highest requirements of critics and did not cause questions and doubts among adults. The plots of films and cartoons were kind and humane, contained material adequate to the age and understanding of the child, which could be easily transferred to the plots of children's games, and the characters could become a worthy role model. The artistic performance and musical accompaniment are still admired. In 1991, the Internet

community published the words of Pope John Paul II (pronounced back in the 50s), who strongly recommended watching Soviet cartoons, because " they bring good and bring up in the child sympathy, care for others."

However, the golden age of Soviet animation, unfortunately, has ended. Modern domestic animation studios practically do not produce new cartoons for children. There are several reasons for this, and they are mainly economic – complete non-compliance of equipment with modern requirements, meager funding, the collapse of the staff, etc. In addition, in the current market conditions, we are unlikely to get high-quality media products of the necessary time duration. To shoot 10-20-minute cartoons is absolutely unprofitable, they do not pay off at the box office. Individual Russian projects deserve the encouragement and attention of consumers, but their number is not comparable to Western cartoon empires. So in the near future, our preschoolers are unlikely to see modern high-quality domestic cartoons.

What do popular Western cartoons, mostly American and Japanese, carry today? What do our children watch and what heroes do they want to emulate? Modern film products, first of all, must meet the main economic criteria – the success of the rental and profit. This is the first answer to the question – why such a large number of full-length or multi-part cartoons are being filmed. Here is also the answer to the question – why the average viewing time and the time spent by the child at the screen have increased so much. Only the "full meter" ensures the financial payback of the cartoon. The next financial moment is the payback of the premiere. The main profit of the cartoon should bring in the first two weeks of rental. Its further fate is only an additional item of income. Therefore, such a product should be "superextraneous", striking the imagination and emotions. Viewers get a one-time entertaining and exciting portion of experiences and often forget the content and meaning of what is happening after 2-3 hours. Next, a new portion is expected. A one-day masterpiece is not focused on development, it is designed to impress and entertain here and now.

Manufacturers are focused mainly on the one-time mass effect that brings fees, and the subsequent merchandising. Most "hyped" cartoons are accompanied by the appearance on the market of fashionable "fetishes" (figures heroes, cartoon attributes) that are designed to give life to the film, but often their life is very short-lived, as they do not have proper content.

The next criterion is the complete immersion of the viewer in the atmosphere of events on the screen – he should inhale, exhale and ...be surprised.

List of references:

1. Derecha V. A. Psychology of addictions. Textbook for universities. - M.: Yurayt. 2019. 160 p.
2. Druzhinin V. N. Experimental psychology. Textbook for bachelor's, specialist's and Master's degrees. - Moscow: Yurayt. 2019. 386 p.
3. Ermolaev-Tomin O. Yu. Mathematical methods in psychology. Textbook for academic undergraduate studies. In 2 parts. Part 1. - Moscow: Yurayt. 2019. 280 p.
4. Eromasova A. A. General psychology. Methods of active learning. Textbook for universities. - M.: Yurayt. 2019. 182 p.
5. Konstantinov V. V. Methodological foundations of psychology. Textbook for academic baccalaureate. - M.: Yurayt. 2019. 200 p.

ҚАЗАҚСТАН ҮШІН МӘДЕНИЕТ ПЕН ӨНЕР МАМАНДАРЫН ДАЙЫНДАУДАҒЫ ОДАҚТАС РЕСПУБЛИКАЛАРДЫҢ РӨЛІ (1930-1940-жылдар)

Ф.Т. Жақан¹, Р.К. Танирбергенова²

¹Шет тілдер және іскерлік карьера университеті, ИСТ 19-04-01

*²Шет тілдер және іскерлік карьера университеті, Тарих және халықаралық қатынастар
кафедрасының аға оқытушысы
(Алматы қ., Қазақстан) E-mail: t.raziya75@mail.ru*

Аңдатпа: Мақалада Республикамыз үшін мәдениет пен өнер мамандарын даярлаудағы одақтас республикалардың рөлі мен республикадан тыс жерлерде ұлттық кадрларды даярлау үрдісі қарастырылған.

Түйін сөздер: тарих, комитет, Халық Комиссарлар Кеңесі, композиторлар, хормейстерлер.

XX ғасырдың 20-30 жылдарында республиканың халық шаруашылығы мен мәдениеті үшін мамандар даярлауда одақтас республикалар маңызды роль атқарды. Одақтас республикалардың Қазақстан үшін мәдениет пен өнер мамандарын даярлаудағы көмегі негізінен екі жолмен жүзеге асырылды. Біріншісі, білікті мамандарды Қазақстанға жіберу және олардың ұлт зиялыларын

калыптастыру ісіне тікелей араласуы болса, екіншісі қазақстандық жастарды орталықтағы қалаларға жіберіп оқытып алу еді.

1933 жылы 8 қыркүйекте БК(б)П Қазақ өлкелік комитеті «Ұлттық өнерді дамыту жөніндегі шаралар туралы» қаулысын қабылдаған болатын. Аталмыш қаулы негізінде ұлттық музыка өнерін дамытудың маңызды мәселелері қарастырылып, 70-ке жуық қазақ жігіттері мен қыздары Мәскеу мен Ленинградтағы жоғары музыкалық және театр оқу орындары жанынан арнайы ұйымдастырылған студияларға оқуға жіберілді. Сондай-ақ, республикамызға да одақтас республикалардан өнер мен мәдениеттің көрнекті өкілдері көптеп келіп, өнер оқу орындарының жұмысы жандана түсті. Атап айтсақ, 30-жылдары Мәскеу, Ленинград, Киев, Харьков және басқа да қалалардан 23 көркемөнер ұжымы Қазақстанға келген екен (Тастанов; 1975; 83-85 б.). Олардың ішінде В.П.Марецкая, К.А.Мордвинов, Г.С.Уланова, Ю.Завадский сияқты аса көрнекті сахна қайраткерлері, композиторлар С.С.Прокофьев, С.Тулзов, суретшілер С.Куприянов, П.Крылов, Н.Соколов және басқалары дарынды қазақ жастарын тәрбиелеу ісіне көп үлес қосты. Айталық, Ленинград консерваториясын аяқтаған Е.Г.Брусиловский 1933 жылдан Қазақстанда Алматы музыка училищесінде, одан кейін Алматы Мемлекеттік консерваториясында ашылған күннен 1970 жылға дейін ұстаздық етті (шәкірттері: Б.Байқадамов, Е.Рахмадиев, Қ.Қожамяров т.б.). Москва музыкалық училищесінің түлегі, 1923-1933 жылдары Неаполь, Флоренция, Париж, Мадрид, Нью-Йорк қалаларында ән салған А.М.Курганов 1944 жылдан Алматы консерваториясында ұстаздық етіп, Е.Серкебаев, Р.Жаманова тәрізді шәкірттер даярлады. Татарстанда туып, Москваның бірнеше музыкалық оқу орындарында білім алған Л.Хамиди 1942 жылдан П.И.Чайковский атындағы Алматы музыка училищесінде, 1944 жылдан Алматы мемлекеттік консерваториясында ұстаздық қызмет атқарды.

Қазақстанға репрессиялық қысыммен келгендерде аз емес еді. Мысалы, Қазақстанның хореография өнері үшін ерен еңбек жасаған А.В.Селезнев 1937 жылы Алматыға қоныс аударып Алматы хореография училищесінің жұмысын бастап, ол жерден С.Көшербаева, З.Райбаев, Р.Тәжиева сынды шәкірттерді даярлап шығарған болатын (Жаманбаев; 1985; 45 б.).

Енді республикадан тыс жерлерде оқыған қазақстандықтар мәселесіне көшейік.

1920-1934 жылдар аралығында ұлттық республикалардың өкілдері үшін еліміздің орталық қалаларында арнайы оқу орындарына қабылдаудың ерекше броньдық жүйесі өмір сүрді. Жүйе бойынша оқу орындары ұлттық республика өкілдері үшін тек арнайы орындар бөлумен ғана шектелмей, оның сыртында олар үшін белгілі бір жеңілдіктер сақталынды. Мәселен, аяқталған толық жалпы орта білімсіз-ақ олардың жоғары оқу орындарына түсуіне мүмкіндік берілді. Осы жылдардағы Ресей Федерациясы мен басқа да одақтас республикалардың оқу орындарында білім алушы қазақстандық студенттер саны туралы мәліметтерді төмендегі кестеден көруімізге болады:

1-кесте

30-жылдары Одақтас республикалардың жоғары және арнайы орта оқу орындарында білім алушы қазақстандық студенттер саны

Оқу жылы	Студент саны	Оқу жылы	Студент саны
1929/1930	3 188	1932/1933	4 330
1930/1931	3 893	1933/1934	3 232
1931/1932	4 460	1934/1935	4 825

1934/1935 оқу жылында Қазақстаннан тыс жерлерде оқыған 4 825 қазақстандық студенттер ішінде 1 235 қазақ жастары болыпты. Олардың арасында 1 500 адам Мәскеуде, 1 109 адам Ташкентте, 500 адам Ленинградта, 380 адам Саратовта, ал 140 студент Астраханьда оқыған екен (Культурное; 1985; 45 б.).

30-жылдардың басында республикамыз үшін зиялы қауым өкілдерін даярлауда шефтік көмектің маңызы ерекше болды. Оның айқын дәлелі 1933 жылы С.М.Кировтың бастамасымен жасалынған келісімге сәйкес Ленинград жұмысшылары мен зиялыларының Қазақстанға көмегі. Келісім негізінде Ленинград жоғары және арнайы орта оқу орындары шефтік көмек берумен шектелмей (1933 жылдың қазанынан 1935 жылдың қыркүйегі аралығында Ленинградтан Қазақстанға 245 маман жұмысқа жіберілді), Ленинград оқу орындарында қазақ жастарынан инженер-техник кадрлар мен мәдени ағарту қызметкерлерін даярлауға міндеттеме алды. Осы жылдары Қазақстан үшін өнер және мәдени ағарту қызметкерлерін даярлауда Ленинград оқу орындары маңызды роль атқарды. Оқу орындары өз іштерінен қазақ жастары үшін ұлттық студиялар ашты.

Бұл жолдағы алғашқы қадам 1934 жылы Ленинград Кеңесінің Ленинград мемлекеттік сахна өнері техникумы жанынан Қазақ мемлекеттік театры үшін мамандар даярлайтын қазақ бөлімін ашу туралы ұсыныс болды. 1934 жылы 7 ақпанда Қазақ АКСР Халық Комиссарлар Кеңесі бұл ұсынысты қабылдап, оны жүзеге асыру үшін «Ленинград Мемлекеттік сахна өнері техникумы жанынан Қазақ драма бөлімін ашу туралы» қаулы шығарып, онда мәселені шешу жолындағы жүргізілетін шараларды атап көрсетті (История; 1971: с. 162). Осы жылы бөлімге алғашқы 21 қазақстандық жастар оқуға қабылданған болатын.

Республика үшін өнер мамандарын даярлайтын келесі бір оқу орны – Ленинград театр училищесі (кейін Орталық театр училищесі) болды. 1934 жылдың 23 қаңтарындағы Келісімге сәйкес Қазақстан АКСР-і Өнер Істері Комитеті бөлген қаржы есебінен училищеді қазақ театр шеберханасы құрылып (Тастанов; 1975; 83-85 б.), алғашқы 25 қазақстандық студент оқуға қабылданды. Осы жылы Ленинград хореография училищесі де өзіне 13 қазақстандық жастарды оқуға қабылдаған.

Мәселеге қатысты деректерді сараптау барысында оқу орындарында келеңсіз құбылыстардың да жиі кездесетіндігін байқаймыз. Соның бірі республика үкіметі тарапынан қазақ студия, шеберханалары үшін қажетті қаражаттың уақытында әрі қажетті мөлшерде бөлінбеуі еді. Соған байланысты қазақ студенттерінің материалдық жағдайының нашарлығын, олардың қысқы киімсіз жүргендігін, Өнер Істері Комитетінің салғырттығынан оқу бағдарламасына қажет қаражаттың уақытында бөлінбеуі салдарынан оқу үрдісінің бұзылғанын, студенттердің өндірістік тәжірибесінің дұрыс жүргізілмегенін т.б. кемшіліктерді ескертіп, Қазақ АКСР БК(б)П Өлкелік Комитетіне жолдаған Ленинград театр училищесінің шағым хаттары да жиі ұшырасады (Жаманбаев; 1985; 45 б.).

Осы сипаттағы шағым хаттарды тек оқу орындарының әкімшілігі тарапынан ғана емес, ондағы білім алушы қазақ студенттері атынан да кездестіруге болады. Соның бірі 1936 жылы КСРО Халық Комиссарлар Кеңесінің Өнер Істері Комитетіне жолдаған Ленинград театр училищесі жанындағы қазақ шеберханасы студенттерінің шағым хаты. Онда олар өз жағдайларының ауыр халін, студенттердің ашығып, көпшілігінің туберкулез, ревматизм сияқты ауруларға шалдыққанын, оқуларын жалғастырудың үмкін еместігін, сол себепті оқудан бас тартатындықтарын (Культурное; 1985; 45б.) мәлімдейді. Мұндай кемшіліктер Ленинград балет техникумында да орын алды (История; 1971: 162 б.). Еліміз үшін мәдениет пен өнер мамандарын даярлауға ат салысқан Ленинград оқу орындары ішінен жоғарыда аталғандардан басқа Ленинград Мемлекеттік хореография училищесі, Ленинград музыка училищесі және Ленинград консерваториясын атауымызға болады.

1940-1941 оқу жылында одақ бойынша жоғары өнер және кинематография оқу орындарының саны 30-ға жетсе, Қазақстанда бұл сала бойынша жоғары оқу орны мүлдем жоқ болатын (республикадағы өнер мамандарын даярлайтын тұңғыш жоғары оқу орны – Алматы Мемлекеттік консерваториясының 1944 жылы құрылғаны белгілі – С.Б.). Сол себепті республикамыз үшін жоғары білімді өнер мамандарына сұраныс 30-40 жылдары өте жоғары болды. Мәселен, 1938 жылдың статистикалық көрсеткіштеріне жүгінсек, жоғары білімді 97 өнер маманына сұраныс болған. Олардың ішінде режиссерлар – 15 адам, суретшілер – 10 адам, режиссер-педагогтар – 8 адам, балетмейстер – 5 адам, т.б болатын (Тастанов; 1975; 83-85 б.). Мұндай сұранысты қанағаттандырудың негізгі көзі тағы да одақтас республикалар көмегі болды. Солардың бірі – Мәскеу Мемлекеттік консерваториясы. Жоғары білімді қазақ өнер мамандарын даярлауда Мәскеу Мемлекеттік консерваториясының ролі зор. Сондай-ақ, консерватория өнер мамандарын даярлаумен ғана шектелмей, кейін елімізде музыка училищесі, Мемлекеттік консерватория мен Ұлттық театрлардың ашылып, олардың алғашқы қалыптасу жылдарында да белсенді роль атқарды. 1936 жылы консерватория ішінен әнші, композиторлар даярлайтын Қазақ ұлттық опера студиясы құрылды. Студия әншілер, композиторлар және хормейстерлер даярлайтын үш бөлімнен тұрып, онда оқу мерзімі 5 жыл болып белгіленді. Оқуға 17 мен 25 жас аралығындағы қазақ жастары қабылданды. Студия жұмысына Қазақ АКСР Халық Комиссарлар Кеңесі жанындағы Өнер Істері Басқармасы тікелей бақылау жасап, студияға жіберілетін қазақ жастарын арнайы сынақтан өткізген (Культурное; 1985; 47 б.).

Республиканың Өнер Істері комитеті Мәскеу мемлекеттік консерваториясының қазақ бөліміне қабылданушы студенттерді іріктеу мақсатымен қабылдау сынақтарын жүргізу үшін арнайы тексеру комиссиясын шақырды. Мұндай тексеруден өткен 20 қазақ жастарының бір тобы 1936 жылы 28 тамызда Мәскеуге аттанды. Олардың ішінде кейін есімдері елімізге әйгілі болған әнші-композиторлар: музыка техникумының 2-курс студенті 20 жасар Ришат Абдуллин, 6 кластық қана білімі бар 23 жасар Мұқан Төлебаев, Медицина институтының 1 курс студенті 27 жастағы Рамазан Елебаев бар болатын [4]. 1939 жылы 7 мамырдағы студия жұмысының жылдық есебіндегі мәліметтеріне сүйенсек, осы жылы студияда 45 қазақ жастарының білім алғанын көреміз. Олардың 34-і

ән мамандығы, 6-ауы композитор, 2-еуі теория, 3-еуі хор-дирижер мамандықтары бойынша бөлінген екен (Тастанов; 1975; 83-85 б.).

Деректер консерватория әкімшілігінің қазақ студиясы жастарының даярлықтарына, материалдық жағдайлары мен студия бітірушілердің білім деңгейлері мен кәсіби даярлықтарына барынша көңіл бөліп, жанашырлық танытқанын көрсетеді (Культурное; 1985; 47 б.). Осы сипаттағы хаттар өте жиі кездеседі. Мұны консерватория әкімшілігінің студия студенттеріне, өз шәкірттеріне деген қамқорлығы, үкімет алдындағы жауапкершілігі деп білу керек. Кейіннен осы студияны бітірген М.Төлебаев, Р.Елебаев, Ш.Бейсекова, Р.Абдуллин, Ш.Қажығалиев, Ғ.Жұбанова, А.Базанов, Т.Османов, Б.Досымжанов, Н.Тілендиев т.б. республикамыздың майталман өнер шеберлеріне айналды.

Мәселеге қатысты деректерді саралау барысында бір байқағанымыз қазақ студенттерінің сабақ үлгерімі туралы мәліметтер беретін деректердің көптеп ұшырасуы. Соның бірі, Өнер институтының директоры Фурманованың 1937 жылдың 21 шілдесінде Қазақ КСР Өнер Істері Комитетіне жолдаған хаты. Хатта институт директоры жоғарыда аталған Қазақ студияларының оқу үлгерімі жағынан институт ішіндегі басқа ұлттық студиялар арасында 4,5 баллмен бірінші орында тұрғаны айтылады [История; 1971: 162 б.].

Қазақ театр мамандарының білімін жетілдіру мақсатында Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің жарлығымен Өнер институтының қазақ театр студиясына Алматы театр училищесінің 4-курс студенттері оқуға жіберіледі. Осыған байланысты, мұрағат қорларынан табылған Мәскеу және Ленинград өнер оқу орындарының 1937 жылғы есептеріне сүйеніп, ондағы қазақстандық студенттер саны туралы төмендегідей мәліметтерді беруге болады (Тастанов; 1975; 83-85 б.).

2-кесте

Мәскеу мен Ленинградтың Өнер оқу орындарында білім алушы қазақстандық студенттер саны (1937 ж.)

№	Оқу орны атауы	Студент саны	Студент саны
1	Мәскеу консерваториясы	15	15
2	Балет техникумы	3	3
3	Опера студиясы	18	18
4	Драма студия	27	27
5	Режиссерлік	6	6
6	Суретшілер білімін жетілдіру институты	1	1
7	Ленинград Мемлекеттік Театр училищесі	21	21
8	Ленинград Хореография училищесі	7	7
9	Ленинград музыка училищесі	1	1

Соғыс жылдарында кәсіби мамандардың атсалысуымен мәдениет пен өнер оқу орындарында үздік шығармалардың қатары одан әрі көбейе түсті. Осы жылдары «кино өнерінде картиналарды өте аз жасау керек, бірақ олар бірден «асыл қазына» қатарына кіруі керек, сондықтан әрбір фильмде қазіргі заманның барлық тұстары және аса маңызды проблемалары міндетті түрде көрсетілуі тиіс» деген нұсқау болды. 1941 жылы 15 қарашада Мәскеуден көшіп келген Ленин орденді «Мосфильм» киностудиясының, Ленинградтың Ленин орденді «Ленфильм» киностудиясының және Алматы киностудиясы негізінде Біріккен орталық көркем фильмдер киностудиясы (БОКС) ұйымдастырылды. Оның жұмысына С.Эйзенштейн, Л.Трауберг, С.Юткевич, Ф.Эрмлер, Н.Черкасов, М.Жаров, Л.Орлова сияқты кеңестік кино өнерінің аса көрнекті шеберлері араласты. Біріккен орталық көркем фильмдер киностудиясында актерлік шеберлік туралы сабақтар өткізіліп, қазақтың төрт жылдық киноактерлік мектебі ұйымдастырылған еді.

Бұл кезде Алматы қаласында жұмыс істеген Бүкілодақтық мемлекеттік кинематография институты ұлттық кадрлар даярлауға кірісті. «Кеңестік қазақ өнерінің көптеген озық шеберлері – Серке Қожамқұлов, Қалибек Қуанышбаев, Елубай Өмірзақов, Шәкен Айманов мәңгі есте қаларлық тұлғалар», - деп жазды кейін еңбек сіңірген өнер қайраткері Г.Рошаль. Олар әдеттен тыс дарын иелері және шығыс мектебінің өзіне жақын шеберлері ретінде Эйзенштейнді қатты қызықтырды. Орталық киностудия шеберлерімен бірге М.Әуезов, Ғ.Мүсірепов және Ә.Тәжібаевтың қатысуымен «8-гвардия», «Абай әндері», «Жауынгер баласы», «Қазақ киноконцерті – майданға», «Саған, майдан» фильмдері түсіріліп, қазақ киносының дамуындағы елеулі белеске айналды. Сонымен қатар, «Екі

жауынгер», «Партизандар», «Аупартком секретары», «Украина даласында», «Григорий Котовский» кинокартиналары кеңес халқының шетелдік басқыншыларға қарсы қаһармандық күресін бейнеледі. Киностудия күшімен екі жыл ішінде 23 толық метражды фильм экранға жолдама алды. Белгілі кеңестік кино шеберлері Қазақстан тақырыбына арнап «Алып туралы жыр», «Ақ раушан», «Домбыра сазы» т.б. фильмдерді түсірді. Осындай табыстарға қол жеткізе отырып, көркем фильмдердің орталық біріккен киностудиясы қатарынан екі рет Мемлекеттік Қорғаныс Комитетінің ауыспалы Қызыл Туын жеңіп алды (История; 1971: 162 б.).

Республикамыз үшін мәдениет пен өнер мамандарын даярлаудағы одақтас республикалардың ролі мен республикадан тыс жерлерде ұлттық кадрларды даярлау үрдісіне талдау жасай келе мынадай тұжырымдар жасауға болады:

1) 1920-1930-жылдары республика халық шаруашылығы мен мәдениеті үшін мамандар даярлау негізінен одақтас республикалардың жоғары және арнайы орта оқу орындарында жүзеге асырылды. Оған республикадағы санаулы өнер оқу орындарының кәсіби мамандарға сұранысты қанағаттандырмауы себеп болды. Статистикалық көрсеткіштер бойынша 1928/1929 оқу жылында одақ бойынша 146 жоғары оқу орны болса, Қазақстандағы жоғары оқу орындарының саны тек біреу ғана, тек Қазақ педагогика институты болған екен. Ал арнайы орта оқу орындарының жалпы саны одақ бойынша 1037-ні көрсетсе, Қазақ АКСР-де мұның тек 24-і ғана болған.

2) Еліміздің халық шаруашылығы мен мәдениеті үшін өнер мамандарын даярлайтын орталықтар негізінен РСФСР-дің ірі қалалары, Украина және Өзбекстан болды. Бұлардың ішінде Мәскеу мен Ленинград өнер оқу орындарының алатын орны ерекше. Оларда қазақстандық студенттер оқу орындары ішінен құрылған қазақ студия, шеберханаларында білім алды.

3) Одақтас республикаларда білім алған қазақстандықтардың көпшілігі кейін еліміздің көрнекті мәдениет және өнер қайраткерлеріне айналды.

4) Сол жылдары республикадан тыс жерлерде оқыған қазақстандық жастарға республика үкіметі тарапынан жасалған орасан зор қамқорлықты жоққа шығармай, оның өз деңгейінде жасалмауы себепті орын алған олқылықтарды да атап өткен жөн.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

Тастанов Ш. Советский опыт формирования и развития интеллигенции ранее отсталых народов. – Алма-Ата: Қазақстан, 1975, 83-84-с.

Жаманбаев К.Ж. Подготовка специалистов для Казахстана в ВУЗ-ах РСФСР (1921 -1932гг). В кн. Осуществление ленинских идей дружбы народов и пролетар. интернац-ма в Казахстане. – Алма-Ата, 1985, 45-с.

Культурное строительство в Казахстане. 1933 июнь 1941 гг. Сборник документов и материалов. – Алма-Ата: Қазақстан, Т-2, 1985, 115-с.

История казахской литературы: в 3-х томах. Казахская советская литература. – Алма-Ата, 1971, т-3, 162.

АЛТЫН ОРДАНЫҢ БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІ

З.С. Токбергенова¹, Л. Муханбекқызы²

¹ тарих ғылымдарының кандидаты, доцент

М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті

²тарих мамандығының магистранты *М.Х.Дулати ат. Тараз өңірлік университеті*

(Тараз қ., Қазақстан) E-mail: zagira_t@mail.ru

Моңғол мемлекеттері, шын мәнінде толық тәуелсіз, заңды түрде Шыңғыс хан империясының біртұтас феодалдық бөліктері деп танылды. В.Владимирцовтың сөзіне қарағанда: «Шыңғыс хан ұрпақтарының оның ұлысына, яғни, халыққа-мемлекетке билігі, кеңесте (құрылтайда) барлық туыстары сайлаған туыстарының бірі император, хан болып, бүкіл империяны басқарауынан көрінеді; рудың басқа мүшелері, негізінен үлес-ұлысты мұрагер ретінде иелену үшін құқығы бар оның ер-азамат ұрпақтары ханзадалар деп мойындалады...» (Владимирцов, 1934:99).

Шыңғыс әулетінің ханзадалары, әскери атақтылардың белсенді қатысуымен үш жыл үзілістен кейін Төленің ұлы Мөңкені ұлы хан етіп таңдаған 1251жылғы құрылтай өте үлгілі болды. Бұл сайлаудың жағдайы, кандидат үшін Шыңғыс әулетінің өз ішіндегі күрес, ханзадалардың ұлыстан ұлысқа сапарлары, арнайы хабаршылардың сәлемдемелері, жасырын әрекеттер – осылардың бәрі мұнда анық және типтілік болғаны соншалықты, ол моңғол империясында және оның жеке бөліктері-ұлыстарында өткен үлкенді-кішілі құрылтайлардың классикалық үлгісі бола алды.

Күйік қайтыс болғаннан кейін Моңғол империясының ұлы қаған тағына ата жолын қуса да, жасын сыйласа да, еліне еткен еңбегін бағаласа да, ұлы қаған тағына отыратын ендігі жол Батудікі еді. Бірақ көреген Бату мұндай тәуекелділікке бармай, Төле ұрпағын қолдауға бел буды. «Олай істеуінің өзіндік себебі бар, – деп жазады моңғол авторлары – Жошы ұрпағы қаған тағына ие болуға еш қарсы емес еді, бірақ Шыңғыстың «өз әулетінің» арасында жаттан туған делініп шеттетіліп келгендіктен, хан әулетінен қолдау таппай қалуымыз мүмкін дегенді сезіп, өздерімен бір тарапта болған Төле ұрпағын қолдауға бел буды деген еді (Қинаятұлы, 2004:46)]. Сондай-ақ, Джужжани мәліметі бойынша жаңа қағанды сайлау жөніндегі ұсынысқа байланысты Бату былайша жауап қайтарған: «Мен және менің бауырым Беркеге бұл аймақтағы (яғни Дешті Қыпшақтағы) көптеген мемлекеттер мен иеліктер тиесілі, сондықтан бұл аймақтармен қоса, Қытай (Чин), Түркістан және Иран (Аджам) аймақтарын бір орталықтан басқару мүмкін емес» (Сборник материалов, 2006:49).

Рашид-ад-дин Мөңке ханды сайлау қалай өткені туралы толығырақ айтып береді. Жошы мен Төлеудің екі әулеті, Үгедей мен Шағатайдың екі әулетіне қарсы бірікті. Төлудің ұлы Мөңкені бүкілмоңғолдық таққа өткізгісі келген Батый хан негізгі және ең белсенді рөлді атқарды. Бұл мәселе бойынша оның көмекшісі Моңғолияға барған сапарында Мөңкеге үлкен қызмет көрсеткен бауыры Берке болды. Алғашында Бату құрылтайды Дешті-Қыпшақта, яғни Жошылықтардың иелігінде шақырғысы келді, бірақ бұл болмай қалды. Үгедей мен Шағатайдың әулетінен шыққан ханзадалар құрылтайды бұрыннан Шыңғыс ханның ордасы орналасқан дәстүрлі орнында, Керулен өзенінің жағасында шақыруды талап етті. Ханзадалардан бөлек, өз жасақтарының басында тұрған ықпалды түмендер мен мыңбасылар тартылған ұзақ дау-дамайдан кейін, олар сол Мөңкені таққа отырғызған астанасы Қаракорымда құрылтай шақыру туралы шешім қабылдады. Бұл актінің саяси маңызы туралы жоғарыда талқыланды. Жалпымоңғолдық сипаттағы құрылтай сияқты, ханзадалардың да, ұлыстағы атақты адамдардың да құрылтайы жиналуы керек еді. Бастапқыда үлкен ұлыстарды басқарған «ханзадалар» ұлы ханға бағынышты болды. Алайда, 1259 жылы қайтыс болған Мөңкеден кейін, барлық ұлыстар үшін міндетті болып табылатын жалпымоңғолдық құрылтайлар болған жоқ. Империяның бірлігінің әлсіреуінің алғашқы белгілері – В.В. Бартольдтың сөзіне қарағанда, – өз иелігін тым тәуелсіз басқарған Жошыға қарсы соғысқа баруға жиналған Шыңғыс ханның тірі кезінде-ақ көрінді» (Бартольд, 1927:87). XIII ғасырдың 60-жылдарына қарай Моңғол империясының бірлігінен ештеңе қалған жоқ. Алтын Орда, Хулагидтердің Иран мемлекеті, Шағатай мемлекеті ұлы хандармен тіпті ештеңемен де келіспей-ақ ерікті, тәуелсіз өз саясатын жүргізді.

Армян тарихшысы Вардан да құрылтай туралы қызықты әңгімелейді. «Бұл мереке күндері, – деп жазады Вардан, – оларда Құрылтай деп аталды, яғни жиналыстардың мерекелері, бір айға созылды. Осы уақыт ішінде басқа хандар, Шыңғыс ханның туыстары, жаңа киім киіп қажетті барлық нәрсе туралы кеңесу үшін өздерінің билеушісіне келеді. Күн сайын олар басқа түсті көйлек киген. Осы күні сол жерге үлкен сыйлықтармен және сияпаттармен оларға бағынышты хандар мен сұлтандар келеді» (Патканов, 1873:16).

Құрылтайға әйелдер де қатысып, оның жұмысына белсенді араласты. Хулагид хандарының таққа сайлануы туралы айта отырып, Рашид-ад-дин ханзадалар мен әскери басшылардан басқа тағы әйелдер де қатысқан сайлауды құрылтай өткізгенін атап көрсетеді. Осылайша кем дегенде Арғын (1284-1291), Кейхату (1291-1295) және Қазан хан (1295-1304) сайланды.

Рашид-ад-дин Арғын ханды Шур өзені жағасындағы Жүзағаш аймағында тек ханзадалар, әмірлер ғана емес, сонымен бірге әйелдер де қатысқан құрылтайда сайлағанын әңгімелейді (Греков, 1950:125). Сол автордың айтуы бойынша Кейхату хан 23. YII. 1291 Ахлат маңындағы елді мекенде тек ханзадалар, әмірлер ғана емес, сондай-ақ әйелдер де қатысқан құрылтайда таңдап алынды Ақырында, сонымен қатар ханзадалар, әмірлер мен әйелдердің қатысуымен Аррандық Қарабақта атақты Қазан хан да 3. XI. 1295 сайланды (Греков, 1950:126).

Сонымен қатар, Моңғолияның басқа да мемлекеттеріндегі, әсіресе Моңғолияның өзіндегі сияқты, түмендерден кейінгі командалық лауазымдар, атап айтқанда мыңбасылар, жүзбасылар нояндар мен бектердің қолында болды. Араб, армян парсы жазбаларында осындай ноян немесе бек мыңбасы болды деген нұсқау кездеседі, жоғарыда айтылғандарды еске түсіре отырып, көшпелі феодалдық моңғол-қыпшақ қоғамы жағдайында «мыңбасы» және «жүзбасы» әскери атақтары мен «ноян» («бек») титулдарын бір-бірінен бөлуге болмайды.

Моңғол мемлекетінде, атап айтқанда, Алтын Ордада әскери бақауыл ерекше лауазымы болды. Жалайырлар әулетінен (1336-1411) сұлтан Уайыс (1356-1374) үшін Мұхаммед ибн-Хиндушах Нахичеванидің құрастырған «Дәстүр әл-Катиб» атты қызықты құжаттарында бақауыл лауазымы туралы келесі мәліметтер бар. Бақауыл міндетіне әскерлерді бөлу, жасақтарды аттандыру, ұлы диванға негізделген әскери құрамасын тарату, моңғол әдет-ғұрыптары бойынша пайдаларды дұрыс

бөлу, әскерде орын алуы мүмкін қорлау мен әділетсіздіктерді болдырмау кіреді. Өмірлер, түмендер және мыңбасылар – бұл аймақта бақауылға бағынуы керек. Бақауылдар елеулі артықшылықтарға ие болды.

Моңғолдың басқа да ұлыстары сияқты Алтын Орда, өзінің орталық және аймақтық билігін моңғол әдет-ғұрыптары мен жеңімпаз елдің әкімшілік тәжірибелерімен үйлестіріп құрды. Алтын Орданың тарихы бойынша дереккөздерде басқарушылық азаматтық биліктің тарауындағы қосымшада «уәзір» термині кездеседі. Алайда, бұл ескертулер басқа әкімшілік терминдермен салыстырғанда өте жиі кездеспейді. «Уәзір» термині арабтың да, парсының да дереккөздерінде кездеседі. Ибн Абд-әз-Захирде Берке ханның Еділ өзенінің жағасында орналасқан өзінің ордасында сұлтан Бейбарыстың елшілерін қабылдағаны туралы жазбасы бар. Берке хан ақ киіз және жібек маталармен жабылған үлкен шатырда отырды. Шатырға 100-ден кем емес адам сиятын еді. Шатырдың «қабырғасында» 50 немесе 60 әмір отыратын орындықтар болды. Хан тақта отырды, жанында оның әйелі болды. Сұлтанның хатын Берке хан уәзірге оқуға нұсқау берді (Тизенгаузен, 1941:64). Берке ханның алтынордалық уәзірі туралы Әл-Мефаддаль да айтады, ол тіпті оның атын да Шереш-ад-дин ал-Казвини деп атап, ол араб және түрік тілдерінде жақсы сөйлейді деп көрсеткен (Тизенгаузен, 1941:192).

«Уәзірмен» қатар, билеуші мағынасында «найыб» қызметі кездеседі; осылайша Хорезм билеушісі атақты Құтылық-Темір Хорезм найыбы деп аталды» (Тизенгаузен, 1941:325). Ол туралы Тоғрылшының ұлы Өзбекті Тоқты хан қайтыс болғаннан кейін таққа отырғызғанын әңгімелей отырып, сол мағынада «наиб» термині Құтылық-Темір мен Ибн-Халдунға қолданылды (Тизенгаузен, 1941:385). Шамасы, найыб термині уәзірдің көмекшісіне де қолданылды.

Моңғол мемлекеттерінде, соның ішінде Алтын Ордада екі жоғарғы әкімшілік лауазым жақсы танымал: «даруға» және «басқақ» деп аталады. И.Березиннің сөзіне қарағанда, екі термин бірдей нәрсені білдіреді. Аудармалардың екеуі де «басқыш» дегенді білдіреді (Греков, 1950:130). «Басқақ» және «даруға» терминдері бойынша әлі барлығы анық емес. Алтын Орданың өзінде «басқақ» термині қолданылмады, ал оның қызметін атқарған шенеунікті моңғол сөзімен «даруға» деп атады деп есептеген И.Березиндікі дұрыс болуы керек. Алымдар төлеген жеңілген елдерге келетін болсақ, онда қолданыста екі термин болды. Олай болса, орыс метрополитендерге жіберген жарлықтарда біресе «басқақтар» (Мөңке-Темір жарлығы), біресе «даруға» (Тулақ, Тайдұла және т.б. жарлықтары) кездеседі (Греков, 1950:130). «Басқақ» термині Кавказда да, атап айтқанда Армения мен Грузияда қолданыста болған. Стефан Орбелианнан мынадай жерлерді кесдестіруге болады: «Ұлы Хан біздің еліміздің бас билеушісін және қазыналық салықтың басшысы мен Ұлы Диванды тағайындаған Тифлисте өзінің сыбайластары Аргун, басқақ және уәзірмен бірге жиналып, ол өзі 703 [1254] жылы барлық татар иеліктерінде санақ жүргізді, ол [яғни шабарман] үлкен сый-сияпаттармен Смбагты жоюға және оның бүкіл мүлкін алып қоюға тырысты» (Патканов, 1873: 41). Стефан Орбелианның бұл сөздерінде «басқақ» терминінің өзін атап өтуі ғана емес, сонымен қатар басқарудың ең басты функцияларын өзіне үйлестіре отырып, басқақтың бір мезгілде уәзір болғанын көрсетуі өте құнды. Сонымен, «даруға» термині қазынаға түсетін барлық кірістердің жоғарғы бастығы мағынасында ең бастысы Алтын Ордада қолданылған. Алайда, деректерде даруғалар белгілі бір аймақтардың (Қырым, Кавказ, Булгар, Хорезм) басшыларына қандай қатынаста тұрғанына қатысты дәл дәлелдер сақталмады; олар барлық жағынан болмаса да, оларға бағынышты болды деп ойлау керек. Мұнда Алтын Орданың әлеуметтік-саяси тарихының көптеген басқа салалары сияқты, болашақта тынымсыз еңбек ету арқылы шешуге болатын екіұштылық бар. Дегенмен, кейбір салыстырмалы сирек кездесетін жағдайларда даруғаның қызметтері аймақтың билеушісінің өзіне берілді, бірақ сол кезде соңғысында даруға дәрежесі бар шенеуніктер болды. «Даруға» термині тек қазынаның пайдасына міндеткерліктерді жинайтын жоғарғы басшыларға ғана емес, сондай-ақ белгілі бір аудандарда, қалалар мен ауылдарда оның агенттері ретінде әрекет еткен көмекшілеріне де қатысты болды. Тура осы мағынада «даруға» туралы 857 х. жылғы (= 1453) Меңлі-Керейдің жарлығында айтылады. Жарлықта «даруғалар» Қырымдағы Қырық-жер жерінде аталады (Греков, 1950:131).

Даруғаға келсек, олардың міндеті «халық санағы, алымдар жинау және оны ордаға жеткізу» болып табылады. Шамасы, басқақтар тек қана Русьте тек әскери басшылар болды және олардың міндеттеріне алымдар, салықтар, міндеткерліктер және т.б. жинау қызметтері кірген жоқ.

Басқару жүйесінде маңызды орынды кеңсе алды. Мемлекеттің орталығында ханның дивандары болды; алайда, онда қанша адам болғанын дәл айтылмайды, сол сияқты олардың қашан енгізілген уақыты да белгісіз. Дивандарда бітікші (писарь) деп аталатын хатшылары болды. «Дәстүр әл-Катиб»-та қандайда бір адамды бітікші қызметіне тағайындау үшін жарлықтардың үлгілері келтірілген. Бұл үлгілерден моңғолдар тұсындағы (Хулагидтер мен Жалайридтер) Иранда осы лауазымның қадірлі,

құрметті саналғаны және жақсы төленгені көрінеді. Бітікшіні тағайындау туралы жарлықтарда ұлыс әмірлері, түмендер, мыңбасылар мен басқа да ірі азаматтық және әскери қызметтегі адамдар оған құрметпен қарауы және оған қажетті барлық нәрселерді төлеуі керек екені көрсетіледі. Бұл жерде әрине, ұлы диванның тұсында болған басты бітікші туралы айтылып тұр (Греков, 1950:132). Бас бітікшіден басқа тағы қатардағы дивандарда бітікші болған. Олардың қолында жиі және нақты басшылық болды. Барлық кіріс пен шығындарды басқаратын диван ең маңыздысы болды.

Бұл диванда ерекше тізім - дәптер деп аталатын белгілі бір аймақтар мен қалалардан түскен түсімдер тізімі болды. Кеңселер жекелеген аймақтарда да, сондай-ақ дәптерлер орналасқан жерлерде, басшылар мен даруғаларда болды. Соңғылары жаулап алған елдерде болды. XIII ғасырдың соңындағы армян тарихшысы Стивен Орбелян былай деп жазады: «Тифлиске барған ол (Арменияның атабегі Тарсаидж) патша диванынан ұлы Дәптерді өзіне алып келуді бұйырды және оны аяғына дейін оқып шықты: өйткені онда салық төлеуге міндетті армян монастырларының есімдері жазылған еді, ол өзіне бас диванның хатшысын шақыртып, ондағы жүз елуден астам монастырлардың атын алдын-ала сызып тастап, оған Дәптерді қайта жазуға берді. Осыдан кейін ол ескі Дәптерді өртеп, осылайша барлық шіркеулерді салықтан босатты» (Патканов, 1873:50-51). Бұл тәртіптер сол кезде Хулагидтерге бағынатын елдерге – Армения мен Грузияға тиесілі болса да, алайда олар моңғолдардың билігі бар барлық жерде ортақ болды деп есептеуге барлық негіз бар. Дәптер – халықтан түсетін табыстың қолданыстағы тізімі – ол ханның билеушісі болған және осы түскен табыстарға жауапты адам ретінде даруға жүрген әрбір аймақта бар болды.

Белгілі бір аймақтан, ал кейде бағынышты елден алынатын табыстар көбінесе саудагерлерге, ал кейде, ең алдымен, сауда компанияларына сатып алуға берілетін болуы керек. Саудагерлер сияқты, сауда компанияларының өзінің де көбісі негізінен мұсылмандардан тұратын, олардың ішінде хорезмиліктердің есімдері де кездесетін еді. Мұсылман, оның ішінде хорезмилік саудагерлерден елдің ішінде даруғалар да, жаулап алынған елдерде басқақтар мен даруғалар да жиі шығатын. Айта кету керек, қаншама зорлық-зомбылық, пара алу және кез-келген қудалау сатып алу жүйесімен байланысты болды. Сол уақыттағы жазбаларда олар туралы әңгімелер тола. XIII ғасырдың авторы, өздінің Отанындағы осы тәртіптердің куәгері, армян тарихшысы Киракостың «ханзадалар, аймақтардың билеушілері оларға [салық жинаушыларға] азаптау мен қорқытуға көмектесті, осылайша өздері пайда тапты» (Патканов, 1873:79), деп айтқан сөздері Алтын Ордаға да қатысты деуге болады. Әсіресе, сатып алу жүйесінде жер иеленушілерді қудалау туралы бірнеше рет айтқан Рашид ад-Диннен көптеген толығырақ мәліметтер табуға болады. Соңғы Қазан хан тарихына арналған бөлігінде, XIII ғасырдың аяғындағы Ирак-и Аджем мен Өзірбайжанда, тіпті моңғол билігі жағдайында, сатып алушылардың өрескел, теріс әрекетін және олармен байланысты мемлекеттік шенеуніктердің көрінісін әсем бейнелейді. Бұл аймақтарда хулагидтік хандар сату үшін өткізетін салықтар мен алымдарды құшыр және тамға түрінде жинады. Аймақтың билеушісінің өзі – әкім сатып алушы (откупщик) болды. Оның өзінің жинаушылары мен бітікшілері (писарь) болды, барлық шенеунік аппаратымен, кейде тіпті найыб пен тіпті уәзірге дейін байланыста және келісімде болды. Жинаушылар күштеп жылына 10 құшырға дейін, кейде халықтың сөз жоқ наразылығын тудыратындай одан да көп жинады. Бұл салықтар мен алымдар қазынаға өте аз мөлшерде жетті немесе мүлдем жеткен жоқ, себебі олар сатып алушы мен шенеуніктің қалтасына, сонымен қатар пара беру мен пара алу үшін кетті, осыншама сома шабармандарға қолдау көрсету үшін (Рашид ад-Дин, 1946:250), мұншасы жемшөпке және әртүрлі ресми адамдар мен әскери жасақтарға азық-түлікке кетті деп жазылымнан бас тартып отырды.

Алғашқы кезде қоғамның жоғарғы топтарының исламды қабылдағанға дейін және моңғол билігін мұсылмандандырығанға дейін, сот тәртіптері моңғолдардың өздеріне қатысты істерде толығымен Йасыға (моңғолдың жазылмаған заңына) сүйенді. Істің бір бөлігі шарифат өкілдеріне кеткен кезде азаматтық өмірдің кейбір жағдайларында және исламдану кезеңінде Йасы әрекет етуін тоқтатқан жоқ.

«Дәстүр әл-Катибте» Мұхаммед ибн-Хиндушах Нахичевани белгілі бір адамдарды әмір жарғышы қызметіне тағайындау туралы жарлықтардың үш үлгісін келтіреді, яғни Йасы және жалпы қарапайым заң негізінде сот шешімдерін шығаратын бас судья. Әдетте мұндай қызмет беделді және ықпалды моңғолға сеніп тапсырылды. Жарлықта ясы негізіндегі оның жарғышы (судья) болуға лайық екендігі, ол екі адам арасындағы дау-дамайда әділ, зиян келтірместен, ренжіту мен зорлық-зомбылықсыз шешім қабылдауға тиіс екені айтылды. Шешім хулагидтер мемлекетінде жарғы-наме деп аталатын арнайы құжатпен рәсімделуі керек. Хулагидтер мемлекетінде жарғышының арнайы диваны болды. Мұндай диван Алтын Ордада да болды деп есептеуге болатын барлық негіз бар.

Құжаттардың көрсетілген үлгілері осы жарғышылардың негізгі табыс көзін де анықтайды. Сот ісін жүргізуші жарғышы мен оның бітікшісінің (писарь) пайдасына белгілі бір ақы төлеуге тиіс болды. Әрине, кез-келген феодалдық қоғамдағыдай Алтын Ордада соттың барлық жүйесі феодалдар мен онымен байланысты шенеуніктердің қолында болды. Шыңғыс хан Иасысының жетекшілігімен, шарифат пен судьялар негізінде қазылар мен жарғышы, яғни судьялар, не ірі жер иелері (меншік жерлері, табындары немесе қалаларда жерді иелену және т.б.) болды, немесе соттың кірісінің, оның ішінде оларға тиесілермен ғана емес, сондай-ақ барлық заңсыз алымдар есебінен де (паралар, қорқытып алу және т.б.) өмір сүрді. Қазымен төменде әлі де айтуға тура келетін, факихтер (құқықтанушылар) мен шейхтердың барлық түрлері байланысты болды. Алтын Ордадағы сот әкімшілікпен (билеушілер, даруғалар) тығыз қарым-қатынаста болды, оның тәуелсіздігі туралы ешқандай сөз болуы да мүмкін емес. Қазылар мен жарғышылар қаланың, ауылдың және даланың билеуші топтарының мүдделері үшін жоғары әкімшілікпен әрдайым толық келісімде әрекет етті.

Алтын Орданың әкімшілік-саяси өмірінде көптеген мемлекеттік бұйрықтар – жалпы мемлекеттік және жеке сипаттағы қаулылар шығарылды. Моңғол заманында бұл қаулылар барлық моңғол мемлекетінің аумағында жарлықтар деп аталды. Қазан хан тұсындағы Хулагидтер мемлекетінде жарлықтарды рәсімдеу мен тіркеу ең дамыған болды. Жарлықтар әртүрлі болды, кейбіреулері «мал-мүлік істері бойынша атақты сұлтандарға, әмірлер мен меликтерге» басқару үшін берілді - олар үшін яшмадан үлкен таңба жасалды. «Орташа маңызды істер бойынша» жарлықтар алтыннан үлкен таңбаны алды, бірақ одан аздауларға яшмадан болған. Сондай-ақ, әскери істер бойынша жарлықтар алтыннан үлкен таңбаны алды, тек оның айырмашылығы, онда, таңбаның айналасында – «садақ, шоқпар және қылыш» бейнеленген (Рашид ад-Дин, 1946: 276).

Өкінішке орай, Алтын Ордада таңбалар қандай болды, олар хулагидтер мемлекетіндегі таңбалардан қалай ерекшеленді, – айту қиын. Таңбалар онда да болғаны белгілі.

Қорыта айтқанда, моңғолдың басқа да ұлыстары сияқты Алтын Орда, өзінің орталық және аймақтық билігін моңғол әдет-ғұрыптары мен жеңімпаз елдің әкімшілік тәжірибелерімен үйлестіріп құрды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- Владимирцов Б.Я. Общественный строй монголов. Монгольский кочевой феодализм. – Ленинград, 1934. – 224 с.
Қинаятұлы З. Қазақ мемлекеттілігі және Жошы хан (тарихи-сараптаулық зерттеу). - Астана: Елорда, 2004. – 344 б.
Сборник материалов, относящихся к истории Золотой Орды. Извлечения из персидских сочинений, собранные В.Г. Тизенгаузеном и обработанные А.А. Ромаскевичем и С.Л. Волиным / подг. нов. изд., введ., пер., коммент. М.Х. Абусеитовой, Ж.М. Тулибаевой. – Алматы, 2006. – Т. II. – 620 с.
Бартольд В.В. История культурной жизни Туркестана. – Л., 1927. – 256 с.
Патканов К.П. Истории монголов по армянским источникам. Вып. I. – СПб., 1873.
Греков Б.Д., Якубовский А.Ю. Золотая Орда и ее падение. – М.-Л.: Изд-во АН СССР, 1950. – 473 с.
Тизенгаузен В.Г. Сборник материалов, относящихся к истории Золотой Орды. – М.-Л., 1941 год. – 307 стр.
Рашид ад-Дин. Сборник летописей. Т. III. – М.-Л., 1946. С. 275-282

ТӘУЕЛСІЗДІК – ҚАЙТА ӨРКЕНДЕУ ЖОЛЫ

Мырзахмет Ғалия Кеңесбайқызы

*тарих магистрі, М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университетінің аға оқытушысы
(Тараз қ., Қазақстан) E-mail: gala_19.80@mail.ru*

Ұлан байтақ Евразия кеңістігінің байырғы тұрғыны қазақ халқының бірнеше ондаған ғасырларға созылған тарихы – біздің ата-бабаларымыздың өмір жалғасы – келешек ұрпақ болашағы үшін зорлық пен зомбылыққа, әділетсіздік пен қараңғылыққа қарсы жүргізген күрес жолы болып табылады. Осындай шиеленіскен қайшылықты заман ауыртпалығына қарамастан халқымыздың қанында ел бірлігі мен оның еркіндігіне жол ашатын ұлы қасиет тәуелсіздік рухы сақталып келеді. Бұл мәселе - бүгінгі таңда да актуальды, күн тәртібіндегі өзекті өзекті мәселе. Сондықтан да ұлтымыздың мұндай ерекше қасиеті ұлттық идеямыздың негізі болып саналады.

Өз тарихымызға әріден көз жіберетін болсақ, ежелгі қазақ жерінде бұған дейін де халқымыздың қоғамдық өмірінде әртүрлі мемлекеттік құрылымдардың болғаны ақиқат, шындық. Олар да заман толқынына бірде батып, бірде қалқып өмірдің ауыр азабын тартты, қиын қыстау өмір кешті. Бірақ егемендік үшін болған күрес жолынан таймады, бір сәт те ауытқымады.

XX ғасырдың ақырына таман социалистік жүйенің ішкі-сыртқы қайшылықтарының шиеленісу салдарынан Кеңес үкіметі әлсіреп құлады. Ежелгі қазақ жерінде жас егемен мемлекеттің қайта

жаңғырып, өркендей беруіне мүмкіншіліктер жолы ашылды. Тәуелсіздік жағдайындағы 30 жыл уақыт тарих мөлшерімен алғанда мемлекет өмірінде соншалықты ұзақ уақыт емес. Бірақ оның соқпағы мен соқтықпасы да, тар жолы мен тайқақ кешуі де көп болған, аса бір қауіпті, әрі жауапты кезең болды. Осындай қысқа мерзім аралығында ел тарихында бұрын-соңды болып көрмеген жаңа саяси және әлеуметтік өзгерістерді осы мезгілдің шағын аясына сырт қараған адамға сөз жүзінде болмаса, іс жүзінде жүзеге асыру мүмкін емес сияқты болып көрінеді. Дегенмен, осындай қысылшаң кезеңде Қазақстанда босағасы берік, шаңырағы биік, еңселі мемлекеттік құрылым дүниеге келіп, қалыптасып бекіді. Біздің мемлекетіміз дүниежүзілік қауымдастыққа терезесі тең дәрежеде қарым-қатынас жасай алатындығын мойындатып танытты.

Қазақстанның БҰҰ-на толық мәнді мүше болып қабылдануы, әлемнің 200 елімен дипломатиялық қатынаста болуы, 2010 жылы ЕҚЫҰ-на төрағалық етуі, 2011 жылы Ислам конференциясында төрағалығын алуы, осыған дәлел бола алады. 250 жылға созылған Ресейдің отарлық саясаты 74 жылдық қызыл империяның тоталитарлық режимі бізді әлемдік өркениет жолынан алыстата алмады. XX ғасырда С.Асфендияров, М. Тынышпаев, Қ.Сатпаев, Д.Қонаев өздерінің ғылымға қосқан жаңалық үлестерімен бүкіл әлем жұртшылығын таңдандырса, М.Әуезовтың «Абай жолы» романы мен М.Төлебаевтың «Біржан-Сара», А. Жұбановтың «Абай» опералары дүние жүзілік мәдениеттің алтын қорының төрінен орын алды. Қазіргі кезеңде де біздің халқымыз соның ішінде жүздеген қазақ жастары әлемнің таңдаулы ғылыми, кәсіби мекемелерімен өнер сахналарында, спорт алаңдарында біліктілік пен шеберліктің үлгісін көрсетуде. Олар «Әлем жұлдыздары» еген атаққа ие болуда. Міне, осындай және т.б. жетістіктер халқымыздың әлемдік өркениетке қосқан үлесінің бір көрінісі болып табылады.

Бұл жылдар қазақ халқы үшін тәуелсіздіктің таңы атып, мемлекетіміздің ірге тасын қалаған Конституциямыз бен жаңарған Елтаңбамыздың, Әнұранымызды мен Туымыздың өмірге келген кезеңі болды.

XX ғасыр басындағы Ресейдегі Қазан төңкерісі қазақ халқының санасында егемендік алу деген үмітін оятты. Еліміздің ардақты ұлдары Т.Рысқұлов, А.Байтұрсынов, М.Шоқай, С.Сейфуллин сияқты басқа да мемлекет қайраткерлері тәуелсіздіктің жолдарын жаппай-тұрмай іздестіруде тынымсыз еңбек етті. Іс жүзіне келгенде Кеңес үкіметінің ұлттық мемлекет құру идеясын жақтаған халқымыздың ұл-қыздары тоталитаризмнің тұтқынына айналды. Өткен ғасырдың 70-80 жылдарындағы «тоқырау жылдары» деп аталынатын кезеңде ұлттың өзін-өзі билеу, халықтардың рухани қайта түлеу идеясы өзінің мәнінен айырылып, «адамдардың жаңа қоғамдағы бірыңғай Кеңес халқы»- деген тұрпайы әрі қисынсыз теориясымен алмастырылды. Ұлт ерекшелігі, ұлттық тіл, салт-дәстүр, өнер мәселелері көпірме бос сөзге айналды. Биліктің шексіз орталықтандырылуы халықтардың ұлы халық үшін қызмет етуін, басқа ұлт өкілдерінің соның мүддесіне жұмылдыруын талап етті. Ұлттың сананың өсуі мүлдем ескерілмеді. Осындай және т.б. шешімін таппаған мәселелерге. Ел экономикасын басқару жүйесіндегі, әлем өзгерістеріндегі мәселелер қосылып, Кеңес үкіметінің жағдайын әлсірете түсті.

XX ғасырдың 80жылдарында Кеңес үкіметінің өрескел шексіз билігіне қарсы ұлттық Республикалардағы наразылықтар мейлінше өрши түсті. Міне, осындай жағдайда 1990 жылдың 25 қазанында Қазақстанның Жоғарғы Кеңесі егемендіктің «Декларациясын» қабылдады. Өйткені, ол кезде біз әлі де болса Кеңес одағының құрамында болатынбыз. Кеңес одағы ыдырағаннан кейін Қазақстан өзінің сыртқы саясатында Қытайдың, Ресейдің, Жапонияның, Еуроодақтың күшейе түсуін басшылыққа алды. Қазақстанның сыртқы саясатында оның Ресей және Қытаймен шекаралас болуы ерекше ескерілді. Ресей Федерациясы мен Қазақстанның құрлықтағы шекарасының ұзындығы 7,2 шақырымдай болса, Қытай Халық Республикасымен 1,7 шақырымдай ортақ шекара бар. Сондықтан Қазақстан сыртқы саясатында әлемдік басым державалар болып саналатын Ресей, Қытай мемлекеттерімен бейбіт, тең және ынтымақтастық қатынастарды орнатуға ерекше мүдделі.

Осыдан 30 жыл кейін тарихи акт - «Қазақстанның мемлекеттік тәуелсіздігі» туралы Заң қабылданды. Осы актіден кейін ғана халқымыз өз мемлекетіміздің шынайы тарихы мен мәдениетін қайта жаңғыртып, дамытуға белсене кірісті. Елдің ішкі және сыртқы саясатын өзіміз бұрын өмір сүрген қоғамнан түбегейлі өзгеше және демократиялық қоғам құру принциптеріне негіздеп айқындадық [1]. Еліміздегі саяси әлеуметтік-экономикалық және демократиялық қайта құрулар бұрын соңды болмаған жаңа жағдайда дамып келеді. Күрделі уақиғаларға толы өткен сарапшылардың қорытынды есебі бойынша, Қазақстан өзінің экономикалық даму қарқыны жағынан ТМД елдері арасында бірінші орында болса, әлемдегі 200 мемлекет арасында 49 орынды иеленді [2]. Бүгінде әлемдік саясат сахнасында жаңа тәуелсіз мемлекеттер шықты, олардың халықаралық қоғамдастықтың толық құқықты мүшелері ретінде қаз тұру процесі, олардың арасындағы

мемлекетаралық қатынастар осы заманғы тарихи саятнамалық халықаралық құқықтық білім зерттейтін өзекті мәселелердің бірі. Жаңа тәуелсіз мемлекеттердің толыққанды мемлекетаралық қатынастардың қалыптасу кезеңдерін терең талдау және бұл процестің көз алдымызда өтіп жатқанын ескерсек аса маңызды ғылыми және қоғамдық саяси міндетке айналады.

Сыртқы саясатымыздың қалыптасу кезеңі мынадай өрелі міндеттерді жүзеге асырудан басталды.

Бірінші, біздің мемлекетіміздің тың сипатын танытуымыз;

Екіншіден, Қазақстанды халықаралық дәрежеден мойындатып оның қауіпсіздігі мен аумақтық тұтастығын қамтамасыз ету қажет болды;

Үшіншіден, әлемдік шаруашылық жүргізу мен экономикалық байланыстарға белсене араласуымыз қажет болды.

Қазақ мемлекеттігінің қалыптасуындағы тәуелсіз еліміздің сыртқы саясатын қалыптастыруда, жүзеге асыруда Қазақстан Республикасының тұңғыш президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың рөлін ерекше атауға болады. 1988 жылдан бастап, республика жетекшісі Н.Ә.Назарбаевтың басшылығымен сыртқы саясат мәселелеріне деген жалпы мемлекеттік көзқарас түбірімен өзгерді. Мемлекеттік тәуелсіздік жарияланғаннан кейін Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев еліміз халықаралық қатынастардың дербес тұлғасы ретінде саяси дипломатиялық тұрғыдан таныла бастады. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдары Қазақстан әлемдік державалармен беделді халықаралық ұйымдардың қолдауын қажет етті. Қазақстан сыртқы саясатында стратегияның өзегі саналатын көпжақты әріптестікті таңдады. 1991 жылы 2 желтоқсандағы президенттік сайлау қорытындыларына байланысты өткізген баспасөз конференциясында Н.Ә.Назарбаев «Қазақстан Еуропа мен Азияны жалғастыратын көпір болуы керек. Әлемнің барлық мемлекеттерімен экономикалық және саяси байланыстарды қамтамасыз ететін көпвекторлық сыртқы саясатты таңдайды», - деп атап көрсетті. Елбасы өзінің «Қазақстанның Егеменді мемлекет ретінде қалыптасуы мен дамуының стратегиясы» атты 1992 жылғы еңбегінде «Қазақстан жаңа халықаралық ортаға тап болды. Оның сыртқы саясатының бағыты ұлттық мемлекеттік мүдделерге сәйкес өзіндік логикамен дами бастады. Сонымен қатар Қазақстанның сыртқы саясаты жалпы адамзаттық қуатқа ие. Ол халықтардың әлемдік қауымдастықтан өз орнын таба білгенін жақтайды», - деп атап көрсетті. Осыған орай Қазақстан өзінің сыртқы саясатында қазіргі жаһандық қатынастардағы көпполярлық саланы басшылыққа алды. Екі жақты және көп жақты сыртқы қатынастар 2009 жылы Президент Жарлығымен бекітілген «Қазақстан Республикасының сыртқы саясат концепциясы» негізінде жүзеге асырылуда. Бұл Концепцияда қазіргі халықаралық қатынастардың негізгі даму бағыттары аықталып, дипломатиялық қызметтің міндеттері көрсетілді. Қазақстанның сыртқы саясатының негізгі мақсаты елдің ұлттық мүддесін қорғау екендігі көрсетілді.

Өткен 2013 жылы сарапшы мамандардың айтуы бойынша, дүниежүзіндегі кейбір қамтыған экономикалық және қаржы дағдарыстарына қарамастан, Қазақстанда өнеркәсіп өнімін өндіру 5-6%-ке өсті деген болжам бар. 2011 жылы ауыл шаруашылығы бұған дейін болып көрмеген Республика бойынша 23 000 000 [3] тонна астық өнімдерін өндірсе, биылғы жылы 24 000 000 тонна өндіреміз деген ұмтылыс бар. 30 жылдық мерзім еліміздің болашақтағы әлеуметтік саласындағы даму бағыттарында: зейнеткерлердің зейнетақыларының жыл сайынғы өсім мөлшерінің 25%-ке артуы, бюджеттік мекемелердегі қызметкерлердің айлық жалақысының өсімі, тұрғын үй мәселелерінің бір жүйеге келтіруін айқындап берді. Осы уақыт аралығындағы басты бетбұрыс халқымыздың дүниетанымындағы өзгерістер. Олар мемлекет пен қоғамдағы реформаларды дұрыс түсініп, қабыл алды. Қиындығы мол өткен жылдарда біздің халқымыздың тарих қазыналарында ұмыт қалған көптеген мұра-мұрағаттарды қайта бағалауға қол жеткізді. Осындай ізгі ниетті іс-әрекеттердің нәтижесінде адамдық құндылықтарды танып білдік. Әлемдік қауымдастыққа тұтасудың күрделі жолдарынан өттік. Ұлттық тіліміз шын мәніндегі мемлекеттік мәртебе алды, бұрынғы ұмыт болу қарсаңында тұрған салт-дәстүр, мәдени мұралар қайта жаңартылып, біржақты жазылған халқымыздың тарихи ғылыми негізінде жаңадан жазылып, қалпына келтірілуде. Жоғарыда айтылған мемлекет көлемінде іс-жүзінде асырылып жатқан игілікті істер өзінің жалғасын біздің облысымызда табуда. Бұл арада ерекше атап өтетін мәселенің бірі – жастарымыздың қоғамға, тәуелсіз еліміздің ішкі және сыртқы саясатына, қоғамдық жұмыстарына атсалысып, белсенді іс-қимылдар арқылы қолдау көрсетілуде. Жастар тарапынан мұндай қозғалыстардың кең етек алуы, олардың халқына, тәуелсіз мемлекетіне деген сүйіспеншілік сезімі мен ұлтжандылық ой-өрісінің күн санап арта түсуінің көрінісі деп айта аламыз.

Ел Президентінің «Қазақстан-2050» стратегиялық бағдарламасында жыл сайынғы Қазақстан халқына жолдауында индустриалды-инновациялық саясаттың ғылым мен техника жетістіктерін

қолдану барысында экономиканың тұрақты дамуына арнаған стратегиялық міндеттер атқарылуда. Экономика құрылымында сапалы өзгерістер жүргізіліп келеді. Сертификаттау жүйесін жетілдіру және экономика мен басқарудың әлемдік стандартқа көшіру мәселесі де ойдағыдай іс жүзіне айналып келеді.

2004 жылы облыста 38 инвестициялық жоба іске асырылып, 284 жұмыс орны ашылса, 2012 жылы 48 инвестициялық жоба іске асырылып, қосымша 2139 жаңа жұмыс орындары ашылды [4]. Осындай көрсеткіштерге қарап біздің еліміздің жүйелік құрылымында қысқа мерзім аралығында күрделі өзгерістердің болып жатырғандығында көзіміз жетуде. Мұндай жетістіктер тәуелсіз мемлекетіміздің нығайып, өркендеп өсуіне, халықаралық аренада беделінің артуының бір көрінісі деп айта аламыз.

Қазақстан тәуелсіздігінің 30 жылы ішінде халықаралық ұйымдардың қатысушы мүшесі ғана ғана емес, осы уақытта әлемге ЕҚЫҰ, ШЫҰ, ТМД, АӨСШК секілді ұйымдардың төрағасы ретінде танылды. Бұл егемен еліміздің дамуындағы жалпыұлттық стратегиялық жобалар болғандықтан Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымының тарихында тұңғыш рет посткеңестік республика яғни Қазақстан Республикасы 2010 жылы төрағалық етуінің маңызы ерекше. Мұндай шешім 2007 жылы 30 қарашасында Испанияның астанасы Мадрид қаласында ЕҚЫҰ-ның сыртқы істер министрлігі Кеңесінің отырысында қабылданған еді. Қазақстан кандидатурасын Ұйымға мүше 56 елдің өкілдері қолдап сенім білдірді. Халықаралық қауымдастықтың мемлекетіміздің төрағалық етуіне қолдау құрудағы нарықтық экономика қалыптастырудағы жеткен нақты жетістіктерінің нәтижесін мойындаулары болды. Қазақстанның ЕҚЫҰ-ға төрағалық етуіне Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың белсенді халықаралық, реформаторлық және бітімгерлік қызметі арықшылы жинақталған беделі мен халықаралық қауымдастықтың үлкен сенімі деп атауға болады. Бұл біздің мемлекетіміздің халықаралық беделі мен Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың әлемдік ауқымдағы көрнекті саясаткер ретіндегі мәртебесін нақтылаған тарихи маңызды оқиға.

Тәуелсіздік жағдайындағы 30 жыл уақыт аралығында еліміздегі ескі мемлекеттік жүйе түгелдей жойылды. Жаңа мемлекеттік аппарат пен қоғамдық құрылымның негізі қаланып, қалыптасып келеді. Солардың бір көрінісі жергілікті әкімшілік мекеме, қоғамдық және «Нұр Отан» партиясының басшыларының бұқара арасында жиі болып, жүргізіліп отырған іс-шаралар туралы олармен пікір алысу, алықтың өтініші мен мұқтажына көңіл аударып, соларды мүмкіншілігінше уақыт оздырмай шешу. Радио, теледидар, күнделікті басылымдар арқылы есеп беру күнделікті дәстүрге айналуға [5]. Мұндай соңғы жаңалықтар толқындары барлық мемлекеттік қоғамдық ұйымдарда өзінің нәтижесін беруде. Жалпы, Қазақстан тәуелсіздік жылдарында сыртқы саясатта көп бағытытты саясат принциптерін жүзеге асырды. Сонымен бірге Қазақстан тәуелсіздігін алған сәттен бастап және жаһандық қауіпсіздікті нығайтуға нақты үлесін қосып келеді. Қазіргі таңда Қазақстанның халықаралық саясатта алатын орны ерекшеленіп, нақтыланды деп айтуымызға болады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

Мансұров Т.А. Қазақстан және Ресей: егемендену, кірігу, стратегиялық әріптестік тәжірибесі. Алматы, «Қазақстан», 1999.-344 бет.

Назарбаев Н.Ә. «Қазақстан-2050» стратегиясы. //«Егемен Қазақстан».- 15 желтоқсан, 2012 жыл.

Сейдін Н. ЕҚЫҰ-ға төрағалық ету халықаралық сенім мен геосаяси жауапкершілік белгісі. - Ақиқат, 2008 ж. - №3.

«Егемен Қазақстан». - 29 тамыз, 2017 жыл.

«Егемен Қазақстан». - 5 қыркүйек, 2018 жыл.

ҚАЗАҚ ОЙШЫЛДАРЫНЫҢ ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ «ТОЛЕРАНТТЫЛЫҚ» ҰҒЫМЫНЫҢ МӘНІ

Еслакова А.И.

Алматы қаласы Білім Басқармасы «№ 25 Санаториялық бөбекжай-балабақша»

коммуналды мемлекеттік мекемесінің педагог-психологы

(Алматы қ., Қазақстан) E-mail: ainosh@mail.ru

Қазақстан жері ерте заманнан бері көптеген мәдениеттер мен діндердің тоғысу орны болғаны белгілі. Қоғамдағы саяси процестердің дамуы, сөз бостандығы, адам құқықтары, бәсекелестік және билік пен оппозицияның, діндер және этностардың, дәстүрлер және мәдениеттердің бейбіт өмір сүруі ерқашан қоғамның назарында болып келеді.

Сондықтан, Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаев айтқандай: «...біз төзімсіздік және діни фанатизмге жол бермейміз. Бұл рухани дәстүріміз, бұл қандай шеңберде болмасын Құдайдың сөзіне деген ашықтық. Бұл-Қазақстандағы дінаралық келісімнің ең маңызды негіздерінің бірі. Біз әлемге өзіміздің толеранттылығымызбен, ұлтаралық, конфессияаралық келімім және диалогты сақтауымызбен танылдық. Біздің еліміздің өскелең дүниетанымдық әлеуеті бұдан әрі қарай да сақталуға, дамуға тиіс» (Назарбаев, 2008).

Соңғы жылдары Қазақстанда әлемде болған өзгерістер адами қатынастар мәселесінің өзектілігін көрсетті. Мемлекет этносаралық келісім мен ұлтаралық бірлікті дамытуға бағытталған нақты саясатқа мұғалімдер мен оқушылар, ата-аналар арасындағы бірлік, аға буын мен жас буын арасындағы өзара түсіністік және ең бастысы оқушылардың ішкі мәдениетін ұлттық тұрғыдан дамыту кіреді көзқарас. сана, ұлттық мақтаныш және ұлттық құндылықтар. Егер біздің қоғам қарсылықты пен таптық күрестен бас тартқысы келсе, онда студенттер арасындағы тәрбие жұмысы жалпы құндылықтарды қалыптастыруға бағытталуы керек: әртүрлі идеологиялық көзқарастарға, әлеуметтік-экономикалық жағдайларға, саясатқа, мәдениетке, діни наным-сенімге төзімділік. Адамзат қоғамында мектепте бірін-бірі, ата-ананы құрметтеуге, қарттар мен жас балаларға көмектесуге, табиғатты және қоршаған ортаны қорғауға деген ұмтылыс пайда болуы керек.

Тарихи-эволюциялық процесстегі адамдар мен этникалық топтардың, діндер мен мәдениеттер арасындағы айырмашылықтардың ауқымы тарих пен табиғатқа төзімділік әр түрлі табиғи және тарихи әр түрлі даму әлеуеті бар үлкен және кіші топтардың қатар өмір сүруінің бұрын-соңды болмаған эволюциялық механизмі ретінде қарастырылатындығын көрсетеді. БҰҰ-ға мүше елдер білім беру саясаты мен арнайы бағдарламалар арқылы толеранттылық пен зорлық-зомбылыққа қарсы тұру идеясын алға жылжыту үшін 16 қарашаны Халықаралық толеранттылық күні деп жариялады (Картбаева, 2008: 5 б.).

Толерантты мінез-құлықтың қалыптасу проблемасы, экстремизмнің әр түрлі формаларының алдын алу, олармен күресу шаралары қазіргі көпұлтты Қазақстандағы ең маңызды мәселелердің бірі болып табылады.

Сондықтан да толеранттылық ұғымының тұжырымдамалық мәселесі жеке тұлға үшін ғана емес, сонымен бірге қоғам мен мемлекет үшін де өзекті болып отыр.

Толеранттылық мәселесі сонау ежелгі дәуірден басталады. Дегенмен толеранттылық ұғымы ізгілік, мейірімділік, рақым, шыдамдылық, төзімділік, адамгершілік идеяларына негізделген.

Латын тіліндегі толеранттылық термині қазіргі заманғы шетелдік сөздер сөздігінде «*tjlerantia*» деген латын терминінен шыққан, біріншіден, организмнің кез-келген улы заттың қолайсыз жағдайларына төзімділігі, екіншіден, біреуге немесе бір нәрсеге төзімділік (Қазақстан Республикасында, 2004: 4).

Испан тілінде толеранттылық сөзі «*tolerancia*» – «өз пікіріне қайшы келетін идеялар мен пікірлерді қабылдау мүмкіндігі» дегенді білдірсе, неміс-орыс сөздігінде толеранттылық «*tolerant*» – «біреудің пікіріне төзімділік, шыдамдық» дегенді білдіреді (Современный словарь, 2001: с. 45) Толеранттылық қытай тілінен аударғанда «басқаларға деген мейірімділік» дегенді білдірсе, ал парсы тілінен аударғанда «шыдамдылық, төзімділік, шыдам, татуласуға дайын болу», француз тілінде «*tolerant*» – «төзімділік, шыдамдылық, мейірімділік», ал «*tolerare*» «төзук, қолдау көрсету» дегенді білдіреді (Словарь иностранных слов, 1988: 116).

Ларусс сөздігіне сәйкес *tolerance* сөзі алғаш рет 1361жылы қолданылған (La tolerance, 1995: p. 177). Ағылшын этимологиясының Оксфорд сөздігінде «*tolerance*» ұғымы XV ғасырға жатқызылады, ал «*toleration*» түсінігі XVI ғасырға пайда болған делінген. Егер XV ғасырда ол «шыдамдылық» мағынасында қолданылса, XVI ғасырда оған «ұстамдылық, шектеу» мағыналары қосылды (The Oxford dictionary, 1982).

Оксфорд сөздігінде «толеранттылықты адамды немесе затты қарсылықсыз және мәжбүрлесіз қабылдауға» деген ұмтылыс пен қабілет ретінде анықтайды.

Кеңестік энциклопедиялық сөздікте толеранттылық – басқалардың ойларына, сенімдері мен мінез-құлқына төзімділік ретінде анықталады.

Әр түрлі тілдердегі «толеранттылық» ұғымын салыстыра отырып, біз толеранттылық – бұл адам құқықтары мен жеке тұлғаны құрметтеуге негізделген жүйе деген қорытындыға келдік.

Толеранттылықтың басты мәселелерінің барлығы дерлік сонау ежелгі заманнан бастау алады. Толеранттылық проблемасы антикалық философтардың зерттеу нысаны болмаса да, сол кездің өзінде көптеген теориялық қағидаттар қалыптасқанын көруге болады. Ал қазіргі уақыттағы, яғни кейінгі ғасырлардағы ойшылдардың толеранттылыққа арналған ғылыми еңбектерінде антикалық заманның саяси қайраткерлері мен философтарына сілтеме жасауы жайдан-жай емес.

Аристотель (б.д.д. 384-322 жж.) өзінің «Никомахова этика» атты кітабында: «...өзіңе мейірімділік көрсеткен адамға түсіністікпен қарайтын адамды, жақсы деп есептеуге болмайды», яғни «...жақсы адам» дегеніміз басқаларға сондай қарым-қатынас көрсеткен адам, ал бұл қиын мәселе деген болатын (Аристотель, 1983. с. 128).

Рим императоры Марк Аврелиус Антонио (121-180 жж.) өзінің «Өз өзіңе» немесе «Өзімен оңаша» деген кітабында толеранттылық мәселесі туралы қарым-қатынасты сипаттайтын жазбалар бар, онда адамдарды сендіруге тырысқанын жазды: «Адамдарды сендіруге тырысыңыз, егер олар бағынбаса, заңдарды бұзбаңыз, әділеттілікті көрсетіңіз, бірақ ашуланбаңыз және шайқалмаңыз», «Сізге айтылғанды мұқият тыңдап, толық қабылдауға тырысыңыз». «Сөйлесіп отырған адамның ойлары». Адамдарға басшылық ететін әдеттер мен артықшылықтарды түсіну, олардың мінез-құлқы мен әдеттерін білу керек», - делінген (Марк Аврелии Антонион, 1991: с. 58).

Әбу Насыр әл-Фарабидің еңбектері баланың әрбір іс-әрекетінің ізгілікті мінез-құлқын қалыптастыруға бағытталған жеке тәрбиенің ізгілігі идеясымен ерекшеленеді. Ол табандылық, білуге құштарлық, қызығушылық, қанағаттану, адалдық, ізгі ниет, әділеттілік, батылдық пен батылдық қасиеттерінің дамуы «кемелді адамды» қалыптастыруға мүмкіндік береді деп мәлімдейді (Тәрбие хрестоматиясы, 2001: 117 б.).

Жүсіп Баласағұнның «Құтты білік» атты дидактикалық еңбегі этика, әдептілік, адамдар арасындағы қарым-қатынас, қарым-қатынас және жан-жақтылыққа арналған. Ақын мемлекеттің күші үлкен армияға немесе көптеген қарулы күштерге емес, халықтың тыныштығына байланысты деп санады және адамзатқа тән төрт негізгі қасиеттерді анықтады; әділдік, ақыл, бақыт, қанағат деп анықтап көрсетті (Баласағұн, 1986: 11 б.).

Адам бұл өмірге жақсы жолмен келді деп ойлаған М.Қашқари күш, үлкенді сыйлау, қиындықтарға төзімділік сияқты қасиеттерді баса айтты.

Қожа Ахмед Ясауи тақуалықты, келісім мен төзімділікті уағыздап, ауқатты, қонақжай феодалдар мен адамдарды сүймейтін адамдардың әрекеттерін айыптады: «Дүниелік болмандар, опасыз әлемге зұлымдық жасамаңдар. Бір-біріңізге мейірімді болыңыздар! Ол момындар мен жетімдердің жалақысын жемейді, бірақ кедейлер мен мұқтаждарға көмектеседі. Ол ұрлық пен зорлық-зомбылықты жек көретін. Ол адамды түзету - қоғамды түзету, қоғамды түзету - уақытты түзету, баршаға әділетті өмір орнату, оның адамдық парызы - діни мақсат, ақындық парыз деп түсінді. Адамның адалдық, табандылық, шыдамдылық қасиеттерін бағалайды (Яссауи Қожа Ахмет, 1995: 112 б.).

Төле би Қазақ хандығы мен қазақ халқының бірлігін нығайту жолында жұмыс жасай отырып, бірлік пен татулыққа шақырды. Адам адамгершілік қасиеттерді жоғары бағалайтын

Өзінің ақылдылығымен, шешендігімен және әділеттілігімен танымал болған Қазыбек би «Досың бауырына жақын, ақылды қарындасың жақын, адал болсаң дос жақын...»

Ел арасында әкесінің аты аталған қазақ шешендерінің бірі Әйтеке әділеттілікті, адалдық пен шыдамдылықты адамдық маңызды қасиеттер ретінде бағалаған (Тәрбие хрестоматиясы. 2001). Ы. Алтынсариннің басты мақсаты – әлемді «дұрыс жолға» шығару. Ол өз шығармаларында жас ұрпақты көркемдік және адамгершілік тәрбиесіне шақырып, ешкімге қиянат жасамауға шақырды. Бала тәрбиесі туралы рухани әңгімелер бүгінгі күнге дейін өз құндылығын жоғалтқан жоқ (Жақыпов, 2006: с. 14).

Абай шығармаларында оның әділеттілік, шыдамдылық және зорлық-зомбылық туралы көзқарастары көрсетілген. Ол надандықты, надандықты, жалқаулықты, қанауды, әділетсіздікті қатаң сынға алып, адамдарды келісімге, шыдамдылыққа, әділеттілік пен жақсылыққа шақырды. Абай Құнанбаев шығармаларының мәні – шыдамдылық, бірлік, татулық және құрмет.

Абайдан кейінгі ойшылдар да дәстүрлерін жалғастырып, ой-өрістерін кеңейтті. Осы тұрғыдан алғанда Шәкәрім Құдайбердіұлы ерекше қызығушылық танытты. Шәкәрім Құдайбердіұлы айналасындағы кемшіліктерді, адамдардың мінез-құлқындағы және қоғамдық өмірдегі қарама-қайшылықтарды сынға алғанда, өз халқын надандықтан арылтып, оларды таза экономикалық және рухани даму жолына салғысы келді. Болашақтың дамуының жалғыз жолы ғылым мен өнерді зерттеу, еңбек ету, бірлікті сақтау және озық елдерден үлгі алу деп шешілді. Бұл тәсіл оны Ыбырай Алтынсарин, Абай Құнанбаев, Шоқан Уәлиханов көзқарастарымен байланыстырады. Оның адамдар мен адамдардың, мәдениеттің және мәдениеттің жақындасуына қосқан үлесі оның жұмысының халықаралық сипатын ашады (Сатпаев, 1993: 115).

XX ғасырдың педагогикалық идеялары да XIX ғасырдағы білім беру дәстүрлеріне сүйеніп, оның озық үлгілері мен идеяларын байытты. Халық кезеңінің идеялары осы кезең ойшылдарының еңбектерінде көрініс тапты. Ыбырай Алтынсарин, Абай Құнанбаев, Шоқан Уәлиханов еңбектері

негізінде М., осы салада жетістіктер құруда дәстүр сабақтастығын көрсете білді. Бұл Дулатов болатын. Оның ағартушылық идеялары оқулықтарда, ғылыми мақалаларда, өлеңдер мен әңгімелерде кеңінен қамтылды. Мәселен, оның «Мұғалімдерге арналған» мақаласының әдістемелік маңызы зор. Дәстүрлері әртүрлі мұғалімдер оқушыларға білім беруде қолдануы керек әдістер туралы пікірталас болды (Жарықбаев, Қалиев, 1995: 81 б.).

Бұл тұрғыда Ы.Алтинсарин, Спандияр Көбеев сияқты мұғалім-жазушының пікірі ескерілуі керек. С. Көбеев өз еңбектерінде балалар үшін тәрбиелік маңызы бар мәселелерді көтерді. Кейбіреулерінде С.Көбеев адамдар қиын жағдайда бір-біріне көмектесуі керек, ал басқалары зорлық-зомбылық пен қатыгездікті әшкерелейді деп адамдарды басқаларға жақсылық жасауға шақырады.

Қазақстандық ағартушылар мен ойшылдардың еңбектерін талдай отырып, біздің ойымызша, толеранттылық дегеніміз жат өмір салтына, мінез-құлқына, дәстүрлеріне, сезімдеріне, ойларына, наным-сенімдеріне, көзқарастарына, қасиеттері мен әдеттеріне деген толеранттық қатынас. Толеранттылық – бұл әртүрлі халықтардың, ұлттар мен діндердің ерекшеліктерімен байланысты қажетті сапа. Бұл мағынада қазақ ойшылдарының еңбектерінде бұл ұғым ескерілмегенімен, гуманизм емес, әлеуметтік серіктестік, мәдени тұрақтылық, бірлік, зорлық-зомбылық идеяларында айқын көрінеді.

Көптеген қазіргі заманғы ғалымдар, керісінше, толеранттылық өзара сыйластықтан, өзара түсіністіктен, бір-бірінен бас тартудан және «зиян келтіруден аулақ болудан тұрады (өйткені басқаларға зиян өзін-өзі тигізеді және өз-өзіне келеді)».

Нәтижесінде толерантты мінез-құлық – бұл басқалардың пікірін құрметтеу, шыдамдылық, мәселені шешуге келісу, зорлық-зомбылыққа қарсы әрекет ету қабілеті.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- Назарбаев Н.Ә. Қазақстан халқына жолдауынан. – Астана: 2008 жыл.
Картбаева Ж. Оқушылардың бойында толеранттық мінез-құлықты қалыптастырудың педагогикалық-психологиялық негіздері: пед.ғыл.канд. дисс. авторефераты. – Астана, 2008. – 30 бет.
Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. – Астана: 2004жыл, 11 қазан. - № 1459.
Современный словарь иностранных слов: толкование, словоупотребление, словообразование, этимология / Под ред. А.В.Боброва и др. Стереот. – М.: Цитадель, 2001.
Словарь иностранных слов. – М: Рус.яз., 1988.
La tolerance au risque de l'histoire. – Lyon, Aleas, 1995.
The Oxford dictionary of English Etymology Oxford, Clarendon Press, 1982.
Аристотель. // Соч.: в 4-х т. – М.: АН СССР, 1983. - Т.4.
Марк Аврелии Антонион. Размышления Римского императора Марка Аврелия о том, что важно для самого себя. – М.: «Наука», 1991.
Тәрбие хрестоматиясы /Құрастырған Қалиев С., Майғанова Ш., Нысанбаева Г. – Алматы: «Ғылым» ғылыми баспа орталығы, 2001.
Баласағұн Ж. Құтты білік. – Алматы: Жазушы баспаханасы, 1986.
Яссауи Қожа Ахмет. Хикметтер. – Алматы: Атамұра, 1995.
Жақыпов С.М. Межэтнический фактор в условиях формирования познавательной деятельности. Этнопсихология и этнопедагогика. – Алматы, 2006.
Сатпаев Ш.К. Шакарим Кудайбердиев. – Алма-Ата: Жазушы, 1993.
Жарықбаев Қ., Қалиев С. Қазақ тәлім-тәрбиесі // Қазақ ұлт педагогикасы мен ұлттық психологиялық тарихы. Оқу құралы. – Алматы: Санат, 1995.

КӨШПЕНДІЛЕР ЗАМАНЫНДАҒЫ БАТЫР АНАЛАР БЕЙНЕСІ

Жағыпар Айгерім Тоқтасынқызы

Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінің 1-курс магистранты

(Алматы қ, Қазақстан) E-mail: zhagypar.aigerim@mail.ru

Ғылыми жетекші: Жылқышыбаева Қарлығаш Қайсақызы

т.ғ.к., Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінің доценті

(Алматы қ, Қазақстан) E-mail: karluwa1970@gmail.com

Қай халықтың да тарихы оның тағдырында орасан зор уақытта айшықты із қалдырған азаматтарымен ажырағысыз байланысты екені мәлім. Кез-келген тарихи тұлғаның заман төрінен алар орны мен үлес-салмағы, бәрінен бұрын, оның кеменгерлігімен, алысқа көз тастап, келешекті кең толғай білуімен һәм туған халқы мен Отан тағдырына деген сипатымен өлшенсе керек (Қазақтар; 2003; 66).

Ежелгі қазақ даласын мекен еткен ерте кезеңдегі тайпалар мен мемлекеттердегі батыр әйелдердің тарихи рөлі мен орны және ерліктері нақтылы деректерге негізделі отырып зерттелініп келеді. Батылдың, батырлықтың, шыдамдылықтың, тұрақтылықтың, даналықтың көзі де әйел – ана екендігі белгілі (Қазақ қызы: өткені, бүгінгі, ертеңі; 2003; 6 б).

Қазақ жерінде мекен еткен ерте кездегі тайпалардың дамуына үлесін қосқан, ел тізгінін қолына алған әйелдердің батырлығын тарих толғауынан да оқып келеміз. Ертедегі көшпенділер заманындағы сақ дәуірінен одан кейінгі кезеңдегі ұлы далада батырлығымен көзге түскен, ел билеген, елі мен жерін жаудан қорғаған батыр аналар бейнесі мақаламыздың өзектілігін арттыра түседі. Ел есінде мәңгі сақталған сақ патшасы- Томирис, сақ патшасының қызы – Зарина, ұлы аналарымыз - Бегім, Бопай, Домалақ аналарды көшпенділер заманындағы батыр аналар бейнесінің негізі деуімізге де болады. Сонымен қатар, Темучиннің жары – Бөрте патшайым. Олжабай қаһарманның шешесі, Қарасай қаһарманның ұрпағы – Есенбике. Көкте Құдай, жерде Ұмай шеше деген атаумен аты қалған Ұмай анада (Бегалиева; 2003; 272 б.) осы көштің басында тұрғаны белгілі. Есімдері аталған аналарымыздың еліне, жеріне деген сүйіспеншілігі мен ерлік істері бүгінде өскелең ұрпақтың жадында. Тарихымыздағы басқа да батыр аналарымыз ақыл-ой парасаттылығымен, қайтпас қайсарлығымен билік тізгінін қолына алып, көптеген жаугершілік кезеңдерді бастан кешірген. Сондықтан да болар тарихта ұлы аналарымыздың есімі бір рулы ел болып, ұранға айналды. Ендеше тарихта өз орнын алып, батыр атағымен ел тарихында қалған сақтардың ханшайымы, ел билеушілері Томирис, Зарина, Ұмай анаға бүгінгі мақаламызда тоқталуды жөн көрдік.

Әлемге әйгілі 10 әйелдің арасында сақ патшайымы Томирисінің аты ерекше аталады. Патшайымның есімі қазақ зерттеуші-ғалымдардың еңбектерінде әртүрлі келеді. Тамаша, Томырыс, Тұмар т.б. «Жүз тұңғыш» секілді кітапта зерттеушілер Томирис есімін бұлайша атауға қарсы екендіктерін айтады (Б.Нұржекеұлы; 2005; 55 б.).

Патшайым б.з.д VI ғасырға дейін ғұмыр кешкен. Сақ елінің ежелгі кезеңінен елді басқарған аты тарихта қалған әйел ел билеушілерінің бірі. Томирис - Орта Азия мен Қазақстан түркілерінің арғы тегі болып саналатын сақтардың аты аңызға айналған патшасы. Грек деректемелерінде сақтарды «массагет» деген атаумен атаған. Томирис атауының тарихтағы орны атының жер бетіне танымал болуы- - Ахемен отбасынан тараған, «төрт құбыланың барлық басқарушысы» атағына ие болған парсының атақты патшасы Кирдің Орта Азияға жаугершілік жорығымен қалған, «жеңілу дегенді білмейтін»,- деп мақтаған жауынгерлерін соғыста күл-паршасын шығарып жеңіске жетуімен байланысты болмақ. Көрікті де ақылды, ат үстінде ойнаған жауынгер әйел өзінің күйеуі дүниеден қайтқан соң, патшалықты өз қолына алады. Жерінің кеңеюін ашкөздікпен көздеген Кир патша батысқа қарай аттанбастан алдында ең бірінші шығысты сақтандыру пиғылымен сақ елін өзіне қаратуды мақсат етеді. Солай, сақтарға өз елшілігін жіберіп, сол кездерде патшайым жарынан айырылған болатын, өзіне жар болуға ұсыныс жасайды. Кир патшаның мақсаты сақтармен соғысуда түрткі болатын мәселе табу болды. Томирис патшайым ұсынысты қабыл етпей қояды. Осы жағдайды себеп қылған Кир қол астындағы жауынгерлерімен шығысқа жол тартады. Аракс өзеніне жеткен патша, өзенге аспалы көпір орнатқызып, берік қайықтарды жасауды бұйырады. Кир мен Томирис патшайым арасында өзара тартыс басталып кетеді.

«Томирис падиша: Қанішер Кир!... Саған айтылған ақылымды тыңда. Қамауда отырған ұлымды өзіме қайтарып берде, аман-есендігінде ата жұртымнан табаныңды жалтырат, массагеттердің әскерінің үштен бірін алдап арандатқанын да жетеді. Егерде сен менің бұл айтқанымды істемесең, Күн Тәңірімнің атынан ант етемін, қанша қомағай болсаң да, мен сені қанға тұншықтырамын» (Геродот; 1972, 78 б), - деген болатын.

Жанжалдың арасында Тұмар патшайымның баласы Спаргаписты Кир өлтіріп қояды. Кирдің өз сөзіне құлақ аспағанын көрген Томирис бүкіл әскерімен парсыларға шабуыл жасайды. Бұл ең бір қатыгез ұрыс болды. Соңында парсы әскері түгелдерлік ұрыс майданында ойсыра жеңіледі. Кирде көз жұмады. Томирис ханша шайқас аяқталғаннан кейін, жауынгерлеріне қас жауының денесін тауып алуды бұйырып, басын шауып, қанмен толған қапқа салдыртып: «Мен тірі қалып, сенің түбіңе жеткенім болмаса, мен тірі өлікпін, себебі жалғыз артымда қалған баламды аяусыздықпен тұзағыңа түсіріп, мені өлтірдің, қатыгез! Жаратқанға берген уәдемде тұрып, басыңды қан толттырылған қапқа тұншықтырып, сол қанға шөліңді», - деді. Бұл көріністі Кирдің шашынан ұстаған күйі, қызметші әйелдің қолындағы ыдысқа салып жатқан кезіндегі суреттен көруге болады. Осыдан кейін сақтар жерін, елін, намысын таптап, тартып алуға кірген жауларынан асқан айбындылығымен қарсы тұрып, бейбіт елін құтқарып қалды. Томирис патшайым көшбасшылық сипатымен, ақыл-парасаттылығымен есімі тарих қойнауында мәңгіге қалды. Кек алушы патшайым туралы аңыздың кейіннен кеңінен жайылғандығы соншалық, тіпті қазірдің өзінде парсы жаулап алушысының басты алуындығы

жөніндегі фактіні жоққа шығаруға тырысатын Кирді жақтаушылар да табылып қалады (Көпіш; 2016; 10 б).

Томирис патшайым өзінің жерінде осы жағдайдан соң да бірнеше жылдар басшы болып, асқан ақылдылығымен, қайтпас қайсар қайраттылығымен, көрегенділігімен елін бейбітшілікке басқарып отырады.

Гректердің шежірелерінде Томирис атауымен көрсетілгенімен шын аты Тұмар еді десек, жаңсақтық болмас. Тұмар ханымның қай жылы туып, қай жылы дүниеден қайтқаны белгісіз. Тек жорамалдап қана есептесек. Кирдің түсіне кірген Дарий патша тағына отырып, араға он екі не-он сегіз жыл салып барып Кирдің, кегін қайыру үшін тағы да ұлы сақ ордасына шабуыл жасағанда Тұмар ханымның аты аталмайды. Соған қарағанда, жыл қайыруымыздан бұрынғы 518 жылдан бұрын Жер - Ананың қойнына кірген сияқты (Жұртпаев; 1994; 180 б). Халқы батыр ананың ерлік істері жайлы жыр-толғаулар жазып, есімін жыр-дастандарға қосып отырған. Аталған жыр-дастандарда Томирис патшайымның аты ержүрек әйел деген атаумен ғасырдан - ғасырға жетіп, ұлан ғайыр далада ғасырдан-ғасырға жетіп, мәңгілік жасай бермек.

Ел басқарған, мықты, батыл сақтардың патшайымдары жайлы сөз қозғалғанда, Томирисінің ізін жалғастырған б.з.д 558-518 ж.ж өмір сүрген Зарина патшайымның аты еске түседі. Ертедегі сақтардың тайпасын билеген патшайым, сақ патшасының қызы, Мермер қолбасшысының әйелі, Роксонаки қаласының билеушісі. Бұл қала Сырдария жағалауында, содан соң Сығанақ қаласының негізі қаланған аймақта орналасқан. Патшайым Роксонаки елді-мекенінде қырық қыздап мекендейтін өзінің жауынгерлерін дайындаған. Кейбір жазбаларда «амазонка» қыздарын Зарина басшылық еткен деген мәліметтер көп. Сақтар өздерінің салты бойынша 13 жасынан бастап қыздарын мергендік шеберлікке, найзаласу, қылышты дұрыс сермеу сияқты соғыс өнерлеріне баулыған. Амазонкаларға өзін ұрыс алаңында шеберлігін көрсетпей тұрып күйеуге шығуға рұқсат етілмеген. Барынша олар өз ар-намыстарын өздері қорғап, барлық жағдайдан еркектерсіз шығып отыратын болған. Сыннан өту жылдарында амазонкалар өз азығын аңшылықпен тапқан. Бірақ, Зарина ханшайым және «амазонкалар» жайлы сақталған еңбектерде бір-біріне мүлдем сәйкес келмейтініне көз жеткіземіз. Гректердің ғалымдары Ктесийдің, Геродоттың еңбектерінде сақ тайпасының қыздары ержүрек, рухы мықты болғанын жазбаларында қалдырған. Тіптен, мергендік өнерін, қылыштасып шайқаса алмаған, найзаларды лақтыра алмаған қыздарды, осы әдістерді үйренгенше тұрмысқа бермейтін болғаны туралы жазбаларды бірнеше дереккөзден кездестіруге болады. Скифтердің өз батылдықтары мен әскери күштілігінің арқасында көптеген өңірлер мен халықтарды жаулап алып, өздеріне бағынышты еткен (Қасымғожин, 2007: 128 б).

Соғыс уақытында әйелдер барлық жанұясын, майдандағы жауынгер- сарбаздарды да аңшылықпен айналысып, тамақпен қамтамасыз етіп отыратын болған. Негізінде, сақ тайпасының негізгі қарсыласы – парсы елі болған. Зарина атауының парсы елінің есіміне байланысты айтылады. Парсы ханзадасы Стриангейдің ұсынысынан бастартып, өзінің тұрмысқа шығуының сақтардың тәуелсіздігін жоғалтуымен бірдей болатындығын түсініп, ханзадаға тұрмысқа шығудан бас тартады. Ол сүйгені үшін күйеуін құрбан етеді, Отаны үшін сүйгенінен де бас тартады. Мәселен, «Маған жүздеген және мыңдаған адамдардың өмірі бір асып – тасқан қолбасшының өмірінен анағұрлым қымбат! Босатындар парсы ханзадасын!» - деп бұйырады.

Зарина жайлы мәліметтер ерте кезеңдегі тарихшылар Диодор, Ктесий жазба деректерінде көрсетіледі. Заринаның атауы ертедегі Ассирия, Мидия жерлерінің Азиямен біріккен туралы айтылып келген болатын. Сақ тайпасының патшайымы Зарина айбындылығымен, сұлу - көркімен сонымен қоса ақыл – парасаттылығымен ерекшеленген. «Қазақ халқының тарихи тұлғалары» деген жинақта Зарина патшайымның тарихтағы рөлін ерекше айқын баян етілген. «Сақтардың жер аумағына көзін алартқан көршілес тайпа-рулардың біразын жеңіске ұшыратып, халықтың хәлауалын жоғарлатып, бірнеше зәулім шаһарлар салдыртқан. Заринаның ғашығы арасындағы хикаядан туындаған «Зарина және Стриангия» жайлы эпоста баршылық. Жырдағы мазмұн біздерге түп нұсқада жетпегенмен, ержүректік, айбынды жыр нұсқасында жеткені белгілі. Зарина дүние салғанда елі патшайымның құрметіне үшбұрышты пирамида орнатқызып құрметтеген. Орыстың ғалымы В.Н.Татищев ұйымдастырған энциклопедия да патшайымның алтынмен қапталған мүсіні бары туралы мағлұматтар бар (Қазақ халқының тарихи тұлғалары, 2014: 22 б).

Сонымен қатар, қазақ асыл аналарының бірі Ұмай ана (б.з.б II ғ.). Қазақтың көне тарихында әулие атанған тұңғыш әйел, қазақ әйел-келіндерінің сиынатын тұңғыш енесі. Ерте кездегі түркілер мифологиясында әлемдегі әйел - ана мен жер - ананы сипаттайтын, тұқымды көбейтетін және бала тудыратын әйел тәңірісі бастауын сипаттаушы Құдай - әйел, көбею мен бала туғызушы Құдайы. Алғашқы жазба деректерде Ұмай аты түркі әскерлеріне жеңіс алып келуші әйел - құдай есімі түрінде

ұсынылды. Ұмай атауы солтүстік Моңғолияда Тоныкөк пен Күлтегін құрметіне қойылған көне түркі жазба нұсқаларында кездеседі. Ұмай аты тәңірлік қасиеті дәлелдеуді қажет етпейтін қатун - патшайымдардың лауазымдарына қосылған. Ұмай атының еркекке тән Ұмай - бек лауазымының құрамында келуі патриархқа аналық басқару берілуін көрсетеді. Ұмайды үй ошағын сақтаушы және оның иесі ретінде тану кеңінен тараған. Қазақтарда өз таңдаулысының босағасын аттаған келін ошаққа Ұмай - ана рухы өмір сүретін орын ретінде сәлем жасаған. Түркі халықтары этнографиясында бұл - Тәңірдің отбасылық - тұрмыстық дәстүрлік деңгейі Ұмай бейнесінің ертеде және Орта ғасырларда кеңінен қолданылған маңызын жоғалтқандығының куәсі іспеттес (Көпіш, 2016: 22 б).

Сондықтан да тарихта өзіндік іздерін қалдырған қайраткер батыр аналардың қадір-қасиетін өскелең ұрпақтың ой санасына сіңіріп, ұлттық құндылықтарды ұлықтауға ат салысқан жөн (Мұқтар, 2013: 4 б).

Қазіргі Қазақ жерінен талай ғасырлар көшінің керуені өткені мәлім. Қай кезеңдегі батыр, ержүрек аналарымызды алсақта, тарихта тереңінен із қалдырып, өз үлестерін қосып, келешек ұрпаққа үлгі - өнегелі істерін қалдырып кетті. Біздің заманымыздан алдыңғы мыңжылдықтар тарих қойнауында қалса да, олардың тарихы ұрпақтан – ұрпаққа аңыз болып, бүгінгі ұрпақ үшін қазақ жерінде мемлекеттіліктің қалыптасуына ықпал етті. Тарихтың осы көші, осы күні бүгінде адамзат ғұмырындағы ХХІ ғасырға ат басын келіп тіреп тұр. Мыңжылдықтар артта қалып, тарих өзгеруде. Көне дәуірден бастау алып келгенмен, күні бүгін өз егеменді кезеңіне көтерілген Қазақстанның арғы - бергі тарихында елі, жері, халқы үшін жанын қиған, бар өмірін сарп еткен батыр әйелдер ел есінде. Қазірде біз осындай ұрпақтарды тәрбиелеп, бойларына батырлық қасиет пен елін, жерін қорғайтын намысты жастарды шыңдап келеміз. Рухы биік болған аналарымыздың даналығы мен ерлік істері жайлы ақиқаттар қанша ұрпақ алмасқанда да ескірмей, саф алтын секілді жарқырап, ғасырдан ғасырға жетуі бүгінгі ұрпақтың бойынан ұлттық рухты асқақтатып бүгінгі өркениеттің қалыптасуына ықпал етеді.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

- Жұртпаев Т. Дулыға. -1-кітап. – Алматы: «Жалын баспасы», 1994. -360 б
- Геродот. «История» в девяти книгах. Издательства наука ленинградское отделение Ленинград, 1972. 4-кітап. -598 б.
- Нұржекеұлы Б. Жүз жиырма тұңғыш. - Жинақ. - 1- кітап. - Алматы: «Жалын баспасы», 2005. – 320 б.
- Көпіш Ә. Қазақ халқының тарихи тұлғалары. -3-кітап. -Аңыз аналар мен ару қыздар. - Алматы: «Өнер», 2014. -424 б.
- Қазақ халқының тарихи тұлғалары: Қысқаша анықтамалық / Құраст: Көпіш Ә. - Алматы: «Өнер» баспасы, 2016. 3-кітап. -424 б.
- Қазақтар.Көшпелікке арналған тоғыз томдық анықтамалық, -II том. -Тарихи тұлғалар. -2-ші басылым. -Алматы: «Білік» баспа үйі, 2003.- 460 б
- Бегалиева А.А. Ұлы даланың ұлағатты қыздары // «Қазақ қызы: өткені, бүгіні, ертеңі» Халықаралық ғылыми-практикалық конференцияның материалдары; 21-22 қараша 2003 жыл II ТОМ, 272 бет.
- Мұқтар Ә.Қ. Тарих айдынындағы тұлғалар. Ғылыми мақалалар жинағы. 2-ші кітап. -Алматы: «Арыс» баспасы, 2013. - 288 бет
- Алғы сөз // «Қазақ қызы: өткені, бүгіні, ертеңі» Халықаралық ғылыми-практикалық конференцияның материалдары; 21-22 қараша 2003 жыл I ТОМ, 6 бет
- Қасымғожин Д.Т. Скиф - сақ тайпаларының қоғамдық құрылысының зерттелу мәселелері // Қазақ мемлекеттік қыздар педагогика институты. Хабаршы №2 (2), 2007. Б.125-129.

СЫНЫПТАН ТЫС ТӘРБИЕ ЖҰМЫСЫНЫҢ МӘНІ МЕН МАЗМҰНЫ

А.К. Садыкова¹, Қ.Ә. Базаров², Б.Т.Нұрбеков³

¹*тарих магистрі, М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университетінің аға оқытушысы*

^{2,3}*студенттер М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті*

М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті

(Тараз қ., Қазақстан) E-mail: e-mail: asemakazpri@mail.ru

Бүгінгі таңда ұлттық мәдениет, тіл, әдет-ғұрып, салт-дәстүр әдебиетінің тағдыры мен болашағы жас ұрпақты мектепте тәрбиелеуге байланысты.

Тәрбиедегі басты бағыт: "әр адам, ең алдымен, ол өз халқының Президенті, Ұлт болашағы тәуелді өз Отанының азаматы болуы керек екенін есте ұстауы керек". Бұл тұжырымға көбінесе ұлттық салт-дәстүрлер көмектеседі. Олар арқылы ол жалпы адамзаттық әлемге еніп, өз халқының игілігін басқа халықтарға жақын және түсінікті ете алады. Сондықтан әрбір ұрпақ өз уақыты мен өткенінің, объективті факторлардың талаптары негізінде жас ұрпақты өмірге дайындауға, оны жинақталған тәжірибеге тәрбиелеуге, ата-бабаларының рухани мұрасын игеруге тиіс[1].

Бұл кәсіби шеберлікпен ұйымдастырылған мектептің білім беру жүйесі арқылы жүзеге асырылады. Мектептен тыс білім беру жүйесі осы мектептің өзіндік ерекшелігі негізінде құрылған білім беру тұжырымдамасымен анықталады.

Жеке тұлғаның формальды дамуы үздіксіз екенін білеміз. Оны жүзеге асыру тек сабақ жүйесінде ғана емес, сонымен қатар сабақтан тыс уақытта да жүргізілетін әртүрлі тәрбиелік іс-әрекеттермен байланысты. Ол әдетте сыныптан тыс және мектептен тыс жұмыстарға бөлінеді.

Сыныптан тыс тәрбие жұмысы-жеке тұлғаның әлеуметтік қалыптасуын қамтамасыз етуге жағдай жасайтын, мұғалімдердің басшылығымен ұйымдастырылған сабақ мақсатында өзара байланысты тәрбие жұмысының дербес нысаны. Бұл әртүрлі тәрбиелік әрекеттердің жиынтығы ретінде балаға кең тәрбиелік әсер етуі мүмкін. Біріншіден, сабақтан тыс жан-жақты іс-әрекет баланың сабақта мүмкін емес жан-жақты жеке қабілеттерін ашуға ықпал етеді [2].

Екіншіден, сыныптан тыс тәрбие жұмысының әртүрлі түрлерімен айналысу баланың жеке әлеуметтік тәжірибесін белсендіреді және жетілдіреді, оның адами құндылықтарға негізделген білімін байытады, қажетті практикалық дағдылар мен дағдыларды қалыптастырады.

Үшіншіден, сыныптан тыс әр түрлі тәрбие жұмыстары оқушылардың әр түрлі іс-шараларға қызығушылығын дамытуға, оларға белсенді қатысуға деген ынтасын тәрбиелеуге тиімді ықпал етеді [2]. Егер бала жұмысқа тұрақты қызығушылық пен белгілі бір практикалық дағдыларды қалыптастырса, онда ол тапсырманың нәтижелі орындалуын өз бетінше қамтамасыз ете алады. Бүгінгі таңда бала бос уақытын қай іске арнайтынын білмейді, бұл оның негізінде жастар арасындағы қылмыстың өсуіне әкеледі. Сондықтан бұл өте өзекті мәселеге айналады.

Төртіншіден, сыныптан тыс тәрбие жұмысының әртүрлі формалары баланың жеке қабілеттерін ашуға ғана емес, сонымен қатар студенттер тобында өмір сүруге де үйретеді. Яғни оқу, Еңбек және әлеуметтік пайдалы істерді орындауда өзара ынтымақтастыққа, бір-біріне қамқорлық жасауға, өзін басқа жолдастардың орнына қоюға тәрбиелейді. Сабақтан тыс іс-әрекеттің кез-келген түрінде болса да, танымдық, спорттық, Еңбек, әлеуметтік пайдалы, оқушылардың белгілі бір саладағы өзара әрекеттесу тәжірибесін байытады, нәтижесінде үлкен тәрбиелік нәтижеге қол жеткізуге ықпал етеді. Мысалы, балалар бірге спектакль қояды делік, онда олар өзара әрекеттесу тәжірибесін алады [3]. Егер сыныпта команда жұмыс істесе, онда ол бірлескен өзара әрекеттесу тәжірибесін алады. Бесіншіден, сабақтан тыс тәрбие жұмысын ұйымдастыру мен өткізуде уақыт бойынша қатаң шектеулер жоқ. Сынып жетекшісі оның формалары мен әдістерін, құралдары мен мазмұны мен бағытын таңдауға ерікті. Бұл, бір жағдайда, оған көзқарасы мен сенімі тұрғысынан әрекет етуге мүмкіндік береді, ал екінші жағдайда-оның жауапкершілігін арттырады. Сонымен қатар, ол шығармашылық белсенділікті қажет етеді [2].

Алтыншыдан, сабақтан тыс тәрбие жұмысының нәтижелерін күнделікті бақылау мүмкіндігінің болмауы. Себебі ол тек оқушылардың жалпы жетістігі мен жеке даму деңгейін бақылауға мүмкіндік береді. Тиісінше, кез-келген форманың немесе әдістің нәтижесін бірден анықтау өте қиын. Бұл мүмкіндік сынып жетекшісінен табиғи жағдайда жұмыс істеуді, балалармен қарым-қатынаста немқұрайдылықты болдырмауды және оның нәтижесін бағалауда шиеленісті жағдайдың болмауын талап етеді.

Жетіншіден, сабақтан тыс тәрбие жұмысы оқушылардың бос уақытында (үзілістерде, сабақтан кейін, мереке немесе сенбі және жексенбі күндері, демалыс күндері) мүмкіндіктеріне сәйкес ұйымдастырылады. Бұдан басқа, оған ата-аналар мен жұртшылық өкілдерінің кең ауқымы тартылатын болады. Сыныптан тыс тәрбие жұмысының мақсаттары мен міндеттері тұтас педагогикалық үдерістің-білім беру, тәрбие және дамыту қызметінің ерекше сипатын береді [4].

Білім беру іс-әрекеті оқу іс-әрекеті сияқты басымдыққа ие бола алмайды. Ол сабақтан тыс тәрбие жұмысында білім беру және дамыту қызметін нәтижелі жүзеге асыруда көмекші рөл атқарады. Осыған байланысты сабақтан тыс тәрбие жұмысының білім беру қызметі ғылыми білім мен оқу дағдылары жүйесін қалыптастыруды көздемейді, бірақ ұжымдық өмірді, қарым-қатынас мәдениетін және т.б. үйретеді, балаларда белгілі бір мінез-құлық дағдыларын қалыптастырады.

Сабақтан тыс тәрбие жұмысының дамуы ерекше мәнге ие. Бұл оқушының психикалық процестерін, белгілі бір іс-әрекетке байланысты оқушылардың жеке қабілеттерін дамытуды қамтиды. Осыған байланысты баланың жасырын қабілеттерін анықтау, оның бейімділігі мен мүдделерін дамыту мақсаты болып табылады. Егер студент бір нәрсеге қызығушылық танытса, онда мұғалім осы мәселе бойынша қосымша қызықты ақпарат береді, оқуға қосымша әдебиеттер ұсынады, оған жағдай жасайды, сонымен қатар оның қызығушылығын арттырады.

Мұндай жұмысты орындауда белгілі бір нәтижеге жету үшін оның мақсатын нақты анықтау қажет. Мысалы, мұғалім студенттермен " қонаққа барған кезде қандай мінез-құлық ережелерін сақтау

"қажеттілігі туралы сөйлесуді жоспарлап отыр делік, бұл үшін оның мақсаты баланың" мінез-құлық ережесі"туралы білімін кеңейту болып табылады. Бұл тәрбие жұмысының білім беру қызметін анықтайды. Яғни, қонаққа барған кезде баланың белгілі бір мінез-құлық ережелерін ескеруін қалыптастыру; этикалық нормаларды сақтауға үйрету; "мінез-құлық нормалары" этикалық түсінігін қалыптастыру; бір сыныптағы балалар кездесетін "мінез-құлық нормаларына" қатысты кейбір жағымсыз әрекеттерді талқылауға арналған тапсырмалар түрі [5].

Осы бағыттағы жұмыстың мақсатын, міндеттері мен қызметін анықтау бойынша жұмыс оның мазмұны мен формасын таңдауға ықпал етеді.

Тәрбие жұмысының мазмұны әлеуметтік тәжірибеге бейімделген адамның өмірдің әртүрлі салаларында: ғылымда, әдебиетте, техникада, қарым-қатынаста, адамгершілік келбетінде бастан өткерген және жүзеге асырған жағдайларын қамтиды. Осыған байланысты сабақтан тыс тәрбие жұмысы мазмұнының ерекшеліктері сипатталады.

Біріншіден, сабақтан тыс тәрбие жұмысының мазмұны баланы өз сезімдеріне, әсерлеріне назар аударуға міндеттейді (сезім арқылы ақыл-ойға әсер етеді);

Екіншіден, ол баланың практикалық іс-әрекетін ұйымдастыруды қамтиды (әр түрлі дағдыларды жетілдіру);

Үшіншіден, жаңа білім іздеу, сабақтан тыс түрлі тәрбие жұмыстарын жүргізу кезінде өз бетінше жұмыс істеу дағдыларын пысықтау;

Төртіншіден, коммуникативті дағдыларды тәрбиелеу (ұжымда өмір сүру, ұжымда қоғамдық пайдалы істермен айналысу және т.б.);

Бесіншіден, этикалық нормаларды сақтауға дағдыландыру;

Сабақтан тыс іс-әрекеттің ерекшелігін анықтау кезінде Н.К. Крупскаяның еңбектерінде әзірленген оның негізгі принциптері және қазіргі жағдайда, әрине, түзетуді қажет ететін тәрбиенің жалпы принциптері басшылыққа алынады. Тәрбиенің даму теориясының диалектикасы мынада: балалар мен мектеп тәрбиесі тәжірибесінің негізінде пайда бола отырып, ол өзінің объектісіне-тәрбиеге, оның барлық заманауи әртүрлілігіне, тәрбие мәселелерін кең мағынада қамтуға, бір жағынан бірнеше жаңа ғылыми-педагогикалық бағыттардың пайда болуына және ғылыми синтезге әкелуі керек. Екінші жағынан-кең педагогикалық теория құру. Әлеуметтік қызмет ретінде пайда болған мектептен тыс жұмыс әр түрлі іс - шаралар мен педагогикалық менеджерлердің басқа құралдарының арқасында әлеуметтік-педагогикалық мәртебеге ие болды.

Сыныптан тыс жұмыста оқушыларды ұлттық тәрбиеде келесі принциптерді басшылыққа алады:

- балаларды қызығушылықтары бойынша ерікті түрде біріктіру негізінде сабақтың жаппай өткізілуі және қажеттілігі, олардың уәждемесі мен белсенділігін дамыту;

- қызметтің қоғамға пайдалы бағыты: мектептен тыс жұмыстың әртүрлі формалары; балалардың жас және жеке ерекшеліктерін ескеру. Бұл қағидаттар сабақтан тыс іс-әрекеттің іс-әрекетін іске асыра отырып, сыныптан тыс жұмыстың мынадай ерекше белгілерін сипаттайды: балалардың сыныптан тыс жұмысқа жаппай және ерікті қатысуы; оқушылардың қызығушылығына және белгілі бір қызмет түріндегі бағытына қарай саралануы; практикалық міндеттер мен қызметтің жақын нәтижелерін қою; қарым-қатынас пен қатысу салаларының алуан түрлілігі; уақытша сыныптан тыс ұжымның құрылымы, өзін-өзі тану, өзін-өзі тану және өзін-өзі жетілдіру негізінде ересектер мен балалардың субъективті-объективті қарым-қатынасы, қоғамымыздың түрлі кәсіптері мен салаларының өкілдерін, педагог қызметкерлерді байланыстыратын ерекше педагогикалық ұжым, сыныптан тыс жұмыстың әдістемелік бағыттылығы, жеке және ұжымдық шығармашылықтың бірлігі [6].

Сыныптан тыс жұмыстарда мұғалімдер белгілі бір әлеуметтік мәдениеттегі балалардың қабілеттері мен мүдделерін дамытумен айналысады, ал тәрбиеші ролінде олардың дүниетанымы, өзіндік тәжірибесі мен дағдылары арқылы жасөспірімдерді әлеуметтік-шығармашылық қызметпен таныстырады, белгілі бір әлеуметтік жағдайларда өмір сүруге және жұмыс істеуге үйретеді, әлеуметтік тәрбиенің мақсаттарын жеке тұлғаның өзін-өзі дамыту мақсаттарымен тығыз байланыстырады. Осылайша, жеке тұлғаны тәрбиелеудің мақсаты, бір жағынан, қоғамды өзін-өзі дамыту жолына қою, екінші жағынан, қоғам өзінің әр мүшесінен күтетін міндет пен мақсатты үйлестіру болып табылады.

Мұндай жағдайда өз қоғамының мәдени құндылықтарымен қаныққан және оның идеяларын қабылдаған азаматты тәрбиелеу жеке адам мен қоғам арасындағы үйлесімділікті тудырады.

Бірақ өсіп келе жатқан жеке тұлғаға мақсатты әсер ететін әрбір білім беру институты, егер бір жағынан, ол басқа институттармен өзара әрекеттессе, екінші жағынан, жеке тұлғаны құрудың

маңызды аспектілерін игерсе, тиімді нәтиже алады. осы процесте адам өзінің қызметін белсендіре алады.

Сабақтан тыс тәрбие-бұл кіші мектеп оқушылары мен жасөспірімдерді ғылымның, техниканың, мәдениеттің, өндірістің әртүрлі салаларына дайындаудың қоғамдық орындылығына негізделген кең және динамикалық жүйе. Бұл өзіндік ерекшелігі мен педагогикалық процестің екі субъектісінің-тәрбиеші мен оқушылардың өзара байланысы бар көп қырлы және көп қырлы жүйе. Ол (жүйе) оқушылардың қоршаған ортаға белгілі бір қатынасын құруда олардың өмірін ұйымдастырудағы мақсатты білім беру іс-әрекеттері жүйесіндегі Ішкі жүйе ретінде әрекет етеді. Оның негізгі компоненттері: қызмет субъектісі; мақсаттылық, мақсаттылық, пәндік-практикалық бағыттылық; процестің нақты әрекетін ұйымдастыру және қамтамасыз ету; нәтижелілік болып табылады.

Сабақтан тыс іс-әрекеттің тәрбиелік қызметі-Жеке және қоғамдық қажеттіліктердің өзара байланысы негізінде базалық (мектептегі) дайындық пен мектептен тыс сабақтар арасындағы сабақтастық; жеке тұлғаны тәрбиелеудегі әртүрлі тараптар мен тәрбиелеудің кешенді тәсілдері арасындағы өзара байланыс, келісу, білім мен практикалық іс-әрекеттерді меңгеру процесінде оқушылардың белсенділігі мен шығармашылығының, дербестігі мен педагогикалық ықпалының өзара байланысы; оқушыларға сараланған көзқарас және балалардың жасы мен тәжірибесін есептеу-бұл әртүрлі жастағы уақытша ұжымның мүмкіндіктерін, мұғалімдердің балалар қажеттіліктерін ашу.

Сабақтан тыс іс-әрекеттің білім беру жүйесі жеке тұлға сапасының дамуының әр түрлі деңгейіндегі жасөспірімдерге сараланған көзқараспен сипатталады.

В.В. Белова., Т.И.Щукинаның зерттеулерінде жасөспірімдердің танымдық қызығушылықтарының даму сатысына байланысты іс-әрекеттерді ұйымдастырудың бірнеше деңгейлері көрсетілген: біріншісі-репродуктивті және имитациялық белсенділік, оның көмегімен жасөспірімдер үлгілерді игереді, осылайша басқалардан тәжірибе алады: екінші іздеу қызметі мұнда жетекші тапсырманы орындайды, ал жасөспірімдер оны шешу жолдарын өздері іздейді; үшінші шығармашылық қызмет мұнда жасөспірімдер анықтаған есепке сәйкес өз шешімдерін жүзеге асырады және жасөспірімдер үшін сапалы жаңа құндылықтар жасалады. Виноградова М. д., Масакова В. И., и. Б. Первин және т. б. оқушылардың шығармашылық даралығы туралы зерттеулер жеке тұлғаның шығармашылық әлеуетін дамытудың құнарлылығы әлеуметтік құнды жеке шығармашылық мүмкіндіктер мен тапсырмаларды шығармашылық орындаудың ең жақсы жолын таңдау және жаңаларын құру мүмкіндігі екенін растады. балалардың әртүрлі талаптарын тоқтату процесінде. Сыныптан тыс жұмыс жағдайында үйірменің ұжымдық іс-әрекетін шығармашылық қанықтыру дайындықсыз балаларда жауап табады. Әр түрлі шығармашылық белсенділік мектептен тыс ұжымдағы балалардың рөлі мен бағытын өзгертуге ықпал етеді.

Сабақтан тыс іс-шаралар жалпы білім берудің ішкі жүйесі ретінде балалармен жұмысты педагогикалық ұйымдастырудан ерекшеленеді. Біріншіден, бұл жасөспірімдерді біріктіретін, олардың дағдылары мен күрделілігін көрсетуді талап ететін пәндік-практикалық қызметтің жаппай және топтық формалары. Бұл, негізінен, кешенді ойындар-конкурстар, шығармашылық мерекелер, конкурстар, фестивальдар және т. б. оларға қатыса отырып, баланың таңдау мүмкіндігі пайда болады [4].

Танымдық, рақым, көңілді үйлестіретін жұмысқа қатысудың еріктілігі барлығына, соның ішінде балаларға да өз күштерін сынап көруге, ләззат алуға, өз жетістіктерін жолдастарының жетістіктерімен салыстыруға жағдай жасайды. Екіншіден, бағытталған мүдделер мен мүмкіндіктерге сәйкес жүйелі қызметпен айналысқысы келетін балаларға арналған үйірмелер, секциялар, студиялар, зертханалар және басқа да шығармашылық бірлестіктер. Ұйымдастырудың мұндай формалары барлық жасөспірімдердің қабілеттері мен дайындықтарына қарамастан қатысуға мүмкіндік береді.

Жасөспірімдерге арналған жұмыстардың неғұрлым дайындалған нысандары мен түрлеріне оқушылардың ғылыми қоғамы, ғылым, техника, экспедициялар (археологиялық, геологиялық, фольклорлық және т.б.) әуесқойларының жазғы мектеп – лагерлері жатады. Сабақтан тыс жұмыстарды ұйымдастырудың барлық ұқсас әдістері балаларға дифференциалды әсерді ескере отырып бір уақытта қолданылады

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Назарбаев Н.Ә. “Қазақстан -2030: Ел президентінің Қазақстан халқына жолдауы” Егемен Қазақстан №194, 1994
2. Омар Е.О. Қазақстандағы мектептен тыс мекемелердің қалыптасуы мен дамуы (1917-1990жж): дис. докт. пед. наук: 3.00.01.-Алматы, 2002. 215б
3. Мектептен тыс ұйымдар туралы ереже. - Алматы, 2012.
4. Бұзаубақова К. Жалпы орта білім беретін мектепте сабақтан тыс жұмыстар өткізу барысында оқушыларға экологиялық білім беру мен табиғат қорғауға тәрбиелеудің педагогикалық шарттары: пед. ғыл. канд. дис. автореф: 13.00.01. - Тараз, 1997. -213 б.

5. Ұзақбаева С.А. Қазақ халық шығармашылығының балалар мен жастарға тәрбие берудегі мүмкіндіктері. -Алматы: РБК, 1994. -104 б.

6. Қалиев С. Қазақ энопедогогикасының тарихы (кеңестік дәуір-1920,1990 жж), -Алматы: «Білім», 1999, 256- бет.

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ – АДАМГЕРШІЛІК БАСТАУЫ

Б.А. Пазилова¹, А.С. Оразбаева²

¹ магистр, аға оқытушы, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті,

² магистр, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінің аға оқытушысы
(Алматы қ., Қазақстан) E-mail: alima.oralbayeva@gmail.com

«Рухани жаңғыру әр адамның өзінен басталмақ. Өмір сүру үшін өзгере білу керек. Оған көнбегендер тарихтың шаңына көміліп қала береді»

Н.Ә.Назарбаев

Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласы елді елең еткізгені сөзсіз. Ең бірінші әрдайым еліміздің тұтастығы мен береке-бірлігіне сызат түспеуін тілейтін жергілікті жұрттың көңіліне майдай жаққан ой-орамдары қалың бұқараның жүрегінің төрінен орын алды. Осыдан болар, Елбасы мақаласы әлеуметтік желіде толқын туындатты [1].

Осы уақытта - әр қазақтың түбегейлі өзгертін, ойын, жан сарайын жаңғыртатын шағы. Уақыттың ұтымды шағында уысымызға түсіп тұрған тарихи мүмкіндікті қос қолымызбен қолдау таныып, заман көшіне ілесудің барлық шараларын қамтып қалу керек екенін түсінгенуіміз қажет. Осы тұста бір сілкінбесек, бір серпілмесек, халықтымызға да, елдігімізге де сын болары хақ. «Ұлттық кодымызда» тамаша қасиеттерімізбен қатар, әттеген-ай дегізетін кемшеліктеріміздің де бар екенін жасыра алмаймыз. Ондай кемшіліктердің басым көпшілігін өз уақытында хақім Абай да айтып кеткен. Бір қынжылтатыны, әлі күнге дейін «мал шашпақызы». Қуанышта да, өлім-жітімде де жылқы сойып, той-тойлап, аста-көк ас береміз.

Олай болса, жастар, «Рухани жаңғыру өзімізден басталады» демекші, көп сөзді доғарып, еңсемізді тік ұстайық! Әрқайсысымыз өзімізге бір-бір міндет жүктейік! БІнтымағымызды ыдыратпай, бірлігімізді жоғалтпай, әр істі жұмыла бірігіп атқарсақ, ауыр жүгіміздің жеңілдері анық. Біздің міндетіміз жаңа ағымдардан және технологиялық үрдістен хабардар болып, өмірдің ағысынан қалып қоймау.

Елімнің ертеңі жарқын болсын! Лайым, көгілдір туым мен қасиетті көк байрағым бейбіт көгімде желбірей берсін деген жүрекжарды тілегім бар! [2].

Ал рухани жаңғыру – ол тәрбие бастауы десе болады.

Адам тұрмысынан жамандыққа үйір емес. Жақсылық адам бойына бала кезден егіледі. Ол жылдар өте келе өніп шығады. Жақсылық өнімнің шыққаны немесе оны жамандықтың арам шөптері басып кеткені - сонда ғана белгілі болатыны анық.

Ізеттілік пен сыпайылық сияқты адамгершілік түрлері отбасынан басталады. Адамгершілік қасиет ең бірінші баланың өз отбасын сыйлауынан келіп яғни, әке шешеге ешқашан дауыс көтеруге, сөз қайтаруға болмайтын білдіреді. Ата-анасын сыйламаған адам басқа біреуді де сыйлап қарық етпейді. Ата - ананы ренжітпеу – әрбір баланың өмір бойғы міндеті. Адам қандай жоғары лауазымда қызметте жүрседе ізеттілік пен сыпайылықты жоғалтпауы тиіс.

Кейде шіркін бір өзіне бірнеше мемлекет сыйып кететін ұлан-байтақ жерді ата-бабамыз сан ғасырлар бойы қанаттыға қақтырмай тұмсықтыға шұқтырмай қалай аман сақтаған деп танданамыз. Шынында талай зобалаң кезеңді бастан кешірген қазақ елі "Найзаның ұшымен, білектің күшімен" өз жер көлемін сақтап қалған. Отан дегеніміз - халық. Халық дегеніміз - адам [2]. Адамды құрметтеу оған жақсылық жасау. Ендеше отаншылдық-сонау ерте замандардан қалыптасып келе жатқан қасиетті сезім. Рухани жаңғыру аясында патриоттыққа тәрбиелеу ұлттық ерлік дәстүрлерге сүйене отырып, жас өскіннің ішкі жан дүниесі, ой санасы мен сезімін дамытып, қалыптастыруға бағытталуы тиіс. Бұрын-соңды даму үрдісінде отансүйгіштік ұғымы бізде, негізінен, біртекті халықтың басын біріктіріп, бір мақсатқа жұмылдыруға қызмет етіп келгені белгілі. Рухани жаңғыру, Отанға деген сүйіспеншілік, туған жерге құрмет, патриотизм тұлғаның дамуындағы ең жоғарғы деңгейді көрсететін аса маңызды рухани игіліктердің бірі болып саналады.

Қазақстанның әнұраны орындалған шақта чемпион аталған спортшыларымыз сағыз шайнап тұрмай, ұлттың ұлы музыкасына қосылып, көзінен жас моншақтап тұрса, бүкіл елдің мәртебесі өсіп және оның әсері өте терең болар еді. Осы мемлекеттік рәміздерден басталған тәрбие тұлғалардың

қоғамдық бағыт-бағдарын айқындап, адамгершілік құндылықтарын қалыптастырып, әлеуметтік белсенділігін арттырып, өз іс-әрекеттеріне жауапкершілікпен қараса, Отан игілігі жолында қызмет етуге дайын болары сөзсіз.

Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты Жолдауында қозғалған бағыттарды кеңінен тарқатып, мемлекеттік идеологияны анықтайтын, көпшілікке түсінікті, рухани жаңғыртуға бағытталған құжат деп білемін. Мақаланы оқи отырып, оның әрбір сөйлемінде бүгінгіміз бен ертеңіміздің жарқын Қазақстанға апаратын нақты жоспар, мақсат көрсетілгендігін түсіндім [2].

Бала болашағы – бір отбасының ғана емес, бүкіл қоғамның, халықтың, тұтас бір ұлттың бүгінгі мен ертеңін жалғастыратын алтын көпірі, асыл мұраты іспеттес. Мектепке дейінгі ұйымдарда білім сапасын арттыру - аса маңызды мәселе, ол үшін жалпы және негізгі жағдайларды жақсарту - басты міндет болып табылады.

Ұлттық бірегейлікті сақтау Ұлттық жаңғыру деген ұғымның өзі ұлттық сананың кемелденуін білдіреді. Оның екі қыры бар. Біріншіден, ұлттық сана-сезімнің көкжиегін кеңейту. Екіншіден, ұлттық болмыстың өзегін сақтай отырып, оның бірқатар сипаттарын өзгерту [2].

Егемен еліміздің дүние жүзі елдерімен терезесі тең болуы үшін жастарымыз білімді, жан-жақты, дарынды да қабілетті болуы шарт.

XXI ғасыр – білімділер ғасыры болғандықтан, бүгінгі таңда заманымызға сай зерделі, ой-өрісі жоғары, жан-жақты дамыған ұрпақ қалыптастыру – мемлекетіміздің алға қойған аса маңызды міндеті болып тұр.

Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың: «Болашақ ұрпағымызды тәрбиелегенде оларға жастайынан имандылық пен сауаттылық қасиеттерді сіңіре білсек, тәрбиелесек сонда ғана біз рухы дамыған, Отанның гүлденуіне өз үлесін қоса алатын азамат өсіре аламыз» - деген сөзін басшылыққа алған біздің балабақша ұжымы бүгінгі таңда білім мен тәрбие жұмысын дамыту, өркендету барысында жұмыс жасап келеді [2].

Қазақстан Республикасының орта білімді дамыту тұжырымдамасында «Тәрбие үрдісінде қазақстандық патриотизм, гуманизм, адамгершілік идеяларын қалыптастыру негізінде құру керек» [3] деп баса көрсетті. Бала бойына адамгершілік тәрбиесін сіңіру мақсатында жалпы педагогтардың іс-тәжірибесінде қолданылып жүргені бәрімізге аян. Еліміздің ертеңі, ұлтымыздың болашағы – бүгінгі мектеп қабырғасында отырған бүлдіршіндер екені мәлім. Олардың қамын ойлау бәріміздің міндетіміз. Кез-келген мектептің мақсаты мен мұраты өркениетті елдердің қатарынан көріну, жер мен жер байлықтарын ысырапқа салмай игере алатын ұрпақ тәрбиелеу.

Біріншіден – ата-анасын қадірлейтін, Отанын сүйетін бала тәрбиелеу, екіншіден – ана тілін, тарихын, мәдениетін, салт-дәстүрін білетін, оны дамытатын ұрпақ тәрбиелеу, үшіншіден – халықтар достығын қастерлейтін, ел бірлігін сақтайтын ұл-қызды өсіру.

Қазіргі кезеңде ұлттық патриотизмнің басты көрінісі – қазақтың ана тілінде сөйлеуі, жас жеткіншектерге ұлттық тәрбие беру, ізеттілікке, қайырымдылыққа, мейірімділікке және құрмет көрсете алатын ұрпақты дамыту болып табылады. Өз халқын сүйіп, оның болашағын ойлаған адам басқа халыққа да солай қарайтын болады.

Қай заманда да болашақсыз қоғам жоқ. Сол қоғамды одан әрі дамытып, жетілдіретін – ұрпақ. Ал осыған лайықты ұрпақты тәрбиелеу ата – ананың, мұғалімнің және сіз бен біздің борышымыз. Уақыт талабының күннен күнге күшейе түсуі және қоғам өміріндегі өзгерістер оқу – тәрбиеге жаңаша көзқараспен қарауды талап етіп отыр, өйткені, бала - біздің болашағымыз, ұлт болашағы. Сондықтан, бала тәрбиесіне көп көңіл бөлуіміз қажет.

Еліміздің болашағы ұрпақ тәрбиесіне тікелей байланысты. Бүгінгі таңда жас ұрпақты болашақ қоғамның тұлғасы етіп тәрбиелеу, оның білім алып өмір сүруіне қажетті де қолайлы жағдай туғызу, жастардың рухани байлығы мен мәдениеттілігін жетілдіру, іскерлігі мен білімділігін арттыру қоғамның міндеті болып табылады.

Баланы ұлттық құндылықтарға тәрбиелеуде мектепке дейінгі ұйымдарда тәрбие бағытындағы жұмыстар жүйелі жоспарланып жүргізілсе бала тәрбиесіне қосқан үлесіміз де зор болмақ.

Ұрпаққа берілетін ең өзекті идеясына халықтың адами қасиеттері тұғырлы болуы тиіс. Қай халық болсын өзіне ғана дараланып тұратын ерекшелік ол - тәрбие. Тәрбие - мәңгілік және адамзаттық. Бұл ерекшеліктер ғасырдан ғасырға, ұрпақтан ұрпаққа мирасқа жалғасады. Осы заманғы адамгершілік тәрбиесі жекелеген бағыттарға емес, адамгершілік құндылықтарға негізделеді. Адам – ең әуелі өзінің адамгершілігімен, парасатының биіктігімен көрікті. Мәдениеті жоғары, адамгершілігі терең адам айналасындағылармен қарапайым қарым-қатынас жасайды.

Ал келешек ұрпақтың бойына адамгершілік қасиеттерді сіңіру ата - ана мен ұстаздардың басты міндеті. Адамгершілік әр адамға тән асыл қасиеттер екені белгілі. Адамгершіліктің қайнар бұлағы-

халқында, отбасында, олардың өнерлерінде, әдет – ғұрпында болып келеді. Әр адам адамгершілікті күнделікті тұрмыс-тіршілігінен, өзін қоршаған табиғаттан бойына сіңіреді.

Баланың ісі дұрыс екенін қоштап, оң бағыт беріп, теріс жерін дер кезінде түзетіп, демеп жіберу ата - ана мен тәрбиешіге жүктелері анық. «Адам бойында жақсы қасиеттер көп болса, оған бақ та, бақытта қонады» деген сөзге сүйенсек, жағымсыз қылық - қасиеттер болса одан арылтқанымыз жөн. Көптеген қайырымды істер жасап, жақсы мінез - құлықты өн бойына жинап, ақылдылық танытсаң, міне адамшылдық деген осы.

«Бұтағымен ағаш сымбатты, ұрпағымен адам қымбатты» деген қазақ даналығында саналы сыр бар. Осы қағиданы берік ұстаған ата-бабаларымыз ұрпақ жалғастығын, үбірлі-шүбірлі болуды, өмірдің мақсаты, мұраты санаған. Асыл қазынаға жол бастап зерделі ұрпақ тәрбиелеуде, ата-анамен педагогтардың аянбай еңбектенгені абзал. Қорыта айтқанда, рухани жаңару арқылы әлем мойындар табысты ел болып, жарқын болашаққа деген сенім мен үмітті үндестіре отырып, жас ұрпақты болашақ қоғамның тұлғасы етіп тәрбиелей отырып, баршамыз бірлік туы астында бақытқа бірге жетейік!

Ал рухани-адамгершілік білімнің қазіргі әлемдегі басымдылығы «Рухани кәусәр бұлаққа барар жолды іздеу-әр адамның міндеттерінің міндеті» деген Сара Алпысқызының сөзін мақалама негізгі арқау ете отырып, бүгінгі таңда жас ұрпақты рухани адамгершілік білімнің нәрімен сусындатып, әрбір баланың, әрбір адамның жүрегіне ізгілік нұрын құйып, рухани-адамгершілік тәрбие беру. Өскелең ұрпақты рухани-адамгершілік қасиеттерге тәрбиелеу мәселесі әрқашан өзекті болып отыр [4].

Адамның рухани және мәдени жиынтығы, яғни, көненің көзі, ата - әжелер даналығы. Бала-әлемдегі ең таза асыл жан. Оның ойының тазалығы, арының тазалығы оның қоршаған ортасына байланысты болмақ.

Тәрбиенің жалпы негізі-рухани азаматтық құндылықтары болуы керек. Рухани-азаматтық құндылықтар үлкен мен кішінің арасындағы шынайы қарым-қатынас кезінде бала бойына дариды. Ал мұғалімнің басты мақсаты - өзіндік рухани-азаматтық құндылықтарын оқушы бойына дарыта отырып, оның жүрек түкпіріндегі рухани қазынасын жарыққа шығару, әрбір баланы жеке тұлға ретінде жетілдіру үшін оның бойындағы бар құндылықтарды дамыту. Мектептегі, сабақтан тыс уақыттағы біздің ісімізді жалғастыратын жеке тұлға болып табылатын оқушыларды рухани - адамгершілікке, азаматтық жүйеге тоғыстыру. Мектеп қабырғасында жақсы тәрбиеленген, саналы білім алған шәкірт өмірде өз орнын табады. Ол үшін ең әуелі ұрпағымызды бала кезінен-ақ ұлттық тәлім-тәрбиеге, рухани адамгершілік әдетке, азаматтық мәдениетке баулу керек. Сонда жас ұрпақ елі үшін елең қағар азамат, имандылық қасиеттерді жақсы білетін тұлға болып қалыптасады.

Мен еліміздің бір тұлғасы ретінде заман талабына сай көштен қалмай соңғы жаңалықтарға көз жүгіртіп отырамын. Елбасымыздың еліміздегі рухани жаңғырудың тұжырымдамалық бағдары қарапайым азамат түсінетін, баршаға ұғынықты, бай әрі ықшам тілмен жеткізілген. Оның басты мақсаты – Ұлт жоспарын орындау аясында әлемнің ең озық 30 елінің қатарына кіру болып табылады. Рухани жаңғыру бағдарламасының білім саласына қатысты тұсы - келешек ұрпақты кемел білімге сусындататын үлкен мүмкіндік. «Білекті бірді, білімді мыңды жығады» деген қазақ мақалының мән - маңызы ешқашан кемімек емес.

Адамгершіліктің негізі мінез-құлық нормалары мен ережелерінен тұрады. Олар адамдардың іс-қылықтарынан, мінез-құлықтарынан көрінеді, моральдық өзара қарым-қатынастарын басқарады. Отанға деген сүйіспеншілік, қоғам игілігі үшін адам еңбек ету, өзара көмек, сондай-ақ қоғамға тән адамгершіліктің өзге де формалары, бұл-сананың, сезімдердің, мінез-құлық пен өзара қарым-қатынастың бөлінбес элементтері, олардың негізінде қоғамымыздың қоғамдық-экономикалық құндылықтары жатады.

Ал баланың өмірге белсенді көзқарасы үлкендер арқылы тәрбиеленеді. Адамгершілікке, еңбекке тәрбиелеу күнделікті өмірде, үлкендердің істей алатын жұмысты ұйымдастыру үрдісінде, ойын және оқу ісінде белгілі бір жоспар түрінде іске асады. Мәселен,

- еңбексүйгіштікке, күнделікті өмірін мәнді өткізу;
- тұрмыстағы, үй шаруашылығындағы еңбекке құлшынысын кеңейту;
- өзін-өзі басқару дағдыларына үйрену;

- отбасы мүшелерімен өзара дұрыс қарым-қатынасын, тіл табысуын, бірін-бірі тыңдап түсінуін, ата-ананы, туыстарын, жасы үлкендерді сыйлап, құрметтеуге үйрету.

Тұжырымдай келе, уақыт талабынан туындап, білім беру жүйесінде болып жатқан өзгерістер баланы тәрбиелеу осы заман талабына сай үйлесімді деңгейді қайта құруды міндеттейді. Тәрбие мен

оқу егіз деген сөз бар. «Тәрбие бар жерде ғана сапалы білім саналы ұрпақ болады» деген дана халқымыздың мақал сөзіне сүйенеміз.

Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласы қазақ еліндегі әр азаматтың жүрегінің түкпірінде жүрген ой толғауына қозғау салды. Әсіресе, елімізді мәңгілік ел ретінде қалыптастыруға өз еңбегін аямай, тынымсыз жұмыс жасайтын ұстаздар қауымы осы бағдарламаға қолдау көрсетіп, өз үлестерін қосуға белсене кірісті. «Рухани жаңғыру бағдарламасында жүктелген мақсат-міндеттердің жүйелі жүзеге асуы өскелең ұрпақ үшін аса маңызды» делінген [5].

Рухани жаңғыру - елдік, азаматтық патриотизм мәселелерін бала санасына сіңіру керек, осы бастан үйрете беру қажет. Бізге мұның бәрі яғни, ел болып іргеміз нық тұру үшін, ұлттық бірегейлігімізді сақтауымыз үшін қажет. Осының бәрінің кілті- ұстазда деп ойлаймын. Сондықтан әрбір ұстаз қазіргі заман талабына сай жаңашыл, білімді, жан-жақты болуы тиіс.

Ұстаз - ол ағартушы, мұғалім - оқытушы, жетекші және тәрбиеші. Сол себепті де рухани жан – дүниенді түсінетін адамның бірі – ұстаз деп айта аламыз.

Қорыта келгенде, алдымызға келген шәкірттерге тек білім беріп қана қоймай, оның рухани жан - дүниесінің дамуына ықпал ету ұстаздық ұстаным деп білемін.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Н.Ә Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласы. 12.04.2017: 36
- 2 Ақпарат дереккөзі: https://massaget.kz/blogs/oy_tolgaular/24344/
- 3 Жумагельдина Айгерим Тлеухановна «Рухани - адамгершілік тәрбиесі», 2020: 3-5 б
- 4 Мұратханова Р. Алматы: «Бөбек»-2015: 39-40 б
- 5 Сыдықова Ш.Т. «Рухани жаңғыру кілті- ұстаз қолында», 2019:5б

ТӘУЕЛСІЗДІК ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ БАЙЗАҚ АУДАНЫНЫҢ МӘДЕНИЕТ САЛАСЫНДАҒЫ ЖЕТІСТІКТЕРІ

Тобаджанов Р.Т.

магистр, аға оқытушы

М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті

(Тараз қ., Қазақстан) E-mail: trt._84@mail.ru

Сан ғасырлық тарихы бар ұлттық мәдениет ел тәуелсіздігінің сенімді тірегіне айналғаны белгілі. Негізгі ұлттық мереке болып саналатын Наурыз мейрамын тойлау елімізде 1988 жылдан басталған болатын. 1991 жылғы 15 наурыздағы Президент жарлығына сәйкес Наурыз мейрамы ресми тойлана бастады.

Егеменді ел ретінде алғаш рет тойланған Наурыз мерекесін атап өту үшін Свердлов ауданында әкімнің өкімімен арнайы ұйымдастыру комиссиясы құрылып, жоспар бекітілді. Аудандағы барлық мекемелерге Наурыз мейрамын атап өту ұсынылды.

1993 жылы Солтүстік Қазақстанда «Наурыз» мейрамына орай ұйымдастырылған арнайы іс-шараларға облыстық топ құрамында ауданнан 17 адам қатысты. Бұл топ «Наурыз» мейрамы кезінде ұлттық салт-дәстүрлерді және ұлттық тағамдарды көрсету мақсатында аттанған болатын.

Елбасы Н.Ә.Назарбаев өзінің «Тәуелсіздік дәуірі» атты еңбегінде: «Біз – кеңес дәуірінен кейінгі адамдар ғана емес, сондай-ақ жаңа мәдени қауымдастықты құрушылармыз», - деген болатын. Осы мақсатты көздейтін Қазақстан Республикасының «Мәдениет туралы» Заңы 1996 жылдың желтоқсанында қабылданған болатын. Заңның қабылдануы мәдени саясаттың бір жүйеге түсіп дамуына ықпал етті.

1990 жылдардың екінші жартысында елімізде ұлттық тарихтың елеулі кезеңдеріне арналған мемлекеттік іс-шаралар жүргізілді. Қазақстанда 1997 жыл – Жалпыұлттық татулық пен саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу жылы, 1998 жыл – Бірлік пен ұлттық тарих жылы, 1999 жыл – Ұрпақтар бірлігі мен сабақтастығы жылы болып жарияланды. Сонымен қатар, 1996-1999 жылдар аралығында Жамбыл Жабаевтың 150 жылдығы, Мұхтар Әуезовтың 100 жылдығы, Құрманғазы Сағырбаевтың 175 жылдығы, Ахмет Байтұрсыновтың 125 жылдығы және академик Қаныш Сәтбаевтың 100 жылдығы жоғары дәрежеде тойланды. Аталған іс-шараларға Байзақ ауданы да айтарлықтай үлес қосты. 1996 жылы тойланған жыр алыбы - Жамбыл Жабаевтың 150 жылдық мерейтойындағы облыстық іс-шаралардың бірі, атап айтсақ, облыстық ән-аспаптық ансамбльдерінің конкурсы аудан орталығы Сарыкемер ауылында ұйымдастырылды. Конкурса Жамбыл облысы аудандарындағы өнерпаздармен қатар көршілес облыстардан ансамбльдер де қатысты.

Байзақ ауданындағы ірі мәдениет ошағы болып саналатын Сарыкемер ауылындағы аудандық мәдениет үйі аудан әкімінің 1997 жылғы 19 мамырдағы №371 шешімімен ғұлама ғалым әл-Фарабидің есіміне ие болды.

1999 жылдың 28 тамызында Сарыкемер ауылында «Ұрпақтар бірлігі мен сабақтастығы жылы» және Жамбыл облысы мен Байзақ ауданының 60 жылдығы қарсаңында алғаш рет «Байзақ жұлдыздары» атты фестиваль өткізілді. Кейінгі жылдары ән байқауы ретінде ұйымдастырылған бұл шара дәстүрлі іс-шараға айналды.

2000 жылы алғаш рет Қазақстан халықтар достығының аудандық фестивалі ұйымдастырылды. Ауданда 1999 жылдан бастап «Байзақ жұлдыздары» ән байқауын, 2000 жылдан «Қазақстан халықтары достығы» фестивалін, 2005 жылдан «Жас толқын» фестивалін өткізу дәстүрге айналды. Аталған байқауларды өткізу арқылы аудандағы жас таланттарды анықтап, олардың шығармашылық дамуына және түрлі байқауларға қатысуына ықпал жасалды.

1996-1998 жылдары ауылдардағы кітапханалар жабылып, олардың қоры мектеп кітапханасына берілген болатын. 1999 жылы осы кітапханалардың біразы аудан әкімінің шешімімен қайта ашылды. Олар: Шахан, Түймекент, Бурыл, Мырзатай ауылдық кітапханалары. Бұл игі іс өз жалғасын тауып, 2000 жылы тағы 12 ауылдық кітапхана ашылды. Мектеп кітапханасына берілген кітап қоры қайта ашылған ауылдық кітапханаларға қайтарыла бастады.

Еліміздің мәдениет саласының жаңа серпінмен дамуына 2000 жылдың «Мәдениетті қолдау жылы» болып жариялануы септігін тигізді. Экономикалық тұрғыдан нығая бастаған мемлекетіміз мәдениет саласын дамытуға бөлетін қаржының көлемін арттыра бастады. Соның нәтижесінде 2000 жылы Астанада Президенттік мәдениет сарайы, 2004 жылы Қазақстан Республикасының Ұлттық академиялық кітапханасы, 2005 жылы астаналық цирк, 2006 жылы Бейбітшілік пен келісім сарайы пайдалануға берілді.

Мәдениет ошақтарын ашу ісі аудан көлемінде де қолға алынып, жүзеге асырыла бастады. Байзақ ауданы әкімінің 2007 жылдың 6 желтоқсанындағы №592 Қаулысына сәйкес Көкөзек, Диқан-2 ауылдарынан кітапхана, Қостөбе ауылынан клуб, Амангелді, Бурыл, Тегістік, Ақжар ауылдарына ыңғайластырылған клубтар ашылды.

2005 жылдың 1 қаңтарына дейін ауданда 6 мәдениет үйі, 11 ауылдық клуб, 1 жастар орталығы жұмыс істеген болса, 2009 жылы 1 орталық мәдениет үйі, 20 ауылдық клуб, 1 орталық, 22 ауылдық кітапхана мәдени қызметтер көрсетті.

Дағдарыстың қиындықтары кезеңінде «Жол картасы» бағдарламасының іске асырылуы Елбасының сарабал саясатының тағы бір көрінісі болды. Соның нәтижесінде ел жұмыссыздықтан құтылып, мәдениет ошақтары мен білім ордалары күрделі жөндеуден өтіп, жаңарып жатты. 2009 жылы «Жол картасы» бағдарламасы аясында ауданның 13 клубы, 7 кітапханасы күрделі жөндеуден өтті. Аталған бағдарлама бойынша жөндеуден өткен Байзақ және Қостөбе ауылдық клубтары желтоқсан айында ашылып, халық игілігіне пайдалануға берілді.

2010 жылы «Жол картасы» бағдарламасы бойынша 19 нысан күрделі жөндеуден өтті. Бағдарлама аясында мәдениет саласындағы нысандар бойынша Мырзатай ауылдық мәдениет үйіне – 13 млн. 592 мың теңге, Көктал ауылдық мәдениет үйіне – 46 млн. 200 мың теңге, Түймекент ауылдық мәдениет үйіне – 35 млн. 176 мың теңге қаражат бөлінді.

2010 жылы Көктал ауылдық мәдениет үйі «Жол картасы» мемлекеттік бағдарламасы аясында күрделі жөндеуден өтіп, 11 қараша күні ел игілігіне ұсынылды. Салтанатты жиынға облыс әкімінің орынбасары М.Төлепбергенов, облыс әкімінің мәдениет басқармасының бастығы Ә.Әмзеулы және аудан әкімі Б.Құлекеев қатысты.

2010 жылдың 1 қыркүйегінде Түймекент ауылындағы мәдениет үйінің ашылу рәсімі өтті. Аталған нысанның ашылу салтанатына облыс әкімі Қ.Бозымбаев, белгілі қоғам қайраткері, ақын, жазушы-драматург Арғынбай Бекбосын қатысты. 1973 жылы пайдалануға берілген Түймекент ауылындағы мәдениет үйі 38 жылдан бері жөндеуден өтпеген. Аудандағы Көктал, Мырзатай, Түймекент ауылдарындағы мәдениет үйлерін күрделі жөндеуден өткізуге 2010 жылы 105 млн. теңге қаражат бөлінген.

2011 жылы жергілікті бюджеттен аудандық мәдениет үйіне, ауылдық клубтардың материалдық базасын дамытуға 4 млн. 348 мың теңге бөлінді. Дихан ауылындағы жеке меншіктегі ауылдық мәдениет үйі ғимараты мемлекет есебінен 10 млн. теңгеге сатып алынды. Қазіргі таңда ауданда мәдениет үйлерімен қатар 20 клубтық құрылым мен үйірмелер, «Шахан» халық театры, 24 кітапхана жұмыс істейді.

Ауданның мәдени өміріндегі елеулі оқиғалардың бірі аудандық музейдің ашылуы болды. Жамбыл облысындағы алғашқы аудандық тарихи-өлкетану мұражайы 2011 жылы ақпанда Байзақ

ауданында ашылды. Мұражай қойылымдары арасында Байзақ ауданының аумағында жүргізілген қазбалар барысында табылған диірмен сияқты ескі бұйымдар бар. Тарихи экспонаттардан басқа мұражайда өңірдің тарихын баяндайтын бай фотоматериалдар жинақталған.

Байзақ аудандық тарихи-өлкетану мұражайы аудан әкімдігінің 2010 жылғы 14 маусымдағы №377 қаулысының негізінде құрылды.

Аудандық мұражайда бүгінгі күні бес тақырыптық залдар ұйымдастырылған. Бірінші бөлме - археология. Бұл залда аудан аумағындағы тарихи орындарда жүргізілген көптеген археологиялық экспедициялардың жұмыстары, палеолит кезеңінен басталған тарихи құндылықтар көрсетілген. Сонымен бірге, ортағасырлық архитектураның көрінісі болған құрылыс заттары, ортағасырлық су құбырлары, керамикалық, шыңылтырланған ыдыстар, сүйектен жасалған әшекей бұйымдар да көрініс алған. Екінші бөлме – этнографиялық бөлме. Қазақ халқының тұрғын үйі - киіз үй. Киіз үйге қажетті материалдық және рухани құндылықтар, ұлттық киімдер, төсек жабдықтары арқылы халқымыздың тарихи дамуындағы тұрмыс-тіршілігі, философиялық көзқарасы көрсетіледі. Үшінші бөлме - аудан тарихы. Байзақ ауданының тарихы және дамуы жайындағы деректер осында жинақталған. Төртінші бөлмеде тәуелсіздікке дейінгі Кеңес Одағы тарихы, партия жетекшілері енгізілді. Соғыс кезеңіндегі соғысқа қатысқан ардагерлер, тыл еңбеккерлерінің суреттері, медальдары, мақтау қағаздары, соғыста, тылда қолданған заттары көрсетілген. Бесінші - өнер және спорт бөлмесі. Бұл бөлімде ауданда туып-өскен және мемлекет саласында қызмет етіп, мемлекеттік атаққа ие болған қайраткерлердің өмірі, суреттері, шығармалары, қолданған заттары қойылған.

Соңғы жылдары аудан әкімдігі мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің бастамасымен түрлі деңгейдегі іс-шараларды ұйымдастыру жолға қойылған. 2009 жылы Байзақ ауданында Халық қаһарманы, КСРО халық әртісі, мемлекеттік сыйлықтың иегері, ұлы сазгер, атақты дирижер, күйші Нұрғиса Тілендиев атындағы II халықаралық әншілер мен күйшілер байқауы өтті. Байқауға жақын шетелдерді былай қойғанда, Қытай мен Монғолиядан да өнерпаздар қатысты. 49 әнші мен 24 күйші қатысқан бұл халықаралық байқау нағыз өнер мерекесі ретінде аудан жұртшылығының есінде қалды.

2010 жыл бүкіл жұртымыз үшін ұлы ғалым, этнограф, фольклоршы, саяхатшы және ағартушы Ш.Уәлихановтың туғанына 175 жыл толуымен ерекше есте қалды. Қазақтың біртуар перзентінің бай ғұмыры мен дарқан талантын әр қырынан ашуға мүмкіндік беретін тағылымды шаралардың бүкіл ел аумағында өткізілуіне Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың өзі ерекше мән берген болатын. Осыған орай қараша айында аудандық әл-Фараби атындағы мәдениет үйінде Ш.Уәлихановтың 175 жылдығына арналған «Шоқан тағылымдары» атты ғылыми-тәжірибелік конференция өтті.

Аталмыш конференцияға «НұрОтан» халықтық демократиялық партиясының облыстық және аудандық филиалдарының басшылары, жоғары оқу орнының профессор-оқытушылары, аудан ардагерлері, үкіметтік емес ұйымдардың жетекшілері және аудан жұртшылығы қатысты.

Тәуелсіздіктің 20 жылдығына орай 2011 жылдың қараша айында аудан әкімдігі мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі мен Үлгілі ауылдық клубының ұйымдастыруымен «Ата салтың – асыл қазынаң» атты аудандық қариялар сайысы өтті. Қариялар таныстыру, бата беру, «Өнерліден өнеге ал», «Сырлы шежіре» және «Білгенге маржан» деп аталатын бес аталым бойынша сайысқа түсті. Нәтижесінде үздік болған Ермахан Бердалиев бас жүлдені иемденді.

Аудан тұрғындарының мәдени-рухани дамуының эстетикалық талғамын арттырып, ауылдардағы әуесқой әншілерді сахнаға шығарып, өнерлерін қолдау мақсатында 2012 жылдың наурыз айында аудандық «Екі жұлдыз» байқауы ұйымдастырылды. Байқауға ұстаздар, әкімдік қызметкерлері және т.б. ауданда қызмет ететін азаматтар қатысты. Барлығы 18 жұп қатысқан байқауда Б.Жұматаева мен А.Тлепов бас жүлдені жеңіп алды.

2012 жылдың наурыз айында аудандық әл-Фараби атындағы мәдениет үйінде «Атадан - аманат, ұрпаққа - ұлағат» атты ақсақалдардың аудандық байқауы өтті. Байқауды облыстық және аудандық әкімдіктің ішкі саясат бөлімі ұйымдастырды. «Бердім сәлем бәріңе, үлкен-кіші, кәріңе», «Мақал – сөздің атасы», «Атадан қалған ақ бата – ұрпаққа үлгі бақ бата», «Өнер – өнегелі елдің өрісі», «Атамнан білдім ақыры» деп аталатын бес турдан тұрған байқауда Ынтымақ ауылының қариясы Сыпатай Өсербаев жеңімпаз деп танылды.

Байзақ ауданы бойынша 2012 жылы 64 ескерткіш мемлекеттік тарихи-мәдени ескерткіштер тізіміне енгізілген. Оның ішінде қала құрылысы және сәулет – 6, археологиялық – 55, республикалық дәрежедегі 3 археологиялық ескерткіш кіргізілген. Олар: төменгі Барысхан қаласы (ХҮ-ХІХ ғғ.), Түймекент қаласы (ҮІІІ-ХІҮ ғғ.), Оххум қаласы (ІХ-ХІІ ғғ.).

2012 жылы жергілікті бюджеттен аудандық мәдениет үйіне, ауылдық клубтардың материалдық базасын нығайту мақсатында 5,6 млн. теңгеге музыкалық аспаптар мен аппаратура алынып, 8 ауылдық клуб, яғни клубтардың 98 пайызы музыкалық аппаратурамен қамтамасыз етілді. Жекешеден

сатып алынған Дихан ауылдық мәдениет үйі ғимараты 45,3 млн. теңгеге күрделі жөндеуден өткізіліп, пайдалануға берілді.

Мәдениет ошақтарының материалдық-техникалық базаларын нығайту мақсатында 2013 жылы ауылдық клубтарға 3 компьютер 207 мың теңгеге, 8 баян 282,4 мың теңгеге, 30 домбыра 350,7 мың теңгеге алынды. Аудандық мәдениет үйіне мәдени іс-шараларға 376,5 мың теңге жұмсалынды. 2013 жылы 9 ауылдық кітапханаларға 1,1 млн. теңгеге компьютерлер алынып, телефон орнатылып, интернет жүйесіне қосылды. Орталықтандырылған кітапхана жүйесінің кітапханалық жабдықтарына, жиһаздарға 471,6 мың теңге, кітап қорын толықтыруға 1,3 млн. теңге, мерзімді басылымдарға жазылуға 513,2 мың теңге жұмсалынды.

2014 жылдың қарашасында ауданда Байзақ батырдың 225 жылдығы аталып өтті. 21 қараша күні аудандық әл-Фараби атындағы мәдениет үйінде «Байзақ датқа және Қоқан дәуірі» атты ғылыми-тәжірибелік конференция ұйымдастырылды.

Ауданның мәдениет мекемелерінің қызметкерлері мен аудан өнерпаздары облыс, республика көлемінде өткізілетін шараларға белсенді қатысып келеді.

2018 жылдың сәуір айында Тараз қаласындағы облыстық Ш.Уәлиханов атындағы әмбебап-ғылыми кітапханада Байзақ ауданының күндері аталып өтілді. Аудан күндеріне байланысты «Туған жер» бағдарламасы аясында Байзақ ауданының 80 жылдығына орай Байзақ аудандық орталық кітапхана қызметкерлерінің ұйымдастыруымен «Тарихы терең, қойнауы кең өлке» атты әдеби-музыкалық композиция ұйымдастырылды.

Тәуелсіздік жылдарында ұлттық құндылықтарды дәріптеу мақсатында көптеген іс-шаралар қолға алынды. Кесенелерді жаңғырту, белгілі тұлғаларға ескерткіштер орнату сияқты ауқымды жұмыстар атқарылды. Солардың қатарында елге белгілі Байзақ батыр, Қосы батыр және Кеңес Одағының батыры А.Суханбаевқа арналып орнатылған ескерткіштер қазірде ауданның көрнекті нысандарына айналды.

Елбасы Н.Назарбаевтың «Рухани жаңғыру» бағдарламасы бүкіл еліміздің рухани өмірінде үлкен өзгерістер туғызды. Кезінде көптеген қиындықтарға қарамастан, Байзақ кесенесінің салынуы ауданымыздың абыройын асырды. Қазақстанның жалпы ұлттық киелі нысандарының қатарына Байзақ батыр кесенесінің кіруіне байланысты аудан әкімі Р.Рахманбердиевтің бастамасымен кесене жаңғыртылды. Қоғамдық «Сенім» қоры, «Байзақ батыр» қоры арқылы қаржыландырылған кесенеге ауыл жұртшылығы да өз үлестерін қосты. Игілікті шараны атқаруда бірқатар азаматтардың еңбектерін атап өткен жөн. Олар: Оңдасын Есіркепов, Асқар Абдуалы, Кемал Беспәев, Рыскелді Сапарбеков, Досжан Амиров, Қайсар Жанұзақов, Нұрлан Әжібаев, Сәрсен Жапаров, Нұрғали Үкібаев және т.б. Осындай абыройлы бастаманы бастап, кесенені жаңғыртып, күрделі ағымдық жұмыстарды жүргізіп, абаттандыруда Байзақ ауданының құрметті азаматы Сайлау Наурызбековтың еңбегі зор.

Тәуелсіздік жылдарында ел мәдени дамуында да үлкен қадамдар жасалды. Соның дәлелі ретінде облыстардағы, аудандардағы мәдениет жаңа серпінмен жұмыс атқаруын айтуға болады.

1971 жылы 11 қарашада Қазақ ССР Мәдениет Министрлігі коллегиясының шешімімен өнерпаздықтың жоғары формасы – Халық театры атағын алып құрылған «Шахан» театры 1999 жылы «халықтық театр» атағын Ғ.Мүсіреповтың «Қыз Жібек» либреттосымен қорғады. 1973 жылы театрға Республикалық фестивальдің лауреаты атағы берілді. 1991 жылы Шу қаласында өткен «Халықтар достығы» фестивалінде театр ұжымы 3 орынды иеленді. 2003 жылы «халықтық театр» атағын жергілікті режиссер-драматург А.Мамытқұлұлының «Гүлзия» спектаклімен қайта қорғап шықты.

2005 жылы 1 сәуірде өткен облыстық Ш.Смаханұлы атындағы эзіл-сықақшылар байқауында театр ұжымы жүлделі II орынды иеленді.

Ұлы Жеңістің 60 жылдығына арналып А.Бекбосынның «Мен – Суханбайдың ұлы Ақәділ!» атты қойылымы қойылды.

2006-2008 жылдар аралығы «Шахан» халық театры үшін табысты кезеңдер ретінде бағаланды. Өйткені осы айтылған уақыт ішінде өмірге сүбелі 3 спектакль келді.

2008 жылы облыстық өнер байқауында «Шахан» театры Қапан Сатыбалдиннің «Қабаған ит» спектаклін жоғары деңгейде көрсетіп, жарыс қорытындысы бойынша 18 театрдың ішінде жүлделі II орынды еншіледі.

Ұлы Жеңістің 65 жылдығына және халық қаһарманы Б.Момышұлының туғанына 100 жыл толуына орай Аманолла Шайбековтың «Өмір-көш» (Баукеңнің аманаты) үш суретті драмасын халыққа ұсынып жақсы жетістікке жетсе, 2011 жылы Меркі ауданында өткен облыстық «Театр - KZ» фестивалінде М.Байжиевтің үш көріністі «Құдалар» трагикомедиясымен бас жүлдені иеленді.

2012 жылы Б.Әлімжановтың «Қаптан шыққан қара қыз» комедиясын дайындап, халықтық театр көркемөнер ұжымдарының аттестациясында «өте жақсы» деген баға алды.

2015 жылы қазақ хандығының 550 жылдығына орай «Шахан» халық театры драматург Елен Әлімжанның «Абылайдың анты» тарихи-драмалық қойылымын аудан жұртшылығына ұсынды. Сонымен қатар, театр әртістері облыстық «Театр КЗ» байқауында өте жоғары деңгейде өнер көрсетті.

Осы тарихи драманы ауыл тұрғындарына насихаттау және өнерге деген қызығушылықтарын ояту мақсатында театр ұжымы қойылымды ауылдық сахнаға лайықтап, барлық ауылдық округ тұрғындарының назарына ұсынды.

Қазіргі уақытта театр ауданымыздың 80 жылдығына арнап жергілікті драматургтер – Фархад Омарбеков пен Сантөре Пірманның «Байзақ батыр» атты екі бөлімді тарихи драмасын сахналауда.

Театр әртістері мерекелік күндерге байланысты театрландырылған көріністердің өзін шынайы шығара білуімен ел ықыласына бөленуде. Ал, талап тұрғысынан дайындалған пьесалардың уақтылы елге ұсынылуы да қанағаттанарлық жағдайда.

«Шахан» халық театры – бүгінде өз көрерменін тапқан, салмақты да сүбелі шығармаларды игеруге күші жететін, бірауызды ұжымның басын құраған, толыққанды өнер ордасы.

«Шахан» театрымен қатар ауданның мәдени дамуына сүбелі үлес қосып жүрген ұжым - «Шолпан» ансамблі. «Шолпан» халық ән-би ансамблі 1972 жылдан жұмыс істеп келеді. Содан бері ансамбль көптеген көрсеткіштерге қол жеткізіп, 1982 жылы «халықтық» атағын алды.

1983 жылы туысқандық сапармен шетелге – Монғол халық республикасына барса, сол жылы концерттік сапармен Екібастұзда болды. 1990 жылы Тәжікстан Республикасында Бүкілодақтық фестивалге қатысып, лауреат атанды.

1994-1995 жылдары ансамбль құрамы талантты жастармен толықтырылып, сол жылы Алматыда өткен республикалық ақындар айтысында өз өнерлерін республика жұртшылығына көрсетіп қайтты. Осы жылдары ансамбльге жетекшілік еткен Мұхтар Рахманқұловтың еңбегін ерекше атап өтуге болады. Л.Хамидидің «Бұлбұл», «Қазақ вальсі», Н.Тілендиевтің «Кел еркем, Алатауыңа» әндері мен Құрманғазының «Адай», Түркештің «Көңіл ашар» күйлерін партитураға түсіріп, ансамбль репертуарын биік дәрежеге көтере білді.

Ансамбль С.Чайзадиннің жетекшілік етуімен 1999 жылы «халықтық» атағын қайта қорғады. 45 жылдан астам еңбек етіп келе жатқан «Шолпан» ансамблі өз биігінен түспей «халықтық» атағын сақтап келеді. «Шолпан» халық ән-би ансамблінің ізденістен іркілген кезеңі жоқ. Жекелеген мүшелерінің өзі мейлінше өз формасын сақтау, ұштауға қатты көңіл бөледі. Мысалы күйші П.Ахметов 2005 жылы Астанада өткен «Шабыт» фестиваліне қатысып жүлделі оралса, мұнан кейінгі 2006 жылы Талас ауданында өткен халықаралық байқауда I-орынды иеленді. Ал әнші қыздар М.Жанбаева мен Г.Әлімқұлова 2007 жылғы облыстық М.Өзбеков шығармашылығына арналған конкурста биік белестен көрініп, аудан мәдениетіне абырой әперді. Келісті дауыс мақамымен кемелді кезеңге кедергісіз жетіп отырған әншілер А.Исабаев пен Ө.Нұрбаев патриоттық әндер орындауда облыс көлемінде өнер көрсетіп келеді.

Уақыт өткен сайын «Шолпан» халық ән-би ансамблі өз тыңдарман жанкүйерлерін жаңа ізденістерімен, жаңа репертуарларымен қуантып келеді. Ұжым қатары жас әнші қыз-жігіттермен толығуда.

2008 жылғы облыстық байқауда есептік концертпен биік белестен танылған аталмыш ансамбль II орынды иеленді.

Н.Тілендиев атындағы II Халықаралық әншілер және күйшілер байқауында ансамбльдің мүшесі Жақсылық Ажмухановтың 3 орынды иеленуі үлкен шығармашылық табыс екенінде дау жоқ.

Б.Момышұлының 100 жылдығына, Жеңістің 65 жылдығына орай «Шолпан» халықтық ән-би ансамблі көптеген жетістіктерге жетіп халық көңілінен шықса, 2011 жылы III рет өткен Халықаралық Н.Тілендиевтің «Кел, еркем, Алатауыңа!» атты әншілер және күйшілер байқауына ансамбльдің жас домбырашысы Дидар Басықараев күй жанры бойынша қатысса, ансамбль әншілері Марал Жанбаева мен Динара Диханбаевалар қатысып, Динара Диханбаева бас жүлдені иеленді.

2012 жылы «Шолпан» халықтық ән-би ансамблі көрші жатқан Оңтүстік Қазақстан облысының бірқатар аудандарына өзінің гастрольдік сапарымен барған болса, 2013 жылы облысымыздың аудандарына гастрольдік сапарымен өнерлерін көрсетіп қайтты. 2013 жылы «Шолпан» халықтық ән-би ансамблі өзінің атағын ойдағыдай қорғап шықты.

Белгілі күйші, талантты өнерпаз Панабек Ахметовтің жетекшілігімен жылдан-жылға халық көңілінен орын алып, туған елдің туын көтеруде өз тұғырын бекітумен келе жатқан «Шолпан» халықтық ән-би ансамблі биіктен көріне бермек.

Сонау 1999 жылы тұсауы кесілген «Байзақ жұлдызы» байқауының ортамызға олжа салып келе жатқанына биыл 19 жыл. Бұл – айтарлықтай қуанышты мереке. Байқаудың мақсаты – ән мен жырды жанына серік еткен жас өнерпаздардың талабын шыңдап, олардың танылуына жол ашу. Өтпелі кезеңнен бүгінгі таңға дейін байзақтықтардың рухын асқақ әнмен көтеруге ұмтылған қадам. Бүгінгі күні өнердің отын жаққан өңіріміздің мақтанышына айналған байқау өзінің өміршеңдігін танытып келеді. Яғни 1999 жылы өзінің алғашқы сахналық шымылдығын ашқан «Байзақ жұлдызы» байқауы қанаты қатайып, рухани есейіп, ел кәдесін ақтап, бүгінге дейін көптеген таланттардың бағын ашып, олардың облыстық, республикалық көлемде танылуына мүмкіндік бергені анық. Қазіргі таңда бұл байқаудың әр жылдардағы жеңімпаздары Мақпал Ақылбекова, Динара Диханбаева, Мадина Бердиярова, Ясмينا Мурадова, Жансая Әлімқұловалар осы байқаудың жүлдегерлері атанып, үлкен сахналарда өнер көрсетіп, қазақ өнеріне өз үлестерін қосуда.

Өнер – халықтың қазынасы. Тұрмысы тұрақты жағдайға келіп, мәдениеті мәнімен өріс тауып отырған бүгінгі Байзақ елі қабырғалы өнердің қазыналы қойнауы десе артық айтқандық емес.

Ауданымыздағы табиғи таланттардың өнердегі жолын ашып, тұсауын кескен бұл байқау жалғасын таба береріне сенімдіміз.

Айтыс – ұлттың айнасы екені даусыз. Осы ұлттық өнерге өзіндік болмыспен келіп, өшпес қолтаңбасын қалдырып кеткен ауданымыздың түлегі, Ауғанстан соғысының ардагері, айтыскер Әзімбек Жанқұлиевті еске алуға арналған «Алты Алашқа танылған ақын еді» атты облыстық ақындар айтысы осыдан 11 жыл бұрын Ә.Жанқұлиев туған ауылындағы өзі оқыған мектепте, сол ауыл түлектері Досжан, Есжан Әміровтер әулетінің демеушілігімен алғаш рет аудандық айтыс өткізілген болатын. Осы игі бастаманы бұдан соң Байзақ ауданы әкімдігі мен облыстық мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы бірлесе қолға алып, екі жылда бір өткізілетін дәстүрлі айтыс ретінде өткізіп келеді.

Ауданымыз дарынды айтыс ақындарының ордасы десек артық сөз емес. Басқаларын айтпағанда Әзімбек Жанқұлиевтен кейін байтақ жұртқа кеңінен танылған таланттар Мұхамеджан Тазабеков, Алтынкүл Қасымбекова бүгінде Республикалық айтыстарға қатысып, жарқырай көрініп жүрген Әсет Дүйсебаев, Рай Дөнбай, Дархан Әбдіманатов, Шалқар Кеңесбек сынды жас айтыскер ақындарымызбен мақтануымыз орынды. Алдағы уақытта да Байзақтың бапты ұл-қыздары ел байрағын биіктете береріне сенімдіміз.

2017 жылы Астана қаласында өткен «EXPO-2017» халықаралық көрмесі аясында шілде айының 24-і мен 30-ы аралығында Жамбыл облысының мәдениет күндері өтті. Аталған шарада Байзақ ауданының «Шахан» театры, «Сарыкемер сарыны» фольклорлық ансамблі және ауданның әншілері өнер көрсетті.

Аудандық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің ұйытқы болуымен әл-Фараби атындағы мәдениет үйінің ұйымдастыруымен жылма-жыл Қазақстан Халқының Тілдері күні қарсаңында аудандық «Халықтар достығы» фестивалі өтіп келеді. Фестивальдің мақсаты түрлі ұлт өкілдері шоғырланған жергілікті жерлерде олардың өз ана тілінде мәдениеті мен өнерін, салт дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарын, тілі мен ділін кеңінен насихаттау болып табылады.

Байзақ аудандық әл-Фараби атындағы мәдениет үйінің ұйымдастыруымен дәстүрлі түрде өтіп келе жатқан іс-шаралар:

- Аудандық «Жас толқын» өнер фестивалі - екі жыл сайын;
- Аудандық «Байзақ аруы» байқауы - үш жыл сайын;
- Дәстүрлі әндерді орындаушылардың аудандық байқауы - үш жыл сайын;
- Аудандық «Биле, биле» атты жеке ж/е топтық бишілер байқауы - екі жыл сайын;
- Аудандық «Жігіт сұлтаны» байқауы - үш жыл сайын;
- Аудандық «Пай, пай қазақтың келіндері-ай» байқауы - үш жыл сайын;
- Аудандық «Әнші балапан» байқауы - үш жыл сайын;
- Аудандық «Әнші болғым келеді» жасөспірімдердің ән байқауы - үш жыл сайын;
- Аудандық «Кішкентай ханзада мен ханшайым» байқауы - үш жыл сайын;
- Аудандық «Бозбала мен бойжеткен» сайысы - үш жыл сайын;
- Аудандық «Қос жүректің лүпілі» жас жұбайлар байқауы - үш жыл сайын;
- Аудандық «Батагөй қариялар» байқауы - үш жыл сайын;
- Аудандық «Мамандығым - мақтанышым» байқауы - екі жыл сайын;
- Аудандық «Әкем, шешем және мен» отбасылық спорттық жарыс - үш жыл сайын өткізіледі.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

Дидарбеков Ж. Өрені өскелең Байзақ өңірі. – алматы: «Мектеп» баспасы, 2007. – 368 бет.
Байзақ елі – тарихи өлке. – Алматы: Классика, 2011. – 240 бет.

Байзақ ауданы әкімінің қаулылары мен шешімдері. Байзақ ауданының мемлекеттік мұрағаты. 99-қ., 1-т., 1-б., 2-іс, 174 п.

Байзақ ауданы әкімінің қаулылары. Байзақ ауданының мемлекеттік мұрағаты. 99-қ., 1-т., 1-б., 3-іс, 69, 84, 147, 156 п.
Байзақ ауданы әкімінің шешімдері. Байзақ ауданының мемлекеттік мұрағаты. 99-қ., 1-т., 1-б., 6-іс, 51, 64 п.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҚАРУЛЫ КҮШТЕРІНЕ ӘСКЕРИ МАМАНДАРДЫ ДАЯРЛАУ МӘСЕЛЕСІ

З.С. Тоқбергенова¹, Ш.Ә. Рахимова²

¹ тарих ғылымдарының кандидаты, доцент

М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті

² тарих мамандығының магистранты *М.Х. Дулати ат. Тараз өңірлік университеті*

(Тараз қ., Қазақстан) E-mail: zagira_t@mail.ru

Осыдан 30 жылға жуық бұрын, яғни 1992 жылы 7 мамырда ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерін құру туралы» Жарлығы бойынша егеменді еліміздің әскері құрылған болатын (ҚР Президентінің Жарлығы, 1992).

Елбасы өінің «Тәуелсіздік дәуірі» атты кітабында: «Қазақстан Республикасының тәуелсіздік мәртебесі жоғарғы деңгейлі шетелдік меймандардың қатысуымен хаттамалық шаралар жүргізуді талап ететін. Мұндай шаралар іс жүзінде барлық елдерде құрмет қарауылы бөлімшелері арқылы жасалатын. Сондықтан 1992 жылдың 16 наурызында Мемлекет басшысының Жарлығы негізінде Қазақстан Республикасының республикалық ұланы ұйымдастырылды. Оған үкіметтік күзет батальоны, құрмет қарауылы ротасы мен үлгілі оркестр ротасы енді» деп атап өтті (Назарбаев, 2017: 51).

Тарихқа жүгінсек, тоқсаныншы жылдың аяғында бұрынғы мызғымас Кеңес Одағы ыдырап, оның құрамындағы елдер бөлініп шыққанда, Қазақстан да 1990 жылғы 25 қазанда ел егемендігі туралы Декларация жариялады. Сол уақытта Кеңес армиясының әскери әлеуетін сақтап қалу туралы мәселені шешу керек болды. Бастапқы Кеңес Одағы республикаларының басшылары кездесіп, Тәуелсіз Республикалар Одағының Біріккен Қарулы Күштерін құру туралы шешімге келген болатынды. Дегенмен де, кейін 1991 жылғы Минскідегі (Беловеж) Ресей, Украина, Беларусь басшылары бас қосуының нәтижесінде бұрынғы Кеңес Одағы республикаларының және оның біртұтас қарулы күштерінің бөлінуі тездетілді.

Қазақстан Республикасының тұңғыш қораныс министрі, «Халық қаһарманы» С. Нұрмағамбетов кеңестік әскердің таратылуы жөнінде былай дейді: «Егемендік пен аумақтық Тұтастықтың халықаралық кепілдіктері Қазақстанға армияны қысқартумен және оның құрылымын жаңа жағдайларға бейімдеумен дереу айналысуына мүмкіндік берді. Жауынгерлік қабілеттілік пен жауынгерлік дайындыққа нұқсан келтірмей, кейбір әскери-құрылыс бөлімдері, жұмылғыш топтар, қоймалар, мекемелер, қызмет көрсету бөлімдері таратылды» (Нурмағамбетов, 1999:90).

Бірінші Президентіміз кітапта «1992 жылдың 8 желтоқсанында басшылық құрамның командирлік жиынында мен Қазақстанның Қарулы күштерін ұйымдастырудың басты принциптерін мәлімдедім, соған сәйкес қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселесі ішкі және сыртқы саясатты қалыптастырудың жалпы құрылымында ерекше мәнге ие болуға тиісті еді. Сондықтан бізге саны онша көп емес, бірақ заманауи, тәуелсіздігімізді қорғау мүддесіне сәйкес кез келген жағдайда әрекет етуге әзір әскер керек болды» деп тап өтеді (Назарбаев, 2017: 52).

Өзіміздің Қарулы Күштерімізді құру әскери кадрларды даярлау жүйесінде күрделі өзгерістерді қажет етті. Н. Назарбаев Қазақстанның Қарулы Күштерінің құрылған күнінен бастап-ақ табысты әскери құрылым үшін ұлттық әскери ғылыми базаны құру және дамытуда әскери мамандарды даярлаудың өзектілігі мен маңыздылығына назар аударды.

1993 жылғы 9 сәуірдегі «Қазақстан Республикасының Қорғанысы және Қарулы күштері туралы» заңда қорғанысты ұйымдастыру принциптері, мемлекеттік билік пен басқару органдарының өкілеттіктері бекітілген болатын. Сонымен бірге, қабылданған заңда Қарулы Күштердің мемлекеттік қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша жалпы жүйедегі рөлі мен орны және міндеттері анықталады. Қарулы күштер кәсіби мамандарға өте мұқтаж еді.

Осы саладағы атқарыла бастаған істер жөнінде Еліміздің Тұңғыш президенті Н. Назарбаев кітабында «Офицерлік кадрлар даярлау үшін арнаулы курстар мен экстернаттар ашылды. Әскери кадрлар даярлауда Алматы жоғары әскери училищесі мен 1994 жылы Азаматтық авиацияның Ақтөбе

жоғары ұшқыштар училищесінің әскери кафедрасы базасында құрылған әскери әуе күштері факультеті маңызды рөл атқарды» - деп жазды (Назарбаев, 2017: 52).

Елбасының жіті назарының арқасында тәуелсіздік жылдарында Қарулы Күштерімізді жеке құраммен қамтамасыз ете алған әскери оқу орындары құрылды. «Біз жоғары зияткерлік әлеуетімен ерекшеленетін, шет тілдерін білетін және заманауи технологиялармен жұмыс істей алатын офицерлер мен келісімшарт бойынша кәсіби мамандардың жаңа буынын құруымыз керек. Бір сөзбен айтқанда, элитаны. Ол бұл үшін бізде барлық жағдайдың бар екенін баса айтты. Сонымен, жетекші елдердің тәжірибесін ескере отырып, біз оның ішінде әскери оқу орындарының желісі әскери білім берудің отандық жүйесін құрдық», - деп армия генералы Мұхтар Алтынбаев еліміздің осы саладағы жетістіктері туралы жазды. Тәуелсіз мемлекет үшін болашақ офицерлерді даярлаудың көпсалалы жүйесіне бағытталған біздің еліміздің әскери университеттері Мемлекет басшысының сенімді тірегіне айналды. Бұл қатарда Құрлық әскерлерінің Әскери институты ерекше орын алады, ол 1970 жылы КСРО Жоғарғы Кеңесі Төралқасының қаулысымен құрылған И.С. Конев атындағы Алматы жоғары жалпыәскери командалық мектебінен бастау алады. 1997 жылы офицерлерді даярлау жүйесін жетілдіру және әскери ғылымды дамыту мақсатында И.С. Конев атындағы Алматы жоғары әскери мектебін Әскери академияға айналдыру қажеттілігі артты. 1997 жылы 9 ақпанда Мемлекет басшысы бұл өзгерістің орынды екендігі және оны іске асыруға дайындық барысы туралы есепті тыңдады. Президент жоспарланған процестің барлық егжей-тегжейіне үңіліп, профессорлық-оқытушылық құрамды құру шарттары, оның ішінде Ресей Федерациясынан әскери мамандарды шақыру, адъюнктуры құру және диссертациялық кеңес ашу мүмкіндігі туралы қызығушылық танытты. Мемлекет басшысы академияны материалдық-техникалық жағынан қамтамасыз етуге ерекше назар аударды. Осы мәселелердің барлығын қарастыра отырып, Президент біздің идеяларымызды мақұлдады. Сол жылы 11 ақпанда ол Алматы жоғары әскери мектебін Әскери академияға айналдыру туралы жарлыққа қол қойды.

Осы сәттен бастап білім беру мекемесінің өміріндегі бастапқы кезең басталады, Қарулы Күштер тарихында жаңа парақ ашылады. Бұл ізденістер мен пайымдаулардың, әскери ойлардың өрлеуі мен шығармашылық әлеуеттің көтерілу тарихы, бұл әскери ұйымдастырушылардың, әскери мекемелер басшыларының білікті дайындығы.

Мамандар даярлау барысы жөнінде генерал Тасболатов «Кадр даярлау саласы да сапалық тұрғыдан қайта ұйымдастырылды. Әскери академия базасында Шортандыда Ұлттық қорғаныс университеті ашылды. Әскери оқу орындары түрлі сипаттарына орай қайта құрылды, сөйтіп Құрлықтағы әскер институты (Алматы), Әуе қорғанысы күштері институты (Ақтөбе), Әскери-теңіз күштері институты (Ақтау) жұмыс істей бастады» - деді (Тасболатов, 2018:3).

Қызметкерлер Мемлекет басшысының сенімін, Академияның білім саласындағы және елдегі университеттер жүйесіндегі маңыздылығын терең түсінді.

Академияның негізгі міндеттері жоғары әскери, жоғары әскери арнайы білімі бар офицерлерді даярлау және офицерлерді қайта даярлау және жетілдіру, әскери ғылыми-педагогикалық кадрларды даярлау болды.

Ол 11 мамандық бойынша офицерлер даярлай бастады, соның ішінде: командалық тактикалық мотоатқыштар, танк әскерлері, командалық тактикалық артиллерия, командалық тактикалық автомобиль әскерлері, тәрбие құрылымдарының офицерлері, командалық тактикалық байланыс әскерлері, инженерлік әскерлер, артиллериялық қару-жарақ, тыл қызметтерінің офицерлері даярланады (*Қазақстан тарихы*, 2010:521).

Ұйымдастырушылық қабілеті бар, басқару құрылымы мен механизмдерін жақсы білетін, шығармашылықпен ойлайтын жаңашыл офицерлерді, жоғары білікті мамандарды даярлау үшін күндізгі және сырттай бөлімдерде құрлық әскерлерінің жедел-тактикалық, командалық-штабтық дайындығы бойынша оқыту өткізілді. 1998 жылы республикада алғаш рет әскери жоғары оқу орнының байланыс факультетіне қыздар қабылдануда.

Еліміздің Президентінің «Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерін реформалау жөніндегі бұдан былайғы шаралар туралы» 1997 жылғы 17 қарашадағы №3761 Жарлығын және Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 1998 жылғы 1 сәуірдегі директивасын орындау үшін, Қазақстан Республикасының қорғаныс қабілетін нығайту мақсатымен 1998 жылғы 1 маусымда Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің Әуе қорғанысы күштері құрылды (Қазақстан Республикасы Президентінің (N 3761 Жарлық, 1997).

Заманауи армия құру – бұл тек техника мен қару-жарақты жетілдіру емес, сонымен бірге бірінші кезекте кәсіби армияның негізі болып саналатын жаңа әскери буынды тәрбиелеу.

Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарынан бастап, яғни 1996-2005 жылдар аралығында әскери білім беру жүйесі қалыптасты. Елімізде бірнеше әскери оқу орындары жұмысын бастады. Атап айтқанда, Ұлттық қорғаныс университеті, Құрлық әскерлерінің әскери институты, Әуе қорғанысы күштерінің әскери институты, Радиоэлектроника және байланыс әскери инженерлік институты, Әскери-теңіз институты, Шет тілдері әскери институты. Ұйымдастырушы резервін толықтыру мақсатында азаматтық жоғары оқу орындарында запастағы офицерлер даярлау үшін әскери кафедралар жұмыс істей бастады.

1996 жылы еліміздің Қарулы Күштеріне маман сержанттар даярлау мақсатында Елбасының Жарлығымен Шучье қаласында Қорғаныс министрлігінің Ш. Уәлиханов атындағы Кадет корпусы ашылды. Оның түлектері маман сержанттар институтының негізін қалай бастады. Қазіргі кезде сержанттар басшылық органдарынан бастап ең төменгі бөлімдерге дейін әскерлердің барлық құрылымын қамтып отыр. 1999 жылы ашылған Армия генералы С.Нұрмағамбетов атындағы «Жас ұлан» республикалық мектебі нағыз патриоттар тәрбиелейтін білім мекемесіне айналып отыр. Бұл оқу орнында тұрмысы төмен және көпбалалы отбасылардың балалары оқып жатыр.

Қарулы Күштерімізде жеткілікті түрде маман кадрлар мен зияткер офицерлер әлеуеті орнықты. Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері жоғары оқу орындарының бітірушілері жыл сайын мемлекеттің әскери құрылымдарында өздеріне қатысты қызметтерін өтеп жатыр. Түлектердің көпшілігі қазірдің өзінде әртүрлі шенді қызметтерде, сондай-ақ Қазақстан мен Ресейдің жоғары әскери оқу орындарында білім алып, кәсіби мамандықтарын жетілдіруде.

Қазіргі кезде Қазақстан республикасының Қарулы Күштерінің түрлері: құрлық әскерлері, әуе қорғанысы күштері және әскери-теңіз күштерінен тұрады. Әлеуеті жағынан осылардың барлығы үлкейтілді. Сондай-ақ, еліміздегі әскери оқу орындарында мамандар дайындау ісі жолға қойылып, оған құрылымның барлық сатылары қамтылуда.

Енді сәл артқа шегіне отырып мәліметтер келтірсек, 1991 жылдың аяғына таман Қазақстан территориясында Кеңес Одағы Қарулы Күштері әскерлерінің құрамында жалпы саны 200 мыңдай адам бар болыпты. Бас кезінде, әсіресе маман мәселесін шешуде қиыншылық туды. Өйткені еліміздің әскерін жасақтау басталған уақытта Қазақстанда қызметін атқарып жүрген біраз офицерлер әскери міндеттерін ТМД-ның басқа елдерінде жалғастыруға немесе запасқа шығуға шешім қабылдаған болатын.

Шындығында, кезінде Кеңес Одағының ортақ әскерінде жұмыс жасаған офицерлер өз елдеріне кетті. Осының салдарынан 1992 жылдың мамырынан 1995 жылдың қаңтары аралығында, яғни екі жарым жылдан астам уақытта кеткен офицерлердің деңгейі тізімдік құрамға шаққанда 89 пайыз болды. Осыған байланысты, еліміздің Қарулы Күштерінде әскери мамандардың жетіспеушілігі пайда болды.

Осыдан бастап білікті, кәсіби мамандарды даярлауға мемлекеттік деңгейде маңыз беріліп, қомақты жұмыстар жүргізілді. Сайып келгенде қазіргі заманға сай әлеуетті әскер жасақтау әскери техникаларды, қару-жарақты дамытумен бірге, кәсіби, жаңа әскери буынды тәрбиелеуге тікелей байланысты болатыны аян. Осыған байланысты 30 жылға жуық уақыт ішінде елімізде ұлттық әскери мамандарды даярлау жүйесі өз дәрежесінде орнықты. Әскери маман даярлайтын білім мекемелері мен жоғары оқу орындарының оқу-тәрбиелік процесіне озық заманауи технологиялар енгізіліп, мамандардың білім дәрежесін күшейту мақсатында оқу-әдістемелік база ұлғайтылды. Аталғандардың барлығы айтарлықтай нәтижеге қол жеткізіп, тәуелсіздік жылдарында еліміздің әскері іс жүзінде жаңадан құрылды, еліміздің генералдары мен офицерлерінің жаңа әрі тұтас буыны келді.

Елімізде әскери мамандар даярлауда Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы атындағы Ұлттық қорғаныс университеті де қомақты үлес қосуда. Аталмыш ведомствоаралық оқу-әдістемелік орталық болып есептелетін университет жыл сайын 100 офицер дайындап шығарады. Орайы келгенде айта кететін жайт еліміздегі болашақ генералдарымыз осы офицерлер арасынан шығатындығы. Сонымен бірге осы университетте Ұлттық ұлан факультетімен бірге, Ұлттық Қауіпсіздік комитеті Шекара қызметі факультетінің құрылғандығын ерекше атап өту керек. Бұл университетті әлемнің алдыңғы қатарлы жоғары оқу орындары жоғары бағалап, таныды, осыған орай Оксфорд қауымдастығы мен Еуразия университеттер қауымдастығына мүшелікке енді.

Біздің еліміздің әскери білімінің мәртебесінің биік екендігіне еліміздегі әскери жоғары оқу орындарында білім алып жатқан Армения, Қырғызстан және Тәжікстан сияқты мемлекеттердің әскери қызметшілерінің үзілмейтіндігі де дәлел бола алады. Біздің әскери қызметшілеріміз де тәжірибе алмасу мақсатында шетелдік жоғары оқу орындарында шыңдалуын жалғастыруда. Осы бағыттағы жұмыстар халықаралық әскери ынтымақтастыққа, нақтырағы, басқа мемлекеттің әскерлерімен өзара іс-шараларға және тәжірибе алмасуға көп көңіл бөлінуінің арқасында орындалып отыр.

Осыған байланысты біздің әскери құрамалар ШЫҰ, ҰҚШҰ аясында өтетін оқу-жаттығуларға да әрдайым құлшына қатысып, өздерінің жоғары деңгейлерін көрсетіп жүргені мақтануға тұрарлық.

Генералдың айтуы бойынша: «Жалпы, Қарулы Күштеріміздің сапасын жоғары деңгейге көтеру үшін саланы заманауи стандарттарға, әлемдік тәжірибелерге сай дамыту басты міндеттердің бірі болып саналады. Сондықтан қазіргі таңда Қарулы Күштеріміз әскери шақыру және келісімшарт бойынша, яғни аралас тәсілмен жасақталуда. Соның нәтижесінде сержанттар мен сарбаздар құрамының 70 пайыздан астамын келісімшарт бойынша қызмет ететін әскери қызметшілер құрап отыр. Қалған 30 пайызын әскери борышын өтеуге міндетті азаматтар құрайды. Әскерді жасақтаудың осы тәсілі өз тиімділігін көрсетуде. Бұл өз кезегінде Қарулы Күштердің жауынгерлік әзірлігі мен қабілетін арттыруға мүмкіндік береді» (Тасболатов, 2018:3).

Елбасы 1997 жылғы 17 қарашадағы «Қазақстан Республикасының Қарулы күштерін реформалау туралы» Жарлығы бойынша Қарулы күштердің құрылымын өзгертті де, әскердің өз атқаратын функцияларын қай кезеңде болмасын, бейбіт кезеңде де, төтенше кезеңде де ойдағыдай жүзеге асыра алатындай қылып қайта ұйымдастырды. Осыған байланысты еліміздің Қарулы күштерінде Жалпы мақсаттағы күштер, Әуе қорғанысы күштері және Мемлекеттік шекараны қорғау күштері ұйымдастырылды.

1999 жылғы желтоқсан айында Қауіпсіздік кеңесінің мәжілісінде Қазақстанның 1999-2005 жылдарға арналған ұлттық қауіпсіздік стратегиялық жоспары ұсынылған еді. Аталмыш құжатта аймақтағы ахуал терең талқыға түсіп, мемлекеттің әскери қауіпсіздігін қамтамасыз ету жайлы шаралар кешені қарастырылды.

2000 жылдан бастап Қазақстан Республикасының Қарулы күштеріне қаржы бөлу мәселесі шешіліп, ол көп көлемде қаржыландырылды. Елімізде экономиканың айтарлықтай дәрежеде өсуіне байланысты қорғаныс бюджетін қаржыландыру да дұрыс жолға қойылып, ол жылдан-жылға арта бастады да, ЖЖӨ-нің 1 пайызына жетті. Бұл уақытта әскери округтерді құру ісін бастауды ұйымдастырып, шекара шебі бекемделді. 2002 жылға дейін созылған Әскери құрылымның мемлекеттік бағдарламасын орындаудың алғашқы кезеңінде Қазақстан республикасының Қарулы күштерінің құрылымы барынша ыңғайландырылды, ұтқыр күштер ұйымдастырылды, оның құрамына «Қазбат» бітімгерлік батальоны енді. Одан кейін 2006 жылы оның негізінде «Қазбриг» бригадасы құрылды. Әскери округтардың құрылуы мен жасақталуының территориялық принципіне көшу жалғасты, Оңтүстік, Шығыс, Орталық пен Батыс әскери округтері пайда болды.

Еліміздің Президенті 2003 жылғы 7 мамырда «Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің құрылымын одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы» Жарлыққа қол қойып, бұл елдің қорғаныс саласын өркендетудің жаңа кезеңін бастаған еді. Қарулы Күштерде Бас штаб негізінде Штаб бастықтары комитеті ұйымдастырылды. Қазақстан Республикасы Қарулы күштерінің үш түрлі құрылымы – Құрлықтағы әскерді, Әуе қорғанысы күштерін және Әскери-теңіз күштерін қамтитын құрылымдарға көшуді жүзеге асыру нәтижесін берді. Құрылған ұтқыр күштер негізінде Жоғарғы Бас Қолбасшы резерві – Аэроұтқыр әскер ұйымдастырылды. Басқару ісін барынша ыңғайландыра түсу үшін әскери округтер «Батыс» пен «Шығыс», «Оңтүстік» пен «Астана» деп аталатын аймақтық қолбасшылықтар деп өзгертілген болатын.

Тұңғыш Президентіміз Қазақстан республикасының Қарулы Күштерін құрудағы алғашқы жетістіктерге былай баға берді: «Әскеріміз қалыптасып жатқан уақыттың қиыншылықтарына қарамастан, біз қысқа мерзімде Қарулы күштерді басқару жүйесін құрып, әскерді қаржыландыру, оны техника және құрал-жабдықпен, медициналық қызметпен қамтамасыз ету жүйелерін жасақтадық. Соңынан әскеріміз өтпелі кезең сындарынан абыроймен шықты деуге толық негіз бар» (Назарбаев, 2017: 53).

А. Тасболатов әскери міндеткерліктердегі жаңартулар туралы: «2005 жылғы маусымда «Әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы» заң қабылданып, онда қызметтің жаңа мерзімдері белгіленді, енді ол мерзімді қызмет әскери қызметшілерге – 12 ай, мерзімді қызмет офицерлерге 24 ай болды. 2006 жылы Қарулы күштерді дамытудың 2010 жылға дейінгі кезеңге арналған мемлекеттік бағдарламасы іске қосылды. 2007 жылы терроризм, экстремизм, заңсыз бандалық құрылымдар тарапынан төнетін жаңа сын-қатерлерге жауап бере алатын жаңа Әскери доктрина бекітілді» деп көрсетті (Тасболатов, 2018:3).

2010 жылы Қазақстан Республикасы Қарулы күштері алдыңғы қатарлы әлемде зерттеулерден өткен озық техникалармен танысып, қару-жарақтардың жаңа түрлерімен қамтамасыз етілді. Қазақстан Республикасының әскери-өндірістік кешені тікұшақтар мен әскери оптика, радарлар мен электронды күрес жүйелерін құрастырды, авиация мен броньды машиналарды жөндеуді жүзеге

асырды. 2012 жылғы мамыр айында Ресей жағымен жүргізілген келісімге байланысты Орал верфінде құрастырылған «Қазақстан» зымыранды-артиллериялық кораблі суға түсіріліп, іске қосылды.

Қорыта келе, Қарулы Күштерімізді одан әрі дамыту, заман талабына сай жетілдіру, әскери дайындықты күшейту, сондай-ақ жаһандық қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін мүмкіндіктерді үдету күн тәртібіндегі басты мәселе болып қала бермек. Еліміздің әскерінің тәуелсіздік алғаннан бастап қазіргі күнге дейінгі қалыптасу хронологиясы – бұл қазақ елі тарихының жылнамасы болып табылады. Қазақстан Республикасы мен еліміздің экономикасы үшін аса қиын сол бір кезеңде әскери салада іске асырылған құрылымдық жаңартулар мемлекетіміздің заманауи, шағын, ұтқырлығы басым, толық қамтамасыз етілген әрі әскери қабілетті Қарулы күштерінің негізін қалауға жағдай туғызды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерін құру туралы» 1992 жылғы 7 мамырдағы Жарлығы
- 2 Назарбаев Н.Ә. Тәуелсіздік дәуірі. – Астана, 2017. – 508 б.
- 3 Нурмагамбетов С.К. А в памяти нет тишины. – А., Ана тілі. 1999. – 144 с.
- 4 Тасболатов А. Қазақстан армиясы: күшейіп, қуат жинау жолында. //Егемен Қазақстан, ақпан, 2018
- 5 *Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінге дейін). 5 томдық. 5-т. – Алматы: Атамұра, 2010. - 688б.*
- 6 Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерін реформалау жөніндегі бұдан былайғы шаралар туралы» 1997 жылғы 17 қарашадағы N 3761 Жарлығы.

ТӘУЕЛСІЗ ҚАЗАҚСТАН ҒЫЛЫМЫНЫҢ ДАМУЫ

Изтанатова М.Ж.

*Қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі, Маңғыстау облысы Мұнайлы ауданы
«№2 жалпы білім беретін мектеп» КММ
(Маңғыстау қ., Қазақстан) E-mail: iztanatovam@mail.ru*

Аңдатпа. Бұл мақалада Қазақстан республикасы ғылымы мен білімінің даму кезеңдері, жетістіктері, жоспарлаған іс-әрекеттері туралы ақпараттар жазылған. Автордың идеясы ғалым, мемлекет және экономика үштігі бір-бірімен байланыста әрекет етсе ғана ғылым мен білім дами түседі. Яғни мемлекет бірнеше жылдарды қамтыған жоспар ұсынады, ғалымдар өз жобасын құрады, құрылған жобаны қаражатпен қамтамасыз етеді, мемлекет тарапынан қолдайды, қолдау көрген ғалым ғылыми ізденісті тоқтатпайды. Осылай үздіксіз құрылған «үштік» әлем талабына сай ғылым мен білімді дамытуға қабілетті – деген идея берген.

Мақалада: Қазақстан ғылымы: бүгін және ертең, отандық ғылымның қазіргі жағдайы, ғылымды дамытудың басты бағыттары, Қазақстанда қандай ғылым салалары дамып келеді сынды тақырыптар қарастырылған.

Мақаланы оқу орны қызметкерлері, ғылыми ізденістегі мектеп оқушылары мен студенттер қолдануға болады.

Жаңа ғасырға адамзат өмір салтын түбегейлі өзгерткен аса көрнекті ғылыми және технологиялық жетістіктермен бара жатыр. Іргелі және қолданбалы ғылымның нәтижелерін практикада тиімді пайдалану адамзатты тұрақты дамытудың аса маңызды факторына айналуға. Осыған байланысты, Қазақстан үшін отандық ғылымды елдің әлеуметтік-экономикалық және рухани дамуының аса маңызды факторына айналдыруға арналған бағытты жасау және оны өмірге енгізу республиканың ұзақ мерзімді стратегиялық басымдықтарына сәйкес мемлекет экономикасының бәсекеге қабілеттілігін және ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз ететін экономикалық әлеуетін арттыру өзекті міндет болып табылады.

Қазіргі кезеңдегі саяси және әлеуметтік-экономикалық міндеттерді шешу мемлекеттің нысаналы ғылыми-техникалық саясатын талап етеді, ол әлеуметтік-экономикалық саясаттың құрамдас бөлігі болып табылады. Қазақстан Республикасының Үкіметі перспективалық ғылыми бағыттарды және ғылыми кадрларды даярлаудың жүйесін сақтау үшін қажетті жағдайлар жасау, ғылым мен техника дамуының басым бағыттарын айқындау, қолда бар ресурстарды осы бағыттарда шоғырландыру, бүкіл ғылыми-техникалық кешенді реформалау және өнеркәсіпті дамытудың ел үшін жаңа технологиялық базасын жасау, ғылыми салада жұмыс істеудің нарықтық экономикаға тән жаңа тетіктерін қалыптастыру жөнінде бірқатар шаралар қабылдаған болатын. Сонымен бірге, объективтік себептерге орай, ғылыми-техникалық сала осы күнге дейін қоғамның әлеуметтік-экономикалық прогресінің базалық элементі болмай отыр.

Ғылыми-техникалық прогресс XVI-XVIII ғғ. мануфактуралық өндірістен, ғылыми-теориялық және техникалық қызметтер өзара жақындасып, тоғыса түскен кезден бастау алғанымен де, XX ғ-дан бастап ғылымның шарықтау кезеңі белес алды. Осы кезеңнен бастап дүние жүзілік ғылыми-техникалық прогрестің легінен қалмау үшін елде ғылым мен білімге терең мән беріліп, болашақ ұрпақты заман талабына сай, заманауи ғасырға бейімделген тұлға етіп оқыту мен тәрбелеу міндеті күшейе түсті. Ал, XXI ғасыр – ғылым мен техниканың дамыған дәуіріне айналып, білім беру орындарына жүктелген міндет тіптен салмақтанды. 2020 жылдың екінші жартысынан басталған пандемия да, ғылым мен білімді дамытамын деген ізденуші мен ғалымға, оқушы мен оқытушыға тоқтау бола алмады. Ғылым тоқтаусыз ізденіс үстінде. Еліміздегі ғылымның даму кезеңдері тарихына тоқтала кетсек. Ғылымның дамуы мен гүлденуі табиғаттың шынайы заңдылықтарын үйренуге және оған қоғам мүшелерін тартуға тікелей байланысты. Кеңес Одағы жүйесінің күйреуі барысында республика ғылыми мекемелері дағдарыс жағдайында болды. Мұның себебі бірнешеуі: - Ғылыми зерттеулердің негізгі көздері мен бағыттарын белгілеу КСРО кезінде орталықтан жүзеге асырылды. Одақтық ведомстволар зерттеу институттарын көбіне республикалардың қалауынсыз жүргізіп келді; - Республика ғылыми-техникалық кеңістігінің басым бөлігі жалпы-одақтық ғылыми құрылымға тартылғандықтан, олар Қазақстан ғылымына қосалқы түрде көңіл бөлді; - Ғылым академиясы мен салалық ғылым мекемелері (КСРО энергетика және электрлендіру министрлігі 6 мұнай және газ өндірісі министрлігінің батыс қазақстандық институты, т.б.) өзара және академиялармен тығыз байланыста жұмыс істей алған жоқ; - Экономикалық дағдарыс салдарынан ғылымды қаржыландыру едәуір қысқартылды; - коммунистік қызметке арналған бағаны ырықтандыру ғылыми мекемелерді ұстап отыру мәселелерін одан сайын қиындата түсті; - 90-жылдары белең алған құнсыздану ғалымдардың айлық жалақысын төмендетті, көптеген жас та дарынды мамандар бизнеске, шетелге кетті; Осындай себептермен 20 ғасырдың 90-жылдарындағы республика ғылымының өрісі, оның жаңа технологиялармен жабдықталуы сол заманның талабына жауап бере алмады.

Аталған кемшіліктердің орнын толтыру бағытында Қазақстан Республикасының Ғылым және жаңа технология министрлігі нақтылы жұмыстарды қолға ала бастады. Министрліктің ұсынысына сәйкес 1992 жылы Қазақстан Республикасының Президенті «Ғылымды жетілдіру және республиканың ғылыми-техникалық потенциалын дамыту туралы» Жарлыққа қол қойды. Жергілікті жерлердегі бөлімшелері мен материалдық-техникалық базаларының жоқтығына қарамастан, аталған министрлік Солтүстік Қазақстан, Оңтүстік Қазақстан және Батыс Қазақстан облыстарында үш аймақтық бөлім құрды. 1992-1993 жылдары аса маңызды мәселелерге байланысты 7 ұлттық ғылыми орталықтар дүниеге келді. Олар: -электроника мен байланыс жүйесі бойынша; - ақпаратты және есепті техника бойынша; - биотехнология; - экология; - жаратылыс ғылымдары бойынша; - минералдық шикізаттарды кешенді өңдеу; - жаңа ғарыштық технологиялар бойынша ұлттық ғылыми орталықтары. Бірақ бұл аталған шаралар дер кезінде материалдық ресурстармен қамтамасыз етілмеді. Елдегі экономикалық ахуал мен құнсыздану бұған кері әсерін тигізді. Дегенмен іргетасы бұрыннан қаланған ғылыми ошақтар, атап айтқанда, геология, химия, механика, т.б. бүкіл-одақтық жүйенің күйреуі мен құрылымдық құлдырауына қарамастан, өз тұрғыларын сақтап қалды. 1996 жылы мемлекет ғылыми саланы қайта жаңғыртуға, академиялық ғылымның реформалық жолдарын анықтауға бет бұрды. Осы мақсатта Ғылым және жаңа технология министрлігін, Ұлттық академияны, ауыл шаруашылығы ғылыми академиясын біріктіру жүзеге асырылды. Сөйтіп, жаңадан Қазақстан Республикасының Ғылым Академиясы дүниеге келді, республикада ғылым мен ғылыми-техникалық саланы дамыту туралы заңдар базасын жетілдіруге арналған жұмыстар атқарылды. Осыған орай, «Қазақстан Республикасында бірыңғай ақпарат кеңістігін құру және дамытудың мемлекеттік бағдарламасы туралы» Президент жарлығы және Үкімет қаулысы шықты, Қазақстан Республикасы Жоғары білім және ғылым министрлігі құрылды. Қазіргі кезде ол Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі деп аталады.

2001 жылы министрлік мақсатты бағдарламаларды қаржыландыруға көшті. Ғылыми-зерттеу институттары мұндай бағдарламаларды қорғап, конкурстық негізде жеңіп алуы тиіс. Зерттеу бағдарламалары республикадағы ғылым дамуының басым бағытына сәйкес келуі қажет. Бағдарлама зерттеушілері істелген жұмыс жайлы жылда есеп беріп, егер ол алдын ала белгіленген талаптарға сай келмесе, қаржыландыру тоқтатылуы мүмкін. Ғылымды қаржыландыруға байланысты мұндай жағдай 2001 жылы қабылданған «Ғылым туралы» Заңда анықталған.

Жаңа заң республика дамуының соңғы он жылдығында болған өзгерістерді ескере отырып даярланды. Осылайша бюджеттік қаржыландырудан басқа ғылыми мекемелер мен ғылыми қызметкерлердің өзге де қаржы көздерін тауып, қаражат тартуға мүмкіндіктері бар. Мысалы, грант түрінде арнайы ғылыми және қоғамдық қорлардан ала алады. Сөйтіп, жаңа заң қазір біздің

мемлекетіміздегі ғылым мен ғылыми-техникалық саясаттағы өзгерістерге сәйкес келеді. Ғылымды дамытудың мемлекеттік бағдарламасында ғылым саласын одан әрі жаңартудың 2007-2012 жылдарға арналған стратегиясы белгіленді.

Қазақстандық ғылымның ертеңі республикадағы білім жүйесіне де тікелей байланысты. Қазақстанда басқарудың тікелей негізгі қағидаларына сүйенген, әрі қаржыландыру жағынан мемлекеттік және мемлекеттік емес болып есептелетін еуропалық типтегі білім беру жүйесі қанат жайып келеді.

«Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президенті қоры» қоғамдық қоры 2010 жылы ЮНЕСКО-ның ұйымдастыруымен өткен Білім конференциясына қатысушылар адамзаттың басын біріктіретін – білім ғана деген байлам жасады. Иә, білім-ғылымның адамзат қауымдастығының болашағы үшін атқарар рөлін ештеңемен салыстыру мүмкін емес. Қазақстанның тұрақты дамуы үшін еліміздің алдында тұрған ауқымды міндеттерді, мемлекеттік бағдарламаларды іске асыратын, бүгінгі бастамаларды ертеңге апаратын заманауи біліммен қаруланған озық ойлы, білікті мамандар қажет. 1995 жылғы Конституция бойынша (30-бап) баршаға бірдей міндетті болып есептелетін толық орта білім алуды мемлекет тегін жүргізеді. Әйткенмен, мектеп бітірген жас жеткіншектің одан әрі қандай оқуға түсуі (мемлекеттік немесе жеке) өз еркі мен қалауына байланысты. Этностық ерекшеліктердің есепке алынуына орай, республикада оқу, білім алу 7 тілде жүргізіледі. 1997 жылдың соңында Президент Н.Ә. Назарбаев 2030 жылға дейінгі Қазақстанның даму стратегиясын анықтап, онымен халықты таныстырды. Президент бұл стратегияны болашақ ұрпақ алдындағы жауапкершілік сезіміміздің көрінісі деп бағалады. «Қазақстан-2030» стратегиясында қоғамның ұзақ мерзімді басым мақсаттары - жеті бағыт бөле көрсетілді. Солардың бірі – Қазақстан азаматтарының денсаулығы, білімі мен әл-ауқаты. Бағдарламада Қазақстан мектептерін тұтастай компьютерлендіру қажет делінген. Бұл мақсатқа бүгінгі таңда қол жеткізіп отырмыз. 1997-1998 оқу жылынан бастап жалпы білім беретін мекемелерде ақпараттандыру мен компьютерлендіру бағдарламасын орындау міндеттелінді. 2001 жылы мектептерді компьютерлендіру толығымен аяқталды. Қазіргі кездегі шапшаң жүріп жатқан жаһандану үрдісі әлемдік бәсекелестікті күшейте түсуде. Тіпті бірқатар дамыған елдерде бұл идея ұлттық қағидаға айналған. Сондықтан халықаралық ұйымдар әлем елдерінің бәсекеге қабілеттілігінің рейтингін анықтауға кірісті. Бәсекеге қабілеттіліктің теориясы мен тұжырымдамалары жасалып, оның факторлары да анықталып жатыр. Ал Қазақстанның бәсекеге қабілеттігін жүзеге асырудың тиімді жолдары Елбасының 2004 жылғы 19 наурыздағы «Бәсекеге қабілетті Қазақстан үшін, бәсекеге қабілетті экономика үшін, бәсекеге қабілетті халық үшін» атты жолдауында және «Қазақстанның әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті 50 елдің қатарына кіру стратегиясында» айқын көрсетілген. Бүгінгі таңдағы әлемдік бәсекелестік заманда әрбір оқушының білім сапасын, қабілеттілік деңгейін анықтайтын жеке тұлғаны дамыту мәселелері күн тәртібінде өз өзектілігін жойған жоқ, яғни адамның білімі мен біліктілігі қазіргі заманда әрбір мемлекеттердің бәсекеге қабілеттілігінің ең маңызды факторына айналды. Білім беру жүйесін ақпараттандыру үрдісі заман талабы және Қазақстан республикасында ақпараттандыру бағытының ең маңызды әлеуметтік-экономикалық жалпы мемлекеттік мәселенің бірі болып табылады.

Осының барлығымен бірге біздің балалар да өзгеруде. Олар мектепте осыдан он жылғыдай емес, тіптен басқаша келеді. Қазір бірнеше жылда ақпараттық технологияның және кәсіптің – физик-ядрошылардан қарапайым бірлестіктің менеджеріне дейін, инженерден аспазшыға дейін – мазмұны өзгерген кезде, біз бүгін мектеп оқушыларына олардың келешек кәсібінің әлеміне қандай білім керек екенің нақты дәл айта алмаймыз. Олар өмірде бір емес бірнеше мамандықты алмастыруға дайын болуы, үнемі өзін-өзі жетілдіріп отыруға, кәсіптік қызмет үшін қажетті ақпаратты сауатты түрде іздеуге, алуға және өндей білуге дайын болуы тиіс. Батыста әлдеқашан негізгі біліктіліктермен (оқу, санау, жазу) қатар ақпаратпен жұмыс істей білуді білдіретін «жаңа сауаттылық» ұғымы бар. Осыған бізде мектепті дайындауға тиіспіз.

Мамандар даярлауды жаңарту мен жақсарту үшін «Дарын» мемлекеттік бағдарламасы іске асырылды. Бұл бағдарлама жасөспірімдер мен жеткіншектерге тәрбие мен білім берудегі білім органдарының негізгі стратегиялық іс-шараларын белгілейтін болады. Ерекше дарынды балаларды шетел оқу орындарына жіберіп отыру мақсатында 1993 жылдан бастап «Болашақ» бағдарламасы жұмыс істеп келеді. Сонымен қатар, қазір жаңа балалар бақшалары, интеллектуалдық мектептер мен Назарбаев Университеті де ашылды. Бүгінгі таңда шетелге барып білім алу мәселесімен басқа да мемлекеттік емес білім ұйымдары, орталықтар, қорлар айналысуда. Тәуелсіздік алған жылдар ішінде білім берудің қыры мен сыры, мазмұны айқындала түсіп, оларды қаржыландыру мен басқару негізі едәуір өзгерді. Бұл салада жаңаша құқықтық-нормативтік база құрылып, қалыптасты. Білім берудің қосымша және баламалық мекемелері өмірге келді. Осыған орай мемлекеттік оқу орындарын қолдап-

қуаттаудың мүлдем жаңа мүмкіндіктері ашылды. Білім алу мен білім берудің ықпалдастық дәрежедегі әлемдік кеңістігі ұлғайды.

Ғылымды дамыту үшін мынандай бағыттарды ұстанып, соған сай жұмыс жүргізу көзделуде. - Білім және ғылым жүйесінің кадрлық әлеуетін дамыту. Бұл тұста ғылымның зияткерлік әлеуетін нығайту басты мәселенің бірінен саналады. - Жас ғалымдарды қолдау мақсатында конкурстар өткізу (конкурстық гранттар негізінде), PhD мен тағылымдамаларға арналған гранттар санын көбейту, жас ғалымдарға арнайы ғылыми гранттар бөлу, қазақстандық жобаларды іске асыруды шетелдік ғалымдарды тарту арқылы жүзеге асыру отандық ғылым дәрежесінің көтерілуіне үлес қоса алады.- Жастарды ғылымға тарту мақсатында жас ғалымдар қауымдастығын құру, ғылымға деген қызығушылықты арттырып, ғылым дәрежесін өсіру және жас ғалымдардың санын арттыру үшін өңірлік ғылыми форумдар өткізіп, ғылыми-танымдық журналдарды қолданысқа енгізу және ғалым кәсібінің беделін барынша насихаттауды жүзеге асыру. - Білім мен ғылым инфрақұрылымын дамыту және цифрландыру. Бұл тұста бағдарлама үш бағытты көздейді: - ғылыми әлеуетті дамыту; - кадр резервін күшейту; - көшбасшыларды дамыту бойынша стратегиялық HR-менеджментті енгізу жөніндегі жұмыстарды кешенді түрде жүргізу.

Ғылым инфрақұрылымын жаңғырту және ғалымдардың сандық дағдыларын дамыту шараларын жандандыру да көзделуде. «Ғылымды цифрландыруды дамыту мақсатында Қазақстан ғылымының бірыңғай ақпараттық жүйесі құрылатын болады. Жүйенің мүмкіндіктері ғалымдардың өзекті дербес бейіндерін құруға және қолдауға, әрбір ғалымның мемлекеттік көздерден қаржыландырылатын зерттеулерге қатысу тарихын қалыптастыруға, оңтайлы ғылыми әріптестікті ұсынуға, қаржыландыруға өтінімдер мен ғылыми зерттеулер туралы есептерді жіберуге, сараптамадан өту мониторингін жүзеге асыруға мүмкіндік береді» деген міндет баса көрсетілген.

Ғылыми зерттеулерді қаржыландыру мен қоса қаржыландыру жағдайына тоқтала кетпесе болмайтын жағдай. Себебі, бүгінгі таңда мынындай проблемалары бар. Ғылыми және ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыруды гранттық қаржыландыру бойынша орташа жалақы 287 мың теңгені, бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру бойынша 157 мың теңгені, базалық қаржыландыру бойынша 72 мың теңгені құрайды. Ең төменгі жалақы гранттық қаржыландыруда – 51 мың теңге. 2018 жылы ғылымның мемлекеттік секторындағы жалақы 119 мың теңгені құрады, бұл еліміз бойынша орташа көрсеткіштен (163 мың теңге) төмен. Білім мен ғылымды қаржыландыру көлемі ғылыми әлеуеттің бәсекеге қабілеттілігін арттыруда, ЭЫДҰ(Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы) елдерінің қағидаттары мен стандарттарына сай келетін елдің стратегиялық міндеттеріне сәйкес келмейді. Осыған байланысты Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев білім мен ғылымға арналған жалпы шығыстарды ЖІӨ (жалпы ішкі өнім)-ден 5%-ға дейін ұлғайтуды қарастыруды тапсырды. Ғылыми-зерттеу қызметін жаңғыртудың бірден-бір жолы – ғылымды интернационалдандыру.

Халықаралық ғылыми және ғылыми-техникалық ынтымақтастық саласындағы мемлекеттік саясат елдің ұлттық мүддесіне, қазіргі геосаяси және экономикалық жағдайға сәйкес жүзеге асырылуға және қазақстандық өнімдерді халықаралық рынокқа жылжыту, Қазақстанды әлемдік ғылыми қоғамдастыққа ықпалдастыру және оның осы заманғы өркениет проблемаларын шешудегі рөлін белгілеу мақсатында бәсекеге қабілетті бірлескен зерттеулер мен әзірлемелерді іске асыруға бағытталуға тиіс.

ТМД шеңберінде ғылымды қажетсінетін технология, кадрлар даярлау, ғылыми және ғылыми-техникалық саясатты жақындастыру мәселелері бойынша бірлескен семинарлар, кеңестер ұйымдастыру және бірыңғай ғылыми және экономикалық кеңістікті қалыптастыру саласындағы ынтымақтастық жөнінде екіжақты және көпжақты халықаралық шарттар жасасу практикасын дамыту керек.

Халықаралық ғылыми және ғылыми-техникалық ынтымақтастықты реттеу жөніндегі мемлекеттік саясатты жүргізуге ғылыми қоғамдастықтың мүддесін ескере отырып, әріптестерді, бағыттарды, шетелдік әріптестермен ынтымақтастық және араласу нысандарын еркін таңдау енуге тиіс. Қазақстан Республикасының ғылыми ұйымдарына, қазіргі кезде, едәуір дәрежеде қазақстандық ғылымға көмек көрсетуде ізгілікті сипатқа ие және көбіне қаржыландырушы тараптың мүддесін көздейтін Халықаралық ғылыми-техникалық орталық (ХҒТО), Еуропалық одақ, Американдық қорлар, НАТО-ның ғылыми комитеті және басқа бағдарламаларға қатысумен қатар, қатысушы тараптардың үлес қосуымен қаржыландырылатын өзара тиімді жобаларға, қазақстандық институттар базасында халықаралық ғылыми-зерттеу орталықтарын құруға, қазақстандық ғалымдардың жұмыс істеп тұрған әлемдік ғылыми орталықтардың жұмысына қатысуына ықпал етуге, институт сайттарын құру арқылы қазақстандық ғылымның жетістіктері мен мүмкіндіктерін насихаттау үшін Интернет

мүмкіндіктерін кеңінен пайдалануға, республикада халықаралық конференциялар мен форумдар өткізуге, лекция оқу үшін басқа елдердің ірі ғалымдарын шақыруға көшу қажет.

Қазіргі уақытта ғылыми және ғылыми-техникалық жобалар ғаламдық сипатқа ие және әртүрлі елдер ғалымдарының күш-жігерін талап етеді. Осыған байланысты, интеллектуалдық меншік құқығын бөлуді ескере отырып, ғылыми-техникалық ақпарат алмасу және пайдалану айрықша мәнге ие болады.

Мемлекетіміз ғылым саласындағы халықаралық ынтымақтастықты қолдау үшін жетекші шетелдік ғылыми орталықтар мен университеттерде жұмыс істейтін отандастарды тарту үшін арнайы бағдарламалар әзірлеуді негізгі мақсат етіп отыр. «Халықаралық зерттеулерді гранттық қаржыландыруға жекелеген конкурстар көзделетін болады, бұл ғылыми қызметкерлердің өндірістік және нәтижелі қызметке деген ынтасын, кәсіби өсуі мен ұтқырлығын арттыруға алып келеді» делінді Үкімет отырысында.

Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында отандық ғылымның дамуына барлық деңгейдегі білім беру мазмұнын жаңғыртудың әсері зор екендігі де айтылған.

Елімізде қабылданған осындай бағдарламалар мен басшылықтың сарабал саясатының нәтижесінде елімізде мынадай ғылым салалары дамып, қазақ ғылымының жетістігі ретінде бағалануда:– «Парасат» ғылыми-техникалық орталығы» АҚ тау-кен және металлургия саласы бағдарлама негізінде «отқа төзімді және сапасы төмен шикізаттарды өңдеу мен байыту технологиясымен» ең алғаш демеркуризациялы өңделген көмірден вакуумда алтын өндіру, бөліп алу үшін үздіксіз әсер етуші құралдар мен технология әзірледі; – Ж.Әбішев атындағы химия-металлургиялық институты ҚР Минералды шикізаттарын кешенді қайта өңдеудің Ұлттық орталығымен бірлесе отырып, «Минералды-шикізат ресурстары мен түрлі-түсті металлургияның техногенді қалдықтарын тиімді пайдаланып, отандық өндіріске қажетті өнім алу» бағдарламасы бойынша маңызды ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізді;– Іргелі ғылымдар бағдарламасы бойынша емдік дәрі-дәрмек жасауда «Фитохимия» халықаралық ғылыми-өндірістік холдингі» АҚ «Өсімдіктер және олардың синтетикалық баламаларының жаңа биологиялық белсенді қосылысы» тақырыбында алғаш рет бірегей дәрілік заттар алуды қолға алғаны еліміз үшін мақтан тұтарлық жаңалық; – Қазақстан Республикасында атом энергетикасының дамыту бағдарламасы бойынша энергетика саласында жер бетін атмо-геохимикалық түсіруде оның геологиялық ортадағы техногендік өзгерістерінің әдістемесі мен модельдік бағдарламасы әзірленді. Алғаш рет Қазақстанда радон ²²²Rn изотопынан дозалық жүктемесі анықталып, қазақ ғалымдары оны алудың әдістемелік нұсқаулығын әзірлегенін де ауыз толтырып айтуға болады. Бұнымен қоса ауыл шаруашылық, медицина салалары бойынша елімізде ірі-ірі жетістіктер орын алғандығы көз қуантады.

Ғұлама ғалым әл-Фараби «Ғылымы жоқ елдің – болашағы жоқ» деген екен. Қасым-Жомарт Тоқаев «Ана тілі» газетіне берген сұхбатында: «Той қуалайтын емес, ой қуалайтын кезеңмен бетпе-бет келдік. Бұл дәуір – ақыл-ойдың, ғылым мен білімнің, еңбектің дәуірі», – деген болатын. Мемлекет басшысы айтпақшы, біздің заманымыз – ғылым мен білімнің дамуына білек түріп белсене кірісетін кезең.

Білім беруді және ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының қорытындылары қойылған мақсаттар мен міндеттердің 93,4%-ға орындалғанын көрсетеді. Ендігі кезекте бекітілген Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы бойынша орындалған міндеттердің пайыздық үлесі жоғары болатындығына сенімім мол.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Назарбаев Н. Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру. – Астана, 2017 <https://www.akorda.kz/kz>
2. Қазақстан Республикасының Конституциясы. – Алматы, 1995:1-26.б.
3. Назарбаев Н.А. Стратегия становления и развития Казахстана как суверенного государства. - Алматы, 1992 https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=30006969
4. Назарбаев Н.Ә. Тәуелсіздік белестері. – Алматы, 2003:25-27, 50-54б.б.
5. Назарбаев Н.Ә. «Қазақстан - 2050» стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты». ҚР Президенті-Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. – Егемен Қазақстан, 15 желтоқсан 2012 ж.
6. Қазақстан Республикасының Ғылыми және ғылыми-техникалық саясатының тұжырымдамасы туралы Заңы. 1-6б.
7. Қ.Ж. Тоқаев «Ана тілі» газетіне берген сұхбаты, 25 маусым 2020:26.6.8. [203](https://qazaq1913.com/2020/08/11/aza-stan-ulyму-b-gin-zh-ne-erte/ А.Мұханбетқали.</div><div data-bbox=)

1920-1930 ЖЫЛДАРДАҒЫ КЕҢЕС ҮКІМЕТІНІҢ ҚАЗАҚ ТАРИХИ БІЛІМІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ САЯСАТЫ

Самаг Сымбат¹, Р.К. Танирбергенова²

¹Шет тілдер және іскерлік карьера университеті, ИСТ 19-04-01

²Шет тілдер және іскерлік карьера университеті, Тарих және халықаралық қатынастар кафедрасының аға оқытушысы

(Алматы қ, Қазақстан) E-mail: t.raziya75@mail.ru

Аңдатпа: Мақалада тарихи білімді дамыту барысындағы өткен тарихтағы оң тәжірибелерді меңгеруде, оны сын тұрғысындағы терең ғылыми ой елегінен өткізу арқылы саралай отырып, жіберілген кемшіліктерді анықтау – қазіргі білім жүйесіндегі Қазақстан тарихын игеруді жетілдірудегі қуатты фактордың бірі болып табылатыны қарастырылған.

Түйін сөздер: тарих, Кеңес үкіметі, соғыс коммунизмі, Конспект.

Ақ патша дәуірінде Қазақ өлкесінің тарихын, этнографиясын, егіншілік жайын, мал шаруашылығын, табиғат байлықтарын зерттеу жөнінде маңызды материалдар калдырған, капитан И.Г. Андреев, Г.Н. Волошанин, А. Незнаев, майорлар Зеленов пен Богданов, Иван Мотов, инженерлер М.Д. Чулков, Литвинов, Бейдам, Телятников, Стрижков, Снегирев, унтер-офицерлер Ф.С. Ефремов, С. Матвеев, Я. Гавердовский, Т. Бурнашев және басқа да бірталай кісілер басқарған XVIII ғасырдың соңғы үштен біріндегі және XIX ғасырдың бас кезіндегі Қазақстанға жіберілген орыс экспедициялары назар аударарлықтай (Қазақстан тарихы, 2002: 211 б.).

Өкінішке орай, кеңес дәуірінің алғашқы дүрбелең жылдарынан бастап-ақ Қазақстан тарихын жазуды қолға алғандар, негізінен өткен тарихты жазғандардың ізбасарлары - тек Ресей империясының мүддесін ойлаған жоғарыдағы офицерлер сияқты қазақтан басқа ұлттың өкілдері еді. Ең өкініштісі, олардың жұмыс әдістерінің бәрі әскери өктемдікпен байланысты болды. Бұл дегеніміз, бұрын патша үкіметінің күштеуге негізделген дәстүрлі саясатын одан әрі жалғастырудың кезекті түрі болатын. Олай дейтініміз, егер Кеңес үкіметі өзі билікке келген алғашқы жылдары, бірден қазақ халқының рухани дамуының болашағына шын мәніндегі жанашырлық көзқараспен қараған болса, онда қазақ тарихын жазуға алдымен сол кездегі тарихтан мол хабары бар ұлт зиялыларын тарту керек еді. Ал олар болса, жетіп жығылатын: С. Асфендияров, М. Тынышбаев, Ш. Құдайбергенов, Х. Досмұхамбетов, А. Байтұрсыновтарды былай қойғанда, қазір көпшілікке аттары кеңінен белгілі бола бастаған Ғ. Тоғжанов, Т. Шонанов, Қ. Кемеңгеровтар тарихты жазудың анық майталмандары бола тұра, бұл істен мүлдем тысқары қалды. Бұлардың Кеңес үкіметі үшін сенімсіздігі әуелден байқалмаса, аты аталған осы зиялылардың тіпті ең болмаса біреуі, тарих жазуға кеңесші бола алмады дегенге сене алмаймыз. Өйткені олардың бүгінгі таңда жарияланып жатқан еңбектері жаңағы шындықтың бетін аша бастады.

Сонымен, кеңес жылдары қазақ тарихын тағы да сол баяғы славян тектес ұлттың өкілдері тарапынан жазуға даярлық тағы да әскери өктемдікпен, өте қауірт түрде басталды. Бұл істі Қаз.Рев.комның бастамшылдығымен 1919 жылдың желтоқсан айында құрылған Қырғыз халық ағарту комиссариятының құрамындағы тарих, жаратылыстану, география және этнография бөлімі қолға алды (Кулаков, 1973: с. 42).

Осы бөлімнің жалпы жоспарында көрсетілгендей, әуелгі мақсат-әскери мекемелердің мүддесін қанағаттандыру болатын. Азамат соғысы жүріп жатқанда дүниеге келген «Соғыс коммунизмі» саясаты қауырт жүргізілген әскери әдістерді пайдалана отырып, күтпеген табыстарға жеткен еді: әскерге азық жинау, жергілікті ұлттық-әскери бөлімдер құру, т.б. Қысқасы, Кеңес өкіметі Азамат соғысы жылдары аз уақыттың ішінде жеңіске жетсе, бұның бәрі «соғыс коммунизмі» саясаты енгізген әскери әдіспен оңай, әрі тездетіп шешілген еді. Тіпті Азамат соғысы жылдарындағы әр түрлі ұлттардың әскери бірлігін ұйымдастыра білу тәжірибесі 1922 жылы құрылған кеңестер Одағының (КСРО) да негізін салғаны тарихтан белгілі. Бұның өзі қарапайым логикадан туындаған енді: «соғыс коммунизмі» саясаты болашақта да бірігудің қажетті мүмкіндігін көрсетіп берді. Яғни, әр ұлт Республикаларының өз алдына социалистік жолға түсуі қиын. Олардың әрқайсысы жеке-жеке социализм орнатамын деуі империалистік елдер үшін пайдалы. Империалистік елдер оларды жеке-жеке талқандайды. Ал егер социализм орнатуға бірігіп кіріссек, ондай біріккен елді кез келген жаудың жаулап алуы мүмкін емес еді.

Сол сияқты, өлкенің байлығын табысты игеру, алдымен сол өлкенің тарихын білумен шешілетінін жақсы түсінген кеңес басшылығы 1919 жылдың желтоқсан айында Орынборда, Қырғыз өлкелік әскери комиссариятының құрамында жұмыс істейтін тарихи-статистикалық бөлімше дегенді

құрды. Ол өзінің алдына төтенше жағдайға бағындырылған өте қатаң түрде жұмыс істейтін мақсатын белгіледі. Бұл бойынша, қырғыз өлкесімен қырғыз халқының жағрафиялық, тарихи, этнографиялық, статистикалық ерекшеліктерімен тез арада танысу-басты міндет болды.

Тарихи-статистикалық бөлімше 1920 жылы 10 наурыздағы халыққа жариялаған үндеуінде Қырғыз өлкесі мен оның халқы туралы мәліметтер, айталық қорғандар кімнің құрметіне қойылған, ол қандай және қашанғы тарихи оқиғалармен байланысты, немесе олар жөнінде қандай деректер сақталған, тас әйел мүсіндер қай жерде көптеп кездеседі, міне осы сияқты тарихи жәдігерлерді білетіндер болса, тез арада Орынборға жеткізу көрсетілді. Сонымен бірге, осы мекеменің ұйғарымымен халықтан жиналған материалдар мен қолда бар тарихи деректер негізінде 4 бөлімнен тұртын қазақ өлкесі туралы тарихи-географиялық очерктің бірінші сериясын шығару жоспарланды:

1. Қырғыз өлкесі мен оның халқы туралы қысқаша тарихи шолу;
2. Қырғыз даласының қысқаша географиялық очеркі;
3. Қырғыз өлкесін автономияландырудың тарихы;
4. Қырғыз халқының әскери мекемелерінің қалыптасуы мен дамуының тарихы.

Қазақ халқының тарихына қатысты осы бірінші серия шығарылысымен, дереу оның екінші сериясын шығару мынадай тұрғыдан жоспарланды:

1. Қырғыз халқының ауызша тарихы.
2. Қырғыз халқының наным-сенімдерінің тарихы;
3. Қырғыз даласының өнер тарихынан;
4. Қырғыз халық соты мен халықтың құқығының тарихы.

Осы тарихқа қатысты материалдарды саралап, топтау, жүйелеу, қорытындылау ісінің бәрін қырғыз өлкелік әскери комиссариатына тапсыру белгіленді (Тынышбаев, 2002: 23-24 б.).

Бұл дегеніміз, кеңес дәуірінің алғашқы жылдарында тарихтан материал жинастыру жұмыстарының бәрі әскерилердің мүддесіне, нақтырақ айтқанда орыс пролетариатының мүддесіне бейімделгендікті білдіреді (Тынышбаев, 2002: 24 б.).

Міне, жұмысты ұйымдастырудағы осы әскери әдіс бір ел ішінде жүріп жатқан соғыс бітпестен, өзінің тамырын тереңге жайып, бұрынғы патша иелігіндегі елдердің бәрін өз уысында ұстап қалуға жанталасты. Яғни, Кеңес өкіметі ел өміріне қатысты әлеуметтік-экономикалық мәселенің бәрін, тәжірибеден өткен әскери әдіс жолдарымен шешуге ұмтылды. Бұны іске асыру үшін әскери күштеу әдісін ашық түрде емес, елді дүрліктірмеу жағын ойластырған сыпайы түрде жүргізудің жолын қарастырды. Мәселе, бұрыннан қолда бар деректерге сүйеніп тарих жазу емес, қазақ ұлтының психологиялық ділін меңгеріп барып тарих жазуға тірелді. Кеңес өкіметі осылай еткен жағдайда ғана, және оны тез арада іске асырудың барысында ғана, ұлттарды жасанды біріктіре алатынына сенді.

Халық арасына барғанда қазақ тарихын жазу үшін ғылыми қоғамның жұмысына материал жинау дегенді айту бөлім мүшелеріне неғұрлым қолайлы еді. Сол сияқты халықтың өзіндік ерекшелігі мен тарихын, ділін білу, көбінесе этнографиялық деректерді жинаумен де жеңілдей береді. Осы логика жетегіндегі жоғарыдағы «ғылыми қоғамның» этнографиялық секциясының мүшесі Е.А. Яковлева қазақтардың қарапайым тұрмыс-тіршілігін жүрдім-бардым зерттей келе, аз ғана уақыт ішінде 250 қазақ мақал-мәтелдерін жинастырып үлгірді. Екінші бір зерттеуші А.А. Четыркина Н.В. Мельковпен бірге Ақтөбе уезінің Ақ-Бұлақ ауданына барған сапарында қазақ ою-өрнектері безендірілген материалдар жинақтаған. Осының негізінде ою-өрнектердің нақыштап безендірілген 19 түрден тұратын суреттерін салған. Ал тағы бір ізденуші А.Ф. Рязанов болса, Орынбор қаласының кітап қорын анықтап, 10000 кітаптан тұратын әдеби тарихи деректердің жүйелік көрсеткіштерін тәртіпке келтіріп, қазақ өлкесі мен оның халқы туралы әдебиеттердің реттілігін бөлек тәркілеген. Келесі бір ізденуші М.А. Михайловқа келсек, ол жергілікті халықтың мәдени-табиғи шығармашылығы туралы материалдар жинастырған (Тынышбаев, 2002: 44 б.).

Бөтен ұлт өкілдері тарапынан болған осындай ізденіс жұмыстары артта қалған халықтарға көмек тұрғысынан түсіндіріліп, партия және орыс пролетариятының қамқорлығымен дәріптелді. Шындығында, ең негізгі мәселе, большевиктік партия тарихы ғылымының өзін қалыптастыру керек еді. Ел ішінен тарихқа қатысты материал жинауды партия атын жамылып жүргізу неғұрлым жылдам болатыны белгілі болды. Өйткені большевиктер партиясының ұлт бағдарламасы бойынша «ұлттардың толық және тең құқылы болу» деген идеясы халыққа неғұрлым жақын екендігін партияның идеологтары жақсы білді.

Міне, партияның осы және басқа әлеуметтік-экономикалық, әскери-саяси мәселелердегі беделін одан әрі насихаттау үшін, сондай-ақ партия үстемдігін күшейту мақсатында 1920 жылдың 21 қыркүйегінде РКФСР Халық Комиссарлар Кеңесінің Қаулысының негізінде Халық ағарту Комиссариатының жанынан «Испарт» құрылып, ол бұрынғы империя ауағында партия тарихы

ғылымының дүниеге келуін тездетті (Тынышбаев, 2001: 12 б.). Бұл комиссия 1921 жылдың 1 желтоқсанынан бастап РКП (б) ОК-нің ішінде өзінше бөлім болып қайта құрылды. Ол алғашқы құрылған күннен бастап В.И. Лениннің партия тарихына жүрдім-бардым, апыр-топыр («хаос») тұрғыдан қарауға болмайды деген қағидасын басшылыққа алды (Қазақстан Ұлттық энциклопедия, 2004: 42 б.). Орталық Истпарт және оның жергілікті комиссиялары партия тарихы ғылымының дерек қорларын жинастыру мен партия тарихын тұтастай зерттеу істерін ұйымдастырғанда партиялық және таптық ұстанымды алдыңғы орынға шығарды. Дәл осының өзі, бүкіл Кеңестік тарих ғылымдарының болашақ бағытын айқындап берді. Ал Қазақстанда партия тарихына тән ұстаным негізінде жұмыс істеу, алғашында мемлекеттік мұрағаттар, мұражайлар мен басқа да ғылыми мекемелердің көптеп құрылуы арқылы жүзеге асты (Тынышбаев, 2002: 45 б.).

Өкінішке орай, тек қана мемлекеттік мұрағат деректерін тәркілеп, жүйелегендер де қазақтан басқа ұлттың өкілдері болатын. Оны, кезінде мұрағат деректерін реттеген мұрағат қызметкерлерінің өздерінің қазіргі мұрағатта сақтаулы есептері дәлелдейді.

Орталық өлке мұрағатының 1924 жылдың қаңтар, ақпан наурыз айларының есебінде мынандай мәліметтер бар:

– Орталық өлке мұрағатының ғылыми қызметкерлерінің күшімен жасалған есептер:

а) 1874 жылғы Орал қазақтарының толқуы;

ә) Исатай Тайманов және 1835–38 жж. Бөкей Ордасындағы халық қозғалысы;

б) Орынбор өлкесіне әкімшілік іспен жер аударылғандар туралы мәселелерді өңдеу;

Бұл жұмыс мынандай мұрағат қызметкерлерінің күшімен орындалған:

1. А.Л. Мелков

8. П.В. Гумбург

2. Е.А. Чоглокова

9. А.А. Сучко

3. Д.В. Гусев

10. Н.Д. Соколова

4. В.Ф. Пищулин

11. М.М. Калинина

5. Г.А. Сербаринов

12. Д.Ф. Гидаспов

6. Н.А. Билярский

13. Е.И. Павлова

7. Е.В. Балдина

14. А.Б. Ефремов

Бұлардан бөлек мұрағат материалдармен жұмыс істегендер:

1. М.П. Баталов – Пугачев көтерілісінің материалдары бойынша;

2. А.А. Потемкин – Сырым Датовтың материалдары бойынша;

3. А.Ф. Рязанов – қырғыз өлкесіне жасалған экспедиция жөнінде;

4. Ю.Д. Гусев – Қаратай сұлтан туралы материалдар бойынша.

Барлық есептер Қырғыз өлкесін Зерттеу Қоғамы шығаратын еңбектерде басылған және тарихи-этнографиялық бөлімінің мәжіліс-отырыстарында қосымша түрде ылғи қаралып тұрған (Кулаков, 1973: с. 48-49).

Қазақ тарихын жазуға объективтік тұрғыдан қарау 1924 жылдан бастап, дәлірек айтқанда А.П. Чулошниковтың жоғарыда аталған еңбектеріне М. Тынышбаевтың сын жазуынан басталды. Осы оқиғадан кейін ұлт тарихын сол ұлттың өз өкілдерінің араласуымен ғана дұрыс жазуға болатынын амалсыз мойындаған әскери-словян тектес адамдар, қазақ ұлт тарихшыларымен санасуға мәжбүр болды.

Бұл аралықта, М. Тынышбаев 1920 жылдан Ташкент қаласындағы халық ағарту институтында ұстаздық ете жүріп, түрік-монғол тарихынан дәріс берді; ғылыми-зерттеу қоғамдары – «Талап» және орыс географиялық қоғамы Түркістан бөлімінің мүшесі ретінде, толып жатқан тарихи зерттеулер жазды (Кулаков, 1973: с. 50). Ол тек қана «Талап» қоғамындағы 1922-1923 жылдардағы жұмысында «Он үшінші ғасырға дейінгі түріктің ежелгі тарихы», «Шыңғыс хан және оның империясы», «Қазақ-қырғыз тарихы» сияқты тарихи тақырыптарда дәріс оқыған. Ал 1924 жылдың ақпан айынан өз қызметін қайта жаңғыртқан Орыс географиялық Қоғамының Түркістан бөліміндегі секцияның азамат соғысынан кейінгі бірінші мәжілісінде М. Тынышбаев қонақ ретінде арнайы шақырылып, «Қызылөзендегі қираған үйінді және Баласағұн қаласы» деген тақырыпта ғылыми баяндама жасаған. Ол осы және тарих жазудағы басқа еңбектері үшін аталған қоғамның археология және этнография секциясының 1924 жылдың 22-ші маусымында болған кезекті мәжілісінде қоғамға толық мүше болып қабылданған (Қазақстан Ұлттық энциклопедия, 2004: 40-42 б.).

Тіпті оның 1923 жылы «Сана» журналының қаңтар айындағы № 1-ші нөмірінде жарияланған «Түрік-монғол тарихы» деген зерттеуіндегі түркі мәселесіне байланысты деректерін қазіргі тарихшылар кеңінен қолданысқа енгізіп, түрлі деңгейдегі оқулықтарға кіргізіп отырғаны жасырын емес. Мысалға бүгінде кеңінен қолданыста жүрген тарихи сөз тіркестерінің бірі – түрік тілдестердің арғы ата бабалары «сары түсті, сопақ басты, көк көзді, қаба сақалды» деген дерек көздерін тарихи

айналысқа қиналмай енгізіп жүрсек, бұл сөз тіркестерін қытай тарихшылары арқылы бізге жеткізген Мұхамеджан Тынышбаев болатын (Қазақстан Ұлттық энциклопедия, 2004: 49 б.). Демек, ұлттық тарихи білімнің қалыптасып, дамуында Мұхамеджан Тынышбаевтан түрік-монғол тарихына байланысты алатын деректеріміз қаншалықты көп болса, оның әрі қарай анықталып, зерттеп, зерделенуінде болашақ күттірмейтін міндеттер де жетерлік.

1926 жылдың 20 шілдесінде С.Садуақасовтың атына О.Жандосовтың ВКБ(б) Қазақ Өлкелік Комитетінен арнайы нұсқау келіп түскен. Онда тарихи білімнің кеңестік үлгісі айқындалып, 1916 жылғы көтерілістің 10 жылдығына орай, бұқаралық ақпаратта осы көтерілістің тарихи мәні мен маңызын және одан алынатын сабақтар тұрғысынан біз төменде көрсеткен бірнеше адамдардың тартылатыны айтылған. Осы нұсқауда аты аталған адамдардың көтеріліс туралы еске түсіріп, тарихи зерттеу материалдарын жинап берумен бірге міндетті түрде газетке жарияланатын мақалалардың тақырыптарына дейін көрсетілуі белгіленді:

1. Қозғалыстың экономикалық тамыры тақырыбына: Асфендияров, Ваннэ, Тоқтыбаев және Сұлтанбеков.

2. 1916 жылғы қазақтар көтерілісінің әлеуметтік мәні тақырыбына: Нұрмақов, Мұрзағалиев, Кабулов, Джантлеуов, Варламов.

3. 1916 жылғы көтеріліс кезіндегі ауылдар мен қалалар тақырыбына: Мурзағалиев, Төрешұлов, Жүргенов, Байдильдин, Рябоконе.

4. «Жеңіс пе, әлде жеңіліс пе?» тақырыбына: Садуақасов, Кенжин, Барібаев, Жансүгіров, Голощекин.

5. «1916 жылғы көтеріліс кезіндегі патша әкімшілігі және оның тактикасы» тақырыбына: Ходжанов, Меңдешов, Мұстанбаев, Кошқынов, Врайдо.

6. «Көтерілістің ұйымдық формалары мен техникасы» тақырыбына: Саматов, Жолдыбаев, Үмбетбаев, Киселев.

7. «1916 жылғы көтерілістің ұлттық белгілері» тақырыбына: Рысқұлов, Мұнбаев, Орымбаев, Даменштейн.

8. «Көтерілісшілер ұрандары» тақырыбына: Сейфуллин, Мұқанов, Сүлеев, Жигарев.

9. «1916 жылғы көтеріліс және 1917 жылғы екі революция» тақырыбына: Тоқжанов, Исаев, Жандосов, Сафаров. Мақалалар – «Еңбекші қазақ» пен «Советская степке» берілетін болды (Тынышбаев, 2002: 46 б.).

Демек, Кеңес Жоғары басшылығы «мәдени революцияны» іске асыру ұранымен 1916-1917 жылдардағы күрделі оқиғаларға араласқан немесе оны көзімен көрген ірі қоғам қайраткерлеріне сол оқиғалар жөнінде естелік жазуды тапсырып, олардың болашақ шығармаларын цензураға мақсат еткен. Өйткені, 1928 жылдан бастап алаш зиялыларының алдыңғы шоғыры қуғынға ұшырай бастаған болатын. Ал осыдан кейін не бәрі 10 жыл ішінде жоғарыда біз аттарын атаған қазақ зиялыларының бәрі дерлік жалаға ұшырап, жазықсыз жазаланды. Олай болса, Кеңес Жоғары басшылығы ХХ ғасырдың 20-шы жылдарының орта кезінен бастап Кеңестік деспоттық үлгідегі тарихи білімді ұлт зиялыларының жазғандарын қатаң цензурадан өткізу мәселесін алдын ала жоспарлаумен бірге қалыптастырған деген қорытынды жасауға тура келеді.

1926 жылдың 30-шы наурызынан бастап, бұрынғы ХАК-дағы Академиялық орталықтың аты (Акцентр) Мемлекеттік Ғылыми Кеңес (ГУС) болып күшейтілді. Ол негізгі 2 (екі) бағытта жұмыс жүргізетін болды:

I. Ғылыми бөлім (Главнаука КССР)

II. Ғылыми- әдістемелік бөлім

Ғылыми бөлімнің өзі 3 секциядан тұрды:

1) Ғылыми қоғамдар мен мекемелерді басқару секциясы. Өлкетану қоғамы, музейлер, кітап сақтау мекемелері, кітап палатасы, қорықтар, өнер ескерткіштерін қорғау мекемелері осы секцияның құзырында болды.

2) Сөздіктер секциясының құзырында қазақтың ғылыми тілін ретке келтіру, әріптің түсіндірмесі, емле-орфография мәселелерін қарады.

3) Ғылыми көркемдік секциясы академиялық театрларға басшылық жасап, киностудияларды бақылады, көркем шығармалардың дүниеге келуін қадағалады.

II. Ғылыми әдістемелік бөлім 2 секциядан тұрса, оның өзі 3 шағын секцияларға бөлінді:

1.а) Әлеуметтік білім кіші секциясы (Соцвос)

б) Кәсіптік білім кіші секциясы (Профобр)

в) Саяси-ағарту кіші секциясы (Политпросвет)

2. Редакциялық-баспа секциясы – педагогикалық журналдардың шығуын бақылады. Сондай-ақ әдістемелік хаттар мен барлық оқу саласындағы әдебиеттерге ғылыми баға берумен айналысты (Тынышбаев, 2002: 104 б.). Өзінің айналысатын бағытын барынша кеңейткен осы мемлекеттік Кеңес тарихи білімнің кеңестік түп негізі ретіндегі «Қазақстан тарихынан орта мектептің оқулығы үшін конспектісін» дүниеге әкелді. Осы конспектінің Кеңес кезеңі туралы I бөлімінде Алашорданың уақытша өкіметпен ымыраға келуі сыналып, уақытша өкімет тағайындаған комиссарлардың патша өкіметінің саясатын жүргізушілер екендігі айыпталды. Конспект бойынша 1917 жылы Алашордашылардың өткізген съездерінің екеуі де байлар мен чиновниктердің мүддесін шешуге бағытталған:

Алашорданың тамыры «Қазақ» газеті мен «Айқап» журналының шығарылып, «Алаш» партиясының құрылуымен байланысты – деген тұжырым жасалынған.

Алашорданың ағарту саласындағы бағдарламасы жалған; Жадидшілдіктің дүниеге келуіне де Алаш интеллигенциясы кінәлі;

II бөлімде – Азамат соғысының басталуы;

– Жекелеген облыстардағы Кеңестік Қозғалыс;

– Дутов пен Колчакқа қарсы күрес;

– Алашордаға қарсы күрес;

– Қырғыз әскери революциялық Комитеті;

– Кеңестердің I-ші съезі;

– Алашорданың осы кезеңдегі топтарға бөлінуінен белгілі ұстанымын жоғалтқаны;

– Кеңес өкіметінің шешкен негізгі мәселелері (қалың мал алуды тию) (Тынышбаев, 2001: 25-б).

Осы «Конспектінің» мазмұнынан байқалатын нәрсе сол, Кеңес мемлекеті орта мектепте Қазақстан тарихын оқыту жүйесін Түрік және Қазақ хандығы кезеңдерін айтпағанда, берідегі «Қазақ» газеті мен «Айқап» журналдарындағы тарихи деректерден айналып өтіп, «Алаш» партиясы мен оның бағдарламаларындағы шындықты қаралау мақсатына бейімдеген. Сөйтіп, кеңестік үкіметтің билікке келген уақытынан бергі қол жеткен жетістіктерін дәріптеуді місе тұтқан. Бұны тарихты саясатпен алмастырудың бастамасы деуге болады. 1935 жылғы «Конспекты для учебника по истории Казахстана для средних школ» – деп аталатын екінші «Конспектіде» Қазақ Халық ағарту Комиссариатының оқу-әдістемелік бөлімі қазақ халқы тарихы мәселелерінің сызбалық жобасын былай талдап көрсеткен:

1) Патша үкіметінің халықтар түрмесі екенін мына жағынан көрсету:

а) жерді отарлау;

б) тергеу (сот) – құқ нормаларымен санаспау;

в) сайлау жүйелеріндегі мәдениетсіздік, пәре алу, бірін-біріне айдан салу, алдап-арбау;

2) Қазақ ұлтшылдығының халыққа жат мәнін ашу;

3) Қазақ халқының болашағын ойлай отырып, жазылатын барлық зерттеу жұмыстары қазақ ұлтшылдығына төзбеу бағытында жазылып, ұлт аралық өшпенділікті қоздырмайтын болу керек; Ол үшін, 3 мәселеде,

а) Қазақ халқының болашағы,

ә) Қазақ ұлтшылдығы,

б) Ұлт аралық өшпенділік – міне осы үш үдерістен туындайтын мәселелерді құрастырғанда олардың пайда болуын сонау ерте уақыттағы тарихи кезеңдерден бастап, өзінің нақты қызметін қалыптастырып үлгерген Алаш ордашылардың халыққа жат саяси партиясына дейін талдау керектігі айтылған.

Осы схеманың түзету енгізу үшін халық ағарту комиссары Т. Жүргеновке келіп түскен ұсыныс жобада жаңағы біз жоғарыда көрсеткен «үш мәселе» негізінде нұсқаулар басшылыққа алынбаған. Қайта қазақ халқының тарихи өткенін талдауға арналған сол схеманың III бөлімінде «Қазақстан – патша үкіметінің отары. XIX ғасырдың ортасы – XX ғасырдың басы» деген мәтін жазылып, оның 4 бөлімшеден тұратын салалары былайша нақты көрсетілген:

а) Патша үкіметінің қоныс аудару саясаты және қазақ ауылдарындағы жерге қатынас;

ә) Әкімшілік құрылыс және патша өкіметінің отарлық-миссионерлік қызметі;

б) Шикізатты отарлық сору (выкачка);

в) Патшаның отарлық саясатының ұраны – Патша өкіметі – «Халықтар түрмесіне» сипаттама.

Осы схеманы басшылыққа алып, келесі 1936-1937 оқу жылында орта мектепке арналған «Қазақ халқының тарихы» оқулығын жазу үшін С.Асфендияровты басқа барлық жұмыстарынан босату мақұлданған, әрі оны КССР халықтарының тарихын жазу жөніндегі директивалармен танысып, тарихты жазу үшін құрылған арнайы комиссияның жұмысымен танысуы үшін Москваға командировкаға жіберу ұйғарылған.

Конспектіде Қазақстан мен қазақ халқының тарихына қатысты мәселелерді жүйелегенде оның Кеңестік Қазақстанның тарихына қатысты оқиғаларын талдап, шешу мынандай реттілікпен құрастырылған:

- а) ҚазАКСР-ң құрылуы және Ортаазиялық межелеу (1920-1925 жж.)
- ә) Қазақстан социалистік қайта құрылыстар мен 1925-1933 жж. ұлы түлеу (перелом) кезеңінде
- б) Қазақстанның 1933-1935 жж. қайта өрлеуі.

Осы мәтінді құрастыру Тимофеев, Брайнин, Кабуловтарға жүктелген.

Ал Қазақстандағы бүкіл ұлт-азаттық көтерілістердің тарихын жазу – Аспендияров, Вяткин, Алманов, Хохолковтарға жүктелген [Конспект, 2002: 1, 4, 27, 29, 41-42 б].

Көріп отырғанымыздай, 1935 жылы дүниеге келген осы екінші «Конспектінің» мазмұны патша өкіметінің отарлау саясатының мән-мағынасын ашумен ерекшеленеді. Бірақ ол, Т. Жүргеновтың енгізген түзетуіне дейін отарлаудың ауқымды мақсатын айқын көрсетуден жалтарып, халықтың болашақ тарихын жоспарлаумен өзінің құнын кетірді. Өйткені, тарихтың болашағын жоспарлау саясатқа бой алдыруды ғана білдіретін еді. Сондай-ақ ол «Конспектідегі» қазақ ұлтшылдығының тарихын әріден іздеу де саясатқа қатысты нәрсе болатын. Ал Т. Жүргенов болса, «Конспектінің» мазмұнын тарихта нақты болған оқиғалармен байланыстыруды жақтап, қоныс аударудың салдарын, миссионерлердің қызметін, отарлаушылардың шикізатқа қызығу мақсатын «Конспектіге» енгізген. Тіпті ол, батыл қадам жасай отырып, қазақ ұлтшылдығының тамырын іздеуге қызықпай, алашордашылардың саяси партиясына баға беруді «Конспектіден» алып тастаған.

Сонымен, кеңес өкіметінің алғашқы жылдарында да бұрынғы патша өкіметінің кезіндегі дәстүр сақталып, қазақтың ұлттық тарихын жазудан тұрғылықты тарихшылар шеттетілді. Тарих жазуды қолға алған ҚазРевком құрамында тарих, жаратылыстану, этнография бөлімі болып құрылған бөлімше, 1919 жылдан 1928 жылға дейін ойлаған мақсатына жете алмай, ақыры М. Тынышбаев сияқты жергілікті тарихшылардың көмегіне мәжбүр болған. Осы жылдары ұлттық тарихи білімдегі ислам дінінің рөлін жоюды мақсат еткен кеңес басшылығы бір мезгілде, қазақтың тарихтан хабары бар бірнеше ұлт зиялыларына 1916 жылғы көтерілістің тарихы туралы мақалалар жаздыра отырып, олардың ұлтшылдық пиғылдарын білуге күш салған. Осындай мақсаттар, мектепте билік тарапынан Қазақстан тарихын оқыту конспектісін жасаудан аңғарылған. Нәтижесінде, өзіміз тарихтан білетіндей, кезіндегі ұлттық тарихқа жаны ашығандардың бәрі дерлік жазықсыз жазаланса, бұл ең алдымен ұлттық тарихи білімге де жасалған қиянаттан басқа ештеңе де емес еді.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

- Қазақстан тарихы. Көне заманнан бүгінгі күнге дейін. Бес томдық. – Алматы: «Атамұра» баспасы, 2002. – Т. 3. – 768.
- Кулаков А.А. Из истории деятельности Истпарта в 1924-1928 гг. – В кн.: Историография и источниковедение истории КПСС. – Л., 1973, вып. 2. – С. 97-111.
- Тынышбаев М. Отзыв о труде А.П. Чулошникова по истории казах-киргизского народа // Таңдамалы. Избранное. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2001. – 290 б.
- Тынышбаев М. Мұхамеджан Тынышбаевтың өмірі мен қызметінің негізгі кезеңдері // Таңдамалы. Избранное. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2001. – 309 б.
5. Қазақстан Ұлттық энциклопедия / Бас ред. Б. Аяган. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы, 2004. – 76 б.
6. Конспект для учебника по истории Казахстана для средних школ // ЦГА РК. Ф. 81; Оп. 3, Д. 800, Л. 108. Қазақстан тарихы. Көне заманнан бүгінгі күнге дейін. Бес томдық. – Алматы: «Атамұра» баспасы, 2002. – Т. 3. – 768 б.

БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫ ӨЗІНДІК ЖҰМЫСТАР АРҚЫЛЫ ҒЫЛЫМҒА БАҒЫТТАУ

Р.Ж. Джунусова¹, М.Ж. Джунусова²

*¹докторант, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті
(Алматы қ., Қазақстан) E-mail: rosh_81@mail.ru*

*²оқытушы, С.Ж.Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университеті
(Алматы қ., Қазақстан) E-mail: rosh_81@mail.ru*

Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында «Білім саласындағы үздік әлемдік тәжірибелерге сәйкес келетін және тұлғаны, мемлекетті индустриялық – инновациялық дамыту міндеттерін, еңбек нарығының қажеттіліктерін қанағаттандыратын жоғары білімнің сапасының жоғары деңгейіне жету», «Білім беру процесінің барлық қатысушыларының үздік білім беру ресурстары мен технологияларына тең қол жеткізуін қамтамасыз ету» деп негізгі мақсаттары атап көрсеткен .

Жоғары педагогикалық білім беру саласында заманауи тәжірибеге енгізіліп жатқан барлық жаңалықтар бірқатар маңызды педагогикалық міндеттерді ойдағыдай шешуге қабілетті жаңа типтегі оқытушыны қалыптастыруға бағытталған. Мұндай оқытушының анықтайтын ерекшеліктері - шығармашылық белсенділік, рефлексивтілік, өзін-өзі тәрбиелеу мен өзін-өзі жетілдіру қажеттілігі.

Жаңа типтегі оқытушының дамуы күрделі және көп сатылы процесс болып табылады. Сонымен қатар қазіргі заманғы мамандарды даярлаудың сапасы көбіне оқу үдерісінің тиімділігімен анықталады. Педагогикалық университеттегі білім беру білім алушылардың жеке дамуын қамтамасыз ететін, бәсекеге қабілетті негізгі ресурс, күнделікті кәсіби іс-әрекет шеңберінен шығып, білім беру қызметін өз бетінше ұйымдастыра білу болып табылады.

Қазақстандық жоғары білім беруді реформалаудың негізгі міндеттерінің бірі білім алушылардың өзіндік жұмысын ұйымдастырудың тиімділігін арттыру міндеті болып табылады. Осыған орай оқу орындарында әр білім алушыдан ой еңбегінің ұтымды әдістерін білуі, яғни аз уақыт кетіріп қажетті ақпаратты іздеп және меңгеруді, фактілер, теорияны, тұжырымдамаларды жүйелеп және жіктей білуді, өз көзқарасын нақты айтып және дәлелдей білуді үйренуі талап етіледі.

Білім алушылардың өзіндік жұмысы – бұл дидактикалық тапсырмаларды өзінше орындауға, танымдық әрекеттерге қызғушылығының қалыптасуына және нақты бір ғылым саласында білім жинақтауына бағытталған оқу әрекетінің ерекше түрі. Өзіндік жұмыс білім алушылардың шығармашылық қабілеті мен біліктерін дамытуда тиімді, әрі өнімді еңбек етуіне мол мүмкіндіктер жасайды. Өзіндік жұмысты ұйымдастыру мәселесіне көптеген зерттеулер арналған. Олар педагогикалық әдебиеттерде алғаш өзіндік жұмыс мәселелерін В.К.Буряк, Е.Я.Голант, Б.П.Есипов, Р.Г. Лемберг, Р.М. Микельсон, И.И. Пидкасистый, Е.С.Саблик, М.Н. Скаткин еңбектерінде зерттелініп, оқу үрдісінде білім алушылардың өзіндік жұмысын жүйелі түрде қолдану негіздері қарастырылды. Білім алушылардың өзіндік жұмысын ұйымдастырудың мәнін дидактикалық тұрғыда қарастырғандар: А.Е.Абылқасымова, Н. А.Адельбаева, С.И.Архангельский, М.В.Буланова-Топоркова, М.Г.Гарунов, И.И. Кобыляцкий, Р.Н. Низамов еңбектері арналған. Өзіндік жұмысқа берілетін анықтамалардың әртүрлігіне қарамастан, оларды бірнеше шағын топқа бөлуге болады. И.Т.Протасовтың пікірінше, өзіндік жұмыс біліктілік пен іскерлік жиынтығы. Г.Н.Кулагина өзіндік жұмысты білім алушылардың іс-әрекет құралы белсенділігі мен өз бетімен білім алуға дайындығы деп түсінеді. Г.Н.Дари өзіндік жұмыстың мәнін білім алушы өз бетімен орындайды, ол өзінің біліміне, іскерлігі мен сеніміне, өмірлік тәжірибесі, дүниетанымына сүйене отырып атқарады.

«Өздік жұмыс» ұғымына ұйымдастырылуы және мазмұндық құрылымы жағынан неғұрлым терең түсінік П.И.Пидкасистыйдың еңбектерінде берілген. Ғалым өздік жұмысты студенттің оқытушының басшылығымен орындайтын оқу және зерттеу бағытындағы тапсырмалары деп түсінеді (Дандыбаева, 2012: 1).

Заман талабына сай оқытушының негізгі қызметтерінің бірі білім алушыларды бәсекеге қабілетті маман етіп дамытуда жүйелі өзіндік жұмыстарды ұйымдастыру болып табылады. Бұл білім алушының бойында танымдық белсенділікті, өзіндік жұмыс істей білу қабілетін, дамыту дегенді білдіреді. Білім алушылардың оқу үрдісіндегі мотивациясы, мақсат қоюы мен мақсатқа жетуі, өзін-өзі ұйымдастыруы, дербестігі, өзін-өзі басқаруы, өзін-өзі дамытуы және басқа да маңызды жеке қасиеттер көрініс табады. Оқу орындарындағы білім берудің қазіргі кезеңінде өзіндік жұмыс тұжырымдамасы оқытушының ұйымдастырушылық рөлімен байланысты болуы керек, бұл білім алушылардың өзіндік іс-әрекет үрдісін үнемі бақылауды, өзін-өзі ұйымдастыру дағдыларын үйретуді көздейді.

Өзіндік жұмысты ұйымдастыру мен оны нәтижелі орындату оқытушы мен студент арасындағы қарым-қатынасқа, яғни оқытушының білім алушыға дұрыс бағыт беретін, сабақтың өне бойына оны өнімді іске жұмылдыратын, керекті жағдаятты кәсіби тұрғыдан шешуге талпындыратын басшылығы мен кеңесіне тікелей байланысты. Қазіргі таңда бүкіл пәнге бөлінетін уақыттың үштен бірі өзіндік жұмысқа арналған болса, білім алушылардың оқытушымен бірге орындайтын жұмысының да көпшілігі олардың ізденушілігін күшейту мақсатына бағытталады. Жалпы кредиттік жүйе бойынша білім беруге көшудің мақсаты- білім алушылардың өздігінен білім іздеуіне, білімді молайтуына, оны тереңдетуге негіз салу болып отыр.

Өзіндік жұмыстар арқылы білім алушыларды бәсекеге лайық маман етіп қалыптастырудың келесідей компоненттері ерекшеленеді: мотивациялық-құндылық, мазмұндық, нәтижелік-бағалау.

Мотивациялық-құндылық- түрлі формада ұйымдастырылған өзіндік жұмыстар негізінде білім алушылардың мамандығына деген қызығушылықтың тууы;

Мазмұндық-кредиттік жүйемен оқытудың мазмұнына сәйкес өзіндік жұмысты саналы орындау кезінде әдіс-тәсілдерді сараптап қолдана алатын, өз ісінің қорытындысын жасау мүмкіндігі бар, өзіне-өзі баға бере алатын бағытты маман тұлғасын қалыптастыру;

Нәтижелік-бағалау- орындалған өзіндік жұмыстар нәтижесіне сын көзбен қарайтын, бағалау өлшемдерін жақсы меңгерген,өзінің және өзгенің ісін бағалай алатын тұлға қалыптастыру

Білім алушылардың кәсіби дайындығын арттырудағы зерттеу жұмыстарының негізгі түрлеріне оқу-зерттеу және ғылыми-зерттеу жұмыстары жатады. Білім алушылардың оқу-зерттеу жұмысы оқу-тәрбие үдерісінің жүйесіне кіреді де, негізінен, семинарлық, практикалық, зертханалық сабақтарда жүзеге асырылады. Ғылыми-зерттеуге қатыса отырып, білім алушылар алған білімдерін бекітеді, толықтырады және оны жоғары сатыға көтереді. Олар өз бетімен жұмыс жасаудың әдістерін меңгереді, ғылыми эксперименттің техникасын игереді, оның қорытындысын түсінікті әдіспен өңдеуді жүргізеді және алынған мәліметтерден қорытынды жасайды.

Ғылыми әдістемелік әдибиеттерде «зерттеу» ұғымы әрдайым баланың зерттеу тәжірибесінің эмпирикалық жағымен ұштасады және де үнемі жаратылыстану ғылымы аясында бақылау, тәжірибелермен ассоциацияланады.

Зерттеулік оқыту жағдайында «зерттеу» ұғымын тек эмпирикалық таныммен шектемей, оны максималды кең ашу неғұрлым нәтижелі болатыны сөзсіз. Білім алушыларға арнайы білім беру, сондай-ақ жалпы зерттеулік ізденіске қатысты білік пен дағдыны қалыптастыру проблемасы әдістеме ғылымына жүктеледі. Осыған байланысты кейбір аспектілер жеке пәндерді оқыту әдістемесінде қарастылырған. Физика, химия, биология пәндері бойынша көптеген тәжірибелер мен бақылауларды өткізу әдістемелері өңделген. Бұл білім алушылар үшін өте құнды екені рас, бірақ зерттеулік ізденіс дағдылары, білік, арнайы білім мұнымен ғана шектелмейді.

Теориялық зерттеу - зерттеу әдістерін тек эмпирикалық жолмен емес, әдебиет мәтіндерін анализдеу жолымен жүргізуге болады. Сондай-ақ ол басқа да зерттеулерді баяндайтын көркемдік те, ғылыми да бола алады. Толық, құнды зерттеулер «ой тәжірибесінің» көмегімен, яғни математикалық және компьютерлік модельдер арқылы виртуалды тәжірибелер жолымен жүргізіледі. Ғылымдағы жаңалықтар, әсіресе әдебиет көздерінің алынған мәліметтерді талдау негізінде жасалады. Бұл тек қана әдебиеттану емес, сондай-ақ, басқада – археология, биология, психология және тағы да басқа ғылымдарды қамтиды.

Оқыту негізіндегі зерттеу жұмыстары педагогикалық стратегияға жатады, ол ғылыми зерттеудің жалпы үрдістерін оқу және оқыту әдістемесі ретінде қолданады. Бұл тәсіл білім алушылардың зерттеу жұмысы зертханада, дала алаңдарында, кітапханада және осындай қызмет бойынша әріптестермен пікірталастар негізінде өздерінің сауалдары мен зерттеулерін жүргізу үшін қолданатын үдеріске ұқсас мәселелерді шешуге назар аударады.

Ғылымға жол білімнен басталады. Білім – қоғамның дамуы мен болашақтағы жағдайын анықтаушы болып табылады. Көп жағдайда білім мен ғылымды ажыратпаймыз, бұл екеуін бір деп қараймыз. Әрине бұл екеуі бір-біріне өте жақын, дүниетаным нәтижесі. Бірақ, бір емес. Біріншіден, ғылым білімнен кейін дүниеге келді. Оның бастауы адам баласы тарихымен байланысты. Және әр елде, әр этноста түрлі жағдайларға байланысты қалыптасып, дамыған. Ғылым тек ХҮІІ ғасырда дүниеге келді, себебі де өзгеше. Егер білім жәй бір нәрсені көріп қалудан, естуден басталатын болса, ғылым олай емес. Әлемді пассивті қабылдау арқылы емес, объектіні активті байқаудан, пайымдап зерттеуден басталады. Ғылым негізінде қызығу, ішкі байланыстарын, олардың себеп-салдарын ашу жатыр.

Ғалымдардың зерттеулеріне сүйенсек ғылыми білім берудің бірнеше деңгейлерін сипаттауға болады. Бірінші деңгей - растау; білім алушылар принципті нәтижелерді белгілі әрекеттер арқылы растайды. Екінші деңгей - құрылымдалған сұраныс; білім алушылар оқытушымен ұсынылған процедураны қолдана отырып сұрақтарды зерттейді. Үшінші деңгей - басқарылатын сұраныс; білім алушылар өз процедурасын жобалау арқылы мұғалімнің сұрақтарын зерттейді. Соңында, төртінші деңгей - бұл ашық сұраныс; білім алушылар оқу тақырыптарына байланысты сұрақтарды өз бетінше таңдап, процедураларды әзірлеп, зерттейді. Бұдан басқа, сұрақ-жауап негізінде оқыту тәсілі білімалуға белсенді әдіс болуы мүмкін (немесе оқыту динамикасы), ол неғұрлым құрылымдалған, мұғалімнің білім алушыға қоятын талаптарын сындарлы құрастыруға көмектеседі.

Зерттеушілік технология – өзінің дидактикалық негізі бойынша шынайы өмірде, тиімді әрекет етуге мүмкіндік беретін қабілеттерді қалыптастыруды көздейтін, білім берудегі құзіреттілік тәсілді қолдайтын технология. Екіншіден, жоғары білім беру жүйесінде зерттеушілік технологиясының ерекшелік жағы ол жеке тұлғалық қасиеттерге бағдарланған оқыту, проблемалық бағытқа және шығармашылық сипатқа ие, оның басты бағдары-білім беру, жаңа дүниені ашу мен іздену арқылы

білімді іс жүзінде қолдану; білім алушының жалпы және арнайы қабілеттерін дамыту, білім біліктерді игеру мүмкіндіктерімен оларды қолдану жолдарын көрсетеді. Үшіншіден, зерттеушілік қызмет дегеніміз – жаңа білім алуға бағытталған шығармашылық қызмет. Студенті зерттеушілік қызметке үйретуде оқытушының өзі дайын болуы, демек ұстазда зерттеушілік қызмет, зерттеушілік мәдениет қалыптасуы шарт.

Білім алушылар жоғары оқу орындарының ұжымдық және ұйымдасқан жұмыстардың дағдыларын үйрену мақсатында жоғары оқу орындарының зертханаларында, өзінің қызмет саласының ұйымдар мен мекемелерінде тәжірибелік көмек көрсететін ғылыми, техникалық, жобалау, экономикалық және басқа ұйымдардың құрамында ғылыми-зерттеу жұмысын жүргізе алады. Оқу үрдісін ұйымдастыру ғылымның қазіргі жетістіктерін мәдениет, экономика, ғылым, техника мен технология салаларындағы өзгерістерді көрсететін білім берудің барлық қырларының жүйелі жаңаруын ескере отырып жүргізілуі керек (Смагулова, 2015, с.33).

Жоғары оқу орындарында білім алушыларды ғылымға бағыттау барысында өзіндік жұмыстардың алатын рөлі зор. Білім алушылардың өзіндік жұмысы оқыту дәрісі, практикалық, зертханалық жұмыстар арқылы жүзеге асады.

Зертханалық жұмыс - бұл білім алушыларға бағытталған, белсенді оқу қызметі. Ғылым мен білімді дамытудың маңызды бөлігі болып саналады. Ол нақты нысандар мен ұғымдармен эксперимент жүргізетін білім алушыларды қамтиды. Ғылыми мазмұнды дамытып қана қоймай, ғылыми процестің дағдыларын, шығармашылық ойлауды, мәселелерді шешу қабілетін және ғылыми әдісті дамытуға ықпал етеді. Сонымен қатар, білім алушылар ғылыми жобаларында сыни ойлау, ғылыми үдеріс пен жинақталған білімді және өндірісте қолдана алатынын көрсетті. Зертханалық жұмыста зерттеу тобының жетістігі білім алушыларға қызығушылық танытатын контекстпен, сондай-ақ оқу әдістерімен байланысты болуы мүмкін.

Зертханалық аудиториялар - арнайы жабдықталған бөлмеде білім алушылардың табиғи құбылыстарды сипаттау барысында топпен белсенді қарым-қатынас жасайтын орны. Зертханалық аудиториялар жақсы әзірленген ресурс ретінде қарастырылады, ол білім алушыларға ғылым мен ғылыми білім беруде эксперименттер мен басқа да қызмет түрлерін орындауға мүмкіндік береді. Білім алушылар теориялық білімдерін тәжірибе түрінде жүзеге асыру үшін топтық талқылау мен топтық оқыту арқылы практикалық жұмыстарды орындайды. Сондықтан білім алушылардың практикасын дамытуда зертханалық жұмыстың алатын орны ерекше (А. Рамазанова, 2019, б.86).

Практикалық (сарамандық) жұмыстардың негізгі мақсаты – білім алушыларға теориялық білімді терең меңгеріп, эксперимент жасау дағдыларын дамыту. Практикалық жұмыстарды жүйелі түрде орындау – анализ, синтез, салыстыру, жалпылау, оқытудағы теория мен практиканың байланысы, білім алушылардың дербестілігі мен танымдық күшінің дамуы сияқты ойлау амалдарын меңгерудің маңызды құралы. Бұл сабақтар білімді бекітуге және нақтылауға себепші болады.

Практикалық сабаққа дайындалу барысында оқытушы арнайы оқу материалдарын дайындайды. Сол материалдар бойынша (идея, проблема, тұжырым, ереже, анықтама, рет пен тәртіп, схема, кесте, жоспар, параметрлер, ақпарат, статистикалық мәліметтер, көрсеткіштер, т.б.) студенттер өздерінің теориялық білімдерін қолданып, нақты әрекеттерді атқару дағдыларын игереді, өзіндік тұжырым жасайды. Сол себепті де мұндай оқу материалдарының нақты әрі ықшам болғаны дұрыс.

Практикалық және зертханалық сабақтардың құндылығы сол оқу тәрбиелік маңызы ерекше, себебі жұмысты орындау барысындағы мақсатқа жету, міндетті шешу үшін білім алушы өзінің алған теориялық білімін іске асырады, біліктілік механикалық түрде дамымай алған білімге сүйенеді. Сондықтанда бұл жағдайдағы практикалық, зертханалық жұмыс білімнің көзі болады. Зертханалық, практикалық жұмыс алдында қойылған сұраққа, проблемаға, мақсатқа білім алушылар жұмыстың нәтижесімен жауап беру керек. Дұрыс өткізілген зертханалық және практикалық сабақ білім алушыларды біраз логикалық операцияларды жасауға мәжбүр етеді: ұқсастық және айырмашылықты, классификациялауды, қорытынды, жинақтап шолу, ой тұжырымын жасау (Абдимомінова, 2014:67)

Зерттеу әдісін қолданғанда оқытушы білім алушыларға тәжірибелік сипаттағы тапсырмалар (тәжірибе жүргізу, қосымша ақпарат, фактілерді жинап оларды өз бетімен талдау және қортындылау, өз ойын дәлелдеуге керекті материалдарды жинау, т.б.) береді.

Зерттеу әдісі шығармашылық жұмыс тәжірибесін жақсы үйрену үшін қолданылады. Зерттеу әдісі арқылы білім алушылар білімін қолданып, ғылыми таным әдістерімен жұмыс істеп үйреніп, жаңа мәселелерді шешу тәжірибесін жинақтайды.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында оқыту формасын, әдістерін, технологияларын таңдауда көп нұсқалық қағидасы бекітілген, бұл білім мекемелерінің мұғалімдеріне

өзіне оңтайлы нұсқаны қолдануға, педагогикалық процестерді кез келген үлгімен, тіпті авторлық үлгімен қарауға мүмкіндік береді.

Әр пәннің ерекшеліктеріне қарай зерттеу тақырыптары әр алуан. Ең бастысы, жұмыстың білім алушылардың өз қалауларына, қызығушылықтарына жас ерекшеліктеріне, жеке және интеллектуальдық мүмкіндіктеріне сәйкес келуі. Бақылау мен зерттеу үшін жүйелі түрде уақтылы бақылауға мүмкіндігі бар, едәуір типтік және жергілікті табиғи жағдайлардың негізгі сипаттарын айқын бейнелейтін нысандар мен құбылыстар таңдап алынады. Олар білім алушылардың пәндік ұғымдарын қалыптастыру және дамыту үшін, логикалық ойлауын, танымдық қызығушылығын, тәжірибелік білім, білік дағдыларын жетілдіруде оқу үрдісіне қолдануы мүмкін.

Білім алушылардың өзіндік жұмысының үрдісін шығармашылық процеске айналдыру мақсатында білім алушыны қажетті әдістемелік материалдармен қамтамасыз ету. Оқу орынның кітапханаларында қажетті оқу әдебиеттерінің қорының, электрондық оқу құралдары мен электронды оқыту бағдарламасының және қазіргі таңдағы мықты ақпарат көздерінің бірі- интернеттің болуы. Оқу процесінің компьютерленуі білім алушының өздігінен білім алуына және ақпарат көздерімен жұмыс жасауына, өзіндік бақылау жасауына, уақытын үнемді пайдалануына жағдай туғызады. Сондықтан өздік жұмысты тиімді қолдануда мазмұнды динамикалық түрде өзгертуге және соңғы ғылыми жаңалықтармен жаңартуға болатын, әрі қолданысқа икемді электронды оқулықтардың маңызы зор.

Бүгінгі таңда ақпараттық технологиялардың таралуына байланысты дәстүрлі оқытуда қолданылып келген кино және диапроектор, магнитофон, кодоскоп, т.б. орнын оқытудың жаңа техникалық құралы – компьютер ығыстырды. Ол виртуалды зертханалық жұмыстарды орындаудағы оқу кабинеттеріндегі зертханалық құрал-жабдықтардың ерекше бір сипатты бөлігіне айналып отыр.

Виртуалды зертханалық жұмыстардың ерекшелігі білім алушылардың бойында дайын үлгіден алған білімдері бойынша қарапайым білім, білік, дағды қалыптасып қана қоймайды, олар оны іс-әрекетке қосып, өмірде сол білім мен біліктердің қажеттігін сезінетін болады. Осыған орай әртүрлі типтегі зертханалық жұмыстарды орындау жолы өзгеріп, ол «иллюстративті-түсіндірмелік функциядан – құралдық іс-әрекеттік функцияға ауысты», бұл тәсіл білім алушылардың алған ақпараттарды практикалық пайдаланудағы ізденіс әдістерін қалыптастырады.

«Виртуалды» ұғымының мәні білім алушылар зерделенетін нысандар, процестер немесе құбылыстармен тікелей жұмыс жасамайды, тек әртүрлі компьютерлік үлгілер арқылы ақпараттар ала алады. Виртуалды зертханаларды пайдаланудың өзектілігі сонда, мұндай жұмыстарды ұйымдастыру мен жүргізу үшін күрделі құрал-жабдықтар, оларды сақтау, ауыстыру, жөндеу және зертханалық жұмыстардың сипаттамаларын сақтау шкафтарының қажеті жоқ. Бұл жерде барлық жұмыс бір жерде электронды түрде немесе сыртқы тасымалдау құралдарында сақталады. Виртуалды қосқыштардың арнайы жүйесі тәжірибе параметрлері тапсырмаларына арналған арнайы терезеден немесе экраннан және жүгірткіш құралдан (мышь) тұрады. Осы экранда берілген тәжірибені жүзеге асыру үшін жүгірткіш құрал арқылы тәжірибе шарттарын өзгертуге, тәжірибенің сандық мөлшерін есептеп шығаруға және графиктер құруға болады. Негізінен виртуалды қосқыштардың арнайы жүйесінде есептеуіш калькулятор, автоматты түрде графиктер құру құралдары, есептеуіш кестелер және тәжірибенің өлшеу нәтижелеріне арналған кестелер кіріктіріліп орналастырылады. Тәжірибе жұмысындағы есептеу нәтижелерін Excel кестелі процессорда орындау өте қолайлы. Мұндағы виртуалды зертханалық жұмыстардың педагогикалық мәні білім алушылардың тәжірибе нәтижесін талдау мен қорытындысын шығаруды өз бетімен орындауында.

Білім алушылар виртуалды зертханалық жұмыста орындалған тәжірибені тіркеу үшін жұмыс журналын жүргізеді. Ал оқытушы білім алушылардың тәжірибе жүргізу барысында алған білімдерін бағалау мақсатында бақылау сұрақтарын дайындайды. Осындай виртуалды зертханалық жұмыстардың кешені көрнекілікті және тәжірибенің дәлдігін қамтамасыз етеді. Бұл білім алушылардың жұмысын жеңілдетеді, уақытты үнемдейді және тәжірибенің тиімділігін арттырады. Сонымен қатар виртуалды модель оқытушының білім алушылардың білім, білік деңгейлеріне сәйкес тәжірибеге қосымша сұрақтар құрастыруына мүмкіндік береді (Шаймерденова, 2017:112)

Елімізді дамыту міндеттерін шешуге байланысты білім сапасын әлемдік тәжірибелерге сәйкес жоғары деңгейге көтеру – заман талабы. Өйткені қазіргі қоғамдық сұраныстар еңбек нарығының қажеттіліктерін қанағаттандыратын жоғары кәсіби ұтқырлықты, ғылыми-техникалық және заманауи ақпараттарға өз бетімен бағыттала алатын мамандар даярлауды қажет етіп отыр. Осыған орай жоғары оқу орындарының алдына кәсіби маман ретінде өз бетімен білім алуға қабілетті, алған білімдерін өмірлік жағдаяттарда шығармашылықпен пайдалана алуын, өзін-өзі дамыту мен өзіндік басқаруын қамтамасыз ететін тұлғаны дайындау мәселелері назардан тыс қалмақ емес.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

- Қазақстан Республикасы білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. Электронды ресурс <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/U1000001118> (Қаралу уақыты 09.03.2021)
- Дандыбаева А.С., Сабанбаев Н.И., Саликов Ж. Жоғарғы оқу орындарындағы студенттердің өздік жұмыстарын ұйымдастыру жолдары Электронды ресурс http://www.rusnauka.com/24_NNP_2012/Pedagogica/2_115771.doc.htm8 (Қаралу уақыты: 06.03.2021)
- Рамазанова А.А., Ерназарова Г.И., Турашева С.К., Каракуш М.А. Биолог студенттердің зерттеушілік құзыреттілігін қалыптастыруда зертханалық жұмыстың маңызы /Қарағанды университетінің хабаршысы. Педагогика сериясы. - 2019. №4. 86-95 б.
- Абдимоминова Д.К. Практикалық сабақтарда белсенді әдістерді қолданудың маңызы / Қостанай мемлекеттік педагогикалық институтының Жаршысы ғылыми-әдістемелік журнал №2. 2014. - 67 бет.
- Смагулова Г. Студенттердің зерттеу қабілеттерін дамыту бағдарламасын өңдейтін теориялық негіздері [Текст] / Г. Смагулова, Ш. М. Майгельдиева // Молодой ученый. - 2015. - №8.2. - С. 33-35.
- Шаймерденова Г.З. Биологиялық білім берудегі инновациялық технологияларды қолданудың теориялық – әдістемелік негіздері // Абай атындағы ҚазҰПУ хабар-сы. «Педагогика ғылымдары» сериясы. Алматы, 2017. - №4 (56). – Б. 112-117.

ТӘУЕЛСІЗ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ЗЕЙНЕТКЕРЛЕРДІҢ ӘЛЕУМЕТТІК МӘСЕЛЕЛЕРІ

А.Е. Рымжанова¹, І. Мейірхан²

¹ тарих пәні мұғалімі, физика-математика бағытындағы «Назарбаев Зияткерлік мектебі»

²ФМБ Назарбаев Зияткерлік мектебі 10-сынып оқушысы
(Талдықорған қ., Қазақстан) E-mail: Rymzhanova_A@tk.nis.edu.kz

Қазақстан Республикасында жүргізілген 2020 жылдың 1 ақпан күніндегі санағы бойынша жалпы халықтың 2 миллион 222 мың 500-і зейнеткерлер үлесіне түседі («Қазақстанда қанша зейнеткер бар», 2020). Еңбек және әлеуметтік қорғау министрлігінің айтуы бойынша, Қазақстан Республикасы ТМД елдері арасында зейнетақы мөлшері бойынша бірінші орында тұр. Олар 2030 жылға дейін зейнетақы жүйесіне енгізілетін өзгерістер зейнеткерлер ахуалын одан әрі арттырмақ деп сенеді. Қазақстан Республикасының зейнетақы жүйесін жетік түсіне білу үшін алдымен зейнетақы түрлері жайлы білген маңызды.

Елімізде үш зейнетақы түрлері бар: базалық зейнетақы, ынтымақты зейнетақы және ерікті зейнетақы. Базалық зейнетақы дегеніміз табысы болса да болмаса да барлығына бірдей төленетін зейнетақы түрі. Ынтымақты зейнетақы жыл сайын жалақысының 10 пайызының аударылуы түрінде беріліп, кемінде алты ай еңбек өтілі бар болса төленеді. Ерікті зейнетақы адамдардың ерікті түрде зейнетақы қорына белгілі бір сомада аударылатын төлемі. 2019 жылдан бастап зейнетақы жүйесінде жүргізілген өзгерістерге байланысты зейнетақы мөлшері артты. 2018 жылы базалық зейнетақы 15 274 теңгені құраса, 2019 жылы 2 6978 теңге. Яғни 2019 жылдағы ең аз зейнетақы мөлшері 52 145 теңге, ал орташа төлем 85 000 теңгеден артты (Қалықова, 2019). Алайда, зейнетақы мөлшерінің артуына қарамастан, еліміздің зейнетақы жүйесінде әлі де шешілмеген мәселелер қалып қойған көрінеді. Себебі әлем деңгейіне көз жүгіртетін болсақ, Mercer және Australian Centre for Financial Services атты компаниялардың 2018 жылғы дерегі бойынша MMGPI-зейнетақы жүйесінің әлемдік индексі назарға ала отырып құралған “Ең үздік зейнетақы жүйесі” тобында Қазақстан орын алмаған. Кезінде ҚР зейнетақы жүйесін құрағанда назарға алған Чехия мемлекетінің жүйесі бұл топта 8-ші орынды иеленген («Зейнетақы жүйесі ең үздік 10 мемлекет»). Осыған қоса, ҚР президенті Қасым-Жомарт Тоқаев 2019 жылдың 2 қыркүйек күні жолдаған жолдауында Әлеуметтік модернизацияның жаңа этапы бөлімінің 6 сатысын зейнетақы жүйесінде жинақталған мәселелерге арнап, бұл жүйені дамыту керектігіне тоқталды («Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың төрағалық етуімен Қазақстан халқына жолдауы», 2019). Сондықтан, Қазақстанның қазіргі зейнетақы жүйесіндегі қателіктер қандай, сол қателіктер кесірінен Республикамыздағы зейнеткерлердің қазіргі ахуалы қандай деген сұрақтар өзекті мәселелер болып тұр. Осындай мәселелердің туындауына байланысты Қазақстандағы зейнеткерлердің наразылығын тудырған мәселелерді қарастыра отырып, олардың өмір сүру деңгейіне баға беру мақсатында шағын әлеуметтік зерттеу жүргізілді. Қарастырылған зерттеу сұрақтары:

1. Қазақстандағы зейнеткерлердің зейнетақы жүйесіне деген наразылықтары қандай?
2. Әлем деңгейінде қаралатын Үздік зейнетақы жүйесі ондығына Қазақстанның кірмеу себебі неде?
3. Елімізде зейнеткерлер мәселесін шешу жолында қандай іс шаралар жүргізілуде?

Неліктен Қазақстан Республикасы Үздік зейнетақы жүйесі ондығына кірмейтінін анықтау үшін, Қазақстанның және сол ондықтың бірінші бестігіне іліккен Норвегия мемлекетінің зейнетақы жүйелері салыстырылды. Норвегияның зейнетақы жүйесінде біздің елмен салыстырғанда бірнеше ерекшеліктер бар.

Біріншіден, бұл мемлекетте орташа өмір сүру ұзақтығы 90 жас болғандықтан, әйел адамдар және ер адамдар орта есеппен 67 жасында зейнетке шығады. Алайда, бұл Қазақстанның да зейнетке шығу жасын ұлғайту керек деген сөз емес. Себебі, Норвегия мемлекеті қарт адамдарды жұмысқа ынталандыру мақсатында көптеген іс шаралар жүргізуде. Солардың бірі, зейнетақы мөлшерін зейнетке шыққан жасқа сәйкес төлеу. Мысалы, норвегиялық профессор зейнетке 62 жасында шығатын болса, онда оның зейнетақы төлемі соңғы жалақысының 47 пайызын құрайды. Ал егер сол профессор 70 жасында шығатын болса, онда зейнетақы мөлшері жалақысының 77 пайызын құрайтын болады. Яғни неғұрлым зейнетке шығу жасы ұлғайған сайын, соғұрлым зейнетақы мөлшері арта береді («Норвегияның зейнетақы жүйесі жайлы», 2020).

Екіншіден, норвегиялық зейнетақы мөлшері тек зейнет жасына ғана емес, отбасылық жағдайға да байланысты тағайындалады. Отбасы жоқтарға зейнетақы жеке басына, отбасылыларға ерлі-зайыптыларға бірге төленеді. Зейнеткерлер қолында олардың асырауындағы адам бар болса, зейнеткерлердің зейнетақысы 50 пайызға артады. 2019 жылғы мәлімет бойынша Норвегиядағы ең төмен зейнетақылық төлем ерлі зайыптыларға айына 3167 АҚШ доллары, яғни шамамен 1 200 000 теңге және жеке басқа 1 750 АҚШ доллары, 660 000 теңге («Норвегияның зейнетақы жүйесі жайлы», 2020).

Үшіншіден, жоғары зейнетақымен қоса, зейнеткерлерге түрлі жеңілдіктер ұсынылады. Соның ішінде, тегін медициналық көмек, шет елдерге саяхатқа жеңілдіктер, қызығушылық танытқан мерекелер мен клубтарға баруға жеңілдіктер және тағы басқа ұсынылады («Норвегияның зейнетақы жүйесі жайлы», 2020).

Норвегиялық Зейнеткерлер Ассоциациясының пайымдауы бойынша орташа зейнетақыны алатын норвегиялық зейнеткер жұмыс істеуден бас тартып, қалаған жерден тұрғын үй алуға және қалаған жерге саяхаттап баруға мүмкіндіктері бар.

Қазақстандық зейнетақыға келетін болсақ, Республикамыздың максималды зейнетақысы (117 000 теңге) норвегиялық ең төменгі зейнетақыдан (660 000 теңге) 6 есе аз (Жаңа министр, 2019). Сондай ақ, Қазақстан Республикасының Ішкі Істер министрлігінің мәліметіне назар аударатын болсақ, еліміздегі зейнеткерлерге және өмір бойына сотталғандарға мемлекет бірдей қаражат бөледі екен. Өмір бойына сотталған 1 қамаудағы адамға айына 85 620 теңге мемлекеттік қазынадан бөлініп отырады (Қазақстанда зейнеткерлер, 2019). Ал зейнеткерлердің орташа зейнетақысы айына 85 785 теңге. Қазақстанның денсаулық сақтау және әлеуметтік даму вице-министрі Светлана Жакыпованың айтуынша 25000 теңгені құрайтын ең төменгі зейнетақыны алып жатқан 49 мың адам бар, олар еңбек өтілі тым аз не болмаса мүлдем жұмыс істемей, зейнетақы қорына қаржы аудармаған зейнеткерлер (Бекмағанбетов, 2018). Яғни мәселе зейнетақының 1 ай өмір сүруге жетпеуіне тіреліп отыр. Бұл мәселені шешуге бағытталған реформалар жүзеге асырылуда. Сол реформаның бірі 2018 жылғы зейнетақы жүйесін дамытуға бағытталған реформа.

Бұл реформаға сәйкес 2 басты өзгеріс орын алды. Біріншісі, қазіргі таңда ең төменгі зейнетақы мөлшері, яғни базалық және ынтымақты зейнетақы мөлшерлерін қосқанда, 52145 теңгеге дейін артты. Екіншісі, дәл осы жылдан бастап жалпы өмір сүру ұзақтығының артуына байланысты әйел адамдардың зейнетке шығу жасы жыл сайын алты айға ұлғайып отыратын болады («2019 жыл зейнетақы: төрт маңызды өзгеріс», 2019). Мысалы, 2018жылға дейін ер азаматтар 63, ал әйелдер 58 жасында зейнетке шығатын болса, 2019 жылдан бастап әйел адамдардың зейнетке шығу жасы 59 ға дейін ұлғайды. Осылайша, 2027 жылы әйелдер мен ерлердің зейнетке шығу жасы теңелмек.

Осы жүргізілген реформалардың зейнеткерлер мәселесін шешудегі тиімділігіне баға беру мақсатында тәуелсіз әлеуметтік зерттеу жүргізілді. Социологиялық зерттеу әдісінің бірі -сұхбат. Сұхбат 40 жыл еңбек өтілімі бар, зейнетке шыққан, алайда әлі де қосымша табыс тауып жатқан әйел адамнан алынды.

Жүргізілген сұхбат диктофонға жазылып небәрі 4 ашық жауапты талап ететін сұрақтардан тұрады:

1. Әйел адамдардың зейнетке шығу жасының ұлғаюына деген көз қарасыңыз қандай? Бұл реформаның кемшіліктері бар ма?

Сұхбат берушінің жауабы: “Бұл реформалар өмір сүру ұзақтығының артуына байланысты болғандықтан және мен тек бизнес саласында жұмыс істеп жатқандықтан, өз басым қарсы емеспін. Алайда, сырлаушы, тас қалаушы немесе құрылыс саласында істейтіндердің жағдайы ше? Олар

қалайша 58 жастан кейін жоғарыға шығып шатыр тұрғызып, не болмаса үйдің керегесін ақтап жүре алады? Менің ойымша, бұл реформалар жұмыс істейтін қызметіне байланысты өзгеріп отыруы қажет. Яғни егер әйел адам физикалық еңбекті талап ететін қызметте істейтін болса, онда оның зейнетке шығу жасын ұлғайтқан дұрыс емес деп ойлаймын, себебі ондай қызметте жұмыс істеу тіпті 50 жастан асқандарға қиын болып жатады.”

2. 2018 жылы жүргізілген реформаның нәтижесінде, ерікті зейнетақыны есепке алмағанда, ең төменгі зейнетақы 52 145 теңгеге дейін артты. Бұл зейнетақы мөлшері зейнеткерге 1 ай өмір сүруіне жетеді деген тұжырыммен сіз қаншалықты келісесіз?

Сұхбат берушінің жауабы: 52145 теңге 1 айға жетпейді, себебі зейнеткер бұл соманы бар жоғы бір аптаның ішінде жаратып тастайды. “Айдың басында алынған зейнетақы бірден коммуналдық қызметтер төлеміне, бастапқы қажеттіліктер нан, сүт, май алуға және қарыз төлеуге жұмсалады да, ары қарай олар өмір сүрмей, тіршілік етуге мәжбүр болады”- дейді сұхбатталушы. Оның мемлекетке ұсынған шешу жолы- зейнетақы жеңілдіктерін қарастыру.

3. Сіздің зейнет жасынан асқан болсаңыз да, қосымша жұмыс істеп, табыс табуыңыздың себебі неде?

“Себебі, маған төленетін зейнетақы отбасылық қажеттіліктерді қанағаттандырмақ тұрмақ, балаға көрімдік беруге жетпес”- деп А. Қысқа ғана қайыра салды.

Алынған сұхбаттың нәтижесіне сүйенетін болсақ, зейнетақы мөлшерінің өсуіне қарамастан зейнеткерлердің әлі де наразылықтары бар. 40 жыл еңбек өтілімі бар зейнеткердің алып отырған зейнетақысы 1 айлық шығынды өтеуге жетпейтін болып жатса, онда еңбек өтілімі жоқ жандар кедейлік шегінде өмір сүруде деген мүмкіндіктің бар болғаны.

Зейнеткерлердің азық-түлік себетін талдау мақсатында Талдықорған қаласының супермаркетіндегі азық-түлік бағасы мен мемлекет тағайындаған азық-түлік бағасына салыстырмалы талдау жүргізілді. Ондағы мақсат, зейнетақы мөлшері ең төменгі күн-көріс деңгейіне және оның ішінде азық-түлік себетінің орташа бағасына сүйеніп тағайындалғандықтан мемлекет тағайындаған азық-түлік себетінің бағасын шығару. Ақпараттар бойынша себетке 43 түрлі өнім кіреді («Қазақстанның, 2020). Мемлекет орнатқан ең төменгі күн-көріс деңгейі- 31 982 тг, оның 17 590 теңгесі азық-түлік тауарларына (Қазақстандағы ең төменгі, 2019). 43 түрлі өнімді сатып алуға бұл қаражаттың жетіп-жетпеуін анықтау мақсатында бақылау жүргізілді. Бақылау барысында, Талдықорған қаласындағы азық-түліктердің орташа бағалары есептелініп, орташа азық-түлік себетінің құны шығарылды.

Нәтижесін төмендегі кестеден көруге болады:

Азық-түлік аты	1 айда мемлекет статистикасы бойынша қажетті мөлшері	“Magnum” шағын-маркеттегі бағасы	Соңғы бағасы
Кеспе	400 гр	1 кг-170 тг	68 тг
Ұн	1 кг (кемінде)	10 кг- 2415 тг	241 тг
Күріш	710 гр	5 кг-1759 тг	249 тг
Сыыр еті	1250 гр	1 кг-1600 тг	2000 тг
Қой еті	525 гр	1 кг-1500 тг	787 тг
Жұмыртқа	12 тал	30 тал- 929 тг	372 тг
Шұжық	3 тал	1 еуі- 1100 тг	3300 тг
Картоп	8 кг	1 кг- 93 тг	744 тг
Сүт 2,5	7 л	0,9л-265 тг	2061 тг
Тауық еті	416 гр	1 кг- 1250 тг	520 тг
Жылқы еті	275 гр	1 кг-1700 тг	467 тг
Пияз	1,7 кг	1 кг- 48тг	81 тг
Сәбіз	1,7 кг	1 кг- 93 тг	158 тг
Көксерке балық	700 гр	1 кг-1250 тг	875 тг
Қызылша	500 гр	1 кг- 145 тг	72 тг
Шошқа еті	750 гр	1 кг-1349 тг	1012 тг
Бидай наны	2500 гр	1 кг-318 тг	795 тг
Ржано бидай наны	400 гр	1 кг-1595 тг	638 тг
сұлы	170 гр	1 кг- 353 тг	60 тг

Манка	170 гр	1 кг- 230 тг	40 тг
Гречка	170 гр	1 кг- 324 тг	55 тг
Қырыққабат	2 кг	1 кг- 90 тг	180 тг
Қызанақ	500 гр	1 кг- 600 тг	300 тг
Қияр	500 гр	1 кг- 400 тг	200 тг
Алма	2 кг	1 кг- 550 тг	1100 тг
Толық мемлекет статистикасы бойынша, адам ағзасына қажетті өнімдердің ең кіші мөлшердегі құны:			25/43
			16375 тг

Бұл кесте Қазақстандағы 1 айлық азық-түлік себетінің құрамын, шамалап алғанда желіну керек мөлшерін және шамалап бағасын көрсетеді. Бұл азық түліктердің бағасын шығару мақсатында Талдықорған қаласында орналасқан “Magnum” супер-маркетіндегі бағалар бақылауға алынды. Бұл маркеттің тандалған себебі- бағалары салыстырмалы түрде төмен, таңдау көп және қалған қалалардағы филиалдарында да дәл осындай бағалар.

Есептеулерге сүйенетін болсақ, 25 түрлі өнімді қамтитын азық-түлік себетінің жалпы бағасы айына 16 375 тг. Бірақ, бұл есептеулер шамалап жүргізілген және теорияға көбінесе сүйенген болғандықтан, қателіктер бар. Біріншіден, алынған ресурстағы өлшемдер 1 жыл уақытқа саналған және 1 айлық мөлшерді шығару үшін санды 12 ге бөлу керек болды. Екіншіден, елімізде азық-түлік себетіне жалпы есеппен 43 түрлі өнімдер кіреді, біздің есепке алғанымыз тек 25 («Қазақстанның, 2020). Демек, 17600 теңге қазіргі таңда 1 айлық азық-түлік алуға жетпейді.

Стратегиялық бастамалар орталығының мәлімдеуі бойынша экономикалық белсенді 9 миллион халықтың тек 40 пайызы ғана Бірыңғай Жинақтаушы Зейнетақы Қорына ұдайы ақша аударып отырады, 30 пайызы арасына уақыт салып аударым жасайды, ал қалғаны мүлдем жұмыс істемейді. Дегенмен де, мемлекет бұл мәселерді жақын арада шешуге ат салысуда (Жакупова, 2019). Мысалы, 2020 жылдың 1 қаңтарынан бастап жүйеде реформа жүргізілетін болады. Егер қазір жұмыс беруші жұмысшы жалақысының 10 пайызын БЗЖҚ-ға аударса, реформаға сәйкес 15 пайызын аударып отыратын болады (Масанов, 2020). Бұған қоса, 2020 жылы базалық зейнетақы мөлшері артады деп хабарлайды ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі Біржан Нұрымбетов (2020 жылдың). Бұл БЗЖҚ қорындағы жеткіліксіз қаражат мәселесімен және төмен зейнетақымен күресуге мүмкіндік береді.

Зейнеткерлердің жағдайын жақсарту арқылы мемлекетіміздің жалпы экономикалық ахуалын жақсартуға болады. Дамыған елдердің басты стратегиясы да осы мәселе. Қазіргі таңда зейнеткерлер мәселесін шешу жолында реформалар орын алуда. Зейнеткерлердің ахуалын бағалау және мәселенің анық қанығына жету мақсатында 3 қосалқы сұрақ қойылған еді. Зерттеу нәтижесінде сол сұрақтарға нақты жауап табылды:

1. Қазақстандағы зейнеткерлердің зейнетақы жүйесіне деген наразылықтары қандай?

Тәуелсіз зерттеу барысында қазіргі зейнетақы жүйесінде байқалатын 2 негізгі мәселе қамтылды. Сұхбат, бақылау және сауалнамалардың қорытындысы зейнетақы мөлшерінің аздығын және зейнет жасының ұлғаюының кемшілігін көрсеткен еді. Бұл аталмыш мәселелерді ары қарай қазбалау барысында осы мәселелердің бүгінге дейін де қозғалғаны анықталды. Мысалы, 2018 жылы жүргізілген реформалардың негізгі көзделген мақсаты базалық зейнетақыда өзгерістер жүргізіп отырып Қазақстандық қарттардың кірісін арттыру болған. Базалық зейнетақы бұрынғыдай қатаң белгіленген мөлшерде төленбей, ең төменгі күнкөріс деңгейі мен жұмыс өтіліне байланысты өзгеріп отыратын болды. Алайда, мұндай өзгерістер кейбір қазақстандық зейнеткерлердің көңілінен шыға қоймады. Атап айтқанда 23 мыңнан астам зейнеткер бұл жаңа зейнетақы жүйесіне наразылықтарын білдірді (Жданов, 2018). Олардың сөздеріне сүйенетін болсақ, қайта есептегеннен кейін, көпшілік үшін бұл сома бұрынғыдан аз болды, ал кейбірі тіпті жетіспеушілікті аңғарды. Сонымен қатар, әйелдердің зейнет жасын көтеруге байланысты Қазақстандық кәсіподақтар қозғалысы өз наразылықтарын білдіруде. Кәсіподақ өкілдері дәрігер, мұғалім, ауыл шаруашылығында жұмыс атқаратын әйелдер, бір сөзбен айтқанда физикалық жүктемені талап ететін жұмыс орындарында істейтін әйел адамдардың денсаулығы мұндай өзгерістерге шыдамайтынына сенімді (Ғазизқызы, 2019). Яғни, реформалардың зейнетақы жүйесін жақсартуға және зейнеткерлердің өмір сүру сапасын арттыруға бағытталып жүргізілуіне қарамастан, кейбір мәселелер қалып қоюда.

2. Әлем деңгейінде қаралатын Үздік зейнетақы жүйесі ондығына Қазақстанның кірмеу себебі неде?

Бұл сұраққа жауап табу үшін интернет желісін қолдана отырып зерттеулер жүргізілді. Норвегия мен Қазақстанның зейнетақы жүйелеріндегі ұқсастықтар мен айырмашылықтар талданды.

Қорытындысына келетін болсақ, республикамыз дамыған елдермен кейбір стратегияларды бөлісуде. Дегенмен де, жүйенің тек зейнет жасын ұлғайтуын ғана алмай, Норвегия мемлекеті сияқты, зейнет жасын ұлғайтумен қатар зейнеткерлерді жұмыс жасауға ынталандыратын іс шаралар өткізілуі керек деп білеміз. Сонымен қатар, мұндай өзгеріске қадам баспас бұрын, мәселе жан жақты қаралуы тиіс. Бұл реформа физикалық талап ететін жандарға қатысты болмауы керек. Себебі, аталмыш зейнет жасына жеткенше мұндай сферада іс атқаратындардың денсаулығы шыдамас. Егер де құр зейнет жасын арттырып, зейнеткерлер есесіне ешнәрсе ұсынылмаса, онда зейнеткерлер тарапынан наразылықтардың орын алуы түсінікті жағдай. Сол себептен, мемлекетіміздің зейнет жүйесінде әлі де жамау керек кетіктер бар.

3. Елімізде зейнекерлер мәселесін шешу жолында қандай іс шаралар жүргізілуде?

Зейнет жүйесінде әлі де кемшіліктер болғанымен де, бұл кемшіліктерді жою үшін мемлекетіміз іс шаралар жүргізуде. Мысалға алатын болсақ, 2018 жылы Алматы қаласының әкімі зейнеткерлерді қолдау мақсатында «Белсенді ұзақ өмір» атты бағдарламаны ұсынды. Бұл бағдарлама зейнеткерлерге тегін медициналық және психологиялық көмек көрсетуді, жұмысқа орналастыруды және қала өміріне тарту арқылы белсенді өмір сүруге шақыруды көздейді (Ғазизқызы, 2019). Сонымен қатар, реформалар біртіндеп зейнетақы құнын арттыруда. Ал зейнет жасы мәселесіне тоқталатын болсақ, 2019 жылы 6 қыркүйек күні президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың қатысуымен өткен Ұлттық Қоғамдық сенім кеңесінің алғашқы отырысында Ұлттық кеңестің мүшесі, қоғам қайраткері Жәнібек Қожық Қазақстандағы зейнет жасын қайта қарауды ұсынды. Ал қаржы министрінің айтуы бойынша, егер зейнет жасын төмендетсек, онда экономикаға зарар келмек, себебі бұл тәжірибе өзге мемлекеттерде жүргізілген және нәтижесі ойдағыдай болмаған. Бірақ, бұл мәселе әлі де қарастырылатынын айтты.

Бүгінгі күні мемлекетімізде зейнетақымен қамтамасыз етудің құқықтық және әлеуметтік негіздері Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамтамасыз ету туралы" Заңы арқылы реттеліп отырады. Қазақстан Республикасының аумағында тұратын шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдардың, заңда және халықаралық шарттарда өзгеше көзделмесе, республика азаматтарымен бірдей зейнетақымен қамтамасыз етілуіне құқығы бар. Мемлекет мемлекеттік жинақтаушы қорда зейнетақы жарналарының сақталуына кепілдік береді. Зейнетақылық жинақ қаржыларының қолсұғылмай сақталуын түрлі шаралар жүйесі арқылы қамтамасыз етеді, атап айтқанда, жинақтаушы зейнетақы қорларының зейнетақы жарна- ларын түсіру және зейнетақылық төлемдер төлеу жөніндегі қызметін лицензиялау жолымен жүзеге асырады; жинақтаушы зейнетақы қорларының жылдық қаржылық есептерін міндетті түрде аудиторлық тексеруден өткізу арқылы жасайды, жинақталған зейнетақылық қаржыларды алушының таңдауы бойынша толық көлемінде немесе ішінара сақтандыру жолымен де және тағы басқалай төсілдермен жасайды. Салымшылардың зейнеткерлік шарттар жасасу үшін жинақтаушы зейнетақы қорын дербес таңдап алуға, зейнетақылық қаржы жинақтарының жағдайы туралы ақпараттар алуға құқығы бар

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- «Қазақстанда қанша зейнеткер бар», 13 ақпан 2020 ж. Inform.kz
- Калыкова М. «Қазақстанда зейнетақы басқаша есептелетіні жайлы». 25 шілде, 2019.
- «2019 жыл зейнетақы: төрт маңызды өзгеріс». 5 қаңтар 2019 Ktk.kz
- «Зейнетақы жүйесі ең үздік 10 мемлекет», 23 Қазан 2018 ж. Kapital.kz
- «Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың төрағалық етуімен Қазақстан халқына жолдауы», 2 қыркүйек 2019. Akorda.kz
- «Норвегияның зейнетақы жүйесі жайлы». - 16 ақпан, 2020. Zavtrapensiya.ru
- «Жаңа министр 2020 жылдың қаңтарынан зейнетақы өсетінін айтты». 1 желтоқсан, 2019. Sputniknews.kz
- «Қазақстанда зейнеткерлер мен өмір бойына сотталғандар бірдей сомаға өмір сүруде». 30 қыркүйек, 2019 ж. Central Asia Monitor
- Бекмағанбетов Мәди. «100 мың зейнеткер ең төменгі зейнетақыға өмір сүруде», 11 қараша, 2018.
- «Қазақстандағы ең төменгі өмір сүру деңгейі», 4 қыркүйек 2019 ж. Zakon.kz
- «Қазақстанның 2020 жылғы азық-түлік себетінің құрамы», 16 қаңтар 2020 ж. Rebus Finance
- Жакупова Зарина. «Қазақстандықтардың зейнетақы жарналары. 2020 жылдың 1 қаңтарынан бастап шегерімдер ережесі қалай өзгермек», 31 шілде 2019.
- Масанов Юрий. «Қазақстандықтар зейнетақыны тұрғын үй, денсаулық және білім алуға пайдалана алады ма?». 22 қараша, 2019 ж.
- «2020 жылдың 1 қаңтарында зейнетақы артады», 1 қазан, 2019 ж. Inbusiness.kz
- Жданов Кирилл. «Алматылық зейнеткерлерді қолдаудың жаңа бағдарламасы ұсынылды», 11 сәуір, 2018 ж.
- Ғазизқызы Таңшолпан «Қазақстанда зейнет жасын төмендету ұсынылды», 6 қыркүйек, 2019 ж.

ТӘУЕЛСІЗ ҚАЗАҚСТАННЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК ДАМУЫ ЖОЛЫНДАҒЫ СТРАТЕГИЯЛЫҚ БАҒДАРЛАМАЛАРЫ

Ысқақ Ұлдана

Тарих мамандығының I курс студенті, Қазақ қыздар педагогикалық университеті

Ғылыми жетекшісі: Калдыбаева С.С. – т.ғ.м. аға оқытушы

(Алматы қ., Қазақстан) E-mail: safurakaldybayeva@gmail.com

1991 жылдың желтоқсанында Қазақстанның тәуелсіздік алуы мемлекеттің тарихындағы бетбұрыс кезеңі болды. «Біздің туымыз - тәуелсіздік. Біздің мақсатымыз - бейбітшілік пен әл-әуқатты көтеру» деген ұрандар қазақстандықтар үшін барлық қиындықтарды жеңуге дайынбыз деген ортақ идеяға айналды.

Дүниежүзілік тарихтың өлшемі бойынша қысқа мерзімде Тәуелсіздік алған республикада терең экономикалық, саяси және әлеуметтік өзгерістер тұрды. Тәуелсіз егемен мемлекеттің өмір сүрген алғашқы жылы Қазақстандық қоғам тіршілігінің барлық саласында түбегейлі тарихи бетбұрыс жасалып, тоталитаризмнің бұғауынан босап, бір әлеуметтік экономикалық жүйеден екіншісіне көшу процесі орын алды.

Алматы қаласында егемендігін жариялаған мемлекет басшылары Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы (ТМД) Келісімінің Хаттамасына қол қойып, онда барлық мемлекеттер тең құқықтық негізде ТМД-ны құратынын атап көрсетті. Кездесуге қатысушылар ішкі және сыртқы саясаттың әртүрлі сапаларында ынтымақтастыққа бейімділігін растайтын, бұрынғы Кеңес Одағының халықаралық міндеттемелерін орындауға кепілдік жариялайтын Алматы Декларациясын қабылдады.

Бұл, Қазақстанның ТМД мен әлемдік қоғамдастықтың толық құқылы мүшесіне айналып, өзінің тәуелсіздігін заң жүзінде де, іс жүзінде де орнықтырған уақыты болды. (Рысбеков: 2007:139)

1991 жылы 16 желтоқсанда Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесі Қазақстан халқының еркін білдіре отырып, Адам құқыларының жалпыға бірдей Декларациясында және халықаралық құқықтың жалпы жұрт таныған өзге де нормаларында көрсетілген жеке адамның құқықтары мен бостандықтарының үстемдігін мойындады. Сонымен қатар, қазақ ұлтының өзін-өзі билеу құқығын растай отырып, азаматтық қоғам және құқықтық мемлекет құратынын, бейбітшілік сүйгіш сыртқы саясат жүргізе отырып, ядролық қаруды таратпау принципі мен қарусыздану процесіне адалдығын мәлімдей отырып, Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігін салтанатты түрде жариялады. (ҚР Тәуелсіздігі туралы Декларация, 1916)

«Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» Конституциялық заңының қабылдануы ғасырлар бойы тәуелсіздікке ұмтылған ел үшін уақыттың жаңа есебін бастады. Елдің дамуының конституциялық негіздерін қалыптастыру және экономикалық реформаларды жалғастырудың басты шарты - саяси тұрақтылыққа ұмтылуы болды.

Елдің жаңа Ата заңы Конституция – мемлекеттік құрылыстың құқықтық негізін қалыптастырушы құжат. Қазақстанның мемлекеттік тәуелсіздігі туралы Қазақстан Республикасының Конституциялық заңы 7 тараудан және 18 баптан тұрды.

Конституцияның бірінші тарауында ҚР Тәуелсіз мемлекет делінген. Бұл тарауда ҚР - тәуелсіз, демократиялы, құқықтық, унитарлы мемлекет және ҚР барлық мемлекеттер мен өзара қатынасын халықаралық принциптері бойынша құрады, өзінің мемлекеттік тәуелсіздігін басқа мемлекеттер тануы үшін Қазақстан Республикасы ашық делінген.

екінші тарауында, ҚР халқы мен азаматы туралы айтылған. Халық бұл мемлекеттік биліктің қайнар көзі. Азаматтардың тең құқықтылығына қастандық жасау заң бойынша жазаланады.

үшінші тарау, ҚР мемлекеттік өкімет органдары деп аталады. Мұнда заң шығарушы билік Жоғарғы Кеңес құзырында, ал атқарушы билік Президент, Сот билігі ҚР Жоғарғы соты мен Жоғарғы Арбитраждық соты болып табылады.

төртінші тарау, ҚР мемлекеттік тәуелсіздігінің экономикалық негіздері туралы жазылған. Онда жер, оның қойнауы, өсімдіктері мен жануарлар дүниесі мемлекеттің меншігінде болады делінген.

бесінші тарауда, ҚР дүниежүзілік қауымдастықтағы мүшелігі туралы айтылған.

алтыншы тарау – ҚР мемлекеттік тәуелсіздігін қорғау.

жетінші тарау – Қорытынды ережелер (Сапарғалиев, 2005:12).

Демократиялық мемлекет үшін аса маңызды биліктің заңы атқарушы және сот тармақтары арасында өкілеттіктерді бөлу қағидаты іске асырылып, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарына кепілдік беретін Заң қалыптастырылды. Маусым айында қабылданған «Қазақстан Республикасының мемлекеттік нышандары - елтаңбасы, туы және әнұраны туралы» Заң және 15

қарашада ұлттық валютамыз - теңгенің енгізілуі мемлекеттіктің қалыптасуындағы аса маңызды кезеңді білдіреді. Адамның жалпы құқықтары мен озық-ойлы адамзаттың басқа да негіз қалаушы кезеңдерінен туындайтын адам және азаматтың іргелі саяси, экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтарын заң жүзінде бекітіп, нақты іс жүзінде қамтамасыз етілген құқықтарды иелендік.

Елбасының 1997 жылғы 10 қазанда Қазақстан халқына жыл сайынғы Жолдауында баяндалған «Қазақстан – 2030» даму Стратегиясында мемлекет дамуының басты мақсаттары мен басымдықтарын айқындай отырып, төмендегідей шаралардың тұтас кешені жарияланды. Оларға:

- ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, қоғамның ішкі саяси тұрақтылығы мен топтасуы;
- мемлекеттік билік органдарының қызметін жетілдіру әрі жауапкершілігін арттыру;
- өкілдік демократия қағидаттарын нығайту және одан әрі дамыту;
- сот билігі органдарының қызметін жетілдіру әрі жауапкершілігін арттыру;
- өкілдік демократия қағидаттарын нығайту және одан әрі дамыту;
- сот билігі органдарының қызметін жетілдіру;
- күшті саяси партиялары мен үкіметтік емес ұйымдары бар толыққанды азаматтық қоғамды қалыптастыру;

- ұлтаралық татулық пен келісімді нығайту;
- азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау.

1992 жылы желтоқсан айында Қазақстан халықтарының форумы өтіп, онда жаңа қоғамдық институт – Қазақстан халықтарының келісімі мен бірлесуі Ассамблеясын құру ұсынылған еді. Бүгінгі таңда, 1995 жылғы 1 наурызда құрылған Қазақстан халықтарының Ассамблеясы ұлтаралық саясатты өркениетті жүзеге асырудың барлық этнос өкілдерінің азаматтық топтасуы құралдарының бірі бола отырып, азаматтық қоғамның толыққанды әрі аса тиімді институтына айналды.

Қазақстан Республикасы тәуелсіздік алған уақыттан бастап, мемлекетімізді дамыту мақсатында бірқатар Стратегиялық бағдарламалар мен ұйымдарды құрды. Оларға:

- Қазақстан дамуының 2030 жылға дейінгі Стратегиясы;
- 2015 жылға дейінгі Қазақстанның индустриалды-инновациялық даму стратегиясы;
- 2004-2015 жылдарға арналған Қазақстан Республикасының экологиялық қауіпсіздік

Концепциясы;

- 2015 жылға дейінгі Қазақстан аймақтық даму Стратегиясы қабылданып, Қазақстан Республикасының тұрақты дамуы жөнінде Кеңес және «Қазына» тұрақты даму фонды» АҚ құрылды.

Қазақстанның әлемдік экономикалардың бәсекеге қабілеттілігінің жыл сайынғы рейтингінде 50-ші орынды берік иеленуі қисынды және болжамды болып табылады. Бұл прогресс әлемдік жетекші экономистер атап өткендей, Қазақстан қызметінің бірден бірнеше салаларда жақсарғандығының заңды нәтижесі. Әлем елдерінің бәсекеге қабілеттілік рейтингін белгілейді. Бүкіләлемдік экономикалық форумның пікірінше, макроэкономикалық тұрақтылық біздің еліміздің басты артықшылығы болып табылады. (Кемел, 2010:80)

Тәуелсіз Қазақстанның табысты және ырғақты әлеуметтік-экономикалық дамуы заңды нәтижеге айналды. Әлеуметтік оптимизмнің жаңғыру үстіндегі қоғамның қуатына айналатынын әлемдік тәжірибе көрсетіп отыр. Біздің еліміз дамуының жоғары көрсеткіштері мемлекет пен қоғам қызметінің іс жүзінде барлық салаларын жетілдіру осы қорытындыны растай түсуде. Бүгінде, Қазақстан әлеуметтік оптимизм елінің көрнекі үлгісі болып табылады. Елдің экономикадағы, білім берудегі, денсаулық сақтаудағы, әлеуметтік қамсыздандыру саласында қол жеткізген жетістіктері бар.

2012 жылдың 14 желтоқсанда жарияланған Елбасының «Қазақстан- 2050» стратегиясында қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағытын жариялады. «Қазақстан – 2050» Стратегиясы - еліміздің жаңа даму кезеңіндегі бірінші ұзақ мерзімді Стратегия - 2030-дың заңды жалғасы еді. Қазақстан Республикасы азаматтарының өмір сүру сапасын арттыру, мемлекеттік аппаратты кәсіптендіру, ұлттық экономиканың бәсекеге қабілеттілігін арттыру сияқты міндеттер маңызды. Және жаһандық тұрақсыздық және табиғи - ресурстық әлеуетті көтеру үшін жаңа тәсілдер іздеуді талап етеді. Осының бәрі жаңа стратегиялық құжат — «Қазақстан – 2050» әзірлеуге себеп болды. Бұл тарихи маңызы бар құжатта басты мақсатымыз - 2050 жылға қарай әлемнің ең дамыған мемлекеттерінің қатарына ену болды. (Антаев, 2015)

Бұл мақсаттарға қол жеткізу үшін «Қазақстан – 2050» Стратегиясы жеті ұзақмерзімді басымдықтарды іске асыруды қарастырады:

Жаңа бағыттың экономикалық саясаты – пайда алу, инвестициялар мен бәсекеге қабілеттіліктен қайтарым алу принципіне негізделген түгел қамтитын экономикалық прагматизм;

Кәсіпкерлікті – ұлттық экономиканың жетекші күшін жан-жақты қолдау;
Әлеуметтік саясаттың жаңа принциптері – әлеуметтік кепілдіктер және жеке жауапкершілік;
Білім және кәсіби машық – заманауи білім беру жүйесінің, кадр даярлау мен қайта даярлаудың негізгі бағдары;

Мемлекеттілікті одан әрі нығайту және қазақстандық демократияны дамыту;

Дәйекті және болжамды сыртқы саясат – ұлттық мүдделерді ілгерілету мен аймақтық және жаһандық қауіпсіздікті нығайту;

Жаңа қазақстандық патриотизм – біздің көпұлтты және көпконфессиялы қоғамымыз табысының негізі деп көрсетілген.

Елбасы айтқандай, Тәуелсіз Қазақ елінде бәрі бар. Тек қана көпұлтты ұлттар мен ұлыстардың арасында өзара түсіністік, тату-тәтті береке-бірлік пен ынтымақ және рухани құндылықтарға деген адалдық ауадай қажет. Токсан ауыз сөздің тобықтай түйіні, Қазақстан халқы Ассамблеясы бүгінде көпұлтты қазақстандықтардың береке-бірлігі мен ынтымағын жарастырған татулық темірқазығына айналып отыр. Туған елі – Қазақстанды әлемдегі өркениетті елдер қатарына қосуды жоспарлаған Елбасының басты арман-мұраты да міне, осы! Бірлік пен татулық тәлімінің қазіргі көпұлтты Қазақстан жағдайында маңызы ерекше. Мемлекет құраушы, елдің, жердің иесі ретінде қазақ халқы өзге ұлттар мен ұлыстарға оның асқан үлгісін көрсетіп келеді десек артық емес. Тарихымызға үңілсек, оған анық көз жеткізе аламыз. Қиын-қыстау кезеңге тап болған өзге ұлт өкілдеріне қашанда қамқор болып, ағалық мейірімін аямаған. Алаш елі тағдырдың жазуымен жер аударылып келген түрлі ұлыстарға төрінен орын беріп, бір үзім нанын бөліскені белгілі. Сол үшін көптеген ұлыстардың өткен және бүгінгі буыны қазақ халқына шексіз. риза. Бір-бірімізден үйренеріміз мол этнос өкілдері қазір өз тарихи отандары мен қазақстанның арасындағы достық көпірі арқылы елімізге инвестиция да, жаңа технологияларды да алып келуші ретінде танылып отырғаны да қуанышты жағдай. (Кемел, 83-бет)

Тәуелсіздік жылдары Қазақстанға мынадай нақты игіліктер келді:

Біз кеңестік жүйе күйреуінің ауыр зардаптарын жеңіп шықтық, халқымыздың тарихында бұрын-соңды болып көрмеген, халықаралық құрметке ие тәуелсіз мемлекет құрдық, оны бүгінде бүкіл әлем таниды. Тәуелсіздіктің басты жетістігі - еркіндік. Біз сол еркіндікке ие болдық. Еліміз экономикасы нарықтық арналарға көшіп, жоғарғы экономикалық өрлеуге қол жеткіздік, ырықтанған саясат жүзеге асты. Жыл сайын экономиканың он пайыздық өсімі қамтамасыз етілді.

Біртіндеп отандық кәсіпкерлер қалыптасты. Нарыққа балама жоқ екені, білімді мен біліктінің ғана жолы болатыны қоғамдық санаға сыналап енді. Елдің барлық азаматтары үшін кәсіпкерлік құқығы сақталып, меншікке заңсыз қол сұғушылықтан қорғау жүзеге асырылды.

Елімізде Адам құқығы жөніндегі Бүкіләлемдік декларацияға сәйкестендірілген адам құқықтары жөніндегі уәкілдік институты құрылды. Мемлекеттің қауіпсіздік жүйесі құрылды, елдің аумақтық тұтастығы қамтамасыз етілді. Тиісті нышандары түгел сақталған қорғаныс жүйесін жасай алдық, өзіміздің Қарулы Күштерімізді қалыптастырдық. Ұлттық әскер мен қазақтан шыққан қолбасшылар мен офицерлер дайындадық. (Назарбаев, 2014.11.)

Қазір Қазақстан Республикасын әлемнің 117 мемлекеті таныды, олардың ішінде 105 - імен дипломатиялық қатынастар белгіленген. Шетелдерде Қазақстанның 26 елшілігі ашылды. Алматыда 40 шетелдік елшіліктер мен миссиялар, 16 халықаралық және ұлттық ұйымдардың өкілдіктері жұмыс істейді. 800 - ден астам мемлекетаралық және үкіметаралық шарттар мен келісімдер жасалды. 1998 жылдың басының өзінде Қазақстанды дүниежүзілік қауымдастық түпкілікті таныды. Егеменді мемлекет ретінде қалыптасғы деп атап көрсетуге болады. Осы жылдың 15 қаңтарында Қазақстан мен Еуропалық одақ елдерінің арасында әріптестік пен ынтымақтастық туралы келісімге қол қойылды. (Рысбеков, 2007:149-150)

«Тәуелсіздік» деген - жадағай жай термин емес. Тәуелсіздік шын мәнінде ауқымды да терең құбылыс. Ол ең алдымен тәуелсіздік. Біз іргелі ел болып, күштілерге басымызды имей, біреудің ескі-құсқы ел билеу жүйесін кимей, қазақстандық, суверендік жолмен жүруіміз керек. Біз бұл күні елімізге шетелдік факторлардың - АҚШ, Қытай, Ресей, Түркия факторларының ықпалы бар екенін жасыра алмаймыз. Ол еліміздің экономикалық тәуелсіздігі. Ал біз бұрынғы экономикалық жүйені - қоғамдық меншік жүйесін талқандадық. Жаңа экономикалық жүйе қалыптасуда. Бұл салада өттеген-ай дейтін проблемалар баршылық. Президенттің «Қазақстан - 2030» бағдарламасында да бұл проблеманы өз алдына халық назарына аударуы да осыдан. Алда орта класс – меншік иелерін қалыптастыру тұр. Өндірісті жандандырып, ауыл шаруашылығына қан жүгіртіп, экономикалық салада қазақ жерінің игілігін отандастар көруі мәселесі тұр. Сонда ғана елге мал бітеді, жан бітеді. Елдің көсегесі көгереді, көңіл-күйі рухтанады. Рухани тәуелсіздік өз алдына бір проблема. Ал рух - ата-баба мұрасы.

Тәуелсіздіктің баянды болуы қоғамдық білімдер саласындағы ғалымдарға, рухани өмірдегі өнер қайраткерлеріне, зиялы қауымға да байланысты. Л.Толстойдың «Не будь наук и искусств, не было бы человека и человеческой жизни» десе, Л.Пастер «Величие родины отождествляется величию науки» дегенін есте сақтаған абзал. Зиялы қауымсыз, ғылымсыз, білімсіз ел - тобыр. Біз халқымызды тобырға айналдырмауға тиіспіз. (Қозыбаев, 2009:209)

Қорыта келе, қазіргі таңда Тәуелсіздік - барлығымыз үшін ерекше қасиетті күн. Бірліктің, ынтымақтастық пен татулықтың күні. Мемлекетіміздің тәуелсіздігі - ең алдымен халқымыздың бақыты. Алғашқы жылдарда басым мақсаттардың қатарында егемендікті нығайту, ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, экономикадағы қиыншылықтарға жауап беру болған еді. Сондықтан, бүгінгі күні халқымыз өткеннен қалған тарихи өнегені, Отансүйгіштікті, ұлтына деген махаббатты жоғалтпай, әрі қарай жастардың патриоттық сезіміне енгізуге ерекше көңіл бөлуі керек деп ойлаймын. Тәуелсіздігімізді жариялағаннан бергі мезгіл ішінде көптеген елеулі табыстарға қол жеткіздік. Еліміздің тыныштығы мен қауіпсіздігі, көп ұлтты Қазақстан халқының жарастығы мен ынтымақтастығы Президентіміздің жүргізіп отырған парасатты көреген саясатының нәтижесі деп білеміз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1 Рысбеков Т.З. «Менің Қазақстаным», Т.З. – Орал, 2007.

2 «Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» ҚР Конституциялық заңы, 1991ж. 16 желтоқсан

3 ҚР Конституциясына - 10 жыл (Заңнамалық актілер жинағы) //Құраст. Г.Сапарғалиев. – Алматы: Жеті Жарғы, 2005. – 376

4 Кемел М. //Тәуелсіз Қазақстан: елдің даму кезеңдері» Облыстық ғылыми-тәжірибелік конференциясының материалдары, 2010ж. 52б.

5 Антаев Ж.Т. Ұзақ мерзімді Қазақстан – 2030 Стратегиясы, З.Алдамжар атынд. Қостанай әлеуметтік-техникалық университетінің Ғылыми Хабаршысы, 2015ж.

6 Нұрлы жол – болашаққа бастар жол. Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан халқына Жолдауы. 11 қараша, 2014 ж.

7 Қозыбаев М. «Киелі тәуелсіздік». Құраст. І.М.Қозыбаев. – Алматы, 2009.

ҚАЗАҚСТАН ЖАСТАРЫНЫҢ ДІНШІЛДІК ПРОБЛЕМАЛАРЫ

Талғат Назарбай¹, Р.К.Танирбергенова²

¹Шет тілдер және іскерлік карьера университеті, ИСТ 19-04-01

*²Шет тілдер және іскерлік карьера университеті, Тарих және халықаралық қатынастар кафедрасының аға оқытушысы
(Алматы қ, Қазақстан) E-mail: t.raziya75@mail.ru*

Аңдатпа: Жұмыста еліміз тәуелсіздігі кезінде қалыптасқан діни қарым-қатынастың жастар арасында таралу себептері мен оларға ықпал еткен діннің жағымды және келеңсіз жақтары қарастырылады. Діннің ықпал жасауы айқындалады. Діни келеңсіз құбылыстарын қоғам мен мемлекеттің алдын алу шаралары және салдарларын жою жолдары баяндалады.

Түйін сөздер: дін, жастар, мемлекет, ұстаным, тәрбие, діншілдік.

Дін қоғам өмірінің рухани дінгеі. Ол қоғаммен бірге жасасып келеді. Өзінің тарихы бар, ерекше әлеуметтік институт. Бүгіндері әлем халқының 84%-ы бір дінді ұстанса, Қазақстан Республикасы халықтарының 85%-ы дінге сенеді.

Қазіргі кезде дінге бет бұрушы жастар қатары көбеюде. Ол еліміз егеменді ел болып демократиялық үдерістер жүргізіле басталғалы дін саласында едәуір өзгерістермен 86 байланысты еді. Діни бірлестіктердің саны күн санап артып, дәстүрлі діни конфессиялардың өсуімен қатар, елімізде бұрын болмаған діни ағымдар да пайда бола бастады. Өкінішке орай, сол сырттан келген жат кертартпа діни ағымдардың жетегінде қылшылдаған жастарымыздың кеткені жасырын емес.

Біз жастар діншілдігінің екі тұрғыда, бағытта қарастыруды жөн көрдік: 1) діншілдіктің жастарға берер жағымды жағы; 2) көзсіз діншілдіктің жастар үшін, қоғам үшін қауіпқатері жағын.

Жастарымыздың дінге бет бұруының қоғам үшін, жеке басы үшін пайдасын да айтуға міндеттіміз. Өйткені, ол иман ұялатады, ондай жерге ырыс, береке дариды. Ислам дініндегі бес парыздың бірі бес уақыт намаз оқу арқылы соның ішінде жастар тазалыққа тәрбиеленсе, екінші парыз Рамазан айында ораза ұстау арқылы шыдамдылыққа шынығады. Ал, үшінші парыз зекет беру арқылы жас адам жомарттыққа үйренеді және жер бетінде сәл уақытқа болса да бай мен кедей атаулысы теңеледі.

Жастар қашанда қоғамның қозғаушы күші. Сондықтан, мемлекет Қазақстан жастарының рухани дамуына, діни ұстамының айқын болуына ерекше мән береді.

Әлемдік діндер саналатын ислам мен христиан діндерінің өзі толып жатқан бағыттар мен секталарға бөлініп жатыр. Онымен қоймай елде бұрын соңды болмаған жаңа діни ағымдар немесе дәстүрлі емес діни ағымдар жағдайды ушықтырып отыр. 1991-2011 жылдар аралығында Қазақстандағы діни ағымдардың саны 671-ден 4551-ге жетіп, 6 есе ұлғайды. Халық санағы нәтижесінде тұрғындардың 97%-ы белгілі бір дінді ұстанса, қалған 3%-ы дінге сенбейтіндер болып шықты. Соның ішінде Қазақстан халқының 70,2%-ы мұсылмандар, 26,3%-ы христиандар, 0,1%-ы буддистер, 2,8%-ы ешқандай дінге сенбейтіндер, 0,5%-ы жауап беруден бас тартқан [1, 338 б].

Бүгінгі күні діншілдіктің діни мәдениеттің қалыптасу қарқынынан озып кеткенін байқаймыз. Бұл өз кезегінде радикалды идеологияның қалыптасуына ықпал етеді. Ал радикалданудың салдары жақсылыққа апармайды. Сондықтан, діндарлықтың тым жылдам өсуі қауіп-қатерлер әлеуетін арттыруына мүмкіндік беретіні сөзсіз.

Десек те жастардың теріс діни ағымдарға тартылуының негізгі себептерін саралап өту соның негізінде қазіргі уақытқа дейін зерттелген мәселелер мен жаңаша көзқарастардың да қалыптасып үлгергенін байқаймыз. Зерттеу қорытындылары көрсеткендей, жастарды адастыратын теріс діни ағымдардың, олардың жас ерекшеліктерін ескеріп, қолданылатын арнайы айла-әдістері бар екені көрсетті. Олар: адастыратын ақпаратқа толы интернет пен әлеуметтік желілердің санын арттыру, санаға жеңіл ғана фанатиктік қуаты мықты теріс діни әдебиеттерді көптеп шығару, санаға жеңіл діни догмалар мен шаблондардың тартымдылығын арттыру және насихаттау, әлеуметтік мұқтаждықтары бар жастарды қаржылық ынталандыру, психологиялық тартымдылық арқылы теріс ортаға бейімдеу, отбасындағы махаббаттың жетіспеушілігі мен діни қызығушылығын оңтайлы пайдалану, жастардың бойына діншілдік психологияны діни мәдениеттен арттыра насихаттау, әлеуметтік қиындықтарының эмоцияларын жалған діни догмалар арқылы шығаруға итермелеу, психологиялық күйзелістер шеңберінде жүрген жастарға демеу болу деген секілді бірқатар діни-психологиялық әрі әлеуметтік мәселелер [2, 877 б].

Сонымен қатар, бұл мәселелердің саяси жақтары да өз алдына бөлек дүние.

Еліміздегі мәдениеттер мен діндердің халықаралық орталығы 2009 жылы 18-30 жас аралығындағы жастардың арасында туындайтын діншілдік проблеманың себебін білу үшін сауалнама жүргізген болатын. Сауалнама бойынша «Сіздің өміріңізде дін қандай рөлге ие?» деген сұраққа жастардың 34,7%-ы «өте маңызды», 32%-ы «өте маңызды емес», 10,5%-ы «рөлі жоқ», 19,9%-ы «жауап бере алмаймын» деп жауап берген. «Дінді қай тұрғыда қарастырған дұрыс?» деген сауалға 18,6%-ы «адамгершілік, мораль тұрғысынан», 19,6%-ы «философиялық дүниетаным тұрғысынан», 5,8%-ы «ерекше психологиялық құбылыс тұрғысынан», 56,1%-ы «жауап бере алмаймын» деген екен [1, 340 б].

Мемлекет жастарды теріс діни ағымдардан қорғау жолында қандай шараларды жүзеге асыруда. Енді сол мәселеге тоқталсақ.

Өзекті мәселелердің бірі интернет мәселесі. Бұл тұрғыда интернеттегі теріс діни ағым идеологияларына шектеу қою жұмыстары жалғасып келеді. Дегенмен мемлекет интернетке мүлдем тыйым сала алмайтыны белгілі. Осыны пайдаланған теріс діни ағым менеджерлері интернеттегі жұмыстарын жалғастыратынын ескере келе, жастарға интернетті талғаммен пайдалану қажеттігін ескертеміз.

Сонымен қатар, қуаты мықты теріс діни әдебиеттердің санаға жеңіл діни догмалар мен шаблондарының тартымдылығын жою мақсатында бірқатар сараптама жұмыстары жалғасып келеді.

Мемлекет тарапынан дәстүрлі рухани құндылықтарды насихаттау жұмыстары үздіксіз жалғасып келеді. Ал, тәрбиелік мәселелерде мемлекет тарапынан өнер, қоғамдық салалы мекемелер арқылы жаңаша жолдарға ден қойып, қоғамдық институттар арқылы жастарды тәрбиелеу жолдары іске асырылып келеді. Тарқатып айтсақ, кино саласындағы тарихи-рухани туындылар, театр сахнасындағы қоғамдық тәрбиеге үн қосатын көрсетілімдер, тәрбиелік мазмұндағы еңбектер мен газеттер, интернет пен әлеуметтік желілерде тәрбиелік мәні зор парақшаларды тапсырыспен ұйымдастыру, рухани танымдық кештер мен іргелі іс-шараларды жүзеге асыру жалғасып келеді. Дегенмен бұл бағытта ата-аналардың тәрбие саласына аса мән беру керектігін үндейді. Неге, өйткені әр ата-ана өз балдарының тәрбиесіне аса мән беріп, отаншылдық бағытта тәрбиелесе, ол баланың болашақта игілікті істер идеясымен өмір сүретіні белгілі. Шығыс тәрбиесінде білімді әрі иманды ұрпақ тәрбиелеу үшін «баланы аз материалдық дүниелермен қанағаттандырып, көп уақыт бөлу керектігі» туралы ұстаным бар. Тарихымыздағы еліміз үшін жанын пидә еткен ата бабаларымыздың

тәрбиесіне зер салсақ, арғы жағында ұлағатты ата-ананың тәрбиесін байқаймыз. Сонымен себебін мазмұндай келе, аталған мәселенің салдары бойынша атқарылған мәселелерге тоқталсақ.

Салдарларымен күресуде теріс пиғылды діни көзқарастағы жастарды дәстүрлі бағытқа оңалту жұмыстары, шетелдік діни оқу орындарына ұмтылушы жастарды қадағалау бағыты, діни экстремистік және радикалдық идеяларға шақыратын істері үшін азаматтарды қылмыстық жауапкершілікке тарту жұмыстары белсенді түрде жүзеге асырылып келеді. Сонымен қатар сотталушы азаматтарды жазасын өтеу орындарында дәстүрлі діни бағытқа бейімдеу жобалары да жүзеге асуда.

Жастарды өзгеше ойлауға жол бермеу мүмкіндіктерінің бірі, ол- спорттық және өнер орындарына тарту жұмыстары болмақ. Себебі қолы бос жастардың уақытты толтырудың ермегі әлеуметтік желілердегі теріс идеяларға байлану мен топтасу арқылы заңсыз әрекеттерге ұрыну жағдайларын туындататыны анық. Сондықтан мәдени және спорттық нысандарды салу жұмыстары елімізде қарқын алды.

Келесі бір мәселе, теріс діни идеологияларды таратушыларға заңдық негізде шектеулер қою. Бұл әр бағыттағы ҚР заңдарында көрініс табады. Дегенмен қолданыстағы заңдарға толықтырулар мен өзгертулер жылма – жыл енгізіліп келеді. Себебі, радикалды идеологиялардың жас ерекшелігі өкінішке орай жыл өткен сайын жасаруда. Заңдық шектеудің негізі осы себепті болмақ. Себебі жаһандық өзгерістер барлық тарапта өзгерістер мен бастамалар жасауға итермелейді.

Жастардың теріс діни ағымдарға тартылуының өте өзекті мәселесенің бірі, ол – әлеуметтік мәселе. Данышпан Абай атамыздың көзімен қарағанда «қарны аш адамның көңілінде ар, ойында ақыл болмайтынын» бүгінгі орын алып келе жатқан діни ахуалдан көргендейміз. Дегенмен ешбір мемлекет әлеуметтік-экономикалық мәселелерімізді толық шеше алмақ емес. Қазақстанның да өзіне тән қиындықтары жеткілікті, ол мәлім жағдай және белгілі бір дәрежеде қалыпты құбылыс. Зерделі оймен зер салып қарасақ, бұл көзқарастың да мәні мен маңыздылығы орынды мәселе.

Елбасымыз Н.Назарбаев тәуелсіздік алған сәттен бастап елімізді өркендету жолында іргелі әлеуметтік реформалар жасап келеді. «Біздің басты мақсатымыз – әлеуметтік 88 қауіпсіздік және азаматтарымыздың байқуаттылығы. Бұл – қоғамдағы тұрақтылықтың ең жақсы кепілі. Нағыз пәрменді әлеуметтік саясат – ол халықты жұмыспен тұрлаулы қамту саясаты» делінген Президент Жолдауында. Ендеше, мемлекеттің жастарды әрдайым әлеуметтік әрі рухани қолдау жауапкершілігін сеніммен жүзеге асырып келе жатқанына сеніміміз мол болуы тиіс.

Қорытынды: Бүгінгі жас – ертеңгі ел тізгінін ұстайтын ел ағасы. Еліміздің ертеңі, мемлекетіміздің болашағы. Еліміздің ендігі дамуы мен өркендеуі, келешегі жастарға тікелей байланысты. Сондықтан діннің келеңсіз жақтарынан, ықпалынан жастарды қорғау жұмыстарының формаларын мемлекет үздіксіз жетілдіріп отыруы қажет. Ұлы Мағжан Жұмабаев атамыз: «Арыстандай айбатты, жолбарыстай қайратты, қырандай күшті қырағы – мен жастарға сенемін» дегендей, бүгінгі қоғам, қазіргі нарық бәсеке заманын талап етіп отыр. Жүректерінде жалыны, бойларында күштері бар жиырма бірінші ғасырдың жастары күнделікті өзгеріп жатқан өмірге, құбылыстар мен жаңалықтарға шошып қарамай, батыстың қитұрқы өміріне еліктемей, «жақсыдан үйреніп, жаманнан жиреніп» жатса, нұр үстіне нұр болар еді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Дінтану негіздері: оқу құралы / К.О.Бекшиев, Е.А.Шайхығалиев – Алматы: Альманах, 2017. – 388 б.
2. Религиоведение/ Энциклопедический словарь. – М.: Академический Проект, 2006. – 1256с.
3. Дін саласындағы өзекті тақырыптарға арналған 20 сұрақ пен жауап: 1 шығарылым: Мемлекет және дін / Құраст. К.Т.Калиханова, Е.Е.Ибраева, Д.Б.Есенова, С.Б.Оспанова, Л.В. Стефогло, А.С.Ахметбекова, Г.М.Тоқтарова. – Астана: «ҚР ДИА», 2014. – 49 б.

АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ ТЫҢ ИГЕРУДІҢ АЛҒАШҚЫ ЖЫЛДАРЫНДА

Ташимова Лаура

7M01601-«Тарих» мамандығының 2 курс магистранты

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті

(Ақтөбе қаласы, Қазақстан) aben_60@mail.ru

Ақтөбе облысындағы тың және тыңайған жерді игеру ең бірінші 5 астық совхозының құрылуымен басталды. Бұл өлкедегі совхоздардың алғашқы қалыптасуы көптеген қиыншылықтарға қарамай, тың және тыңайған жерді игеру ілгері жүрген. Тың игеруде, тың игерушілер мәдени-

тұрмыстық іспен де айналысты. Бұл бір-бірімен өте тығыз байланыста болып, нәтижесінде тың игерушілердің мекен жайлары, елді мекендері пайда болды.

МТС-тер құрылып, колхоздар совхоздарға біріктірілді. Жүк тасымалдау мәселесі де шешіліп, теміржол салынған. Тың игеру кезінде ең маңызды мәселелердің бірі маман кадрлардың қалыптасуы болды. Бұл тың және тыңайған жерді игеруге КСРО-ның Еуропалық бөлігінен халықтар ағыла бастады.

Тың игеру Қазақстан жерінде кең ауқымда жүрді. Тың игерудің әсері халық шаруашылығының басқа салаларының дамуына да тиді. Ақмола да ауыл шаруашылығына қажетті топырақ өңдейтін және құрал-жабдықтарды өндіретін 2 зауыт салынды. Тың игерудің арқасында Қазақстан жергілікті тұрғындармен қатар, басқа республикаларды да астықпен қамтамасыз етті.

Тың игерудің нәтижесінде Қазақстан демографиясы елеулі өзгеріске ұшырады. Халықтың жалпы саны тех көбейгенмен, қазақтың саны күрт азайды. Біртіндеп қазақ мектептері, қазақ басылымдары жабыла бастап, облыстық газет таралымы азайды. Мұның өзі қазақ халқының айтарлықтай бөлігінің ана тілін ұмытуына әкеп соқты. Халықтың өз ерекшеліктері, ұлттық намысы біртіндеп жоғала бастады. Тың жерлерді игергенде республиканың ұлттық ерекшелігі ескерілмеді. Қазақ халқы тың игерушілердің санасында «жабайы» ретінде, қазақ даласы адам мекендемеген құлан түз ретінде бейнеленіп, қазақ намысын қорлайтын теріс пікірлер қалыптастырылған. Қазақ халқының әдет-ғұрыпына, салт-дәстүріне, оның мәдени ескерткіштеріне жоғарыдан менсінбей қарады. Империялық саясаттың осындай көріністері қазақ халқының ұлттық намысын қорлады. Осыған байланысты Қазақстан республикасының халық жазушысы И.Шеголихин «Егемен Қазақстан» (12.IX.1992) газетінде жарияланған «Өткен күн мен келер күнге көз салсам» атты мақаласында іділдікпен былай жазды:

«Қазақстанда жер ешқашан да жеке адамның меншігінде болмаған, ол бүкіл руға ортақ болған. Олардың ата-бабалары атам заманнан бері кең далада емін еркін көшіп жүрген. Енді міне, сол жерлерге сырттан келген адамдар палаткалар тігіп, тың төсіне болат түрен салып, жер қыртысын қопарғанда қазақтың жүретін қоса тілгілегендей болғанын атап көрсетудің зор маңызы бар. Өйткені ол жерлер әлі де бір Ыбырайдың не Сәбиттің жеке меншігіндегі жер емес, қазақтардың ата-бабаларынан келе жатқан ортақ меншік. Қазақтың жер үшін сыздаған жүрегін түсіну керек. Ол әдеттегідей жеке меншік иесінің күйзелісі емес, нағыз патриоттық күйзелісі. Қаншалықты іштей күйзеліске түскенін, қаншалықты төзімділік таныту қажет болғанын ойша елестетудің өзі қиын. Жан жарасын жеңу, оған төзе білу, тіпті мойынсұну қаншалықты азап десеңізші!»

Қазіргі міндет келер ұрпаққа жер қасиеті мен ұлылығын түсіндіріп, патриоттық сезімдерін ояту.

Міне Егемендік алған заманда сол кезеңде болған ақиқатқа әділ баға беру керек. Ақтөбе өңіріндегі «тың және тыңайған жерді игеру» аграрлық саясаты әлі де болса зерттелуі тиіс.

1953-57 жылдар Ақтөбе облысындағы тың және тыңайған жерді игеру жүйесін терең тарихи таным мен объективті зерттеу бүгінгі күн талабы.

Тың және тыңайған жерді 1954 жылдан бастап игеруде көптеген адамдар жетістікке жетті. Тың көптеген адамдардың тұрғындарына айналды. Ол тек қана қарапайым жұмыс емес, олардың өмірлерінің мәні болды. Алғашқы тың игерушілер миллиондаған гектар алқаптарда шын мәнінде астық үшін күрес жүргізді.

Тың және тыңайған жерді көтеруде 1954 жылы Ақтөбе совхоздарында 246,6%, колхоздарында 155,6 % орындалды. Жаппай тың және тыңайған жерлерді игеру үлкен экономикалық жеміс берді. 1954-1958 жылдары орта жылдық мемлекетке астық тапсыруда 1953 жылмен салыстырғанда 2,4 есе артты. Негізгі үлкен нәтижеге колхоздар мен совхоздар 1956 жылы жетті. Отан алғаш рет 40 миллион пұт Ақтөбе астығын алған. Бұл шын мәнінде адамдардың бақытты сүйіспеншілігі және жеңіп алған асулары еді (Ливенцов, 1984:2).

Ауа райының қолайсыздығына қарамастан 1954-1955 жылдары бірнеше колхоздар тың және тыңайған жерлерден жақсы өнім алды.

Мысалы: Қосестек МТС колхозының директоры Мандрик бас агроном Мостовова орта бидай өнімін 1954 жылы 1577 гектар аумақтан 17 центнер құрады, жоспар бойынша 8,5 центнер.

1954 жылы Жамбыл атындағы колхозда (Новоресей ауданында) тың жерлерге тары егілген. 231 гектар аумақтан 18 центнер алған. 76 гектар жерден 27 центнер алынған, ал жоспар бойынша 9,9 центнер.

Авангард колхозында (Степной ауданы) 1954 жылы 994 гектар жерден орта есеппен 161 центнер астық, ал 1955 жылы 300 гектардан әр гектарынан 12 центнер тары алынған.

Астықтан, тарыдан, жүгеріден ең көп өнім алған жерлер 1954-1955 жылдары Андреева атындағы колхоз «Коминтерн» және «Искра» (Новоресей) ауданы «Доброволец» «Буденный»

атындағы, Чапаев атындағы (Степной ауданы), Сталин атындағы, Ворошилов атындағы (Жұрын ауданы) колхоздар болды (Ақтөбе облыстық мемлекеттік архиві (АОМА). 171 к., 10-т., 5-іс, 21-п.).

В доперестроечный период рядом авторов (С.Р. Карынбаев, 1960; М.М. Гольдман, 1962; П.А. Черноборов, 1963; Н.А.Раевский, 1968; И.В.Рудниченко, 1968; Я.А. Клебанов, 1977; Т.Ш. Шарманов, 1977; Н.А. Алтынбеков, 1980, 1981; А.Г. Альжанов, 1981, 1984; М.А. Алиев, 1982; М.Н. Грибанов, 1984; Р.И. Самарин, 1987 и др.) были написаны работы, которые носили юбилейный характер, статьи, отражали различные вопросы развития медицины и здравоохранения Казахстан и его отдельных областей. В 1992 году успешно защитил свою докторскую диссертацию С.Х. Душманов “История здравоохранения Западного Казахстана” (Душманов, 1992: 695). Историко-медицинское исследование, положенное в основу докторской диссертации С.Х. Душманова, целью которого являлось создание современной истории здравоохранения и медицины Западного Казахстана, явилось одним из полных и достоверно написанных трудов по истории медицины края. Консультантами в этом исследовании выступили кафедра социальной гигиены и организации здравоохранения с курсом истории медицины Алматинского медицинского института (зав. проф. А.Р. Чокин) и отдел истории медицины и здравоохранения НИИ социальной гигиены, экономики и управления здравоохранением Российской Академии медицинских наук (зав. проф. М.Б. Мирский). Работа является первым историко-медицинским трудом, в котором с позиций современной исторической науки выявлены особенности различных этапов развития здравоохранения в Западном Казахстане на протяжении более чем двух с половиной столетий, с освещением истории медицинского образования и подготовки медицинских кадров. Этот процесс рассмотрен в диссертации в сопоставлении с аналогичными процессами, происходившими не только в различных регионах Казахстана, но и других республиках, чему способствовал разработанный и апробированный метод регионального подхода со сравнительным анализом.

В работе выявлены основные направления и тенденции развития здравоохранения региона. Проанализированы различные стороны и организации охраны здоровья, в том числе негативные, обусловленные колониальной политикой царизма, а в годы Советской власти - деятельностью административно-командной системы. Вместе с тем показано прогрессивное влияние передовой русской медицины на развитие здравоохранения и медицинской науки, что опровергает различные националистические и сепаратистские толкования. В 1999 году вышла в свет монография Мукантаева Е. “История развития медицины Мангышлака” (Мукантаев, 1999: 184). Данная монография представляет собой серьезное исследование истории развития медицины на полуострове Мангышлак (ныне Мангистауская область Республики Казахстан). В популярной, доходчивой форме автор, врач Е.Мукантаев, сам являющийся одним из первопроходцев-организаторов хирургической службы древней земли Среднего Западного Казахстана, проработавший в учреждениях здравоохранения более 35 лет, наглядно показывает сложный длительный путь, пройденный медициной в этом степном, полупустынном крае - практически с древнейших времен до наших дней.

Особую ценность представляет работы тем, что автору удалось найти и привести в своем исследовании забытые с течением времени имена врачей, медицинских сестер, фельдшеров и акушерок, санитарок, подлинных подвижников и энтузиастов, которые всю жизнь посвятили

благородному делу-служению людям. По сути, данный труд является первой полной историко-документальной монографией, в которой последовательно изложены основные этапы развития медицины в регионе. Особо следует подчеркнуть системность изложения материала, в котором удачно сочетаются документальные, подтверждаемые архивными материалами, события и факты, с не менее интересными, и в тоже время значительными примерами. В особенности это касается периода возникновения, первых лет и последующих этапов становления и развития в среднезападном регионе Казахстана.

Серьезным исследованием истории развития медицины и здравоохранения Жамбылской области явился труд Абилдаева Т.Ш. и Ордабекова С.О. “Медицина Жамбылской области: прошлое и настоящее”, изданный в 2004 году (Абилдаева, Ордабекова, 2004: 384). В монографии последовательно изложены основные вехи развития медицины в регионе. Следует отметить системность, скрупулезность, этапность изложения материала, в котором подробно рассказывается, как зарождалась, становилась, развивалась практическая медицина в области. Первая глава посвящена истории врачевания и медицины Жамбылской области в дореволюционный период. Приведенные материалы подтверждаются архивными материалами, событиями и фактами, документальными примерами, воспоминаниями ветеранов здравоохранения области, которые отдали немало лет оказанию медицинской помощи населению и остались жить в этой области, передавая, свой богатый жизненный и трудовой опыт молодым коллегам.

В работе приводятся имена и биографии тех первых медицинских работников, которые по долгу службы, приехав на эту древнюю казахскую землю, отдали ей свои самые лучшие годы, не щадя здоровья служили людям. Документы и исторические материалы о некоторых из них сохранились в разных музеях районов, городов области, в музее областной больницы. Их именами названы улицы городов и сел области, установлены мемориальные доски. Авторами книги собран большой ценный материал о них, который изложен в данном труде. В 2004 году было разработано учебное пособие Камалиевым М.А., Бигалиевым Р.К. и Хабиевым Т.Х. “История народной медицины и общественного здравоохранения Казахстана” (Камалиев, Бигалиев, Хабиев, 2004: 173). В учебном пособии излагается история народной медицины и общественного здравоохранения Казахстан с древнейших времен до современности. Последовательно раскрыты исторические периоды формирования казахской государственности и связанные с ней этапы формирования системы охраны здоровья населения и медицины. В работе уделено большое внимание истории медицины в период присоединения Казахстан к России и истории медицины Казахстана в период буржуазных реформ XIX века. Вопросам земской и переселенческой медицины. В работе освещаются вопросы санитарного состояния дореволюционного Казахстана, а также названы имена первых казахских фельдшеров, врачей и медработников, внесших огромный вклад в борьбе с антисанитарией, эпидемиями, различного рода болезнями, от которого страдало неслыханное количество простого населения того периода. Дается краткая характеристика первым фельдшерам-казахам таким как: Майкотов А. (1869-1919), Райымбек А. (1880-1933), Сулейменов А. (1877-1937), Карабаев М. (1858-1928), Айтбакин А. (1861-1919), Кусябгалиев Д. (1870), Алдияров А. (1879), Чултуров М. (1879-1965), Джакупбаев Н. (1890-1932), Ипмагамбетов Н. (1883-1922) и другие, из женщин-казашек известны имена Асфендиярова Г. (1880-1941), Аккагаз Досжанова (1893-1932), Ниязова М. (1895-1981).

Таким образом, обзор литературных источников показал, что имеются различные работы и исследования, посвященные изучению истории медицины и здравоохранения в различных регионах страны, в том числе и в Республике Казахстан. В связи с новым статусом Казахстана как суверенного государства особую актуальность приобретает систематизированное изложение истории медицины и здравоохранения как части культурного наследия республики, так как она представляет огромную ценность для модернизации системы охраны здоровья населения Республики Казахстан.

Список использованной литературы:

- Закон РК "Об охране и использовании историко-культурного наследия" от 2 июля 1992г. № 1488-ХІІ.
Ремезов А. Очерк санитарного состояния Западной Сибири. –Омск, 1880. – 186 с.
Ласков Ю. Статистический и исторический материал по сельской медицине в Акмолинской области за 1884-1910 годы. Омск, 1911. 111 с. 60.
Самарин Р.Н. «Очерки истории здравоохранения Казахстана». Алма-Ата: Казгоиздат, 1958-163с.
Палкин Б.Н. «Очерки истории медицины и здравоохранения Западной Сибири и Казахстана в период присоединения к России (1716-1868гг.)» Новосибирск, Западно-Сибирское книгоиздание. 1967. 579с
Санитарное дело в дореволюционном Казахстане. А.Р.Чокин “Здравоохранение Казахстана” № 2, 1957г.
Крамчанинов Н.Ф. Медицинская помощь населению Западного Казахстана (1799-1959гг.) дисс... к.м.н., Алма-Ата, 1965-217с.

- Галлиев В.З. «Медицинская деятельность ссыльных революционеров в Казахстане (вторая половина XIXвв.)» Алма-Ата. Казахстан. 1982- 160с.
- Әлжанов А., Шокин Ә., Досаханов Ә., Алғашқы қазақ дәрігерлері. Алматы: Қазақстан, 1984-88б.
- Бисенова А.Б. Успехи в области охраны материнства и детства в Казахстане // Педиатрия. 1972. № 12. С.28-32.
- Сисекенов М. «Дәрігер Мұхамеджан Қарабаев». «Қазақстан» баспасы. Алматы, 1972-75б.
- Қантарбаева Ж. «Аққағаз Досжанова» «Қазақстан» баспасы. Алматы, 1974-82б.
- Душманов С.Х. История здравоохранения Западного Казахстана. дисс... д.м.н., Москва, 1992. 695-стр.
- Мукантаев Е. История развития медицины Мангышлака. Алматы: Зерде, 1999. -184с.
- Абилбаев Т.Ш., Ордабекова С.О. Медицина Жамбылской области: Прошлое и настоящее. Алматы: Тамыр, 2004. 384с.
- Камалиев М.А., Бигалиевым Р.К. и Хабиевым Т.Х. История народной медицины и общественного здравоохранения Казахстана. Алматы, 2004. - 173с.

ДИСТАНЦИОННОЕ ОБУЧЕНИЕ – ТРЕБОВАНИЕ ВРЕМЕНИ

Хасанова А.Ж.

*магистр пед.наук, преподаватель Уральский гуманитарный колледж
(г.Уральск, Казахстан) E-mail: aida_zhanturina@mail.ru*

Локальная система дистанционного обучения функционирует в рамках определенного образования и отдельного города, в состав которого входят не только высшие учебные заведения, но и школы, гимназии и колледжи. На ранних этапах работы в рамках такой системы необходимо успешно реализовывать принципы непрерывного образования с рациональным использованием интеллектуального потенциала, компьютерной техники. В связи с этим школам и вузам необходимо использовать местную и региональную сеть, распространять творческие работы, обмениваться опытом по методике в процессе обучения.

В результате успешного использования обширных и локальных систем обучения можно получить свободный доступ к базовым и банковским данным, клиент – серверным, мультимедийным, компьютерным обучающим системам, электронным учебникам, учебно-методическим материалам, удобным окулярам, программам, совместимым с технологией системы дистанционного обучения, которые в дальнейшем станут пятью наиболее распространенными инструментальными и жизнеспособными формами обучения. [1, 41].

Все учебные заведения, предлагающие возможность дистанционного образования, отличаются друг от друга определенными свойствами. Их особенности различаются по содержанию и уровню образования, количеству и составу обучающихся, техническим и финансовым возможностям. Страны, в которых развита система дистанционного образования, также получили финансирование на уровне государства. Все вузы развивающихся стран мира работают над дистанционными образовательными технологиями. Например, в Соединенных Штатах с 1995 года 58% высших учебных заведений практиковали дистанционные технологии обучения, утверждая, что эта технология эффективна. В настоящее время в этой стране по этой технологии работают тысячи учебных заведений.

Роль преподавателя в реализации таких многогранных и сложных вопросов огромна. На него возлагается тяжелый и ответственный багаж задач: он разрабатывает структуру программы курса, адаптирует ее под систему дистанционного образования, отслеживает ход учебного процесса, дает рекомендации по выполнению самостоятельных контрольно-отрабочных работ при выполнении заданий. При этом, как показано в методах системы дистанционного обучения, проявляется настроение, психологическое общение. Преподаватель, работающий по дистанционному способу обучения, должен в совершенстве владеть новейшими технологиями обучения, компьютерными и сетевыми системами обучения и выполнять с ними делопроизводство.

К преподавателям дистанционного обучения и другим лицам, заинтересованным в этом деле, предъявляются несколько требований:

Преподаватель должен уметь грамотно работать с компьютером на высоком уровне.

Цели и задачи дистанционного обучения, его дальнейшее развитие на основе информационных технологий и средств коммуникации.

Должен в совершенстве владеть дистанционными технологиями обучения, уметь знакомить учащихся, работников сферы образования.

Преподаватель должен обладать практическими навыками работы с информационными средствами.

Формирование навыков использования телекоммуникационных средств обучения, а именно: обмена информацией между потребителями и использования ресурсов в информационных системах.

Уметь излагать в обобщенном виде методики модульных курсов определенного порядка, составляющих учебную программу, и организовывать проведение курсов.

Должна быть всесторонняя подготовка к проведению учебного процесса в рамках дистанционного обучения, координатор в процессе проведения занятий по системе дистанционного обучения.

Основной задачей преподавателя по дистанционной технологии является управление самостоятельной работой обучающегося, выполняемой следующим образом: рассмотрение возникающих вопросов; постановка целей и задач; передача знаний, опыта; организационная деятельность; организация взаимосвязи между обучающимися; контроль учебного процесса. Основу образовательного процесса при дистанционном обучении слушатели составляют самостоятельная работа в удобное время, в удобном месте, в эффективном темпе. [2, 53]. Поэтому слушатели должны владеть техникой и методикой самостоятельной работы, основами самостоятельного пополнения знаний на высоком уровне. Дистанционная форма обучения может осуществляться по трем основным технологиям:

- сетевые технологии (автономные сетевые курсы или виртуальные кафедры, университеты, использующие интернет);

- дистанционное обучение на основе кейс-технологий;

- Дистанционное обучение на основе ТВ-технологий.

А также уметь работать с новыми информационными технологиями для продуктивного обучения.

Таким образом, дистанционное обучение как одна из форм системы непрерывного образования, реализующая права человека на образование и получение информации, позволяет повышать знания, квалификацию специалистов, выполняя их основную функцию. Важным этапом в организации дистанционного обучения является виртуальное (Синхронное или асинхронное) взаимодействие. Синхронное взаимодействие предусматривает взаимодействие студента и преподавателя в режиме реального времени. Для этого могут использоваться чаты системы дистанционного обучения или видеоконференции. Асинхронное взаимодействие осуществляется при отсутствии у студента и преподавателя отношений в реальном времени, в этом случае контакты в дистанционном обучении организуются посредством переписки по электронной почте с помощью списков рассылки или телеконференций. Консультация преподавателя (синхронная или асинхронная) – обязательные условия выполнения дистанционного обучения.

Эффективной структурой развития информационных и телекоммуникационных технологий в системе образования являются образовательные порталы. Основная задача портала будет дополнена важными функциями, которые внесут свой вклад в развитие единой среды информатизации образования при поддержке высокотехнологичного учебного процесса. Образовательная и технологическая политика портала, а также его просветительская деятельность являются методом постепенного внедрения процесса информатизации в методическое и технологическое русло.

Структура педагогической технологии создания электронных учебников основана на закономерностях процесса обучения и состоит из четырех взаимосвязанных частей: мотивационно-целевой, содержательной, операционной и ценностно-результативной.

Мотивационная часть электронного учебника состоит из сборки модулей и мини-модулей. Модуль-совокупность системных и служебных знаний в предметных областях. Он является «служебным узлом» организации обучения посредством электронного учебника.

Содержательная часть электронного учебника реализуется через гипертекст. Это информационная учебная среда как набор данных. Она подбирается с точки зрения автора-создателя электронного учебника, отвечающего требованиям обязательного образовательного уровня. Гипертексты дополнены видеоматериалами по данной предметной области. Текст озвучен на казахском, русском и некоторых книгах на английском языке.

Операционная часть электронного учебника основана на выполнении заданий в интерактивном режиме. Реализация данного метода зависит, в основном, от уровня подготовки педагогической проблемы в методике обучения, а также от методики дистанционного обучения.

Основные задачи организации учебного процесса с применением дистанционных образовательных технологий:

- индивидуализация обучения;

- повышение эффективности (качества) обучения;

-предоставление образовательных услуг для лиц, для которых традиционная --форма обучения является неблагоприятной.

Список использованной литературы:

1. Дереча В. А. Психология зависимостей. Учебное пособие для вузов. – М.: Юрайт. 2019. 160 с.
2. Дружинин В. Н. Экспериментальная психология. Учебное пособие для бакалавриата, специалитета и магистратуры. – М.: Юрайт. 2019. 386 с.
3. Ермолаев-Томин О. Ю. Математические методы в психологии. Учебник для академического бакалавриата. В 2-х частях. Часть 1. – М.: Юрайт. 2019. 280 с.
4. Еромасова А. А. Общая психология. Методы активного обучения. Учебное пособие для вузов. – М.: Юрайт. 2019. 182 с.
5. Константинов В. В. Методологические основы психологии. Учебное пособие для академического бакалавриата. – М.: Юрайт. 2019. 200 с.

ӨРКЕНИЕТ ЗАМАНЫНДАҒЫ АБАЙ ФЕНОМЕНІ

Қабыкенова А.Т.

*Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ филология факультетінің 2-курс магистранты
(Нұр-Сұлтан, Қазақстан) E-mail: asiko-83@mail.ru*

Ғылыми жетекшісі: ф.ғ.д., профессор Үсен Айгүл Әбдімүтәліпқызы

Өркениет көші ілгері жылжыған сайын қоғамға рухани баюдың қаншалықты маңызды екендігі айқындала түсті. Уақыт жылдамдығымен ілесе келген даму мен жаһандану заманының жаңашылдығы техногенді қоғамды қалыптастырып саналы азаматтардың бойындағы қарапайым кешенді құндылықтардан айрылуына әкелуде. Әрине, қоғамда еріктілік, адамдарға деген мейірімділік сынды ұғымдар аясындағы іс-әрекеттер арагидік басылымдар беттерінде жарияланып тұрады. Десе де қоғам рухани кедейшілік деңгейіне түсуден сәл-ақ қалды. Дамыған және дамушы елдер немесе үшінші әлем елдерінің барлықтарындағы жағдай осы. Түркия басшысының баспасөз хатшысы Ибрахим Калынның 2017 жылы өз елінің іргелі басылымында жарық көрген кең көлемді мақаласында тіпті мұсылман әлемінің өзі ақыл-ой және рухани тұрғыдан құлдырауда [1] екендігін атап өткен. Жікшілдік пен ішкі бөлініс, араздықтардың кесірінен сүттей ұйыған араб елдерінің ішкі және сыртқы талан-таражға түсуі соның мысалы ретінде айқын көрсетілген.

Мұндай алып-төкпе кезеңдерде ұлтты ұйытатын ортақ бір ұғым немесе символ қажет. Тәжік ағайын үшін Исмоил Сомани, Қытай халқында Конфуций сол бір символ қызметін атқарып, өздерінің мән-мағыналы сөздері хәм әрекеттерімен ғасырлар бойы ұлтын қуаттандыруда, санасын таза ұстап, бүтіндігін сақтауға әсер етуде. Ал біздің иесі қазаққа, тіпті, жаңа қазақстандық қоғамға дәл бүгінгі күні Абай бейнесі ерекше қажет-ақ. Тіпті, Елбасының 2017 жылы «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» деген атпен жарық көріп, кейіннен «Рухани жаңғыру» бағдарламасына айналған сананы сілкіндірер ауқымды жобаның өзінде Ұлы ойшылдың XIX ғасырда толғап кеткен ойларының іздерін байқауға болатын-сынды. Себебі аталған бағдарламаның басты міндеті сананы жаңғырту, ұлтты ұйыту, азаматтардың жауапкершілігін арттырып, бірлікте күн кешуге ынталандыру. Одан бөлек, рухани тұрғыдан қайта жаңғыртып, елге, жерге, мәдениетіміз бен ұлтымызға деген махабаттын еселеп, білім мен ғылым, ақыл мен парасатқа негізделген ұлт құру болып табылады.

Шыңғыс тауының баурайында аға сұлтан Құнанбайдың шаңырағында дүниеге келген Ұлы ойшыл [2] көпті көрген көреген Зере әжесімен ақыл-парасат иесі Ұлжанның тәлім-тәрибесін көрді. Алғашында ауыл молдасынан кейіннен медреседе білімін шыңдаған Абай Құнанбайұлы ағартушылық жолға түсіп, сол кездегі қазақ қоғамының өмір-тіршілігі турасында бүкпесіз ойларымен бөлісті. Абайдың басты ерекшелігі оның қара сөздері мен қанатты ойлары тек сонау XIX немесе XX ғасыр шеңберінде болмауы. Оның әрбір орамды ойы әлі күнге дейін өзектілігін жоғалтпаған және ол осы күнгі өркениет дәуірінде аса маңызды құралға айналып отыр. XX ғасыр басында қазақ әліпбиін құрастырушы, ағартушы, ұстаз, ғалым, Алаш қайраткері Ахмет Байтұрсынұлы «Қазақ» газетінде «Қазақтың бас ақыны» [3] мақаласында қазақ даласында одан асқан біз білетін ақын жоқ деп жоғары баға берген. Бұл дегеніміз сол заманның өзінде Абай еңбегі бүтін бір ұлт тарихында айрықша орынға ие болған. Мысалға, «Өзің сен өзіңді алып шығар, Еңбегіңмен ақылың екі жақтап» [4;161] деген өлең жолдарындағы ойлары бұл күнгі қоғамды айқын суреттеген іспетті. Әсіресе, қазіргі кезеңдегі инфантильді азаматтардың көбейген уақытында біріншіден өз ақылың мен еңбегіңе сенуің қажеттігі қатты сезіледі. Себебі адал еңбек етіп, ақыл-білімі шыңдалған азаматтар ғана биік белестерді бағындыра алады. Бұл бүгінгі қоғамның қажеттілігі, сұранысы мен талабы және ол өзгермейтін

зандылық. Бір жарым ғасыр алдын бүгінгі күннің қажетіндегі орамды ойларды маржан сөздермен тізбектей алуы – Абайдың расында Ұлы ақын әрі ойшыл екендігін тағы бір мәрте айқындай түседі.

Өркениет заманы – жаңашылдық қана емес. Бұл дегеніміз қоғамдық трансформация, қоғамдық сілкініс және рухани революция. Технологияның дамуы, жаңа қызметтер мен жаңа салалық дамулар елдер мен ұлттар арасындағы шекаралар мен шектеулерді алып тастады. Жабық елдер сол қалпы даму көшіне ілесе алмай жатса, дамыған және дамушы елдер олардың ондай әрекеттерін тек сынаумен өтуде. Өркениет, жаһандану арагидік ұлттық, типтік ерекшеліктерді жойып, рухани, дәстүрлі артықшылықтарды еншелей жаншып келуде. Мұны да өз көлемінде қабылдаса, арты қоғамдық дерт, саналық эпидемияға ұласуы әбден мүмкін. Дегенмен, оның енді бір артықшылығы әлем елдері өздерінің рухани қазына байлықтарын да паш етуде және біздің де ұлттық құндылықтарымызбен етене танысуда. Ширек ғасырдан астам уақыт бұрын Абайды әлем тани бастап, бүгінгі күнге дейін таңданысын жоғалтқан емес. Бұл да Абай феноменінің артықшылығының бірі болса керек. Ақылды елдер рухани, ұлттық құлдыраудан сақтану үшін Абай сынды әлемдік деңгейдегі феномен тұлғаларды көпке сіңісті етіп, олардың өмір жолдары мен ұстанымдарын үлгі ету жолында тынбай еңбек етуде және ол орынды іс.

«Қалың елім, қаза ғым, қайран жұртым,

Ұстарасыз аузыңа түсті мұртың.

Жақсы менен жаманды айырмадың,

Бірі қан, бірі май боп енді екі ұртың.

Бет бергенде шырайың сондай жақсы,

Қайдан ғана бұзылды сартша сыртың?» [4;20] дейді енді бірде Ұлы ойшыл. Әуелгі бастауы сонау XIX ғасыр аяғы мен XX ғасыр басында жазылған осы өлең жолдарының өзі қазіргі өркениет заманындағы қазақ бейнесін суреттеген сияқты. Талдап көрелік. Теріс ағымдармен Батыстың ықпалында адасқан, елде іріткі салып, берекесін алған азаматтар жақсы мен жаманды айыра алды деп айта аламыз ба? Немесе азшылықтың аузы май болып, қалтасын еселегенде, жемқорлық пен паракорлық салдарынан қарындарын қампитқанда өзгелердің зардап шегулері ұртыңның бірі қан, бірі май екендігін дәлелдей түспей ме? Шырайы жақсы болғанымен, іші түтіндеген қоғамның бейнесі осы алты қатар жырдан үзінді ойда ашық көрініп тұрған іспетті.

Абай мұрасының алтын қазығы іспетті болған қара сөздері әлем жұртшылығын аузына қаратқан қазыналы байлық. Әр сөзінде саф алтындай терең ойлар жатқан зерделі еңбекте әр бір қара сөзі арқылы өткен дәуірдің ғана емес, осы күннің де бетпердесін айқара ашқандай күй кештіреді. Сегізінші қара сөзіндегі би мен болыстың, бай мен кедейдің еткен еңбегі мен істеген ісін сынаған жолдары [5;23] қазіргі өркениет заманындағы қоғам тынысын көрсеткендей. Іскер азамат ісін өрге сүйреп, байлығын еселеуді ойлап әлек. Шенділер шенін айрылмаудың жолын қарап, сайлаудан сайлауға дейін өмір сүреді. Ал қара халықтың күнделікті күйбең тіршіліктен қолы тимейді. Бір ғана мысал, Қазақстан халқы ТМД елдері арасында шағын микроқаржылық ұйымдардың қарыз алу бойынша I орында тұр. Бұл дегеніміз тамақ, тұрмыстық заттар қажеттілігін өтейтін кешенді заттар жинағы. Ал мұндай әрекетпен есі кетіп жүрген қаймана халықтың білімге уақыты қашан болмақ? Әрине, бәрі емес. Десе де ол бар және оның салдары да кезігіп жатады. Осы күнгі өркениет заманы капиталистік қоғам болғандықтан би мен болыс, бай мен кедейдің өзіндік рөліндегі артықшылығын немесе басымдығын сезінгісі келуі қазіргі кезеңге қалыпты болып көрінгенімен, руханият тұрғысынан құлдыраудың бір мысалы, салдары. Адам білім мен ғылымды ізгілік үшін емес, өзіндік мақсаты үшін жияды. Кәсіпкер қоғамнан алдын өзінің ісін ойлап, оның болар шегін қарайды, бәсекелестік алаңында жұтылып кеткісі келмейді. Билік өз орнын сақтап қалу үшін көптеген саяси технологияларды ойлап табады. Қоғамдық санаға манипуляция да, иммитация да жасауға бейімделеді. Ендеше, Абай айтқандай мұндай адамдар қашан ғылымға ермек? Білім жимақ?

Негізінде Абай адамдарға өмірді тек қара түсте көруге үгіттемейді. Абай әр сөзі арқылы адамдарға білім алып, ақыл жинауды, бір болып, бірлікте күн кешуді үгіттейді. Қоғам індетіне ашына қарап, оның ізгілік пен махаббатқа, білім мен еңбекке толыққанын қалайды және осы бір саладағы іргелі еңбектері қазіргі қоғам үшін «феномен» ретінде қабылдануда. Дамыған және дамушы елдер экономикалық және саяси тұрғыдан іргелін бекітіп, етектерін жиғалы бері екі құндылық турасында көп ойлана бастады. Бірі, табиғи ресурстар шекті және олардың орнын тек адам зияткерлігі ғана баса алады. Екіншісі, бүтін бір адамзат қоғамын тұрақтылықта сақтауда мәдени-рухани қазынаның молаюы аса маңызды аспект. Бір қызығы, осы екі бірдей дүниенің маңызы және оның іргелілету бойынша қарапайым нұсқаулық сынды бағыттаушы ойлар мен сөздер Ұлы Абайдың әр өлең сөзі мен зерделі ойларында тұнып тұр. Абай елімен бірге күрсінді, оның бар қайғысын тұла бойымен сезінді және толық қабылдай алған. Сондықтан да оның барлық айтар ойы өмір өрімдерінің тәжірибесінен

туындаған. Қоғам қайраткері, ғалым Мырзатай Жолдасбеков бір сөзінде «Абай – халқымыздың рухани көсемі» [6] деген болатын. Расында, Абай бұл сөзден де биікке өрлей алды. Оның өмірі, сөзі, ойлары мен талдамалары бүтін бір ұлттың бойтұмары атанар құндылыққа ие болды.

Абай – дәуірінен оза туған ойшыл, ғұлама, Ұлы ақын. Себебі бір жарым ғасыр алдын жазылған өткір ойлары арқылы қазіргі заманның мұн-мұқтажы мен бар болмысын бүкпесіз суреттей білген. Ендеше, жоғарыда айтылған барлық ойларды тізбектей келе, өркениет заманындағы Абай феномені қажет, құнды әрі маңызды деп топшалауға толық сенім бар.

Аннотация. Пришло время цивилизации осознать, насколько важно духовное обогащение в период непрерывного развития. В эпоху глобализации развитые, развивающиеся страны и страны третьего мира осознают, насколько это опасно. В этой связи каждой нации нужен новаторский подход, который потрясет сознание мирового сообщества. В этом контексте феномен Абая имеет большое значение.

Annotation. The time of civilization has come to realize how important spiritual enrichment is in the period of continuous development. In the era of globalization, developed, developing and third world countries themselves are realizing how dangerous this is. In this regard, every nation needs an innovative approach that will shake the consciousness of the world community. In this context, the Abay phenomenon is of great importance.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Ибрахим Калын. «Мұсылман әлемінің ақыл-ой және рухани құлдырауы». 2017 жыл. URL: <https://www.trt.net.tr/kazakh/bag-darlamalar/2017/04/30/mu-sylman-liemnin-ak-yl-oi-zh-nie-rukhani-k-u-ldyrauy-722388> //
2. Абай Құнанбайұлының өмірбаяны. URL: <https://abai.kz/page/view?id=1>
3. Айбын Шыңғыс. «Қазақтың бас ақыны» атты мақала жарияланған жыл ?» . 2014 жыл. URL: <https://massaget.kz/qaarc/qa/9827/>
4. Абай. Өлеңдер. // «Жазушы» баспасы, Алматы. 1976.
5. Абай. Қара сөз // Құнанбаев Абай – Алматы, 2011.
6. Мырзатай Жолдасбеков. «Абайша сүйіп, Абайша күйіп жүрміз бе?» // URL: <https://abai.kz/post/1192>. 2009

ХАЛЫҚТЫҚ ПЕДАГОГИКА НЕГІЗІНДЕ ОҚУШЫ ЖАСТАРДЫ РУХАНИ-АДАМГЕРШІЛІККЕ ТӘРБИЕЛЕУ ЖОЛДАРЫ

Смихан А.Е.

*Абай атындағы қазақ ұлттық педагогикалық университетінің PhD докторанты
(Алматы қ., Қазақстан) E-mail: alikeeva.aidana@mail.ru*

Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласында: ұлттық кодты сақтауда адамның бойындағы болатын жақсы мен жаманның ара-жігін ажырата алуды, келешекке нық сеніммен қарайтын қасиеттерді қалыптастыруды көздеген. Ұлттық сананы жаңғыртуда жат әдеттерден аулақ болуды, рухани ұлттық тәрбиенің тамырынан сусындауды, ұлттық сананың жетістіктері мен кемшіліктерін саралай отырып болашақтың жарқын боларына сенім білдірген еді. Халқымыздың ежелден келе жатқан тағылымы мол үлгі-өнегелері мен ұлттық салт-дәстүрлерін болашақта өркендеудің темір қазығы ретінде пайдалануды ұсынған еді (Назарбаев Н.Ә., 2017, 1 б.). Ұсынылған бағдарлама ұлтты, сананы өзгерту арқылы рухани жаңғыру идеясы адамзаттың дүниетанымдық көзқарасын жаңартуға ықпал ететін жаңа ұғым болуымен құнды. «Ұлтты, сананы жаңғыртудың» тетігі ретінде негізгі бірқатар бағыттарды атап көрсеткен. Сондай-ақ, сананы жаңғырту үшін, білімнің салтанат құруына баса назар аударған. «Білімді бәрінен биік қоятын ұлт қана табысқа жетеді» - деп болашақ ұрпаққа, білім беру ұйымдарындағы педагог мамандарға сенім білдірген еді. Бұл идеяларды жүзеге асыру барысында биология пәнінде оқушыларды халықтық тәрбиелеу арқылы оқытуда олардың бойында бәсекеге қабілеттілікті арттыруды және сананың ашықтығына ұмтылуды, ізгілік қасиеттерге баули аламыз. Осы қағидаларды басшылыққа ала отырып, біз ұрпағымыздың рухани-адамгершілік қасиеттерін халықтық педагогика негізінде тәрбиелей аламыз деп ойлаймын.

Мемлекет басшысының Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» атты Қазақстан халқына жолдауында: бүгінгі таңда алға қойып отырған негізгі ұстанымы–болашақ ұрпақтың тәрбиесіне баса назар аударуды және оның қоғамның дамуына өз үлесін қосатын азамат болуына, елін-жерін сүйетін, ақылды, парасатты ұрпақ тәрбиелеуге атсалысу қажет. Бүгінгі таңда қоғамдағы келеңсіз көріністер, қатыгездікке құрылған компьютерлік ойындар, әртүрлі жағымсыз мазмұндағы фильмдер, гаджеттер, жас ұрпақтың

санасын басқа ақпараттық ағымның жетегінде кетуге мәжбүрлеуде. Бұл мәселелер ұлтымыздың болашағын ойлайтын, санасы сергек, ойы орамды барша қауымды толғандыруда деп атап көрсетті (Тоқаев Қ-Ж., 2019: 1 б.).

Рухани-адамгершілік мәселесі кеше, бүгін қарастырылып жатқан мәселе емес, алайда қай кезеңде де өзектілігін жоймайды. Өйткені, қоғам дамуының әр кезінде құндылықтар тізбегі реттік көрсеткіштерін жағдайға байланысты өзгертіп отыр. Құндылық адам санасына, тәрбиесіне, сұранысына қарай әр адамда әртүрлі реттік тізбек орын алады. Құндылықтардың нақты реттік тізбегі жоқ және болуы да мүмкін емес. Жастардың бойына ізгі, руханиадамгершілік қасиеттерді сіңіру құндылықтарды насихаттау арқылы жүзеге асыруға болады. Мәдени ескерткіштер, шығармашылық негізінде тәрбиелеу болып табылады. Оның бір құралы ретінде ұлттық болмысымыздағы ерекшеліктерімізді, қазаққа тән қасиеттерімізді сақтауға мүмкіндік беретін кинотуындылардың мәні мен ықпалы зор. Тарихқа көз жүгіртсек, ержүрек бабаларымыздың жанкешті ерліктері мен бабалар даналығы, қазақ халқының қилы-қилы кезеңдері, өмір жолдары туралы халық педагогикасы арқылы оқушы жастарды рухани-адамгершілікке тәрбиелеуге болады.

Рухани-адамгершілік қасиеттерді дамыту үшін балалардың бойына кішкентай кезінен бастап ең маңызды адамдық сапаларды, жалпы адамзаттық құндылықтарды қалыптастыру қажет.

Абай-ұлттың атасы, рухани әкесі: «Адамзаттың бәрін сүй, бауырым деп және хак жолы осы деп әділетті»-деген асыл қасиетті қастерлеумен бұл дүниеден өтті. Осы қасиеті оны халқына қамқор, ұлтына жанашыр болуымен қатар, күллі адамзатқа мейірбан гуманистік өреге көтеріп, әлемдік сана деңгейіне жетеледі. Рухани бай адам ең алдымен ең әділ, мейірімді және қанағатшыл болады. Тұлғаның бай руханилық санасы-өмірдің мәнін сезінуге, өзінің өмірдегі орнын табуға, өз тағдырын халықтың тағдырымен ортақ деп түсінуге, жақын адамдардың алдындағы жауапкершілігін сезінуге, өзінің жеке басына тән азаматтық және адамгершілік парызын орындауға сара жол ашады.

Жас ұрпаққа рухани тәрбие, білім беру адам дамуының рухани үйлесімділігін, өмірдің құндылықтарын түсінуге, өзін қоршаған ортамен үйлесімдікте ұстай білуге, жердегі тіршілікті сақтау үшін өзінің қажеттігін түсінуді қамтамасыз етуге көмектесеміз.

Қазақтың тәрбие мектебі, халық педагогикасы – ата-бабамыздың өсиеттері, ғибраттары және халық мақал-мәтелдері, тыйым сөздері мен ұлттық салт-дәстүрлері, әдет-ғұрпы десек артық болмайды. Халықтық осы қағидалар шын мәнісінде жас ұрпақ түгілі, ересек адамдарға да үлкен әсерін тигізді, ұлттың сана-сезімін оятты, тәлімдік-тәрбиелік, танымдық мектебіне айналды. Педагог және философ ғалым Г.Н.Филоновтың анықтамасы бойынша: «Халық педагогикасы – жергілікті халықтың қабылдаған тәрбиелеу әдіс-тәсілдері. Бұлар ұрпақтан-ұрпаққа өмір барысында білім мен дағдылар арқылы жалғасып отырады. Халық педагогикасы қоғамдық тәжірибенің, мінез-құлық, жүріс-тұрыс ережелерінің, қоғамдық дәстүрлердің, белгілі идеологияның жалғасуын бағыттап отырады. Халық педагогикасы моральдық заңдар мен салттарда көрініс табады» (Айджанова З.Ж, 2010: 5 б.).

Рухани тәрбие адамның ізгілік ұстанымдарын тұлға бойына сіңіреді. Жеке тұлғаның ақыл-ойы мен іс-әрекеттерін жүрек арқылы ізгілік мұраттарға бағыттап, өмір даналығын түсінуге рухани көзқарас қалыптастырамыз. Жас ұрпақ бойына жалпыадамзаттық құндылықтарды \руханилық, адамгершілік, қабырмдылық және т б\ сіңіру-тәрбиенің басты мақсаттарының бірі.

Жоғары ізгілік мұраттардың ең құндысы-руханилық. Өзін-өзі жетілдіретін тұлға үнемі ізгілік ұстанымдарын өз бойында шыңдап жетілдіруге ұмтылады.

Жеке тұлғаның іс-әрекеті мен тұрмыс-тіршілігін сипаттайтын, өмірлік ұстанымының беріктігін анықтайтын, адамзатқа, қоғамға, идеологияға, саясатқа, имандылыққа, білімге, ғылымға, өнерге қатысты өзі терең түсініпқабылдаған және өзінің іс-әрекетін, тұрмыс-тіршілігін солардың негізінде құрған идеялардың жиынтығына сенім де тұлғаның дүниетанымын кеңейте түседі. Адамның көзқарасы оның ішкі сеніміне айналған жағдайда ғана оның дүниетанымы, қоршаған ортаға деген қатынасы қалыптасты деуге болады.

Тұлғаның меңгерген білімі оның өмірдегі атқаратын барлық істеріне, қоғамда, отбасында өзін ұстауға ұмтылдыратын түрткі дәрежесіне дейін көтеріледі. Ерік-жігері, сенімі қалыптасқан жағдайда сол армандарына жету жолында әрекеттер жасайды. Осы әрекеттердің барысында өзінің мақсат еткен идеалына байланысты адамда құндылықтар дүниесі қалыптасады.

Құндылықтар дүниесі-жеке тұлғаның дүниетанымына негізделген іс-әрекет пен тұрмыс-тіршілігін сипаттайтын, өмірлік ұстанымының беріктігін анықтайтын, адамзатқа, қоғамға, идеологияға, саясатқа, имандылыққа, білімге, ғылымға, өнерге қатысты, өзі терең түсініп қабылдаған, ішкі және сыртқы әсерлерге байланысты адам бойында қалыптасқан, биік мақсат көздеген ізгі қасиеттердің өмір сүру барысындағы көрінісі деп тұжырымдауға болады.

Қаншама заман өтсе де, маңызын жоймаған халықтық педагогиканы тәлім-тәрбенің түп қазынасына айналдыру–ата-ананың да, мектеп ұйымының, мұғалімдердің де басты борышы.

Қоғамның барлық тарихи даму кезеңдерінде халық педагогикасы жайлы ұғымды анықтау, әр түрлі ғылыми-педагогикалық көзқарастарды қалыптастыру проблемаларына көптеген ғалымдар, педагогтар көңіл аударды, құнды пікірлер айтты, өмірлік мұра қалдырды.

Әр халық өзінің жас ұрпағы қайырымды, адал, үлкенді құрметтейтін әділ, ержүрек, ізгі ниетті, ар-ожданы мол болып өссін деп армандайды, бұл мәселені өзінің тұрмыс салтына байланысты шешіп отырады. Ол үшін ғасырлар бойы қолданып, сұрыпталып, өмір тәжірибесін сыннан өткен салт-дәстүрлерді, педагогикалық әдіс-тәсілді пайдаланып келеді.

Халықтық педагогика дәуірдің небір қатал сыннан өтіп, жаңарып, жаңғырып, шым болаттай тіршілік тынысы және салт-дәстүрлері мен біте қайнасып, бірге жасасып келе жатқан қазына.

Қазақ халқы ауыз әдебиетінің бай мұрасына баланың дамуына, жалпы тәлім-тәрбиеге ықпал жасайтын мол мүмкіндіктер бар. Бұл бай мұраны мұғалім баланың жас ерекшеліктеріне сай, ертегі, мақал-мәтелдер, шешендік сөздер, аңыз – әңгімелер және алуан түрлі салт-дәстүрлерді педагогикалық тұрғыдан іріктей алуы керек. Балаға ұлттық тәлім-тәрбиені дер кезінде беру, меңгерту – ұстаздың басты міндет.

Қазақ қоғамының өмір сүру салтында рухани құндылықтарды жоғары бағалау, өскелең ұрпақты соған баулу дәстүрге айналған. Белгілі философ Н.Бердяев: «Рух-сүйіспеншілікте, қайырымдылықта, жанашырлықта, әділеттілікте, шығармашылықта, еркіндікте, борышта т.б көрініс табады» деген.

Еліміздің егемендігін алып, әлеуметтік өмірдегі салауаттандыру мақсатындағы жұмыстың бір қыры ұлтымыздың ғасырлар бойы кәдесіне жарап келген тәлім-тәрбие мазмұнын, қазіргі жастарды оқыту мен тәрбиелеуде пайдалана білу қажеттігін анықтайды.

Тәрбиелеу мен оқыту процесінде халықтық тәрбиенің алатын орны ерекше. Халықтық тәрбиетұлғаның тілін құрметтеуге, дінін қастерлеуге, ділін қалыптастыруға, әдет-ғұрып, салт-дәстүрге бейімдеуге, ұлттық, құндылық қасиеттерін үйренуге, бүгінгі күн талабындағы жетістіктерді нақты жағдайда пайдалануға үйрететін теориялық сипаттағы ғылым.

Халықтық тәрбиені салт-дәстүр, әдет-ғұрыпты дәріптеп оқыту арқылы білім алушының бойына күнделікті өмір тұрғысындағы тәрбие нақыштарының сан белесінен хабардар етеміз. Сол дәстүр нақыштарымен, әдет-ғұрыптардың бүгінгі таңдағы рөлін айқындай отырып, жастардың халық үрдістеріне деген сүйіспеншілігін оятуды мақсат етуді негіздейміз. Жалпы, салт-дәстүр, әдет-ғұрып адам психологиясымен етене байланысып, замана жаңаруына сай өзгеріп отыратын құбылыс.

Ұлттық салт-дәстүрлер адамның дүниетану көзқарасын қалыптастырады. Тұлғаның ұлттық ерекшеліктерін айқындайтын қасиетінің- діл. Діл дегеніміз-тұлғаның ұлттық ерекшелігі, мінез-құлық сипаты, мәдениеті, қоршаған ортасын айқын тануы, ортаға сай келбеті, мінез-құлық ерекшелігі. Ұлттық ділді дәріптеп оқыту барысында өз ұрпағымызға және кез-келген өзге біздің елде мекендейтін ұлттардың сүйіспеншілігін қалыптастырарымыз анық. Бала әрқашанда ата-анадан жүрек жылуын, мейірімділікті қажет етеді, ол ата-ананы өмірдің тірегі санайды, бала үшін ата-ана игілік жасаушы, үлгі-өнеге көрсетуші және ақыл-кеңес айтушы болып табылады.

Ата-ана өз баласын өнегелі сөзбен, жеке басының үлгісімен тәрбиелейді. Қазақ отбасында тәрбие басы, біріншіден, әдептілікке үйретуді көздеген, әке-шеше баласына «әдепті бол» дегенді басты міндет етіп қойған.

Екіншіден, олар баланы қайырымды, иман жүзді, мейірімді болуға тәрбиелеген.

Үшіншіден, тіл алғыш, елгезек болуға баулыған.

Төртіншіден, адал, шыншыл болуға үйреткен.

Бесіншіден, өнегелі ұстаз бен көпті көрген қарияның сөзін тыңдап, ақпа құлақ болмай, құйма құлақ бол, дегенді, бойларына біртіндеп сіңіре берген.

Алтыншыдан, үлкенді, ата-ананы сипап құрметтеуге үйретуді ең басты міндет етіп қойған.

Жетіншіден, кісі айыбын бетіне баспай, біреуге орынсыз тіл тигізбейтін әдепті азамат бол, әсіресе қаріп кісілердің табиғи кемдігін мұрны пұшық, көзі қисық т.б. бетіне баспа деп үйреткен.

Сегізіншіден, ел қорғаған батыр бол, халық алдында қызмет ет, бар өнеріңді соған жұмса дегенді ерінбей, жалықпай айтып қоймай, жеке өнегелер арқылы көрсетіп отырған.

Адамгершілік - адамның рухани арқауы. Ал моральдық жағынан кіршіксіз таза болу дегеніміз - адамгершіліктің асқар шыңы. Адам баласы қоғамда өзінің жақсы адамгершілік қасиеттерімен, қайырымдылығымен, адалдығымен, әділеттілігімен ардақталады. Моральдық қасиеттер адамдардың қимыл-әрекеттерінен, қарым-қатынасынан шығады. Жақсылық пен жамандық, зұлымдық пен махаббат, әділсіздік пен әділетсіздік, борыш пен намыс, ар мен ождан адамның іс-әрекеті арқылы

өлшенеді. Ал бұлар жеке және қоғамдық сипатта болады. Қоғамдық іс-әрекет, қимыл адам баласының дамуында прогресшіл рөл атқарады, материалдық және рухани байлықтың көзін ашады, қоғамды ілгері дамытушы күшке айналдырады. Ал жеке сипаттағы іс-әрекет қоғамдық мазмұннан қол үзуге, оған шеттелуге тиіс емес. Адамгершілік қасиеттің өзекті мәселесі - қайырымдылық, достық. Халық ұғымында жақсылық пен жамандық, достық пен қастық адамгершілік қасиеттің екі түрлі белгісі ретінде егіздің сыңарындай қатар салыстыра суреттелген. Елге қайырымды, бойындағы бар қасиетін халыққа жақсылық жасауға арнаған адамды «Ел қамын жеген — ер» деп дәріптеген. «Жақсының жаттығы жоқ», «Жақсы ай мен күндей, әлемге бірдей», «Жақсы туса - елдің ырысы, Жаңбыр жауса - жердің ырысы», «Жақсы келді дегенше жарық келді десеңші. Жақсылықтың уытын ала келді десеңші» деген мақал-мәтелдер жақсы адамның көпшіл, халық қамын ойлайтын абзал азамат екенін дәлелдейді (Қалиев С., 1987: 15 б.).

Рухани-адамгершілік мәселесі кеше, бүгін қарастырылып жатқан мәселе емес, алайда қай кезеңде де өзектілігін жоймайды. Өйткені, қоғам дамуының әр кезінде құндылықтар тізбегі реттік көрсеткіштерін жағдайға байланысты өзгертіп отыр. Құндылық адам санасына, тәрбиесіне, сұранысына қарай әр адамда әртүрлі реттік тізбек орын алады. Құндылықтардың нақты реттік тізбегі жоқ және болуы да мүмкін емес. Оқушы жастардың бойына ізгі, рухани адамгершілік қасиеттерді сіңіру құндылықтарды насихаттау арқылы жүзеге асыруға болады. Оны ұлттық тәрбие негізінде іске асыруға болады деп санаймын. Оның бір құралы ретінде ұлттық болмысымыздағы ерекшеліктерімізді, қазаққа тән қасиеттерімізді сақтауға мүмкіндік беретін ұлттық тәрбиенің мәні мен ықпалы зор.

Рухани-адамгершілік деген ұғымды бір сөзбен имандылық деп айтуымызға негіз бар, өйткені имандылық ұғымының мазмұнына адамның жан дүниесіне қатысты және адамгершілік, ізгілік қасиеттердің барлығы дерлік енеді. Иmandылықты көпшілік жағдайда зерттеуші ғалымдар дін тұрғысынан қарастырады, өйткені оның негізі иман, ол сенім дегенді білдіреді, деп тұжырымдайды. Алайда, бұл тұрғыда арнайы зерттеу жұмысын жазу барысында біз имандылық ұғымының діни және ғылыми сипаты бар екеніне тоқталдық. Сенім діни тұрғыдан Аллаға сенім білдіру болса, ғылыми тұрғыдан ғылымның жетістіктеріне, ғылыми болжамдарға және адамдардың бір-біріне, болашаққа, еліне т.б. сенімін білдіреді. Өзіміз көріп отырғандай, ұғымға бір жақты қарауға болмайды. Олай болса, рухани-адамгершілікке тәрбиелеу, имандылыққа тәрбиелеумен сәйкес. Біздің қарастырып отырған мәселеміз, биология пәні арқылы рухани-адамгершілікке тәрбиелеу, мұнда ұлттық тәрбие оның құралы ретінде алынып отыр. Кез келген тәрбиенің өзіндік әдістері мен құралдары болады, көпшілік жағдайда осы әдістер мен құралдардың дұрыс таңдалмауына байланысты бала тәрбиесінде қателіктер жіберіп аламыз.

«Рухани-адамгершілік білім беру – бұл білім мазмұнына оқушылардың жоғары рухани болмысын ашуға және толық адам болып қалып тасуына ықпал ететін жалпы адамзаттық құндылықтарды енгізу арқылы оларды белсенді оқу-танымдық әрекетке ынталандыруды және оны ұйымдастыруды, сол сияқты ойы, сөзі және ісі бір жерден шығатын кемел мінезді адам тәрбиелеуді мақсат ететін педагогикалық үдеріс» деп айтылғандай пәннің стандартында ізгілікті тұлға тәрбиесі жан-жақты ашып көрсетіледі (Малене Грам., 2004, 319 б.).

Тәрбиенің негізгі қағидаларының (принциптері) болуы заңды құбылыс. Халық педагогикасының негізгі қағидаларын арнайы сөз етсек, олар мыналар демекпіз:

1. Келер ұрпақтың ақылды, намысқор, арлы, өміршең азамат болуын тілеу. Жас нәрестенің дүниеге келуі ата-ана, ағайын-туыс, қауым-көпшілікке зор қуаныш әкелумен бірге, борыш та жүктей келеді. Дәлірек айтсақ ұрпақты тәрбиелейтін халық мектебінің есігі сәбидің алғаш дүниеге келген күнінен бастап айқара ашылады. Ол белгілі мақсат-тілекпен байланысты туындайды. Отбасы үлкендерінің бәрі жаңа туған жас баланы Отанның, елдің асыл азаматы болуын аңсап-армандады. Өнегелі үлкендерге ұқсасын деп дарынды, өнерлі, ақылды ақсақалдарға баланың аузына түкіртіп, азан шақыртып, атын қойғызады. «Ақылын, жасын берсін» деп жаңа туған нәрестені қарияның шапанының етегіне орайды. Ұрпағы өскен қадірлі анаға кіндігін кестіреді, бесікке салдырады, қырқынан шығару ырымдарын жасатады, тұсауын кескізеді, үлкендерден бата алғызады. Халықтың балаға арналған ырым, бата-тілектерінде келешектен күткен үлкен үміт, аңсау арман бар. Тәрбиенің алғашқы қағидасы ата-ананың аңсау арманымен, баладан күтер үмітімен үндесіп жатыр.

2. Баланы жастайынан еңбек сүйгіш, елгезек азамат етіп тәрбиелеу. Ол бесік жырлары мен тұсау кесу – жырларынан, бата, тілек, терме өлеңдерден өзекті орын алған. Еңбек қағидаларын жастардың бойына сіңіру отбасындағы еңбектің қарапайым түрлерінен басталып, қоғамдық маңызды істермен ұштасқан. Ұл баланы қозы, лақ қайтаруға, отын-су әзірлеуге, мал өнімдерінен тұрмысқа қажетті құрал-жабдық (қамшы, шідер, жүген өру, тері илеу, қару-жарақ, т.б.) жасауға әзірлеу, қора

салу, киіз үйдің ағашын істеу, ұсталық, зергерлік өнерге үйрету, т.б. көзделсе, ал қыз балаларды ыдыс-аяқ жуу, үй сыпыру, шай қою, төсек жинау, кесте, өрмек тоқу, ас пісіру, бала күту, қонақ күтуге, т.б. үйреткен.

3. Халық педагогикасында “Бірінші байлық – денсаулық” деген ұғым өзекті орын алған. “Дені саудың жаны сау”, “Ас адамның арқауы”. «Ауру астан» деп рухани, материалдық байлықтың негізін жекебастың, яғни тәннің саулығына байланысты қарастырған. Баланы туған күннен бастап тұзды сумен шомылдыруды ойластырған, маймен сылау, дене күтіміне ерекше мән беріп шынықтыру, мерзімінде жақсы тамақтандыру мен ұйықтатудың бәрі тән саулығы үшін жасалған әрекеттер.

4. Халық педагогикасында адамгершілік қасиеттерді баланың бойына дарыту, ізгілікке, имандылыққа, адалдықта тәрбиелеу, ар-ожданды қастерлеу басты қағида болып есептелген. “Жаным – арымның садағасы” деп арды адамгершілік қасиеттің үлгісі санаған.

5. Гуманизм мен патриотизм – халықтық тәрбиенің басты қағидаларының бірі. «Отан отбасынан басталады» деп ұққан атабабымыз отбасының, ананың, рудың, отанның намысын қорғауды, қарттарға, ауру, кемтарларға көмектесуді, басқа ұлт өкілдерін сыйлауды отбасы тәрбиесінің өзекті принципі деп бағалаған. “Атаның баласы болма, адамның баласы бол”, “Жақсы – көпке ортақ”, “Ел үшін еңбек ет, халқын сүйген қор болмайды” деген өсиет тәрбиеден өзекті орын алған.

6. Елді, жерді қорғайтын, еңбек ете алатын азамат болу үшін дене шынықтыру қажет. Халық педагогикасында “Шынықсаң шымыр боласың” деп ой қорытқан ата-бабамыз ұлттық ойынға жаттықтырып үйрету (аударыспақ, күрес, теңге алу, қыз қуу, т.б.) арқылы дене тәрбиесіне көңіл бөлген.

7. Тіршіліктің тұтқасы, өмірдің шамшырағы өнер мен білім деп түсінген халқымыз жастарға «Өнерлі өлмейді», «Білегі жуан бірді жығады, білімі жуан мыңды жығады», «Білім – таусылмас кен, өнер – өлмес мұра» дегенді насихаттап ертегі, өлең-жыр, мақал-мәтел, аңыз әңгімелер ұсынған.

8. Адам өмірі мәңгі табиғат құшағында өтетін болғандықтан, ата-бабамыз өз ұрпағын ағаш бесіктен жер бесікке жеткенше табиғи ортаны аялауға, әсемдікке тәрбиелеп келген. Ол туралы әлденеше жұмбақ, жыр, ертегі, аңыздар шығарған. Мұның бәрі сайып келгенде «сегіз қырлы, бір сырлы» еңбексүйгіш, арлы азамат тәрбиелеуден туған халықтық қағидаға негізделген. «Сегіз қырлы, бір сырлы» азамат тәрбиелеудің ұстанымдары барлық халықта бар ортақ талап. Мысалы. Орыстар ондай адамды “кішкене болса да өнегелі, ақылды”, “ақылды да сүйкімді”, “қайырымды жігіт” деп санаса, таулықтар “нағыз жігіт” деп атайды. Ал чукчалар “адал өмір сүретін азамат” дейді. Ол теңізде – жүзгіш, соғыста – батыр, ғылымда – терең ойлы, билікте – әділ, еңбекте – шебер, өмірде – бірлікшіл, сөзде – шешен, атыста – мерген, шет жерде – отаншыл, бауырмал деген қасиеттер бойында бар азаматтар. Өзбектер қайырымды, ізгі жүректі адамды «иманжүзді, құдайы бар азамат» дейді. Ал қазақта сегіз қырлы азамат дегенді еңбексүйгіш, бауырмал, батыр, өнерлі, өнегелі, шыншыл, әділ, адал болу деп түсінеді (Кукушин В.С., 2014: 32 б.).

Қорытындылай келе, халықтық тәрбие - тәрбиенің қайнар көзі, оны әр мұғалім өз сабақтарында негізге ала отырып, тәуелсіз еліміздің жас ұрпағын жаңа қоғамға лайықты етіп тәрбиелесе, оның дүниетанымын, көзқарасын, ақыл-ойын қалыптастырып, бар күш-жігерін туған жері мен елі үшін жұмсауға үйретіп, туған тілін, мәдениетін, салт-дәстүрі мен дінін қадірлеуге баулыса, соның арқасында ұрпағымыздың рухани-адамгершілігіде биік болатынына кәміл сенемін.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

Назарбаев Н.Ә. Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру / Н.Ә.Назарбаев. – Астана, 2017 ж.

Тоқаев Қ-Ж. Қазақстан халқына жолдауы «Сындарлы қоғамдық диалог – қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі атты». - Астана, 2 қыркүйек 2019. <https://www.akorda.kz/>

Айджанова З.Ж. Этнопедагогика: оқу құралы (қазақ тілінде). – Ақтау: Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті, 2010. – 91 бет.

Қалиев С. Халық педагогикасының ауыз әдебиетіндегі көрінісі. – Алматы: «Мектеп», 1987.

Малене Грам. Болашақ әлем чемпиондары. Қазіргі заманғы еуропалық жарнамаларда ұсынылған тәрбие идеялары. 11 том. №3./ Малене Грам. – Лондон, 2004. – 337 б.

Кукушин В.С., Қалиев С. Этнопедагогика: Оқулық/ В. С. Кукушин, С. Қалиев. – Алматы: РПБК “Дәуір” 2014. – 336 б.

ҚАРАҚАМЫС ЖӘРМЕҢКЕСІНІҢ ТАРИХЫНАН

Куртеков Ербол

*7M01601-«Тарих» мамандығының 2 курс магистранты
Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті
(Ақтөбе қ., Қазақстан) E-mail: aben_60@mail.ru*

1868 жылы қабылданған «Орал, Торғай, Ақмола және Семей облыстарын басқару туралы уақытша Ереже» нәтижесінде 1868-жылы тұңғыш рет Орал облысы құрылды. Орал облысының қарамағында: Орал, Гурьев, Калмыков, Эмба (Жем) уездері болды.

1881 жылы Орал облысының Эмба (Жем), Калмыков уездерінің орнына Темір және Ілбішін уездері құрылды.

Темір уезі Орал облысының оңтүстік-шығыс бөлігінде орналасып, оның құрамында 17 болыс: Қазыбек, Қарағанды, Қиыл-Ойыл, Қайыңды, Ойыл, Құмды-Ойыл, Қалмақ қырған, Ембі (Жем) - Темір, Ембі (Жем), Темір-Орқаш, Жетікөл, Жиделі-Сағыз, Оймауыт-Желтау, Доңызтау-Аққолқын, Қошқарата, Сам-Матай, Ұлысам болды.

1870 жылы Темір уезінде 47,9 мың адам болса, 1897-жылы халық саны 95,0 мыңға жетті. 1897-жылы уезде 51 дворян, 10 діни қызметкерлер, 14 көпес, 239 мешан, 608 шаруа, 72 әскери казактар, 94071 жергілікті халық қазақтар, 6 басқа ұлт өкілдері, барлығы 95071 адам өмір сүрді. Осы жылғы санақ деректері бойынша Темір қаласында 40 дворян, 10 діни қызметкерлер, 14 көпес, 177 мешан, 162 шаруа, 53 казак, 160 жергілікті халық (казактар), барлығы 616 адам болды. Бұл кезеңде Темір уезіндегі қазақ халқының үлес салмағы 90,5 процент еді. М.Мұқанов деректері бойынша осы кезде Темір уезінің территориясын Кіші жүз қазақтарының: Әлімұлы (қаракесек, кете, шекті рулары), Байұлы (масқар, таз, шеркеш, алаша, ысық, рулары), Жетіру (кердері руы) тайпалары мекендеді. Ойыл өзенінің бас жағын шекті, кете және кердері рулары иеленді. Шектілер мұнымен қатар Ембі, Темір өзендерінің бойларын, Мұғаджар таулары мен басқа да жерлерді жайлады. Қаракесек руы шектілердің оңтүстігін ала Ащыкөл, Жиделі өзендерінің бойын қоныс етті. Сағыздың бас жағына кете руы орналасты. Алаша, шеркеш рулары Ойыл өзенінің оң жағалауында, дала көлдерінің айналасында көшіп қонып жүрді (Седельников, 1991:72).

Темір уезінде 1903 жылы қоныстанушылар үшін жер дайындау жұмыстары аяқталды. 1906-1910 жылдар арасында Темір уезінің территориясында 70 қоныстандыру участкелері құрылды. 1906-жылы 3 участка, 1907-жылы 13 участка, 1908 жылы 10 участка, 1909 жылы 11 участка, 1909-жылы 33 участка құрылды. Темір уезінің жаңа қоныстандыру ауданында таза 13 орыс болысы құрылды.

Крестьяндардың Орал облысына жаппай қоныс аударуы 1884-1891 жылдар арасында жүргізілді. Осы мерзім ішінде Ресейдің орталық губернияларынан 2299 отбасы көшіп келді. Бұдан 703 отбасы Темір уезіне, 237 отбасы Ойыл бекінісіне қоныстандырылды (История Западного Казахстана в трудах русских исследователей, 2006:131).

1906-1910 жылдар арасында Орал облысына 47018 адам көшіп келсе, солардың ішінде Темір уезіне 8336 адам қоныс аударды. Сөйтіп қазақ өз жерінен айрылды. Орал-Торғай қоныстандыру басқармасының бастығы Глинка өзінің Ресей мемлекеттік Думасында сөйлеген сөзінде осы басқыншылықты заңды құбылыс ретінде былайша түсіндіріп: «біріншіден, қырғыздардың жерге ешқандай жеке меншік құқы жоқ. Бұл жер мемлекеттікі болып есептелініп, олардың уақытша қоғамдық пайдалануына ғана берілген. Мысалы, 25 шаруаны орналастыру үшін бір ғана қырғыз қыстауының орны жеткілікті. Сондықтан, қырғыз жері біздің тарапымыздан тоналуда деген әңгімемен келісе алмаймын» деп өз ісін өзі заңды етіп көрсеткен болатын.

Уезд орталығы Темір қаласы жыл өткен сайын өсіп, қалада жаңа әлеуметтік орындар пайда бола бастады. 1870-жылы орыс православие шіркеуі салынып, 1905 жылы мұсылман мешіті бой көтерді. Қалада 1 кластық орыс-қазақ училище, кітапхана, почта жұмыс жасай бастады. 1907-жылы Темір тәжірибе станциясы ашылып, қалада тұрақты және жәрмеңке саудасы дамыды. 1908 жылғы мәліметтер бойынша Темір уезінің 13392 шаруашылығының 10434 шаруашылығы (77,91 проценті) егіншілікпен айналысты, олардың 39336 десятина жері болды, бұл сол кезде уезд көлемінде егіншіліктің кең көлемде қанат жайғанын көрсетеді (Құрманбеков, 2007:31).

Қазақтардың шұрайлы жайылым мен егіске жарамды жерлерінен қалай айрылғанын Қ.Жұбанов «Қазақ» газетінде «Темір уезінен» деген тақырыппен берілген мақаласында тайға таңба басқандай деректермен айқын көрсетіп бере білген. Қ. Жұбанов Орал облысының Темір уезіндегі орыс отаршылығы туралы былай деп баяндайды: «1909-1910 жылдарда біздің Темір уезінің Темір, Орқаш болысының 8 ауылына 2 участка мұжық орнады, жер кескенде екі ауылнайдың ортасында болған

Қаракөл деген үлкен көл қазақ жерінде қалады. Мұжықтар қаласын көлдің жағасына салып, келген жылы-ақ шөмелелеп қойған қазақтардың шөбін тасып ала бастайды. Бермеймін дейтін қазақта әл жоқ. Ақыр аяғында қызығып, «қазан түбінде шеміршек қалды», - деп қазаққа қимай, арыз беріп өзіне қаратады. Қаракөлдің бір десятинасына басқа жерден төрт десятина жер бермек болып, маңайынан бір қатар жер қосып, 877 десятина жерді кестіріп алады. 1912 жылы күзді күні производитель работы келіп, жерді белгілеп, бір жетіден соң землемер 877 десятина жерді қазаққа өлшеп береді. Қаракөлдей төрт есе жер беремін дегені қайда десе, білмеймін дейді. Сорлы қазақ «көкіректе сайрап тұр, тілді құдай байлап тұр» дегендей, тіліне түсініп, ойына келгенін айта да салмай, көзі жасаурап қала берді».

1907 жылы Мемлекеттік Думаның депутаты Т.Седельниковтың «Борьба за землю в Киргизской степи» атты кітабы Петербургте басылып шықты. Осы кітапта Темір уезінің қазақтарының өз жерінен айрылып, өз елінде кіріптарлыққа ұшырағанын өте дәл баяндайды: «1869 жылы әскери бекініс ретінде салынған Ақтөбе бекінісі, 1887 жылы қала статусын алды. Қала аумағын кеңейту үшін 64 үй (шаңырақ) ақсүйек-сұлтандарының жері тартып алынып, оның орнына Ойсылқара болысына приговор жасаттырып, Шиелі деген жер беріледі. 1893 жылы кәп дау-дамайдан соң осы жерге қоныстанған

№ 6 - сұлтандар ауылы өздеріне тиесілі жердің бір бөлігін, яғни 500 десятина жерді молокондарға жалға береді. Жерді жалға алған молокондар Ырғыз және Темір уездерінің қазақтарының Шиелінің батыс жағындағы жайлауларына баратын жолдарын жауып тастаған. Сөйтіп Темір уезінің Жем-Темір болысы қазақтарының жағдайы өте нашарлап, қиындыққа ұшыраған. Олар бұрын малдарын жайлап жүрген Мұғаджар тауының кең аңғарлары мен сай-салалары орманы саяжай есебінде қазынаның қарамағына өтіп кетті» (Седельников, 1991:73).

Осылайша Темір уезінде де Т. Седельников атап көрсеткендей: «...даланы орыс үкіметінің отарлауы ХҮШ - ғасырдың ортасында басталып, үздіксіз түрде, ХІХ-ғасырдың соңғы ширегіне дейін жалғасты, сөйтіп, бірте-бірте қырғыздардың ондаған миллион десятина ең шұрайлы жерлері тартып алынды».

Орыс үкіметінің осындай озбырлығын өз кезінде В.И.Ленин де мойындап: «Қоныс аудару мәселесі» деген мақаласында: «Қоныстандыру қоры жергілікті халықтардың жер жөніндегі праволарын өрескел бұзу жолымен жасалды, ол Россиядан қоныс аудару «шет аймақтарды орыстандыру» жөніндегі бәз-баяғы ұлтшылдық принципті дәріптеу үшін жасалды» деп дәл атап көрсеткен болатын.

Орал облысының генерал-губернаторының 1873 жылы 12 желтоқсанда қабылдаған шешімі бойынша Темір қаласында Қарақамыс жәрмеңкесі әр жылы 15 мамыр мен 15 маусым аралығында өткізіліп, оған Торғай, Ырғыз, Маңғыстау уездерінен, Қазалы, Хиуа және Бұқарадан саудагерлер саудагерлер және мал баққан көшпенді қазақ жұртшылығы қатынасты. Қазақтар Қарақамыс жәрмеңкесіне мал өткізіп, өздеріне қажетті тұрмыстық заттарын сатып, айырбастап алған.

Қарақамыс жәрмеңке аталғанға дейін осы жерде жергілікті қазақтар өздеріне қажетті тұрмыстық бұйымдар сатып алатын шағын базар жұмыс жасады. Қарақамыс жәрмеңкесі ашылған кезде қала сыртындағы базар алаңында киіз үйлер тігіліп, осы үйлер дүкен және товар сақтайтын қойма үшін пайдаланылды.

1879 жылы Темір уезінің орталығы Қарақамысқа көшірілді. Осы кезден бастап Темір уезінде сауда қатынастары ерекше қарқынмен дами бастады.

1879-1895 жылдар арасында Темір (Қарақамыс) жәрмеңкесінің товар айналымы 10 есе өскен. 1895 жылы Қарақамыс жәрмеңкесіне 284 саудагерлер қатынасқан. Осы саудагерлердің ұлттық құрамы мынадай: 52 - орыс, 157 - татар, 51 - қазақ, 24 - хиуалықтар т.б. (История Западного Казахстана в трудах русских исследователей, 2006:132).

Орыстар жәрмеңкеге Орск, Орынбор және Орал қалаларынан, татарлар - Қазан, Орынбор, Орск қалаларынан келген. Темір жәрмеңкесінде қалыптасқан ереже бойынша әрбір саудагер сатуға әкелген мал үшін салық төлемдерін төлеуге тиіс болды. Темір жәрмеңке комитеті сатылатын малға мынадай салық мөлшерін бекітті: әр қойдан - 1 тиын, сиырдан - 2 тиын, жылқыдан - 5 тиын, түйеден - 10 тиын.

Сонымен бірге жәрмеңкедегі сауда алаңынан берілген сауда орыны үшін саудагерлер 1 шаршы метр жерге 50 тиын төледі. Салық төлеген әрбір саудагер - көпес арнаулы есеп журналына қол қойып, оған салық төлегендігі туралы арнаулы квитанция (түбіртек) берілді.

Жәрмеңкеге айдап әкелінген мал басы қатаң түрде саналып, сатқан малының санын жасырған саудагерге айыппұл (штраф) салынды. Бұл айыппұлдың мөлшері тиісті салықтан 2 есе көп болды.

Темір жәрмеңкесінде саудагерлерден жиналған ақша жәрмеңке алаңында құрылыстар салу, дүкендер мен жәрмеңке ауласын жөндеу жұмыстарына жұмсалды. Артық қалған ақша қала қазынасына тапсырылып, ол қаражат қаланы көркейту ісіне жаратылды.

XIX- ғасырдың орта тұсында Қазақстанда Ресей империясының үлгісі және заман талабына сәйкес сауда қатынастары қалыптаса бастады. Орал облысының қарамағындағы Темір уезінде де таза айырбас сауданың орнына базар, жәрмеңке және тұрақты сауда орындары қалыптасып, елдің материалдық және әлеуметтік сұраныстарына сай жұмыс жасай бастады.

Темір уезіндегі Қарақамыс жәрмеңкесі жергілікті қазақтардың қажеттілігін қанағаттандыру бағытында қарқынды жұмыс атқарды. 1878 жылы Қарақамыс жәрмеңкесінде негізінен мал және мал өнімдері сатылды. Темір және көршілес уездердің қазақтары осы жылғы жәрмеңкеде 2927 пұт жүн және 2368 пұт жабағы жүнді 21739 рубльге өткізді. Сонымен бірге жалпы бағасы 5928 рубль тұратын 1482 қой сатылды. Келесі 1879 жылы осы жәрмеңкеде 32710 рубльге 4173 пұт жабағы жүн, 75 сиыр, 4758 қой сатылды [История Западного Казахстана в трудах русских исследователей, 2006:133].

Темір жәрмеңкесінің өткізілу уақыты қазақтардың көші-қон мерзімімен тығыз байланысты болды. Жәрмеңкеде негізгі мал өнімдерін өткізушілер Хиуа территориясына дейін көшетін адай және табындар болғандықтан Темір жәрмеңкесінің комитеті Орал облыстық әкімшілігінен жәрмеңкенің өткізілу мерзімін адай, табын руларының қыстауға қайтатын күз айларына бейімдеп, 1 қыркүйек пен 1 қазан аралығына белгілеп күзгі жәрмеңке ашуды өтініп, екінші жәрмеңкенің жергілікті қазақтар мен Ресей Орта Азия саудагерлеріне көп пайда келтіретініне баса назар аударған. Осы өтініш қанағаттандырылып Темір жәрмеңкесінің сауда айналымы жылдан-жылға дами түсті.

1890 жылы Темірдегі көктемгі жәрмеңкенің товар айналымы 1 млн. рубльге жетті, күзгі жәрмеңкенің товар айналымы 150000 рубль болды.

1897-жылғы Ресей империясының санақ мәліметтері бойынша Темір уезінде 3 адам жалпы сауда істерімен, 1 адам ауыл шаруашылық өнімдерін, 4 адам киім-кешек, тері-былғары сатумен тұрақты айналысқан. Темір қаласында 23 адам ауыл шаруашылық өнімдерін, 3 адам мата сатумен шұғылданған (История Западного Казахстана в трудах русских исследователей, 2006:133).

1900-жылдан бастап маңызды сауда орнына айналған Темір жәрмеңкесі уезд қазақтарының өз малдары мен мал өнімдерін айырбастау арқылы өздеріне қажетті өндіріс товарларын алатын бірден-бір сауда орталығына айналды.

Темір жәрмеңкесі туралы мынадай деректер бар: «Темір жәрмеңкесіне сауда ісімен айналысқан 157 татар, 52 орыс, 51 қазақ және 24 өзбек қатынасты. Саудагерлер үшін жәрмеңкеде 325 ағаш (киіз) үй тігіліп, олар дүкен ретінде пайдаланылды. Жәрмеңке әдетте көктемде және күзде өткізіліп, оған Ташкент, Бұқара, Хиуа, Орынбор, Уфа, Орск (Жаманқала) қалаларынан саудагерлер келіп сауда жасаған». С.Рыбаков «Темір жәрмеңкесі» атты мақаласында: «Сан жағынан татарлардың үлес салмағы жоғары, және олар, жалпы қырғыз даласындағыдай, мұнда да сауданы өз қолдарына ұстап отыр; құжынаған татарлар біреулеп-екеулеп арба-дүкендеріне тауарларын артып, бүкіл өлкеге бытырап, тарайды; міне, осы жүріс-тұрыстары кезінде олар орыс ісінің дұшпаны және екіжүзді, арам мұсылмандықты насихаттаушы болып табылады. Орыс саудагерлері неге даладан бойларын аулақ ұстайды және татар ықпалы мен саудасына неге қарсы тұрмайды екен деп, еріксізден таң қаласың. Ал қырғыз даласына келсек, ол - сауда іскерлігі мен табыстылығы үшін кең өріс» деп жазған болатын (История Западного Казахстана в трудах русских исследователей, 2006:134).

Темір жәрмеңкесінің алғашқы қалыптасып, дамуына байланысты В.П. Семеновтың редакциялауымен 1903-жылы Санкт-Петербург қаласында жарық көрген «Россия. Полное географическое описание нашего Отечества» деген кітапта: «Темір өзі аттас Темір станциясынан оңтүстік-батысқа қарай 35 шақырым жоғары орналасқан уездік қала. Темір қаласы Темір өзенінің бойына орналасқан. Қала 1897-жылы салынған казак әскери бекінісінің негізінде бой көтерді. Осы әскери Эмба (Жем) постысының айналасына қоныс аударған орыс, украин шаруалары орналасты. Керуен жолдарының қиылысқан жерінде және адамдар тығыз тұратын қазақ болыстарына жақын орналасуы Темір қаласының даладағы ерекше сауда мекеніне айналуына көп септігін тигізді. Қазір 750 адам тұрғыны бар Темір қаласында жыл сайын 15-мамыр мен 15-маусым арасында көктемгі жәрмеңке өткізіледі. Темір жәрмеңкесінің 1900-жылғы сауда айналымы 537 мың сом болды. Бұл атақты Көкжар (Ойыл) жәрмеңкесінен кейінгі екінші орын алатын сауда орталығы. Жәрмеңкеде негізінен мануфактуралық және темірден жасалған бұйымдар жергілікті қазақтардың малдарына, жүн және теріге (қой, түйе, жылқы) алмастырылады» деп жазылған болатын (Россия. Полное географическое описание нашего Отечества, 1903:337).

1900 жылы 20-мамыр мен 20-маусым аралығында өткен Темір жәрмеңкесінде 547110 рубльдің мал және мал өнімдері, 5010 рубльдің астық өнімдері, 213747 рубльдің мануфактуралық бұйымдары, 5858 рубльдің ағаш және темір заттары, 49465 рубльдің әр түрлі товарлары сатылған. Осы жылы жәрмеңкеде сатылған товарлардың жалпы мөлшері 821210 рубльге жетті. Бұл көрсеткіш 1899-жылмен салыстырғанда 214781 рубльге артық болды. Темір жәрмеңкесінде 1899-жылы көктемде

474604 рубльдің мал және мал өнімдері, 119355 рубльдің мануфактурасы, 12470 рубльдің әр түрлі заттары сатылған болатын (Россия. Полное географическое описание нашего Отечества, 1903:341).

Сауда қатынастарының дамуына байланысты Темір қаласының тұрғындарының саны жыл сайын арта түсті. 1900-жылы Темір қаласының халқының саны 1 мыңнан асты. Ал 1911-жылы Темір қаласының тұрғындарының саны 2 есеге көбейіп, 2220 адамға жетті.

Ресейдегі бірінші халық санақ деректері бойынша Темір қаласында 1897-жылы 616 адам өмір сүріп, олардың ішінде 14 көпес болды.

Темір жәрмеңкесіндегі негізінен сатылатын товар жергілікті қазақтардың малдары мен мал өнімдері болды. Қазақтар орыс товарларына (мата, ыдыс-аяқ, қант, шай т.б.) мал шаруашылығының өнімдерін (түйе, қой жүндері мен терілерін, ешкі түбітін, елтірі т.б.) аң терілерін, жүннен тоқылған кілем, ішік-тон т.б. айырбастады. 1902-жылы Темір жәрмеңкесінде орта есеппен жылқының бағасы 32 сом 41 тиын, ірі мүйізді қара 27 рубль 77 тиын, қой 5 рубль 5 тиын, түйе 52 рубль 88 тиын тұрды. Осы жылы көктемгі жәрмеңкеде 585146 рубльдің мал шаруашылығының өнімдері, күзде 57414 рубльдің мал және мал өнімдері сатылды. 1902 жылы өткізілген қос жәрмеңкеде 632560 рубльдің мал шаруашылығының өнімдері өткізілді. Осы жылы көктемде 10080 рубльдің астық өнімдері сатылды. Сондай-ақ көктемгі және күзгі жәрмеңкелерде 271937 рубльдің мануфактуралық товарлары ақшаға сатылды немесе малға алмастырылды. 1902-жылы көктемгі жәрмеңкеде 834696 рубльдің әр түрлі товары, күзгі жәрмеңкеде 132464 рубльдің әр түрлі товары, яғни қос жәрмеңкеде барлығы 967160 рубльдің әр түрлі товарлары сатылды. Бұл сол кезеңдегі өте жоғары көрсеткіш болып табылады. Салыстырмалы түрде қарастырғанда көршілес Гурьевте өткен көктемгі жәрмеңкеде бар болғаны 61700 рубльдің товарлары сатылған болатын. Осы жылы Торғай облысының Ақтөбе жәрмеңкесінде товар айналымы 300 мың рубльді, Ырғыз жәрмеңкесінде 422518 рубльді құрады.

1908 жылы Темір жәрмеңкесінің товар айналымы 2.218.393 рубльге жетті.

1909 жылы 20 мамыр-20 маусым аралығында өткен Темір (Қарақамыс) жәрмеңкесіне 824.400 рубль тұратын товар әкелініп, бағасы 556.636 рубль тұратын әртүрлі товар сатылған. Осы жылы 20 қыркүйек пен 10 қазан аралығындағы күзгі жәрмеңкеде 225.400 рубль товар әкелінген, бұрыннан сақталған товармен қоса есептегенде осы жәрмеңкеде 295.290 рубль тұратын товар сатылған (Құрманбеков, 2008:121).

Батыс Қазақстандағы Ақтөбе, Ырғыз, Ойыл жәрмеңкелеріндегідей Темір жәрмеңкесінде де негізінен мал және мал өнімдері негізгі товар айналымын құрады. Жәрмеңкеге Темір уезінен басқа көршілес Ақтөбе, Ырғыз уездерінен жергілікті қазақтар өте көп мөлшерде мал және мал өнімдерін өткізді. Сонымен қатар негізгі көші-қон маршрутының бойында жатқандықтан Темір жәрмеңкесіне көктем мен күзде Маңғыстаудан Орынборға дейін көшіп-қонып жүрген адай және табын рулары жылына 2 рет жәрмеңкеге қатынасып, мал сатып, жәрмеңкеден қажетті тұрмысқа қажетті мануфактуралық бұйымдар мен астық өнімдерін сатып алды.

Темір уезінің территориясын мекендеген Кіші жүз қазақтары (әлімұлы, байұлы, жеті ру) үшін негізгі қажетті товарлар мануфактура бұйымдары, астық өнімдері мен ағаштан, темірден жасалған заттар болды. Осы товарларды қазақтар орыс, татар және Орта Азия саудагерлерінен өздері жәрмеңкеге өткізген мал және мал өнімдерінен түскен ақшаға астық, мануфактура бұйымдары мен күнделікті тұрмысқа қажетті темір және ағаштан жасалған заттарды сатып алған.

XX ғасырдың басында Темір жәрмеңкесі Ойыл жәрмеңкесінен кейінгі жалпы товар айналымы бойынша екінші орында болып, Ақтөбе, Ырғыз жәрмеңкелеріне қарағанда ерекше қарқынмен дамыды.

Оның басты себептерінің бірі Темір жәрмеңкесінің керуен сауда жолдарының қиылысында орналасқаны болып табылады. XX ғасырдың бас кезінде Темір жәрмеңкесі Батыс Қазақстандағы ең ірі сауда орталығына айналып, өзінің товар айналымы деңгейі бойынша жетекші орынға шықты.

Жәрмеңкенің саудагерлер мен сатып алушылар үшін екі жақты пайдасы болды. Дегенмен саудагерлердің өз заттарын жергілікті қазақтарға шектен тыс қымбатқа сатуы қазақтардың наразылығын туғызған жағдайлар да болып тұрған. Осы туралы Ресей ішкі істер министрінің орынбасары Орал облысының губернаторына былай деп жазған болатын: «1901 жылғы маусымда Орал облысындағы Темір жәрмеңкесі кезінде қазақтардың әскери казактармен қақтығысы болып, қазақтар сауда қатарларын қиратты және әскери казактар мен саудагерлерді ұрып-соқты. Сол жылы қазан айында жәрмеңкеде бүлік шығарғай жергілікті қазақтарды жазалау үшін Темір уезіне әскери казак отряды жіберілді. Бірақ жергілікті қазақтардың топтасып, әлдебір құпия өкім (бұйрық) бойынша әскери казак отрядының жүретін жолынан олардың өздерін азық-түлік, аттарын жем-шөптен айыру мақсатымен көшіп кетуі, жазалаушы отрядтың өзіне жүктелген тапсырманы орындауына мүмкіндік бермеді».

1912 жылы көктемгі Темірдегі жәрмеңкеде 480800 рубльдің мал және мал өнімдері, 14300 рубльдің астық өнімдері, 279140 рубльдің мануфактура бұйымдары, 5890 рубльдің ағаш және темірден жасалған заттары, 1050 рубльге әр түрлі басқа заттар, барлығы 781180 рубльдің товарлары сатылды. Осы жылы күзгі жәрмеңкеде 193015 рубльге мал шаруашылығының өнімдері, 14600 рубльге астық, 168930 рубльге мануфактуралық бұйымдар, 4800 рубльге ағаш, темір және 1700 рубльге әр түрлі заттар сатылған. 1912-жылғы күзгі жәрмеңкеде 383045 рубльдің товарлары ақшаға сатылып, мал және мал өнімдеріне айырбасталды (История Западного Казахстана в трудах русских., 2006:134).

1914-1915 жылдары да Темір жәрмеңкесінде саудагерлер мен жергілікті қазақтар арасындағы сауда-саттық қатынастары арта түсті. Бұл кезде орыс және татар саудагерлері қазақ даласынан арзан шикізат кездерін олжалаудың тиімді жолдарын меңгеріп болған еді.

Темір уезінің қазақтары жәрмеңкелерге өз меншігіндегі мал және мал өнімдерін өткізумен қатар, өздері де белгілі бір дәрежеде тиімді кәсіппен айналысып, одан түскен өнімдерін жәрмеңкеге шығарып сатумен шұғылданған. Зерттеуші Т.Седельниковтың мәліметіне қарағанда: «Темір уезінің бір қазағы өзінің үйінің жанынан жылына 400 пұт алма беретін бау-бақша есіріп, оның өнімдерін Темір жәрмеңкесіне шығарып сатып, пайдасын көрген».

Темір жәрмеңкесіне қатынасқан саудагерлер мен жалпы қауым елдің әлеуметтік жағдайына қарасты мәселелерге де әрдайым назар аударып қажетті кезде белгілі бір проблемаларды нақты шешуге өз үлестерін қосып отырған.

Бірінші дүние жүзі соғысы кезінде майдандағы әскерлердің отбасының жәрдем көрсету мақсатында Ресейдің бірінші Мемлекеттік Думасының депутаты Алпысбай Қалменовтың ұйымдастыруымен 1915 жылы Темірде өткізілген жазғы жәрмеңке кезінде 1097 рубль 12 тиын жиналып, тиісті орындарға тапсырылған.

Темір жәрмеңкесі бүтін бір аймақтың өнер ордасы болды. Осы жәрмеңкеде кердері Әубәкір, кете Шернияз, шүрен Нұрпейіс, Тәңірберген Молдабай сияқты жыр дүлдүлдері жыр толғап, Қазанғап, Төреш, Мөңке сияқты дәулескер күйшілер жәрмеңкеге жиналған халық алдында өздерінің тамаша күйлерімен елдің көңілін көтеріп, жұртшылықтың рухани сұранысын толығымен өтеген. Алпысбай Қалменов жыл сайын өткізілетін осы жәрмеңкеге ат жалын тартып мінген кезінен бастап қатынасып, елдің өміріндегі өзекті мәселелерді шешу істеріне ерте араласты.

Қазіргі қоғам дамуының бетбұрысында «біз осы кімбіз, дүниежүзілік өркениетке қандай үлес қостық?» деген сұраққа жауап іздей бастадық. Бүгінгідей нарықтық экономикаға бет түзеген сәтте өткенімізді сараптап, ата-бабамыздың аязды, аңызак желді, қақаған қысы мен аптап ыстығы да жеткілікті ұланғайыр кеңістікте шаруашылықты ұйымдастыруының жасампаздық тәжірибелерін жаңғырту арқылы оны бүгінгімізге пайдалану қажет деп түсінеміз. Сондықтан ХІХ ғасырдың ІІ жартысы - ХХ ғасырдың басындағы солтүстік-шығыс Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық дамуындағы жәрмеңкелердің ролін зерттеп тану, оның жалпы экономикалық дамудағы роліне объективті ой-пікір айтып өз бағасын беру қажет деп ойлаймыз.

ХІХ ғасырдың аяғы - ХХ ғасырдың басында Қазақстан Ресей империясының капитализмге дейінгі өндірістік қатынастар үстем болған аграрлы-отарлы шет аймағы болды. Ресей өнеркәсіп төңкерісін аяқтап өзінің отарлық аймақтарын, оның ішінде солтүстік-шығыс Қазақстан өңірін де жаңа әлеуметтік-экономикалық және қоғамдық - саяси қатынастардың аясына тартты. Осыған байланысты Ресейдің капиталистік өнеркәсібі мен Қазақстандағы ауылшаруашылық өндірісі арасындағы қатынас күшейді. Өлкеде жаңа әлеуметтік топтар қалыптасып, өнеркәсіп көлемі өсті. Сауда және капиталы Ресейдің орталық губерниялары мен Қазақстан айналымының өсуін шапшаңдатты. Өлкеде үстем болған натуралды шаруашылық біртіндеп ыдырай бастады.

Қазақ шаруашылығының рынокпен байланысының ұлғаюына патша үкіметінің салық саясаты үлкен ықпал жасады. Қазақтарға ақшалай көптеген салықтардың салынуы олардың өнімдерінің бір бөлігін рыноктар арқылы саудаға салуға мәжбүр етті. Мал мен астық барған сайын тауарға айналды.

Бұл кезде Қазақстан экономикасында натуралды шаруашылықтың көлемі қысқарды, өлке өнеркәсіп тауарларын өткізу рыногы және бағалы ауыл шаруашылық шикізатының қайнар көзі ретінде капиталистік Ресейге тәуелді болып шықты. Ал, Ресей үкіметі болса, қазақтарды өз қол астына қарата отырып, алдында тұрған экономикалық және саяси міндеттерді шешуге тырысты. Ол міндеттер Шығыс елдерімен сауда-саттықты кеңейту және Шығыстағы орыс мемлекетінің шекара қауіпсіздігін қамтамасыз етіп қазақ даласын одан әрмен өз ықпалына алу болатын.

Жәрмеңкелердегі халықаралық сауда белсенді түрде дамыды, оның дамуына, Қазақстанның солтүстік-шығысында өнеркәсіп өнімі даму деңгейінің төмендігі әсер етті. Сонымен қатар осы

кезеңдегі казак даласының Ресейді Орта Азиямен жалғастыратын транзиттік ролін атқаруы да үлкен әсерін тигізді.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

- Седельников Т. Борьба за землю в киргизской степи. -Алма-Ата 1991. -124 с. С.7
История Западного Казахстана в трудах русских исследователей. Сборник материалов /Сост.: Абенова Б.С., Абенов Д.К. –Ақтобе, 2006. – 222 с. С.131
Құрманбеков Б. Темір тарихы. Ақтобе, 2011,-127 б.-Б.31.
Седельников Т. Борьба за землю в киргизской степи. -Алма-Ата 1991. -124 с. С.73.
Россия. Полное географическое описание нашего Отечества /Под ред. Семенова В.П. том 18. «Киргизский край». - Санкт Петербург. 1903. 408 с. –С.337.
Россия. Полное географическое описание нашего Отечества /Под ред. Семенова В.П. том 18. «Киргизский край». - Санкт Петербург. 1903. 408 с. – С. 341
Құрманбеков Б. Батыс Қазақстанда сауданың дамуы. Ақтобе, 2008.-274 б. –Б.121.
История Западного Казахстана в трудах русских исследователей. Сборник материалов /Сост.: Абенова Б.С., Абенов Д.К. –Ақтобе, 2006. –222 с. С.134

ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ДҮНИЕГЕ КЕЛГЕН СӘБИГЕ ҚАТЫСТЫ ҚАЗАҚ ЫРЫМДАРЫНЫҢ МӘНІ

Ержанов Еркебұлан

*әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
Философия және саясаттану факультетінің 1-курс докторанты
(Алматы., Қазақстан) E-mail: erk.erzhan@mail.ru*

Аннотация: Мақалада автор қазақ халқының дүниетанымында ғасырлар бойы қалыптасып, жасасып келе жатқан ырымдар жүйесіне тоқталады. Қазақ ырымдары халқымыздың өмірінде, салт-санасында, әдет-ғұрпында, тұрмыс-тіршілігінде ерекше кең көрініс тапқан. Ғылыми зерттеу барысында ізденуші жас келіннің жүкті болған кезеңінен бастап, баланы қырқынан шығару дәстүріне дейінгі аралықта қолданатын ырымдарды ерекше қарастырған. Себебі ырым арқылы баланы, жас келінді тәрбиелеуде, жат әдеттерден тыю, қауіп-қатерлердің алдын алу т.б. нәрселер ұлтымыздың рухани құндылығында қазіргә таңға дейін сақталынып келе жатқан этномәдени, әлеуметтік мәні бар терең дүние.

Не бір түрлі заман атты кезеңдерден халқымыздың өткен тағдыры мен талғамының сан қырлы өмір жолы тіршілігінде сұрыпталып, санасы мен тегіне сіңісіп, ұрпақтан ұрпаққа табиғаттың мызғымас қағидаттарымен үйлесімді гармонияда, орналасқан тереториялық аймағына байланысты өз болмысын ерекше талғампаздық таныммен қалыптастырды. Сонымен қатар Еліміз Еуропа мен Азия өркениеттерінің өтпелі көпір сынды тереториялық аймақта орналасып, алып мәдениеттерге жұтылып кетпей, салтын-дәстүрін дәріштеп, халқының тағдырын жақсылыққа жетелеп келеді. Оның ішінде қазақ ырымы табиғи тепе-теңдікті сақтай отырып адам қасиетін жоғарлата түсетін басқа өркениет нәрлерін ғасырлар бойы ел болмысына сіңдіре, халық жадында сақталған ұлттық ерекше кодтың бірі. Осындай қазақ ырымдарының бірі, ел болашағымен туған жер мұрагерлерін сапалы, саналы ұрпақ әкелуде, халқымыздың ана құрсағынан қырқына дейінгі салт-жоралғыларда қолданатын ырымдарға тоқтала кетсек. Ата-бабамыз табиғатпен үйлесімділік таба білгенділігі және ізеттіліктің жоғары болғандығы соншалық болашақ ұрпақ әкелетін ананың денсаулығы мен көңіл күйіне мұқияттылық танытқан. Әйелдің бойына бала біткені белгілі болса, оның абысындары, еселері әйелдерді шақырып, құрсақ шашу жасап, оның аман - сау босануына тілектестігін білдіріп шашу шашып, дастарханды жайып, сауық жасайды. Дәстүр бойынша бойына бала біткен болашақ ананың «ішінде көжесі бар» деп айтады. Бұл сөздің астары Қысылып, ұялмасын, тіл – көзден сақтасын дегені болуы керек «Баланы ана құрсағындағы кезінен бастап анасы арқылы күтімге алып қастерлейді. Бала аман-есен дүниеге келіп, көзін ашқанша ананы қорлайтын, жазалайтын қылықтарға тыйым салады. Мұндай қылықтар құрсақтағы балаға да қаратылады, дүниеге келмеген кінәсіз нәрестені қорласаң, ұрпақсыз қаласың деп ырымдайды» (Бабалар сөзі, 2013: 230-б.). Ұрпақ әкелетін ананың көңіл күйінің дұрыс болмаса, іштегі баламен ананың денсаулығына әсер етіп, зардабы болатындығын меңзесе, «Әйелдің екіқабат кезінде жерігі қанбаса, баланың аузынан су ағып жүреді» деуіде: «Жерігі қанбаған әйел басы айналып, ауыра береді, оны «ит жерік» дейді. Қалаған асы табылып жерігі қанған әйелдің құмары тарқап, ерекше сезімге бөленіп, денсаулығы жақсара бастайды. «Жерік асын жегендей қуанды» деген сөз осындайдан шыққан. Жеріктікті басудың тек анаға ғана емес, іштегі сәбидің де

денсаулығына зор әсер етеді. Мысалы, жерігі қанбаған ананың балалары әлжуаз, аурушаң, кейде кем тууы да мүмкін. Сәбидің аузынан суы шұбырып жүруі де осындай дан болады дейді халық даналығы. Халық екі қабат ананы тәрбиелеу жолын әсте ұмытпаған. (Қайбарұлы, 1998: 10-б.) Бұл дегеніміз Ағзаның өзгерістерге түсіп дәрумендер мен тағамдар нәріне қажеттілікті толық мейізі қанғанша алуын ескереді. «Әйелдің қарнына жағылған майды «Құдай оттай заулат» деп отқа құяды» (Кенжеахметұлы, 1998: 140-б.) майдың оттың жалынын жандандыра түсіуінен бала алғыр, ержүрек болады және майдың теріге жағылғанда суық өткізу өтімділігі бәсеңдеп, суық, жел қарысуы аз болуы, бала жатқан ана қарнына жағылған майды жерге төгу обал болмасын немесе тағыда басқа себептер болса керек.

Көшпенді тіршілік кешкен халықтың «Екіқабат әйел керулі тұрған және шұбатылып жатқан арқаннан аттамайды. Бұлай істесе босанған кезде баланың кіндігі мойнына оралып, өміріне қауіп төнеді деп ырымдалады» (Қайбарұлы, 1998: 11-б.). Халықымыздың бұл ырымы негізгі тіршілік көзі мал шаруашылығы болуы және көбінесе қолданыста қыл арқан пайдалануы, өмірлік тәжірибесінде арқан арқылы байланған малдың қылқынып қалуы, жерде жатқан арқан, көзіне жылан немесе басқада елес беріп, шошынып қалмау себептері болуы ықтималды айтса керек. «Екіқабат әйелге түйе етін жеуге болмайды, әйтпесе ол баланы он екі ай бойы көтереді. Егер ол он екі айда да тумайтын болса, бураның мойнына ақ мата салып, содан аттап өтуі керек» (Қартаева, 2014: 160-б.) деген. Түйе малының құрсағын он екі ай көтеруінен қорқып, Бураның сесті үйірін қызғанатын әдеті арқылы әйелдің бойына үрей билетіп толғағын шақыру амалы деседе болады. «Екіқабат әйел қоян етін жесе, баласы қоянжырық болып туады» (Кенжеахметұлы, 14-18 бб.) қоян жануарының ернінен жырық болуынан болашақ ұрпақтың саулығы үшін сақтанған шарасы болуы мүмкін. Ал «Дүниеге келген нәрестенің кіндігін ақ балтамен кесіп, таза жіппен байлайды да, түбіне күл себеді. Ақ балтаны өзге нәрсеге пайдаланбай, сақтап қояды. Ер баланың кіндігін үй күшік болмасын» деп қырдан асырып лақтырады (Кенжеахметұлы, 1998: 141-б.). Ал қыз баланың кіндігін «үйдің құты болсын» деген ырыммен ошақ түбіне көмеді». Тоғыз ай тоғыз күн балаға нәр берген ана кіндігін қасиетке балап, жаугершілік пен тұрмыс тіршілікте аса құрметке ие ақбалтамен кессе, микропсыз таза жіп қан тоқтату үшін, ағаш күлі (кәзіргі иод орнына) жазылғанша сырттан түсетін микропты қара қотырланып жазылуға мүмкіндік берген. Ұл туса дала заңымен ел тізгіні, қорғаны мал табар деп ., қыз туса болашақ ана, үй берекесі жылуы деп., ырымдаса керек. Егер бала ай күні толмай туса: Шала туған баланы тымаққа салып, неше күні кем болса, сонша күн кереге басына іліп қояды (Бабалар сөзі, 2013: 232 б.). «Халықта әдетте шала туған сәбиді осылай өсіретін ғұрып бар. Оның себебі шала туған сәби ұстауға, бесікке салуға келмейді, тымақ жылы, әрі бөлеуге, ұстауға ыңғайлы болады. Және сәбидің неше күні кем болса, сонша күн керегенің әр басына ілініп қойылатындықтан күн кереге басы арқылы есептеледі. Мысалы: қырық күні кем болса керегенің қырқыншы басынан бала тымақтан алынып, әдетте жаңа туған баланың рәсімі жасала бастайды. Айталық, ат қою, бесікке салу т.б. (Егер бала қыста туса онда үй қабырғасына бірнеше шеге қағылып ілінеді (Кенжеахметұлы, 1998: 142-б.). Сонымен қатар Жаңа туған нәрестенің құрметіне жасалатын дәстүрлі шілдехана ойын - сауық, той болады. Мұнда баланың бауы берік болсын, құтты болсын айтылады. Шілдехана өмірге адам келгеннің және оған қуанудың бір белгісі. Осы уақыт аралығында халқымыз: «Шілдехана күзету», «шілделік күзету» ырымы босанған әйелді түн бойы жын - пері жағалап жүреді, әйелдер, қыз - келіншектер жаңа босанған әйелді үш күн бойы жын - періден қорғап күзету керек деген танымнан туылған (Бабалар сөзі, 2013: 231 б.). Әрине адамнан адам шығу оңайма деген халық арасында айтылатын сөз тіркесі, дүниеге нәресте әкелген ананы үш күн күтуі, босану кезіндегі қиындықтардан ес жыйып, бала қарау жөн жосығын білмеген жерлері болса үйрету, мақсатында көмектесуі деп түсінуге де болады. Босану барысында Ананың көп қан жоғалтуы, тоғыз ай сәбиге берген нәр қуатын толықтыруға, ана сүтінің құнарлы, жеткілікті болуына байланысты қалжа қойы (жас, семіз, онекі мүшесі түгел қой) сойылып жіліктеп күнделікті, сорпалану арқылы денесін жылылықта ұстап, шілде терін шығару. Ел арасында әйел ауырсына берсе шілде тері шықпай қалған, жігіттер арасында қалжың түріндеде бір нәрседен әлсіздік көрсетсе анаң қалжа жемегенба деген сөздер айтылып жататынында осыдан болса керек. Баланың мойны тез және түзу беку үшін оның шілдеханасына сойған қойдың мойын омыртқасын тұтасымен асып, тесігінен шыбық өткізіп, кептіріп қояды. Ал енді «Ат қоюға қазақ халқы ерекше көңіл бөлген. Әрине алдымен жақсы есімдер мен елге әйгілі адамдар атын қойған. Сонымен бірге бала есімін жақсы, беделді кісілерге қойғызып, батасын алуды да ұмытпаған. Мәселен, Қаныштың әкесі туғанда атасы Сәтбай Сегіз серіні әдейі шақырып, баласының атын қойғызған. Сонда Сегіз сері Иманжан деп ат қойып, бұл баланы еркелетсеңдер Имантай деп атарсыңдар" деп балаға былай бата береді.

Әнет бидей еліңнің ағасы бол,

Халқыңның Қазыбектей данасы бол.
Жер, суды жау қалмақтан қорғап қалған,
Бөгенбайдай жұртыңның панасы бол.
Ер Сырымдай халқыңның көсемі бол,
Тоқсан бидей үш жүздің шешені бол.
Керейде Белгібайдай білекті бол,
Беріште Исатайдай жүректі бол ... (Н. Әбуталиев)

Сол сияқты Кенесары ханның есімін Арғынның атақты биі Шоқай қойған екен.

Халық баласына жақсы ат қоюға тырысқан. Ырым етіп бұрынғы батырлар мен ақындар, шешендердің де атын қояды. Бірақ өте қасиетті әулие - әмбиелер мен ұлы адамдар есімін қоюға тиым да салған. Қазақта балаға ат қоюдың жолы мен сәттері көп. Шөп шауып жатса Шөттібай деп, Наурыз айында туса Наурыз бай деп, айт күні туса Айтбай деп те қоя салады. Сол сияқты қыз бала туа берсе Ұлбосын, Ұлтуған, Ұлмекен» дейді. Көз тимесін деп, Қосқұлақ, Итем ген, Күшік деп те қойған. Қазір Бауыржан, Абай, Олжас, Сәкен, Абылай, Фәризалар көп. Бұл да сол кісілердей болсын деп қойылған есімдер. Ат қою - жеңіл - желгі іс емес. Сондықтан балаға лайықты әдемі есімдер қойған жөн (Кенжеахметұлы, 1998: 143-б.). деп аталарымыз ырмдап терең мағыналы астары болған. Көшпелі қазақ елінің тұрмыс тіршілігіне ыңғайлы да қадыр тұтқан Бесікке салу салты өз ырым жоралғысы болған мысалы: «Әлди - әлди ақ бөпем, Ақ бесікке жат бөпем» (Бесік жыры). Бесік қасиетті, киелі, құтты мүлік, сәбидің өзіне тиесілі әлем тану ұясы болып саналған. Нәрестені бесікке салу да халқымыз үшін ерекше салтанатпен өтетін дәстүр. «Бесік тойы» ырымына әйелдер ғана қатынасады. Бесікті көбінесе, баланың нағашы жұрты алдын ала арнайы жасатып, бесік тойына тарту етеді. Онысы жиен, жекжат, үрім - бұтағым өсе берсін, өрісім кеңейе берсін дегені (Бабалар сөзі, 2013: 233-б.). Сәбиді бесікке салар кезде бесіктің түбегі тұратын тесіктен құрт, ірімшік, тәттілер өткізіп, «тышты, тышты» деп ырым жасайды және оны «тыштырма» деп атайды. Тыштырманы «әйелдер ырымдап бөлісіп алып, бала - шағаларына үлестіріп береді (Кенжеахметұлы, 1998: 144-б.). Бұл халқымыздың нәресте ана кұрсағында жатып кіндік арқылы нәр алған, сәби, жарық дүниеге келгенде ананың ақ сүтіне ағзасы үйреніп, іші қатпай жеңілдік берсін деп ырымдаса керек. Тыштырмадан кейін Бесікке жолы үлкен өнегелі, ұрпақ көп тараған, сыйлы әжелер немесе әйелдерге отпен аластатып баланы бесікке бөлейді. Баланы бесікке салып жатқанда барлық әйелдер үн шығармай жым-жырт отырады. Сөйлеп қойса, бала жылауық, есейгенде өсекші болады деп ырымдайды (Бабалар сөзі, 2013: 234-б.). Сонымен қатар Бесікке қолданып жүрген түбекті, шүмекті төңкермейді. Себебі түбек пен шүмек нәрестенің рахаты үшін жасалған мүліктер. Оны төңкеріп қойса, ішіне кір жабысады, от басына қойса, қурап семеді, сондықтан таза жуып, күн көзіне қақтау керек, өйтпесе бала қуығы тұтылып ауырады деп ырымдалады (Қайбарұлы, 1998: 10-б.). Бұл істе ағашпен мал сүйегінен жасалған заттың қолдану технологиясы жоғары деңгейде білуі, оның қалай күтүлуі керектігінің оның тазалығы мен сапасын жоғалтпау ісіндегі өмірлік тәжірибесін көре аламыз.

Дүниеге келген нәресте қырық күннен кейін ширап, көз тоқтатып, сыртқы құбылыстарды сезе бастайды. Осы кезде қырқынан шығару салтын жасап сәбидің жан-жүйесінің қалыптасып дені сау болып өсуіне деген ақ тілектік ырымдарының бірі: Баланың қырқынан шығару ырымын жасағанда, үберлі-шөберлі қарт бәйбіше қырық қасық суды баланың үстіне құйып тұрып: «Отыз омыртқан жылдам бекісін, қырық қабырғаң жылдам қатсын деп тілек айтады. Баланы шомылдыратын легеннің түбіне қырық құмалақ тас, жүзік сияқты заттар салынады. Сақина, жүзіктерді бала шомылдырған, көмектескен әйелдер бөлісіп алады. Баланың қарын шашын адам аяғы баспайтын жерге көміп тастайды. Өйтпесе, бала бақытсыздыққа ұшырайды. Баланың қарын шашын алған соң, тастай салмай, сақтап қояды. Бала қырқынан шыққанша, жеті ай толғанша әлсіз болады. Сондықтан бір тал шашын тастамай, сақтау керек деп біледі (Бабалар сөзі, 2013: 235-б.). Бала жарық дүние есігін ашқаннан бастап қырық күн бойы, күнде немесе күн ара тұзды суға болмаса дәруменді өсімдіктер дақылдары мен қасиет тұтқан күміс сияқты металдарды қосып шомылдырып баланың тез шыйрауына жәрдемдескен. Елге өнегелі әжелермен денсаулығы мен өміріне тілек айтып жоралғы жасауымен қырқынан шығарушыларды риза қылу олардың қуанышпен шыққан энергиясы балаға жақсы әсер беруінде түбінде терең мән мағына жатса керек. Алайда бұл бір діни жоралғыдан шықты деген ұғым деп түсіну артық болар бұл бабаларымыздың адам ағзасының даму жолындағы кезеңдерді жоғары деңгейде білуінде, табиғи заңдылықты түсініп, үйлесім таба білгендігі.

Көшпелі өркениет негізін қалаушы халықтың, географиялық орналасу аймағы евразия кіндігі болған ерте заманнан қазіргіше айтқанда жаһандану мен жаугершіліктің ықпалының жоғары болуымен тұрмыс тіршілігінің жүйелі түрде қысы қыстау, жаз жайлау, күз күздеу, көктем көктеумен табиғат қатал мінезіне, көшпенді өмір салтында рулармыз, әулеттеріміз тұтастай ұлт ретінде

жұдырықтай жұмылып ел болуы болашақ ұрпақтың бабалар сөзіндегі сегіз қырлы, бір сырлы болуы әрдайым қажеттілік болған. Сондықтан ғасырлар бойы өмірлік тәжірибеден қалыптасқан ерекше өз ұлтымызға тән ырымдарымыз, көшпенділер өркениетінің жоғары деңгейлігін көрсетеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Бабалар сөзі: Жүзтомдық . - Астана: Фолиант», 2013. Т. 94: Түс жору және ырымдар. - 432 бет.
- 2 Кенжеахметұлы С. Ұлттық әдет-ғұрыптың беймәлім 220 түрі. Көмекші оқу құралы. – Алматы, «Санат» 1998. – 256 бет .
- 3 Сейдімбек А. Қазақ әлемі. Этномәдени пайымдау, Оқу құралы. - Алматы, «Санат» 1997. – 464 бет.
- 4 Қайбарұлы А. Бопайұлы Б. Қазақ ырымдары. Казахские поверья. / Бас редактор Ә. Нысанбаев. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы, 1998. – 160 б.
- 5 Қартаева Т.Е. Сыр өңірі казактары: тарихи-этнографиялық зерттеу (XIX ғасырдың екінші жартысы – XX ғасырдың басы). Екі томдық. 2-том. – Алматы: Қазақ университеті, 2014. – 325 бет.
- 6 Кенжеахметұлы С. Жеті қазына. Көпшілік оқырманға арналған. - Алматы: Ана тілі, 2000. 136 бет.

ҚАЗАҚСТАН ТЕРРИТОРИЯСЫНДАҒЫ ПЕТРОГЛИФТЕРДІҢ ЗЕРТТЕЛУ ТАРИХЫ

Татиев Еркебұлан Ертісұлы

*PhD докторант, Л.Н.Гумилев ат. Еуразия ұлттық университеті
(Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан) E-mail: ertisuly82@mail.ru*

Егеменді ел болып еңсеміз көтерілген соң тарихымыздың терең қойнауларына көз салып, ой елегінен өткізу еліміз үшін заңды құбылыс. Кез-келген ұлт өркениеттік даму барысында мәдени-философиялық рефлексияны қажет етеді. Себебі, ұлттың тарихи тағдырында өткені мен бүгіні, бүгіні мен болашағы өзара сабақтасып, тұтасып жатады. Тәуелсіздік алғаннан кейінгі жылдары қазақ халқының тарихы мен мәдениетіне қатысты зерттеулердің қарқын алуы – ұлттық сананың өзінің түп тамырларын тануға деген талпынысының басты сипаттарының бірі. Он бес мың ғасырлық тарихы бар Қазақстанның петроглиф өнерінде тарих бастауларынан сыр шертетін көнеден қалған мәдени мұра, тарихи естің ерекше бір бітімі десек артық айтпаймыз. Еліміздің көне кезеңдеріне, соның ішінде түркі дәуіріне қатысты тас суреттер бүгінгі күнде Қазақстан территориясының көптеген аймақтарында табылып, жүйелі зерттелуде.

Петроглифтер деп аталатын туындылар бүгінде ғалымдар назарынан қалатын емес. Өткен ғасырда 1940 жылы Франция қалашығында оқушылардың арқасында табылған үңгірдегі суреттер ең алғашқы ғылыми түрде зерттеліп, оның ерте заман туындысы екендігі анықталған. Сол кездің өзінде петроглифтерді тарихи- мәдени кезеңдерге бөліп қарау, зерттеу дәстүрге айналған.

Петроглиф сөзі анықтамасына келсек, латынның петро-тас және грекше глиф – жазу – тақтатас, жартастарға салынған суреттер, бейнелер деген сөздерінен шыққан. Бұндай жартас беті суреттері жер шарының бар аймақтарынан табылады. Соған қарағанда петроглифтер адам өмірінде маңызды болғандығын аңғарамыз.

А.Г. Медоев өзінің «Гравюра на скалах» атты еңбегінде: «Петроглифтерді ежелгі қытай жазуларындағыдай сыр-жұмбақ іспетті» деп көрсетеді және оған үлкен ғылыми мән беруді ұсынады (Медоев, 1972:12). Ал, Қазақстан көне петроглифасын зерттеуші Ғұбайдолла Айдаров: «Қазақстан жеріндегі тас бетіндегі бейнелер өзінің жасалу техникасы, мазмұны мен композиция жағынан әртүрлі дәуірлерді қамтиды дей келе, петроглифтерді сурет тектес жазулар» деп те атаған (Рогожинский, 2018:118).

Сондай-ақ, археолог ғалым З. Самашев өз зерттеуінде: «Тас беті суреттерін –петроглиф (қашалған, шекілген, қырналған), жазбалар (охра түсімен орындалған) және роспись (үңгір кескіндемесі) деп бөліп қарастырады (Самашев, 2000:45). Соған қарағанда Ғұбайдолла Айдаровтың петроглифтерді «сурет тектес жазулар» деп бекер атамаса керек.

Осы ерекшеліктерді ескере отырып, петроглифтердің техникалық орындалу жағынан, көрініс беруіндегі айырмашылықтарының (жазбалар, роспись, қашалған бейнелер) бар екендігін аңғаруымызға болады. Сонымен бірге бұған петроглифтердің дүниетанымдық мәселелері мен географиялық ортаға байланысты этнографиялық тас бейнелерді қоссақ, петроглиф анықтамасының сан қырылығы, әрі мазмұны ашыла түседі.

Дүниетанымдық мәселелері мен географиялық ортаға байланысты этнографиялық тас бейнелерді ерекшеліктерін бірден бастап кетпес бұрын біз алдымен Қазақстан территориясындағы петроглифтердің зерттелуін және зерттеушілерді айта кеткеніміз дұрыс.

Ғылымдағы тарихи деректерге қарағанда алғашқы петроглифтер, яғни тастағы суреттер жайлы айтып кеткен шығыстағы Орта Азияның ғұлама жұлдызы Әл-Бринуни болып саналады. Ол дерек Әлкей Марғұланның қолға алып, тек баспадан шығарылмаған «Сарыарқа петроглифтер» атты еңбегінде жазылған (Кубарев, 2017: 93). Сонымен бірге Әл-Бринунидің осы петроглифтер жайлы дерегін анықтайтын дәлел П.В.Агапов, М.К.Қадырбаевтың «Сокровище древнего Казахстана» атты ғылыми еңбектерінде қамтылған (Агапов, 1979:34).

Сондай-ақ Әлкей Марғұланның «Сарыарқа петроглифтер» атты еңбегінде келесі бір петроглифтер туралы мәліметтерді Казвини де жазғаны туралы айтылған. Әл-Бринуни мен Казвинидің петроглифтер жайлы деректері, тастағы бейнеге табынатын халықтар туралы айтылған (Кубарев, 2017: 93).

Келесі бір петроглифтер туралы (Жетісу аймағы) деректерді қамтыған ағартушы ғалым Шоқан Уәлиханов болып саналады. Ш. Уәлиханов Жетісу өңіріндегі Шолақтаудағы тастағы бейнелерді зерттеумен бірге олардың суретін салған. Сонымен қатар Тамғалы тастағы будда дініндегі салынған суретті де зерттен (Уәлиханов, 1985: 57)

Қазақстан территориясындағы тас-бейнелерді зерттеуге үлес қосқан үйірме бар, ол 1856 жылы құрылған Түрікстан әуесқой археология үйірмесі болып табылады (Самашев, 2000:45).

Сондай-ақ петроглифтерді зерттеу ХІХ ғасырдың аяғы мен ХХ ғасырдың басында орыс экспедиция ғалымдарының зерттеулерімен толықты. Атап айтқанда Жетісу аймағындағы Теректі алқабы, Баян-жүрек, Шолақтаудағы тас-бейнелерді ашып, оларға ғылыми негіздеме жасаған Н.Н. Пантусов және ХХ ғасырдың 30 жылдарындағы А.Н. Берштамның жетекшілігімен Жетісу аймағына жасалған ғылыми зерттеулер болып табылады.

Сол уақыттағы (ХІХ ғ. аяғы мен ХХ ғ. басында) Шығыс Қазақстан бойынша петроглифтерге алғаш рет 1818-1825 жж. аралығында Ресей ғалымдары Г.И.Спасский, 1851-1853 жж. С.И.Гуляева, 1877 ж. К.Ритер, 1883-1885 жж. Н.М.Ядринцев, 1883-1916 жж. А.В.Адриановтар зерттеген болатын, Зерттелген аймақтар Ертістің жоғарғы ағысы, Бұқтырма, Марқакөл, Қалжыр, Ұлан ауданының маңы, ішінара Күршім, Зайсан аудандары (Рогожинский, 2018:120).

Байқап қарасақ, Қазақстан территориясында петроглифтерді зерттеуде оңтүстік және шығыс аймақтар үлкен рол атқараған. Бүгінгі күннің өзінде оңтүстік және шығыс аймақтар аса маңызды болып келеді. Осы уақытта Қазақстан территориясы бойынша петроглифтерді зерттеу үш аймаққа бөлінеді Олар: Шығыс (Оңтүстік Алтай, Тарбағатай аудандары), оңтүстік (Жоңғар, Солтүстік Тянь-Шань, Қаратау, Шу-Іле тауы, Іле Алатауы), орталық (Балқаш төңірегі және Ұлытау аудандары). Оның өзіндік себептері бар. Тақырып арнасы территорияға келіп тұрғандықтан оған назар аудары кетсек.

Қазақстан Орта Азиядағы территориясы жағынан ең үлкен аумақты алып жатқан мемлекет екені белгілі. Шығысында Ертістен, Алтай тауларынан, батысы – Еділ өзенінің төменгі ағысынан Каспийге дейін, солтүстігі Батыс Сібір жазығынан Оңтүстіктегі Тянь-Шань тауларынан дейін алып жатқан республика аумағында әсіресе, Қазақстанның оңтүстік, оңтүстік- шығыс, территориялары алып таулар массивін құрайды. Атап айтар болсақ: Қаратау, Шу-Іле тауы, Іле Алатауы, Жоңғар Алатауы, Тарбағатай, Алтай таулары жалғаса орналасқан қорғанды таулар тізбектеле келеді. Сондықтан да бұл таулы аймақтардың сілемдері мен жазықтарында, алқаптарында өзен-көлдерінің айналасында тасқа салынған, әр уақыт кезеңіндегі петроглиф-суреттер де көптеп кездеседі. Соған байланысты осы аймақтар нақты зерттеу нысанасына (шығыс және оңтүстік) айналған. Ал Қазақстанның батыс, солтүстік аймақтары, петроглифтер тарихнамасындағы кейінгі уақытқа, мола-зират қабырғаларына салынған бейнелер болып табылады. Оны А.Г. Медоев оғыз-қыпшақ және адай дәстүрлеріндегі петроглифтер десе, З. Самашев этнографиялық сипаттағы тас-бейнелер деп қабылдайды.

Ал енді Қазақстан территориясындағы петроглифтерді зерттеу Кеңес дәуірі кезінде де оңтүстік аймақтан басталды. Анығына келген де, 1957 жылы А.Г. Максимованың жетекшілігімен Оңтүстік Қазақстанның археологиялық экспедициясының Жетісулық отряды, қазіргі кездегі ЮНЕСКО көлеміндегі әлемдік мұралар тізіміндегі Тамғалы алқабын алғаш зерттеген болатын. Ал Қазақстанның Шығыс аймақтарындағы петроглифтер мүлдем ғылыми түрде зерттелмеген. Себебі, кеңес саясатының біздің тарих үшін, бір қырының солақайлығы осы тұсында болған деген болжамдар бар. Екінші жағанан Кеңес зерттеушілері Қазақстан территориясындағы Шығыс аймақты жалпы Сібірлік деңгейде қарастыру мүмкін. А.Г. Максимова, А.С. Ермолаева, А.Н.Марьяшевтар, Қазақстан территориясындағы түркі петроглифтерің зерттеу жаңа басталап келе жатқан туралы айта келіп, олар көп жағдайда өз зерттеулерінеде Тамғалы алқабындағы, тас бейнелер жайлы зерттеп ғана

жазғанды. Сонымен бірге, зерттеулердегі салыстыру Тува және Сібір жерлерінде петроглифтермен қатар жүргізілген болатын.

Петроглифтерді зерттеуде, жалпы археология үшін де, кеңес дәуірі, жалпы Ресей үшін Сібір аймақтарының маңызы зор болды. Осындай мақсатта кеңес дәуірінің петроглифтерді ғылыми зерттеудің атасы саналатын П.А.Окладников еңбегі зор болатын. Петроглифтерді зерттеу алғашқыда тек мәліметтер беру қызметін атқарса, кеңес дәуірі кезіндегі П.А.Окладников петроглифтерді зерттеуді ғылыми жолға десек артық болмас. Оның анық дәлелі ретінде «Петроглифы Центральной Азии», «Конь и знамя на Ленских писаницах», қос авторлық деңгейдегі «Соковница Томских писанц. Наскальные рисунки эпохи неолита и бронза» және көптеген петроглифке байланысты ғылыми монографияларын айтуымызға болады.

Сондай-ақ А.Г. Медоев. «Графюры на скалах» еңбегі петроглифтер әсіресе Қазақстан петроглифтер тарихын тыңғылықты зерттей келе, олардың хронологиялық кезеңдерін ашып, әр дәуірдің туындыларына мазмұндама берді. Автор атаулы еңбекте Қазақстан тас-суреттерін бейнелеу тұрғысынан қарастырады және олардың мәніне көңіл бөледі. Сол сияқты Максимова А.Г., Ермолаева А.С., Марьяшев А.Н. «Наскальные изображения урочища Тамгалы», Максимова А.Г. «Наскальные изображения ущелья Тамгалы», Мартынов А.И. «Современное общество и памятники наскального искусства», Мартынов А.И. «Как мы распоряжаемся археологическим историко-культурным наследием?», Марьяшев А.Н., Горячев А.А. «Наскальные изображения Семиречья» Я.А. Шер «Петроглифы Средней и Центральной Азии» сынды ғылыми танымдық ізденістерді атап кетуге болады (Самашев, 2000:45).

Бүгінде Қазақстанда петроглифтерді зерттеу петроглифтану ұғымына айналып келеді. Оның көрнекті өкілдері: З. Самашев С. Мұрғабаяев, В.А. Новоженев, И.В. Швец, Ж.М. Жетібаев, С.А. Потапов, А.Е. Рогожинский және А.А. Горячев т.б деп білеміз.

Жалпы, Қазақстан территориясындағы петроглифтерді зерттеу бағыттарына қарай, бірінші, тас ғасыры және қола дәуірі кезеңдері, екінші ортағасыр петроглифтері бірі – сала жүйесін құраса, ал этнографиялық петроглифтер жеке қаралады. Бұл З. Самашевтің бүгіндегі типологиялық және хронологиялық зерттеу анықтамасы. Ал А.Г. Медоев өз зерттеуінде: алғашқы тас ғасыры, кейінгі тас ғасыры, неолит, қола дәуір, ежелгі көшпенділер және орта ғасыр көшпенділері деп қарастырады.

Алғашқы тас ғасырында тастағы бейнелердің басты көріністері аңдар мен аңшылар болды.

Аңдар жеке түрде бейнеленді. Қазақстан территориясындағы тас ғасырындағы бейнелер жөнінде былай айтылады: «Тас дәуірінің аяқ кезіндегі шығармалар қисапсыз петроглифтер құрамынан жоғарғы палеолит замандағы фауналық комплекске жататын хайуантардың иконографиялық үлгілерімен айрықшаланды. Мұз дәуірінің аяқ шеніне қарай мүйізтұмсық алғашқы бизон мен алғашқы сиыр тұқымдас жануарлардың (турдың) құрып бітуіне байланысты Сарыарқаның тас дәуірінің аяқ кезіндегі өнер дәстүрі де үзілді. Бұл кезеңдегі бейнелерді Саяқ мәдениетіне телеуге болады. Олай болатын себебі осы аймақта тас дәуірінің аяқ кезінің өзге мәдениет үлгілері мәлім бола қойған жоқ, шығармалар стилин натурализм мен схематизм элементтерінің жымдасқан қоспасы деп айтуымызға болады» (Самашев, 2000:125).

Бірнеше мыңжылдық үзілістен кейін Қазақстан территориясы үшін жаңа тас дәуірі басталды. Ол тас дәуіріндегі көріністер аңшылар қауымы болды. Олар аңшылық дәстүрді құра отырып, соларды бейнелеумен қатар жануарлар бейнелерін ғаламдық аңыз желісіне арқау еткен. Сонымен бірге, жануарларды салудың бір ерекшелігі мал тәңірі, желеп-жебеуші қызметі тұрғысында еді. Осыдан барып, бізде дүниетанымдық түсініктермен пайымдау басталады. Бәлкім, сол дәуірді біз айтқандай, ғаламдық аңыз немесе аңдардың желеп-жебеушісі тұрғысында салынбаған да шығар. Бірақ, біз тарих жолымен, үзіліп қалған немесе жалғасқан мәдениеттерден бізге жеткен, ортақ келісімді айтылған дүниетанымдық түсініктерге, тұжырымдарға арқа сүйейміз.

Қола дәуірінде петроглифтер екі түрлі дәстүр арқылы көрініс береді. Біріншісі тас ғасырынан жалғасқан аңдар мен адамдар болса, екіншісі–біздің эрамызға дейінгі II мың жылдықтың екінші жартысына қатысты әскери күймелер бейнелері бар көріністер.

Бірінші дәстүр, аңдардың салуды жалғастырумен қатар, адам бейнесі антропоморфтық кейіпте болып келеді. Оның дәлелдері: Қазақстан жеріндегі Саймалы-таш, Тамгалы, Ешкіөлмес аңғарлары және Қойбағар, Арпаузен атыраптары. Ал бейнелік атаулары өзімізге мәлім: Күн басты Күн құдайы, Күн құдайы бұқа үстінде атты т.б антропоморфтық тастағы бейнелер.

Екінші дәстүр –күймелер дәстүрі. Ол жөнінде Ұлттық энциклопедияда: «Көптеген әскери қос атты күймелердің бейнелері күн культімен (табынумен) тығыз байланысты. Б.ж.б. 2-мың жылдықтың ортасына қарай далалық Еуразияның қола дәуірі тайпаларында әскери күймелердің культі дамыды. Көне үндіарийлердің қасиетті жазбаларында айтылатындай қоғамда күймелер кастасы ерекше

артықшылықтарды пайдаланды. Петроглифтердің тұтас бір бөлігі ежелгі жылқышылардың өмір салттарымен және мифтік-ғұрыптық кешендерімен байланысты. "Сейминдік-турбиндік" деп аталатын стильдегі жылқылардың кескіндері анағұрлым көп ұшырасады, мұнда бұл жануарлар үлкен кеуделерімен, әсем құйрықтарымен, сонымен бірге бастарының белгілі бір түрімен бейнеленген. Кей жағдайларда ғана жылқы жалдары күзелген түрде берілген. Қола дәуірінің суреттерінде жаяу және салт атты садақшылар бейнеленіп, аңшылық дәстүрлері көрініс тапқан», - деп жазылған (Ұлттық энциклопедия, 2006: 219).

Аңшылық дәстүр, петроглифтерде, әсіресе бейнелеу өнерінде үлкен бір жетістікке, жаңа бір түрге ауысты. Ол сақтар заманындағы аң стильі немесе скифтік-сібірлік хайуанаттық стиль деп аталған кескінді бейнелер болып табылады. Еліктің, бұғы-маралдардың мүйізді бейнелері мен қабыланның еркін де, серпінді күштілігін паш ететін көріністер, ежелгі көшпелі халықтардың төл туындыларына айналғандай.

Жоғарғыдағы аталған кезеңдердегі, петроглифке қатысты дәуірлердің қай-қайсысын алмасак та, хайуанаттармен байланысты келеді. Аңдарды тас бетіне салудың не болмаса белгілі бір материалдарға, металдарға мүсін түрінде бедерлеп, оймыштап жасаудың мәні қаншалықты болмақ. Біріншіден, адамдардың аңдар мен жануарлар бейнелерін салуы алғашқы кезде тіршілік көзі үшін оларды аулау болса, екіншіден бара-бара өз айналасындағы тіршілік иелеріне көңіл бөліп, олардың қасиеттеріне қарай пір тұтты. Үшіншіден, жануарларды өз қажеттіліктеріне жарата бастады. Әсіресе, көшпелілер жылқыны қолға үйретіп, өз жанында ұстады, қажет болғанда әскери мұқтаждықтарына пайдаланды. Оның дәлелі қола дәуіріндегі әскери күймелер болғандығының айттық. Төртіншіден, қоршаған ортадағы аңдарды, ауызекі әңгіме түрінде аңыз, миф арқылы ғаламдық түсініктеріне арқау етті.

Ал түркі тас-петроглифтері, ол өзгеше сипатты көрсетеді. Онда арғымақ мінген ер жүрек сарбаздар мен қайратты бекзадалардың көрінісі басым. Ішінара аңшылық дәстүрдегі қосарланған түрде, аң стильінің жалғасын тапқан бейнелер де бар. Түркі дәуіріндегі аң стильі жөнінде З. Самашевтің мына дерегін келтіре кетейік: «Графическое искусство эпохи средневековья, сохраняя по форме и содержанию некоторые черты искусства эпохи ранних кочевников (например, чрезвычайная экспрессивность и др.) выработало для себя наиболее лаконичный стиль и изобразительный прием в передаче контура изображаемого зверя, т.е. своеобразный канон», - дейді (Самашев, 2000:34). Соған қарағанда түркі дәуіріндегі аңдарды бейнелегенде аң стильін толық қайталамаған, өздерінше түр берген. Және түркі дәуіріндегі келесі бір басты көріністердің бірі - Ұмай-ана атты тастағы суреттер. Ұмай-ана қола дәуіріндегі Күн құдайы және бұқа үстіндегі Күн құдайы атты тас бейнелермен мағынасы бір, мазмұны тереңде. Сонымен қоса түркі заманында таңба бейнелі тастағы көріністер ұшырасып отырады. Нақты тақырып түркі петроглифтері болғандықтан біз бұларға жеке тоқталамыз.

Петроглифтер тарихына қатысты болғандықтан және жартас бетіндегі суреттердің соңғы кезеңі болып табылатын, этнографиялық тұрғыдағы бейнелі тас беті суреттерін де айта кетуіміз шарт. Оларды кейде, оғыз-қыпшақ және адай дәстүрлеріндегі тас суреттер деп те атайды. Осы кездегі этнографиялық петроглифтер жартас қабырғаларынан бөлек молалардың, мазарлардың қабырғаларына да салына бастады. Этнографиялық деу себебіміз, жәдігер құралдардың көрінісі көп салынғандығынан. Мысалы: қару-жарақтардың толық көріністері салынған құлпы тастағы бейнені айтуымызға болады. Жоғарғыдағы түркі дәуіріндегі тас бейнелер этнографиялық тұрғыдағы петроглифтерге өзінше әсер береді. Түркі заманындағы тас бетіндегі суреттердегі аттылы және жаяу жауынгерлер, олардың сауыт-саймандары және қару – жарақтары, аттардағы әшекейлі бейнедегі бұйымдар этнографияға тікелей әсер берсе, ал таңбалар болса, ру-тайпалардың, ел билеушілердің, айрықша белгілері ретінде танылмақ.

Біз Қазақстан территориясындағы петроглифтер турасында, он бес мың ғасырлық тарихы бар деректерді қысқаша тарқатық. Петроглифтер тарихына тоқталудың маңыздылығы біріншіден, тас суреттердегі кезеңдерді жеке қарастыру арқылы ершеліктеріне тоқталамыз, оларға сипаттамалар береміз. Мысалы: әр дәуір уақыт кездеріндегі хайуанаттардың салыну ерекшеліктері, олардың орындалу. Ал ең бастысы петроглифтердің сабақтастық негізіне бойлаймыз, яғни ол дүниетанымдық деп аталатын аяда болмақ. Мәселен, петроглифтер туралы алғашқы деректер орта ғасырдағы шығыстың жұлдызы әл-Бирунидің еңбегінде жазылған. Онда оғыз -қимақтардың жерлеріндегі таудағы таңба-суретке табынатын жергілікті тұрғындар жайлы жазылады. Осы петроглиф-суретке табынатын халықтар туралы Казвини де жазады. Жоғарыда жазған әл-Бирунидің де, Казвини де деректеріндегі табынған тас-суретте не бейнеленген? Соншалықты табынатындай не болмақ?! Ондағы тастағы бейне ол – сәйгүліктің, арғымақтың тұяғының таңбасы ғана болған. Сонда сол

кездегі халықтардың сенген, табынған ізеті тастағы жылқы малының аяғының ізі. Біз жоғарыда петроглифтердің салынып басталуының өзі аңдарды бейнелеу екендігін айттық. Қазақстан территориясы үшін жаңа тас дәуірі болған заманда аңдар мен жануарларды өздерінің мал тәңірі, желеп жебеушісі деп жазғандарын да келтірдік. Сонда петроглифтер кезеңдеріндегі сабақтастық – дүниетаным деп аталатын жағдайына өздігінен алып келеді. Бұл жерде сонау тас заманынан және орта ғасырдағы қимақтар дәуірімен салыстыру емес, дәстүрдің қимақтар дәуіріне дейін жеткен түрін, қалпын айтамыз. Бірақ сабақтастық негіз өзгермейді, ол – малды немесе анды пір тұту. Әлде қандай жаңа тас заманында аңдардың бейнесін тікелей салса, өздерінше ол салынған келбетті қорғаушы, мал тәңірі деп қараса, мысалы: хайуанаттың түр тұлғасын тас бетіне қашап, жағынды түрде бейнелеп салу, ал оғыз-қыпшақ кезінде тек малдың дене тұрқын салмай, тұяғының ізін ғана салу, адамзат тарихында, мәдениетінде дүниетанымдық болмыстың өзгергенін, жаңа формасының қалыптасқаны деп айтуымызға болар. Қалай болған жағдайда, болмыс уақыт өте келе күрделене бермек пе? Жоқ әлде, алғашқы кезді, күйді қайтадан жаңартқанда өзгеріске түсе ме? Бастапқы күй, негіз сол жағдайында қалар, ал оны қабылдау формасы өзгереді, жаңарады. Бұның барлығы өз уақытында күрделеніп дүниетанымға әсерін тигізбей қоймайды деп ойлаймыз. Бұл жоғарғыдағы жаңа тас заманы мен қимақтар дәуірлерін, хайуанаттардың бейнесін салудағы салыстыру емес дегенде осыны ескергенбіз.

Петроглифтердің дүниетанымдық турасындағы тарихнамасына қысқаша тоқталудағы маңыздылық, ол петроглифтер деп аталатын құпиясы, сыры өз бойында болатын және оның ішкі мазмұнын дүниетанымдық негізден ғана аңғартынымызды білдік. Ол бір ғана жағынан тұйықталып келмейді. Онда аңшылықтан туындаған аңдар бейнесін салудан басталған қарапайым түсініктен, сол салынған аңдар бейнелерін ғаламдық шешімдерге жеткізу. Бірақ бұның өзі де бір жақтылық болып қалады. Жай ғана қарпайым аттың өзін салу мен оның тек тұяғының ізін бедерлеудің өзі күрделенген болмысқа жетелейді. Тұлпар тұяғының бедерленіп салынудың өзі, түркі дәуіріндегі таңба жүйесінің құрылуына әсер еткен және ол өз алдына жеке мәселе деп білеміз. Ал, сол сәйгүлік атты құрбандыққа шалу немесе құрбандыққа шалу арқылы табыну кезін бейнелейтін және осы құрбандық немесе табыну рәсімінен кейінгі адамдардың іс-әрекет бейнелері, тағы өз алдына дүниетанымдық деңгейге алып келсе, сол дүниетанымды пайымдауы, түсінгені жөнінде сайыс пен би түрі арқылы петроглифтерде айрықша бейнеленген. Сонда петроглифтердің, жартас бетіне салынған көріністерінің салмағы, мәні біліне түсер.

Петроглиф бейнелер мен мифтік аңыз-әңгімелердің өзара байланысып келуі бұл екі атаудың құпия түрде тоғысуы деп түсінуіміз керек. Қытай жазуларының, кезіндегі мысыр, вавилон жазуларының құпия түрдегі атауы иероглиф деп аталады. Осы «иероглиф», «петроглиф», «миф» сөздеріндегі «-иф» жалғауы, бізге беймәлім тілдің өзінде «құпия» деп аталар, әйтпесе, мағынасы жағынан құпиялылығы, тылсымдығы бірдей. Оны шешу үшін – танымдық үрдіс қажет.

Петроглиф бейнелердің мифтік аңыз-әңгімелермен ұштасуы, тас суреттердегі көріністерді құрылымдық жүйеге апарарды. Құрбандық және табыну рәсімінен кейінгі немесе аңдар бейнелерін ғаламдық шешімдерге жеткізу мифпен байланысып, өз жауаптарын табады. Петроглиф бейнелері мен мифтік аңыз-әңгімелердің аралысып келуінің өзі жеке алдына дүниетаным жүйесі болып қалмақ. Және миф пен петроглифке көшпенділер дүниетанымды қосылса, онда мәселе басқаша болары хақ. Дегенмен де, Қазақстан территориясында петроглифтер бедерленіп салыну тарихы мен мифтік аңыз-әңгімелер тек көшпенділер дүниетанымынан келген. Алғашқы да аңшылық дәстүрі болған күннің өзінде де, жартас бетіндегі сурет салу тарихы көшпенділер жолына қарай сараланған. Құрбандық және табыну рәсімі – көшпенділерге тән құбылыс, танымдық үрдіс. Мысалы, қола немесе сақтар дәуірі кезінде күнге табыну петроглифтерде күн белгісі немесе күн құдайы арқылы бейнеленсе, миф күн және аспан әлеміндегі аңыз әңгімелерді топтастарарды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Медоев А.Г. Гравюры на скалах. Сары Арка, Мангышлак. Часть первая. – А.: Жалын. 1979. - 169 ст.
- 2 Кубарев Г. В. «Древнетюркские изваяния из Алшьякты, Центральный Алтай: о женских образах в тюркском монументальном искусстве». Археология, этнология и антропология Евразии 45 (1): 2017. 93-103.
- 3 Бичурин Н.Я. (Иакниф) Собрание сведений о народах, обитавших в средней Азии в древних временах. –А.: Жалын, 1998. 390 ст.
- 4 Бартольд В.В. Тюрки: Двенадцать лекции по истории турецких народов Средней Азии. – А.: Жалын, 1998. - 192 бет.
- 5 Уәлиханов Ш. Таңдамалы. 2-бас. –Алматы: Жазушы, 1985. -181 бет.
- 6 Reich, Ina and Emily Chalmin. «Synchrotron Radiation and Cultural Heritage: A Combined XANES / XRF Study at the Mn K-Edge of Blue, Gray, or Black Paleontological and Archaeological Bone Material» Journal of Analytical Atomic Spectrometry 2008. 23 (6), 799-806 24.

- 6 Сапашев О.С., Алексеев В.Н., Самашев З.С. Шығыс Қазақстанның мәдени мұралары. -Өскемен: С. Аманжолов атындағы ШҚМУ баспасы. 2006. -146 бет.
- 7 Рогожинский А.Е., Тишин В.В. Древнетюркские рунические надписи и их археологические контексты в горах Кулжабасы // Археология Казахстана №1-2., 2018 С. 143-163
- 8 Самашев З. Петроглифы Казахстана. – А.: 2006. 200 ст.
9. Қазақстан. Ұлттық энциклопедия. / Бас ред. Б. Аяған. –А.: Қазақстан энциклопедиясы, 2006.-8 том. 219 бет.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА ПРЕЗИДЕНТТІК БАСҚАРУ ФОРМАСЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Ещанова Асыл Меретовна

*тарих пәні мұғалімі, магистр «№2 жалпы білім беретін мектеп» КММ
(Маңғыстау облысы, Мұнайлы ауданы) E-mail: balausa.83@mail.ru*

Арнайы саяси ұйым ретінде белгілі бір мемлекеттің толық сипаттамасын алу үшін оның барлық белгілерінің жиынтығын талдап, олардың ішіндегі ең маңыздыларын бөліп алу қажет. Соңғысына мемлекеттік биліктің жоғарғы органдарының құрылуы мен ұйымдастырылу тәртібін, немесе басқаша айтқанда, басқару нысанын сипаттайтын белгілер жатады.

Мемлекет формасының бұл жағы елдің мемлекеттік билігінің жоғарғы органдарының құрылымы мен өкілеттіктерімен, олардың құрылу тәртібі мен бір-бірімен қатынастарымен және халықтың осы органдарды құруға қатысу деңгейімен және олар қабылдаған шешімдерге әсер етуімен анықталады. Басқару нысаны сәйкесінше қоғамның әлеуметтік және саяси күштерінің күрес және өзара әрекеттесу процесінде қалыптасады.

Басқару нысаны мемлекеттің ұйымдастырылуы мен қызметін конституциялық-құқықтық реттеуді зерттеу үшін принциптік маңызы бар. Бұл, мысалы, егемендік немесе демократия сияқты теориялық, дерексіз ғылым категориясы ғана емес, оның кілті арқылы біз тиісті мемлекеттің конституциясында белгіленген мемлекеттік басқару органдарының белгілі бір жүйесінің мағынасын ғана түсінеміз.

Аграрлық жүйе кезінде басқару формасының мәні тек мемлекет басшысының позициясы – мұрагерлікпен немесе сайлаумен қалай ауыстырылатындығын анықтауға дейін азайтылды. Феодализмнің ыдырауымен және монархтар билігінің әлсіреуімен, халықтық өкілдіктің пайда болуымен және күшеюімен бірге индустриялық жүйеге көшу кезінде басқару нысандары байи бастады: ең маңыздысы - бұл елдегі мұрагерлік немесе сайланған мемлекет басшысы емес, мемлекет басшысы арасындағы қатынастардың қалай ұйымдастырылғандығы, парламент, үкімет, олардың өкілеттіктері өзара теңдестірілген – бір сөзбен айтқанда, өкілеттіктер қалай бөлінеді.

Басқару нысаны - бұл мемлекеттік органдардың құрылымы мен құқықтық мәртебесімен шартталған мемлекет мазмұнының сыртқы көрінісі.

Басқару нысаны деп оның формальды қайнар көзімен сипатталатын биліктің ұйымы, яғни белгілі бір мемлекетте билікті иемденетіндер түсініледі. Алайда, кейбір заңгерлер бұл анықтамаға мемлекеттік органдарды құру процедурасын және олардың халықпен өзара әрекеттесу тәртібін қосқан жөн деп санайды.

Басқару нысандары елдегі билік басындағы адамға тиесілі, сонымен қатар ұлт символы болып табылады ма, немесе ол әртүрлі демократиялық институттардың (өкілді билік, референдум және т.б.) көмегімен жүзеге асырылатындығына байланысты ерекшеленеді. Осыған орай, барлық мемлекеттер басқару нысаны бойынша монархиялық басқару мен республикалық басқару деп бөлінеді.

Басқару нысаны мынаны түсінуге мүмкіндік береді:

- мемлекеттің жоғарғы органдары мен олардың құрылымдарына қарай;
- жоғары және басқа мемлекеттік органдар арасындағы ықпалға қарай құрылады;
- республикадағы мемлекеттік билік пен ел тұрғындары арасындағы байланыс қалай құрылады;
- мемлекеттің жоғарғы органдарын ұйымдастыру азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз етуге қаншалықты мүмкіндік береді.

Осы белгілері бойынша басқару нысандары:

- монархиялық (абсолютті, конституциялық)
- республикалық (президенттік, парламенттік)

Грек тілінен аударғанда (монархна) самодержавие, самодержавие дегенді білдіреді. «Құл иеленуші мемлекеттерде ол негізінен шексіз деспотизм, кейде теократия ретінде әрекет етті. Алайда, қазір ол әдетте шектеулі, конституциялық монархия түрінде болады: монарх билігі конституция

негізінде шектелген, т.а. заң шығару функциялары парламентке, атқарушы үкіметке беріледі», бірақ заң жүзінде монарх атқарушы биліктің жеткізушісі болып саналады (Маклаков, 1992:96).

Қазіргі мағынада монархия - бұл біреудің күші ғана емес, мұрагерліктің күші. Монарх «жоғарғы билікті мұра бойынша әкесінен, нағашысынан, атасынан алады және оның билігінің нәтижелері үшін ешқандай жауапкершілік көтермейді. Елде бар заңдар ешқандай жағдайда монархты биліктен кетіруді көздемейді. Азаматтар өз патшасын құрметтеуге, сүйуге, сондай-ақ оның барлық нұсқаулары мен бұйрықтарын бұлжытпай орындауға міндеттенеді».

Тарихтан белгілі, кейде сайлаулар (әрине, танымал емес), көбінесе зорлық-зомбылық, кездейсоқ шақырулар нәтижесінде феодалдар монархтар болып, өздері мен ұрпақтары үшін тағына ие болды. Монархиялық мемлекеттердің қазіргі конституцияларының көпшілігі осыдан шығады.

Монархия - бұл оған сәйкес мемлекеттегі жоғары билік мемлекет басшысының функцияларын және көп жағдайда басқа өкілеттіктердің - заң шығарушы, атқарушы биліктің функцияларын біріктіретін және бір адамға - монархқа тиесілі басқару нысаны.

Классикалық монархиялық басқару формасының негізгі белгілері:

- өз билігін өмір бойына жүзеге асыратын жалғыз мемлекет басшысының болуы (король, король, император, шах);
- жоғарғы биліктің мұрагерлік тәртібі;
- монарх мемлекетінің өз қалауы бойынша өкілдігі;
- монархтың заңды жауапсыздығы.

Монархия құлдық қоғамда пайда болды. Феодализм кезінде ол басқарудың негізгі формасына айналды. Буржуазиялық қоғамда монархиялық басқарудың дәстүрлі, көбіне формальды белгілері ғана сақталды.

Өз кезегінде монархия:

- абсолютті
- шектеулі (парламенттік, конституциялық)
- дуалистік
- теократиялық

Республикалық басқару нысанының жалпы белгілері:

- жалғыз және алқалы мемлекет басшысының болуы;
- мемлекет басшысының және басқа да мемлекеттік биліктің жоғарғы органдарының белгілі бір мерзіміне сайлау;
- мемлекеттік билікті өз күшімен емес, халықтың атынан жүзеге асыру;
- заңда көзделген жағдайларда мемлекет басшысының заңды жауапкершілігі;
- жоғарғы мемлекеттік биліктің міндетті шешімдері (Маклаков, 1999:45).

Республикалық басқару нысаны Афина мемлекетінде түпкілікті қалыптасты. Қоғамдық өмір дамыған сайын ол өзгеріп, жаңа ерекшеліктерге ие болды және барған сайын демократиялық мазмұнмен толықты.

Республика - бұл ең демократиялық басқару түрі, өйткені ол биліктің кез-келген тармағының, оның кез-келген жоғарғы органдарының, соның ішінде мемлекет басшысының өкілеттігі, сайып келгенде, халықтың мандатына негізделген деп есептейді.

Республикалық басқарудың бірнеше негізгі түрлері бар. Өз кезегінде олар басқару нысаны бойынша бөлінеді:

- парламенттік;
- президенттік;
- аралас (жартылай президенттік).

Президенттік республика – бұл парламентаризммен қатар, президенттің қолындағы мемлекет басшысы мен үкімет басшысының өкілеттіктерін біріктіретін қазіргі заманғы басқару түрінің бірі.

Президенттік республиканың ең тән белгілері:

- президентті сайлау мен үкіметті жасақтаудың парламенттен тыс әдісі;
- үкіметтің парламент алдындағы емес, президент алдындағы жауапкершілігі;
- парламенттік республикаға қарағанда мемлекет басшысының кең өкілеттіктері.

Президенттік (латын президенттері - сөзбе-сөз алдыңғы жағында отыратын) республикада халық мемлекеттік биліктің жоғарғы заң шығарушы органын ғана емес, сонымен бірге мемлекет басшысын - президентті де сайлайды, ол сонымен бірге атқарушы биліктің басшысы болып табылады. Мұндай республикалардағы президенттің парламенттік республикаларға қарағанда іс-әрекеті мен парламенттен тәуелсіздігі үлкен тәуелділікке ие.

Алайда, мұндай құрылымы бар мемлекеттерде мемлекеттік биліктің алқалы өкілді органдарының өкілеттіктерін тарату немесе шектеу, саяси партиялардың қызметін тоқтата тұру, азаматтардың саяси және жеке құқықтары мен бостандықтарын шектеу дегенді білдіретін диктатура түріндегі авторитарлық режимді орнатудың объективті жоғары ықтималдығы бар. Бұған жол бермеу үшін билік тармақтары арасында тепе-теңдік деп аталатын принципке негізделген күрделі қатынастар жүйесі бар. Мұның қалай көрінетінін қарастырыңыз (Дюверже, 2000: 86).

Әдетте алқалы орган ретінде үкімет жоқ, министрлер әрқайсысы президентке бағынады. Судьяларды атқарушы биліктің жоғары лауазымды адамдары ретінде президент парламенттің жоғарғы палатасының келісімімен тағайындайды, бұл кандидаттардың саяси жүзіне емес, олардың құзыреті мен адамгершілік қасиеттеріне негізделеді. Президент өзі тағайындаған министрлер мен атқарушы биліктің басқа лауазымды адамдарын қызметінен босата алады: оны жұмыс істей алмайтын және қаламайтын адамдармен жұмыс істеуге мәжбүрлеу мүмкін емес.

Бұл басқару формасының басты ерекшелігі - атқарушы биліктің парламент алдындағы саясаты үшін жауапсыздығы. Парламент өзінің лауазымды адамдарын заң бұзбаса, орнынан ала алмайды. Олардың қызметі үшін оларға парламенттің саяси сенімі қажет емес. Сондықтан президенттік республикаларда біз президенттің бір партияға тиесілі екендігімен сипатталатын жағдайды жиі байқаймыз, ал екіншісі парламентте көпшілікке ие. Соған қарамастан, олар ынтымақтастыққа мәжбүр, өйткені билік тармақтарының ешқайсысы конституциялық жолмен екіншісін жоя алмайды (атқарушы және сот органдарының лауазымды адамдарын парламент импичмент деп аталатын жолмен шығарып салуы, егер осы адамдар ауыр құқық бұзушылық жасаған болса ғана орын алуы мүмкін).

Шектеу мен теңгерімсіздік, атап айтқанда, президенттің парламент қабылдаған заңдарға тоқтата тұрған вето қоюынан көрінеді, сол арқылы парламенттің заң шығарушылық қызметін «баяулатады», оны парламенттің екі палатасы депутаттарының білікті көпшілігі жеңе алады. Анау. депутаттар президенттің импичментін жариялай алады (ағылшын импичменті - қызметінен мерзімінен бұрын босату), оның қызметіне сот бақылауы және т.б.

Парламенттің жоғарғы палатасы президенттің лауазымды адамдарды тағайындауына кедергі бола алады және сонымен қатар, президент жасасқан халықаралық шарттарды ратификациялай алады (және оны жоққа шығара алады). Сот билігі парламенттің де, президенттің де конституцияға сәйкестігін қадағалайды, сол арқылы заң шығарушы және атқарушы биліктің заң үстемдігін қамтамасыз етеді (Дюверже, 2000: 37).

Президенттік республикалар Латын Америкасында кең таралған. Бұл басқару түрі Азия мен Африканың кейбір елдерінде де кездеседі. Рас, кейде бұл елдерде мемлекет басшысының күші іс жүзінде конституциялық шеңберден асып түседі (тежеу мен тепе-теңдікке қарамастан), және, атап айтқанда, Латын Америкасындағы президенттік республикаларды зерттеушілер суперпрезиденттік ретінде сипаттады. Соңғы 10-15 жылда бұл елдердің көпшілігінде жағдай өзгеріп, конституциялық стандартқа жақындай бастады.

Қазақстан мемлекет құрудың жеткілікті деңгейде ұзақ та қиын жолын артта қалдырды. Ел егемендігінің қалыптасуы республиканың КСР Одағы құрамында болған кезінен-ақ басталғанын атап айтқан жөн. 1985-1991 жылдар аралығында Михаил Горбачев КСРО басқарған уақытында өз басшылығымен жүргізген қайта құру саясаты айтарлықтай әлеуметтік-экономикалық өзгерістерге алып келсе де, оның ақыры сол кезде өмір сүрген партиялық-мемлекеттік жүйесі құлап, КСРО-ның ыдырауына соқтырды.

Қазақ елін бұданда маңызды оқиға 1993 жылдың 28 қаңтарында Жоғарғы Кеңестің Қазақстан Республикасының алғашқы Конституциясын қабылдағанын айтуға болады. Ол мемлекеттегі жоғарғы биліктің органдар жүйесі мен билік мүшелерінің арасындағы өзара ықпалдастық тәртібін орнатты. Сонымен бір мезгілде, жоғары мемлекеттік органдардың иерархиясында үстем орынды іс жүзінде республикадағы жалқы заң шығарушы және өкілетті орган болып табылатын Жоғарғы Кеңес иеленді. Президент сол Негізгі Заң шеңберінде атқарушы биліктің біртұтас жүйесіне басшылық жасауға көшті. Өз билігінің белгілі бір конституциялық шектеулеріне қарамастан, оның қолында өзінің мемлекеттің толыққанды басшысы ретінде іс-қимыл танытуына мүмкіндік беретін мәртебе мен өкілеттілік болды. Мәселен, Президент ел Қарулы Күштерінің Жоғарғы Бас қолбасшысы деп жарияланды, министрліктер мен мемлекеттік комитеттерді және басқа да ведомстволарды өз бетінше құрып, тарата алды, Қазақстан тарапынан халықаралық қатынастарда өкілеттілік етті, Қазақстан хал-қына Жолдаумен шығу құқын иеленді.

Қазақстандағы 1993-1995 жылдардағы саяси жағдайдың түрліше даму үдерістері мемлекеттік биліктің қос тармағы – заң шығарушы және атқарушы тармақтарының арасындағы қарама-

қайшылықтардың бірте-бірте өрістеуіне алып келді. Олардың әрқайсысы елде үстем жағдайға ие болуға тырысып бақты. Оның үстіне, саяси және әлеуметтік-экономикалық реформалар жүргізу тәсілдері мен қарқынына қатысты айтар-лықтай пікір қайшылығы көрініс берді. Осы сындарлы жағдайды еңсеру үшін 1993 жылдың қазан-желтоқсан айларында барлық деңгейдегі кеңестердің өзін өзі таратуы және 1995 жылдың наурызында республиканың Конституциялық соты заңсыз деп таныған Қазақ-стан Республикасының 13-ші шақырылымдағы Жоғарғы Кеңесін тарату жүзеге асырылды.

1995 жылдың 30 тамызында Қазақстан Республикасының жаңа Конституциясының қабылданып, мемлекеттің басқару жүйесін түбейгейлі өзертiп, қос палаталы Парламенттік Конституциялық Кеңес пен Жоғары Сот Кеңесі еңгізілді. Қазақстан Республикасы Президентінің мәртебесі мен өкілеттілігіне көптеген өзгерістер еңгізілді. Атап айтар болсақ, Президент - мемлекеттегі ең жоғарға басшы болып қоймай, биліктің барлық тармағының үстінен қарайтыны басқарушы болды. Сонымен қатар, Президент – Мемлекеттің барлық құрылымдарында өзінің ережелері мен ықпалын реттеуде қолдау көрсететін әр түрлі күшті механизмдерді қамтамасыз етті.

Осылайша Қазақстанда президенттік институт қалыптасты және тұрақтылығы орнықты болды. Институттық және конституциялық реформалар жүргізумен байланысты келесі жылдары Қазақстан Республикасы Президентінің мәртебесі артып, құзіреттілігі жыл өткен сайын тұрақтала бастады. Атап айтар болсақ, 2007 жылғы мамыр айында еліміздің Конституциясы өзгерістермен толықтырылды. Осыған сәйкес бұл заңнамалық бастаманы таныту құқын – Парламенттің тек төменгі палатасын және мәслихат депутаттарын тарату құқын ие болып, саяси партияларға мүше бола алатын да болды. Соңғы жағдай Нұрсұлтан Назарбаевқа «Нұр Отан» партиясының толыққанды Төрағасы атануға мүмкіндік берді. Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті ретінде оған 2012 жылдан бастап кезекті президенттік сайлауларға мерзімсіз қатысу құқы ұсынылды. Ал 2010 жылдың маусым айында егемен Қазақстанды құру мен дамытуға қосқан үлесі үшін Мемлекет басшысы Ұлт Көшбасшысы деген атаққа лайық деп табылды.

Қазақстандағы президенттік институттың әрі қарайғы перс-пективалары, республиканың сая-си жүйесін жаңа жаңғыртуларға дайындау мәселесін қоса алғанда, бірқатар факторларға байланысты болады. Осы жаң-ғыртулардың белгілі бір сұлба-ларын Мемлекет басшысы «Нұр Отан» партиясының 2015 жылдың 11 наурызында өткен XVI съезінде белгілеп берді. Бұл жерде әңгіме, бірінші кезекте, билік өкілеттіктерін Президенттен Парламент пен Үкіметке қайта бөлуді қарастыратын конституциялық реформаларды кезең-кезеңімен жүргізу туралы болып отыр. Әзірше, аталған реформалардың ықтимал жолдары мен нәтижелері пікірталас тақырыптары болып қалуда. Бірақ, көз көрер болашақта мемлекеттік биліктің жоғары институттары мен тұтастай алғанда, еліміздің саяси жүйесінің кескін-келбеті қалай түзілетініне қарамастан, олардың Қазақстанның әрі қарай да орнықты және дәйекті арнада дамуын қамтамасыз етулері маңызды.

Кейде біз қай мемлекетпен - монархиялық немесе республикалық - қарым-қатынас жасайтынымызды оңай анықтай алмаймыз. Сонымен қатар республикаларды (Мемлекет басшысы мерзімге сайланады) және монархияны (өзі монарх болуы керек) көреміз. Мысалы, Малайзияда федерация субъектілерінің бір бөлігі монархиялар, ал екінші бөлігі республикалар. Федерациядағы Мемлекет басшысы сайланған, бірақ оны Федерация субъектісінің монархтары өз ортасынан бес жылдық мерзімге сайлайды. Біріккен Араб Әмірліктеріндегі жағдай ұқсас.

Әрине, басқару формасы билік арасындағы қарым-қатынасқа үлкен әсер етеді. Бірақ тарихи тұрғыдан алғанда, алдымен басқару формасы пайда болды, содан кейін басқарудың бұл формасы Конституцияны құрайды, онда ол ең алдымен өзінің мүдделерін білдіреді және Конституцияда басқару формасының сипаттамасы осыдан туындайтын барлық салдармен белгіленеді.

Осыған байланысты кез-келген жіктеудің белгілі бір дәрежеде шартты екенін тағы бір рет еске түсірген жөн, және бүгінде белгілі бір мемлекеттің басқару формасын талдағанда, біз, ең алдымен, республиканың немесе монархияның қандай түріне қызығушылық танытпаймыз, бірақ республиканың немесе монархияның қандай түрі осында орнатылған, осы Мемлекеттің басқару формасын басқа (ұқсас) сорттардан ажырататын ерекшеліктер.

Президенттік Республикалық құрылым алғаш рет АҚШ-та 1789 жылы жүзеге асырылып, Вашингтон президент болып сайланды. Бүгінде дүние жүзінің көптеген елдерінде осы басқару жүйесі қабылданған. Президенттік Республикада президенттің өкілеттігі кең болады және ол мемлекетпен қатар атқарушы биліктің де басшысы, сондай-ақ бас қолбасшы болып табылады парламентті таратуға құқылы болып, заң күші бар актілер шығарады. Президент биліктің үш тармағын үйлестіруші рөлін атқарады. Сонымен қатар Президенттік билік өте күшті Республикаларда бар. (мысалы, Орталық Азия, Латын Америка мемлекеттері, т.б.) супер президенттік Республика деп аталады. Ал президенттік-

монокр. Республикада (кейбір Африка елдері) президент өмір бойына сайланады. Қазақстан тарихының өтпелі қиыншылықтары мен қажеттіліктеріне орай президент қолында күшті билік қалыптасқандықтан, Қазақстан да супер президенттік Республикалар қатарына жатады. Президенттік республикада президент парламенттен тәуелсіз сайланады (мысалы, Мексикада сайлаушылардың тікелей дауыс беру арқылы сайланса, АҚШ та жанама жолмен сайланады). Бірақ кейбір мемлекеттерде басқа ерекшеліктер бар, мәселен Суринам мемлекетінде парламенттің 2/3 бөлігінің дауыс беруі арқылы жүзеге асады, ал Мысыр елінде сайлаушыларға президент кандидатурасын парламент ұсына алады. Президент министрлерді тағайындайды, мысалы, АҚШта немесе Бразилияда президенттен бөлек басқа өкімет жоқ, өзінің келісім дауыстары бар президент кабинеті бар. Кейбір президенттік мемлекеттерде Президент премьер-министрді тағайындау құқығына ие. Бұл жағдайда премьер билігіндегі өкімет бар, бірақ билеуші болып президент болып саналады. Сонымен қатар, премьер де министрлер де парламент алдында жауапты болды болмайды және оларды ешкім отставкаға жібере алмайды. Бұл министрлер кабинеті президенттік сайлауда жеңген партиядан құрылады дегенді білдіреді, ал президент – осы жеңген партияның басшысы екендігін білдіреді, бірақ көптеген елдерде президент өзінің міндеттеріне көшкен кезде өзінің партиялық міндеткерліктерін алып тастайды. Президент билік мүшелерін таңдауда өз еркі бар және өз көзқарасы бойынша жүзеге асырады. Ереже бойынша министрлер өзінің іс әрекеттері үшін тек президент алдында жауап береді. Кейде конституция биліктің басшысы президент екенін анық түрде жариялайды, көп елдерде премьер-министр қызметі мүлде жоқ.

Президенттік республикада бөліп билеу болуы мүмкін. Ол билік партиясы мен парламенттің бос орындарының көпшілігінде оппозициялық партиялардың орынналасуы. Бұл жағдай бірнеше рет Коста-Рика, Венесуэла, АҚШ мемлекеттерінде орын алған. Алайда Бірақ мұндай жағдай Мексика елінде ешқашан болған емес, әлі күнге дейін Институционалдық-революцияшыл партияның ықпалы басқа партияларға асып түсіп, президенттік сайлауда жеңіп отырған.

Сонымен, қарастырылған материалға сүйене отырып, осы басқару нысандарының келесі айрықша белгілерін ажыратуға болады.

Парламенттік басқару формасы екі нұсқада бар - парламенттік монархия және парламенттік республика.

Парламенттік монархияда:

- үкімет парламенттік сайлауда көп дауыс алған белгілі бір партияның (немесе партиялардың) өкілдерінен құрылады;

- ең көп парламенттік орынға ие партияның көшбасшысы мемлекет басшысы болады;

- заң шығарушы, атқарушы және сот саласында монархтың билігі іс жүзінде жоқ, ол символикалық болып табылады;

- заңнамалық актілерді парламент қабылдап, ресми түрде монарх қол қояды;

- конституцияға сәйкес үкімет парламенттің алдында жауап береді (Бутенко, 1998:77).

Парламенттік республиканың құзіреттілігі:

- парламент немесе парламенттік алқа мемлекет басшысын сайлауға құқылы;

- мемлекет басшысының өкілеттіктері бар: заңдар шығарады, жарлықтар шығарады, үкімет басшысын тағайындайды, қарулы күштердің жоғарғы қолбасшысы және т.с.с.

- үкімет басшысын (премьер-министр, министрлер кеңесінің төрағасы, канцлер) президент тағайындайды;

- парламенттің негізгі қызметі - заң шығару қызметі және атқарушы билікке бақылау, сыртқы, оның ішінде қорғаныс саясатының негізгі мәселелері.

Президенттік құрылымның бір ғана түрі бар-президенттік республика.

Президенттік республика кезінде:

- Президентті сайлау мен үкіметті құрудың парламенттен тыс әдісі;

- Үкіметтің Парламент алдында емес, Президент алдындағы жауапкершілігі;

- Мемлекет басшысының өкілеттігі парламенттік республикаға қарағанда кеңірек (Великая, 2044:18).

Пайдаланылған әдебиет тізімі:

1 Современные зарубежные конституции - сост. Маклаков В.В., М., 1992, - 207 с.

2 Иностранное конституционное право- подред. Маклакова В.В., М., 1999, - 132 с.

3 Дюверже М. Политические институты и конституционное право. // Политология: хрестоматия // Сост. проф. М.А. Василек, доц. М.С. Вершинин. – М.: Гардарики, 2000. – 843 с.

4 Бутенко А.П. Социологические вопросы истории и теории тоталитаризма // Социологические исследования, № 6, 1998. 26-38 с.

ҚАЗАҚСТАНДА КӨПАРТИЯЛЫҚ ЖҮЙЕНІҢ ҚАЛЫПТАСУЫ

Бекниязова Ляззат Амангелдиевна

*география пәні мұғалімі, магистр «№2 жалпы білім беретін мектеп» КММ
(Маңғыстау облысы Мұнайлы ауданы) E-mail: balausa.83@mail.ru*

Қазақстан ыдыраудың соңына дейін Кеңес Одағын сақтап қалу үшін күресті. Бірақ республиканың бұл ниетіне одақта болып жатқан әлеуметтік-экономикалық және қоғамдық-саяси өзгерістер қарсы тұрды. Сондықтан Қазақстан да өзінің тәуелсіздігін жариялау шараларына кірісті. Атап айтқанда, Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі 1990 жылы 25 қазанда республикамыздың мемлекеттік егемендігі туралы Декларация қабылдады. Сөйтіп, бар әлемге Қазақстанның егемендігін жариялады.

Тәуелсіздік алу қазақстанда жалпы демократиялық процестердің барысын шапшаңдатты, мұның өзі елдегі болып жатқан оқиғалармен тығыз байланысты еді. Осы кезден бастап Қазақстан басқа республикалармен бірге іс жүзінде орталыққа қарсы оппозицияға айналды. Қазақстанның бастамасы бойынша Белоруссиямен, Украинамен, Ресеймен және басқа республикалармен бір-бірінің егемендігін, қалыптасқан шекараларды, орнатылып жатқан өзара пайдалы экономикалық байланыстарды мойындау туралы екі жақты келісімдер жасалды.

1990 жылы 25 қазанда республика Жоғарғы кеңесі Қазақ КСР-нің мемлекеттік егемендігі туралы декларация қабылдағаны жоғарыда айтылды. Егемендік алу Қазақстанда жалпы демократиялық процестердің барысын шапшаңдатты, мұның өзі елдегі болып жатқан уақиғалармен тығыз байланысты еді. Міне, осындай күрделі жағдайда Қазақ Мемлекетігі шеңберінде республикадағы жоғары атқарушы және билік жүргізуші өкімет басшысы ретінде Қазақ КСР-нің Президентіне жеткілікті өкілеттік беру қажеттілігі пісіп жетілді. Мұндай өкілеттіктер республика парламентінің 1991 жылы 20 қарашада қабылдаған «Қазақ КСР-да мемлекеттік өкімет билігі мен басқару құрылымын жетілдіру және Қазақ КСР Конституциясына өзгерістер мен қосымшалар енгізу туралы» Заңы бойынша берілді. Заң негізінде республиканың мемлекеттік басқару органдарында өзгерістер жасалды. Прокуратура, мемлекеттік қауіпсіздік, Ішкі істер, Әділет, сот органдары қайта құрылды. Қазақстанның мемлекеттік Қорғаныс комитеті жаңадан ұйымдастырылып қызметіне кірісті.

Әлеуметтік-экономикалық және саяси құрылыстың ауысуы кезеңінде саяси плюрализм Қазақстан Республикасы дамуының ерекше сипатына айналды. Мұның өзі қоғамдық-саяси өмірді демократияландыру үрдісінің басталуы; бұқараның саяси белсенділігінің өсуі; партиялық-мемлекеттік бақылаудың, идеологиялық саяси цензураның әлсіреуі; халықтың түрлі жіктерінің этностық-ұлттық мүдделер мен экономикалық мүмкіндіктер, көзқарастар мен сенімдер бойынша саралануы сияқты факторлар рөлінің артуына байланысты мүмкін болды. Қазақстан Республикасы егемендігінің дамуы мен нығаюы барысында әлеуметтік жіктер мен топтардың саяси бағытты және әлеуметтік-экономикалық реформаларды орнықтыруға деген ұмтылысы артты. Ал бұл үрдіс қоғамдық бірлестіктердің, ең алдымен партиялар мен қозғалыстардың қызметі арқылы неғұрлым тиімді түрде жүзеге асырылады.

1991 жылдан бастап қоғамдық ұйымдардың қызметі «Қазақ КСР-індегі қоғамдық бірлестіктер туралы» Заңмен реттелді. Заң, атап айтқанда, республика аумағында әрекет ететін барлық қоғамдық ұйымдардың 1991 жылдың 31 желтоқсанына дейін қайта тіркелуін талап етті. Партиялар мен қоғамдық ұйымдардың дамуы мен қызметінің ережелері қазіргі уақытта Қазақстан Республикасының 1995 жылғы Конституциясымен, сондай-ақ Қазақстан Республикасының 1996 жылы қабылданған «Қоғамдық бірлестіктер туралы» және «Саяси партиялар туралы» Заңдарында қарастырылған.

Қазақстанда тәуелсіз дамудың он жылы ішінде ресми мәртебе алған екі мыңға жуық түрлі саяси және қоғамдық бірлестіктер пайда болды, олардың 1300-і облыстық әділет басқармалары деңгейінде тіркелді.

1993 жылы Қазақстан Республикасында «Кәсіподақтар туралы» Заң қолданысқа енді, бұл заң бойынша кәсіподақтарға депутаттыққа кандидаттар ұсыну құқығы берілді, мұның өзі олардың өз мүдделерін жоғары заң шығарушы органда талап етуіне және мемлекетте жүргізілетін әлеуметтік-экономикалық саясат бағытына ықпал етуіне мүмкіндік берді. Кәсіподақ жетекшілерінің әкімшіліктің бастамасымен жұмыстан босатылмайтыны туралы ереже де маңызды болды.

Қазақстан кәсіподақтары федерациясы (ҚКФ) кеңестік кәсіподақтар бірлестігіне - КБОК-те (Кәсіподақтардың бүкілодақтық орталық кеңесіне) кірген Қазақ республикалық кәсіподақтар кеңесінің құқықтық мирасқоры болып табылады. Қазақстан федерациясы — өз мүшелерінің құқықтары мен мүдделерін қорғау мақсатында әрекет ететін кәсіподақтардың ерікті бірлестігі. 1990 жылғы қазанда Қазақ КСР-і кәсіподақтарының XIV съезінде 19 облыстық және 22 салалық кәсіподақ бірлестіктері ҚКФ-ның құрылтайшылары мен мүшелері болды. Федерация қызметінің негізгі формалары — еңбекшілердің әлеуметтік-экономикалық құқықтарын қорғау, еңбек, тұрмыс, мәдениет, жұмыспен қамтылу мәселелері бойынша үкіметпен келісім жасасу, өз ұсыныстарын әзірлеу жолымен заң шығарушылық қызметке қатысу.

КОКП-ның таратылуына және кейіннен КСРО-ның құлауына орай сол кезеңде, шындығында, қандай да болсын партияның саяси монополиясын жоққа шығаратын көппартиялылықтың шынайы қалыптасуы үрдісі басталды. Қазақстанда көппартиялық жүйенің қалыптасуы да өз бастауын осы кезеңнен алады. Әлеуметтік жіктер мен топтардың саяси бағытының қалыптасуына және әлеуметтік-экономикалық реформалардың барысына ықпал етуге деген ұмтылысының үдей түсуі партиялар рөлінің күшеюін алдын ала айқындады, өйткені азаматтар қоғамдасып бір одақта болғанда ғана оқиғаларға елеулі ықпал ете алады.

Социал-демократтар, социалистер партиялары, «Алаш» ұлттық бостандық партиясы, Қазақстанның Халық Конгресі партиясы, Республикалық партия жаңа тұрпаттағы саяси партияларға айналды.

1990 жылы мамырда Алматы қаласындағы құрылтай конференциясында Қазақстан социал-демократиялық партиясы (ҚСДП) өзінің құрылғанын жариялады. Оның Жарғысында құқықтық демократиялық мемлекет, азаматтардың саяси, экономикалық, әлеуметтік құқықтары мен бостандықтарын іске асыру және қорғау, олардың белсенділігі мен қайраткерлігін дамыту негізінде нарықтық экономикасы өркендеген азаматтық қоғам орнату; қоғамның әлеуметтік белсенді бөлігін мемлекеттік және қоғамдық істерді басқаруға қатысуға тарту; ұлтаралық келісімді нығайту партияның мақсаты болып табылады деп жазылған. Ұйымдастыру жұмысының нашарлығы және оның жетекшілерінің саяси күреске тікелей қатысудан бас тартуы 90-жылдардың ортасында социал-демократиялық партияның өз қызметін тоқтатуына әкеп соқты.

1990 жылы сәуірде «Алаш» ұлттық бостандық партиясының құрылғаны туралы мәлімдеме жасалды. Негізгі бағдарламалық мақсаттары — түркі бірлігін насихаттау, болашақтағы Ұлы Түркістанның ұйтқысы ретіндегі Қазақстанның ұлттық қайта өркендеуі, дін мен мемлекеттің бір-бірінен алшақтауына жол бермеу болды. Бағдарламалық құжаттар бойынша саяси іс-қимылдың формасы – саяси күрестің күш қолданылмайтын, конституциялық әдістері саналды. Партия жетекшілерінің 1991 жылғы желтоқсанда рұқсат етілмеген митинг ұйымдастыруға қатысуы және Алматы мешітінің мүфтиіне қол жұмсап, дене жарақатын салуы секілді дәрежі әрекетімен кейін оның қызметіне дақ түсті. Осы оқиғалар, сондай-ақ партияның әлеуметтік негізінің әлсіздігі және тиісінше, халық тарапынан қолдаудың болмауы 90-жылдардың ортасында партияның өмір сүруінің тоқтатылуына әкеп соқты. 90-жылдардың аяғында өзінің ізашары ұстанған бағыттан мүлде бөлек, жаңа, өзге «Алаш» партиясының құрылғаны туралы мәлімдеме жасалды.

